Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

# ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

IV (1)

1999-2002

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

# Таңдамалы сөздер



Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

# ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

IV том

1 кітап

1999–2002

Астана – 2014

УДК 342.5
ББК 67.400
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

**Н 17** Назарбаев Н. Ә.

**Таңдамалы сөздер.**

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. IV (1). – 1999–2002 жж. – 668 б.

ISBN 978-601-277-190-9

«Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» көп томдық басылымының төртінші томында Қазақстанның Тұңғыш Президентінің көпшілік алдында сөйлеген өзекті сөздері ұсынылған, оларда елдің тұрақты экономикалық өрлеу арнасына шығуы, саяси жүйенің одан әрі демократиялануы және АӨСШК, Еуразия медиа-форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі сияқты ірі халықаралық бастамалардың сыртқы саяси деңгейде жүзеге асуы сипатталады.

Томға енген сөздердің көлемі елеулі екені ескеріле отырып, кітап екі бөлімге бөлінді.

Бұл кітап төртінші томның бірінші бөлімі болып табылады, ол 1999–2002 жылдарды қамтиды.

УДК 342.5
ББК 67.400

ISBN 978-601-277-190-9 (Т. IV (1))
ISBN 978-601-277-183-1

© Назарбаев Н. Ә., 2014
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

## ӨРЛЕУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» төртінші томы еліміздің тұрақты экономикалық даму арнасына түскені, саяси жүйенің одан әрі демократиялануы және АӨСШК, Еуразия медиафорумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбастшыларының съезі сияқты ірі халықаралық бастамалардың сыртқы саяси деңгейде жүзеге асуын сипаттайды.

Аталмыш том, оған енген сөздер санының көптігіне орай, 2 кітапқа бөлінді. Бірінші кітап 1999–2002 жылдар шегіндегі, екіншісі 2003–2005 жылдар шегіндегі оқиғаларды бейнелейді. Осындай оймен мұнда қолданылған диптих әдісі бесінші томда да пайдаланылған.

* * *

Бірінші кітап Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуіне арналған 1999 жылдың 20 қаңтарындағы салтанатты рәсімдегі сөзімен ашылады.

1999 жылғы 10 қаңтардағы президент сайлауының 1998 жылғы конституциялық реформаға

сәйкес баламалы және көппартиялы негізде өтіп, ол реформаны жүзеге асырудың алғашқы нақтылы қадамдарының бірі болғаны белгілі.

Тұтас алғанда 1998 жылдың қазан айында Президенттің бастамашылығымен жасалған конституциялық реформа ауқымында саяси жүйені одан әрі демократияландыру мақсатымен Негізгі заңға енгізілген 19 түзетуде Парламенттің Үкіметті бақылау өкілдігін ұлғайту; тұрғындардың аудандық және қалалық әкімдерді сайлауы; алқа билер сотын құру, Парламент депутаттарының санын арттыру және олардың өкілеттік мерзімін ұзарту; Мәжіліске сайлаудың мажоритарлық-тепе-теңдік аралас жүйесіне көшу; тепе-тең уәкілдік негізде партиялық тізім бойынша сайлану үшін саяси партияларға 10 орын беру, тағы басқалар көзделген.

Ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев өзі ұстанған бағыттан таймайтынын тағы да растай түсті, ол былай деді: «Саясатта күннің ғасырдан ұзақ созылатын кезеңдері тым сирек. Сондай күн еліміз үшін де, өзім үшін де 1999 жылдың 10 қаңтары болды. Қазақстанда бұл мезет қанды да қасіретті XX ғасыр мен үміт пен сенімге толы XXI ғасырдың аралығындағы суайырығы, шекаралық желі тәрізденді...

Бүгінде менің алдымда, сырттай қарағанда, қарапайым көрінетін 2 міндет тұр. Алайда тарих оларды ең күрделі міндеттер деп үйретеді. Бұрынғы бабаларымыздың билеушіге деген ең биік бағасы: «Ол өз халқын жақсы бақты» болатын. Сондықтан

бастапқы міндет халықтың игілігі болуға тиіс. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Реформа жүргізетін де, оның жемісіне шүйгитін де уақыт болуы керек. Алдағы 7 жылда халық реформалар жемісін өз дастарқаны мен өз қалтасынан көруі қажет.

Екінші міндет – елде демократияны дамыту. Биылғы жылы біз Парламент сайлауын жаңа сайлау заңы бойынша өткіземіз. Барлық партиялар мен ұлттық топтар бұл күреске қатыса алады. Жаңа мыңжылдыққа дейінгі 49 аптада еркіндікке еш балама жоқ.

Мен әлгінде ғана Қазақстан Республикасы Президентінің антын бердім. Мен бұл антымнан ешқашанда қайтпаймын. Өткендегі даңқты шежіреміздің қуат ала отырып, біз жаңа ғасырға қарай қуатты қадаммен алға басамыз!»

Ел Президентінің осынау бағдарламалық мақсат-міндеттеріне сәйкес ең алдымен қоғамды демократияландыру жөнінде ауқымды жұмыс құлаш жайды. Ол жылдардың саяси күн тәртібін мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру, сайлау институттарын жетілдіру, сайлау заңнамасын ырықтандыру, өкілетті органдардың уәкілдігін ұлғайту, партиялар, ҮЕҰ, БАҚ арқылы азаматтық қоғам институттарын нығайту сияқты мәселелер құрады.

Билік деңгейлері арасындағы қызмет міндеттерін айқын шектеу және бюджетаралық қатынастарды жетілдіруді көздеген мемлекеттік билікті орталықсыздандыру мәселесі ол тұста ең

өзектілердің бірі болды. Осыған орай Президент өз жарлығымен Мемлекеттік қызмет міндеттері мен бюджетаралық қатынастарды орталықсыздандыру мәселелері жөнінде мемлекеттік комиссия құрып, оған тиісті тұжырымдама жасауды тапсырды, бұл жұмыс 2003 жылдың ақпанында аяқталды.

2001 жылы жергілікті басшыларды сайлау арқылы қоюға көшу бағдарламасы ойдағыдай бастау алды, оның басты мақсаты жергілікті жерде билікті жұрт алдында барынша жауапты етіп, адамның күнбе-күнгі мәселелері мен қам-қарекетіне жақындату еді.

Әкімдерді сайлау арқылы қою алғаш мемлекет басшысының Қазақстан халқына 1998 жылғы Жолдауында жария етілгенін атап өткен абзал. Алғашқы іс жүзіндегі қадам сол жылы жасалды да, тәжірибе ретінде Алматы облысының Шамалған ауылында жергілікті әкімнің сайлауы өтті. 2001 жылдың қазан айында тәжірибе едәуір ұлғайып, 28 ауылдық округті (әр облыстың 2 ауданын) қамтыды.

Азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл аясында саяси партияларға, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-қа қатысты бірқатар елеулі қадамдар жасалды.

Конституциялық өзгерістерге сәйкес ең әуелі партиялардың партиялық тізім бойынша тепе-тең өкілдік негізінде парламент сайлауына қатысуы қамтамасыз етілді. 1999 жылғы 10 қазанда өткен

сайлаудың қорытындысы бойынша партияларға берілген 10 орынды «Отан», Азаматтық, Аграрлық һәм Коммунистік партиялар өзара бөлісті.

Парламент сайлауы қарсаңында Қазақстан халқына арнаған өз Жолдауында Н. Ә. Назарбаев былай деп атап өтті: «Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы біздің саяси партиялар санын өсіруді ынталандыру жөніндегі күш-жігеріміздің табысын паш етті. Жаңа Мәжілістегі орын үшін сайлау округтары мен партиялық тізім бойынша 9 партия күресіп жатыр. Олар ұлттық теледидарда еліміздің болашағын өздері қалай көз алдына келтіретінін жайып салды. Мәжілістегі бірмандатты 67 орынға 559 кандидат, орташа 1 орынға 8 кандидат күресу үстінде. Мәслихаттардағы әрбір орынға 7 кандидат таласулы. Осы жексенбіде Қазақстан азаматтарының сайлау бюллетендерін таңдап толтыруға кең мүмкіндігі бар.

...Мен сіздерді 10 қазанның жылнамамызға Қазақстан Республикасында көппартиялы демократияның туған күні болып жазылуын қамтамасыз етуге табандылықпен шақырамын».

Оның үстіне Президенттің бастамашылығымен Үкіметтің жанынан Одан әрі демократияландыру және азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі тұрақты қызмет атқаратын кеңес құрылды. Кеңес азаматтық қоғам институттарын қатыстыра отырып, республикада маңызды басқарушылық шешімдер қабылдау үдерісін келісіп алудың жаңа ақылдасу тетігі қалыптасуын бастап берді.

Сондай-ақ қалың халықтың нақты қолдауына ие ірі партиялар құру арқылы партиялық жүйені нығайтуға бағытталған «Саяси партиялар туралы» жаңа Заң қабылданды. Елді өркендету қисыны мемлекетті бірыңғай дамыту мен нығайтуға қоса саяси партиялардың өсіп, өркен жаюын да табанды түрде талап етті, осы арқылы қоғамның саяси және азаматтық сана-сезімі толысуына жәрдемдесу керек. Дәл осы тұста саяси сахнаға реформашыл 3 партияның арқауында құрылған «Отан» партиясы шықты, ол Қазақстан Халық бірлігі, Қазақстан Либералдық қозғалысы және Қазақстан Демократиялық партияларының бірігуге шешім қабылдауынан туды.

Үкіметтік емес ұйымдар қауырт өрлеп, олардың саны 2002 жылға қарай 5 мыңның табалдырығын аттады.

Бұл кезең сондай-ақ қоғам мен мемлекет өмірінде БАҚ-тың рөлі едәуір артуымен де есте қалды. 2002 жылғы наурызда Н. Ә. Назарбаев Қазақстан журналистерінің I Конгресіне қатысты. Конгрестің мәнді қорытындыларының бірі мемлекет басшысының бастамашылығымен ел Президенті жанынан Бұқаралық ақпарат құралдары жөнінде қоғамдық кеңестің құрылуы болды. Кеңеске мемлекеттік ақпарат саясатын қалыптастыруда Президентке ықпал ету, БАҚ саласындағы қоғамдық қатынастарды жетілдіру, БАҚ-тың мүдделері мен заңды құқықтарын қорғау, масс-медиа саласында ақпараттық дау-дамайлар мен басқа да

жанжалды жағдайлардың шешім табуына қатысу мәселелері жүктелді.

Азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қамтамасыз ету саласында да елеулі ілгерілеулер болды. Мәселен, 2002 жылы Қазақстан үшін тың Адам құқықтары жөніндегі Мемлекеттік уәкілдік институт (Омбудсмен) құрылып, пенитенциарлық жүйе Ішкі істер министрлігінен алынып Әділет министрлігінің құзырына берілді. Президенттің 2002 жылға 20 қыркүйектегі Жарлығымен Қазақстан Республикасы Құқық саясатының тұжырымдамасы бекітілді.

Осынау кезеңде елде қанат жайған демократиялық үдерістердің алғашқы қорытындыларының қысқаша ғана тізбесі тек осылар.

* * *

Әлеуметтік-экономикалық салада да жүзеге асырыла бастаған маңызды реформалар әсте олқы емес. Мемлекеттің негізгі күш-жігері ең алдымен елді Азиялық қаржы дағдарысының келеңсіз салдарынан барынша қорғау болды. Сонымен бірге, жағдайдың барынша күрделілігіне қарамай, Президент әлеуметтік саладағы – денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, зейнетақы жүйесін экономикалық реформалаудың негізгі бөлігін аяқтауға кірісті.

Бұл саладағы реформалар адамдар мүддесін тікелей қозғайтын болғандықтан, олар тұрғындар тарапынан барынша көп наразылық туғызады.

Солай бола тұрғанмен нарық заңы осыны талап етеді. Өйтпесе Қазақстанның жаһандық дүниедегі бәсекелестік артықшылығы туралы сөз етуге де болмас еді. Сондықтан да Үкімет 1990-шы жылдардың аяғына таман жанға тисе де түбінде жақсылығы бар қайта жаңғыртуды бастады. Жеңілдіктер қолма-қол ақшаға айналдырылып, зейнетақы жүйесін, білім беруді, денсаулық сақтауды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты реформалау жүзеге асырылды, ал көрші мемлекеттердің көпшілігі әлеуметтік наразылықтан қауіптеніп бұл реформаларды белгісіз мерзімге ысырып қойған еді.

Осы кезеңде билік пен бірқатар ірі отандық қаржыөнеркәсіптік топтардың арасында елеулі алауыздық шаң бергенін атап өткен ләзім, соңғылар әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында өз ахуалының нашарлауына орай ұлттық экономиканың арналы салаларындағы меншікті қайта бөлуді және өздерінің тар топтық мүдделері үшін ел дамуының стратегиялық артықшылығын қайта қарауды талап етті.

Бұл арада ұлттық «олигархия» өзінің шын пиғылын либералдық даурықпамен бүркемелеуге тырысты. Дау-шар экономикалық аядан саяси арнаға ауысып, бірқыдыру қаржы-өнеркәсіптік топтардың өкілдері Назарбаевтың «авторитарлық» бағытымен келіспейтінін ашық мәлімдеді, олардың пікірінше бұл бағыт қоғамды одан әрі демократияландыруға бөгет жасайды-мыс. Шын мәнінде,

халықаралық қоғамдастықтың қолдауына сүйеніп, билікке қоқан-лоқы көрсетуге тырысты, ол әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін саяси жүйені түбегейлі ауыстыруға тікелей шақыру басталды. 1990-шы жылдардың ортасындағыдай, басында бұрынғы Жоғарғы Кеңес тұрған кертартпа коммунистік қанатпен тайталас кезеңі сияқты реформаларды нақты тұйықтау қаупі төнді.

Қалыптасқан жағдайда Президент мызғымас мемлекеттік бағдар ұстады және елдің халыққа қарсы шын мәнінде «олигархиялық капитализм» жағына қарай шегінуіне жол бермеді.

Тұтас алғанда мемлекет қолданған шаралар Қазақстанның әлемдік экономикалық дағдарыстың елеулі зардаптарын шектеуіне мүмкіндік туғызды. Тіпті 1999 жылдың өзін ІЖӨ көп болмағанмен де 5,3 % өсуімен аяқтады. Өнеркәсіп өндірісі 0,5 %-ға артты. Дәнді дақылдардан рекордты 15,9 млн тонна өнім жиналды (салыстыру үшін 1998 жылы 7,5 млн тонна өнім алынғанын ескеріңіз).

Ол аз десеңіз, сол жылы «Стандарт энд Пурс» жетекші халықаралық рейтинг агенттігі ұзақ мерзімді несие рейтингін берді, ал 2002 жылы ТМД елдері арасынан 1-інші болып Қазақстан нарықты экономика елі мәртебесіне ие болды. Осылардың бәрі біздің экономиканың мүмкіндіктеріне деген өскелең сенімнің айғағы.

Мына 1 жайтты жеке атап өтуге де болады. Президент Н. Ә. Назарбаевтың өзі тікелей бас болуымен Ұлттық және Тұрақтандыру қорлары құрылды.

Елді болжаусыз дағдарыстар мен қиындықтардан қауіпсіздендіруге межеленген шикізат ресурстарын өткізуден түсетін қаржыдан қалыптасады ол қорлар. Кейін 2007 жылы ушыға түскен әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында дәл осы Ұлттық қордан бөлінген 10 млрд доллар Қазақстанды шын мәнінде құтқарып қалып, күні осы уақытқа дейін «суға салса батпас» атанып, ғасырлар бойы жасап келген ақшалы империяларды да күйреткен жүгенсіз экономикалық хаостың зарарын тартқызбай, азаматтардың жақсы тұрмысына демеу болды.

* * *

Қазақстанның халықаралық беделінің артуы елімізге Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету үдерісіне айбарлы қатысушылардың бірі мәртебесін әділетті түрде алып берді. Сөйтіп бұл мәртебеде Қазақстан өзін сенімді, жауапты және ынталы серіктес ретінде көрсетті.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының 1999 жылғы 18 қарашада Ыстамбұлда өткен саммитінде сөз сөйлеп, Н. Ә. Назарбаев былай деді: «...Ұжымдық даналық біздерді ықпалдың жаңа өрісіне әлемді қайта бөлшектеп, тың тайталастар туғызуға тырысудан сақтап қалды. Біз ескі таптаурын ұғымдардан батыл арылып, ақиқат жаһандық серіктестіктің іргетасын қалауға тиіспіз.

Тап осындай тәсілді қолдану бүгінде жаһандық тұрақтылыққа қатер төндіретін аса өткір проб-

лемаларды ойдағыдай шешуде табысқа жеткізеді. Мен бұл арада этностық, ұлттық және діни жанжалдардың жайылып бара жатқанын айтып отырмын.

Осы 1 қатерлі құбылыс қауіпсіздіктің ортақ үлгісінің саяси немесе әскери қырлары ғана бар емес екенін айқын көрсетеді. Оның бөлінбес құрамдары әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық һәм экологиялық мәселелер болып отыр.

Бұл тезис әсіресе Орталық Азия үшін көкейкесті, онда шешімін таппаған экономикалық және экологиялық мәселелер мен соңғы кезде күшейіп кеткен радикалды-агрессиялық идеология, діни экстремизм, халықаралық терроризм, есірткілердің таралуы, қару-жарақтың бақылаусыз тасқыны және жасырын көші-қон сияқты жаңа қатерлер біздің өңірге ғана емес, тұтас Еуразия кеңістігіне елеулі қауіп төндіріп отыр.

...Біздің өңірде ЕҚЫҰ аймақта жүзеге асырылып жатқан реформаларға және апатты дүмпуі ықтимал мәселелерді шешуге деген өңірлік тәсілдердің орнығуына нақты халықаралық ықпал жасаудың қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл дегенің трансшекаралық су ресурстарын, энергетикалық байлықтарды ұтымды басқару, теңізге шығар жолы жоқ біздің өңірдің көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану деген сөз. Өңірлік интеграцияны нығайтып, бұл саладағы ықтимал тұрақсыздандыруды сілкіп тастау ЕҚЫҰ-ның біздің өңірмен басқа да маңызды сала – адами өлшем мен демократиялық

реформалар аясындағы ойдағыдай ынтымақтастықтың кепілі болар еді.

...Біз бұл жолдың соқтықпалы-соқпақсыз екенін, сондықтан қателіктер мен уақытша өкініштерден ада-күде бола алмайтынымызды мойындаймыз. Мұны Қазақстанда таяуда өткен парламент сайлауы айқын паш етті. Ол демократиялық өрлеуіміздің өте-мөте маңызды кезеңі болды.

ЕҚЫҰ-ның тиісті институттары Орталық Азиядағы демократиялық дамудың қиындықтарын барынша ескереді ғой деп ойлаймын. Бәрінен бұрын ЕҚЫҰ-ның халықаралық институттарының бағасы демократиялық үдерістерді еш күдіксіз ынталандыруға тиіс. Әділдікті бөле-жарып, іріктеуге іш тарту баға беруде бой көрсетсе, ол өте қолайсыз.

Бұл өңірде ЕҚЫҰ-ның беделін өсіруге жәрдемдеспейді. Тек бізге деген сенім арқылы ЕҚЫҰ-ның мүшесі – толық құқылы мемлекет ретінде ғана табысқа бірлесіп жете аламыз.

Адами өлшем саласындағы ЕҚЫҰ стандарттарына деген біздің көзқарасымыз жай ғана жоғарыдан, әсіресе сырттан мәжбүрлеу емес, қоғамға ұзақ мерзімді ықпал етудің қажеттігін түсіну арқылы қабылдануға тиіс.

...Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан Қазақстан тұрақтылық пен қауіпсіздіктің еуразиялық тәсілін дамытуға айрықша мән береді.

Біздің еуропалық белгілі бағытымыз ЕҚЫҰ мен НАТО сияқты беделді халықаралық еуроатланти-

калық құрылымдармен белсенді ынтымақтасты дамытуды бетке алған. Азиялық бағытымыз болса, ол – ең алдымен 1992 жылдың қазан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында мен ұсынған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі шақыру туралы Қазақстан бастамашылығын жүзеге асыру.

Мұның мәні Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде тиімді де әмбебап құрылым жасақтауға талпынуда жатыр, Еуропаға қарағанда онда бұл тетік ресімделмеген.

Қазақстан алда да XXI ғасырда туындайтын қарсылықтарға орай сайма-сай әрекет жасауға қабілетті әмбебап форум – ЕҚЫҰ-ның іс-қимылын нығайтып, ұлғайта түсуге ұмтылады».

Оқиғалардың одан арғы барысы Н. Ә. Назарбаевтың осынау сөзі Қазақстанға деген сенімнің рейтингін көтеріп, 2007 жылғы 1 желтоқсанда ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің кездесуінде Қазақстанның ЕҚЫҰ Төрағасы боп сайлануының, сосын оның осы өкілдік міндетті орындауға жігерлене кірісуінің бастамасы болғанын көрсетіп берді.

Асыра сілтемей-ақ айтқанда, Н. Ә. Назарбаевтың 2000 жылғы 6 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші сессиясы аясындағы мыңжылдық саммитінде сөйлеген сөзі келешекті кемел көре білушілік болды, онда ол Ауғанстанның өз іші мен төңірегіндегі кейінге қалдыруға болмайтын жанайқайлық мәселелерге назар

аударып, оны БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің күн тәртібіне қоюды ұсынды. БҰҰ құрылымында жағдайды жаһандық тұрғыдан талдай отырып, жақындап қалған жанжалдарды алдын-ала ескертіп, әр сатыдағы жағдайға араласу үшін ұсыныстар жасақтайтын, алдын-ала сақтандырар дипломатияны тиімді пайдаланып, жанжалдарды шешудің әскери әдістерінің бетін қайтаратын институттарды дамытудың қажеттігін айтты. Олар тұрақсыздықтың көзі боп табылатын әлеуметтік және экономикалық күрмеуі қиын мәселелерді шешудің таптырмас құралы болар еді, деді.

2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-та болған қайғылы оқиғадан кейін шетел журналистеріне берген сұхбаттарының бірінде Н. Ә. Назарбаев былай деді: «11 қыркүйектегі оқиғалар мен кейін ізінше Ауғанстанда өткен терроризмге қарсы операцияға қатысты үнқатысуларда біздің ел алғашқылардың бірі болып антитеррорлық коалицияны жақтап пікір білдірді және операцияның табысты болуы үшін қажетті аэродромдарды, техниканы, ақпаратты, гуманитарлық және басқа көмек беруге әзір екенін айғақтады. Қазақстанның терроризмге қарсы күресті 11 қыркүйектен әлдеқайда бұрын бастағанын атап айту керек. Мәселен, Мыңжылдық саммитінің мінберінен-ақ мен әлемдік қоғамдастықты Азиядағы шиеленістің өршіп бара жатқаны туралы да, Ауғанстандағы жағдай туралы да, халықаралық терроризмнің таяп қалғаны туралы

да ескерткенмін. Өкінішке орай, ол кезде менің сөзім құлақтарға жетпеді.

...Соңғы жылдардың оқиғалары ең әуелі адамдарды терроризмге итермелейтін себептердің түп-тамырын жоюдың қажеттігін тағы да дәлелдеп отыр. Ал бұны мемлекеттердің белгілі деңгейде өзара келісіп қадағалау мен бақылау үшін ашықтығы мен айқындығы жағдайында жүзеге асыруға болады».

Терроризмге қарсы операция басталысымен Қазақстан, әскери қимылдарға қатысудан қалыс қалып, Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетті. Қазақстан және оған азаматтық мамандар (дәрігерлер, мұғалімдер, құрылысшылар, инженерлер, т. б.) жіберуге әзір екенін білдірді, ал БҰҰ шақырған жағдайда Ауғанстандағы халықаралық бітімгершілік миссиясына «Қазбат» бітімгершіл батальонының күштерімен қатысуға дайын екенін мәлім етті.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғалар Н. Ә. Назарбаевты өркениетаралық үнқатысуды жолға қоюдың қажеттігіне бұрынғыдан бетер сендіре түсті. Бұл бағыттағы маңызды қадамдардың бірі Рим-католик шіркеуінің басшысы Иоанн Павел II-нің негізінен мұсылман мемлекеті Қазақстанға сапары болды. Сапар Нью-Йорк қаласындағы теракгіден кейін түп-тура 10 күн өткенде Қазақстан Президентінің шақыруымен ұйымдастырылды.

Бұл сапар шын мәнінде 2 жылдан кейін, 2003 жылдың қыркүйегінде, Астана қаласында

өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінің бастамасы болды.

Тұтас алғанда, жаңа мыңжылдықтың басы Қазақстан үшін бірпара табысты халықаралық бастамалармен аталып өтті, олар елдің танымдылығының жаңа деңгейге көтерілуін және беделді халықаралық форумдар өткізудің орталығы ретінде орнығуын қамтамасыз етті.

Осы қатарда да алдымен 2000 жылдың 26–28 сәуірінде Алматы қаласында Давос форумының аясында өткен I Еуразиялық экономикалық саммитті бөліп айтуға болады, оған әлемнің 40-тан астам мемлекетінен саясаткерлер мен кәсіпкерлер қатысты, сондай-ақ 2002 жылдың 25–27 сәуірінде Алматы қаласында өткен I Еуразия медиа-форумы оның жылда өтетін дәстүріне бастау ашып берді.

Алайда Қазақстан дипломатиясының 10 жылдан астам уақыт бойы табандылықпен бетке алған нағыз бетбұрысы 2002 жылғы 4 маусымда Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің I саммиті болды. Оны аша тұрып Қазақстан Президенті форум идеясын қуаттаған елдің ұшан-теңіз ресурс әлеуетіне баға берді. «Мен жоғары деңгейде Кеңес шақыруды күллі Азия аумағының 90 %-ын алып жатқан мемлекеттердің қолдағанын ризашылық сезіммен атап өтемін», – деді ол. – Олардың халқын 3 млрд-қа жуық адам, яғни жер шары тұрғындарының тең жартысы құрайды.

Азия мемлекеттерінің жиынтық экономикалық әлеуеті жаһандық экономиканың салмақты факторы болып табылатыны да әсерлендіреді. Азия елдерінің ішкі жалпы өнімі доллармен есептегенде 13 трлн-ға жуық.

АӨСШК-ға мүше мемлекеттер жер шарындағы «қара алтынның» 40 %-ын құрайтын мұнай қоры жөнінен әлемде жетекші орындарды сеніммен ұстап отыр. Субқұрлығымыздың көлік-коммуникациялық мүмкіндіктері де орасан зор.

Таяудағы азиялық дағдарыстың Азия елдерінің экономикасы үшін елеулі зардабы болды, бірақ олардың негізін шайқалта алмады. Азия өзін-өзі реттеуде, жаһандану жағдайында экономикалық үдерістерді қалпына келтіруге қабілетті екенін тағы да паш етті».

Саммиттің жұмысына АӨСШК-ға мүше 16 елдің, БҰҰ, ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдардың, Араб мемлекеттері Лигасының бақылаушы елдердің делегациялары атсалысты. Мемлекетіміз басшысының өзі Азия мемлекеттері басшыларының басын қосқан саммитті «Қазақстанның дипломатиялық доктринасының квинтэссенциясы» деп атады.

Азия құрлығында халықаралық қатынастарды дамытудың жаңа кезеңін әйгілеп берген АӨСШК саммиті XXI ғасырдың басында дүниеге келген халықаралық қатынастар мен қауіпсіздіктің жаңа архитектурасы идеологтарының бірі ретіндегі

Қазақстанның зияткерлік және ұйымдастырушылық әлеуетін әлемге паш етті.

* * *

Елдің мәдени өміріндегі жарқын да мәнді оқиғалар да тізбектеліп, лек-легімен Қазақстанның ішкі саяси, әлеуеттік-экономикалық һәм халықаралық жетістіктерінің мәнді қатарына ажырағысыз астасып енді.

Олардың санатында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан мәдениеті мен ғылымы қайраткерлерімен халықаралық кездесу, Түркістан қаласының 1500 жылдығын, Тараз қаласының 2000 жылдығын, Кенесары ханның 200 жылдығын мерекелеу, Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайын өткізу бар.

Алайда ең басты қоғамдық-саяси және мәдени оқиға, сөз жоқ, Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы болды. Өткен жылдар ішіндегі ел дамуының өзекті қорытындыларына баға беріп, келешектің күн тәртібін қалыптастыра отырып, Н. Ә. Назарбаев қазақстандықтарды мына мәселелер төңірегінде ойлануға шақырды:

«Тәуелсіздік дегеніміз не, бізге ол не берді? Біз нені сақтап, неден құтылуымыз керек? Ақыр аяғында, бізді алдан не күтіп тұр?

Бұл сұрақтар қиын да күрделі, өйткені оларға берілер жауап біздің әрқайсымызға, сондай-ақ ортақ тағдыр бас құратқан бүкіл халыққа, Қазақстан азаматтарына қарата айтылуы керек. Өз қолымен

шаңырағын көтеріп жатқан еліміздің, болашағымызды байланыстырып отырған еліміздің азаматтарына.

...Егер біз дұрыс шешім таппасақ, ал бұл көптеген мемлекеттер мен халықтардың қолынан келмеген, онда біз әлемдік дамудың жол жиегінде қаламыз. Сондықтан, келіңіздер қимылдайық!»

* * *

Қорыта келгенде мына жайды атап айтқымыз келеді. Тәуелсіз Қазақстанның 1999–2002 жылдардағы уақыт аясы айрықша бейнелік мазмұнмен дараланып тұр, өйткені бұл кезең әлеуметтік-эволюциялық мәнде отаршылдық-тоталитарлық тәуелділік пен большевизмнің халыққа қарсы тәжірибесінің алапат қысталаңына айналған XX ғасырдан тәуелсіз мемлекеттілікті, нақты егемендікті қалпына келтіру, халықтың шынайы саяси, рухани, мәдени қайта түлеу, демократия мен ашық нарықтық бәсекеге негізделген сапалық тұрғыдан жаңа қоғамдық құрылыс жағдайында қауырт та жан-жақты үлгілеу уақыты – XXI ғасырға орасан зор формациялық көшуімізбен атап өтілді. Жас республика үшін бұл расында да аман қалу стратегиясынан өрлеп-өсу стратегиясына көшудің бетбұрыс кезеңі болды.

**Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне ресми кірісуіне байланысты салтанатты ұлықтау рәсімінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1999 жылғы 20 қаңтар

**Құрметті отандастар!**
**Құрметті қонақтар!**

Саясатта күннің ғасырдан ұзақ созылатын кезеңдері тым сирек. Сондай күн еліміз үшін де, өзім үшін де 1999 жылдың 10 қаңтары болды. Қазақстанда бұл мезет қанды да қасіретті XX ғасыр мен үміт пен сенімге толы XXI ғасырдың аралығындағы суайырығы, шекаралық желі тәрізді көрінді.

Неліктен осынау қыстың суық күні отандық тарихымызға жас дербестігіміз аталатын жылдар-

дың қысқа ғана тізбегіне ең ыстық нүкте болып енгелі тұр?

Өйткені біз өзіміздің көпғасырлық ұлттық тарихымызда мемлекет басшысының баламалы, бәсекелі, демократиялық сайлауын алғаш рет өткіздік.

Иә, кейбіреулер үшін бұл баяғыда-ақ өткен белес. Иә, біз сайлау демократиясының қылаусыз үлгісінен әлі алшақпыз. Иә, біз бұл жолда өзіміздің не істеуіміз керектігін жақсы білеміз. Алайда біз санғасырлық тоталитаризмнен енді ғана құтылған халқымыздың демократияны да өзектен өткізуге тиіс екенін де білеміз.

Біз нарықты экономикасы бар демократиялық қоғам құрудың ұстанымдарына адалдығымызды мәлімдейміз. Біз басталған реформаларды жалғастырамыз. Біздің ішкі және ұлттық саясатымыз бұлжымайды.

Бірақ 1 нәрсе даусыз. Миллиондаған қазақстандықтар Президентті тұңғыш рет бірнеше кандидаттың арасынан таңдап алды. Оларға өз ақыл-ойы мен ар-ожданына өзге ешкім де салмақ салған жоқ. Бұдан 1,5 ғасыр бұрын былай айтылған екен: «Тәжірибе – сабағы үшін қымбат сұрайтын ұстаз. Алайда ешкім одан артық оқыта алмайды». Біз сол тәжірибені таптық. Және бұл тәжірибе табысты да.

Бүгін атап өтіп отырғанымыз 1 адамның ғана жеңісі емес. Бұл – жалпыға ортақ жеңіс. Бұл жеңіп шыққан кандидаттың салтанаты емес, идеяның

салтанаты. Бұл саяси топтардың табысы емес, саясаттың табысы.

Өз басым, мен үшін отандастарымның айқын басымды көпшілігі дауыс бергеніне мақтанамын. Бұл «жерде жұмақ орнатамын» деп уәде бермей, таяу жылдары әлемдік экономикалық дағдарыспен астасатын қиындықтар жайында көбірек айтқаныма да айрықша құнды. Әйткенмен, басқа кандидаттар үшін дауыс берген қазақстандықтарға да разымын. Солардың арқасында шын бәсекелі сайлау өткендіктен ғана емес, мемлекет басшысының 100 мыңдаған отандастарымыздың қиындықтары мен қайғы-мұңы туралы қатаң да адал дабылына ден қойғаны үшін де разымын.

Мен сайлау науқаны барысындағы пікірталастың әдептен озбай өркениетті болғаны үшін өзімнің бәсекелестеріме де ризамын. Дәл осыған орай халық өз таңдауын тырнақ астынан кір іздеп, бедел төгуге бармай, мазмұнды бағдарламалар арнасында жасады.

Мен жағдайды әділ де адал талдаған отандық қана емес, шетелдік журналистер мен бақылаушыларға дән разымын.

Сайлаудағы жеңісіммен құттықтаған шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың жетекшілеріне, басқа елдердің бүгін осы залда отырған делегация басшыларына және күллі меймандарға алғыс айтамын.

Осы айларда ұшан-теңіз жұмыс жасаған өзімнің мыңдаған жақтастарыма да мың 1 алғыс.

Алайда, ең алдымен, барша отандық саясаткерлерге тәлімді тағылым берген Қазақстан халқына алғысым ерек.

Бұл тағылымның 1-інші бөлігі соңғы 3 жүзжылдықта қанды айқастардан опат болған ата-бабаларымыздың арманынан, ғасыр басында «Алаш» партиясының қайраткерлері сұмдық құрбандыққа барып, бас тартпаған арманынан арна тартқан қазақтың ұлттық тұтастығы ақиқатқа айналды. Қазақтарды ұлт ретінде ыдырату бұрын да ешкімнің қолынан келмеп еді, енді ондай дәменің қарасы мүлдем батты. Көзге көрінбес арналар, көзге түспес күш-қуат арқасында ұлтымыз тәуелсіздік жылдары нақтылы қарекет-қимылымен ең алғаш рет әлемге және өзіне мызғымас бірлігін танытты. Егер бұл сайлау болмағанда, оны ақиқаттың дәл осы мезеті үшін ойлап табуға болар еді!

Бұл тағылымның екінші бөлігі ұлтына, дініне, нәсіліне қарамай, саяси ұраннан саяси шындыққа айналған Қазақстан халқының бірлігінен тұрады. Бақытымызға қарай, сайлау кезіндегі тайталас топтардың қазақтар мен орыстардың, түркілер мен славяндардың, мұсылмандар мен христиандардың жік-жікке бөлінуі туралы қауесеті қауесет болып қана қалды. Мен үшін бұл болашақтың маңызды белгісі, халқымыздың келесі ғасырдағы тыныш та бейбіт өмірінің нышаны.

Бүгінде менің алдымда сырттай қарағанда қарапайым көрінетін 2 міндет тұр. Алайда тарих оларды ең күрделі міндеттер деп үйретеді. Бұрынғы баба-

ларымыздың билеушілерге деген ең биік бағасы: «Ол халқын жақсы бақты» болатын. Сондықтан бастапқы міндет халықтың игілігі болуға тиіс. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Реформа жүргізетін де, оның жемісіне шүйгитін де уақыт болуы керек. Алдағы 7 жылда халық реформалар жемісін өз дастарқаны мен қалтасынан көруі шарт.

Екінші міндет – елде демократияны дамыту. Биылғы жылы біз Парламент сайлауын жаңа сайлау заңы бойынша өткіземіз. Барлық саяси партиялар бұл күреске қатыса алады. Жаңа мыңжылдыққа дейінгі 49 аптада еркіндікке еш балама жоқ.

Мен әлгінде ғана Қазақстан Республикасы Президентінің антын бердім. Мен бұл антымнан ешқашанда қайтпаймын. Өткендегі даңқты шежіреміздің қуат ала отырып, біз жаңа ғасырға қарай қуатты қадаммен алға басамыз.

**Қазақстан халықтары Ассамблеясының V сессиясында «Ұлттық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі» тақырыбында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1999 жылғы 21 қаңтар

**Құрметті Қазақстан халықтары!
Ассамблеясының мүшелері!
Қымбатты қонақтар!**

Бүгін мен осы мінберден айрықша толғаныспен сөйлеп тұрмын. Бұрынғылар «көпірге жетпей тұрып өттім деме» деген екен. Осыдан 10 күн бұрын біз осындай өзіндік 1 көпір болған еліміздегі тұңғыш балама сайлаудан өттік. Сөйтіп, ғасырлар тоғысының алдындағы жыл менің 7 жылдық

президенттік мерзімім басталатын жыл болып отыр.

Сайлау бәйгесінің бірнеше айы ішінде орасан зор интеллектуалды және ұйымдастырушылық қолдау көрсеткендері үшін осы залда отырғандарға шын жүректен ризашылық білдіремін.

Саяси іш тарту жасалды деген кінә артылмауы үшін сайлау аяқталғанға дейін Ассамблея сессиясы әдейі шақырылмады. Ассамблеяның міндеті, ең алдымен, көп ұлтты еліміздегі бейбітшілік пен татулыққа қолдау көрсету болып табылады. Биылғы және мемлекет басшысы болып сайланған келесі жылдар ішіндегі алғашқы саяси іс-шараны сіздермен кездесуден бастап отырғаным да кездейсоқ емес. Бұрын айтуға болмай келген жәйттерді бүгін айту қажет болып тұр.

Өткен сайлаудың 2 бірдей ұлттық қатері болды. Біріншісі – ұлттық белгі бойынша жік түсуі. Екіншісі – ұлттың өз ішіне жік түсуі. Біз «Жеңілгендерді зар еңірету үшін оларға тек көз жасын ғана қалдырамыз» деп мәлімдеген Бисмарктің қанқұйлы қағидасын ұстанудан аулақпыз. Мен өзіме қарсы дауыс берген қазақстандықтардың таңдауын да құрметтеймін, өйткені олар мемлекетіміздің азаматтары болып табылады, ал мен олардың мүдделерін қорғауға міндеттімін. Бұл жерде әңгіме басқада – бас пайдасын көздеген саяси міндеттерге қол жеткізу үшін ұлттық мүдделерді де саудаға салуға тырысу туралы болып отыр. Мұндай саясатшыларға біздің қоғамымызда орын жоқ.

XX ғасырда көптеген жас тәуелсіз мемлекеттер егемендік алғаннан кейін кенет өзара соғыс бастағанын немесе қолдары енді ғана жеткен бостандықтан айрылып біткенге дейін одан әрі бөлшектеніп, мұның өзі азамат соғыстарына ұласқанын біз тарихтан жақсы білеміз.

Тарихтан тағылым алмаған жұрт мұның өтемін өз қанымен төлейді. Біз барлық азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін тәуелсіз де қуатты мемлекетті сақтап қалу тек ұлттық тыныштықты сақтау арқылы ғана мүмкін екендігі туралы айдай ақиқатты мойындауға тиіспіз. Сондықтан біздің осы сессиямыздың өзегіне «Ұлттық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі» деген ұран алынып отыр.

Бұл әлдебір тылсым тұжырым немесе қатып-семіп қалған саяси қағида емес, бұл шын мәнінде біздің ішкі саясатымыздың негізі. Бірақ ол күн сайын нақты да көрнекі әрекеттермен қуатталып отыруға тиіс. Осыған байланысты барлық ұлттық қауымдастықтарға Ұлттық-мәдени орталықтар туралы заңның жобасын талқылау қажет. Әрине, бұл заң барлық проблемаларды бірден шешіп бере қоймайды, бірақ бұл бүкіл ТМД аумағындағы бірегей құжат және сіздердің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыздың арнасында осындай арқау тұтарлық құжат дайындап, оны Парламентке берген жөн болар еді. Бұл – Ассамблея 1999 жылы жүзеге асыруға тиіс болатын ауқымды да маңызды заң шығару жұмысы.

Мен КСРО ыдырағаннан кейін неше түрлі себептер мен жағдайларға байланысты Қазақстаннан көшіп кеткен адамдардың бәріне өзіміздің ортақ Отанымызға қайта оралыңдар, есігіміз ашық және біз бірлесе қимылдағанда ғана күшейе түсетініміз анық, деп үн қатамын.

Қазақтардың тұтас ұлт ретіндегі бірлігінің маңыздылығы тек тарихтың сабақтарынан ғана туындамайды. Мен тағы да халықтың кемеңгерлігіне көз жеткіздім. Адамдардың нақты таңдауы, нақты мінез-құлқы кез келген теориялық үлгіден әлдеқайда маңызды да сенімді.

Бұл не экономикада, не саясатта терең негіздері жоқ кей кертартпалардың сүт бетіне шығарларының 1 бөлігін қатты мазалайтын, шынайы өмірге 3 қайнаса сорпасы қосылмайтын дәмсіз әңгімелерінен, қазақтың қай-қайдағы рулық жікшілдігі туралы, шешілуі қиын қайшылықтар мен басқа да этнографиялық ерекшеліктер туралы толғаныстарынан әлдеқайда маңызды. Қоғамда жүріп жатқан үдерістерге байыпты талдау жасаудың орнына кімнің бабасы қай жерде туғанын есептеп шығару әлдеқайда оңай. Егер бұл тайыз ойлы тайқы маңдайлардың тапқаны болса, онда күні өтіп кеткен мұндай әуестікке таңданып қана қояр едік. Ал, егер бұл кез келген тұрпатта саясатқа да енгізіле бастаған қағидат болса, онда мұндай қайраткерлерге мемлекеттік қызметте орын жоқ.

Біздің Конституциямыз сословиелік және рулық алауыздықты насихаттауға тыйым салған, мұндай

пікірді өрбітушілерге қатысты тиісті шаралар қабылданып та жатыр.

Сайлау барысында халық өзінің жалпы ұлттық міндеттерді түсіну тұрғысынан да, XXI ғасырда ауызбірлігі мықты ұлт құруға дайын екендігі жағынан да жекелеген кертартпа шенеуніктерден әлдеқайда биік тұрғандығын айқын көрсетіп берді.

Бірақ бар гәп тек сайлау алдындағы шайқастарда ғана жатқан жоқ. Өтпелі кезеңнің буырқанған 10 жылы ішінде жас мемлекеттің ұлттық саясатында тұйыққа тірер жолға түсіп кетудің төмендегідей қауіптері болған еді.

Бірінші – ұлттық эгоизм. Біз, «халық жоқ болса, проблема да жоқ» деген қағидатты ұстанып, аз ұлттар өкілдерінің эмиграциясын қолдау жолына түсуге мүмкіндігіміз бола тұра, 1 ұлттан тұратын мемлекет құру жолын қабылдамай тастадық.

Неге бұл жол тұйыққа апарып тірейді? Ұлттық эгоизм саясатын жүргізбегеннің өзінде біз қазір эмиграцияның салдарынан халқымыздың экономикалық тұрғыдан белсенді бөлігінің жетіспеушілігін сезініп отырмыз. Бірұлтты мемлекет құру елімізге үлкен зиян келтіретін еді, өйткені Қазақстанда қалуға шешім қабылдаған қазақ емес тердің көп өкілдері ақыр аяғында көшіп кетуге мәжбүр болар еді.

Бұл мәселенің басқа да қырлары бар. Мысалы, көшіп келушілерді қабылдауға дайындығы жоқ көрші мемлекеттерге жаппай эмиграция жасалуы

біздің геосаяси айналамыздағы тұрақсыздық деңгейін күрт көтеріп жіберер еді.

Сонымен қатар, егер XX ғасырдың бірінші жартысы үшін империялардың күйреуі тән болып, ұлттық тұйықталуға деген қажеттілік табиғи құбылысқа айналса, қазір ықпалдастық үдерістерінің күшейтілуі және мемлекеттен жоғары тұрған құрылымдарды белсенді түрде жүйелеу жағдайында ұлттық оқшауланудың тарихи болашағы жоқ.

Біз ұлттардың өзіндік ерекшеліктері жойылып, 1 ұлттың екінші ұлтқа, 1 мәдениеттің басқа мәдениетке жұтылып кетуіне қарсымыз. Иә, біз қазақ тіліне мемлекеттік мәртебені қайтарып бердік. Бірақ біздің арыны басылмаған сыншыларымыз бұл тұрғыдан басқа ұлттар мен олардың тілдерінің құқықтары мен мүдделеріне қысым жасалмағандығын байқамайды немесе байқағысы келмейді. Қазір орыс тілі Қазақстанда толыққанды қолданылып отыр.

Біз қазақтан басқа ұлттардың мүдделеріне қысым көрсетудің тікелей немесе жасырын саясатын жүргізіп отыр деп айыптаушылардың ой-өрісін Пайғамбардың күйеу баласы Әли имамның сөзімен «Ақымақтан ірге ажырату ақылдымен қоңсы қонғанға тең» деп бағалауға болады. Ендеше біз былай істейік, ақымақтардың ықпалынан арылып, «Қазақстан – халықтар достығының лабораториясы» деген сөздің шын мәніне қайта оралайық.

Екінші тұйық жол: мемлекеттің ұлтаралық проблемаларды шешуден толық тартынуы.

Біздің мемлекеттікті дамытудың ұлттан тыс үлгісін де таңдап алуымызға болар еді. Біз үшін бұл нені білдіре алар еді?

Біріншіден, бұл жағдайда байырғы этностың өзін-өзі ұлттық тұрғыдан бағамдауы міндетінен мемлекет бойын аулақ салар еді. Мұндай бейтараптық көп жағынан егеменділігіміздің мәнін жойып жібереді. Ондай жағдайда біз ыдыраған империяның сұрықсыз 1 сынығы, бұрынғы отарлаушы ел қажет етпегендіктен ғана дербестікке ие болған сұрқай да дәрменсіз ел болып қала берер едік.

Екіншіден, бұл – мемлекет этностардың өзара қарым-қатынасын реттеуден шеттеп қалатынын білдіреді. Мұндай жағдайда «өз қазанында өзі қайнаған» ұлттар мен ұлыстар бір-бірінен қашықтай түсіп, өмірдің барлық салаларында өзара бәсекелестікке түсер еді. Іс жүзінде бұл өзінің ұлттық бірегейлігінің әртүрлі қорғаныс тетіктерін күшейтуге бағытталған стихиялы үдерістердің дамуына әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл жағдайда мемлекет мұндай қарым-қатынастарға араласуға мәжбүр болар еді. Бірақ мұндай араласу кешігіп қалар еді, өйткені әлгі үдерістер қоғамды өзара қарсы тұруға әкеп соқтырар еді де, оны бейбіт жолмен шешу әлдеқайда қиындай түсер еді.

Үшіншіден, көрер көзге ғана бар теңдік неғұрлым саны көп этностың қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы ықпалының арта түсуіне әкеледі.

Іс жүзінде бұл ұлттардың құқықтары бұзылуына әкеп соқтырады. Осы орайда 2 мемлекеттің бұрын ортақ болып келген атышулы флотын бөлісуі туралы әзіл еске түседі. Бір Президент екіншісіне «Кел, флотты туыстарша бөлісейік» десе, екіншісі «Жоқ, дұрысы тепе-тең бөліскен ғой» деп жауап беріпті.

Үшінші ықтимал тұйық жол: қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудан бас тарту. Тарихта еш халық ешқашан да тәуелсіздігінен ерікті түрде бас тартпаған. Қазақтар да осындай екендігі түсінікті.

Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке деген ішкі қажеттілігіне сөз жеткізу қиын. Қазақтар ел халқының басым көпшілігін құрайды және өзінің тарихи-этностық аумағында тұрып жатыр. Өзінің жалғыз тарихи Отанын қашанда қорғай білген қазақ халқының арқасында басқа ұлт өкілдері болып табылатын қазақстандықтар да аумағының көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекетте өмір сүріп отыр.

Генетикалық тұрғыдан осы аумақта қалыптасқан қазақ мәдениеті қазіргі сәтте өзінің толыққанды дамуы үшін қажет құралдардың бәріне ие және дүниежүзілік мәдени үдерістерге барған сайын белсенді түрде араласып келеді.

Ел халқының басым көпшілігін құрайтын қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудан бас тарту мүмкін еместігіне сенімдімін.

Сөйтіп, жоғарыда айтылған жәйттердің жалпы қорытындысы мынадай болатындығы көрініп тұр, жоғарыда аталған тұйыққа тірейтін 3 нұсқаның, кез келгенін іске асырудың нәтижесі тек 1 ғана нәрсеге – ішкі және сыртқы тұрақсыздыққа және осылардың салдары ретінде болмай қоймайтын елдегі ұлтаралық жанжалға әкеп соқтырар еді.

Баяғыда ағылшынның 1 жазушысы «мәселе дүниеәлемнің нашарлап кеткенінде емес, болып жатқан оқиғаларды бейнелеудің әлдеқайда жақсарып кеткенінде» деген екен. Шынында да, Жер серігі арқылы таратылатын теледидар хабарлары, Интернет, жүріп-тұру еркіндігі, жастар мәдениеті, жарнаманың әлемдік стандарттары, өмір сүру салтының бірізділікке түсіп келе жатқаны тәрізді факторлар ұлттық ерекшеліктер мен айырмашылықтарды бұрынғы өткен соғыстар мен 1 халықты екіншісінің жаулап алуының бәрінен де мың есе тезірек шайып жібере алатын себептерге айналып отыр. Бұл локомотивтің жолында тұру еш мағынасыз әрі қауіпті – таптап өтіп кете береді.

Бұрынғы мемлекетіміздің жедел де жайсыздау түрде күйрегенін осыдан 8 жыл бұрын бастан кешкен біз үшін бұл құбылыстар әбден түсінікті. Құндылықтардың қирауы қашанда ауыр соғады. Ал, ол ең ізгі қасиетті – ұлттық сезімді қозғайтын болса, бұл айрықша қиын тимек. Бірақ осының бәрінің астарында тек жаулардың әрекеті ғана емес, қазіргі заман деп аталатын аса күрделі себептер мен жағдайлардың астасып кетуі де жатыр.

2 ғасыр мен 2 мыңжылдықтың аралығында тұрған біз бұл жағдайда не істей аламыз? Қазіргі заманның соңынан қуамын деп жүріп өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді жоғалтып алмау, қазақ – қазақ болып, орыс – орыс күйінде, татар – татар ретінде қала беруі үшін не істеу керек?

Бұл үшін бірнеше жәйтті білген дұрыс. Сондықтан бәріміз бірдей осы жәйттерді зерделей алуымыз керек. Оларды заңда жазуға, қолымен ұстап көруге болмайды, бірақ олар жаңа мыңжылдыққа дейін санаулы айлар қалғаны тәрізді нақты нәрселер.

Бірінші. Ұлттық рухты сақтап қалу үшін ең бастысы – сырттан жау іздеу емес, өзіңнің ұлттық мазмұныңды байыту.

Екінші. Біз өзгелерден оқшауланбай, аса зор, әлемдік қоғамда өмір сүріп отырғанымызды жете түсінуіміз, 10 шақты жыл бұрынғы қағидаларды малданбауымыз қажет. Ұлттық сана үшін негізгі қауіп-қатерлердің бәрі түсі мен түрі басқалау көршіміздің емес, осы ауқымы зор қоғам тарапынан төнеді.

Үшінші. Жаңа ақпараттық технологиялармен және басқа қазіргі заманның нышандарымен күресудің еш пайдасы жоқ. Оларға бейімделу қажет. Бұл Қазақстанның ішкі саясатын, соның ішінде ұлттық саясатты басқарудың да жаңа технологиялары болуын талап етеді.

Төртінші. Ауқымды тұрғыдан алғанда, біздегі ұлттық келісім қазақстандықтардың өздері-

нен басқа ешкімге де керек емес. Соңғы 10 жыл ішінде біз бүкіл Жер шары бойынша алуан түрлі бітімгершілік миссиялардың тиімділігі жоққа тән екендігін байқадық. Өкінішке қарай, асқынып тұрған проблеманы күш қолдану арқылы шешуге ұмтылыс жиі кездеседі. Бұл – дұрыс шешім емес, оның елесі ғана, ал өрттен қалған күлдің астында қашан да осы жолы жеңіп шыққан тарапқа деген өшпенділік жатады. Біз жанға жаға қоймайтын, қатал, бірақ адал да нақты сабақты ұғынуға тиіспіз: егер Қазақстанда ұлтаралық қақтығыс шығып, қан төгілетін болса, оны Біріккен Ұлттар Ұйымы да, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы да, басқалар да ұзақ уақытқа дейін тоқтата алмайды. Балаң қиялдан бас тартатын кез жетті. Нақты жағдайды түсіне білу қажет.

Осы залда отырған сіздер мен біздер және біздің соңымыздан ергендер, қоғамымыздың саламатты күштері, қырағылықты 1 сәтке де жоғалтпауға, әрқашан сергек тұруға тиіспіз. Нақ сіздердің және сіздерді қолдаушылардың күш-жігері арқылы елімізде тұрақтылық сақталып отыр. Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге шын жүректен ризамын.

Осының бәрінен қорытынды жасау қажет. Өзінің ұлттық ерекшелігін, ұлттық мұраттарын сақтап қалу тек қазақтардың ғана мәселесі емес. Бұл – елімізді мекендейтін барлық ұлттық топтардың мәселесі. Сондықтан мемлекеттік ұлт саясаты туралы айтқан кезде біз халықтар арасындағы бейбіт және тұрақты қарым-қатынастарды сақтап

қалуды ғана емес, сонымен қатар ұлт мәдениеттерін сақтау мен дамытуды да айтамыз.

Мынадай қисын ұсынамын. Тұтас алғанда еліміз туралы әңгіме болғанда және елден тыс жерде жүрген кезде біздің бәріміз бірінші кезекте қазақстандық болып табыламыз. Ал ұлттың ішкі өмірі туралы әңгіме болған кезде, әрбір ұлттық топ өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін аялауға құқылы және бұған ешкім де кедергі келтірмеуі керек. Мұның маңызды болатындығы Қазақстан шын мәнінде біздің ортақ Отанымыз екендігінен туындайды. «Мен – қазақстандықпын» деген сөзді әркім де мақтана айтуы үшін біздің бәріміз аянбай еңбек етуге тиіспіз.

1999 жыл Бірлік пен ұрпақтар сабақтастығы болып жарияланғаны белгілі. Әлеуметтік міндеттермен, қазақстандықтардың аға ұрпағының алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеумен қатар мұнда өзгеше 1 стратегиялық идея да бар.

Кез келген ұлт мәдениетінің өзегі, ұлт рухының өзегі – халықтың салт-дәстүрі екендігі белгілі. Ал салт-дәстүрді бойына сіңіріп, кейінгіге жеткізуші буын – ұрпақ болып табылады. Бірақ уақыт пен ұрпақ байланысы үзілсе, ұлт мәдениеті мен адамның ұлттық ерекшелігі де қара құрдымға жұтылып жоқ болады. Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы – салт-дәстүрді келер ұрпаққа жеткізудің әдісі. Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы – жасырын ширығу мен мазмұн қайшылықтарына толы

әлемде өз қалпынан айнымау, өзінің ұлттық жаны мен мінезін сақтап қалу тәсілі.

Сондықтан осы жылдың басты идеясы аға ұрпақ жинақтаған адамгершілік және әлеуметтік тәжірибеге аялай қарау болып табылады. Бұл мемлекет пен дәулетті азаматтардың шаруасына жататын белгілі 1 қаржы көздерін ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар, қоғамда белгілі 1 адамгершілік ахуал қалыптастыруды да талап етеді.

Көпэтносты мемлекеттің қазақстандық үлгісіне тән сипат қандай? Біріншіден, ұлт саясатының арқаулық элементтерінің бірі басқа ұлттардың дамуы үшін барлық жағдайды жасай отырып, қазақ ұлтының мәдениетін мақсатты түрде дамыту болып табылатындығын мойындау қажет.

Ең 1 қиын да қысылтаяң сынақтардан қайыспай өте білген қазақтар бұл үшін басқа халықтарды кінәламайды. Сонымен қатар ол өзінің ұлттық кең пейілділігін, сенімі мен достыққа адалдығын да сақтап қалды. Бұл еліміздегі ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығының негізі болып табылады.

Өзге халықтардың өкілдері өз ана тілінде сөйлеу және өзгеге түсінікті болу құқығын әрқашан өздерінде қалдыра алды. Бірақ қазақ тілін Қазақстандағы ұлттық топтардың барлығы да үйренетін болуы тиіс. Бірақ мұның өзі ол тілді күштеп үйрету саясатынан аулақ болуды одан әрі жалғастыра берсек қана мүмкін болады. Бұл ретте күш қолдану немесе баса-көктеп шапшаңдату шаралары қажет емес. Алайда, қалай дегенде де,

дәл ол, біздің білім беру бағдарламамызда, ақпараттық саясатымызда қазақ тілін оқып-үйрену бағыты әдептілікпен, бірақ бұлжымастай етіп ұсталатын болады.

Мен өзімді қазақтардың ғана емес, сонымен қатар барлық өзге халықтар өкілдерінің де дұрыс түсінуін қалар едім. Өйткені мұның өзі тап қазақ этносының өзін өзі түсінуіне қолдау көрсетуге ерекше қажет. Орыстармен, немістермен, украиндықтармен, татарлармен, кәрістермен және басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда қазақтардың өзіндік айырмашылығы олардың қандай да болсын өзге 1 мемлекеттің тап осындай міндеттер қоя алатынына үміт арта алмайтындығында. Сонымен қатар бұл мәселенің ойдағыдай шешілуінің кепілдігі мен шарты – көпэтносты Қазақстандағы барлық өзге ұлттардың нақты тең құқықтығының заң арқылы бекітілуі.

Екіншіден, біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыздың маңызды ерекшелігі оның саналы түрде қостілді саясаты болып табылатындығы. Уақыттың өзі көрсеткеніндей, Қазақстанда біз мейлінше кең тараған 2 тілдің – қазақ және орыс тілдерінің өздеріне лайықты орын табуын неғұрлым айқын көрсете білдік. Соның нәтижесінде бізде сол тілдерде сөйлейтін адамдардың арасында саяси шиеленіс пайда болған жоқ, өйткені біз бұл 2 тілдің өзімізде тұрып жатқан барлық халықтардың өмірінде барынша нақты маңыз алатындығын айқын сезіндік.

Өзге халықтардың тілдері біздің көпұлтты елімізде өгей баланың көретін күніндей күйкі жағдайға душар болған жоқ және душар болмайды да. Біз бұрынғысынша барлық халықтардың ұлттық тілдерінің сақталуы және қайта өрлеуі саясатын жалғастыра беретін боламыз.

Бұл ретте сіздер елеулі рөл атқардыңыздар. Тап қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың жүздеген мекемелерінің жұмыс істеуі, оларда Қазақстандағы ондаған халықтардың тілінде тәрбие берілуі және оқытылуы көп жағдайда Ассамблея қызметінің арқасында мүмкін болды. Оның үстіне, елімізде Қазақстанның неміс, кәріс, ұйғыр, поляк, түрік, өзбек сияқты басқа да халықтардың тілінде оқытушылар даярлау шаралары қолға алынған.

Үшіншіден, Қазақстан зайырлы мемлекет ұстанымдарына адал болып келеді және содан айнымай қала береді. 1 мемлекеттің шеңберінде әртүрлі конфессиялардың болуы ондағы тұратын халықтардың рухани байлығын арттыруға ізгі ықпал етеді. Қоғамның тарихи жағдайда қалыптасқан дәстүрлі діни ықпалын ескермейінше, онда ұлттық келісім мен бейбіт өмірді қамтамасыз етудің мүмкін еместігі – кез келген парасатты саясаткерге айдай айқын нәрсе.

Қазір республикада мемлекет пен дін арасындағы және өзара қарым-қатынастардағы ортақ тіл табылды және ол республиканың конфессиялық ортадағы болып жатқан үдерістерді баршаның

бірдей ұғынуына мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда мемлекет пен діни қауымдастықтардың ынтымақтастығының 2 ортақ нүктесі бар.

Біріншісі – бейбіт өмір мен азаматтық келісімді уағыздау. Мұның өзі біздің күнделікті өміріміздің ең қасиетті қазынасы және жалпы сипаттамасы болып табылады.

Екіншісі – мәдениеттің дамуы мен қайта өрлеуі. Ұлттық және діни мәдениеттерді бір-бірінен ажыратудың өзі оңай емес. Бүгінгі таңда халықтарымыз атап өтіп жүрген Рамазан немесе Наурыз, Пасха немесе Рождество мерекелерінің қайсысы ұлттық немесе діни мереке екендігін айқындау біздің қай-қайсымызға да оңай емес.

Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде дін атаулының қай-қайсысы да ұлттық мәдениеттерді сақтап қалудың нақты тетігіне айналды. Ұлттық және діни қазыналардың бір-бірімен қақтығысатын кезі әлдеқашан өтті. Қазір біз зайырлы мемлекет болған кезде тәуелсіз мемлекетіміздің дамуындағы осындай ең жаңа үдерістерді ескеруге тиіспіз.

Оның үстіне, біз Қазақстанды зайырлы мемлекет деп жариялады қ. Сондықтан да діни артықшылық идеологиясын насихаттаудың кез келген әрекеттеріне қарсы күрес жүргізіп отырмыз және күрес жүргізе береміз. Әрбір азаматтың өзіндік діни нанымды еркін таңдауға құқы бар. Алайда осындай жағдайдың өзінде де мемлекет діни экстремизмнің кез келген түріне қарсы қатал күрес жүргізетін болады.

Төртіншіден, біздің ұсынатын үлгіміздің ерекшелігі Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени орталықтарын мақсаткерлікпен құру және диаспоралардың өз тарихи отандарымен байланыс жасауына, сондай-ақ Қазақстан халықтарының Ассамблеясы сияқты органның жұмыс істеуіне қолдау көрсету болып табылады.

Этностар өмірінің алуан түрлі салаларын көрсету үшін 11 ұлттық газет, 12 тілде хабар тарататын 44 телестудия, 6 тілде хабар беретін 18 радиостудия жұмыс істейді. Белгілі 1 ұлыстың жинақы тұратын аймақтарында олардың өз тілдерінде хабар беріледі.

Ұлы француз жазушысы Виктор Гюго айтқандай, «Адамның ұлылығы оның бойының ұзындығымен өлшенбейтіндігі сияқты, халықтың ұлылығы оның санының қанша екендігімен өлшенбейді». Үлкен немесе кіші халықтар деген ұғым жоқ. Тәуелсіз Қазақстанда барлық халық өз құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінен тең құқықты – біздің ұлт саясатымыздың ең басты принципі, міне, осындай. Осыған байланысты мен өз елімізде русофобиялық, антисемиттік немесе антиисламдық карта ойындарымен айналысушылардың өз саяси мақсаттарына жетуіне ешқашан жол бермеймін.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының еліміздегі қоғамдық-саяси өмірде, ұлттық мәдениеттердің қайта өрлеуі мен дамуында атқарып отырған рөлі жоғары.

Бүгінгі Ассамблея – республикамызда тұрып жатқан барлық этностар мен ұлттық топтардың мүдделерін көздейтін ондаған қоғамдық бірлестіктер, өткізілген жүздеген конференциялар, «дөңгелек үстелдер», фестивальдар, байқаулар, қайырымдылық шаралары, ағарту бағдарламалары болып табылады. Атап айтқанда, өткен мерзім ішінде этностық топтар жастарының Ассамблея квотасы бойынша жоғары оқу орындарына түсу практикасы кеңінен етек алды. Соңғы 4 жылдың өзінде ғана этностық аз топтардың осындай квотамен жоғары оқу орындарына түскен өкілдерінің саны 8 мыңдай адамға жетті.

Жергілікті жерлерде Қазақстан халықтарының шағын ассамблеялары зор жұмыс атқаруда, олар өздерінің қызметін жергілікті ерекшеліктер мен айырмашылықтарды ескере отырып жүргізеді.

Бүгінгі таңда Ассамблеяның мемлекет басшысы жанындағы консультациялық кеңес органы ретінде орныққанын толық құқықпен айтуға болады. Ол тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы міндеттерді ойдағыдай орындады және жаңа қоғам орнату ісіне лайықты үлес қоса білді. Ассамблея Қазақстанның көпұлтты халқын топтастырудың нақтылы институтына айналды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясына Алматыдағы Достық үйін беруді ұсынамын. Мұның өзі ең жақсы символдық ишарат болар еді.

Өзім Президент қызметін атқаратын алдағы 7 жыл ішінде біздің ұлттық саясатымыз бұрынғысынша мызғымайды.

Өз басым болашағымызды болжауда оптимист болып қала беремін. Біздің Шығыстағы көршілеріміздің арғы ата-бабалары «жүзінде күлкі үйірілмеген адамның сауда дүкенін ашуға құқығы жоқ» деген екен. Мұның өзі біздің қазіргі жағдайымызда әңгіме қандай мемлекеттік саясатты таңдауымыз қажет екендігіне байланысты болып отыр.

Менің өз еліміздің керемет ұлы болашағы жөніндегі кәміл сенімім адамдарымызға, Қазақстанның көпұлтты халқына сенетініме негізделген.

**Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Демократия – біздің таңдауымыз. Демократия – біздің тағдырымыз» тақырыбында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1999 жылғы 31 наурыз

**Құрметті депутаттар!**
**Құрметті қонақтар!**
**Ханымдар мен мырзалар!**

1998 жылғы қыркүйекте Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауымды арнай отырып, мен ел өмірінде саяси және экономикалық ырықтандырудың жаңа кезеңін бастауға уәде берген едім. Содан бері өткен мерзім ішінде әлемдегі және біздің өңір

елдеріндегі жағдайдың тұрақсыздануы жаңа проблемалардың тууына әкеліп соқты.

Алайда біз өз таңдауымыздан айнымаймыз. Экономикада біз еркін бағдарды таңдап алдық. Саясаттағы таңдауымыз – демократия. Саяси және экономикалық прогресті бір-бірінен бөле-жару мүмкін емес екенін біз түсінеміз.

Алдымызда күрделі міндеттер тұр. Сондықтан да мен сіздермен қайта кездесіп, күллі қазақстандықтарға сөз арнауды өз борышым санадым.

## Экономикалық жағдай: жаңа дабылдар, жаңа сын-қатерлер

Кейінгі кезде жұртпен кездескенімде мен ағымнан ақтарылып, жуықтағы 2–3 жылда бізді ауыр сынақтар күтіп тұрғанын ескертіп жүрмін.

Бұл туралы мен, кеңесшілерімнің қарсылығына қарамастан, сайлауалды науқанында да ашық айттым. Жауапты саясаткер, тыңдауға жағымсыз болса да, әрдайым шындықты айтуы керек деп санаймын, санай да берем.

Алайда баршамызға түскен ауыртпалықты жеңілдету үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын.

Өкінішке орай, әлемдегі және айналамыздағы жағдай содан бері әлі де оңғарылған жоқ.

Менің тапсыруым бойынша Үкімет Ресей оқиғалары шаң бергенге дейін-ақ дағдарысқа қарсы шаралардың дестесін қабылдап қойды.

Әлем және ішкі экономикалық жағдайдың беталысын жедел талдау мақсатымен Экономикалық саясат жөнінде кеңес құрылды.

Қаржының қатты тапшылығына қарамастан, біз төменгі зейнетақы мөлшерін недәуір көтердік. Қазақстанды аяғынан тік тұрғызған әкелеріміз бен аталарымыз алдындағы борышымызды өтеу үшін мүмкін болғанның бәрін жасауға тиіспіз, өйткені олар сол үшін жан-тәнін аямай, тіпті өмірін де қиды емес пе.

ТМД-да бюджеттегілер мен зейнеткерлердің ақшасын уақытында төлеуге тырысатын біз іс жүзінде жалғыз ғанамыз. Бұл бізге орасан зор еңбекке түсіп, жүйкеге жүк салды. Менің жеке өзіме жағдайдың түзелуін Үкімет пен әкімдерден қатаң талап етуге тура келді. Жалақы мен зейнетақының мөлшері шамалы екенін, көп кісілердің күнкөріске қаржыны әрең жеткізетінін жақсы білемін. Десе де шындық салыстырудан туады – біздің деңгей ТМД-да ең жоғары.

Қыстан қалыпты өттік. Жылу мен жарыққа байланысты бірде-бір ірі қиындық кездескен жоқ.

Ауыл шаруашылығына, жұмыссыздар мен әлауқаты нашарларға мүмкін-қадерінше көмек көрсетілді. 20 млн-нан астам азаматқа, негізінен әйелдерге тарихымызда алғаш рет 400 доллар көлемінде шағын несие берілді. Балаларды жаппай вакцинациялау басталды. Осының арқасында балалардың өлімі азайды. Барлық қаржы көздері есебінен 4 мың мектеп компьютерлендірілді.

Менің бастамашылығыммен тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі жалпыұлттық қор құрылып, 1998 жылы оған 750 млн теңге түсті, оның 41 млн-ы дивиденд есебінде.

1998 жылы шағын несиелеу мен жаңа жұмыс орындарын жасауға 306,6 млн теңге бөлінді. Жалпы сомасы 244 млн теңге болатын 8 мың шағын несие беріліп, бұл 11513 адамның жұмыс табуына мүмкіндік берді. 175 млн теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. 34 мың адам 30 млн теңгелік көмекті тауармен және азық-түлікпен алды. 1999 жылдың 1 наурызына дейін 733 адам тағы да сомасы 40 млн теңге несиеге ие болды.

Биылғы жылдың жағдайы қаншалықты күрделі екенін түсіне отырып, мен Үкіметтің алдына ең бастысын, ең басымын іріктеп үстеме міндет қойдым. Жалақы мен зейнетақыны уақытында төлеп, жұртқа жарық пен жылу беру, астығын сатып алу арқылы шаруаларға жәрдемдесіп, ақша бөліп, импорт алмастыру бағдарламасын орындауға тиіс.

Бұлар ағымдағы сипаты бар міндеттер еді, бірақ бірқатары ойлағандағыдай орындалмады. Бұл туралы турасын айту керек.

Халық сайлаған Президент ретінде және мен мынандай сауалдар қоюға хақылымын.

Қаржы деген өте-мөте тапшы ауыр шақ туғанын бәріміз де түсінеміз. Ақша кейін ысыруға еш болмайтын қажеттерге жетпейді. Жағдай әдеттегідей емес, ал егер өз атымен тура атар болсақ – төтенше. Ал оған сәйкес шаралар да әдеттен тыс, төтенше

болуы керек. Бірақ біз бұндайды Үкіметтен көрмей отырмыз.

Үкімет кіріс пен салықтың аз жиналуына қашанғы көз жұмып отыра беруі керек? Борышқорлар қашанға дейін кеуде қағып, мемлекетті алдай бермек? Елдің шаруашылық тұлғалары неге салықтан жалтаруға тырысады? Жемқорлармен неліктен тек Президент қана күреседі? Үкімет қайда қарайды?

Осындай қиындықтарды өзімен бірге билік те бастан кешіп отырса, жұрттың бұған шыдамайтынына сенемін. Әкімдер мен олардың аппараты жалақысын өз өңірінде зейнетақы қаншалық кешіктіріп төленетіндей тәртіппен алатын тәртіп орнатқан да дұрыс болар еді. Мемлекеттік аппаратты ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту қажет және сол мүмкін де.

Ұлттық компаниялар басшыларының 10 орынбасардан ұстауына, мейлінше қымбат джиптермен жүруіне, жұмысты өз кабинеттерін жөндеуден бастауына қалайша ерік берілген? Олардың көпкісілік дербес күзеті болуы қандай заңмен белгіленген? Күзеті болуға тиіс адамдардың тізбесі бар, ол Конституцияда айқындалған. Жалпы оларды кімнен күзету керек өзі? Ұлттық компанияларда референт-хатшылардың жалақысының көлемі неліктен министрліктердің, тіпті Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлерінің түсіне де кірмейтіндей көп? Ал олардың бәрі мемлекеттік қызметкер, бәрі де 1 заңмен өмір сүруде. Ұлттық

компаниялар мемлекет ақшасын осылай рәсуа етіп отыр.

Жоғары оқу орындарында ақша жетпейді деседі. Ал ректорлардың қандай машинамен жүйткіп жүргенін қараңдаршы.

Егер Үкімет осымен шұғылданса, халықтан үлкен абырой алар еді.

АҚШ сияқты аса бай елдің басшылығында мемлекеттік құпияларға қатысты 14 адамның ғана көлігіне жүргізуші ұстауға хақысы бар. Ал бізде ше? Біздің министрлер арзан машинаны менсінбейді. Комиссия құрып, осының бәрін нақтылап қарау керек.

Мемлекеттік қызметкерлердің салық декларациясы берілді. Енді олардың шын мәнінде қалай өмір сүріп жатқанын тексеру қажет.

Көптеген адамдарымыз аса қиын жағдайда тұрып жатыр. Көпшілігі не істеуді, қалай қарекеттенуді білмейді. Бұл арада Үкімет пен әкімдер қол ұшын беруге тиіс. Үкіметтің немен айналысып отырғанын, қандай шаралар қабылданып жатқанын, не үшін қабылданып жатқанын жұртқа кім түсіндіруі керек? Үкімет түсіндіру жұмысын нашар жүргізеді.

Ал, құрметті Үкімет мүшелері, астық сатып алуды қалай ұйымдастырдыңыздар, енді қызмет бабын теріс пайдаланып, қиянат жасағандарды тексеріп жатырмыз ба?

Өнеркәсіп бағдарламасы мен импорт ауыстыру жөнінде жарты жылдан бері айтып келеміз. Қаржы бөлінді, ал іс жоқ. Шынтуайтқа келгенде, бұл –

басты міндет. Жұртқа жұмыс беріп, сол арқылы салық базасын ұлғайту шарт.

Денсаулық сақтау бағдарламасы қалай орындалып жатыр? Жұрт оны білмейді.

Бұрынғысынша ірі кәсіпорындар мәселесі жедел шешілмей отыр. Бұрынғысынша шағын кәсіпкерлікті дамытуға көңіл жеткілікті бөлінбейді. Осы уақытқа дейін көліктегі тариф саясаты мен өнеркәсіп саясатын өзара байланыстырудың әдістемесі жоқ. Күні бүгінге дейін табиғи монополияларға бақылау жеткіліксіз.

Маған біздің Үкіметте ішкі тәртіп жоқ-ау деген ой келеді. Үкімет бағытымен келіспеген кісі Конституцияға сәйкес өз қызметінен кетуге тиіс. Бірақ бұл үшін Үкіметтің барлығы бірдей еретіндей бағдары болу керек. Қазір білек біріктіріп бірлесе қимылдайтын уақыт. Кейбір Үкімет мүшелері өзара қатынастарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы айқындап алумен әуестенеді. Олардан корпоративтік мүдделері мен топшылдығының рухы есіп тұр.

Басшылыққа мен жас технократтардың 1 тобын саналы түрде әкелдім. Бұл дұрыс жасалды ғой деп ойлаймын. Бізге жаңа басқару элитасын жасақтау қажет. Бірақ ең бастысы олар еліміз бен халқымызға қызмет етуге тиіс, олардың болашағы – өздерінің де болашағы. Бұлардың реформаларды жеріне сауатты жеткізетініне өз басым сенемін. Өз ұрпағына деген сенімге селкеу түсірмей олардың бұл сенімді ақтағаны абзал болар еді.

Жоғарыда айтылғандардың бәріне де қарамай, мен Үкіметтің жұмысын, оның дағдарыстан аз шығынмен шығуға деген күш-жігерін қолдауға бейілмін. Премьер-министр мен Үкімет мүшелері өз аттарына айтылған бүгінгі сыннан қорытынды жасайтынынан үміттімін.

Үкімет өзінің барлық ресурсын жұмылдыруы және жұрттың қысыр әңгіме емес, жігерлі қимыл күтіп отырғанын білуі тиіс. Мен өзім Үкіметтің нақты ісіне ретсіз араласуға бармаймын, ол дербес жұмыс істейді. Тапсырылған іс үшін дербес жауап береді. Алайда мен алға қойған міндеттер жауапкершілікпен орындалуға тиіс әрі оларды орындатпай тынбаймын!

Биылғы жылы Үкіметтің алдында тұрған басты-басты 3 міндет: әлемдік қаржы дағдарысы шеңберіндегі іс-әрекет, елдің қабылданып та қойған қысаң бюджетінің орындалуы, реформаны жалғастыру.

Мен сөзімді депутаттар мен Үкіметке қарата айтамын. Дағдарыстар келеді де кетеді. Дүние жүзінің біраз елдері мен халықтары осындай дағдарысты бастан кешіп отыр. Барлығы да оны еңсеруге тырысады, біз де бұл дағдарысты еңсереміз. Сондықтан байбаламға салынудың қажеті жоқ.

Бізге білек біріктіріп жұмыс істеп, бар күш-жігерімізді еліміз бен халық алдында тұрған проблемаларды шешуге жұмылдыру керек. Әркім өз игілігі үшін, халық игілігі үшін еңбек ететіндей қып ұлтты оптимизммен шамырқандыру шарт. Бұл

үшін биліктің барлық тармақтары нақтылы іс-қимылдың өнегесі болуы тиіс, мен соған шақырамын.

Елімізде дағдарыстан шығудың бірден-бір жолын бұранданы қатайтып, бұрай түсу деп білетін күштер де бар. Олар мұнысын экономикалық келеңсіздіктер жағдайын желеу етіп, саяси реформаларды жайына жинап қойған кейбір мемлекеттер үкіметтерінің тәжірибесіне сілтейді. Әйткенмен жаңа тарих мына 1 жалпылама заңдылықты құптайды: экономикалық тұрақсыздық пен саяси қуғын-сүргін бір-біріне дем беріп, қол ұстасып қатар жүретін көрінеді.

Ал Қазақстанда біз осы әзәзіл байланысты аластауға бел будық. «Өмірлік күшті сілкіністер ұсақ үрейден айықтырады», деген Бальзак. Біз демократияны таңдап алдық, қазір оған адалмыз және дәйім адал боламыз және біз үшін экономикалық сілкіністер кері серпілуге себеп бола алмайды. Демократияны дамыту – соларды еңсерудің бірден-бір жолы.

### Біздің демократияның кезекті қадамдары

Инаугурация күні халықты мен біздің қазақстандық демократия одан әрі де дамиды, бұл жолдан біз және таймаймыз деп сендірдім.

Сайлаушылардың жаңа мандатын ала отырып, мен президент лауазымындағы жаңа мерзімді біздің демократияның үнді ұрандардың жиынтығы болып қалмауына жұмсаймын.

Халқының этностық құрамы соншалық саналуан, білім деңгейі мен саяси белсенділігі жоғары ел үшін демократия – тағдырдың өзі белгілеп берген жол.

Еркін нарық пен азат адами рух – міне, Қазақстан тағдырының қос қыры осы. Бұл – өзіміз адал берілген әрі ешқашан таймайтын біздің жол.

Өзімнің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауымда арнасында сайлау жүйесі реформасы жатқан саяси жүйені ырықтандыру бағдарламасы туралы мәлімдеген болатынмын.

Біз тұңғыш рет президент сайлауын баламалы негізде өткіздік. Мұның өзі саяси өмірді ырықтандырудың қыркүйек бағдарламасына елеулі сын болды. Сайлау Қазақстан демократиясы дамуының жаңа кезеңі болып, қоғамның тың құндылықтарды қабылдауға әзір екенін танытты.

Көппартиялық негіздегі парламент сайлауы бізде конституциялық тұрғыдан бекітілді. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы» заңдар әзірленіп, Парламентке енгізілетін болады. Сайланбалы лауазымдарға кандидаттар ұсыну талабы жеңілдетіліп, оңайланады. Мәжілістегі «жалпыұлттық» депутаттық орын үшін тепе-тең өкілдік жүйесі енгізілмек.

Президенттік кандидаттар үшін сайлау жарнасы 10 есе азайып, ең аз еңбекақының мыңеселік көлемінен 100 есеге түсті. Сенат пен Мәжіліс депутаттығына кандидаттардың жарнасы 2 есе кеміді.

Дауыс беруге 50 %-дан астам сайлаушы қатысқанда ғана сайлау өтті деп есептеу жайындағы құқығы бәз біреудің дауыс беру құқығы жүзеге асыруына тәуелді болмайды.

1998 жылғы қыркүйекте саяси партиялар мен қозғалыстардың ел өмірінің барлық саласына барынша кеңірек қатысуының қажеттігі жөнінде мәлім еткенмін.

Биылғы жылдың күзінде өтетін Мәжіліс сайлауы біздегі көппартиялық жүйеге елеулі сын болмақ. Біз Конституцияны қатаң ұстанамыз.

Мәжілісте депутаттар алғаш партиялық тізім тәртібімен сайланатын орындар болады. Бұл тең өкілдік жүйесін пайдаланудың Орталық Азия елдеріндегі тұңғыш оқиғасы болғалы тұр.

Саяси партияларда өз қызметін белсендіре ете түсудің қуатты құлшынысы пайда болды. Жаңа партиялар мен бірлестіктер тіркеуден өтіп жатыр. Олардың еркін жұмыс істеп, алдағы науқанға алаңсыз дайындалуына мүмкіндік мол. Алдағы сайлау біздің халық пен мемлекетіміз үшін ірі тарихи асулы кезең болғалы тұр.

Бүгіннен бастап Орталық сайлау комиссиясының тағы 1 міндеті саяси партиялар өкілдерімен сайлауды ұйымдастыру мен өткізу және оқу семинарларын жүргізу болмақ.

Біз мүдделі халықаралық ұйымдар мен мемлекеттерден байқаушылар қабылдауға дайынбыз.

2000 жылдан бастап біз төменгі деңгейдегі әкімдердің сайлауына кірісеміз. Орталық пен өңірлер

арасында бюджет бөлінгеннен кейін әкімдердің сайланбалық қағидаты ұлғая түседі. Әкімдердің сайланбалығын бүгіннен бастап-ақ енгізу туралы дауыстар шығып та жатыр. Бұл конъюнктуралық әншейін әңгімелер, шын мәнінде бағдарсыздық пен дағдарысқа шақыру. Әзір біз бюджетті бөлуге жетпейінше, ал әкім өз аймағындағы қаржылық, шаруашылық және әлеуметтік жағдайға басымен жауап бермей, орталыққа алақан жаюмен жүргенде, қандай да 1 сайланбалық жөнінде сөз ете алмаймыз.

1998 жылғы қыркүйекте мен Парламенттің мәртебесі мен рөлін көтерудің қажеттігі, Үкіметтің тәуелсіздігі мен дербес жауапкершілігі туралы мәлімдегенмін.

Конституцияға енгізілген түзету арқылы Парламент бірқатар министрлерді тағайындау мен орнынан алу жөнінде жаңа өкілдіктерге ие болды.

Президент, Парламент, Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары, Үкімет республикалық референдум туралы заңдар мен өзімнің Қазақстан халқына Жолдауымда ұсынған билік тармақтарының өзара қатынас тетіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл заңдарда Премьер-министрге министрлердің жұмысы үшін толық жауапкершілік жүктеледі, министрлердің өз қызмет міндеттерін атқарудағы өкілдігі ұлғайтылады, жұмысты ақсатқаны, қарекетсіздігі мен Үкімет жасақтаған саяси бағыттан жалтарғаны үшін жауаптылығы күшейтіледі;

бюджеттік және стратегиялық жоспарлаудың бірлігіне қол жеткізіледі, мемлекеттік басқару деңгейлерінің әрқайсысының өкілдіктері мен жүргізу салалары нақпа-нақ айқындалады, мемлекеттік қызмет жүйесі реформаланады. Заңдар Сенат пен Мәжілістің тәуелсіздігін, Қазақстандағы биліктің орнықтылығы мен сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Мен 1998 жылғы қыркүйекте азаматтық қоғам қалыптастыруға бағытталған, бәрінен бұрын үкіметтік емес ұйымдарды қалыптастырып, дамытуды және қызметін жандандыруға ықпал ететін шаралар туралы айтқанмын. Үкіметтік емес ұйымдарды тіркеу мен қызмет рәсімдерін біз недәуір оңайлаттық. Қазір елімізде 2 мың үкіметтік емес ұйымдар бар – бұл Орталық Азиядағы мемлекеттердің кез келгеніндегіден көп.

«Қайырымдылық қызмет және қайырымдылық ұйымдары туралы» жаңа Заң қабылдауды ұсынамын. Ол үкіметтік емес ұйымдарға, қайырымдылық қорларына, медициналық және мектеп жасына дейінгі мекемелерге, оқу орындарына аса маңызды әлеуметтік мәселелерге қаржыны белсендірек тартуға мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанда Сайлау жүйелерінің халықаралық қорымен бірлесіп азаматтық ағарту бағдарламасы енгізіліп жатыр.

1998 жылғы қыркүйекте мен сот жүйесі тәуелсіздігінің кепілдіктерін дамытудың қажеттігі туралы мәлімдегенмін.

Оның реформасы жалғастырылады. Ол да жоғарыдағылардан басталуы шарт. Жоғарғы соттың төрағасы мен оның алқаларының төрағаларын Сенат сайлайды. Өздеріңіз білетіндей, мен Жоғары сот кеңесі төрағасының міндетін өзімнен түсірдім. Құқықтық реформаны қазір жалғастырып жатырмыз.

1998 жылдың қыркүйегінде мен тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарымызды дамытудың қажеттігі туралы да мәлімдегенмін.

Бүгінде Қазақстанда цензура жоқ, сондықтан қоғамымыздың қай жерінің болсын бар көрінісін журналистердің еркін үні әйгілеп тұрады. Соның өзінде де, сөз бостандығы мен журналистердің құқығы қорғалуға тиіс.

Сол себепті «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» жаңа либералдық заң әзірленді.

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министріне заңның бұзылуы жөніндегі назар аударарлық арыз-шағымдарды тікелей қадағалап, жедел тергеу бастауын тапсырдым. Біз еркін сөз бен еркін баспасөзге қысым жасаудың кез келген түрін тойтарып отырамыз.

Демократия дегеніміз заңдарды қатаң сақтау. Мұның өзі оларды бұлжытпай орындауды талап етеді.

Ал заңдар жаңа жағдайларға және алдымыздан ашылған мүмкіндіктерге байланысты жетілдіріліп отыруға тиіс. Менің тапсырмам бойынша Үкімет жуық арада Парламенттің қабылдауына жоғарыда

аталған аса маңызды, демократия кеңістігін кеңейте түсетін заңдар жобасының дестесін енгізеді. Парламенттен сол заң жобаларын жедел қарауын сұраймын.

1998 жылғы қыркүйекте мен мемлекетімізді жаңа 1 кеңауқымды бағдарламаны жүзеге асыруға үндеген болатынмын. Оның мақсаты – Қазақстан әйелдерінің елдің саяси, экономикалық һәм қоғамдық өміріне белсене қатысуын қамтамасыз ету.

Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі Ұлттық комиссия белсене қимылдай бастады. Барлық деңгейдегі басшылық лауазымдарында әйелдердің өкілдігі едәуір өсті.

Бізде қазір 15 әйел Парламент депутаты, үшеуі комитеттерді басқарады, екеуі министр, біреуі Агенттік төрайымы, 10 әйел вице-министр, агенттіктер мен комитеттер төрағаларының орынбасарлары. Еліміздің Ұлттық ғылым академиясының президенті де әйел. 5 әйел облыс әкімдерінің орынбасары болды. Бұл жұмыс жалғастырыла бермек.

Әкім орынбасарлары басқаратын тиісті комиссиялар құрылған облыстарда белсенді жұмыс басталып та кетті.

Біз әйелдер арасындағы кәсіпкерлікті ынталандыру бағдарламасының алғашқы кезеңін жүзеге асыруға кірістік. Мұның мақсаты бүкіл елде әйел-кәсіпкерлердің қалың легі пайда болуына жәрдемдесу. Әйелдерге шағын кредитке арнап

бөлінген 100 млн теңге олардың меншікті ісін ашуға көмектеседі.

Мен әйелдерді тәни зорлықтан, тұрмыстық кемсітушіліктен қорғаудың қажеттігі жөнінде де айтқанмын. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерге енгізілетін әйелдерге қарсы қылмыс үшін жауапкершілікті күшейтуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар әзірленді. Ішкі істер министрлігі жүйесінде әйелдерге қатысты зорлық жасау көріністерімен күрес жөнінде айрықша бөлімшелер құрылды.

30 қыркүйекте мен демократиямызға ең қауіпті қатер болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қатайта түсудің қажеттігі туралы айтқанмын. Биылғы жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі заң қабылданып, арнайы бағдарлама жасақталды. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ымырасыз сипат алып отырғанын жұрттың барлығы есте ұстауға тиіс. Осыған байланысты былтыр халыққа арнаған үндеуімді еске сала кетейін. Ешкім үшін де кешірім болмайды, жеңілдік жасалмайды. Және біз халық сенімін ақтамағандарды заңның бар қаталдығымен жазалайтын боламыз.

Тек өткен жылы ғана 1511 сыбайлас қылмыстың беті ашылды. Заң қабылданғаннан кейінгі кезеңде ғана 271 қылмыс әшкереленді. Тек үстіміздегі жылдың 2 айында ғана республика соттары 92 кісіге қатысты сыбайлас жемқорлық жөнінде 77 қылмыстық іс қарады. Айыпталғандардың ішінде Ішкі

істер министрлігінің – 29, кеден қызметінің – 6, салық органдарының – 5, прокуратураның – 2, соттың – 2 қызметкерлері және 3 әкім бар. 1998 жылы 76 мемлекеттік қызметші сотталса, соңғы 2 ай бағдарында 40 шенеунік бас бостандығынан айырылды.

Кезінде Гете «Жазалауға қабілеті жоқ қазы түптің түбінде қылмыспен сыбайлас болып шығады» деген еді. Таяуда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның қабылданғанына 1 жыл толады. Турасын айтсам, өз басым жүргізілген жұмысқа қанағаттанбаймын. Құқық қорғау органдарымыздың жұмысына да көңілім толмайды. Жыл қорытындысы кімнің міндетін орындағанын кімнің орындамағанын көрсетеді.

Баршаңызға ескерткім келеді. Мен халыққа бұл бәлекетпен ымырасыз күресемін деп уәде бергенмін. Сол уәдемді орындау үшін барлық шараны қолданамын.

Ведомствосында заң бұзушылық белең алған министрдің жұмысын қалай оңды деп бағалауға болады? Төңірегінде ашкөз алымқорлар мен жемқорлар алаңсыз жұмыс істеп жүрген әкімдердің жұмысын қалай оңды деп бағаларсың? Мен қазақстандықтарға тағы да айтамын. Үн-түнсіз отыруға болмайды. Бұл бәлекетпен күллі қоғам болып күресу керек.

Сонымен, бізде 2 басты әрі нақты проблема бар.

Біріншісі – салық жинау. Зейнетақы мен жалақыны уақтылы төлеу-төлемеуіміз осыған байланысты.

Екіншісі – жүргізілетін реформаларға жұрттың сенімін жоятын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.

Біріншісін Үкімет әзір еңсере алған жоқ, екіншісімен атымен шұғылданбай отыр.

Маған ай сайын осы мәселелер бойынша Үкімет пен барлық әкімдердің есебін тыңдауға тура келеді. Алғашқы есеп сәуірдің екінші жартысында тыңдалады.

Мемлекеттік кірістер министрлігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелері жөніндегі Президент жанындағы комиссия өзін сыйлатып, өзінен аяқ тарта жүруге мәжбүрлеуге тиіс. Мен оларды бұл ретте қолдап, көмектесіп отырамын.

Демократиялық реформалардың айтақырда өрістемейтінін әрқашан есте ұстауға тиіспіз біз.

Небәрі 7 жылдың ішінде тоталитарлық тәртіптің қиратындысын аршып, дәл мәніндегі жаңа елдің шаңырағын көтердік.

Барлығы бізге қарсы болды. Көпшілігі бізден ештеңе шықпайды, деп бәс тікті, саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да бұлар егемен тірлікке қабілетсіз деп көкіді.

Біз еркін нарыққа бет алған бағытымызда жолымызды кесуге тырысқан әзәзілдіктің ырқына көнбедік, алда да көнбеуге бел будық. Таңдауымызды

біз түбегейлі жасадық және ешқандай дағдарыс одан бас тартқыза алмайды.

Біздің демократияға шамалы ғана мүмкіндік берді. Венгрия, Чехия, Польша, Румыния және Балтық маңы елдері сияқты мемлекеттерден айырмашылығымыз – Қазақстанда біз арқа сүйер демократиялық дәстүр ешқашан болған емес.

Айналасы 7 жылдың ішінде:

– біз инфляцияны 3000 %-дан 10 %-ға дейін азайттық;

– біз валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ете білдік;

– біз әрбір тұрғынға шаққанда шетел инвестицияларын тартудан бұрынғы шығыс бөлігі елдерінің ішінде алдыңғы қатардамыз;

– біз либералдық заңнама жасап, демократиялық бостандық енгізіп, саяси партиялардың, қозғалыстар мен үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасуына жәрдемдесе отырып, саяси және азаматтық белсенділіктің дәстүрлерін дамытуға қол жеткіздік;

– бізде барлық конфессиялар үшін дін ұстану бостандығына кепілдік берілген;

– біз тарихтағы өзінің ядролық арсеналын толық жойған бірінші мемлекет болдық;

– біз еліміздің тарихында бұрын болып көрмеген баспасөз бостандығы мен тәуелсіздігіне қол жеткіздік.

Бүгінде осының бәрі өз-өзінен белгілі сияқты. Алайда осының бәр-бәрі бізде ешқашан болмаған еді ғой. Соншалық қысқа мерзімде жүзеге асырылған алып ауқымды істерге баға бере отырып мен болашаққа зор құлшыныспен қараймын және елді реформалар мен жаңару жолы арқылы бұрынғыша бастай беруге қайратым кәміл.

Қытай тілінде дағдарысты білдіретін сөз 2 иероглифтен тұрады екен. Оның бірі қатерді бейнелесе, екіншісі сәтті мүмкіншілікті айшықтайды. Экономикалық дағдарысқа қарамастан, саяси ырықтандыруды жалғастырамыз және өз мүмкіншілігімізді жібермейміз.

Бізде сыншылар болған, бола да береді. Біздегі реформалардың барысы үшін шынымен жаны ауырып, Қазақстандағы демократияландыру қарқынын шапшаңдатуға асығып отырған Батыстағы достарымызды да түсінеміз. Алайда бүкпесіз ашығын айтайықшы. Батыс тұрпаттас демократия жасау 1 күн, 1 апта емес, тіпті ондаған жылдарды талап етеді.

Американдық саяси жүйе 223 жылды артқа салғанмен, әлі күнге дейін ұдайы жетілдіріліп келеді. Бағзы болсын, жас болсын кез келген басқа демократия үшін де осыны айтуға болады. Біз алға шапшаң жылжыдық, ал биылғы жылы реформаларымыздың қарқынын тағы да жеделдете түсеміз. Алайда біз демократияның қарыштап дамуын анархия дәуірінің алмастыруына жол бермейміз. Біз бұлтармай алға жылжитын боламыз және

сақтықпен жылжимыз. Дұрыс жолдан жалтармай, біртіндеп ілгерілейміз. Бізге саяси революцияның қажеті жоқ. Бұл ғасырдың аясында ондайларды бастан жеткілікті-ақ кешірдік. Біз өзіміз таңдап алған бағытты бағдарламалық сатылы демократияландыру деп атауға дайынбыз.

Бернард Шоу «Демократия сайлаушылары жасаған адами материалдың деңгейінен жоғары тұра алмайды» деп айтқан.

Біз бостандық, әлеуметтік бағдардағы нарық, ұлтаралық және конфессияаралық төзімділік, әлеуметтік ынтымақтастық ұстанымдарына арқа сүйейтін күшті, өміршең демократиялық қоғам құруға белді бекем байладық. Ол әсемдік пен ақылға сыйымды тұтастық астаса келіп, ұлттық дәстүрлер мен демократиялық ұстанымдар қалыптастыратын еркін қоғам.

Осындай қоғам қалыптастыруда Қазақстан өнеге болуға тиіс, өнеге болмақ та. Заңнан заңға, сайлаудан сайлауға бірте-бірте қадам басқан сайын демократия біздің топырақка сіңе береді.

Ортақ міндеттер мен ортақ талпыныстар басымызды біріктіріп, үшінші мыңжылдыққа, кәнекей, батыл қадам басып кірейік!

**НАТО-ның 50 жылдығына арналған**
**Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінің**
**пленарлық отырысында**
**«Құбылмалы әлемдегі Қазақстан» атты**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Вашингтон қаласы,
1999 жылғы 25 сәуір

**Президент мырза!**
**Бас хатшы мырза!**
**Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгінгі саммит әлемдік тәртіптің тайталасы жағдайында туған Солтүстік Атлантикалық одақтың қазіргі саясаттың да дамуындағы маңызды фактор болып келе жатқанын асқан бейнелікпен айшықтап берді.

Солтүстік Атлантикалық одақ 50 жыл бойы одақтастар қауіпсіздігін қамтамасыз етудің күрмеуі қиын мәселелерін шешуге қабілетті екенін көрсетті.

Бірақ бүгінде халықаралық қауіпсіздіктің өмірде бар жүйелері алдағыны орай қызмет етуге тиіс, әйтпесе Югославиядағыдай аса ауыр зардаптарға душар болуы мүмкін.

Югославия проблемасы әлемді соғыстан не бөліп тұрғанын бар қырынан ашып берді.

Сепаратизмнің қандай көрінісіне болсын дәйекті қарсылас бола отырып, біз Косово мәселесі Югославияның аумақтық тұтастық аясында шешілуге тиіс деп санаймыз. Сонымен бірге жаппай күш біріктіріп ондағы қантөгіс пен қиратуды тоқтату өте-мөте маңызды, сондай-ақ Югославияны әскерін Косоводан алып кетуге көндіру керек, албандықтарды қудалауды тыйып, бітімгершілік күштердің Югославиядағы азаматтық тыныштықты қалпына келтіруіне мүмкіндік беру керек.

НАТО елдері Ресеймен және басқа да елдермен Косово проблемасын бейбіт шешу жолдарын іздестіруде тығызырақ өзара іс-қимыл жасауға тиіс.

Осынау сын сағатта Біріккен Ұлттар Ұйымы Балқандағы әскери қақтығысты реттеуде шешуші рөл атқаруға тиіс. Бас хатшының БҰҰ-ның әскерге қабылдаушылар тобын басқара алатын Арнаулы елшісін тағайындайтын уақыт туды. Ол топ югослав әскерлерін Косоводан шығаруды қамтамасыз етуі шарт.

Балқандағы оқиғалардың басты сабағы халықаралық тәжірибедегі мәселені күшпен шешу сияқты жаңа үрдісті ой елегінен қайта өткізу болмақ. Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құрып, жетілдірудің аса маңызды міндеттерін шешу үшін аталған үрдістерге терең талдау жасау қажет. Аймақтық және жаһандық қауіпсіздік жүйесін жасақтатуды жеделдеткен маңызды. Қазіргі әлемнің өскелең өзара тәуелділігі жағдайында БҰҰ, НАТО, ЕҚЫҰ тәрізді беделді ұйымдардың іс-қимылын тиімді үйлестірудің қажеттілігі айқын. Келесі жүзжылдық қарсаңындағы адамзат алдында күн тәртібінде тұрған кезек күттірмес міндеттер осындай тәрізді.

Біз қауіпсіздіктің ірі проблемаларын жедел шешуге қабілетті ұйым ретінде НАТО-мен ынтымақтастықты биік бағалаймыз. Этностық қақтығыстарды болдырмау, терроризмпен, жаппай қырып-жою құралдарын тарату қаупімен, есірткі бизнесімен, халықаралық қылмыспен күрес – біздің өзара іс-қимылымыз саласының тіптен толық емес тізімі осы.

Президент Джон Кеннеди: «Кемеңгерлік үшін көрегендік керек», – деген. Әлемдік қоғамдастық Қазақстанның және тұтас алғанда Орталық Азияның тек тарихи перспективада ғана емес, сонымен бірге қазірдің өзіндегі стратегиялық маңызын пайдаланса, кемеңгерлік көрсеткен болар еді.

Ғасырлар бойы Орталық Азия әлемдік мәдениет пен сауданың түйісетін жері болды. Біздің кезімізде

де халықтар арасындағы идеялармен, күштермен өзара әрекеттену осы өңірде белсене түсті.

Қазақстанның геосаяси маңызын айтқанда, еліміздің терістігіндегі уақытша экономикалық және саяси қиындықтарды бастан кешіп отырған ұлы ел Ресеймен шекарамыздың 3 мың мильге созылып жатқанын есте ұстаған абзал. Шығыстан қуатты державаға айналған Қытаймен шекарамыз мың мильге созылып жатыр. Шекарамыздан түстікке қарай жаппай қырып-жоятын қарулардың таралуын күшейтіп діни фундаментализм мен терроризмнің алапат қойыртпағы жатыр.

Біздің өңірде қиратып-бүлдіру күштері белең алмай, тыныштық пен тұрақтылық сақталған жағдайда ғана табысқа жетуге болатынын жақсы білеміз. Балқандағы қасірет пен ғаламшардың басқа өңірлеріндегі дүрбелең алаңсыз өрлеу мен өркендетуге ешқандай кепілдік жоқ екенін қатаң ескертер сабақ сынды. Осынау аудиторияда мыналарды мәлімдесем болар еді:

Біз алда да ядролық қаруды таратпау жөніндегі өз міндеттемемізді бұлжытпай орындайтын боламыз.

Біз экстремизмге, терроризмге, діни экстремизмге қарсы батыл күресетін боламыз.

Біз халықаралық ұйымдарда, БҰҰ, ЕҚЫҰ, Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінде белсенді жұмыс істейтін боламыз.

Біз шетел инвесторларын белсене тартып, Батыс пен Шығыс рыноктарына қуат жеткізудің сенімді

баламалы көзі құбырдың тарам-тарам желісін жасай отырып, өзіміздің орасан зор энергетикалық байлығымызды одан әрі игеретін боламыз.

Біз «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы бойынша алған міндеттемемізге басы бүтін берілгенбіз.

Қазақстан өңірлік және жаһандық қауіпсіздік тұрғысынан көп нәрсеге қол жеткізді. Осы мақсатпен:

Біз қуаты жөнінен ғаламшардағы төртінші ядролық арсеналды жойып, әлемдегі ең ірі ядролық сынақ полигонын жаптық.

Біз жүзден астам түрлі этностық топтарды біртұтас ұлтқа біріктірдік.

Біз саяси партияларды нығайтып, сайлау үрдісінің баламалылығын енгізіп, мемлекеттік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын күшейтіп, әйелдерді белсенді қоғамдық және экономикалық қызметке тарту бағдарламасын жүзеге асыра отырып, азаматтық қоғам құруда едәуір ілгері бастық.

**Бас хатшы мырза!**

НАТО-ның әскери альянстан бүгін осы жиналыста өкілдері отырған 40-тан астам мемлекеттің көп сырлы, көп қырлы серіктестігіне дейінгі аса айшықты жолын қазақтың «Жалғыз жігіт би болмайды, жалғыз ағаш үй болмайды» деген мақалымен сипаттауға болады.

Зейін қойғандарыңыз үшін рахмет!

**Астана қаласына ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» құрметті атағы берілуіне байланысты**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1999 жылғы 6 тамыз

**Қымбатты достар!**

Астананың қазақстандықтарды ғана емес, өзінің қауырт өсуімен және сенімді қадамымен мойындатып, халықаралық зор беделге ие болуымен бүкіл әлемді таң қалдырып, қуанышқа бөлей отырып құлшына жоғары өрлеуі мені риясыз қуантады. Біздің жаңа елордамыз өзінің Қазақстандағы сияқты күллі Орталық Азия өңіріндегі толыққанды саяси, іскерлік, ғылыми және мәдени орталық

екенін қысқа мерзімде-ақ таныта білді. «Астана дауысы» деген түсініктің өзі бүгінде саяси категориялар тобына кірді. Бұл дауысты тыңдайды да оған иланады, ол батыл да сенімді естіледі.

Астананың 2 жылдың ішінде өз дамуында қайталанбас, қуатты, күрт ұмтылыс жасағаны соншалық, саясаткерлердің, қала құрылысы саласындағы мамандар мен жай ғана меймандарының таң-тамаша таңданысын туғыза отырып, күллі әлемдік қауымдастықтың көзіне түсті.

Осының бәрі астананы көшіру жөніндегі шешіміміздің дұрыстығын айғақтайтын ең айшықты дәлел болса керек: оның ел өмірінің бар саласына қазірдің өзінде ықпал жасап отырғаны шүбәсіз сезіледі деп ойлаймын. Қалғаны өзі жаңаша, серпінді ырғақпен өмір сүріп жатыр.

Астана тұрғындарының саны 40 мыңнан астам адамға өсті. Өткен 2 жылдың бағдарында бұрын бірнеше жылда қанша салынса, сонша тұрғын үй тұрғызылды, инфрақұрылымдар желісі ұлғайды, мәдениет пен спорттың бірегей нысандары бой көтеріп жатыр. Қалада іс жүзінде жұмыссыздық жоқ. Оның үстіне Астананы бүгінде бүкіл ел салып жатыр. Жергіліктілерді есептемегенде, Қазақстанның барлық өңірінен келген 100-ге тарта компания өз қызметін осында өрістетті. Инвестициялар тасқыны өлшеусіз өсті. Өз серіктестерімізге қаланы қалыптастыруға белсене қатысқаны үшін дән ризамыз.

Осынау игілікті өзгерістерде күллі қазақстандықтардың, ең алдымен сіздердің еңбектеріңіз бар, қымбатты астаналықтар, қаланы қайта құрудың қажеттігін жан-тәнімен, шын жүректен ұғынып, асқақ сөзден именбей айтқанда, шын мәніндегі ұланғайыр міндеттерді шешуге зор жауапкершілікпен кірісіп кеткен отандастарыма шын көңілден дән ризамын.

Астанаға берілген ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» құрметті атағы тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Азия-Тынық мұхит аймағындағы ең алғашқы атақ, мұның өзі, әрине, елорда өміріндегі орасан зор болса да тек ішкі өзгерістерді ғана мойындау емес. Адамдар өмірінің әлеуметтік жағдайы да едәуір жақсарып, кісінің іскерлік қабілеті ашылуына қолайлы негіз қаланып, экология да сауықтырылу үстінде.

Астана өзінің сенімді де қарышты қимылымен алға басып, қазақстандықтардың ынтымақ-бірлігінің нығаюына ықпал етіп отыр. Іс жүзінде мұнда жаңа руханилық, жаңа «бейбітшілік мәдениеті» орнай бастады.

Өзінің жаңа биік мәртебесі арқылы біздегі бұл болашақтың қаласы келешек мыңжылдықта Қазақстанның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру орталығына айналды.

Алып Азия-Тынық мұхит аймағының басты қаласын анықтағанда ЮНЕСКО-ның сүйенген негізгі өлшемдері осы болса керек, ал, сіздер, сол

биік мәртебеге сай екендеріңізді толық дәлелдедіңіздер.

Астана қауырт өндірістік ырғақта, әлеуметтік мәселелердің тиімді шешімін іздестіру үстінде өмір сүріп қана қоймай, өңірдің көрнекті мәдени орталығы да болып келеді. Біздің елорда кешегі күллі кеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып, ЮНЕСКО-ның жалпыға ортақ «Бейбітшілік мәдениет» мектебін ашу жөніндегі бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Ол соғыс пен зорлық-зомбылыққа, ұлттық алауыздық пен діни текетіреске қарсы ең сенімді құрал боп саналатын ұлы адамгершілік мұраттарды өмірімізге орнықтыруы тиіс деп танылған.

Астана болашаққа сеніммен қарайды. Қалалықтар елдің бас қаласының тұрғыны деген атақты мақтан тұтатынын көріп жүрмін. Өз қаласын және қандай сүйіспеншілікпен жасандырып жатыр десеңізші! Мұнда адалдық қасиетті қалай қастер тұтады десеңізші. Былайынша, бұл ұсақ көріністер. Ал біздің жаңа ғасырда, келешек мыңжылдықта Адамға, оның құқықтары мен бостандығына дәл осы құрметтен әлемдік өркениет жолы басталады.

Бүгін біздің мерекеге көптеген жастар қатысып отыр. Сондықтан мен, жас достар, сіздердің осынау игілікті де биік мұраттарды өмірлік бағдар тұтқандарыңды қалар едім.

ЮНЕСКО-ға, оның Бас директоры, біздің елдің үлкен досы Федерико Майор мырзаға елордамызда атқарылғанның бәріне жоғары баға бергені

үшін дән разылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер. Оның Астана Қазақстанның жаңаруының жарқын символы болды деген сөзі елімізде болып жатқан оң өзгерістерді дәл ашып көрсетті.

Қымбатты достар, мен сіздердің барлығыңызды Бейбітшілік қаласының жоғары атағымен құттықтаймын. Бұл атақтың бүгінде бүкіл елімізге тиесілі екеніне, мен оны Қазақстанның болашағы жайында еңбек етіп, өмір сүріп, жаңалық ашып жатқан отандастарымыздың бәрі бөлісетініне кәміл сенемін!

**Қазақстан мұнайының 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Атырау қаласы,
1999 жылғы 3 қыркүйек

**Қымбатты мұнайшылар!**
**Құрметті шетелдік серіктестер!**

Бүгін көне Каспий жеріне ұлан-асыр мереке келді. Жері байдың елі бай деп тегін айтылмаған. Бағзы-бақидан-ақ ақындар бұл өлкені жеріне ғаламат май жайылған «майлы қиян» деп жырға қосқан.

Бұдан мыңдаған жылдар бұрын-ақ атышулы Кир мен Александр Македонский «Каспий өңірінің

от шашқан тастарына» таң қалған екен. 2,5 ғасыр бұрын Әбілқайыр ханның қабылдауында болған ағылшын саудагері Гок жол-жөнекей Жем өзенінің бойынан су емес, мұнай бұрқылдап жатқан қайнарды көреді.

Көнеден жеткен мағлұматтар осындай. XX ғасырдың қарсаңы жаңалықтарын ала келді. 1899 жылы әйгілі өнертапқыш әрі өнеркәсіпші Альфред Нобель 1 қиырдағы Қарашұңғыл шатқалында бұрғы салған үңгімеден керемет мұнай фонтаны атқылапты. Осы оқиға Қазақстанның мұнай державасы атануының ғасырлық жолының бастау мезеті болған.

Елімізде көмірсутегі шикізатын өндірістік игеру 1911 жылы басталды. Бұл қарекетке жергілікті тұрғындар алғашқы күннен-ақ қосылды. Нақ осы Жем-Ембі мұнайы сахара тұрғындарын үлкен индустрия жолына бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындаEmbі шайқастағы елімізді мұнаймен нәрлендіруші болған-ды. Дұшпанды талқандау үшін аспанға көтерілген ұшақтар атақты Доссор мұнайын еш тазартусыз-ақ пайдаланған көрінеді.

Өкінішке орай, сол ардагер мұнайшылар бәрі бірдей бүгін осы залда отырған жоқ. Алайда біз Қазақстанның 100 жылдық мұнай тарихын өз қолымен және еңбегімен жазғандардың көпшілігін осы салтанатқа шақыруға тырыстық.

Балғаным Досбаева, Нәрен Имашев, Жолдасқали Досмұхаметов, Сафи Өтебаев, Халел Өзбекқалиев,

Халил Махамбетов, Зайлағы Есенов, Салтанат пен Мақаш Балғымбаевтар, Төреғали Қадыров, Таумыш Жұмағалиев, Геннадий Шевченко, Иван Кочерало, Леонид Переверденцев, Сухан Камалов, Валентин Токарев, Сүйеген Салманов, Александр Еремин, Рахмет Өтесінов, Нұрлыхан Бекбосынов, Зейнолла Бөлекбаев, Эдгар Воцалевский, Ізімберген Самжанов, Балтабек Қуандықов, Нәсіпқали Марабаев, Сәдуақас Құрманов, Мұрат Саламатов, Төлеген Хасенов және басқалардың жанқиярлық еңбегіне құрмет көрсетуді биік борышым санаймын.

Олардың көпшілігі мемлекеттік наградалармен және құрметті атақтармен марапатталды, ол туралы жарлыққа жуықта қол қойдым.

Отанымыздың мұнай байлығын игеруге сіңірген орасан зор еңбегі үшін олардың баршасына басымызды иеміз. Кен орындарын барлау, мұнай көзін бұрғылау мен оны өндірудің тың тәсілі солардың күш-жігерімен игерілді, кадрлар даярланды. Қазақстанда мұнай-газ саласы мамандарының нағыз маңдайалдылары қалыптасты. Олардың өндірістік, ұйымдастырушылық, ғылыми әлеуеті әлемнің кез келген еліндегі мұнай мектебінің абыройын асырар еді.

Әр жыл Қазақстанның мұнай аумағын кеңейте түсті. 1950–1960-шы жылдары Қазақстанның 4 ірі мұнай-газ ауданы: Оңтүстік Маңғыстау, Үстірт, Ақтөбенің Орал өңірі мен Батыс Мұғаджар өңірінің дәуірі басталды. Сол жылдары Теңге,

Тасболат, Қарамандыбас, Қамысты, Құмкөл, Алтыкөл, Таңатар, Қараарна тәрізді мұнай-газ кен орындарының тұтас шоғыры ашылып, саланың дамуында олардың зор маңызы болды. Ал 1970-ші жылдардың аяғы мен 1980-ші жылдардың басында Қазақстан мұнайы хақында айдай әлем айта бастады.

Қазақстан мұнайының тың беттері еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жазыла бастады. Мұнай отандық өнеркәсіптің маңызды саласы ғана болып қоймай, сонымен бірге мемлекеттің тәуелсіздік мәртебесінің нышанына, жарқын болашаққа деген сенімге айналды. Енді Қазақстан мұнайы Қазақстан халқының игілігіне қызмет етеді!

Елдің табиғи байлығын игеру орасан мол инвестициялар тартуды талап етеді. Каспий қайраңындағы мұнай кен орындарын игерудің жалпы күрделі шығындары 150 млрд доллар шамасында болады екен. Оның 10 млрд-қа жуығы барлау мен кен орнын бағалаудың бастапқы кезеңінде игерілуі тиіс. 1997 жылдан бері, тек 2 жылда ғана мұнай-газ кешеніне 2,7 млрд доллар тікелей инвестиция жұмсалды. Тек былтырғы жылы ғана біз оны 820 млн доллардан астам сомада алған болатынбыз.

Осыған байланысты еліміздің мұнай саласын өркендетуге елеулі инвестициялар жасап үлгерген шетелдік компаниялар айрықша құрмет сезіміне лайық.

Қазақстан жерінің байлығы көмірсутегімен ғана шектелмейді. Мыстың, қорғасынның, мырыштың,

хромның, шойынның, алюминийдің қисапсыз байлығын игеруге де орасан мол инвестициялар тарта алдық.

Шетелдік капиталды тарту көлемі бойынша Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында ғана емес, сонымен бірге бұрынғы барша Шығыс блогы елдерінің арасында да сөзсіз көшбасшылардың бірі болып табылады. Саяси тұрақтылық, нарықтық өзгерістердің бекем бағыты, демократияның дамуы Қазақстандағы оңтайлы инвестициялық ахуалды айқындап берді.

«Шеврон», «Мобил», «Бритиш газ», «Бритиш Петролеум», «Статойл», «Тоталь», «Аджип», «Шелл», «Тексако», Қытай мұнай компаниясы, «Инпекс» және басқа көптеген компаниялар Қазақстанға инвестициялар ғана әкеп қойған жоқ. Олардың қатысуымен Қазақтан дүниежүзілік мұнай рыногының ажырағысыз бөлігіне айналып келеді. Экономиканың өндеу салаларында инвестициялар өсе түсуде.

Шетел инвесторларының алуан қырлы қызметі құрметке лайық.

Үкімет өзінің міндеттемелерін нақпа-нақ атқарып, заңдардың тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, біздің әріптестеріміздің – ел инвесторларының жұмысына барынша қолдау білдіруі керек.

Сонымен бірге инвесторлар да мемлекет алдындағы өз міндеттемелерін нақпа-нақ орындауы тиіс.

Олар бізге өндірістік қана емес, сондай-ақ әлеуметтік, экологиялық проблемаларды, жергілікті

халықтың еңбекпен қамтылуы, инфрақұрылымды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру мәселелерін шешуге көмектесіп отыр.

Мысал үшін, «Шевронның» неге қол жеткізгеніне көз жіберейікші. 5 жылғы жұмыста Теңіз кен орнында мұнай өндіру 2 есе өсті. Өндіру көлемі артуының орташа қарқыны 1 жылда 40 %-дан астам болып, үстіміздегі жылы 9 млн тоннадан асуы тиіс. Компания Атырау облысында шағын және орташа бизнеске қолдау көрсету жөнінде бағдарлама жасап, жүзеге асыруға кірісті. Жаңа жұмыс орындары ашылып, қызмет көрсету рыногы толыға түсті.

«Теңізшевройлда» 3 мыңнан астам тұрақты қызметкер еңбек етеді, бұған қоса 7 мыңнан астам қазақстандық мердігерлік ұйымдарда жұмыс істейді. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларында, қайырымдылық ісінде көп шаруа тындырылды. Компания туберкулез диагностикасы және емдеу жөніндегі жылжымалы емхана сатып алып, толық қаржыландырып отыр.

«Қазақстанкаспийшельф» консорциумы бізге Каспий қайраңының қазақстандық секторы туралы орасан зор ғылыми зерттеулер қалдырды, 19 млн долларға жуық соманың жабдықтарын берді, Каспийдің экологиялық ахуалын сауықтыру бағдарламасын жүзеге асырды, жүздеген қосымша жұмыс орындарын ашты, қала мен ауылдардың инфрақұрылымын дамыту жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді.

Іс жүзінде барлық шетел инвесторлары осындай жұмыс жүргізіп отыр. Соның ішінде бізге ең 1 «жанды» мәселелерде көмек көрсетіп келеді.

«Харрикейн Құмкөл Мұнай», мәселен, Қызылорданы абаттандыру мен көріктендіру жөнінде көп іс тындырды, осындағы ірі көп салалы ауруханаңың құрылысын салып бітіруге көмектесті. «Мобил» автомай құю стансаларын салып, ОКИОК Бәутинодағы теңіз кемежайының жұмысына қолдау көрсетіп, «Бритиш газ» Батыс Қазақстан облысында денсаулық сақтау саласына қол ұшын беріп отыр.

Мұның бәрі үшін біз әріптестерімізге алғыс сезімін білдіреміз. Алайда, әділдік үшін, жасасылған келісім-шарттар толық көлемінде орындалмай отырғанын айтуға тиіспін. Меніңше, жергілікті адам ресурстарын, әсіресе, ғылыми және кадр әлеуетін әлдеқайда тиімдірек пайдалануға болар еді.

Өкінішке орай, саланы материалдық-техникалық және азық-түліктік жабдықтау бойынша тапсырыстарды қазақстандық өнеркәсіптен тыс жаққа орналастыру тәжірибесі жалғасып отыр. Ал осы кезде Атыраудың, Ақтаудың, Ақтөбенің, Оралдың көптеген зауыттары мен кәсіпорындары жұмыссыз тоқтап тұр.

Біздің өзімізге және біздің әріптестерімізге Каспий мұнайын игеруге бағытталған инвестициялар – өзіндік мақсат емес, экономиканы дамытудың және халықтың әл-ауқатын арттырудың тетігі екенін түсіну қажет.

Қазақстанның үлкен мұнайы Еуразия материгінің дәл кіндігінде, негізгі тасымал магистральдерінен алшақта жатыр. Оны тасымалдауды оңтайландыру – көптеген мемлекеттердің мүддесін қозғайтын халықаралық мәні бар мәселе.

Бүгінде Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктері шамамен 10–15 млн тонна мұнайды құрайды. Алайда барланған және әзірленіп жатқан кен орындарында өнім өндірудің артуы экспорттық мұнай құбырының қуатын жылына 50 млн тоннаға дейін жеткізуді талап етеді. Ал қайраңдағы жобаларды дамыту бүкіл экспорттық жүйенің қуатын жылына 70–120 млн тоннаға дейін ұлғайтуды қажет ететін болады.

Сондықтан да қазірдің өзінде техникалық-экономикалық негіздері талдап жасау және жүзеге асыру кезеңінде тұрған бірнеше маңызды жобалар бар. Олардың барынша болашақтысы Каспий құбыр тарту консорциумы – ҚҚК жобасы болып табылады. 2001 жылдың маусымында ҚҚК жүйесімен жеткізілген қазақстандық мұнай тиелген алғашқы танкер Новороссийск айлағынан аттанып кетуі тиіс.

Біз Самара арқылы мұнай тасымалдау мүмкіндігін кеңейтуге, Қарашығанақ газ конденсаты бойынша Ресеймен бірлесе жұмыс істеуге үміт артамыз. Мұның бәрі Ресейдің аймақтарына да, сол секілді Қазақстанға да тиімді. Біз достарымызға сәттілік тілейміз.

Алайда Қазақстанның үлкен мұнайы үшін жалғыз КҚК мүлде аздық етеді. Сондықтан да оны әлемнің түрлі аймақтарына жеткізудің баламалы жолдары да қауырт зерттелуде.

Қазақстан, біздің геосаяси жағдайымызды негізге ала отырып, Каспий мұнайын әлемдік рынокқа тасымалдау жолдарының көп нұсқалылық қағидатын жақтайтын болады.

Біз Қытай және Оңтүстік Корея бағыттарында да белсенді жұмыс жүргізудеміз. Бұл Үкіметтің тұрақты назарын талап етеді.

Талдап жасалып жатқан мұнай жобалары біз үшін тек экономикалық тұрғыда ғана мәнді емес. Қазақстанның мұнайға байланысты болашағы қоғамдағы әлеуметтік үміттің жоғары деңгейін айқындайды. Сондықтан да біз бұл үміт нақтылыққа айналу үшін бәрін де істеуге тиіспіз.

Шешілмеген мәселелер де аз емес.

Жыл басынан бері шикі мұнайдың белгіленген бағасы сенімді түрде өсе түсіп, соңғы 1,5 жылдағы барынша жоғары мәніне жетті. Алайда, саланың экспорттық әлеуеті жақсарып келе жатса, ішкі рыноктағы үрдістер алаңдаушылық туғызады. Республика жалпы өндірілген өнім көлемінің елеусіз бөлігін ғана алды. Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары жеткілікті қуатында істеген жоқ. Сатып алу сұранысы өсуіне қарай сәйкес ұсыныстың жоқтығы барлық 3 зауыттың бүкіл мұнай өнімдері түрлеріне бағаның өсуіне соқтырды.

Нарық жағдайында компаниялардың табыстылығы маңызды өлшем болып табылатыны түсінікті, оның үстіне біз былтырғы жылғы баға төмендеуінің қиын кезеңін бастан өткіздік. Дегенмен, қазіргі қалыптасқан бағаның өзі елдің ішінде де, сондай-ақ одан тыс жерлерде де жеткілікті кірістілік бере алады.

Мұндай жұмыс жүйесіне көшудің барынша тиімді ынталандырылуын Үкімет қысқа мерзімде талдап жасауы тиіс. Үкімет бұл істе тәртіп орнатуы керек. Экспорттық квоталар отандық мұнай өңдеу зауыттарына өнім беруді қамтамасыз еткен компаниялардың арасында ғана бөлінуі тиіс.

Қазір біздің өсуімізді, соның ішінде мұнай-газ саласының дамуын тежейтін проблемалар білгірлікпен және жедел шешілуі керек. Сондықтан да, келіңіздер, бүгінгі мерекені жай салтанат деп қана емес, байыпты бетбұрыстың басы деп санайық. XXI ғасырға сала жаңа технологиялармен және жаңа менеджментпен енуі тиіс.

**Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан мұнайының бүгін аталып отырған 100 жылдық мерекесі біздің алып та ұланғайыр жеріміздің иесі – Қазақстан халқының ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүниежүзілік маңызы бар осынау ғаламдық саланы дамыту ісінде қазіргі таңда еңбек етіп жүрген баршаның мейрамы.

Бүгін Қазақстан мұнайының 100 жылдық мерейтойын, менің жүректен шыққан мерекелік құттықтауымды қабыл алыңыздар. Жаңа істеріңіз бен бастамаларыңызда сіздерге табыс серік болсын! Еліміздің игілігі мен өркендеуі жолында бұдан былай да ерлік еңбек етулеріңізді шын жүректен тілеймін!

**Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің халықаралық кездесуінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
1999 жылғы 29 қыркүйек

**Қымбатты достар!**

Жаңа мыңжылдық қарсаңында, осында, ұлы Еуразия құрлығының ортасында, жаңа Қазақстанның жаңа астанасында Орталық Азияның ғылым және шығармашыл зиялыларының жарқын өкілдері. Олар – ұлт қаймағы, біздің бауырлас халықтарымыз мақтан тұтатын бетке ұстар азаматтары.

**Қымбатты достар!**

XII ғасырдағы араб тарихшысы Фахретдин Мубаракшахта Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтардың ата-бабаларына қатысты 1 тамаша сөз бар, оның ойынша олар «теңіз ұлуының қабыршағындағы інжу тәрізді, өз ұясында жатқанда оның ешбір құны жоқ, ал қабыршағынан сыртқа шыққанда ол жарқылдап құлпырып сала береді». Бүгінде біз бар әлемге ашықпыз, бірақ бұл проблема туғызбай қоймайды.

Орталық Азия аумағында мыңдаған жылдар бұрын да қуатты мемлекеттік бірлестіктер өмір сүрген. Тарихымыздың тереңдігі мен тұтастығына ешбір байыпты зерттеуші бүгінде таласа алмайды.

Осынау ұбақ-шұбақ жүзжылдықтардың ішінде ұлы мәдениеттердің гүлдеуін де, әрқилы империялардың құрамында тірлік етуді де, тоталитаризмнің қатаң қысымын да бастан кешірген Орталық Азия халықтары XX ғасырдың аяғында сапалық тұрғыдан жаңа тарихи келешекке ие болып, ашық ғаламдық қоғам жағдайындағы ұлттық тәуелсіздігін алды.

Әлемнің бұл өңірі, дүниежүзілік мәдениеттануда қашаннан пайымдалып келгендей, Шығыс пен Батыстың ұлы өркениеттерінің арасындағы көпір ғана емес. Тарихи тұрғыдан ол өзі өзінше ғаламдық жаңартудың бастау көзі болып табылады. Орталық Азия мен оның тәуелсіз мемлекеттерінің күйреп қираған мемлекеттің

кездейсоқ сыныгы немесе өзінің тарихи келешегі бар – біртұтас өңір деп қаралу-қаралмасы мына сіздер мен біздерге байланысты.

Тек қана біздің біртұтастығымыз қазіргі әлемдегі мәдени баршылықтың шарты болып табылатыны айдан анық. Тек қана кіндік азиялық ортақ мәдени ұқсастығымызды қорғау арқылы біз ортақ ұлы бабаларымызға лайықты ұрпақ бола аламыз. Тек аймақ халықтарының күш-жігерін біріктіре білгенде ғана біз әлде 1 енжар біреу немесе жат саяси һәм идеологиялық ойындардағы қолжаулық болмай, әлемдік саясат пен мәдениетте нақты тұлға боламыз.

Бізде бірлесуге алғышарттардың бәрі бар. Олардың, тарих бізге үйреткендей, қарапайым 3 ақиқатын ғана атайын.

Бірінші. Орталық Азия халықтарының бірбіріне қарым-қатынастағы таптаурын келеңсіздіктердің көптігі, өңірдегі әр халықтың мәдениетіне оқшаулай осқырына қарау – сол 1 тоталитарлық идеологияның белгісі, етек алуы ұзаққа созылғандықтан да ол бұлтартпас ақиқат тәрізді қабылданады.

Бүгінде біз 1920 және 1950 жылдардың аралығында Орталық Азия ұлттық зиялыларының сүт бетіне шығар қаймағы тегіс құртылғанын түсінеміз, өңірдің саяси және мәдени бірлігін солар жақсы сезінуші еді ғой. Олар большевиктер ұранын шын деп сеніп қалды. Өз халықтары

ақырында бостан болып, өз мемлекеттерін құрады деп сенді. Ортақ, Мұстафа Шоқай айтқандай, «қаны 1» халықтардың Түркістан Республикасы да құрылды. Бірақ арман-мақсаты орындалмады. Олар сенгіштіктерінің құрбаны болды.

Зиялылардың сол қаймағы қызыл қуғын-сүргін кезінде қырып-жойылғаннан кейін келесі ұрпақ негізгі тармағы Орталық Азияның келешек тарихи бірлігін жоққа шығару болған гуманитарлық әдістеме бойынша оқи бастады.

Бүгінде біздің мәдени мәселелердегі орнымызды дербес айқындауға мүмкіндігіміз бар. Сондықтан ұлтты елден ерекше қою сияқты дерттен аулақ болу өте-мөте маңызды. Бұл арада керемет ұстамды әдептілік керек. Тіпті шығыс мақалында, «дұрыс көре алмайсың десең, соқыр да ренжиді» демей ме. Ал тұтас халықтың ұлттық сезімі жөнінде не айтуға болады.

Екінші. Ұлтшылдықтың орасан күші баршаға белгілі. Ол арнасында әлемнің осы заманғы саяси картасын қалыптастырып жатқан қозғаушы күш болды. Демек, Орталық Азияның жас мемлекеттерінде ұлттық сананың күрт өсуі әбден заңды.

Алайда мұнда елеулі қайшылықтар болуы ықтимал. Жаңа мемлекеттердің дамуына сәйкес олардың ұлттық мүдделерінің ауқымы ұлғайып, оларды келістіру ресімі күрделене түседі. Егер бізде ұлттық мүдделерді келістіру жүйесін жасауға деген саяси ерік-жігер болмаса, сөз жоқ,

мемлекеттеріміздің ұлттық мүдделері арасында дау-дамай туады. Мұндайға жол бере алмаймыз. Орталық Азия елдерінің басшыларында ондай ерік-жігер бар. Оның мәдениет дегдарлары тарапынан көрінгені абзал.

Үшінші. Тәуелсіздік дегеніміз тарихтан мәңгілікке кешірім-рұқсат алу емес және де халықтардың мизамшуақ тыныш өміріне кепілдік те емес. Бұрынғы ұлы мемлекеттер мен ұлы өркениеттердің мұрагерлері Таяу Шығыс елдерінің су жаңа тарихы бізге айқын сабақ береді. 1948 жылдан кейін-ақ Ұлыбритания мен Францияның мандатпен басқарылған аумағындағы Таяу Шығыс елдері бірінен соң бірі тәуелсіздік жариялады. Осы тұста араб елдері арасында, 1 ғана халық тұратын елдер арасында қанды қақтығыстар белең алды. 50 жыл өтті, ал Таяу Шығыс әлі де ғаламшардың «ыстық нүктесі» болып қалып отыр. Бұл елдердің бөлшектенуі кездейсоқ емес еді. Оның ішкі де, сыртқы да себептері бар. Бұл бөлшектенуді қажет етіп отырған күштер бар. Бізге де аңғырт болуға болмайды. «Бөлшекте де билей бер» деген дүниенің өзіндей көне тәртіп Орталық Азиядағы күрделі ойындар барысында әлі талай шаң беруі кәдік.

Аймақтың болашағы этностық қырқыстың қанды қасабына айнала ма, әлде өңірлік өркениетті ынтымақтастықтың үлгісінде қалыптаса ма – мұны өңірдің саяси және мәдени дегдар тобы шешуге тиіс.

Тарихтың да, осы заманның да сабағы бар. Өкінішке орай, осы заман сабақтарының бірі – экстремизм мен терроризмнің қатері. Орталық Азия терроризмнің тәжірибе алаңы емес. Болашақ бағдарсыздықтың бастапқы дүмпуін естімес үшін қанды тым көп көрген бұл жер. Саяси терроризм – бізге XXI ғасыр дайындауы мүмкін қатердің ең сұмдығы.

Әлемнің ең құдіретті мемлекеттері ондаған жылдар бойы аракідік сәтсіз күресіп келе жатқан саяси терроризм өңірдің барлық елдерінің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін басты қатерлердің бірі болмақ. Сондықтан біздің өзіміз Тәжікстанда болған, бұл күндері Қырғызстанның оңтүстігінде өршіп тұрған оқиғаларға барынша байыпты қарауымыз керек. Саяси терроризм зардаптарының бәр-бәрін түсіндіруде Орталық Азия интеллигенциясының рөлі мейлінше зор. Өйткені қоғамның білімдар төбетобының бағдары мемлекеттің іс-әрекетіне моральдық негіздеме беріп, жалпыұлттық қолдау көрсетуге қабілетті.

Интеллигенция мен билік баррикаданың қарама-қарсы жақтарында жиірек тұрады. Ал біз Қазақстанда бұған байыпты қараймыз, тіпті бұқаралық ақпарат құралдары мен интеллигенциямыздың жеке өкілдерінің ең өткір сынына да солаймыз.

Алайда мемлекеттіліктің өмір сүруінің өзі қатердің астында болатын да жағдайлар ұшырасады. Үйіне шақырылмаған қонақ баса-көктеп

кіріп келгенде, оның өзін қалай атайтынының мәні жоқ. Оның бетін бірден қайтару керек. Әйткенмен, қайталап айтайын, істі насырға шаптырып, мұндай жағдайға жеткізбей, қиын мәселені саяси үнқатысу арқылы тындыру қажет. XX ғасырдың саяси тарихы бұл болжамды айдай ақиқатқа айналдырды.

Біз әрбір халықтың таңдауын құрметтеуге міндеттіміз. Біздің әрқайсымыз өз тәуелсіздігімізді нығайтуға тиіспіз, оған жолды бабаларымыз салып берген, ал біздің қасиетті борышымыз – соны келешек ұрпаққа тапсыру. Осы саясатқа Қазақстан қашанда адал болады. Біздің бәз біреуге деген бәз 1 аумақтық және басқа да дау-дамайымыз жоқ. Бұл тақырыпта біздің елдер арасында дау-шар жоқ және ол болуға тиіс те емес. Өйткені бұл – сенімнің арқауы. Алайда, ұлы ғұлама Әлішер Науаи айтқандай, 1 қолмен алақан шапалақтай алмайсың. Ынтымақтастыққа бәріміз де әзір болуымыз керек.

Біз интеграцияға тәуелсіздікті сақтау мен нығайтудың ең 1 маңызды шарты деп қараймыз. Сол себепті де өңірлік және жаһандық интеграция жағындамыз. Біз аймақтағы көршілеріміздің бәрімен, Ресеймен де, Қытаймен де жақсы қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймыз және өрістете түсеміз. Біз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыруды ұсынамыз және бірлестіру мен бейбітшілік сүйгіш саяси

сатты бұлжытпай жүргізетін боламыз. Және бұл саясат тиімді де.

«Шанхай бестігі» шекарадағы сенім шаралары жөніндегі Кеңестен сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру, инвестицияларды өзара көтермелеу, кіші және орта бизнесті дамыту жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру тәрізді аса маңызды бағыттар бойынша ынтымақтастықтың дербес құрылымына айналғалы тұр.

АӨСШК шақыру мәселелері бойынша сыртқы саяси ведомстволары басшыларының Алматы кездесуі Азия қауіпсіздігі жүйесінің заңдық негізін қалап берді. Ұстанымдардың бірлескен Декларациясының қабылдануы Азия елдерінің өзара қатынасындағы құндылықтардың жаңа жүйесін айқындады.

Мұның өзі – әр ұлттың егемендігі мен өзгешелігін құрметтеу. Мұның өзі – тікелей және жанама күш қолдану мен күш қолданамын деп қоқан-лоқылаудан бас тарту. Мұның өзі, даушарды бейбіт реттеу. Мұның өзі – терроризмпен бірлесіп күресу. Мұның өзі – экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық, экологиялық, ақпараттық, ғылыми және мәдени салалардағы ынтымақтастық.

Сайып келгенде, мұның өзі – адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, қорғау және қолдау. 7 жыл бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен жарияланған Қазақстан бастамасы халықаралық қолдау ғана емес, сонымен бірге нақтылы, сындарлы негіз де қалады.

Осыған орай Қазақстан Өзбекстан Президенті И. А. Каримовтің Орталық Азияны ядролық қарудан ада аймақ деп жариялау жөніндегі бастамасын толық қуаттайды.

Мен бұл маңызды бастама бүкіл кіндіказиялық қоғамдастыққа абырой әпереді деп ойлаймын. Сол себепті біздің өзара қарым-қатынастарымыз әлемнің көптеген елдері мен өңірлеріне өнеге болады деп ойлаймын.

1993 жылғы мамырда Ордабасыда XVIII ғасырдың басында ұлтты құртып жіберудің сұмдық қатері алдында қазақтардың басын біріктіре білген 3 ұлы биді ұлықтай отырып, біз халықтарымызды осынау аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің тарихи ерлігіне тағзым етуге шақырдық. Тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде бірлігінен айырылғанның тірлігінен де айырылатыны жөніндегі ұлы ақиқатты есте ұстау керек.

Онда ғой Шығыстан келген жоңғарлардың шапқыншылығына қарсы күллі бауырлас халықтардың жасақтары көтерілді.

Иә, біз біріккен кезде кез келген дұшпанға қарсы тұра алдық, біз кез келген сынақтардан аман шығып, шыңдала түстік. Мақсат бірлігі мен мүдде ортақтастығы бізді бар заманда да біріктіріп келді. Бүгін де тәуелсіздікті нығайту үшін әрі лайықты болашақ жолында халықтарымыздың топтасатын сәті туды.

Бұл үшін аз жұмыс жасалған жоқ. Соңғы жылдардың жүзінде Орталық Азия өңірі елдері

халықтар арасындағы туысқандық қатынастарды бекіте түсетін бірпара шарттар мен екі жақты келісімдер жасады. Бұл 1994 жылы қол қойылған, жаңа экономикалық қатынастардың негізін қалаған Бірыңғай экономикалық кеңістік жасау жөніндегі Шолпан-Ата шарты. Әлемде оны саясатшылар ОАО (Орталықазиялық Одақ) деп атады. 1998 жылдың наурызында оған Тәжікстан қосылды.

1997 жылдың 10 қаңтары тарихи күн болды. Сол күні Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстан арасында адамзат тарихында тың мемлекетаралық қатынастар үлгісінің негізін қалаған мәңгілік достық туралы үш жақты шартқа қол қойылды.

Сөйтіп, Орталық Азия елдерінің барынша тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастығы үшін ешқандай бөгет жасалмайтын болды. Бұл үшін қажет бүкіл құқықтық арқау жасалды.

Сондықтан да өткен 10 жылдықтар ішінде қарым-қатынастары қордаланып қалған көптеген проблемаларды шешудің тамаша мүмкіндігі туды. Бұл арада саясаткерлер мен экономистер ғана емес, туысқан халықтарымыздың зияткерлік дегдар тобы үшін жұмыс ұшан-теңіз.

### Орталық Азияның экономикалық интеграциясы – заманаңың әмір-талабы

Орталық Азия республикалары XXI ғасырға тәуелсіз мемлекеттер ретінде кіруге тиіс. Алайда бұл геосаяси және геоэкономикалық мәнде біз

біртұтас өңір бола алмаймыз дегенді білдірмейді.

Бүгінде біз өтпелі кезеңнің қиындықтарын бастан кешіріп, дамудың көптеген проблемаларымен бетпе-бет келіп отырмыз. Сөйте тұрып өз күш-қуатымызды сол баяғы 1 мақсатқа ғана шығындаймыз. Күні осы уақытқа дейін мамандандыру мен қауымдасудың қалыпты деңгейіне жеткен жоқпыз. Біздің ішкі проблемалармен әуестеніп кеткеніміз соншалық, кейде тіпті ықпалдастықтың экономикалық әлеуеті экономикалық стратегиялар мен даму жоспарлары жөнінде ойланбаймыз. Бір-бірімізбен тауарларды әлдеқайда арзан алмастыруға болатын мүмкіндік тұрғанда, әрбір елдің бәр-бәрімен өзін жеке дербес қамтудың қиын жолымен жүруінің қажеті не? Қазір біз қарыз алып біртектес зауыттар мен фабрикалар салып жатырмыз, ал ертең, тіпті бүгіннің өзінде тауар өткізу, яғни қарыздан құтылу проблемасына душар болып отырмыз.

Шығыста «Таситын ештеңең болмаса, арбаның қажеті қанша» деген мәтел бар. Тек бірлесу стратегиясы ғана ресурстарымызды үнемдей жұмсап, тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Елдеріміздің ресурс, адам және табиғат ресурстарының әлеуетін біріктіру әлемнің экономикалық картасында байсалды таралу аймағы пайда болғаны, оның өңірлік экономикалық саясатқа, тіпті басқаларға әсер ете алатыны туралы айтуға мүмкіндік туғызады.

Ал бұл әлеует бізде ұланғайыр. Өздеріңіз саралап көріңіздер. Біздің елдеріміздің жалпы аумағы 4 млн-ға жуық шаршы шақырым, біз ғаламшардағы ең ірі өңірлердің бірі болып табылamыз. Біздің өңірдің адами әлеуетін 55 млн-ға тарта кісі құрайды. Ауылшаруашылық бағыттағы ұшы-қиырсыз жер түріндегі аграрлық ресурстарымыз орасан мол, азық-түлік, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін қажет ауылшаруашылық өнімдерімен ірі жабдықтаушы ретінде әлемдік базарға шыға аламыз әрі өзімізді қамтамасыз етеміз. Қазірдің өзінде шаруа қожалықтарының жер телімдерінің жалпы көлемі 22 млн гектардан астам, ол әлі ұлғаятын да болады. Біздің өңір энергия қуатына лықып тұр. Мұнай мен газдың жиынтық резерві келесі ғасырда біз әлемдік ең ірі энергетикалық орталықтардың санатына қосылатынымыз жайында айтуға мұрсат береді.

Әрине, басты экономикалық және географиялық басымдықтардың бірі – көлік ресурсы. Дегенмен, оның пайдасын көру үшін, біз бұл арада да бірлесіп, келісіп қимылдауға міндеттіміз. Біз Тынық мұхиттан Парсы шығанағына дейінгі Трансазиялық темір жолын қалпына келтірдік, ол 2001 жылдан бастап толық қуатында жұмыс істейді. Бірақ әркім тарифтер мен баж салығын көтере отырып, өз учаскесіне ағымдағы мүдде тұрғысынан қарайтын болса, онда біз бәсекеге қабілеттілігімізді, жалпы жүк тасқынын жоғалтып, пайдадан құр алақан қаламыз.

Көлік әлеуетімізді іске асырудың негізгі векторы – Еуроазиаттық көлік дәлізі жобасы, яғни Ұлы Жібек жолының тарихи маршрутын осы заманға сай үлгілендіру. Өткен жылы біздің елдер арқылы Франкфурт пен Шанхайды жалғастырған оптикалы талшықтық кабель тартылды. Біз үшін бұл әлемдік ақпарат кеңістігіне кірудің осы заманғы құралы ғана емес, сонымен бірге трафиктен қосымша қаражат алу да.

Тек біз әлемге біртұтас ерік-жігерімізді паш еткенде ғана, аймағымыздың біртұтас даму жоспары болғанда ғана, тек әлеуетімізді іске асырарлық сауатты да шаруақорлық қатынастарға жағдай жасалғанда ғана өңірге инвестициялар ағылып, өндіріс жанданады, адамдарымыз молшылыққа кенеледі.

Ал инвестиция бүгінде Орталық Азияның әрбір еліне қажет. Бірақ бізге келген кез келген инвестор нақтылы 1 елде ғана емес, тұтас аймақта жұмыс істеуге есеп құратынын бәріміз де білеміз. Сол себепті оны бізде Бірыңғай экономикалық кеңестіктің бар-жоғы қызықтырады. Интеграцияның экономикалық деңгейі қандай? Егер 5 елдің бар аумағында еркін сауда жасауға мүмкіндік болса, қайталап айтсам, бұл дегенің 50 млн адамды қамтитын базар ғой, онда бізге ірі инвестор келеді. Біздің бәрімізге.

Инвестордың тұрақтылығы берік, саяси тәуекелі жоқ жерге баратынын бәріміз білеміз. Келісім бар жерге барады. Ал егер қымбат уақыты мен күш-жі-

герін бірнеше елді шарпитын жобаларды келісуге шығындаса, ол елдерден тіл табыса алмайтын, бағыты қарама-қайшы жергілікті бюрократияны кездестірсе, ол жалт бұрылып, ұзақ уақыт, тіпті ұшты-күйлі қарасын көрсетпей кетуі кәдік. Ең жаманы – басқаларға бұлармен байланыспа деп ақыл беруі. Сонда біз жүзеге аспаған жобалармен және ешкімге қажеті жоқ менмендікпен мұрынға қол тығып оқшау қаламыз.

Әрине, сөз тек шетел капиталы жөнінде ғана болмауға тиіс. Біз өзіміз бірлескен инвестициялық саясат жүргізуіміз керек. Алдағы жылы Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан құрған Орталық Азия даму банкі біздің аймақта 50 млн доллардан астам сомаға 25 инвестициялық жобаларды жүзеге асырмақшы. Біздің елдердің әрқайсы бірпара қаржы үнемдеуге қабілетті, бұл – бір, екінші жағынан көршінің аумағында тауар өткізетін базарын сақтауға тиіс. Ал тараптар мүддесінің ымыраласу ұстанымы арнасында ақылға салып саралап бір-бірімізге сенген жағдайда аймағымыздың су, газ, энергетика проблемаларының да шешімін табамыз.

Егер газ құбырын бөлек тартып, тұйықталған энергожелілер мен су қоймаларын жасасақ, қисапсыз көп шығынға батамыз. Оған барсақ, достық жайында сөз қозғаудың өзі күлкілі.

Қараңыздаршы, өндірісті ақылмен ойлап мамандандыру мен бірлестіру саясатында қандай мүмкіндіктер жатыр? Сапасы жақсы, бағасы

қонымды болса, бұйымдарды неліктен ең әуелі бір-бірімізден ғана сатып алмасқа! Сонда үнем де жасаймыз, жұмыс орнын да ашамыз ғой.

Біз иегіміздің астында тұрғанды көбіне ит арқасы қияннан іздейміз. Астық, ет, мақта, автомобильдер мен ұшақтар, жеміс-жидек өнімдері, цемент, шыны ыдыстар, минералдық тыңайтқыштар, т. б. міне, тұрған жоқ па!

Ал егер әр елдің мүмкіндіктері мен қажеттерін мұқият екшеп, тиісті бағдарлама жасап, оны жүзеге асыратын болсақ, елдеріміздің барлығы үшін нәтижесі таңқаларлық болар еді. Әлгі елдердің әрбір азаматы өзінің күнделікті өмірінде пайданың дәмін түйсінер еді. Сонда ақыры экологиялық апаттың бетін қайтарып, аймақтың қуатты су ресурстарын қайта қалпына келтіріп, Арал мәселесін бірлесіп шешудің мүмкіндігі туар еді.

Келе жатқан жаңа ғасырда ғаламшар жаһандық және, айта кету керек, қатаң бәсекелестік жағдайында өмір сүретін болады. Қазірдің өзінде-ақ әлемдік ауқымда іс жүзінде барлық саладағы ірі компаниялардың бірігу үрдісі өршіп барады. Біз бәз 1 өнімді өндіруде небары 3–5 трансұлттық компания және аз ғана жетекші мемлекеттер басым болатын жағдайға жақындап келеміз. Жеке дара, ең жаманы – өзара бәсекелестік жағдайында біз жаһанануға қарсы тұра аламыз ба? Әрине, жоқ. Мұны және мойындамасақ, бізді шикізат шылауы болып, әлемдік экономиканың босаға-

сында қалу қаупі төніп тұр. Әлбетте, бұл біздің өңірде ғана емес, күллі посткеңестік кеңістігінде болмақшы.

Ал егер біз ресурстарымызды, күш-жігеріміз бен саясатымызды біріктірсек, өзіміздің бірлескен шикізат, көлік, азық-түлік қуатымыз арқылы жаһандандыруға әсер етіп, жаңа экономикалық дүниеден мүлдем жаңа өнеркәсіптік тауашамызды табар едік. Бұл дегенің біздің стратегиялық, экономикалық мақсатымыз – Бірыңғай экономикалық кеңестік, біртұтас сауда-кедендік аймақ, біртұтас экономикалық стратегия қалыптастыру екенін білдіреді.

Сөз мемлекеттердің интеграциясы жайында болып отыр, ондай интеграция Батыс Еуропада қазірдің өзінде бар. Өзімнің «Тарих толқынында» атты кітабымда аталмыш проблеманы талдап, кезіндегі Еуропа елдеріне қарағанда біздің алғышарттарымыз бекемірек екен деген қорытындыға келдім. Оған мынадай факторлардың ортақтығын жатқызуға болады, атап айтқанда, сыртқы қатер, мәдени-тарихи тамыр, дін, экология проблемалары ортақ. Оның үстіне КСРО-дан бізге ортақ экономикалық, қаржылық, экологиялық және білім беру стандарттары қалды. Интеграция үшін қазірдің өзінде бізде бар мұндай алғышарттарды Еуропалық Одақ сәулетшілері тек армандай алар еді. Еуропа бірыңғай ақша да енгізді, алайда бір-де-бір мемлекет мұны егемендікті бұзу деп сана-

майды. Олар интеграцияның бүкіл Еуропаның бәсекеге қабілетін арттыра түсетінін түсінеді.

### Орталық Азияның мәдени бірлігіндегі интеллигенцияның рөлі

Біздің мемлекеттеріміздің қазіргі басшыларының еншісіне осал сыбаға тиген жоқ, мойнына тым ауыр жауапкершілік түсті. Соны сіздер сезінулеріңіз керек. Мәселе олардың елді күрделі кезеңде басқаруына тура келгенінде ғана емес. Ең бастысы, президенттердің бүгінгі жауапкершілігі стратегиялық таңдау жауапкершілігі екенінде. Дегенмен олар да бұл таңдауда әрі оны жүзеге асыруда қолынан бәрі келетін құдірет иелері емес. Бізге қолдау қажет. Бәрінен бұрын халықтың қолдауы қажет.

Сондықтан да біз өз мемлекеттеріміздің дәстүрлі түрде жұрттың ақыл-ойын билейтін шығармашылық дегдар тобына иек артамыз.

Бүгінгі таңда әр елде-ақ бізді осы бағытымыздан басқа жаққа бұрғысы келетін саясатшылар бар. Тәуелсіздікті нығайту бағытынан бұрғысы келеді олар. Жауапсыз саясатшылар демократияландыруды халықтың болашағы емес, тек қарақан басының қам-қарекетін ғана ойлау үшін туған мүмкіндік деп түсінеді. Дәл осы себепті де таңдау өздеріңізде: халықтарымызды түрлі тарихи жолдарға түсіріп жіберетіндей баяу жарылатын бомба қоясыздар ма, әлде ақпараттық төңкерістердің,

жасанды зияткерлік пен гендік инженерияның жаңа ғасырында Орталық Азияның мәдени даралығын сақтауға мүмкіндік беретін рухани және мәдени ықпалдастыққа алғышарттар жасайсыздар ма – еріктеріңіз.

Бұл сіздерге де алапат тарихи жауапкершілік жүктеледі деген сөз. Сондықтан да зияткер қауымның саясаткерлер қолындағы ойыншыққа айналуға құқы жоқ. Интеллигенция саясаткерлер көрмейтінді де көре білуге тиіс. Ал мәселеге байыпты қарау Орталық Азия аумағында біртұтас мәдени кеңістік құру арқылы және біздің мәдениетіміз, философиямыз, тіліміз бен еліміз әлемдік ассимиляцияға түсіп, жойылып кету қаупіне қарсы тұра алатынын көрсетеді.

Иә, бұл кездесуге Орталық Азия елдерінің президенттері – біз ынта білдірдік. Біз халықтарымыздың бір-біріне сенімі мен бауырмалдығы, достығы мәңгілік болуын шын жүректен қалаймыз. Халықтарымыздың, аймақтың әрбір адамының осылай ойлап, өмір сүргені, қарекет қылғаны маңызды-ақ. Бұл арада біздің елдердің бетке ұстар зиялылары сіздер мен әріптестеріңіз аса көрнекті рөл атқара алар еді. Сіздерге біз сенеміз.

Сөз жоқ, ғылым, мәдениет пен өнер саласында сіздермен біздің бөлісетін, өзара байысатын нәрселер баршылық, бұл арада және біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы тұлғасы ретінде көрсете аламыз. Өнер, әдебиет, білім беру, денсаулық сақтау, баспасөз, радио,

кино мен теледидар, туризм, спорт саласындағы алмасуларды ұлғайта түсу лəзім. Шығармашылық өтілімдер өткізу, мамандар алмасу, өнер ұжымдарының Орталық Азия аймағының қалаларына халықаралық гастрольдік сапары сияқты шараларды ұйымдастырып, халықаралық фестивальдар өткізу – ұлттық өнердің осы заманғы және классикалық үлгілерін насихаттаудың жақсы түрлерінің бірі.

Туысқан халықтардың ғылым, әдебиет пен өнер саласындағы жетістіктерін зерделеу үшін Орталық Азияның аса көрнекті қайраткерлеріне мемлекеттеріміздің басшылары беретін гранттар жүйесін неге тәжірибеге енгізбейміз? Мәселен, қазақ ғалымы жыл бойы Өзбекстанда немесе Тәжікстанда тұрып, әріптестерімен бірге жергілікті материалдарды зерттеп, конференциялар өткізсе, жоғары оқу орындарында сөйлесе несі бар? Мұның өзі тәжірибелік тұрғыдан ғалымдарымыз бен жазушыларымыздың рухани өзара баюына жәрдемдесіп, мәдени интеграция тұрғысынан баршамызға жақсы қызмет көрсеткен болар еді. Әзір біз бір-бірімізге томаға-тұйықпыз.

Бүгінде өз халықтарымыздың ұлы қайраткерлері: қырғыз Қалығұл, тәжік Садриддин Айни, түрікмен Мақтымқұлы, өзбек Мұқыми, қарақалпақ Бердақ, қазақ Абайды толық мәнінде бағалауға мүмкіндік алдық. Жоғарыдағы тізімді жалғастыра түсуге де болады.

Қол жеткізгендерді сақтап қана қоймай, жаңа есімдерді қолдап, көтермелеп отыру керек. Ғылым мен мәдениет саласындағы аса көрнекті табыстар үшін Орталық Азия президенттерінің сыйлығын неге белгілемеске? Бұл ұсыныс назар аударуға тұрады ғой деп ойлаймын.

Егер сіздер қолдасаңыздар, мұны президент-әріптестерімнің қарауына ұсынамын. Менің ойымша, сыйлыққа біздің барлық халықтарымыздың игілігі болып табылатын Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін берген абзал. Сыйлықтың қоғамдық мәртебесі жоғары, материалдық мөлшері қомақты болуға тиіс. Мысалы, ғылым мен мәдениет саласында 100 мың доллармық 2 сыйлық белгіленіп, 2 жылда 1 рет беріліп, оны мемлекет басшылары тапсырса деймін.

Ғылыми ізденісті интернационалдыру – уақыт талабы. Оның өзі ғылыми-техникалық проблемалар ауқымының ұдайы өсуінен, ғылыми-техникалық шешім талап еткен міндеттердің күрделене түсуінен туып отыр.

Бүгін таңда әлемнің бірде-бір елінің ғылыми ізденістің бар майданында зерттеу жүргізуге шамасы келмейді, себебі ғылым саласы қаржылық, материалдық және адами ресурстарды барған сайын көбірек талап ете бастады.

Ұсынылған бағыттардың іс жүзінде жасақталуы үшін мемлекетаралық ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыруға болады.

Басты міндеті өңіріміздің ең маңызды экономикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу болатын Орталық Азия институтын ұйымдастырған дұрыс деп санаймын.

Атақты Абдус Салам атындағы Теориялық физика жөніндегі халықаралық орталықтың орталықазиялық филиалын ұйымдастыру жайындағы ЮНЕСКО-ның бастамасына оралған абзал. Ол 1990-шы жылдардың экономикалық қиындықтарына байланысты уақытша жүзеге аспай қалды ғой.

ЖОО-аралық үнқатысуды жандандыру шарт. Істің практикалық жағы туралы айтудың қажеті жоқ, ұсыныстарды, мамандар, сіздер берулеріңіз керек.

Ұйымдастыру тұрғысынан көмектесу жөн. Қазіргі кезеңде қалған күллі жұмысты жолға қоятын орган ретінде Орталық Азия университеттері ректорларының одағы қажет. Студенттер мен оқытушылар алмасуды ұлғайтқан жөн. Біздің жастар бірбірімен достасып, сол арқылы болашақтағы мызғымас достықтың негізін қалауы керек.

Бұл арада сондай-ақ Орталық Азия инновациялық қорын құрудың да мүмкіндігін қарастыру қажет. Оның негізгі міндеттері: инновациялық қызметті қаржы тұрғысынан қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жасақтап, жүзеге асыруға атсалысу, ғылыми-техникалық өнім нарығын қалыптастыру; техникалық орталықтар мен технопарктер құруға ықпал ету; сараптамалық, кон-

сультациялық, оқу-әдістемелік, лизингілік, инновациялық қызмет саласындағы басқа нарықтық құрылымдарды дамыту, бәсекелік негізде инновациялық бағдарламаларды мақсатты несиелеу, инновациялық қызмет тұлғаларының несие алуы үшін кепілдік беру.

Бірлесіп пайдалануда ғылыми-зерттеу, тәжірибе полигондары да, ақпарат жүйесі, кітапханалар мен ғылыми-техникалық инфрақұрылымның басқа нысандары болады. Бірлесіп пайдаланатын ғылыми-технологиялық нысандардың қаржыландырылуы мен пайдаланылуы шарттық негізде жүзеге асырылады.

Біз ақпарат технологияларының үстемдігіне байланысты болашаққа көз салуымыз керек, ал бұл дәл сол сала, әзір онда бәріміз үйренуші ғанамыз, бара-бара бұл сала тығыз ғылыми және мәдени ұжымдасудың алаңына айналуға тиіс. «Орталық Азия өркениеті» жобасы жайында ойлануды ұсынамын, онда тарихқа, мәдени мұраға, әдебиет жәдігерлеріне, өткен ғасырдың археологиялық іздестіру материалдарына баға берілген болар еді.

Осындай ортақ жоба идеясы барлық елдерден қолдау тауып, тікелей бірлескен мемлекеттік қаржыландыруға ие болады ғой деп ойлаймын.

Оның жүзеге асырылуы ең алдымен үнемі толығып отыратын жалпы электрондық сервер сияқты көрінеді, ол біздің әлемге кеңінен танылуымызға және шетелдердің ғалымдарымен,

мәдениеттанушыларымен кері байланысымызға мүмкіндік береді. 2001 жылы немесе одан ертерек елдеріміздің бірінің астанасында электрон тасымалшыларына арналған бұл жобаның тұсаукесерін өткізуге болар еді, ал содан соң оның арқауында «Орталық Азия өркениеті» энциклопедиясы жасалады.

Форумға қатысушылардың біздің бауырлас халықтарымызды қауіпсіздік пен өркендеудің ортақ мақсаты жолында жақындастыра түсетін тағы басқа құнды ұсыныстар жасайтынына кәміл сенемін.

Жаңа мыңжылдыққа дейін 100 күннен аз қалды. Тарих қана емес, жеке адам өмірі үшін де бұл 1 сәттік қана мезет. Біздің бүгін осында мәдениет мәселелерін талқылауға жиналып отырғанымыздың терең бейнелік мәні бар. Себебі XXI ғасыр белгілі мәнінде мәдениет ғасыры болмақ.

Тек мәселе оның 1 мезгілде әмбебап немесе көптеген мәдени тасқындардан құралған қоспа ғасыр болуында.

Біз лезде өзгеріп отырған әлемде өз бет-бейнемізді сақтап қалуға мүмкіндік беретін екінші жолды қалаймыз. Көп жағдайда бет-бейнеміздің сақталуына барын салатын адамдардың басын қосып отырған бұл форумға шын көңілмен табыс тілеймін.

**Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлауына байланысты Қазақстан халқына**

# ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
1999 жылғы 8 қазан

**Қадірменді қазақстандықтар!**

Соңғы 12 айда еліміз елеулі тарихи оқиғаларды бастан өткерді. Осы кезеңде сайлау заңнамасын өзгерту жөнінде жүргізілген жұмыс та үлкен.

1999 жылғы қазанның 10-да өткізілетін Мәжіліс пен мәслихаттардың сайлауы саяси партиялар қатарын көбейтуді көтермелеуге бағытталған біздің күш-жігеріміздің нәтижелі болғанын көрсетіп отыр. 9 партия сайлау округтері мен партиялық

тізімдер бойынша жаңа Мәжілістегі орындар үшін күресу үстінде. Ұлттық теледидар арқылы сөз алғанда, олар еліміздің болашағына деген өз көзқарастарын білдірді. Мәжіліс-тегі 671 мандаттық орыннан 559 кандидат үміткер болып отыр, орта есеппен 1 орынға 8 кандидаттан келеді. Мәслихаттардағы орындар үшін 7 мыңнан аса кандидат бақ сынауда. Бұл жексенбіде сайлау бюллетеньдерін толтырған кезде, Қазақстан азаматтарының байыпты таңдау жасауға мүмкіндігі мол.

Халықаралық демократиялық үлгілерге сай келетін сайлау жүйесін сомдау үшін біз халықаралық ұйымдармен тығыз байланысты жұмыс істедік. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы байқаушыларының толық делегациясын жібергені үшін, ал АҚШ Ұлттық демократиялық институты мен Сайлау жүйелерінің халықаралық қорының 10 қазандағы сайлауға қатысу үшін 2,5 мыңнан аса жергілікті байқаушыларды оқытқаны үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Өткен жылдың ішінде Президент, Мәжіліс, Сенат және Орталық сайлау комиссиясы сайлау жүйемізді реформалау жолында көп күш-жігер жұмсады. Бірақ біздің демократиямыз үлкен сыннан байтақ еліміздің әр облысында, әр қаласында, әр ауылы мен әр ауданында нақ осы жолы өтуге тиіс. Демократия өлшемінің қаншалықты биікке қойылары барлық деңгейдегі әкімдерге байланысты. Сіздер атқарушы органдар партия-

лар мен депутаттыққа кандидаттардың қызметіне араласпауға тиіс дейтін қағидатты қатаң ұстануға міндеттісіздер.

Қазақстан Республикасында бұрынғы уақыттағыдай біртұтас ресми саяси партия жоқ. Жексенбі күні барлық 9 партия бірдей жағдайда сайысқа түседі. Өз міндеттерін атқарған кезде әрбір үкімет қызметшісі, құқық қорғау мен қауіпсіздік органдарының әрбір қызметкері барынша бейтарап қалуға әрі барлық кандидаттар мен партиялар өкілдерінің өздерінің демократиялық құқықтарын толығымен іске асыруын қамтамасыз етуге тиіс.

Біздің әрқайсымыз өзіміздің әрекетіміз арқылы сайлау нәтижесінің Үкіметтің ықыласы мен іш тартуына емес, халықтың дауыс беруіне байланысты екенін айқын көрсетуіміз керек. Мен сіздерді дәл осы жексенбі күні демократияның нақ осы іргелі принципін еліміздің әр түкпірінде шындыққа айналдыруға шақырамын.

Сонымен қатар сіздер сайлау урналарының қолсұғылмастығын мүлтіксіз сақтауға тиіссіздер. Сіздер демократиялық үдерістің айқындығын қамтамасыз етудегі жергілікті және халықаралық байқаушылардың маңызды міндетін қастерлеулеріңіз қажет. Сіздер байқаушылардың сайлау учаскелеріне кедергісіз келуін қамтамасыз етуге міндеттісіздер. Бұл Президенттің нұсқауы, бұл заң, сіздер оны мүлтіксіз басшылыққа алуларыңыз қажет.

Президенттің бұл сөзі әр мемлекеттік қызметшінің, құқық қорғау органдарының әр қызметкерінің жадында болсын. Қазақстан халқы сайлаудың: еркін әрі ашық, айқын әрі бәсекелі, байқаулы, әрі толық есепті, әрі әділетті нәтиже беретін сайлау боларына үмітті, әрі солай болуын талап етеді.

Талап осы, оның мүлтіксіз іске асуы үшін сіздер жауаптысыздар.

Мен сіздерді бар ниетіммен 10 қазанның біздің жылнамамызға Қазақстан Республикасында көп партиялы демократия дүниеге келген күн ретінде жазылуын қамтамасыз етуге шақырамын.

**Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы,
1999 жылғы 18 қараша

**Төраға мырза!**
**Ханымдар мен мырзалар!**

ЕҚЫҰ басшылығы мен саммитке барлық қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын! Сондай-ақ Түркия Президенті мен Үкіметіне дәстүрлі қонақжайлылығы мен саммит жұмысын тамаша ұйымдастырғандары үшін ризашылығымды білдіремін.

Оны өзара түсіністік пен өркениет үнқатысуын бейнелейтін Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында тұрған елде өткізудің терең бейнелік мәні бар.

Үшінші мыңжылдық шебіне адамзат өмірдің бар саласындағы білім мен мүмкіндіктің ұланғайыр әлеуетін жинап келді. Болмыстың сапалық жаңа сипаты экономика мен саясаттың жаһандануы болды.

Жалпыеуропалық кездесулердің қорытындылары ғаламдық үдерістерге ықпал ететіні шүбәсіз және халықтарымыз бізден әлемдік дамудың жаңа үрдіс-терін дәлме-дәл көрсететін нақтылы шешімдер күтуге қақылы. Ыстамбұл саммиті XXI ғасырға бағдар ұстаған елдеріміздің жаңа ынтымақтастығының негізін қалауға тиіс.

Ұжымдық даналық бізді әлемдік ықпалдың соны салаларына бөлшектеуге тырысудан, жаңа қайшылықтар туғызудан сақтайды. Біз бұрынғы көне таптаурын түсініктерден арылып, шынайы ғаламдық серіктестіктің іргетасын қалауға тиіспіз.

Дәл осындай амалды қолдану бүгінде жаһандық тұрақтылыққа қатер төндіріп отырған ең өткір проблемаларды шешуде табысқа жеткізеді.

Мен этностық, ұлттық және діни жанжалдардың жымысқылықпен таралуын ескеріп отырмын.

Бұл қатерлі құбылыс қауіпсіздіктің жалпы нұсқасының саяси немесе әскери қырлары ғана бар екенін білдірмейді. Оның бөле-жармайтындай құрамдары әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық һәм экологиялық мәселелер болып отыр.

Бұл тезис Орталық Азия үшін айрықша көкейкесті. Ондағы шешілмеген экономикалық және экологиялық мәселелер мен кейінгі кезде шаң берген жаңа қатерлер, радикалдық-агрессияшыл идеологияның күшеюі, діни экстремизм, халықаралық терроризм, есірткілердің таралуы, бақылаусыз қару-жарақ тасқыны мен заңсыз көші-қон біздің өңірдің ғана емес, тұтас алғанда Еуразия кеңістігінің қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Дәл сол үшін де біз ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы қызметі кешенді сипат алып, барлық бағыттарды қамтитынына сенеміз.

ЕҚЫҰ басшылығының Орталық Азияға сапары, өңір елдерінде Ұйымның орталықтары ашылуы, ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылуы мен нақтылы жобалардың жасақталуы, біздіңше, ЕҚЫҰ тарапынан аймақты зерттеп-зерделеудің сапалық тұрғыдан нақты іс-қимыл мен интеграцияны тереңдетуге көшкенін айқындайды.

Қазіргі жағдайда ЕҚЫҰ әсіресе экономикалық және адами өлшемдердің қауіпсіздігі үшін салмақты тәуекелшілдікті мүмкін-қадерінше ертерек ашуға міндетті.

Біздің кәміл сенімімізше, ЕҚЫҰ-ның әмбебаптығымен еуропалық қауіпсіздік хартиялары өңірлік өзгешеліктермен барынша сіңісіп кетеді.

Біздің өңірде ЕҚЫҰ аймақта жүріп жатқан экономикалық реформаларға нақты халықаралық ықпал етудің реттегіші бола алады және болуға да тиіс. Мейлінше қатерлі проблемаларды шешудің

аймақтық амалдарын жасап, тереңдете түсуге жәрдемдеседі.

Бұл трансшекаралық су ресурстарын, энергетикалық байлықтарды орынды басқару, теңізге шығар жолы жоқ біздің аймақтың көлік-транзит әлеуетін тиімді дамыту деген сөз.

Өңірлік интеграцияны нығайту және бұл салаларда тұрақсызданудың ықтимал кәдігінен арылу ЕҚЫҰ-ның біздің аймақпен жемісті ынтымақтастығының кепілі болар еді, адами өлшем, демократиялық реформалар тәрізді басқа маңызды салалар да солай.

Демократия бойынша жинақтаған қорымыз болмаса да, оған қарамай, біз саналы түрде бұлтармас таңдауымызды жасадық.

Біз демократия мен кемелденген азаматтық қоғам жағына қарай алған бағытымыздан қайтпайтынымызды мәлімдейміз.

Бұл жолдың қиын-қыстау екенін сезінеміз, сондықтан қателіктерден де, уақытша өкіністерден де ада емеспіз. Мұны Қазақстанда жақында өткен парламент сайлауы айқын көрсетті. Ол демократиялық өсуіміздің өте маңызды белесі болды.

ЕҚЫҰ-ның тиісті институттары Орталық Азияның демократиялық дамуының қиындықтарын барынша ескерді ғой деп топшылаймын. Халықаралық институттардың, бәрінен бұрын ЕҚЫҰ-ның бағасы күдік сеппей, демократиялық үдерісті ынталандыруға тиіс. Бағадан іріктеушілік, әділдікке ала-құла қарау байқалса, ол қолайсыз.

Мұның өзі өңірде ЕҚЫҰ-ның беделі өсуіне жәрдемдеспейді. ЕҚЫҰ-ның толық құқылы мүше мемлекеті ретіндегі бізге деген сенім арқылы ғана білек қосып табысқа жете аламыз.

Біздің адами өлшем саласындағы ЕҚЫҰ стандарттарын орындауға деген амалымыз «жоғарыда» әсіресе сырттан әншейін ғана мәжбүрлеу емес, қоғамға ұзақ мерзімді ықпалдың қажеттігі арқылы қабылданады.

Ежелгі грек демократиясының негізін қалаушылар айтқандай, «жақсылықты күштеп жасамайды».

Ең сұмдық режимдер халықты жарқын болашаққа шойын қолмен айдап тығудан туған. Фашизм мен коммунизм шежіресі күллі адамзат үшін қасіретке айналды.

Тек Канттың демократия әлемді тәрбиелейді деген идеясын осы мағынада ғана қабылдай аламыз.

Біз демократиялық институттарды дәйекті дамытуға адамның төл кісілік сезімін, қоғамның жоғары саяси мәдениетін қалыптастыру жолымен жүріп келеміз.

**Төраға мырза!**

Еуропа мен Азияның түйіскен жеріне орналасқан Қазақстан тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген еуроазиаттық көзқарастың дамуына айрықша мән береді.

Біздің еуропалық векторымыз ЕҚЫҰ, НАТО тәрізді беделді халықаралық еуроатлантикалық құрылымдармен белсенді ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Азиялық бағытымыз болса, ол 1992 жылдың қазан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында мен ұсынған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру жөніндегі Қазақстан бастамасын 1 бастан жүзеге асыру.

Оның мәні – Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әмбебап әрі тиімді құрылымын жасауға талпыныста жатыр, Еуропадағыдай емес, мұнда бұл тетік әлі қалыптаспаған.

Үстіміздегі жылдың қыркүйегінде Азияның 16 мемлекетінің сыртқы саяси ведомстволарының басшылары Алматыда бас қосып, АӨСШК-ға мүше мемлекеттер арасындағы Өзара қарым-қатынастарды реттейтін ұстанымдар туралы декларацияға қол қойды.

Қазақстан алда да XXI ғасырда туып қалатын сын-қатерлерге барабар қайрат көрсетуге қабілетті әмбебап форум – ЕҚЫҰ-ның іс-қимылдарының ұлғаюы мен нығаюы үшін еңбек етуге бел байлайды.

**«Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты Қазақстан халқына**

# ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
1999 жылғы 15 желтоқсан

**Қадірменді отандастарым!**

Әрбір буынның өзі өмір сүрген уақытты өзекті кезең санайтыны бар. Дегенмен мыңжылдықтар межесінде ғұмыр кешуді тарих тек біздің буынның ғана маңдайына жазыпты. Бұл бүгінгі буынның басына қонған бақ қана емес, сонымен қатар оның басына түскен уайымы да, бұл бізге берілген

мүмкіндік қана емес, сонымен бірге бізге төнген қатер де. Соңғы 10 жылдың ішінде біз бастан кешкен уақиғалардың шиыршық атып тұрғандығы, күнделікті өмірдің уайым-қайғысы мен қауіп-қатерінің шыңға шыққандығы сондай, кей-кейде көне тарихтың бел-белестері де, келешектің көкжиегі де көмескіленіп кете береді. Сонда да жүріп өткен жолымызды еске алып, таяу болашаққа ой көзімен үңілетін сәттеріміз де болып тұруға тиіс. «Өзіңнің өткеніңді ұмытсаң, ол болашақта алдыңа келеді» деген ғибратты сөз бар.

## I. Тарих және тәуелсіздік

Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұлан-байтақ Еуразия даласының нақ кіндігінде көне түркілердің ұлы империясы дүниеге келді, ол империя кейін мына шеті Қытайдан басталып, ана шеті Византияға тіреліп жатқан алып кеңістікті бағындырып алған қуатты мемлекеттік бірлестіктерге айналды. Сол уақыттардан бері біздің бабаларымыз Солтүстік Еуразияның төсінде, тұрақ-мекенін ауыстырмай ғұмыр кешіп келді, қазір біз де тап сол өңірде өмір сүріп жатырмыз.

Екінші мыңжылдықтың бас жағында даламыз моңғол көшпенділерінің шапқыншылығына ұшырап, аса жойқын апатқа тап болмағанда, Қазақстанның тарихы басқаша түзілер еді. Алайда тарих болжам жасап, бал аша бергенді мойындай қоймайды, сондай-ақ ақ-қара деп қана айыра

салғанды да құп көрмейді. Монғолдардың шағын қолы жергілікті халыққа араласып, сіңісіп кетті, одан кейінгі Алтын Орданың, Ақ Орданың, Көк Орданың тарихы, шынтуайтына келгенде, түркі халықтарының тарихы болып табылады.

XV ғасырда алғашқы қазақ хандығының құрылуы халықтың тарих төсіндегі уақыт кеңістігіндегі өзіне тиісті бөлекше орынды алып тынғанын тиянақтады. Ұлы хандарымыз Керей мен Жәнібек оны саяси тұрғыдан бедерлеп берді. Ұлттық тарихымыздың соңғы 5 ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Біз өзіміздің өткендегі өмірімізге кілең 1 кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарамауымыз керек. Шұғыл өркендеп кеткен Еуропа мен дами түскен Қытай XVI–XVII ғасырлардың өзінде көшпелі халықтардың мүмкіндіктерін күрт кемітіп, олардың бойындағы күш-қуатын бір-бірін жойып жіберуге жұмсатып қойды. Қазақтар мен жоңғарлардың трагедиясы осылайша басталды. Ұлттың бойындағы қуат кернеуінің күштілігі сондай, біз сол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» да төтеп бере алдық, сөйтіп жеңіп шықтық. 1 болсақ, бізді алар жау жоқ деген қарапайым ғана, қарапайым да болса мәңгілік ақиқат ойға да сол тұста ден қойғанбыз. Елді қос өкпеден қысқан құрсаудан халықтың басын қосқан айбынды ханымыз Абылайдың сөзі мен семсері құтқарып қалатыны да сол тұста болатын. Алайда ол жеңістің қызығын

ұзақ көре алған жоқпыз. Біз тарихи тұрғыдан көштен қалып қойған халыққа айнала бастадық.

Ресей империясының құрамында болған кезіміз көшпеліліктің тарихтағы бағы баянды еместігіне көз жеткізді. Абылай ханның немересі Кенесарының қияпатты тұлғасы, тәуелсіздік үшін арпалысқан басқа да ерлердің бейнесі біздің жадымызда жатталып қалады. Бұл трагедияның түйіні ержүрек номадтардан уақыттың өзі бетін бұрып алғанында болатын.

Жиырмасыншы ғасырдың бас жағында біздің сан ғасырлық тарихымызда тұңғыш рет халықты әлемдік айдынға алып шығуға нақты мүмкіндік туды. Ол мүмкіндікті туғызғандар «Алаштың» ардақты азаматтары еді. Алайда енді басқа трагедия – тоталитаризм трагедиясы алдан шығып, тарихымыздың 100 жылға жуық белесін жапты да тастады. Тікелей немесе жанама шығындардың кесірінен тек қазақтардың өзі айналасы бірнеше жылда халықтың 40 %-дайынан айырылып шыға келді. Ондаған млн орыстар, украиндықтар, еврейлер опат болды... Тоталитаризм ұлтқа қарап жатпайды. Этностың басына түскен осынау ақырзаманда ешқандай ұлттың кінәсі жоқ екенін, мұның өзі сол жүйенің табиғатынан туындағанын түсінетін шақ жетті. Ол жүйе тіпті тұяқ серпитін сәтінде де Алматының алаңында жігіттер мен қыздардың қанына қол батырып қалудан шімірікпеген жоқ...

Ұзақ жылдар бойы халықтың бойындағы қуат дамуға емес, өлместің күнін кешуге жұмсалып жатты. Біз жаңа жүзжылдықтың табалдырығына қилы-қилы мұраны арқалап жеттік, сонымен бірге ұлттық тарихта бізге дейін ешқандай ұрпақтың қолына тимеген мүмкіндікті де ала келдік. Қияметті де қияпатты соңғы онжылдықта бұған дейінгі жүздеген ұрпақтардың қолы жетпегенге қол жеткіздік: тәуелсіз мемлекет құра алдық. Бізді ешқандай тарих желі жер бетінен жойып жібермейтіндігінің басты кепілі міне осы.

## II. XXI ғасырдың салар сынағы

Қатып-семіп қалған уақыттың құшағына қайта түспес үшін біз нақтылы ойлай білуіміз керек. XXI-інші ғасырдағы Қазақстан – әлемдік экономикалық және саяси кеңістіктің 1 бөлігі.

Әлемнің басқа аймақтарындағы дағдарыс Қазақстанды да шарпып, шалдықтыра кеткен шақта біздің бәріміз де жаһанданудың салмақ салдарын сезіне алдық. Әлемнің бағыт-бағдары ұлттардың да бағыт-бағдары болып барады. Бүгінгі оқшауланушылық саясаты, әсіресе, Қазақстан үшін жеңіліспен тең. Ұлт пен мемлекеттің аман қалуының жалғыз жолы – экономиканы ашық ұстау, әлемдегі қуатты экономикалық аймақтармен ықпалдаса араласып-құраласу.

Айрықша жолды ойлап табуға тырысушылық экономикада ғана емес, саясатта да жарға жықпай

қоймайды. Қазақстан әлемдік үрдістерге қарсы тұра алмақ емес. Ашық қоғамды демократиясыз құруға болмайды. Бұл сапарда кідірістер де кездеседі, алайда, қандай саяси қажеттілік талап етсе де, Қазақстанда кері шегінуге жол жоқ. Монархтардың, бас хатшылардың немесе президенттердің белден баса беретіні келмеске кетті.

Алайда осынау міндеттердің бәрінің үдесінен шығу елдің қауіпсіздігіне келіп тіреледі. Сонан да XXI-інші ғасыр біздің алдымызға ауыр сынақ тосқалы тұр. Екінші дүниежүзілік соғыс-тан бері әлемде кем қойғанда 170 рет соғыс өрті тұтанды. Қазір де 4 құрлықта 24 жерде соғыс сипатындағы қақтығыс орын алып отыр.

Көршілес жатқан елдердегі қарулы қақтығыстар және олардың Қазақстанға ауысу қауіпінің бар екендігі – таяудағы жылдарда біздің қауіпсіздігімізге салынар басты сын-қатер. Бұл – құр теория емес, нақты қатер. Бұл қатер босқындардың баса-көктеп еніп кетуінің де, Қазақстанды қарулы қақтығыстарға ұрындыру мақсатымен жасалатын арандатушылықтан да, ел аумағында террорлық әрекеттер жасаудан да, шекарадағы жағдайды ушықтырудан да көрініс табуы мүмкін.

Жаңа ғасырдың басында саяси және діни экстремизмнің кеңінен таралуының қаупі де мұнан кем емес. Экстремизмнің неше атасы – өтіп бара жатқан ғасырдың қорқынышты «жаңалығы», оны ойда-жоқта шыға келген сұмдық деп қарауға бол-

майды. Оның бастау-бұлағы, себеп-салдары бар. Тек күш көрсетумен бұл мәселені шеше алмайсың. Күш көрсету күш көрсетуді туғызатыны тағы бар.

Қазақстан есірткі тоқтаусыз тасымалданатын белдеуде жатыр. Орналасқан жеріне байланысты Қазақстан есірткі бизнесінің халықаралық құрылымдарының мүддесі үйлескен аймаққа айналған. Бұл мәселенің географиялық, экономикалық тұрғыдан қарағандағы өлшемдерінің маңыздылығын ескерумен қатар, есірткіге салынушылық пен есірткі бизнесімен күресті қазақстандықтардың өздерінің қолдауынсыз жүргізуге болмайтынын да түсінуге тиіспіз. Проблеманың ауқымын мемлекет қана емес, тұтастай алғанда қоғамның өзі де шамалауға міндетті.

Өкімет билігін Конституцияға жат әдістермен тартып алуға шақыратын күштердің қимылын қырағылықпен қадағалап отыруға тиіспіз. Иә, бәлкім, біз қателіктер жіберетін де шығармыз. Біздің уақытымызға әділ бағаны тек болашақтың тарихшылары ғана бере алады. Алайда осындай өтпелі кезеңдердің бірінде айтылған «тозаққа барар жолдың да ізгі ниетпен төселуі мүмкін» деген ақиқат сөз де бар. Мемлекеттің айналасындағы жағдай қазіргідей өте нәзік те тұрлаусыз күйде тұрған кезде іштен іріп жату дегеніңіз дәл тозаққа барар жол болады да шығады. Осыны түсінгісі келген адам көршілеріміздің қайғылы халіне көз салса жетіп жатыр. Немесе өткенімізге көз жіберсін – ұлттың басы бірікпеген кездеріне

мысал жетіп артылады. Мұндай қателіктерді біз қайталамақ емеспіз. Өзінің мемлекеттілігіне қол жеткізген халықтың тағдырын ешкімнің де, мейлі олар қандай ұранды бетперде етіп ұстаса да, тәлкегіне түсіріп қоя алмаймыз.

### III. Ауытқымалы дүниедегі қауіпсіздік

Ғасыр соңында қауіпсіздіктің бүкіл халықаралық жүйесінің тас-талқаны шығуға шақ қалды. Соғыста жеңіп шығу бейбітшілікке қол жеткізуден жеңілірек деседі. Ұлттық егемендіктің мызғымастығы қағидаттарына арқа сүйейтін халықаралық құқыққа негізделіп құрылған бейбітшілік «сыр бере» бастады.

Таяудағы тарихтың «адамды адастырып жіберетін сипаты» бізді өзіміздің қауіпсіздігіміздің мәселесіне айрықша ықылас қоюға мәжбүр етеді.

Тәуелсіздік алғалы бергі Ресей біз үшін көп көршінің бірі емес. Мына қарапайым жайды – алдағы ғасырда Ресеймен серіктестік қарым-қатынастарымыз біздің еліміздің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін міндетті шарттардың бірі болатынын – түсінетін, мойындайтын шақ жетті.

Өзінің мыңжылдық тарихында Қазақстан тұңғыш рет Қытаймен заңды түрде бекітілген шекараға ие болды. Ол шекара достық шекарасына айналды. Қытаймен тұрақты қарым-қатынас жасаудың Қазақстан үшін мән-маңызы ерекше. Осынау ұлы мемлекетпен қатынастарымызды

«Шанхай бестігі» шеңберінде нығайта түсу планетаның осы бөлігіндегі аймақтық қауіпсіздік негізі болмақ.

Қазірдің өзінде Қазақстандағы инвестицияның үштен бірі Америка Құрама Штаттарына тиесілі, Американың экономикасы мен саясатының Қазақстанға қатысын кеңейте түсу, демократиясы дамыған елдермен сан салалы байланыс жасау да біздің ұлттық қауіпсіздігіміздің іргелі мәселесі.

Орталық Азияның екінші мыңжылдықтағы тарихы құрлықтың орталығында орналасқан, әлемдік коммуникация жүйесіне шыға алмайтын халықтардың болашағы болмайтынын көрсетіп берді. Орталық Азиядағы барлық халықтардың тарихы, егер жекелеген жайларды алып тастар болсақ, біз әлемдік маңызы бар транспорт арнасы бола аламыз ба, әлде тағы да жолдың 1 жиегінде қалып қоямыз ба деген басты мәселенің қалай шешілетініне байланысты. Расында да, «әміршілер келеді, кетеді, ал халықтар қала береді».

Жаңа ғасырдың табалдырығында тұрғанда Орталық Азия мемлекеттерінің саяси ұмтылысы мәселесінен гөрі, қауіп-қатерін де, мүмкіндіктерін де ішіне бүгіп жатқан мына әлемде ел болып қалудың стратегиясы мәселесі әлдеқайда маңызды. Орталық Азия халықтарының бір-біріне сенімі мен өзара жақындаса түсуі біздің ортақ қауіпсіздігіміздің мүддесіне сай келеді.

Тағдырға мойынсұнған өмірден құл күйінде өтеді деген сөз бар. Тағдырымыз қаншама күрделі күйде қалыптасса да, белсене әрекет етпейінше, болашағымыздың баянды болмайтынын біз білеміз. Бұл арада әңгіме игі жемісін қазірдің өзінде көріп отырған біздің дипломатиямыздың белсенділігі жөнінде ғана емес. Біз ұлттық қауіпсіздіктің стратегиясын бекітіп алдық. 2000 жылдың басында жаңа әскери доктрина қабылданбақ, онда әскерді жеткілікті деңгейде қаржыландыру көзделетін болады. Ел басшылығы артық шу шығарып, дабыра жасамай-ақ саяси және діни экстремизмнің жолын кесудің нақты шараларын жүзеге асырды. Бұл бізге жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығына аспай-саспай қадам басуға мүмкіндік жасайды. Жер көлемі жағынан әлемдегі тоғызыншы ел болып табылатын Қазақстанның шекаралары, қандай экономикалық қиындықтарға да қарамастан, таяудағы жылдардың өзінде сенімді түрде бекітілетін болады.

Дүниеде 2 дүлей күш бар, оның бірі – уақыт, енді бірі – жағдаят деген сөздің осыдан 2 ғасырдан бұрын айтылып жүргені тегін емес. Алда тұрған уақыт біздің тарихымыздағы онша оңай уақыт емес, жағдаят жақсы боп кетер деп үміт етудің де жөні жоқ.

Уақыт деген зымиян, айтпай-ақ жетіп келеді. XXI-інші ғасыр табалдырыққа тақап қалды деу аз, ол ғасыр біздің тереземізді тықылдатып тұр. Біз

жаңа ғасырға өзімізді өзіміз алдарқатпай, бірақ сонда да барша қазақстандықтардың жағдайының тұрақтылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі деген сеніммен қадам басқалы отырмыз.

Өткен тарихымыз бізге талай-талай ащы тағылым қалдырды. Халық өзекті өртер өкінішті сәттерді бастан кешудей кешті. Ал бүгін қазақстандықтар өз тағдырына өздері ие болып отыр. Жаңа ғасыр келіп қалды. Мен бұл ғасыр Қазақстанның тарихындағы ең ғажап ғасыр болады деп сенемін. Бұл ғасыр біздің тарихымызға жасампаз іске толы, бейбіт өткен ғасыр болып енеді деп сенемін.

## I Еуразия экономикалық саммитінде

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2000 жылғы 26 сәуір

**Құрметті мемлекет пен үкімет басшылары!**
**Қадірлі қонақтар! Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан топырағында, ару қаламыз Алматыда сіздермен шын жүректен сәлемдесуге рұқсат етіңіздер!

Осында қатысып отырған мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына, үкімет делегацияларының жетекшілеріне, іскерлік топтар мен қалың жұртшылық өкілдеріне осынау іс-шараға қатысуға

уақыт пен мүмкіндік тапқандары үшін риясыз көңілмен рахмет айтамын.

Бұл іс-шараға деген ықыластың тым жоғары болуын атап өтудің өзі маған 1 ғанибет.

Бұған қатысу үшін әлемнің 37 елінен 500 өтініш түсті. Бұқаралық ақпарат құралдарының 200-ден астам өкілдері тіркелді.

Бұдан 10 жыл бұрын Орталық Азия мен Кавказ елдерінің алдында, күллі ТМД мемлекеттерінің алдында қиын міндеттер тұрды, ол – тәуелсіз мемлекеттілігіміз бен егемендігіміздің кепілдігін жасау еді.

Басқа да жаңа мемлекеттер сияқты, Қазақстанға да тоталитарлық идеологияны қиратудың, нарықтық экономика қалыптастырудың, қатаң шектеу қыспағында демократиялық институттар құрудың қиындықтарын бастан кешіруге тура келді.

1990-шы жылдардың өн бойында біздің ортақ мақсатымыз экономикалық өрлеу мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін жаңа экономикалық және саяси институттар құру болды.

Жаһандану дәуірінің мына келген жаңа онжылдығы күн тәртібіне тың тұрпатты тың міндеттер қояды.

Біз жалпыәлемдік жүйенің өзара тәуелділігіне 1 мезгілде жәрдемдесе отырып, өзіміздің ұлттық тәуелсіздігімізді нығайтуымыз керек. Біз өзімізбен көрші мемлекеттерге бөгет жасамай, қайта

бір-бірімізге көмектесе отырып, ұлттық экономикамыздың өсуін барынша көтермелегеніміз абзал.

Біз бірлесіп өңірлік ынтымақтастық тетіктерін қатар дамыта отырып, өзіміздің төл, меншікті саяси институттарымызды құрып алуымыз керек.

Өткен жолымызды шола отырып, біз орасан зор қиындықтарға қарамай, барлығымыз бірге және әрбір ел жеке-жеке керемет табыстарға әлден-ақ жеткенімізді көргенде мерейіміз тасиды. Тарихшылардың өткен 9 жылды бұл өңірдегі ғаламат қайта жаңғыру кезеңі атайтынына сенімдімін.

Жолымыз оңай болған жоқ, алда да қыруар кедергілерді серпіп тастауымызға тура келеді.

Орталық Азия бағзыдан бері Шығыс пен Батыс аралығындағы жолдардың түйіскен тұсы, Еуропа мен Азия, христиандық пен мұсылмандық астасқан, құрлықтар жай ғана тоғысып қоймай, мәдени құндылықтар, идеялар, байлықтар мен бұйымдар алмасып жататын жер деп саналған.

Дәстүрлі шекаралар мен кедергілер су жаңа шындық – қазіргі коммуникациялар жемісіне, жаңа техникаға орын босатқан жаһандық интеграция дәуірінде геосаяси жағдай біздің басты игілігіміз деуге болады.

Таяу болашақта бізді баяғыдан байланыстырған Ұлы Жібек жолын әлемнің барлық елдерін бұрынғыдан бетер тоқайластырар бас желіге айналдыруға тиістіміз.

Ұлы Жібек жолының 1 нұсқасы – Еуроазиаттық көлік дәлізі, Кавказ бен Орталық Азия елдері арқылы өтетін бұл желі белгілі 1 нәтижелер беріп те үлгерді.

Картадағы біздің стратегиялық орнымыз, табиғаттың өзі сыйлаған ұшан-теңіз байлығымыз салмағымызды бұрынғыдан да арттыра түседі. Әйткенмен әлемдегі қазіргідей жағдайда жалғыз ғана табиғи ресурстарға арқа сүйеуге болмайды.

Қанша ұшы-қиырсыз болғанымен олар да сарқылады, сондықтан оларды капитал тарту және кадрлар даярлау үшін ақылмен екшеп жұмсауға міндеттіміз, сол арқылы өндірісті өркендету мен осы заманғы халық шаруашылығының техникалық базасын жасауға негіз қалауымыз керек.

Тәуелсіздікке таяуда қол жеткізген біздің елдеріміз іштей қысым мен сырттай ықпалдық қандайлық қауіпті екенін жақсы түсінеді.

Ғаламшардың басқа аудандарымен салыстырғанда, біздің жерді мекендеп жатқан жүздеген ұлыстар мен халықтар жуық мәнде тұрақты жағдайда тыныш тұрып жатыр, солай өмір сүре де береді. Әлемнің талай аймағын азапқа түсіріп жатқан ұлтаралық алалықтың ұшқынын өшіріп отыру әйтеуір ұдайы біздің қолымыздан келді.

Біз бұндай проблеманы одан әрі де болдырмау, ұлтаралық жарасым дәстүрлерін қалыптастыру, ынтымақтастықты дамыту үшін барынша күш-жігер саламыз.

Біз болашақ жолындағы шайқастың тағдырын армиялар емес, білім деңгейі, танкілер емес, техниканың даму деңгейі, зеңбіректер емес, компьютерлер шешетінін түсінеміз. Жаңа технологиялар әлем елдерін дамыған және дамушы деп бөлетін байлық пен кедейлік арасында тарихи қалыптасқан айырмашылықты түбірімен өзгертеді.

Біз үшін өмірлік маңыздысы – Орталық Азия елдерінің барлық көрсеткіштер бойынша, саяси, экономикалық, техникалық көрсеткіштер жағынан да тарихтың қажет жағалауынан көрінуі.

Мақсаттарымызға жету үшін бізге шетел инвестицияларының құйылуы мен дамыған елдердің техникалық көмегі керек екенін біз білеміз. Міне сондықтан да бұл конференция біздің елдеріміз бен халықтарымыз үшін соншалық зор маңызға ие болып отыр.

Орталық Азияның барлық басшылары атынан Давос форумы мен оның президенті профессор Клаус Швабқа осынау маңызды кездесуді ұйымдастырғаны үшін алғыс айтуға және аталмыш саммиттің ойдағыдай өтуі үшін демеушілік жасап, белсенді еңбек еткен жандардың бәріне ризашылық білдіруге хақым бар ғой деп сенемін.

**Қадірлі ханымдар мен мырзалар!**

Шетел инвестицияларын аймаққа мүмкін-қадерінше мол тарту мақсатымен біздің елдер бірі-

гіп және жеке-дара қабылдап жатқан шараларға пікірлеріңізді күтеміз.

Біз шетел инвесторларының сенімін нығайту үшін, атап айтқанда салық және экономикалық тетіктерді жетілдіру, бәрін қамтитын үйлесімді заңдық арқау жасау, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты одан әрі нығайту саласында қосымша қадамдарға баруымыз керек екенін де білеміз.

Инфрақұрылымдарымызды үлгілендіруге қаржы сала отырып, біз болашаққа басқа да дайындама жасауымызға тура келеді.

Жоспарларымызбен жұмыс істей отырып, өз өңірімізде болашаққа қауіп төндіретін күштер бар екенін ұмытпауымыз керек. Біз әлемдік қоғамдастықтың, БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның назарын күллі Еуразия өңірінің тұрақтылығына басты қатер болып табылатын Ауғанстандағы соғысты тоқтату жолында барынша белсенді қызмет атқаруға аударамыз.

Біз жалпы күш-жігерімізді қорлықтың барлық түрінен, терроризмтің, есірткімен сауда жасаудың, кез келген пайымдағы экстремизмнің, ұялы қылмыс пен сыбайлас жемқорлықтың жолына тосқауыл қоюға жұмсауымыз керек.

Қазір бұл қауіпті күштердің бәрі өзгеру мен даму сатысында тұрғанда, бізге білек қосып олардың ізін бағып, жүгендеудің амалдары мен тетіктерін жасақтау керек.

Орталық Азия мен Кавказда ынтымақтастық пен үдерістің келешегі зор және қазір қимылдайтын уақыт туды. Жалпы талпыныста бүгін бізді осында алып келгендей мүмкіндіктерді пайдаланып, өткеннің бұғауын шығармашылықпен батыл үзуге тиіспіз. Не алға бірге аршындаймыз, не кейінге бөлшектеніп құлдыраймыз.

Біз тиімді жұмыс істеп тұрған өңірлік тетіктер жасақтап, өңірлік келісімдер жасау жолымен ынтымақтастықты нығайтып, ұлғайта беруге тиістіміз.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының мысалына қарағанда, Еуропа қоғамдастығының өнегесі бізді бұрынғы бытыраңқылық мұрасы болашаққа деген жолымызды ұдайы жаба алмайтынына үйретті.

Ынтымақтастықтың пәрменді тетігін жасауға деген талабымыз ақиқатқа айналуы мүмкін және тиіс те.

Бүгін батылдықпен бусанып бас қосқан біз іске бұрынғыдан да белсене құлшына кірісіп, алға қарай шапшаңырақ жылжитынымызға сенімдіміз. Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттері проблемалармен бірлесе жұмыс істеуге тиісті, әйтпесе оларды біздің қай-қайсымыздың да жекедара шешуге шамамыз жетпейді.

Бәске көп нәрсе тігілді, алайда жемісі еселеп қайтар дейміз.

Біз Орталық Азия, Кавказ және Ресей Федерациясын қамтитын экономикалық ортақ кеңістікті

негізге ала отырып өңірлік интеграцияны дамытқымыз келеді.

Біз бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өнім шығаруды өрістетпекпіз.

Біз бейбітшілік пен тұрақтылық жағдайында әлемдік экономикалық жүйенің бөлінбес бөлегі болар лық ырықты экономикалық және саяси тәртібі бар кемелденген мемлекеттер құрмақпыз.

Және біздің тыныштық пен өркендеуге деген бұл талабымызды жұрт ұғатын болады деп үміттенеміз.

Каспий өңірін игеруге байланысты кешенді проблемалар айрықша әңгімелеуге тұрады. Сарапшылардың бағасына қарағанда, ондағы тек қана мұнайдың қоры ондаған млрд тоннаны құрайды.

Өңір әлемдік базарға мұнай мен газ экспорттаушылардың негізгілерінің біріне айналып келеді.

Орталық Азия, Ресей, Кавказ өңірі елдерінің мүдделері қазір осында тоқайласып тұр. Өздерінің жаһандық мүдделері тұрғысынан Еуропа, Америка Құрама Штаттары, Қытай да Каспийге көбірек көңіл аудара бастады.

Осыны ескере отырып, біздің барлығымыз бұл өңірді елдеріміз де, әлемдік қоғамдастық та ештеңе ұтпайтын тайталас торабына айналдырмас үшін Каспийді өркендетудің келісілген бағдарламасын жасауға бар күш-жігерді жұмылдыруға тиіспіз.

Шынтуайтқа келгенде, біз достық пен ынтымақтастық өңірі болуға міндеттіміз.

Маңызы мұнан кем емес бағыт Еуразия елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастық деп санаймын мен.

Еуразия құрлығының мемлекеттері тұрақтылық пайдасы үшін өз ойларын ортаға батыл салуы керек. Біз ядролық қаруды таратпау жүйесін сақтап нығайтуға және қарусыздану қозғалысына тың серпін беруге тиіспіз.

Біздің ұжымдық бітімгершілігіміздің негізі қазіргі өңірлік қауіпсіздік жүйелері – еуропалық тараптан ЕҚЫҰ, азиялық тараптан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі болуға тиіс.

Жаңа жаһандық трансеуразиялық инфрақұрылым нысандарын жасақтауға серпін беретін уақыт та келді.

Сөз біздің өңір арқылы Еуропаны Тынық мұхитпен жалғастыратын жаңа магистралдық теңіз, теміржол, автомобиль, әуе, құбыр тарту және энергетика жолдарының құрылысы жөнінде болып отыр.

Біз сіздерден мейлінше көп нәрсе үйренуге тура келетінін білеміз.

Міне, сондықтан да өз басым сіздердің біздің қалада бас қосқандарыңызға қуаныштымын, міне сондықтан да сіздердің пікірталастарыңызға асқан ынтамен ден қойғанымызға, ой-пікірлеріңіз бен

ақыл-кеңестеріңізге барынша байыпты қарағанымызға сендіргім келеді. Біз бұл форумды ұдайы жұмыс істейтін етуді және көктемгі көрікті күндерде көрікті Алматыда өткізіп тұруды ұсынамыз.

Осынау орасан зор жауапкершіліктің салмағынан әсте де кері шегінбейміз. Басқалардың тәжірибесінен үйреніп, содан сабақ алып, негізге ұстай отырып, біз төлтума мәдениетіміздің өзгеше сипатына жауап беретін өз амалдарымызды іздейтін боламыз. Алайда біз не істесек те, өзіміздің төл мақсатымыз – экономикалық және саяси жаңғыртуларға, прогресс пен бостандыққа қарай бет алған жолдан таймаймыз.

Бәлкім, бәз 1 кезде тарихшылар соншалық бай перспективалар ашқан осы сәтті, Орталық Азия көшбасшыларының іске білек сыбана кірісіп, өңірді үшінші мыңжылдықтың экономика ошағына айналдырып, баяғы даңқын қайтарып әпергенін еске алар.

**Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «Конституция – Қазақстанның тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің негізі» атты**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2000 жылғы 30 тамыз

«Біз, Қазақстан халқы...» – Конституциямызды ашатын осынау сөз орамында мемлекетті қайта түлетуге, жаңа әділетті қоғам құруға талпынған көптеген ұрпақтың тарихи сабақтастығының бар тереңдігі тоқайласқан. Мемлекет дегеніміз тек қана аумақ, азаматтардың бірлігі, билік институттары емес, сонымен бірге өз беттерінде бұдан бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген үміті ұласқан Конституция да.

Біршама қысқа мерзімнің ішінде егемен Қазақстанда 2 бірдей Негізгі заң тарих қойнауына кетті. Біріншісі бізге мұра болып кеңес заманынан қалды, 1993 жылы қабылданған екіншісі өткен мен ертеңнің арасындағы өзіндік 1 ымыра болды, оған өзге анықтама табу қиын. Оның ғұмыры қысқа болатыны әу бастан-ақ түсінікті еді. Экономикадағы, саясаттағы, адам санасындағы түбегейлі өзгерістердің тез жүзеге асқаны соншалық, жаңа Конституция қабылдаудың қажеттігі айдан айқын болды. Бұдан 200 жыл бұрын осы заманғы демократияның негіздері қаланған тұста заңдар мен конституцияларға жиі өзгерістер енгізудің жақтаушысы болмаған Т. Джефферсон: «Заңдар мен адами институттар адамның ақыл-ойындағы өрлеумен қоян-қолтық жүріп отыруға тиіс» деп жазған.

Жаңа Конституцияны әзірлеуге отандық заң ғылымының бар әлеуеті атсалысып, басқа да барлық шектес қоғамтану салаларының мамандары, сарапшы-практиктер тартылды. Сонымен қатар ластырыла басқа мемлекеттердің конституциялары зерттеліп зерделенді. Сөйтіп ақыр соңында жалпыхалықтық референдумда бұл күндері біз 5 жылдығын атап өтіп жатқан Конституция қабылданды.

Жұмыс істеп тұрған қазіргі Конституцияның ешқандай күмән-күдік туғызбайтын ашық сипатын атап өткім келеді. Референдумның алдында

жоба кеңінен талқыланды. Талқылау барысында азаматтар 30 мыңнан астам ұсыныстар енгізді.

Арнайы құрылған және мен басқарған консультациялық кеңес әрбір ұсынысты мейлінше мұқият зерделеді, 1100 түзету мәтінді жетілдіру барысында ескерілді. Азаматтардың ұсыныстарына сәйкес Конституция жобасындағы 99 баптың 55-і елеулі өзгерістерге ұшырады.

Референдумға қатысқандардың 90 %-ға жуығы, ал бұл оған қатысуға құқығы бар 7 млн-нан астам азамат жаңа Негізгі заңның қабылдануына үн қосты. Демек, оның авторы Қазақстан халқы деп толық негізде айтуға әбден болады. Қазақтың мәтелі де «Көптің аузы киелі» демей ме!

Халық іс жүзінде қолданған егеменді құқық Конституцияны қол сұғылмайтындай етіп, оған жоғары заңдық күш қана емес, рухани-адамгершілік күш те беріп, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің негізіне айналдырды.

Конституциялық құрылыстың сол кезеңінде алдымызға біз қойған міндеттер төтенше күрделі, алуан түрлі әрі өте жауапты болды. Біріншіден, жаңадан құрылған мемлекеттігімізді, мемлекеттік билік пен басқарудың бүкіл жүйесін барынша нығайту қажет еді. Екіншіден, экономиканы түбегейлі реформалаудың кезек күттірмес міндеттерін шешіп, оны тым терең дағдарыстан алып шығу керек-ті. Үшіншіден, сыртқы саясатты қалыптастыру қажет. Төртіншіден, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету шарт. Сонымен,

ақыр аяғында, өркениетті әлемде жаппай қабылданған адам құқықтары мен бостандықтарын орнықтыруға, демократиялық институттарды дамытуға байланысты міндеттердің жиынтығын шешу керек болды.

Қазір,5 жыл өткеннен кейін, біз алдымызға қойған міндеттердің бәрін орындадық деп анық айтуға болады. Бұған көп жағдайда Негізгі заңның өзі жәрдемдесті. Оны жалпы «қатқыл» деген категорияға қосуға болады, өйткені оған өзгертулер мен толықтырулар оның өзі белгілеп берген айрықша, қатаң тәртіпте ғана енгізіле алады. Бұл онда өзін ақтады, көкейкестілігін қазір де сақтап отыр. Мемлекеттік құрылыс, экономикалық үлгілерді таңдау, басымдылықтарды айқындау орайындағы пікірлердің әралуандығы тым әлемет болды. Саяси құлшыныстар да мейлінше қызу болып, оларды сындарлы арнаға түсірудің тек саясаттағы да, экономикадағы да «ойын ережелерінің» бірыңғайлығын анықтау арқылы мүмкіндігі туды.

Конституция үшін дауыс беріп Қазақстан халқы соған дейін әділ қалыптасып үлгерген басқарудың президенттік түрін түбегейлі бекітті. Бұл таңдау кездейсоқ емес еді. Оны өткен тарих пен бүгінгі ақиқаттың өзі, бәз 1 әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарға немесе биліктің түрлі тармақтарының арасындағы қайшылықтарға байланысты ешбір ауытқуға бармаған күшті де мығым билік жүйесінің қажеттігі айғақтап берді.

Басқарудың президенттік түрі аясында мемлекет басшысының мәртебесі «жағдайдан жоғары» тұруға мүмкіндік береді, сол арқылы Қазақстан жағдайында мемлекеттік билік органдарының келісілген қызметі қамтамасыз етіледі, қоғамды табысты да тағанды реформалау үшін барынша қолайлы алғышарттар жасалады. Оның үстіне күшті әлеуметтік жіктелу шаң беріп отырған алуан этносты және көпконфессиялы қоғамда тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің кепілі болуының өмірлік маңызы бар. Мұның өзі өзін тағайындаған халықтың алдындағы биліктің жауапкершілігін арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Бізге мемлекет билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлудің конституциялық күрделі міндетін шешудің сәті түсті. 1 жағынан – олардың тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ететін, екінші жағынан – өзара ұстанымдылықты сақтап, Конституция мен заңдардың белгіленген бір-бірінің құзыретін алмастыруына жол бермейтін тетік жасалды. Оған қоса биліктерді бөлу ұстанымы «бөлінген билік» сияқты ұшқарылыққа ұрынуына жол бермеу керек, себебі ол билік тармақтарының арақатынасын шиеленістіріп, қарама-қайшылық туғызар еді, тіпті биліктегі жекелеген тұлғалардың тайталасы төбе көрсетуі мүмкін. Өткен мерзім ішінде бізде үкіметтік немесе парламенттік дағдарыс болмағанын атап айтқым келеді. Биліктің тұрақтылығы реформа

жүргізудің жоспарлылығын, сатылылығын және биліктің әр тармағы саясатының сабақтастығын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде қоғамдағы саяси тұрақтылық сақталды.

Біз үшін мемлекеттік биліктің қайнар көзі Қазақстан халқы болып табылатыны дәлелдеуді талап етпейтін айдай ақиқатқа айналды, сондықтан билік өз мәнінде, іс-әрекетінің мақсаттылығында, халық мүддесіне қызмет етуде күшті де жинақы болуға тиіс. Мұның өзі әлемдік үрдістерге сай келеді.

Ең жаңа әлемдік тәжірибеде билік қатынастарын құрудың тың үлгісі барған сайын айшықтала түсуі тегін емес. Еуропа кеңесінің актілерінде жарияланған қаржымен демеу ұстанымы билікті мемлекеттік, өңірлік және жергілікті деңгейде өзара толықтыру мен өзара ауыстыруды білдіреді. Жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы мен Аймақтық басқару хартиясының жобасы, мысалы, осындай. Сондықтан өзіміздің мемлекеттік құрылысымызда біз тың тұжырымдарды бейнелейтін тетік жасауға тырыстық.

1995 жылғы Конституция экономикалық реформаларға соны серпін берді. Үкімет қызметінің заңнамалық арқауы мен заңнамалық өрісі жасалуын қамтамасыз етті, ал бұлар нарықтық қатынастардың талаптарына сәйкес келді, келе де бермек. Сөйтіп, Конституция мемлекеттік секілді, жеке меншікке де бірдей кепілдік береді. Біздің ел үшін

жерді жеке меншікке жатқызу мүмкіндіктерін конституциялық тұрғыдан бекіту айрықша маңызды.

Ешбір асырып айтпай-ақ, бүгінгі таңда біз әжептәуір жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Басты жетістіктердің ішінде макроэкономикалық тұрақтандыру, инфляцияны толық тұқырту, тиімді қаржы-кредит жүйесін жасау, жекеменшік қатынастарды тәртіпке келтіру, кезең-кезеңімен ойдағыдай өткізілген жекешелендіру бар. Инвесторлардың сенімін айрықша атап көрсетуге болады. Қазақстан бүгінгі күнде ұлттық экономикаға шетел капиталын тарту жөнінен жақсы көрсеткіштердің біріне ие болып отыр. Өнеркәсіп өндірісінің тұрлаулы өсуі басталды, ауыл шарушылығы оңалып келеді. Әлеуметтік реформа табанды да жоспарлы жүргізіліп жатыр.

Бүгінде Конституция мен заңдарымыз адамға жай ғана қызмет етіп жатқан жоқ, сонымен бірге оның шығармашылық, жасампаздық күш-қуатын еселеп, кәсіпкерлік бастамашылығын көтермелеп отыр деуге толық негіз бар.

Жаңа Конституцияда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары нақты тұжырымдалып, анық кепілдендірілген. Негізгі заңда адам құндылықтары, оның құқықтары мен бостандықтарының бекітілуі әрбір азаматты қорғауға талпынумен тиянақталады. Бұл талпыныс Қазақстан үшін әбден қисынды, себебі мұнда ерікті ұжымдастыру деп аталатын науқанның барысында

миллиондаған қазақ қырылды, әртүрлі ұлттардың ондаған мың адамдары атылды, қуғын-сүргінге ұшырады, тұтас халықтар күштеп көшірілді.

Нақтылы мүмкіндіктермен қамтамасыз етілмеген даңғаза декларациядан арылудың сәті түсті. Жұрттың бәрін және әрқайсысын «азғантай, теңестірілген» жалақымен қамтамасыз ету, жаңа нарықтық қатынастар саласында ілгері жылжу жолында бөгет болған денсаулық сақтау мен білім беруде өзін-өзі ақтамаған мемлекеттік патернализм жойылды.

Басқа сөзбен айтқанда, Конституция азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының және міндеттерінің мәні мен мазмұнын қазіргі нарықтық экономиканың ұстанымдарына сәйкес тұжырымдап берді, ал бұның өзі тұлғаның санқилы мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігін оның еңбек қызметінің барысындағы нақтылы үлесіне (нәтижесіне) байланысты қарастырады. Сонымен бірге мемлекет тегін әлеуметтік қызметтің қажетті ең аз мөлшерін кепілдендіреді.

Қазір қолданыста жүрген Негізгі заңның қабылдануына орай Қазақстанда сапалық тұрғыдан жаңа құқықтық кеңістік қалыптасты, азаматтардың өзін-өзі таныта білуі үшін қажет жағдайлардың бәрін қарастыратын құқықтық кеңістік қалыптастырды, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін кең айдын ашылды. Экономикалық еркіндік, идеологиялық және саяси саналуандық, баршаның заң алдындағы теңдігі Қазақстанның құқықтық

дамуының негізгі артықшылығы болып танылады. Сонымен бірге Конституция конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге бағытталған әрекеттерге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне қастандық жасауға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты өршітуге тыйым сала отырып, демократиялық институттарды теріс пайдалануға жол беруге болмайтынын жариялайды. Осыдан Негізгі заңның конституциялық заңдылықты, қоғамдағы тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған қорғаушылық қызметі айрықша көрінеді.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың міндетін біз Конституцияда негізі салынған қуатты әлеуметтік әлеуетті ақырына дейін іске асыруынан көреміз.

Қолданыстағы Конституция Шарль-Луи Монтескьенің биліктерді бөлу туралы доктринасына шүбәсіз емес бағдарлық сипат бере отырып жаңаша түсіндіреді. Мемлекеттің бірегей міндеттерін орындай отырып, оның органдары өзара әрекет етіп, бірін бірі толықтырып отыруы керек. Биліктің монополиялы тармақтары, олардың қатаң бөлінуі болмайды, болуға тиіс те емес, өйткені тежемелік әрі тепе-теңдік маңызын жоғалтады. Билік біртұтас, тек оның міндеттерін және жүзеге асырудағы өкілеттіктерді бөлу ғана бар.

Құрғақ пайымдаудан тыс бар жауапкершілікпен мынаны мәлімдеуге болады. Конституциямыз-

дың сыртқа «қатаң» боп көрінетіні мемлекеттік басқарудың нақпа-нақ жүйесін құруға мүмкіндік береді, демократиялық институттарға бөгет жасамай, қайта олардың дамуын көтермелейді. 1998 жылы Негізгі заңға енгізілген түзетулер де осыған бағытталған. Мұны биліктің жұмыс істеп тұрған институттарын демократияландыруға жатқызуға болады – Парламенттің өкілдігі ұлғайтылды, басшылардың кейбір категориялары, соның ішінде өңірлік басшылар да сайлап қойылатын болды, сондай-ақ саяси партиялар мен қозғалыстардың қызметін азаматтардың қоғамдық бірлестіктерінің ел өміріне белсене араласуын көздейтін қызметі туралы да осылай деу керек.

Мысал ретінде Конституцияға сәйкес қалыптасқан қос палаталы Парламентті келтіруге болады. Әлбетте, өкілетті органның құқығы шексіз емес, ол қоғамдық қатынастың барынша маңызды салаларын қамтиды. Алайда бұл қатынастардың әралуандығы соншалық, іс жүзінде қоғам мен мемлекеттің күллі өмірлік маңызы бар мәселелері заңмен реттеледі.

Жоғары өкілетті орган, биліктің барлық тармағы сияқты, өзінің құзыреті мен заң шығару үдерісінің негіздерін орнықтырып реттеп отыратын Конституцияның рухы мен әрпіне бағынады.

Заң шығару рәсімдерінің көпсатылығы мен қатаң реттелген бірізділігі жұмыс сапасының қосымша кепілі болып табылады. Парламент өзінің айқын белгіленген дәргейімен елдің саяси

жүйесін парламенттік республикаларды жиі сілкіндіріп тұратын тұрақсыздықтан арылтуға қабілетті екенін есте ұстаған абзал. Басқаша айтқанда, қазақстандық Парламент әлеуметтік тыныштық пен саяси күштер тепе-теңдігінің маңызды құралы болып отыр.

Конституцияға 1998 жылдың күзінде Парламент енгізген өзгертулер мен толықтырулар мемлекеттік билік жүйесіндегі жоғары өкілетті органның мәнділігін, рөлі мен орнын нығайта түсті. Дұрысталған конституциялық нормалар елдің заң шығарушы органы қызметінің тиімділігін, оның депутаттарының кәсібилігін көтеруге бағытталған.

Парламенттің заңшығарушылық құзыретінің көлемін айқын анықтау заң шығарушы биліктің тиімдірек қызмет атқаруы үшін алғышарт жасайды, заң шығару жұмысының пәрмеңділігі мен сапасын арттырады, оны қатаң конституциялық негізге қояды. Ал бұл өз кезегінде елдегі конституциялық заңдылық тәртібін нығайтады.

Өркениетті қоғамда Парламенттің қолында болатын ықпал мен бақылаудың ең күшті құралдары тиімді заңдар қабылдау, мемлекеттік бюджетті бекіту, Үкімет қызметінің бағдарламаларын мақұлдау немесе қабылдамау, осы бағдарлама бойынша оның Парламент алдында есеп беретіндігі, Премьер-министрді тағайындауға келісім беруі, сенімсіздік вотумын білдіру, Парламент палаталарында Үкімет мүшелерінің есебін тыңдау және

оларды босату туралы Президентке ұсыныс жасау боп табылады.

Оның үстіне негізгі кадр мәселесі, атап айтқанда, Ұлттық банк төрағасын, Бас прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын, Жоғарғы соттың төрағасы мен судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелерін, сондай-ақ Конституциялық кеңес құрамының көпшілігін Парламент пен оның палаталарының кесімді де шешімді сөзінсіз ешкім тағайындай алмайды. Демек, Қазақстан Парламентінің конституциялық өкілдігі қазіргі жағдайда тіптен қомақты.

1995 жылғы Конституцияның бұрынғыға қарағанда айырмашылығы, ол жаңа институттар мен нормалар енгізді. Сөз Парламенттің қоспалаталық құрылымын, Конституциялық кеңес құру, жұмыс істеп тұрған құқық көздерінің иерархиясын айқындау, соттардың біртұтас жүйесін жасау, биліктің сот тармағының тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың жаңа тәртібін қалыптастыру жөнінде болып отыр.

Құқықтық мемлекет қалыптастыру үрдісі бізде енді ғана күш алып келеді, сондықтан біз үшін маңызы одан кем емес міндет құқықтық, соның ішінде сот жүйесінің тиімділігін арттыру болып табылады. Одан да зоры бұл үдерістер өзара байланысты және өзара септестірілген.

Экономиканың тиімділігінсіз, жетілген құқықтық арқаусыз әділ де адал соттың болуы мүмкін емес. Өз кезегінде экономиканы тек

нарықтық құқықтық тәртіп орнатып және мемлекет аппараттарының, барлық азаматтар мен заңды тұлғалардың Конституция мен заңдарды қатаң орындауын бекітіп қана көтеруге болады.

Заңға аялай қарамай, құқық пен сотты төбеге көтермей, Қазақстанда тиімді экономика болмайды. Бұл жұмыста бәрі де: сайма-сай құқықтық база жасау, Конституцияның, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау күзетінде тұрған сотты заңдық пирамиданың биігінде ұшар бекіту, сондай-ақ тек заңға ғана бағынатын, аясында сот шешімдері бұлжытпай орындалатын, тек білікті, ақ ниетті адал қызметшілер жұмыс істейтін сапалы сот жүйесін қалыптастыру.

Құқықтық мемлекетте азаматты қорғайтын Президент те, аймақ жетекшісі – әкім де, министр де емес, сот болуы тиіс екеніне өз басым сенімдімін. Бүкіл сот және құқық қорғау жүйесі өзінің басты мақсаты – азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғауға және қамтамасыз етуге міндетті.

Конституция жұмыс істеген 5 жыл еліміздің Негізгі заңының арналы қағидаларының қисындылығын, тұрлаулылығын, нарықтық және демократиялық мәнін айқын дәлелдеп берді. Осы мерзімдегі қызметтің қорытындыларына әділ де сыни көзқарасты сақтай отырып, Конституцияда негізі қаланған орасан зор жасампаздық әлеует әлі де іске нашар қосылып отырғанын айту керек.

Өкінішке орай, көптеген мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар, соның ішінде соттар мен құқық қорғау органдары да күні осы уақытқа дейін Конституцияның мәнін айқындау үшін, ең бастысы – оның қағидаларын азаматтардың бәрі орындауы үшін қажеттінің барлығы бірдей жасалған жоқ. Ауқымды қоғамдық санада өміріміздегі Конституцияның рөлі мен орны әлі дұрыс түсіндіріліп болған жоқ. Осыған байланысты құқықтық оқу мен білім беру бірінші дәрежелі маңыз алады.

Бізде әлі құқықтық көзқамандық жойылып біткен жоқ және министрліктер мен ведомстволардан бастап өз жұмысын реформаламаған, соның салдарынан көптеген заңдар, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары зордың күшімен әрең орындалады, «Заңды білмесең, жауапкершіліктен құтыласың» деген ұстаныммен өмір сүруге үйреніп кеткен жекелеген азаматтар да соның ішінде.

Сондықтан да біздің бәріміз Конституциямызды бастан-аяқ білуге тиіспіз деп ескертуден танбаймын. Алайда ол жұртқа кең құқық пен мүмкіндік бере тұрып, азаматтық қолдау мен қорғауға ділгер.

Ең бастысы – кімде-кім болсын әрбір адамның Конституция нормаларын қатаң сақтауы. Барлығымыздың да заңдарды білуіміз өте маңызды. Ал оны орындауымыз одан да маңызды. Мұнсыз өркендеген мемлекет құруға деген күллі күш-жігеріміз босқа кетеді, ол аз болса, елде тәртіп орнату көрінеу көзге сәтсіздікке ұшырайды.

Мемлекеттік құрылыс үдерісі аялсыз, ол мемлекет өмір сүргенше жалғаса береді. Бәлкім, өмір бізден бәз 1 түзетулер, тіпті конституциялық түзетулер де енгізуді талап ететін шығар. Әйткенмен 1 нәрсе айқын – Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясы өткен 5 жылда өзінің қисынды да тиімді екенін, басты қағидаларының әлі күнге көкейкесті екенін негізінен дәлелдеді. «Қазақстан – 2030» страгетиясында атап өтілгендей, бізге қосымша күш пен сенімді қиын-қыстау кезеңде мемлекеттігімізді құрған, саяси және экономикалық реформалар жүргізген тәжірибеміз, әлем мен оның дамуын білгеніміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсіністігі берді. Саяси тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім Конституцияның рухы ақиқатқа айналатынына кәміл сенуімізге жағдай жасайды.

Елдің Негізгі заңы біз үшін биік мақсатымыз – экономикалық тұрғыдан кемелденген, әлемдік қоғамдастыққа кіріккен, өз азаматтарының игілігі мен лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекет құруға қарай ілгері басуымызды реттеп отыратын негіз боларлық құжат.

**БҰҰ-ның мыңжылдық саммитінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,
2000 жылғы 6 қыркүйек

**Құрметті Төраға мырза!**
**Құрметті Бас хатшы мырза!**
**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Жаңа мыңжылдықтың бізге жаһандық өзгерістер ғана әкеліп қоймай, адамзат тарихында бетбұрыс кезең туғанын да топшылататыны айдан анық.

Бірақ бүгінде жаңа әлемдік тәртіптің нобайын байқатып отырған жаһанданудың прогресс

құбылысына тән екені күмәнсіз, сонымен бірге оның көптеген мемлекеттер үшін келеңсіз салдарлары болуы да кәдік.

Бұл көптеген факторлардан шаң беріп отыр, солардың бастысы әлемдік қоғамдастық елдерінің көзге ұрып тұрған теңсіздігі болса керек, сірә. Мұның өзі тіпті біздің күнделікті сөз саптауымыздан да көрінеді: бай мен кедей, өркендеген және экономикалық мешеу, ресурс әлеуеті бар немесе байлығын сарқып алған, т. б. осы теңсіздіктің үдеп бара жатқанын білдірмей ме.

Егер жаһанданудың жетістіктері мен жемістерінтек жоғары дамыған елдердің ат төбеліндей азғантай тобы көретін болса, онда бұл, сөз жоқ, тайталасқа, әлеуметтік дүрбелең мен жанжалдарға соқтырады және бұл соңғы, оның алдындағы жүзжылдықта жер бетіндегі өркениет бастан кешіргеннен әлдеқайда ауыр болады. Әлем халықтары өз көшбасшылары мен БҰҰ жаһандық проблемаларды шешудің оңтайлы жолын табады деп сенеді.

Осы орайда маған БҰҰ да, ұлттық үкіметтер де өзара міндеттемелер алуға тиіс сияқты көрінеді. Біріншіден, әрбір ел ықтимал келеңсіз құбылыстарды көре біліп, оларды барынша залалсыздандыру үшін жаһандану үдерістеріндегі өз бағдарларын жауаптылықпен айқын анықтап алуы шарт. Екіншіден, басым міндеттерінің бірі ретінде өз қызметін жаңғырту аясында БҰҰ, шартты түрде

айтқанда, үлес тимей қалған барлық елдердің мүддесін барынша ескеретін жаһандану үлгісін жасақтауды өз мойнына ала алар еді. Сонымен бірге ол дамыған елдердің көпшілік тұрғындары үшін де сайма-сай болуға тиіс, өйткені олардың арасында да халықтың жік-жікке бөлінуі шүбәсіз.

Бұл үлгіде қауіпсіздіктің қазір бар жүйелерінің тиімділігін арттыру және замана талабына жауап беретін жаңаларын жасау жөнінде шаралар қарастырылуы тиіс. Жасыратыны жоқ, зор жетістіктеріне қарамастан, БҰҰ бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау міндетін ұдайы ойдағыдай атқара бермейді. Осы ретте бітімгершілік әлеуетін күшейтумен қатар БҰҰ және ең алдымен оның Қауіпсіздік кеңесіне қауіпсіздіктің аймақтық жүйелерінің мүмкіндіктерін пайдалану және олармен өзара іс-әрекеттерді жолға қою әлдеқайда келешекті іс болар еді.

Олардың ішінен ЕҚЫҰ немесе өз айшығын тауып үлгерген Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, болмаса «Шанхай бестігі» сияқты ұйымдардың көп жағдайда өте нәтижелі іс атқаратыны күмән туғызбайды.

Тұрақтылық пен қауіпсіздікті қолдау үдерістеріне белсене атсалысу аймақтардағы «гуманитарлық интервенцияның» қауіптілігі мен қиындықтарынан арылуға мүмкіндік береді. Солардың көмегімен Қауіпсіздік кеңесі қолдағанда көптеген дау-шарларды егемен мемлекеттердің ішкі

істеріне дөрекілеу түрде араласпай-ақ тындыруға болар еді.

Мұндай тәсілдердің шұғыл қажеттілігін қазіргі кезде Азияда өріс алған үдерістер-ақ айғақтайды. Ауғанстан ғаламшардың «дертті нүктелерінің» біріне айналды. Бұл елдің көп азап шеккен халқы кеңес әскерлері басып кірген 20 жылдан бері соғыстың барша сұмдығын бастан кешіріп отыр. Бұл елдегі тұрақсыздық, кедейшілік оның аумағын Орталық Азияда ғана емес, бүкіл әлем бойынша экстремизм, халықаралық терроризм таралатын алаңға айналдырды. Ауғанстанда жыл сайын 3 мың тонна шикі апиын өндіріліп, сосын өңделген түрде Еуропа мен АҚШ-қа жеткізіледі.

Жақында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан басшылары Ресеймен бірге осы проблеманы талқылап, БҰҰ мен әлеми қоғамдастыққа үн қатып, жағдайды бірыңғайландыруға ықпал жасауға шақырды. Жағдайды тұрақтандыруға бағытталған нақтылы шараларға талдау жасау үшін Ауғанстан мен Орталық Азиядағы жағдайды талқылауға арналған Қауіпсіздік кеңестің арнаулы мәжілісін шақыру қажет деп санаймыз.

Талқыланатын мәселелердің қатарына ядролық қатердің жойылуы проблемасы енгізілуі тиіс. Себебі ядролық қаруы бар кейбір елдердің тұрақты тайталасы төбе көрсетіп отыр. Аймақтың бірқатар елдері ядролық қаруды қолға түсірудің

аз-ақ алдында тұр. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан атом қаруының орасан зор әлеуетіне ие болып қалды. Біздің ел бірінші болып осы арсеналдан бас тартуға батыл қадам жасады. Сондықтан да бүгін біз барлық ядролық державаларды ядролық қаруды жою жөнінде нақты қадам жасауға шақырамыз.

Жаһандану дәуірінде БҰҰ қызметін жетілдіру бағытында оның құрамында жағдайға ғаламдық тұрғыдан талдау жасайтын институттарды дамыту, өршігелі тұрған жанжалдар жайында алдын ала ескертіп, жағдайға бастапқы кезеңінде араласу үшін ұсыныстар жасақтауға, дау-шарды әскери тәсілмен шешуге жібермейтін алдын алу дипломатиясын тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызар еді. Олар тұрақсыздықтың көзі болып табылатын әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешудің таптырмайтын құралы болар еді.

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

1943 жылдың аяғында ең алғаш болашақ әлемдік тәртіп мәселесі талқыланған Тегеран конференциясында ұлы американдық – Құрама Штаттардың Президенті Франклин Рузвельт былай деген еді: «Біздің әрқайсымыздың өзімізге тән төл философиямыз, өзіміздің салттарымыз бен өмір сүру қалпымыз бар. Алайда біз Тегеранда халықтардың бір-бірінен өзгеше мұраттары бізді ортақ игілікке

еліктіре отырып, аман-саулыққа қарай жылжу барысында бірегей жарасымды тұтастыққа ұласуы мүмкін екенін дәлелдедік».

Бұл қағида-тілек XXI ғасырдың буырқанған өзгерістер ғасырының, барша адамзатқа игілік әкеледі деп өзіміз сеніп отырған жаһандану ғасырының табалдырығында тұрған біз үшін де көкейкесті. Әлем аса ауқымды, өзара тәуелді болуға айналды, онда үстемдік етуші қағидат жаһандық серіктестік болуға тиіс.

**Түркістан қаласының 1 500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы,
2000 жылғы 20 қазан

**Ардақты отандастар!**
**Құрметті қонақтар!**

Бүгін қасиетті Түркістан топырағына қай-қайсымыз да тебірене қадам бастық. Бұл – баршамыздың көптен аңсай күткен күніміз. Бізбен бірге бұл қуанышты бөлісуге алыс-жақыннан ағылып, тегі 1 туыстар мен тілегі 1 достар келді.

Бұл – шынайы бауырмалдықтың, тату-тәтті көршілестіктің, рухани туыстық пен бірліктің айқын көрінісі.

Бұл – бүгін басымызды қосып отырған ежелгі Түркістан қаласының жалпы адамзаттық және өркениеттік тарихта қастерлі орын иемденетіндігінің даусыз куәсі.

Бұны сезіну – бәріміз үшін үлкен ғанибет.

Бүгін баршаңыздың көз алдарыңызда қызғалдақтай құлпырып тұрған ару қала, аруақты Түркістанның бастан кешкендері – айтып тауысқысыз шежіре.

Ол шежіре бүгінгі адамзат пен бүгінгі өркениетті құрап отырған халықтар мен мәдениеттердің тереңнен табысатын төркіндестігі мен тамырластығына, жарастығы мен жалғастығына көзімізді жеткізе түседі.

Қаратау бұйраттары мен сылаң Сырдың арасын алып жатқан осынау алқап көптен көзді арбап, көңілді аударып келген.

Онда әрідегі алғашқы қауым тұрақтарынан бастап, берідегі сан қилы өркениет орталықтарының жұрнақтары молынан ұшырасады. Соның өзі-ақ, бұл атыраптың Теріскей Еуразияның ойкуменаға айналуы тарихында атқарған орасан зор қызметін аңғарта алса керек.

Түркістан ендікпен өлшегенде де, бойлықпен өлшегенде де жер шарының кіндік тұсына орналасқан. Отырықшы үрдістің ең терістік, көшпелі

үрдістің ең түстік шебін иемденген. Ежелгі дүниенің ең басты трансконтиненталдық сауда арнасы – Ұлы Жібек жолының бойында тұрды. Сондықтан да оның есігі 4 тарапқа бірдей ашық болды. Шартараптың мәдени-рухани, саяси-дүниетанымдық, шаруашылық-тұрмыстық жетістіктері оған соқпай өте алмады. Эллинизм мен тәңіршілдік, зороастризм мен манихейлік, буддизм мен конфуцийшілдік, христиан мен ислам оның төріне жарыса аттады.

Мұнда Түркістан, Тараз, Отырар, Испиджаб, Сығанақ, Жент сынды қалалар пайда болды. Сауда мен қол өнерінің, халықаралық қарым-қатынастардың, интеллектуалдық және рухани өмірдің ірі ошақтарына айналды. Адамзаттық руханияттың Әбу Насыр әл-Фараби, Қорқыт, Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғали сынды алып тұлғаларын шығарды. Өз замандарында әлемге белгілі Бұқара, Мерв, Самарқанд, Герат қалаларымен бірге шығыстық урбанизмнің жарқын шоғырын құрады.

Көпғасырлық көне тарих солардың арасынан бірте-бірте Түркістан мен оның төңірегіндегі кеңістіктің маңызын үстей түсті.

Бұл өлке турандық өркениет кеңістігінде жыл санап жетекші маңызға ие бола бастады. Оған, негізінен, біздің дәуіріміздің бесінші ғасырынан басталған Орталық Азиядағы жаңаша жіктелу үдерісі түрткі болды.

Арктикадан экваторға, Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа дейінгі ұлан-байтақ кеңістіктегі ерсілі-қарсылы миграциялық ағындар өрістеді. Оның ешқайсысы да соқпай өтпейтін бұл аймақ ұзақ уақыт демографиялық және өркениеттік шарпысулар кеңістігі ретінде күн кешті. Соның нәтижесінде жаңа этностар пайда болды. Олар аймақтық, еуразиялық, тіпті әлемдік үстемдіктерге жетуге ұмтылды. Әрідегі скифтер, сарматтар, массагеттер, берідегі гүндер, үйсіндер, оғыздар, қимақ-қыпшақтар, монғолдардың құрлықаралық баса көктеулері Түркістан жатқан кеңістікке жеткенде, түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырды. Айта қаларлықтай этностық, демографиялық, мәдени-руханияттық жаңа сипаттарға ие болды. Соңғы 1,5 мыңжылдықта Түркістан әлгіндей саяси-этностық құбылыстардың межелік шебіне, тіпті кіндік өрісіне айналды. Оған түркі нәсілінің қалыптасуы мен таралуы, мұсылман дінінің көшпенділер әлеміне дендеп ене бастауы шешуші ықпал етті.

Бұл ықпалдың түбегейлі үстемдікке жетуін көне аңыздар анасынан мұсылман болып туып, дінсіздермен кескіліскен күрес ашқан Оғыз ханның Түркістанға ауып келіп, Ясы деген жерге бекінгеніне, сол арада қарсыластарын қирата жеңгеніне байланыстырады. Ал деректі тарих Оғыз мемлекетінің күшейіп, исламды таратушылардың ең ықпалды топтарын Сырдария бойына шоғырландыруымен түсіндіреді.

Қайткен күнде де, түркі әлемінің қайта дәуірлеуінде бұл аймақтың атқарған қызметін ешкім жоққа шығара алмайды. Ежелгі Ясыдан бастау алған сельджүктер қозғалысы әуелі Орталық Азияға, сосын Таяу Шығысқа, одан әрмен Анатолия мен Оңтүстік Азияға қанат жайып, ақыр аяғында Византияны құлатып тынғаны белгілі. Ол тұста бұл лекке ілеспей қалған түркі тайпалары кейін монғолдармен қосылып, Балқан мен Балтыққа дейін барып, Алтын Орда мемлекетін құруға атсалысты.

Бұл көшпелі империяның мұсылмандануы да негізінен Түркістанға байланысты екендігі тарихтан мәлім.

Әуелі Еуразияда, сосын күллі әлемдік үстемдікке жеткісі келген Ақсақ Темір де жиһангерлік жорықтарының алдында осы 1 киелі орынға арнайы ат басын бұрып тұрған.

Әлемдік-адамзаттық дамудың империялық үлгісі тоқырауға ұшыраған кезде Осман империясы мен Алтын Орда да, Темірлан әулетінің мемлекеті де күйреді. Күшпен бағындыру үрдісі уақыт талабына жауап бере алмай, олардың қол астындағы елдер мен жерлер бет-бетіне шашырап кетті.

Бірақ әлемдік-адамзаттық дамудың ұлттық-аумақтық үлгісі дәурендей бастаған тұста да Түркістан мен Түркістан төңірегі қайтадан шешуші маңызға ие болды.

Ол кездегі саяси күштер мен экономикалық үрдістердің арасалмағы Тұран жазираларындағы көшпелі және отырықшы үрдістегі түркі элементтерін 2 тарапқа жіктеді. Олардың әрқайсысы өз алдына мемлекеттік дербестікке ұмтылды. Бұрынғы Алтын Ордадан бөлінген Ноғай Ордасы, Дешті Қыпшақ пен Ақ Орда, Шағатай ұлысынан бөлінген Моғолстанның теріскей батыс ұлыстары далалық Қазақ хандығын құрады.

XVI ғасырдың соңына қарай қазақ астанасы Түркістан қаласына келіп біржолата бекінді. Бұл кездейсоқтық емес еді. Түркістанның мұндай геосаяси ықтималдығын тұсында Дешті Қыпшақ, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы сынды мемлекеттік бірлестіктер де мықтап ескерген еді. Өйткені, негізінен, көшпелі тайпалардан құралған мемлекеттің одан арғы дамуы, нығаюы, саяси-экономикалық және мәдени өркендеуі көршілес отырықшы елдермен тығыз қарым-қатынас жүргізуге байланысты еді.

Қазақтардың этностық аумағында соңғы дәуірде отырықшылық өріс алып, егіншілік қанат жая бастады. Сауда-саттық орын тепті. Ал мұның өзі қазақ мемлекеттігі мен ұлттық-аумақтық тұтастығын нығайтуға оң ықпал етті. Сол заманда Түркістан көршілес өзбек, қарақалпақ, қалмақ, ноғай (маңғыт), моғол, қырғыз халықтарымен жанжақты қарым-қатынас орнатуда шешуші қызмет атқарғаны белгілі. Рас, мұндай қарым-қатынастар

ара-тұра әскери қақтығыстарға ұласып кеткен кездер де болды. Алайда мұндай келеңсіздік ұзаққа бармай, бұрынғы достық, татулық байланыстар қайтадан қалпына келіп отырды.

Түркістанды мұндай берекелі қонысқа айналдырып жүрген ең басты себептердің бірі Сырдария өзенінің бойына орналасқаны еді. Кезінде Ибн Рузбихан Исфахани «Түркістан – ең әйгілі ел. Сейхун жағалауындағы Түркістан 30 қамалдан тұрады. Сейхуннан тартылған арықтардың бойындағы қамалдар нағыз пейіш бағы іспеттес», – деп жазып еді.

Бірақ Түркістанның жаңа Қазақ хандығының астанасына айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына ғана байланысты емес еді. Ол сонау XII ғасырдан бастап әлем назарын өзіне аударып алған-ды. Бұл исламдық руханиятта ерекше орын иемденетін айтулы сопылық мектептің негізін салған шайқы, ғұлама ақын, Қожа Ахмет Яссауидің жан-жақты ұстаздық және уағызшылдық қызметінің арқасы еді.

Сайрамда дүниеге келіп, Отырарда Арыстанбабтан дәріс алып, Бұхарада Жүсіп Хамаданидің мүриді болып, сопылық іліміне жетілген Құл Қожа Ахмет Яссауи еліне оралып, мұсылмандық шығыста айрықша көзге түскен әулие саналды. Ол мәңгілік ақиқатты қалың бұқараға түсінікті тілмен насихаттап, ислам дінін көшпелі түркі әлемінің рухани дәстүрлерімен үйлестіре білді.

Өзінің әйгілі «Даналық кітабын» дүниеге әкелді. Сөйтіп, халық арасында Әзірет сұлтан атанған Қожа Ахметтің беделі арқасында Ясы қаласы ортағасырлық дүниеде алыс-жақынды ауызына қаратқан аса маңызды рухани ағартушылық орталығы ретінде танылды.

Кемеңгер ғұламаның қабірі басына Әмір Темірлан тұрғызған кесене Орта Азия мен Қазақстандағы ең қастерлі мінәжат орынына айналды. Еділден Ауғанға дейінгі, Қап тауынан Қашғарға дейінгі ұланғайыр кеңістіктегі мұсылмандар Қожа Ахмет Яссауи қабіріне келіп тәу етіп қайтуды дәстүр тұтты. Кейін ол әлгіндей ұлағатты зиярат орынынан аса ірі сауда, қолөнер орталығы ретінде де өз маңызын одан әрі күшейте түсті.

Бұл арада жаңа қалыптасқан түркі әлемінің көршілес иран, монғол, үнді тектес халықтардың этномәдени кеңістігімен ықпалдасуына да, кейін құрылған Қазақ хандығының іргелес елдерімен бейбіт қарым-қатынас орнатуына да әулие Түркістанның айрықша ықпалы болғандығын ерекше атап өткен жөн.

Жан-жағымен мұндай жарастықты қатынас сахара тұрғындары арасында отырықшылық мәдениетінің, жазу-сызудың, кітаби білімнің, сауда-саттық пен кәсіпкерліктің, зайырлы тұрмыс-салттың кеңінен таралуына септігін тигізді.

Түркістан қаласы қазақ хандары тұсында да Еуразияның және күллі мұсылман дүниесінің

ең ірі саяси, мәдени, рухани орталығы ретіндегі жоғары мәртебесін биіктете түспесе, еш ала-сартқан жоқ. Бұл кезеңде Қожа Ахмет кешені, аса жоғарғы билік орыны – хан сарайы қызметін де атқарды. Ақ сарай деген атаққа ие болған сәулетті жайда маңызды мемлекеттік мәжілістер мен салтанаттар өткізілді.

Сол себепті де, Түркістан мен оның ұлы ғимаратын бүгінгі ұрпақ қазақ мемлекеттігі тағдырымен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі деп ардақ тұтады. Уақыт өте келе көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, әйгілі билер мен батырлардың «пантеонына» айналуы – ежелгі қаланың ұлттық санамыздағы аялы орынын бұрынғыдан да асқақтата түсті. XVII ғасырда Есім хан мен Жәңгір ханның мазарлары тұрғызылды. Бұл жерде Тәуке хан мен Абылай хан мәңгілік мекен тапты.

Түркістан қаласында қазақ хандары тақка отырғызылды. Көршілес мемлекеттердің елшілері қабылданды. Аса маңызды мемлекеттік мәселелер талқылаған аса жоғары мәртебелі жиындар өткізілді. Осындағы Күлтөбеде 3 жүздің игі жақсылары Тәуке ханның басшылығымен қазақ мемлекеттілігін нығайтудың заңдық негізі – «Жеті жарғыны» қабылдады.

Қысқасы, Түркістан – қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін дүниеге әкелген алтын бесік әрі оны кемелдендірген өнегелі мектеп. Алайда

заман ауып, заң тозатын жайлар болды. Жалпы планеталық геосаяси ахуал мен экономикалық қатынастар жүйесі әлемдік билікке ұмтылған империяшыл отаршылдықты қайта күшейтті. Ал ол біздің сайын сахарада жаңа қалыптасып, енді нығайтып келе жатқан ұлттық тәуелсіздігіміз бен мемлекеттік дербестігіміздің көсегесін көктей солдырды. Жан-жақтан жармасқан басқыншылықты күшейтті.

Соңғы 2 ғасырдағы озбырлық оқиғалары шалқыған шаһар мен оның төріндегі ғажайып сәулет кешенінің басына бар тауқыметті үйіп төкті. 1861 жылы Қожа Ахмет кешені мен бейбіт шаһар Ресей патшалығының зіркілдеген зеңбіректерінің төмпешіне түсті. Көне қаланың жаңа әскери бекініске айналуы тарихи орынның адам танымастай тозғындауына әкеліп соқты. Хандардың мазарлары тып-типыл құлатылды.

Пірдің кесенесі дінсіздік мұражайына айналдырылатын болды. Жәдігерліктерінен айырылып, қабырғасына жазылған құран сөздері өшіріле бастады. Мазар маңайындағы бағалы мұралар есепке алынбастан жойылып кетті. Ол ұзақ жылдар бойы азып-тозып, өткен дәуреніміздің, өшкен елдігіміздің, жоғалтқан ұлттық бостандығымыз бен жойылған мемлекеттігіміздің, естен шыға бастаған рухани ерекшелігіміздің ең ақырғы жұрнағындай болып, көзімізге оттай, көкірегімізге шоқтай басылып, құлазып тұрды. Бірақ бәрімізді

өткенді ұмытпауға, өшкенді жоқтауға, өлгендердің өкініштері мен армандарын аяқсыз қалдырмауға шақырып, атой салып тұрды. Сондықтан да тәуелсіз Қазақстан егемендікке қолы жетер-жетпестен-ақ ғасырлар бойғы рухани мұраттарымыздың мүбәрәк нышаны – Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіруді қолға алды.

Міне, бүгін түрік достарымыздың риясыз көмегінің және қазақ сәулетшілерімен бірігіп атқарған қажырлы еңбегінің арқасында киелі ғимарат бастапқы көркі мен көрінісін қайта таба бастағанына куә болып отырмыз.

Бұл – шайқалған шаңырағымыздың қайта орнына келгендігінің, жығылған еңсеміздің қайта көтерілгендігінің, істеріміздің оңға баса бастағандығының даусыз айғағы бола алса керек.

Бұған шүкіршілік айта отырып, алды-артымызға бұрынғыдан да жітірек көз салып, белімізді бұрынғыдан да бекемірек бууымыз қажет.

Өйткені біз бүгін бұл араға асқандықтан, тасқандықтан, той тойлап, ойын ойнаудан басқа шаруа таппағандықтан жиналып отырған жоқпыз. Әлі де асар асуымыз, алар биігіміз, атқарар міндетіміз бастан асып жатыр.

Әйтсе де әлденеше ұрпақтардың әрдайым көксеп өткен ел болу, басқалармен тең болу мұраттарын жүзеге асыру жолындағы еселі еңбек пен кескекті күрестен 1 сәт те айнымайтындығымызға сендіру үшін келіп тұрмыз.

Жалпақ әлем мен күллі адамзатқа енді танылып жатқан еңсемізді ешқашан жықпай, егемендік туын, теңдік туын бұрынғыдан да биік асқақтата беретіндігімізді паш етуге келіп отырмыз.

Өткен аруақтардың, келер ұрпақтардың алдындағы: «Алған беттен таймаймыз. Алға, тек алға қарай адымдаймыз!» деген сертімізге берік екендігімізді мәлімдеуге келіп тұрмыз.

Біздің бұл мүддеміз бен бұл мақсатымызды түсінетіндердің бәрі бізге дос. Оларға құшағымыз әрдайым айқара ашық.

Ал түсінбейтіндер бар болса, олардың да бұған көздері әбден жететіндігіне кәміл сенеміз.

Біз киелі Түркістан топырағын баса тұрып, ол бастан өткерген қилы оқиғалар тереңіне ой жүгіртеміз. Олардың жеңісінен тиісті өнеге, ал өкінішінен тиісті тағылым табуға міндеттіміз.

Киелі Түркістан тағдырының бүгінгі адамзат қауымдастығына да, ол орналасқан Еуразия кеңістігіндегілерге де, өзара өзектес түркі әлемі мен тәуелсіз қазақ жұртшылығына да ұқтырары аса мол.

Оның ең бастысы – жалпақ әлем мен іргелес кеңістіктегі уақыт талабынан туындап жатқан зәруліктер мен тосын дүмпулерге уақтылы жауап беріп, өрелі ізденістерге уақтылы атсалыса білу.

Бұл талаптың деңгейінен табылып, әлемдік ізденістер арнасына лайықты атсалыса білген

тұстарда, Түркістанның бағы ашылып, басы төрге озған.

Ол деңгейден табылмай, өзімен өзі тұйықталып, ауыл арасы шырғаландарына шырматылып қалған тұстарда оның да бәсі кеміп, еңсесі жығылған.

4 қақпалы Түркістан 4 тараптың жақсылығына түгел айқара құшақ ашып, басын асырып, бағын өрлеткен. 4 тараптың жаманына тоқтасын, жауыздығына тойтарыс таба алмағанда ғана басы етекке түсіп, бағы кері кеткен.

Бұндай бақтың да бірден-бір кепілі – сыртқы ықпалдастық пен ішкі ынтымақты бірдей дамыта білу.

Бұндай дерттің де бірден-бір емі сыртқы ықпалдастық пен ішкі ынтымақты бірдей дамыта білу.

Біз бүгін көп жасап, көпті көрген киелі қаланың тойында отырып, бұл ақиқатты ең алдымен ойға алып, одан ең алдымен қорытынды шығаруымыз шарт.

Біз бүгін дүниенің алға тосып отырған өрелі талаптарын терең түсінеміз. Отандық тәжірибе мен жалпы адамзаттық дамудың жетістіктерін бірдей қастерлеп, өркениет жолымен алға басып, тәуелсіздігімізді нығайтып, ұлттық кемелденуімізді жүзеге асырамыз. Өз мүдделерімізге мұқият, өзгелердің мүдделеріне сергек қарауға тырысамыз. Шектес елдермен тату-тәтті көршілікті, алыс

әріптестерімізбен тең мүдделестікті, туыс елдермен тағдырластықты берік ұстанамыз. Сол арқылы аймақтық және жалпыға ламдық қауіпсіздікті одан әрі бекіте түсуге белсене атсалысамыз. Өз төңірегіміздегі тарихи тағдырлас елдердің реформа және демократия жолымен дамуын, күнгейдегі және шығыстағы көршілеріміздің бейбіт қарым-қатынасты нығайтуын қалаймыз.

Жаңарып жатқан дүниенің жаңаша жарастығының тезірек қалыптасып, жеделдете жүзеге асуына мүдделіміз.

Ол үшін қазіргідей 1 үрдістен екінші үрдіске көшер тұста өткеннен қорытынды шығарып, ертеңге дұрыс бағдар ұстана білудің маңызы зор. Өркениетті жұрттар мұндай өтпелі кезеңде ұлтын ұйытып, жорғасын жолға түсіре алатындай киелі орындарда бір-бірімен айқұшақ қауышып, бастарын түгендесетін. «Кесір тезірек кетсін!» – деп, «Кемшін тезірек толсын!» – деп, «Кемел тезірек келсін!» – деп, тәубаға келіп, өткенге өреуіл, қалғанға салауат айтысатын. Ашу-аразды қойып, ауызбірлікке ұмтылысатын. Жолдары сосын оңғарылып, жұлдыздары сосын жанатын.

Біз де – сондай өтпелі кезеңді бастан кешіп жатқан қоғамбыз. Түркістан да – осындай киелі орынымыз.

Күні ертеңдері егемендік алғанымызға, келесі күзде тәуелсіздік алғанымызға 10 жыл толады.

Осындай жоралы жылда ұлан-байтақ еліміздің жер-жерінде рух тазартып, ар арылтар, пейіл кеңейтіп, мерей өсірер жаппай жарастыққа жұмыла алсақ құба-құп. Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықты береке көбейтер бірлікпен, ырыс көбейтер ынтымақпен бастағанымыз ләзім. Дәл осынау киелі Түркістан төрінде, әулие Әзірет Сұлтанның іргесінде өтіп жатқан ұлы думан сондай жалпы ұлттық жарастықтың, жаппай арылу мен тазарудың жиынына айналып, жақсы бастаманың басы болғай!

Бүгінгі думанда бар болмысымен жарқырай көрінген тату-тәтті көршілестігіміз, туысқандық бірлігіміз, ізгі ниетті ықпалдастығымыз бен ынтымағымыз баянды болғай!

Ойлағанымыз оңынан оралып, көздегеніміз көкейден шыға бергей!

Мен 1 кезде ежелгі Шығыстың ең қастерлі киелі орыны, бүгінде жалпы адамзаттық мәдениеттің аса мәртебелі тарихи жәдігерлігі ретінде ЮНЕСКО деңгейінде тойланып жатқан Түркістан қаласының мың жарым жылдық салтанатына қатысушыларды, күллі отандастарымызды тағы да шын жүректен құттықтап, дендеріне саулық, бастарына бақыт тілеймін.

Жан-жағымыз тыныш, Отанымыз аман, ортамыз бүтін, заманымыз бейбіт болғай!

Қуанышымызға атсалысып, ізгі тілектерін білдіріп жатқан мемлекеттер мен халықтардың

барлығына да бақ-береке тілейміз. Басымызды иіп, алғысымызды айтамыз.

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Киелі Түркістан дүние тұрғанша тұрсын!

Той тойға ұлассын!

**Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты Қазақстан халқына**

# ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2000 жылғы 24 қазан

**Қымбатты қазақстандықтар!**
**Құрметті депутаттар!**

Тарихта өткенді еске алу үшін ғана емес, сонымен қатар келешегімізді бағамдау үшін де еріксізден кешегімізге көз тіккізетін тұстар бар. Осыдан тура 10 жыл бұрын өзіміздің тәуелсіздікке бағыт алуымыздың заң жүзіндегі бастауы болған Мемлекеттік егемендігіміз туралы декларация қабылданған еді.

Өткенді өзгерту құдайдың да қолынан келмейді дейтін сөз бар. Сондықтан да, қысқа ғана уақыттың – небәрі 10 жылдың ішінде өзіміз өткен ұланғайыр жолда енді қайтып ешнәрсені өзгерте алмайтынымызды мойындағанымыз мақұл. Бұл жолдағы біздің жаңсақтығымыз бен жетістігіміз де, жеңісіміз бен жеңілісіміз де тарихтың еншісіне айналып отыр.

Егер тарихқа қарапайым деректердің жиынтығы ретінде қарамай, оны терең мәнді етене байланыстағы оқиғалардың сабақтастығы ретінде екшейтін болсақ, онда осы 10 жылдың ауқымы мен тегеуріні келер ғасырдағы келешегімізді айқындайтындай жаңа қырынан ашыла түседі.

Біздің жас еліміздің кешегісі мен келешегінің арасындағы бұл байланысты мынадай қарапайым тұжырым бейнелей алады: тиімді экономика, либералдық қоғам, ұлттық кауіпсіздік.

Келесі 2001 жыл – біздің тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы. Ұлттық тарихтың бірде-бір 10 жылы өткен оқиғаларының шиеленісі мен шамырқанысы жағынан, жасампаздық істерінің маңызы жағынан дәл мұндай ширықпалы болған емес, мұның бағасын біз емес, келер ұрпақтың беруі керек. 2001 жылғы күллі ахуал осы мезеттің мән-мағынасын пайымдауға арналса ләзім.

### 1. Елдің экономикалық дамуының келешегі

Германияның соғыстан кейінгі канцлерінің бірі нарық дегеніміз ашық болған жағдайда ғана

аман алып қалатын парашют сияқты деген екен. Бұл осыдан 10 жыл бұрын біз білмеген ақиқат, онда біздің экономикадағы қозғалысымыз қараңғыда қарманған адамның халіне ұқсайтын. Ол кезде ашық нарық жайлы әңгіме қозғаудың өзі мүмкін емес еді. Біз кеңестік экономиканың орасан зор сыртқы қарызынан қарманып, құрдымға кетіп бара жаттық. Сөрелерді бос қалдырған экономика қаңыраған сөрелер экономикасына айналды. Ақша дегеніңіз әдіпті қағазға айналып кетті. Мыңдаған кәсіпорындар тоқтап, жүздеген мың адам жылы орындарын суытуға мәжбүр болды. 1990 жылғы қазанда жан сақтаудың өзі қиын түйінге айналды. Адам жады жамандықты ұмытуға бейім, сол кездегі жансыз қалған экономика бүгін бізге бағзы біреудің басынан өткен ертегідей елестейді.

Шұғыл әрекет жасау керек болды. Біз жекешелендіру жүргіздік, мүлде өзге салық жүйесін құруды қолға алып, отандық кәсіпкерлікті жасақтай бастадық. Осы заманғы банк жүйесін құруды да жоқтан бастауымызға тура келді. Біз өте қатал бәсекешіл сыртқы нарықта табан тірер тауашамызды таба білдік. Ауылдағы экономикалық қатынастарды қайта құрдық. Сонымен 1 мезгілде, ұлттық қарулы күштерімізді жасақтаудан бастап, әлемнің ондаған елдерінде елшіліктерімізді құруға дейін дербес мемлекет орнатудың аса қиын міндеттерін шеше бастадық. Біз жаңа бататын реформаларға баруға мәжбүр болдық.

Реформалардың әлеуметтік салмағы, әсіресе, оның бастапқы кезеңінде тым ауыр соқты. Міндеттің ауыр болғаны соншалық: тәуелсіз Қазақстан бола ма, жоқ па, деген сауалдың өзі қабырғасынан қойылды.

Алайда соңғы 9 жылда жүргізілген сол реформалардың есебінен ғана біз тұрақтылығымызды сақтап, ТМД-ның барлық елдеріндегі деңгейге қарағанда, ең жоғары экономикалық өрлеуге қажетті қарқын алдық.

Бұл бос сөздер емес. Бұл дау туғызбайтын дәйектер. Биылғы 9 айдың ішінде өнеркәсіп өнімін өндірудің өсімі 15 % артып отыр. Сыртқы сауда айналымы 30 %-ға жуық, ал экспортымыз 80 % өсті. Негізгі капитал деген инвестициялар 13 %, халықтың банктердегі салымдары 83 %, ал нақтылы секторды несиелеу көлемі 60 % артты.

8 айдың ішінде сауда теңгерімінің 2,6 млрд доллар оң өзгеріміне қолымыз жетті, төлем теңгерімінің пайдалылығы да өсе түсті.

Халықтың жан басына шаққанда атаулы ақшалай кірісі 21 %-ға жуық, ал орташа жылдық ақшалай шығысы 22 %-дан астам артып отыр.

Экономикалық тіршілігіміздің міндеттерін шеше отырып, біз 1 сәт те келешегімізді естен шығарғамыз жоқ. Сондықтан да мен осыдан 3 жыл бұрын «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының стратегиясында» келешекке деген көзқарасымды баян еткен едім.

Біздің экономикамызға тіке салқынын тигізген 1997–1998 жылдардағы бірқатар аймақтық дағдарыстарға қарамастан, стратегиямызға өрілген барлық экономикалық өлшемдеріміз іске асырылды.

Еліміз бүгін жаңа астанадан басқарылады. Жекелеген сенімсіздіктерге қарамастан, астана берік ірге тепті. Басқару жүйесі күйрейді дейтін күйкі сәуегейлікке қасақана біз күллі әлемге, бәрінен бұрын өзімізге алға қойған ұзақ мерзімді мақсатымызға жете алатынымызды дәлелдедік.

Біз өз стратегиямызда басымдықтарды ретретімен дұрыс қоя білдік. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің аумақтық тұтастығы, шекарамызды сенімді қорғау және саяси тұрақтылықты сақтау бағыттарында тындырылған істер аз емес. Осыдан 3 жыл бұрын дағдарыс кезінде өмірден алшақ елес сияқты елестеген экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы бүгінгі таңда біртіндеп нақты шындыққа айналып келе жатыр. Біз еңбекақының деңгейі жөнінен ТМД-да бірінші орын аламыз. Біз бірінші болып жинақтаушы зейнетақы қорын құрдық. Бүгінгі күні зейнетақы қорларындағы салымдар 80 млрд теңгені құрап отыр.

Стратегияда белгіленгендей, біз өзіміздің энергия ресурсымыздың әлеуетін дәйекті түрде дамытып келеміз. Бүгінгі таңда Қазақстан 32 млн тонна мұнай өндірсе, енді 10 жылдан кейін 100 млн тонна мұнай шығаруға жетеміз.

Осы қиын-қыстау жылдардың ішінде ең жоғары халықаралық өлшемдерге сай келетіндей етіп, Ақтау портын жаңғырттық. Соңғы 3 жылда жаңадан салынған көпірлер, жолдар, әуежайлар аз емес, ал жаңаланғандары одан да көп. Бұл ретте осы жуырда ғана Семейде ашылған Ертістегі тамаша көпірді атасақ та жеткілікті. Мұның бәрі де, сайып келгенде, стратегиялық инфрақұрылымға қосылған үлес, ал онысыз бірде-бір елдің болашағы жоқ.

Біздің ең басты инвестицияларымыз – адамдарға жұмсалған инвестициялар. «Халық денсаулығы» бағдарламасы емдеу мекемелерін вакциналармен қамтамасыз ету проблемасын толығымен шешіп берді. Біз 1990-шы жылдары белең ала бастаған қатерлі нышанның бетін қайтардық, өкпе ауруымен науқастану азая бастады. Әлеуметтік бағдарламалардың ең 1 тиімдісі мектептерді компьютерлендіру болып отыр. Біз таяу уақытта бүкіл білім жүйесін 100 % компьютерлендіруге жетеміз.

Күні кеше біз Түркістаннан оралдық. Онда түркі мәдениетінің осынау бірегей орталығының мың жарым жылдық мерекесі өткізілген еді. Осы мерекенің Мәдениетті қолдау жылы өткізіліп отырғаны ерекше мәнді. Бұл ғажайып мекенде «бәрі ұмытылса да, мәдениеттің ұмытылмай қалатын дүние» екенін пайымдайсың. Біздің өз мәдениетімізді ұмытуға хақымыз жоқ.

Тегінде, не ісі жоқ, не сөзі жоқ пәтуасыздар ғана сын тезіне түспейді дейтін түсінік бар. Әлбетте, біз мәдениетімізге қарыздармыз, алайда ештеңе істелмеді десек, мұнымыз шындыққа кереғар келер еді. Қазақстанда биылдың өзінде 468 кітапхана, 238 клуб, 5 театр, 5 музей ашылды. Барлығы мыңнан астам мәдениет нысандары жаңадан ашылады немесе бұрын жабылғандары қалпына келтіріледі. Біз мәдениет ошақтарын жаңарту мен жөндеуге 3,5 млрд теңгеден аса қаржы жұмсадық. Биылғы жылы ғана Астанада Мемлекеттік музей мен опера театры, Петропавлда музыкалық драма театры, Оралда музыкалық театр ашылды, Алматыда опера театрын жаңарту жұмысы аяқталады. Осы орайда елеусіз көрінгенмен, маңызы зор 1 санды да атай кетейік: еліміздің ауылдық кітапханаларына жарты млн-нан астам жаңа кітаптар беріледі. Бюджеттің жобасында 2001 жылы мәдениетті дамытуға 600 млн теңге артық жоспарланып отыр.

Біз мемлекеттік қызметшілерді іріктеу жүйесін түбегейлі өзгерттік. Басқа елдер ондаған жылдарын сарп еткен жұмысты біз соңғы 2 жылдың ішінде іске асырдық. 9 мыңға жуық мемлекеттік қызметші ашық конкурстың нәтижесінде 2000 жылдың ішінде қызметке қабылданды. Ал мұның өзі мемлекеттік лауазымға конкурстық қабылдау жүйесін өткен-кеткен тарихында білмеген, мәселені үнемі телефон мен сыбайластық арқылы

немесе саяси сенімділігі деген негізде шешіп келген елде іске асырылып отыр.

Ұзақ мерзімді стратегиямызда белгіленген реформалардың бірінші кезеңі аяқталды, ал алғашқы 3 жылға алдымызға қойылған басты міндеттер орындалды.

«Жақсы жоспарларды жобалаушылардың желі оңынан тұрады, ал жаман жоспарларды орындаушылардың жұлдызы оңынан туады», дейтін нақыл бар. Өз стратегиямыздың осындай күйге ұшырамауы үшін оны әлеуметтік-экономикалық дамудың 5 жылдық индикативтік және онжылдық стратегиялық жоспарларына жіктеп, бірсыпыра қысқа мерзімдік құжаттармен қамту арқылы нақтылай түсу қажет. Бұл жоспарлардың қисыны экономикалық өрлеудің ұзақ мерзімдік басымдығына негізделуге тиіс. Біздің таяу жылдардың өзінде бірсыпыра міндеттерді шешуіміз керек.

Бірінші. Үкімет пен Ұлттық банк макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты сақтаудың негізгі тұтқасы ретінде бюджет тапшылығының жедел қысқартылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттің 2001–2003 жылдарға арналған жобасында Үкімет мұндай міндеттерді қойып отыр. 2002 жылдың бюджетінен бастап, бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 1 жарым %-ынан аспауға тиіс.

Үкімет шикізат нарығында істейтін компаниялардың артық кірістерін алудың тетіктерін табуға тиіс.

Акциздер мен басқа бірқатар салықтар бойынша алымдардың деңгейі төмен, көңіл көншітпейді. Әкімдердің қолдау қаржы мен алымдар алуды ғана көздеп кетпей, жергілікті жерлерде кірісті шоғырландырумен көбірек шұғылданғаны жөн. Бұған қажет заң жобалары мен бюджет қаражаты әзір. Ендігі жерде осы заңдарды қабылдап, кірістің негізін кеңейту керек. Биылғы жылдың соңына дейін 1 қыркүйекте мен ұсынған заңдар блогы, ең алдымен Салық кодексі қабылданады деген үміттемін.

Әсіресе жергілікті жерлерде басқару буындарын қысқартып, оларды дәйекті түрде жеке секторға көшіру қажет.

Борыштар мен қарыз алудың іс-тәжірибесі де қанағаттанарлық емес. Қарыз алғанда қандай да қысқа мерзімді қымбатқа түсетін қарыздардан бас тартып, ұзақ мерзімді жеңілдікті қаражатқа ден қою қажет.

2002 жылы мемлекеттік бюджеттің республика, облыстар мен аудандар арасындағы кіріс пен шығыс бөліктерінің бөлінісін аяқтаған жөн.

Икемді ауқымды саясат жүргізу мен дағдарысты жағдайда бюджет үшін резерв жасақтау міндетін іске асыру ұлттық қорда тиімді жинақтаулар жасау мен оның активтерін басқарудың жақсартылуын талап етеді.

Сақтандыру нарығын, құнды қағаздар нарығын жаңа деңгейге көтеріп, зейнетақылық жинақтауларды пайдалану қажет.

Біздің бизнесшілеріміздің шетелдерде сақталатын, өзімізді емес, бөтен экономиканы асырап отырған немесе жамбастарында жатқан жинақтарының бәрін іске қосатын уақыт жетті. Оларға кеңшілік беру арқылы өз экономикамыздың мұқтажына жұмсау керек.

Екінші. Бізде нақтылы сектордың тым кейіндеп қалғаны өкініштi. Ол инвесторлар үшін бұлыңғыр, осы заманғы есеп пен есептілік жоқ, меншік иелері мен менеджерлер арасындағы қатынастарда жаңылысулар бар. Біз экономикамызда банктер мен инвесторларға ашық қуатты жеке сектор құруға тиіспіз. Бұл үшін, менің жарлығымда көзделгендей, Үкімет 2001–2002 жылдары барлық тиісті жерлерде жекешелендіруді аяқтауы керек.

Үшінші. Әлеуметтік қорғау мен еңбек қатынастары саласында әлі де ақтаңдақтар көп. Бізге керегі – жеке сипаттағы 1 сәттік ұмтылыстар емес, дәл қазіргі әлеуметтік саясаттың толымды тұжырымдамасы. Бұл жерде кәсіподақтар да, жұмыс берушілер де талап етіп қана қоймай, білек сыбанып іс тындыруға тиіс.

Дағдарыс біздің адамдардың әл-ауқатын көтеру мәселесімен ден қойып шұғылдануға мұрша бермеді. Енді соның уақыты келді. Сондықтан да мен Үкіметке 2001 жылы: бюджет ұйымдары қызметкерлерінің (мемлекеттік қызметшілерден басқасының) жалақысын 30 %, әлеуетті құрылымдар қызметшілерінің жалақысын 30–40 %; судьялар корпусының жалақысын арттыруды; ең төменгі

зейнетақыны 4000 теңгеге дейін өсіруді тапсырамын. Халық алдындағы 5 млрд теңге шамасында қордаланған берешекті өтеу қолға алынсын, барлық борыш 2004 жылы өтелсін.

Барлық деңгейдегі бюджеттерден келетін ақшалай кірістің бүкіл өсімі 30 млрд теңгеден асып түседі. Осы орайда Үкімет пен Ұлттық Банктің инфляцияға жол бермеуі, ал әкімдердің, ауыл шаруашылығының, шағын және орта бизнес пен халық тұтынатын тауарлар саласының өндірісті кеңейте отырып, осынау ақша нөпірін бағаны көтермей «бойына сіңіре» білуі ерекше маңызды.

Үкімет 2002 жылы зейнетақыға, мемқызметшілердің жалақысын өсіруге, сондай-ақ халықтың алдындағы борышты өтеуге ғана жұмылуы керек.

Мен жеке секторды да жалдамалы еңбеккерлердің жалақысын көтеруге шақырамын. Адамдар өз жағдайының шындап жақсарғанын сезінетін, реформалардың жемісін көретін уақыт туды.

Төртінші. Биыл ауыл шаруашылығы борышының салмағын едәуір жеңілдеттік. Енді жер мәселесін 1 жағына шығаратын кез келді. Шаруалар жер пайдалану құқығын нарық айналысына салатын тетіктерді қолына алуы, сол арқылы ақша қаражатына жол табуы керек. Таяудағы жылдары оларға лизинг компанияларына нақтылы жол ашылуын қамтамасыз ету қажет.

Бесінші. Даму үшін ең бастысы – жаңғырту мен құрылысқа арналған ішкі және сыртқы инвестициялар.

Бұл – ішкі қор түзу мен жинақтар жасауға қажетті жағдай туғызу деген сөз. Бұл міндет шешіліп те жатыр.

Бізге болашаққа және нақты өткеру нарығына бағдарланған айқын да түсінікті индустриялық саясат керек. Бүгін біз оның жалпы сұлбасы жайлы ғана айта аламыз.

Таяудағы 10 жылда Каспий аймағы мен кен-металлургия кешенінің нарығы ең негізгі ішкі нарық болары өзінен өзі түсінікті. Мұнай-газ машиналарын жасау саласының, химия мен мұнай химиясы, құрылыс материалдары өнеркәсібінің келешегі осында.

Отандық және шетел капиталын, тікелей инвестицияларды нақ осында бағыттау қажет.

Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі де өзінің ішкі, сондай-ақ сыртқы нарықтағы тауашасын тауып отыр. Ендігі жерде оны кеңейте, батылырақ игере беру қажет.

Осыған орай біздің ұзақ жылдар бойы жолдар салып, жаңғыртуымыз керек болады, демек, жол құрылысын қамтамасыз ететін салалар технологиялық жағынан жарақтаулы әрі бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Дегенмен, көкейкесті стратегиялық бағытымыз – ең алдымен экспортқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірістер жайлы да ойлануымыз қажет.

Сайып келгенде, даму міндеттері қуатты көлік – коммуникациялар желісін салып, жаңғыртуды талап етеді.

Міне, сондықтан да 2001 жыл экономикалық жағынан Үкімет пен барлық әкімдер үшін автомобиль жолдарын салу мен жаңарту жылы болуға тиіс.

Тереңге бойламай-ақ айтатын болсам, таяудағы жылдары біздің: халықаралық нарықтарға жаңа көлік схемаларын тартуымыз; стратегиялық транзиттік даңғылдарды жаңғыртуымыз; «Шығыс – Батыс» және «Оңтүстік – Солтүстік» бағыттарындағы схемаларды белсенді құруымыз; Каспий инфрақұрылымын жоғары қарқынмен ілгерілетуіміз, «Алматы – Астана» автожолын жаңартуды белсене жүргізу керек болады.

Биыл еліміздің экономикалық дамуының бірінші 5 жылдық индикативтік жоспары бекітіледі.

Цифрлар тілімен айтқанда, біз енді 5 жылдан кейін қандай белеске шығуды жоспарлап отырмыз? Болжам жасау дегеніміз әрдайым тәуекелі көп іс, дегенмен біз есептерге сүйеніп, еліміз бен халқымыздың алдына жаңа міндеттер қоямыз, әрі 5 жылдықтың соңына дейін:

– нақтылы ішкі жалпы өнімнің 30 % өсетініне;

– нақтылы жалақының өсімі 25–30 %-дан кем болмайтынына;

– инфляцияның жылына 4–5 %-дан аспайтынына;

– мемлекеттік бюджетке салық түсімі ішкі жалпы өнімнің 25 %-на жететініне;

– бюджет тапшылығының деңгейі ЖІӨ-нің 1,5 %-нан аспайтын мөлшерде болатынына сенімдіміз.

Алыс болашақ әсем көрінер деген сөз бар. Мұның алысты меңзеген барлық жоспарларға қатысы бар сияқты. Дегенмен өзіміздің таяу экономикалық болашағымыз жайлы, оның тұлғалы болары жайлы сеніммен айта аламыз. Үкіметтің бүкіл қызметі, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы осы мақсатқа жетуге бағдарланатын болады.

## 2. Қоғамды демократияландыру – уақыт талабы

XX ғасырдың саяси тарихы күнтізбелік уақытынан бұрын, ескі қоғамның шаңырағы ортасына түскен 1991 жылғы тамызда тәмам болды. Жадымыз жақсы-ақ сияқты, бірақ кейде келтелік жасап жатады. Осы 10 жылдың ішінде өзіміз де өзгердік, дегенмен қандай қоғамнан шыққанымызды ұмытып қала беретін тәріздіміз.

Біз тарих әлемінде бұрын-соңды кездеспеген түрлі ұлттардан кескінсіз ұлтсыз дүбәра өсіруге шынымен-ақ әрекет жасалған қоғамнан шықтық. Біз мемлекеттік емес ақпарат құралдары деген ұғым халық жауы деген ұғымға барабар саналатын қоғамнан шықтық. Біз өкіметті сынаудың ақыры,

айналып келгенде, абақтымен немесе ақылы ауысқандар үйімен аяқталатын қоғамнан шықтық. Біз ақиқатқа 1 өзінің дара құқығы бар жалғыз ғана партия билік жүргізетін қоғамнан шықтық.

Өткен 10 жылдың ішінде біз еркін сайлау өткізілетін, 16 саяси партия жұмыс істеп жатқан, оның төртеуі парламентте өкілдік ететін қоғам құрдық. 2,5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдары бар қоғам құрдық. Газеттердің, журналдардың, телерадио арналарының 80 %-ы мемлекеттік емес қоғам құрдық. Жүздеген түрлі діни қауымдастықтар өзара байланыста қатар қалыпты өмір сүріп жатқан қоғам құрдық. Кәсіпқой 2 палаталы Парламенті мен тәуелсіз сот жүйесі бар қоғам құрдық. Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірде-бірі бізде болған емес. Ал қазір үнемі болған сияқты көрініп тұрады. Ең бастысы, осы шырғаланды жылдардың ішінде өткен онжылдықтың соңын ала арамызға алдағы қанды алауыздықтарға бастауды көздейтін араздық қоламтасы тасталса да, бізде ұлтаралық қақтығыстар болған жоқ, бірде-бір адам ұлтаралық тайталас дегеннен опатқа ұшыраған жоқ.

Біздің саяси тарихымыздағы соңғы 10 жылға қатысты қандай қитұрқы лаққан сөздер айтылса да, біздің осы уақыттың ішінде ғасырға барабар жолдан өткеніміз анық, ендеше ертеңгі күні, дәннің қауызынан аршылып алынатынына еш күмән жоқ.

Әлемнің ондаған елдері осындай жолдан өтті. Біздің 1 ерекшелігіміз сол: біз бұл жолдан қантөгіссіз, қару кезенусіз, мыңдаған құрбандарсыз, азамат соғысынсыз, аумағымыздың тұтастығын сақтап, қоғамымыздың ұлтына немесе дініне қарай жіктелуіне жол бермей өттік. Дегенмен демократиялану үдерісінің жалпы мазмұны ортақ.

Жиырмасыншы ғасырдың соңындағы басты саяси тағылым демократияландыру қағидасының ортақтығында жатыр. Демократияның ерекше үлгісі жайындағы әңгімелердің бәрі де демократиялық принциптерден қалайда алшақтау әрекеттері ғана. Сондықтан да біздің демократияландыру принциптерінен алшақтау жалпы әлемдік үрдістен алшақтау екенін, тұйыққа тірейтін жол екенін айқын пайымдап алуымыз керек. Қозғалыстың бұл бағыты демократиялық қоғамдардың сан ғасырлық тарихының барысында түзілген еді.

Тегінде демократиялану – қоғамның өзінің қалауы. Жиырмасыншы ғасырдың соңындағы либерализмді сыртқа тарату әрекеті де, сондай-ақ саясатқа толы осынау жүзжылдықтың бірінші жартысындағыдай төңкерісті сыртқа тарату қаракеті де еш нәтиже берген емес. БҰҰ-ның мыңжылдыққа арналған 2000 жылғы 8 қыркүйектегі басқосуында қабылданған Декларациясында: «Қоғамның өз ішіндегі және қоғамдар арасындағы айырмашылық үрей туғызбауға, қудалаудың себебі болмауға тиіс, қайта адамзаттың қымбат

игілігі ретінде шыңдалып сомдалуға тиіс. Әлемдік мәдениет пен барлық өркениеттер арасындағы үндестікті белсенді түрде қолдап отыру міндет», делінгені кездейсоқ емес. Адамның халықаралық тұрғыдан танылған барлық құқықтары мен бостандықтары жайлы айта келіп, әлемдік қоғамдастық өзінің Декларациясында «демократияны көтермелеу мен құқық тәртібін нығайту» үшін күш-жігер жұмсау қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Демократияландыру проблеманың нақ осы мәдени және өркениеттік қыры қоғамымыздағы ахуалды саралаған кезде мүлде назардан тыс қалдырылып жүр. Ендеше дәл біздегідей жағдайда 10 жылдың ішінде қай құрлықта, қай ғасырда демократиялық қоғам орнатылған екен?

Біріншіден, азаматтарының бойына дәл осындай құқықтық нигилизм 100 жыл бойы қай елде сіңірілген екен? Екіншіден, мемлекеттің ыдырауы салдарынан экономикасы мүлде құлдырап тұралаған осындай ел бар ма екен? Үшіншіден, ұлттық, діни және нәсілдік белгілері жағынан сан алуан, ондаған ұлттардан құралған басқа осындай ел бар ма екен? Төртіншіден, осындай жағдайда өзінің мемлекеттігін құрған ел бар ма екен? Жоқ, мұндай мемлекет іс жүзінде де, саяси теорияда да болған емес.

Демократия жолында, шынында да біршама ілгері кеткен Шығыс Еуропа, Балтық маңы мемлекеттерін немесе Шығыс Азияның кейбір мемлекеттерін мысалға алғанда, осы елдердің

айта қаларлық мәдени, ұлттық, діни біртектілігі, әрі осы елдердің бәрінде үстіміздегі ғасырдың өзінде-ақ осы заманғы мемлекеттілік тәжірибесі болғаны, еске аларлық демократиялық дәстүрлері бар екен, басқасын былай қойғанда, жағрапиялық жағдайына дейін, неге екені белгісіз, оп-оңай ұмытылып кетеді.

Сондықтан да біздің демократияға беттеген қозғалысымыз әмбебап заңдылықтарға бағына отырып, бірнеше мәселелерді шешуі керек.

Бірінші – барлығы заңдарға сүйеніп өмір сүретін нақты құқықтық мемлекет құру. Әрине, ең алдымен, мемлекеттік құрылымдардың өздері заңда белгіленген ережелер бойынша қимыл жасауы керек. Саяси үдерістің басқа да субъектілеріне қойылатын талаптар да осындай. Барлық азаматтар заңға сәйкес өмір сүруді үйренуге тиіс. Бұл толыққанды демократияға көшудің сара жолы. Өйткені заң өзің мен өкіметтің арасындағы шарт. Жалған демократиялық ұрандар құқықтық мемлекетте құқық ауқымынан асып кетпеуі керек, ал асып кетсе, жанжалға, бөлшектелуге, қантөгіске әкеліп тірейді.

Екінші – демократия дегеніміз, қаншама маңызды әрі бағалы екеніне қарамастан, саяси бостандық қана емес. Бұл лайықты экономикалық өмір шарты мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басқа да бірсыпыра іргелі құқықтардың іске асырылуы деген сөз.

Үшінші – саяси жүйені ырықтандырған кезде біз аймақтағы халықаралық экстремизм қысымының ұлғайып келе жатқанын, халықтың аса күрделі ұлттық және мәдени-діни құрамын ұдайы есте ұстауымыз қажет. Бұл жағдайды ескермесек, жеріміз әлдеқашан отқа оранған болар еді. Бұл біздің сыншыларымыздың оңды-солды ой сабақтауына оңды болар еді, алайда біз оларға мұндай мүмкіндік бере қоймаймыз.

Алайда біздің бүгін қоғамымыздағы саяси реформаның қарқыны экономикалық өзгерістеріміздің ауқымынан біршама кейіндеп қалғанын мойындауымыз керек. «Ілгері жүрмеген – кері кетер» деген көнеден қалған сөз бар.

Саяси жүйені демократияландыру бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі.

Бірінші. Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту, құқықтық реформа.

2000 жылғы 1 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойылды. Жоғарғы соттың жанынан Сот әкімдігін жүргізу жөніндегі комитет құрылды. Сөйтіп, соттардың қызметін қамтамасыз ету міндеті Әділет министрлігінің құзырынан алынып, еліміздің жоғары сот органына берілді. Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың құқықтық жағдайын айқындайтын жаңа конституциялық заңның

қабылдануы сот жүйесінің дербестігін қамтамасыз етудегі келесі қадам болды.

Сонымен қатар құқықтық реформаның аясында еңбекпен түзеу мекемелерінің жүйесі Ішкі істер министрлігінің қарауынан Әділет министрлігінің құрамына берілетін болады.

Екінші. Өкілді өкімет органдарының өкілеттігін кеңейту.

«Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» жаңа Заң жергілікті өкіметтің өкілді және атқарушы органдары өкілеттігінің аражігін айқын ажыратып беруге тиіс. Атап айтқанда, әкімдердің қызметі мен жергілікті бюджеттің атқаруын бақылау мәселелерінде мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту қажет.

Бүгінде Парламенттің қолында Конституцияны өзгертуге, Премьер-министрді шеттету тетігіне дейін кез келген министрді қызметінен алуға жетерлік нақтылы билік бар; Есеп комитетін де негізінен Парламент жасақтайды.

Дегенмен турасын айтсақ, Есеп комитетінің белсенділігі жетімсіз. Парламенттің Есеп комитетін кадрлармен нығайта отырып, осы институт арқылы мемлекеттік бюджеттің атқарылуын нақтылы бақылауға барлық мүмкіндігі бар.

Үшінші. Сайланбалылықты кеңейту және сайлау заңнамасын жетілдіру.

Таяу уақытта Әкімдердің сайланбалылығын кезең-кезеңмен енгізудің мемлекеттік бағдарла-

масы әзірленеді. Бұл бағдарламада 2002 жылдан бастап, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын өткізу көзделеді. Осы сайлаулар аяқталғаннан кейін аудандар мен қалалар әкімдерінің сайланбалылығына көшеміз. 2001 жылдан бастап республикада жергілікті жерлерде тиісті мәслихаттардың сайлау комиссияларын жасақтауына көшу біртіндеп жүзеге асырыла бастайды.

Төртінші. Азаматтық қоғам институттарын нығайту. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң қабылдау қажет. Осы заңға сәйкес қалалардың шағын аудандарында, ауылдар мен селоларда, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде қолында жергілікті проблемаларды шеше алатын нақты өкілеттіктері бар қоғамдық өзін-өзі басқару құрылымдары жасақталады.

Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қазірдің өзінде Қазақстанда құқық қорғау қызметінде де, халық топтарының айрықша мүдделерін жүзеге асыруда да, қоғамды әлеуметтік тұрақтандыруда да үлкен рөл атқарып отыр. Атап айтқанда, әлеуметтік мәнді жобаларды жүзеге асыру үшін кепілдіктер жүйесі арқылы елеулі мемлекеттік қолдау керек. Осы саладағы ауқымды жұмыстарды қолға алатын уақыт жетті.

Бүгін біз үшін әлеуметтік қайшылықтарды құқықтық құралдармен шешудің, әлеуметтік шиеленістің саяси арнаға өтіп кетуіне жол бермейтін тетіктер жасаудың өмірлік маңызы бар.

Сондықтан бұл саладағы басымдық «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» заң жобасы деп білемін.

Маңызды заң жобаларын Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессияларында, қоғамдық күштердің басқа да форумдарында Үкіметтің қатысуымен талқылау тәжірибесі енгізілетін болады. Бұл ретте олар түрлі әлеуметтік және этностық топтардың мүдделерін ескере отырып, мемлекет басшысына да, Парламентке де, Үкіметке де өздерінің ұсыныстарын енгізу құқығына ие болады.

Қазақстан азаматтарының шетелге шығу тәртібін оңайлату керек. Осыған байланысты шетелге шығу үшін ІІМ-нің арнайы рұқсатын ресімдеу сияқты тәртіптің күшін жойған жөн. Сонымен қатар құқық қорғау органдарының қоғамдық-саяси бірлестіктердің жабық шараларына міндетті түрде қатысуының да күші жойылатын болады.

### 3. Ұлттық қауіпсіздік – мемлекеттік саясаттың негізі

1 тарихи заңдылық бар: ғасырлар тоғысындағы бетбұрыс кезеңінде әрдайым қантөгіс қақтығыстардың белең алатыны білініп жүр. Бірақ бүгін мұның 1 айырмашылығы сонда, соғыс лаңына әдетте әлемдегі шағын және орта мемлекеттер килігеді. Осы 1 кереғарлықтан біздің ұлттық

қауіпсіздігімізге тікелей қатысты мәселе қылаң беріп отыр.

Ғаламдық тайталас соңғы 10 жылдың ішінде келмеске кетіп, есесіне миллиондаған адамдардың өмірін қиған оқшау соғыс ошақтары пайда бола бастады. Негізінен алғанда, бұлар жас тәуелсіз мемлекеттердегі ішкі діни және этностық қақтығыстар. Ең қорқыныштысы да сол, Орталық Азия әлемнің жарылыс қатері күшті 5–6 аудандарының қатарына жатады, егер әрекет жасамай қарап қалатын болсақ, біздің халықтарымыздың болашақтағы тыныштығына ешкім де кепілдік бере алмайды.

Біз бұдан 10 жыл бұрын болған қауіпсіздік жүйесінің келмеске кеткенін айқын түсінуге тиіспіз. Өкініштісі сол, қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, аймақтағы жағдай осы 10 жылдың ішінде күрт нашарлап кетті. Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет.

Әңгіме қандай қатерлер туралы болып отыр?

Әңгіме, ең алдымен, халықаралық терроризм мен экстремизм қатері туралы болмақ. Бұл нақтылы күш және осы заманғы дүниедегі ең қуатты деген мемлекеттердің өзі де экстремистер тарапынан жойқын соққыға ұшырап отыр. Адендегі американдық әскери-теңіз күштеріне осыдан бірнеше апта бұрын жасалған қатаң соққыны еске алсақ та жеткілікті. Бүгінгі экстремизм – бұл мол

ақша, ұрыс қимылдарын жете меңгерген әрі әбден жаттыққан мыңдаған қарулы адамдар, бұл тығыз халықаралық байланыстар мен қатынастар, бұл жақсы жолға қойылған идеологиялық тұғырнама. Халықаралық терроризм мен экстремизм күшінің таяу арада Орталық Азияға қарай кезелетініне еш күмән келтіруге болмайды. Мұның бірнеше себептері бар. Ал ең бастысы бұрынғы қауіпсіздік жүйесінің күйреуі.

Аймақтың айрықша проблемасы Ауғанстан болып отыр. Осы ел экстремистер шоғырланған аумақ қана емес, әрі есірткі мен есірткі бизнесінің де ошағына айналған. Орталық Азия біртіндеп есірткі өтетін өлкеге ғана емес, ең зардапты есірткіні жаппай қолданатын аймаққа да айналып келеді. Ауған есірткі бизнесі Орталық Азия халықтарының ұлттық тек-тамырына да қатерлі зардабын тигізіп отыр. 2000 жыл әлі аяқталған жоқ, ал Қазақстан аумағында ғана Ауғанстаннан әкелінген 200 килограмға жуық героин қолға түсті.

Соңғы жылдары осы елдің айналасындағы дау-дамай мен сырқынды алыпсатарлық белең алып барады. Қазақстан ешқашан өзінің нық және нақты тұғырынан тайған емес. Біздің тұғырымыз ауғандықтардың өз ішінде ұлттық ымыраға келуінің, ал оның барлық көршілерімен халықаралық ұйымдардың тіл табысу мүмкіндіктерін іздестіруге саяды. Ауған тауларында тіпті Британия империясының не әскери қуатты держава Кеңес Одағының армиялары да жеңіске жете алмағаны

да белгілі. Ауған мәселесін бәз біреудің сырттан күшпен шешіп беретініне үміт арту дегеніміз тарихты білместік болып шығар еді.

Осымен тікелей байланысты келесі қатер – босқындардың жаппай қоныс аудару қатері, мұның өзі Орталық Азияға нағыз гуманитарлық апат төндіретін қатер. Бүгінгі күннің өзінде, қыс түсер кезде 100 мыңнан астам босқынның Ауғанстаннан біздің елдерімізге қарай жөңкілуі ықтимал. Егер осылай бола қалса, аймақтағы тұрақтылық жайлы көпке дейін ұмытуға тура келеді, өйткені, әңгіме қарттар, әйелдер мен балалар жайлы ғана емес, қару асынған мыңдаған адамдар жайлы да болып отыр.

Көзге ұрып тұрған экстремизм, террорлық әрекеттер, есірткілер, босқындардың шұбыруы қатерінен өзге, көзге көрінбейтін басқа қауіп те бар. Соғыс алдымен адамдардың санасында басталады деген сөз рас. Күн сайын, сағат сайын біздің адамдарымыздың санасы үшін де күрес жүріп жатыр. Діни экстремизмнің Қазақстанға қатысы жоқ, біздің тарихи дәстүріміз басқа, бізде ешқашан фанатизм болған емес деген оймен өзімізді алдаусырату ретсіз. Солай екені де рас. Бірақ уақыт өз өзгерістерін енгізетінін ұмытпаған жөн.

Осындай көрініп тұрған және көрінбейтін қатерлерге қайтаратын біздің жауабымыз қандай?

Күрделі сауалдардың оңай жауабын іздейтін алдамшы пиғылдың болмай қалмайтыны да емес. Біз қарапайым жауап емес, дәл жауап табуымыз

қажет. Біздің іс-қимылымыздың бағдарламасы еліміздің Қауіпсіздік кеңесінің өткен жылдың аяғында қабылданған Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясында айқын тұжырымдалған.

Біріншіден, ұлттық қауіпсіздігіміз және өзіміз ұшырасып отырған орта мерзімдік қатерлер тұрғысынан алғанда, қазіргі ең маңыздысы аймақтық қауіпсіздіктің сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақты жүйесін жасақтау. Міне, нақ осы үшін де бізге Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім мен «Шанхай бестігі» аса қажет. 2000 жылы Ұжымдық қауіпсіздік келісімі аясында айқын және нақты шешімдер қабылданды. Дәл осы айдың өзінде Бішкекте аймақтық коалициялық әскери топтар құру жөнінде шешім қабылданды. Бұл аймақтық қауіпсіздіктің жаңа жүйесінің іргесін қалайды.

Біз бұл шешімге ұзақ жүріп жеттік. Бұл жауапты таңдау және мұнда ұпай алуды көздейтін саясат жоқ. Мемлекет қауіпсіздігі өте-мөте маңызды мәселе және оны алдын-ала қамтамасыз ету қажет. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімнің айналасындағы айла-шарғы жетіп жатыр.

Қазақстан бұл келісімнен іс жүзінде нәтиже шығаруды көздейді. Біздің ешкімге шабуыл жасау ниетіміз де жоқ немесе әлдекімдердің геосаяси әпербақандығын күйттемек ойымыз да жоқ. Біздің жалғыз ғана, қарапайым мақсатымыз – таяу және орта кезеңде еліміздің дамуына қажет

қауіпсіз жағдай туғызу. Қазіргі кезеңде ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім осы міндетті жүзеге асыру құралы болып отыр. Мұның артығы да жоқ, кемі де жоқ. Осы мүдделердің шегінен асатын нәрсенің бәрі, былайша айтқанда, қулыққа салу болар еді. ҰҚК-ға қоса біз «Шанхай бестігінің» қуатын еселеуге күш салып, Орталық Азия елдері арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге қарсы бірлескен күрес туралы шарттың мүмкіндігін арттыруға жұмылатын боламыз. Депутаттардың жаңа халықаралық келісімдердің тұтас 1 шоғырын бекіту тұрғысында қолдаулары да керек.

Екіншіден, көршілерің қанша жақсы болса да, әдетте әркім әлді көршілерін сыйлауға бейім. Бұл ақиқат алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бергі мыңдаған жылдардың ішінде айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Біз осы заманғы қуатты әскер жасақтауымыз керек. Бұл ретте біз өткен соғысқа әзірлік жасауға бейім генералдарға ұқсамауымыз қажет. Біздің әскердің алдында тұрған бүгінгі міндет бұдан 10 жыл бұрынғы міндеттен мүлде басқа.

2000 жылы соңғы онжылдықтың ішінде тұңғыш рет әскерді нақтылы қаржыландыру молайып отыр. Біз Қазақстан аумағында әскери округтер, ең алдымен Оңтүстік және Шығыс әскери округтерін жасақтай бастадық. Қазіргі кезде оқшау ұрыс жүргізуге бейімделген жаңа арнаулы бөлімшелер даярлау қолға алынды. Біз шекарамызды анағұрлым нығайттық. Айналасы 1 жылдың

ішінде бұрын пәрменді шекаралық бақылау болмай келген бағыттарда жаңа шекаралық отрядтар құрылды. Кедендік желілерде де осындай жұмыстар жүргізілді. Биыл көші-қонға бақылау әжептәуір күшейтілді. Біздің арнаулы қызметтер Қазақстан аумағында экстремистік топтардың әрекетінің алдын алу мен тыйып тастауға бағытталған ұтымды шараларды жүзеге асырды.

Кейде баршаға мәлім ақиқатты қайталап жатуға тура келеді, яғни нағыз шындық мынаған саяды, Қазақстан аймақтағы ең тұрақты және ең қауіпсіз мемлекет болып келді және алдағы уақытта да болып қала береді, өйткені біз жағдайдың тамырын тап басып, танып отырмыз.

Қауіпсіздік саласындағы проблемалардың күрделілігі сонда, ол мемлекет тарапынан әрдайым алдын ала іс-қимыл жасалуын талап етеді. Мен Қауіпсіздік кеңесіне және әлеуетті құрылымдарға терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің 2001–2003 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жасауды тапсырдым. Әлеуетті құрылымдар жұмысы көп реттерде олардың осы бағыттағы жұмыстарының пәрменділігіне қарай бағаланады. Қарулы Күштердің ахуалы да айрықша назар аударуды талап етеді. Еліміздің Үкіметі 3 міндетті шешуге:

– жыл сайын ішкі жалпы өнімнің кемінде 1 %-ын Қорғаныс министрлігінің қажеті үшін бөліп отыруға;

– осы заманғы аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыруға;

– әскерге жұмылдыру даярлығының толымды жүйесін қайтадан қалпына келтіруге тиіс.

Үшіншіден, есірткі дертіне ұшыраған қоғам қауіпсіз қоғам бола алмайды. Бұл жөнінде мен өткен жылғы Жолдауымда да айтқан едім. Иә, биыл есірткі құмарлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 5 жылдық стратегиясы мен 2 жылдық мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Алайда қандай да 1 алға басушылық байқалар емес, ал деректер ахуалдың қайта нашарлап бара жатқанын көрсетіп отыр. Біз орасан зор есірткі арнасының бойында отырып, өзіміздің ішкі күш-қимылымызбен ғана мәселені шеше алмайтынымызды да түсінеміз. Дегенмен мұның өзі қол қусырып қарап отыру керек деген сөз емес.

Дереу бірқатар қатал және нақты шаралар қолдану керек. Мен Үкіметке әр облыста есірткі құмарлық пен есірткі бизнесіне қарсы бағдарлама әзірлеу мен енгізуді және әр аймақтың бюджетінде осы бағдарламаны қаржыландыруға қажетті қаражат қарастыруды тапсырамын. Еліміздің әрбір облысында есірткі диспансерлерін ашу немесе жұмыс істеп тұрған диспансерлер мен медициналық әлеуметтік оңалту орталықтарын нығайту керек. Есірткі таратқаны үшін және есірткі бизнесіне тікелей қатысты экстремистік әрекет үшін жауапкершілікті күшейту жөнінде

ұсыныстар берілсін. Мен бұл мәселені шешуде депутаттық корпустың қолдауына үміт артамын. Еліміздің Қауіпсіздік кеңесі есірткіні анықтау жөніндегі кедендік және шекаралық бақылауға нақты талдау жасап, осыған байланысты түскен ұсыныстар мен тұжырымдарды 2001 жылдың басында қарауға тиіс.

Төртіншіден, 2001 жылдан бастап, менің тапсырмам бойынша әзірленген еліміздің Экономикалық қауіпсіздігінің стратегиясы жүзеге асырыла бастайды. Таяу уақытта ол Қауіпсіздік кеңесінде талқыланатын болады. Әлемдік тәжірибені, сондай-ақ осындай өзгерістерді басынан кешкен елдердің тәжірибелерін зерделеу экономикалық қауіпсіздіктің негізгі 4 элементін – құрылымдық, технологиялық, институттық және қаржылық элементін қарастыратын үлгісін құруға мүмкіндік берді. Осы стратегияның негізінде Үкіметтің іс-шараларының нақты жоспары жасалатын болады.

Егер біз, біздің ұрпақ, құқықтық негіздерінің бірі осындай күз күндерінің бірінде осыдан 10 жыл бұрын қабылданған еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясынан арна тартатын стратегиялық міндетті – азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмасақ, онда біздің экономикалық және саяси жоспарларымыздың бәрі де тарих үшін және біздің ұрпақтарымыз үшін су бетіндегі үйірілген майда толқындай ғана болып қала береді.

**Қазақстан халықтары Ассамблеясының VII сессиясында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2000 жылғы 15 желтоқсан

**Құрметті Қазақстан халықтары!**
**Ассамблеясының мүшелері!**
**Қадірлі қонақтар!**

Адамзат тарихындағы әр күннің өзіне тән бітімі бар. Ендеше тұтас ғасыр туралы не деуге болады? Әсіресе, «ғасырым менің, қасқырым менің» деп текке айтылмаған ғасыр туралы не айтар еді? Бұл сәуегейліктің Қазақстан топырағында толығымен көрініс бергенін мойындамасқа лаж жоқ.

Әкелген қайғысы да, қуанышы да түпсіз осы алапат ғасырдың арқауын біздің бабаларымыз бен әкелеріміз өздерінің қанымен өрді. Халық тарихтың осынау бетбұрыс кезеңінде қазақ халқының үштен бірі келмеске кетіп, біздің миллиондаған орыс, украин, неміс, корей, шешен, кавказдық отандастарымыздың тағдыры зорлық пен зомбылықтың тәлкегіне түсті.

Алайда өткен ғасырдың ғарышқа самғатқан небір жасампаздық істер зор жетістіктер ғасыры болғанын да ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан да ұлы жүзжылдықты тек қара бояумен бейнелеу де қисынсыз, орасан зор өзгерістердің мәні мен ауқымын ұмыту да қисынсыз. Тұтас халықтар үшінші мыңжылдықтың ғаламдық тарихына өз шежіресін жазуына мүмкіндік берген көктің күші, әлдебір құдіреттің күші емес, оның тәуелсіздік жолындағы күресінің заңды жемісі, ақ ниетінің өтеуі еді.

Ендеше, XX ғасырдың соңында, XXI ғасырдың басында осы шаңырақтың астына жиналған еліміздегі барлық халықтар мен барша қауымдастықтардың өкілдері орнымыздан тұрып, 1 минутымызды өткен ғасырға салауат айтып, келер ғасырдан ақ тілек тілеуге арнайық, ал діндарларымыз шын көңілден Жаратқанға дұға бағыштасын.

## Азаматтық бірліктен мәдени ортақтастыққа қадам басайық

2000 жылдың ең айшықты оқиғасы – адамзат тарихында тұңғыш рет әлемнің барлық елдерінің

басшыларының басын қосқан Нью-Йорктегі Мыңжылдық саммиті қауіпсіздік пен ауқымды қатерлердің алдын алуға ғана емес, сонымен қатар мәдени, діни, өркениеттік тақылеттестік мәселелеріне де арналды.

Сондықтан да, Қазақстандағы Мәдениетті қолдау жылы жайында айтқанда, біздің жекелеген міндеттерге ғана тоқталып қоймай, қазіргі дүниеде төл мәдениетінсіз кез келген ұлт пен кез келген мемлекеттің «ізім-ғайым жоқ болып кетуі мүмкін» екенін түйсінуіміз қажет.

Егер осыдан 10 жыл бұрын біздің басты саяси міндетіміз азаматтық бірлікке, азаматтық тақылеттестікке жету болса, бүгінгі күні мұның өзі жеткіліксіз.

1990-шы жылдардың бас кезіндегі тіл туралы, қос азаматтық туралы, азаматтық өзіндік анықталу туралы атышулы дау-дамайдың куәлері осы шаңырақтың астында отыр. Өмір біздің стратегиялық бағытымыздың дұрыстығын қуаттап берді. Қазір ел жұртының 99 %-ы дерлік, тіпті келешекте еліміздең қоныс аударамақ болып жүргендер де, өздерін Қазақстанның азаматтары деп біледі.

Бұл біздің ортақ ұлы жеңісіміз, қамсыз келмесе де, қансыз келген жеңісіміз.

Ал мемлекет – ортақ аумақ пен азаматтық немесе ортақ экономика ғана емес, сонымен қатар халықтың ортақ мәдениеті деген сөз.

Мемлекеттігімізді нығайту міндеті көбінесе барша халықты, қоғамды ортақ қалыптар мен құндылықтар төңірегіне топтастырумен астасып жатыр. Өзіңнің ұлттық тағдырыңды айқындаудың еркіндігі мен бостандығы сайып келгенде мәдени құндылықтар мен қалыптардың ортақ болып қана қоймай, әркімнің еркін дамуына мүмкіндік беретіндей болуын талап етеді.

Мен Қазақстанның мемлекеттік құрылысының іргесін мәдени тақылеттестікті ұлтының негізінде емес, азаматтығының негізінде қалыптастыру қағидаты қаланғанын бұдан бұрын да айтқан едім.

Міне, нақ осы жағдаят бізді берекесіздік пен бетжыртысудан сақтады, міне, нақ осы принцип жаңа, XXI ғасыр мемлекеттік құрылыстың, ұлттық мәдениеттер ықпалдастығының аса 1 күрделі де нәзік саласында алдымызға қойып отырған талаптарға барынша сай келеді.

Бүгінгі таңда бұл қағидатқа неғұрлым нақтылы мазмұн-мағына беруіміз қажет.

Осы онжылдықтың басында біз Қазақстан аумағын мекен етіп жатқан барлық жұрттардың рухани төлтума мәдениетін түлетуге бағыт алдық. Сөйтіп, Қазақстандағы мәдениеттердің қоғамдасуы нақтылы шындыққа айналды.

Келесі кезең – біртұтас мәдени ортақтастықты қалыптастыру, мұның кейбір сарыуайымшылдар ойлайтындай, 1 мәдениетті екіншісінің сіңіріп алуы, төл бейнесін жоғалтуы сияқты құбылысқа ешбір жанасымы жоқ.

Алайда бұл ретте осы біртұтас мәдени ортақтастықты қалай құру, қандай негіздерде құру керек деген мәселе бой көрсетеді. Әлбетте мұның дайын рецепті жоқ, болмайды да, дегенмен мұндай құрылыс үшін берік объективті негіздер бар. Әңгіме 4 негіз туралы болып отыр.

Біріншіден, Қазақстанның және тұтас Еуразияның аумағында жұрттардың қатар өмір сүруінің ежелгі әрі берік мәдени дәстүрі бар. Бүгінгі таңда бұл дәстүр әртүрлі бояма алыпсатарлықтан арылып, мүлде басқа қалыпта көрініс береді. Бізде ірі-ірі мәдени дәстүрлер үндесуінің тарих сынынан өткен тамаша үлгісі бар.

Осы заманғы дүниеде сырттай аңызға айналдырудан бастап, діни радикализмге дейін, ұлттық тарихты әлемдік оқиғалардың кіндігіне айналдырмақ болатын балаң әуейіліктен бастап, мәңгүрттікке дейін өзіңнің мәдени тауашаңды қапылып іздеудің ешқандай қажеттігі жоқ. Ақиқат мәні, әдеттегідей, осы 2 аралықта жатыр. Тек мәдени тосқауылдар қоюды тежеп, дәстүрлі мәдени араласушылық әлеуетін молықтыра беру керек.

Біз мәдениетіміздің үндесуіне дәйім ашықпыз. Соңғы 10 жылдың ішінде Қазақстанның бірегей аралық ерекшеліктері жайлы көп айтылып жүр. Мұны Ұлы Жібек жолының дәуірінде біздің бабаларымыз ескеріп отыр-ған. Осы жолдың мархабаттылық сабақтарын естен шығармағанымыз абзал. Біздің мәдениетіміз төлтума аймақтық құбылыс

қана емес, ол ұланғайыр Шығыс-Батыс мәдениет көпірінің құрамдас қуатты бөлігі.

Сондықтан да мен еуразиялық ықпалдастық идеясын жүзеге асыруға күш салдым. Бұл еңбегім биыл Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құрудан өз дәйегіне жетіп отыр.

Мұның өзі бізге мәдени саясатта белгілі 1 таңдау жасау қажеттігін ұсынады.

Қазақ мәдениеті, ең алдымен, халықтың барлық қиындықтарды еңсеріп, осы заманғы дүниеде дербес мәдени құбылыс ретінде сақталып қалуына мүмкіндік берген ғасырлар бойы жинақталған дәстүрлердің жиынтығы.

Халықтың жанын, тілі мен дәстүрлерін сақтап қалудан маңызды міндет, сірә, болмаса керек.

Әсіресе, соңғы жүздеген жылдардың ішінде тарих талқысы аяусыз қатыгездікпен езгілеп, жаныштаған халықтың мәдениеті хақында солай болса керек. Қазақ мәдениеті объективті тұрғыдан күллі Қазақстан халқының мәдени ортақтастығын бойына сіңіріп әкетпейтін, қайта төңірегіне топтастыратын ұйытқы болуға тиіс.

Біз орасан зор ислам өркениеті құрлығының 1 бөлігіміз. Мұны әсте естен шығаруға болмайды. Біздің бұл бағыттағы өсіп келе жатқан мәдени ықпалдастығымыз – объективті заңдылық. Біздің бабаларымыздың сан буыны осы таза тұмадан имандылықты бойына сіңірген, осы таусылмас кәусар қайнардан рухани сусын тапқан.

Біз, сонымен қатар, тарихы ортақ, жаны мен қаны туыс, тілі мен ділі тұтас ұланғайыр түркі әлемінің де 1 бөлігіміз.

Ал түркі әлемінің келер ғасырдың ең 1 серпінді саяси және мәдени сілемі екені де ешқандай дау туғыз-баса керек. Біздің күшіміздің, біздің рухымыздың 1 қайнары да, міне, осында жатыр.

Орталық Азияның, біздің көршілеріміздің, негізінен өзіміз жаңа ғасырға бірге қадам басатын түркі халықтары екенінің де маңызы ерекше.

Біздің отандастарымыздың едәуір бөлігі орыс мәдениетімен етене байланысып жатыр, жалпы алғанда қазақстандықтар орыс тілі мен орыс мәдениетін тұтас әлемдік мәдениеттің аса маңызды құрамының бірі деп біледі.

Мұнда ешқандай асыра айтушылық жоқ. Бұл жайында әрі турасын, әрі бүкпесіз шындықты айту керек. Әйтпесе, бүгінгі таңда қай халық, егер оның санасын саясатшысымақтар шатастырмаса, орыс мәдениеті сияқты бай мәдени мұрадан өз еркімен бас тартар еді?

Бұл мәселе хақындағы өз ұстанымымды мен әрқашан ашық мәлімдеп келдім, тіпті Ресей басшылығына орыс тілін қолдау жөніндегі халықаралық қор құру жайында ұсыныс та жасаған едім.

Дегенмен, мәдениеттің 4 тегершігін қиямет қайымға айналдырмас үшін, оны іске асыру бағытында тынбай жұмыс істеу қажет. Осы орайда Қазақстан

халықтары Ассамблеясына жүктелетін жауапкершілік аса зор. Бұл тұста түркі бірлігін нығайтам деп, иә болмаса, діни бұра тартушылыққа салынып немесе осыдан 10 жыл бұрын тарихтың өзі мансұқ еткен мәдени ахуалды көксеп, көрпені өз жағына тарту қаупіне жол бермеу аса қат.

Біз осы заманғы Қазақстанның мәдени ахуалының күрделілігін айқын бағамдауға, дегенмен одан қаймықпауға, қайта жақындасу мен жанасу нүктелерін іздестіріп табуға тиістіміз.

Тарих пен дәстүр бізге мұндай мүмкіндік беріп те отыр. Қазақстан астанасындағы әлемдегі Лев Гумилев атындағы бірден-бір университет тегіннен-тегін Еуразиялық аталып отырған жоқ.

Бұл бүгінгі өтпелі сұраныстың өтеуі емес, бұл тарих пен болашаққа деген ізет. Бізде мәдениеттердің бірін-бірі толықтыратын ұлы дәстүрлерінің негізінде мәдени тұтастық орнататын мүмкіндік бар.

Екіншіден, біздің Қазақстанның жағдайында мәдениеттердің үндесуі сонымен бірге діндердің үндесуі деген сөз. Біз мұны ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Алайда мұнда үлкен кереғарлық жатыр, адамзат тарихында діни наным жолында құрбан болған адамдар алапат әлемдік соғыстарда опат болған адамдардан 1 кем емес.

Дегенмен Еуразияның біз жақ бөлігі – ұзақ уақыттың өн бойында мұсылман мен христиан

қауымдастықтарының қақтығыссыз қатар өмір сүруінің жақсы айғағы. Әрі мұның өзі 2 ұлы әлемдік діндер тайталасы мәдениеттің қақ жарылған орасан зор жікке бөлінуі жағдайында болып отыр деуге де жақын.

Осы жылдардың ішінде діндердің бейбіт үндесуі тұрғысында жинақтаған тәжірибеміз – Қазақстанда мәдени құндылықтар мен қалыптардың біртұтас жүйесін қалыптастырудың берік негізі.

Біздің осы мәселеге қатысты бірқатар маңызды тақырыптарды байыпты талқылап алғанымыз жөн. Нақ осы арада, Қазақстан халықтарының Ассамблеясында талқылап алуымыз керек, өйткені оның баршамызға қатысы бар, өйткені нақ осында біздің барлық халықтарымыз өкілдік танытып отыр.

Үшіншіден, егер біз жабық қоғам қалпында қалған жағдайда, мәдени ортақтастықтың ешқандай болашағы болмас еді.

Қазақстанның мәдени өрісін ұдайы нәрлендіріп отырмайынша, біртұтас етіп қалыптастыру мүмкін емес. XXI ғасыр біздің алдымызға қоятын талаптарға біз өз қоғамымыздың жаңа әлеуметтік және мәдени технологияларды бойына сіңіруге деген әзірлігін қарсы қоя білуіміз керек.

Күмәншілдер осы заманның ашықтығына қанша налығанымен, мұның өзі, негізінен алғанда, үлкен игілік.

XXI ғасырдың мәдени қалыптарын, білімді игеру стандарттары мен ақпараттық дағдыларын, өзінің ана тіліне қоса міндетті түрде 1, 2 немесе 3, кейде тіпті 4 тілді меңгерген Қазақстан жастары бейнелейді. Бұл әлемдік мәдени кеңістікке еркін кіріккен жастар, болашақ та солардікі. Қазірдің өзінде жарты мыңнан аса қазақстандықтар, қазақтар мен орыстар, корейлер мен ұйғырлар, татарлар мен украиндар «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғана әлемнің айтулы жоғары оқу орындарында білім алды.

Осы бағдарламаның сыртында мыңдаған жастардың түрлі гранттар арқылы, жеке меншік қорлар мен өз қаражаттарының есебінен әлемнің таңдаулы университеттері мен колледждерінде оқып қайтқанын еске салу да артық емес.

Мәселе сырт жерлерде оқып жатқандарға ғана тіреліп тұрған жоқ. Еліміздегі білім беру жүйесінің өзі де сапалық жағынан қайта құрылды. Студенттер ауқымын жасақтаудың жаңа үлгісі енгізілді. Биыл еліміздегі 20-дан аса ұлттардың өкілдері 12437 білім гранты мен 9854 несие алды.

Біз мектептерді компьютерлендіруді іс жүзінде аяқтадық. Біз білім беруді мәдениетті дамытудың әдібі деп білеміз.

Ал білімділер таяу уақыттың ішінде Қазақстандағы мәдени ортақтастықты қалыптастырудың маңызды тұтқасына айналуға тиіс жаңа тұрпатты адамдар. Ал мәдениет дегеніміз кәсіби өнер ғана

емес, ол, ең алдымен, әрбір келер ұрпақ өзімен бірге әкелетін қалыптар мен құндылықтар жүйесі.

Бізде қазір еліміз тарихының өн бойындағы ең білімді де білікті ұрпақ өсіп жетіліп келеді. Сірә, мәдениетіміздің дамуына жұмсалған осыдан келелі кепілдік бар ма екен?

Төртіншіден, Қазақстан халықтарының мәдени ортақтастығы демократиялық негізде ғана әрі мәдениеттер мен халықтар арасында жатсынбаушылық болған жағдайда ғана мүмкін екенін айтқан ләзім.

Демократияны ұстанбайтын қоғамдарда ұлттық мәселені шешу тәсілдері тарихтан ғана емес, осы заманғы үрдістерден де мәлім.

Соңғы 10 жылдың ішінде ұлтаралық қақтығыстарда бірнеше млн адамдардың опат болғанын естеріңізге сала кетейін. Негізінен алғанда, бұлар – демократияны ұстанбайтын қоғамдардағы этносаралық жанжалдардың құрбандары.

Сонымен 1 мезгілде, дамыған демократиялық елдерде оқшаулыққа бейімдіктің болуына қарамастан, соғыстар болған емес. Сондықтан да біз демократияландыру мәселесіне ұлтаралық және мәдени қатынастар тұрғысынан да қарауымыз керек.

Осы өзара байланысқа 2 түрлі көзқарас бар. Бұл ретте көптеген адамдар демократияландырудың бірталай ТМД елдерінде толып жатқан құрбандықтарға ұшыратқанын тілге тиек етіп,

біздің жуырдағы тарихымызды еске салуға әуес. 1 қараған мұның шындыққа сәйкес көрінуі де ықтимал, дегенмен «кейінгі дегеннің өзі салдары дегенді» әсте білдірмейді. Мұның өзі 1 адамның өлімі дүниежүзілік соғыстың себебі болды деумен барабар. Демократияландырудың ұлттық араздықтың ескі дерттерін қаузағаны рас. Иә, қаузауын қаузады, бірақ қоздатқан жоқ, тек дауасын табуды ұсынды.

1 халықтың келесі 1 халықтарға деген реніші мен наласының ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы қордаланып келгені де жасырын емес.

Бәз біреулердің пікірінше, барлық ұлттық дерттердің дауасы демократияландыруда жатқан сияқты, демократиялық қоғам орнаса жетіп жатыр, ешқандай ұлтаралық жанжалдар болмайтын секілді. Өкінішке қарай, бұл да қателік.

Авраам Линкольн айтқандай, «еркіндікті қой өзінше, қасқыр өзінше түсінеді».

Өйткені Еуропаның кейбір демократиялық елде-рінде ұлтшылдардың миллиондаған дауысқа ие болып отырғаны да ешкімге құпия емес, сол сияқты сан ғасырлық демократиялық дәстүрлері бар елдерде адуын радикализмнің дамушы елдерден келіп жатқан ұлттық азшылыққа қарсы азуын білей бастағаны да құпия емес, сондай-ақ мақтаулы демократиялық елдерде аймақтық ұлтшылдық пен сепаратизмнің бар екені де ешкімге құпия емес.

Сондықтан да, 1 жағынан демократияландыру ұлттық мәселелерді ушықтырады деп санау да, екінші жағынан бұл мәселелерді ол өзінен-өзі шешіп береді деп санау да қате.

Ендеше, бұл күрделі мәселенің жауабын белгілі 1 мәдени және тарихи жағдайдағы нақтылы 1 елдегі мемлекеттік құрылыстың нақтылы іс-тәжірибесі ғана бере алады. Ал Қазақстан жағдайында біздің өзімізге өзіміз қайтаратын жауабымыз барлық сауалдың шешуі болады деуге келмес, дегенмен оның уақыт сынынан өткен тетіктер мен екшеулі пайымға негізделетіні анық.

Бұл жауаптың тұжырымы мынадай: «демократияландыру дегеніміз Қазақстандағы ұлтаралық татулықтың шарты, әлбетте кепілдігі емес, тек шарты ғана».

Демократияны «халықтың халықты халық үшін басқару» қағидаты ретінде ғана пайымдау таза күйінде еш жерде жүзеге асқан емес, әсіресе мұның өзі түрлі топтардың мүддесі тайталасқа түскен қазіргі жағдайда неғайбіл.

Вольтер: «Еркіндіктің мәні тек заңдарға ғана тәуелді болуда жатыр», деген екен. Біздің қоғамымыз адамдар заң бойынша өмір сүруді үйренген кезде ғана, біздің сот жүйеміз кім де болсын өз проблемаларының әділетті шешімін мемлекет басшылығынан, әкімдерден және басқалардан іздемейтіндей дәрежеге көтерілген кезде ғана шын мәнінде еркін бола алады.

Осы заманғы демократияның адам құқығына, ерік-ниетті еркін білдіру мен саяси және ұлттық азшылықтың мүддесін қорғауға қатысты іргелі принципі ұлттық қатынастарды үйлестірудің бірден-бір дәйекті тәсілі болып табылады. Бұған балама жоқ. Дәлірек айтсақ, мұның басқадай бейбіт баламасы жоқ.

Мәселенің түйіні осы теориялық тұжырымдарды іске асыруға саяды.

Нақ Қазақстанның нақты істегі тәжірибесі біздің ұлтаралық қатынастар мен мәдениетаралық үндесуге деген көзқарасымыздың ең сенімді көрсеткіші болып табылады.

Бірінші. Заңнама саласындағы қызметімізді алайық. Біз Қазақстанның егемендігі жекелеген ұлттардың емес, күллі халықтың тұтастығы мен бірлігіне негізделетіні жөніндегі қағидатты конституциялық тұрғыда бекіттік. Мұның өзі ұлтына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандығының теңдігін қамтамасыз етеді. Қазақстанда кімнің болсын, ұлттық құқығына қысым жасайды деп бағалауға болатын бірде-бір заң жоқ. Ал жаңа тәуелсіз мемлекеттердің бәріне бірдей осындай көзқарас тән деп айтуға болмайды.

Екінші. Елдегі тіл саясатын алайық. Бұл саладағы сандар баршаға мәлім, сондықтан оларды қайталап жатпайық.

1 ғана жәйтті айтайын, кеңестен кейінгі кеңістікте тек Қазақстанда ғана ресми түрде де,

тұрмыс саласында да 2 тіл бірдей қатар өмір сүріп жатыр. Бұл салиқалы заңнаманың ғана жемісі емес, сондай-ақ заңды сындарлы да салмақты қолдана білудің нәтижесі.

Үшінші. Ұлтаралық қатынастар мәдениеті тұрғысынан алғанда, Қазақстандағы ақпараттық орта адамды қорлап, шамына тиетін сіреспе сөз саптаулар мен таптаурын қағидалардан таза. Сол үшін де, ұлтаралық мәселелерге келгенде, әрдайым әдептен аспайтын өзіміздің бұқаралық ақпарат құралдарына, реті келгенде, мың да 1 алғыс айтқан орынды. 130 ұлттың және 40 конфессия мен конгрегацияның өкілдері тұрып жатқан елде басқаша болуы мүмкін емес.

Төртінші. Қазақстандағы мәдениет саласы – мемлекеттің сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де барлық ұлттық мәдениеттердің төлтумалығын түлету мен дамыту арқылы біздің мемлекетіміздің сан жұрттық бірегей келбетін сақтап қалуға деген ыстық ықыласының тамаша айғағы. Бұл – ұлттық театрлар мен мектептер, ұлттық фольклор мен діни түлеу мүмкіндігі.

Бесінші. Мемлекеттік басқару жүйесін, ең алдымен, кадрларды іріктеу жүйесін демократияландыруды алайық. Егер бұрынырақта бізге белгілі 1 ұлттың кадрларын қолдаудың жасырын тетіктері бар дейтін мін тағылып келсе, ендеше біз бүгін ТМД-да тұңғыш рет мемлекеттік қызметке кадрларды конкурс негізінде іріктеудің объективті

жүйесін жасап отырмыз. Қазірдің өзінде қатаң бәсекелі конкурстық негізде 9 мыңнан аса адам қызметке қабылданды. Жоғары оқу орындарына компьютерлік сынақтан өткен жастардың ғана студент бола алатыны да сіздерге белгілі, ал оның «әзірге» адамдардың ұлтын ажырата алмайтыны да өздеріңізге жақсы мәлім.

Сайып келгенде, мұның бәрі де барлық ұлттық топтардың көңіл-қошы үшін өте-мөте мәнді факторлар.

Алтыншы. Осы айтылған тұжырымдардың бәрінің материалдық қолдауды қажетсінгені де аян. Мәселен, 2000 жылы ұлттық мәдениеттерді дамыту үшін мемлекеттік бюджеттен 9 млрд 100 млн теңгеден аса қаржы бөлінді, демеушілік және меценаттық қаражаттан тартылған сома да 4 млрд 800 млн теңгеден асып жығылады. Білсеңіздер, айтыңыздаршы, ТМД-ның басқа қай мемлекеті биыл мәдениетке 14 млрд теңгеге тең келетін қаржы бөлген екен? Мәселенің ұшығы театрлар немесе консерваториялар сияқты бірегей нысандарға да тіреліп қалған жоқ. Біз 1 жылдың ішінде 1 мыңға жуық кітапханалар мен клубтар ашып, жұмыс істеп тұрған 2,5 мыңдай мәдениет мекемелерін жөндеуден өткіздік.

Ұлтаралық қатынастар мен ұлттық мәдениеттер ықпалдастығының қандай да 1 үлгісі хақында дауыс қарлыққанша дауласып, нақ сол сәтте 1 орынды тұралап тұра беруге болатыны да аян. Алайда біз сөзбен шектеліп қалмай, іс тындырып

та жатырмыз. Демек, мәдениет дегеніміз сөз ғана емес, сонымен бірге нақтылы іс екен.

Сайып келгенде, Қазақстанда этностық шығайлар тұрғысында теория ғана емес, іс жүзінде «Өзімнің ұлттық «Менімді» және өзіме азаматтық берген ел хақында патриотизмді сақтау» қағидасы түзілген екен. Бұл қағиданың келер ғасырда да сақталып қалатынына сенімдімін. Біздің мемлекеттік құрылысымыздың іс тәжірибесінде мұның өзі 1990-шы жылдардың басында ұлттық-мәдени орталықтар, ал кейіннен Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрудан айқын көрініс берді.

Бүгінгі сессиямыздың 1 ерекшелігі оның біздің Ассамблеямыздың құрылғанына 5 жыл толған уақытта өтіп отырғанында.

Бүгін өткенімізді ой елегінен өткізе отырып, біз осынау жаңа қоғамдық институт дүниеге келген 1995 жылғы наурызды ойға оралтамыз. Ассамблеяға сенбеген қаншама күмәншілдердің болғанын еске түсіріңіздерші. Дегенмен өткен жылдар сонда қабылданған шешімнің дұрыстығын қуаттап берді.

Ассамблея арқылы біздің қолымызға ұлттық саясатты жүзеге асырудың қуатты құралы тигенін, азаматтық қоғамның іргелі институты шаңырақ көтергенін өмірдің өзі көрсетіп берді. Ассамблеяның қызметі халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ сияқты ұйымның жоғары бағасын алып, кеңінен танылды.

Бүгінгі таңда 25 республикалық және аймақтық, 185 облыстық және қалалық ұлттық мәдени орталықтар түрлі ұлттар адамдарының мүддесін білдіріп, өкімет орындары мен этностар арасындағы сындарлы үндесуді қамтамасыз етеді, сол арқылы біздің ортақ ұлттық шаңырағымызды нығайтуға жәрдемдеседі.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының Мәдениетті қолдау жылы жүзеге асырылған іс-шаралары оның жұмысының жалпы мәдени және жалпы ұлттық сипат ала бастағанына айғақ.

Қазақстан халықтары достығының I фестивалін, Қазақстан халықтары тілдерінің II фестивалін, «Оқжетпес» лагерінде «Қазақстан халықтары балалар Ассамблеясының» екінші маусымын өткізу ұлттық орталықтардың біртұтас мәдени кеңістіктегі жұмысын қалыптастыратын мәдени мәні үлкен оқиғаларға айналды.

Ассамблеяның дүниеге келген сәтінде оның басы-қасында болған, оның нығаюына жеке үлес қосқан, оның сапында бүгінгі күні де жұмыс істеп жатқан барша жандарға шын жүректен ақ алғысымды арнаймын.

### Қазақстан халықтары Ассамблеясының осы заманғы жағдайдағы рөлі туралы

Бейнелі мәні бар сәттердің өзіндік 1 ерекшелігі бар, адамдар өзінің келешекке деген ең 1 жарқын үміттерін сонымен байланыстырады. Жаңа жыл,

жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық енді жарты айдан кейін табалдырық аттайды. Әлбетте, біздің әрқайсысымыз болашақ алдында жауаптымыз. Ал Қазақстан халықтары Ассамблеясына жүктелетін жауапкершіліктің жөні мүлде бөлек.

Біз, әсіресе, еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөнінде жиі айтамыз. Тегінде бұл сіңісті болып кеткен сөздер, дегенмен оны басымыздан өткеріп отырған сәттің ерекшеліктеріне сай келетін мазмұнмен ұдайы толықтырып отыру қажет.

Бүгінгі таңда бірінші кезекке 4 басты міндет қойылып отыр.

Келесі 2001 жыл – біздің тәуелсіздігімізге 10 жыл толатын жыл. Әлбетте, мемлекет өмірінің алғашқы 10 жылы іс жүзінде оның келешегін айқындайтын, оның тарихи желбуаздыққа ұрынар-ұрынбасын немесе тарихи үдерістің нағыз қатысушысына айналар-айналмасын айқындайтын жылдар. Біз бүгін егемен Қазақстанды өзінің айқын даму стратегиясы бар, әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің анық көрініп тұрған көкжиегі бар нағыз өміршең мемлекет деп нық сеніммен айта аламыз. Экономикамыздан бастап мәдениетімізге дейінгі кез келген саланы алыңыз, бізбен бірдей жағдайда бастаған ТМД-ның түрлі елдеріндегі объективті жағдаймен салыстырып көріңіз. Сонда қиындықтар мен күрделіліктерге қарамастан, біздің өсу серпініміздің барынша сындарлы сипатта екеніне көзіңіз айқын жетеді.

Осы жылдардың ішінде біз Қазақстанның ел болмайтыны, ұлттық белгісі жөнінен күйрейтіні жайында қаншама «балгерліктерді» естідік. Біресе қазақтардың, біресе орыстардың мүдделерін қорғаған қаншама жалған патриоттарды көзімізбен көрдік! Солардың бірде-біріне халықтардың мүддесі қажет емес екеніне енді көз жеткізіп отырмыз.

Олардың көксегені өздерінің іске аспай қалған кеудемсоқтығын күйттеу екен.

Осы 10 жылдың ауыртпалығын бүгін осы шаңырақтың астында отырған қазақстандықтардың ұрпағы арқалап шықты. Алдағы уақытта жүгіміз жеңілдей түсер деген үміттемін. Демек, Қазақстан халықтары Ассамблеясының басты міндеті – біздің тәуелсіздігіміздің мерейлі мерекелі жылы адамдар санасындағы терең бетбұрыс жылы болуына қол жеткізу.

Иә, проблемалар көп, көп ретте бізді сынға әділ алып та жатады. Дегенмен тарихтың қас-қағым сәтінде мемлекет іске асырған орасан зор жұмысты көзге ілмеу де қиянат.

Қазақстан патриотизмі сезімін тәрбиелеу хақында ашықтан ашық айтатын да, осы бағытта жұмыс істейтін де сәт туды. «Бейбітшілік пен достықтың 10 жылы» – келесі жылдың ұраны, міне, осы болуға тиіс.

Нақ біздің Ассамблеямыз өзінің мүмкіндіктері мен барлық ұлттық топтармен тікелей қатынастары арқылы алдағы жылды лепірме сөздер мен

жаппай мерекеге айналдырып жібермей, осы ширыққан жылдардың ішінде жүргізілген нақты жұмыстың мәні мен ауқымын түсіндіру жөніндегі күнбе-күнгі жүйелі жұмыс жылына айналдырса, нұр үстіне нұр.

Ассамблеяның 2001 жылғы іс-қимылының айқын бағдарламасы болуға тиіс. Оны біздің таяу күндері талқылап алғанымыз жөн. Бұл міндетті іске асыру үшін Ассамблеяның өзіне не қажет екенін айқын анықтап алу да қажет.

Екіншіден, Ассамблея ұлтаралық қатынастарды саясиландырып жібермеуде шешуші рөл атқаруға тиіс.

Біз соңғы 1,5 жылдың ішінде Оджаланға үкім шығаруға байланысты мәселені саясиландыруға, Шығыс Қазақстандағы ашықтан ашық экстремистердің әрекетін ұлт-азаттық күресі ретінде көрсетуге, Алматыдағы қылмыстық топты қолға түсіруді тұтас 1 халыққа айып тағуға айналдыруға тырысқан пиғылдың куәсі болдық.

Біздің ортақ үйіміздегі тұрақтылықты қорғау да қажет екеніне өздеріңіз де келісесіздер. Баршамыздың тыныштығымыз үшін қажет кезінде өзіме берілген конституциялық өкілеттіктерді пайдаланып, керек кезінде билікті пайдалануым үшін де халық мені Президент етіп сайлап отыр.

Біз ұлттық орталықтардың басшыларына ұстамды мінез танытқаны, осы оқиғаларға саяси ұстамды баға бергені үшін ризалығымызды білдіреміз.

Алайда, турасын айту керек, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзі де мұндай мәселелерде неғұрлым белсенді әрі қатаң болуға тиіс.

Ассамблеяның негізгі міндетінің өзі де оқиғаларға кезекші ретінде қарап қалмай, ұлтаралық қатынастардың саяси проблемаға айналып кетпеуі үшін алдын алу шаралары мен ұсыныстар жүйесін жасап алуға саятынын есте ұстаған дұрыс.

Ұлттық мәселелердің тоталитарлық қоғамдарда ғана үзілді-кесілді түп-тамырымен «шешілетінін» талай мәрте қайталауыма тура келіп отыр. Әрі шешілгенде де жеке мемлекеттердің ғана емес, тұтас құрлықтардың астан-кестенін шығарып шешіліп жүргені мәлім. Біз ішкі факторлармен қатар сыртқы факторлардың барын да естен шығармауымыз керек. Кейбір проблемалардың тамыры жанжал туған жерден мыңдаған шақырым қашықта жататынын да ұмытпағанымыз жөн. Саясаттағы алаңсыздық әдетте ақымақтыққа барабар.

Сондықтан да Ассамблея тарапынан еліміздегі ұлттық қатынастардың дамуының барлық проблемалық үрдістеріне уақтылы байсалды баға беріліп отыруға тиіс.

Бізде ел Президентінің жанында арнаулы стратегиялық зерттеулер институты бар. Қазақстан халықтары Ассамблеясының кеңесімен бірлесіп, ұлтаралық қатынастардағы ахуалдың үздік-создық емес, нақтылы жүйелі мониторингін жасау

қамына кірісу керек, әрі небір өткір мәселелерді бұқпантайламай, ашықтан ашық бүкпесіз қоюымыз керек. Ұлтаралық қатынастар кәсіби ғылымдық тұрғыдан саралауды талап етеді.

Әңгіміміз мереке қарсаңында өтіп отырғанына қарамастан, бәріміз де жұмыс бабындамыз. Әлбетте бәріміз де «неғұрлым аз білсек, күмән-күдігіміз де солғұрлым аз» деген пікірге қосылмаймыз. Сондықтан да ешкімнің бойында өкпе мен күдік қалмас үшін Ассамблеяның қолында ұлтаралық қатынастардың ағымдағы және келешектегі проблемалары хақында барынша толымды ақпарат болуға тиіс.

Дегенмен, мәселенің ұшығы жалғыз ғана хабардар болуға да тіреліп тұрған жоқ. Мәселе бұл ретте Қазақстан халықтары Ассамблеясы ұстанымының қағидаттығына саяды.

Егер біз ұлттық мәдени орталық басшыларының бәз біреуі ашықтан ашық келеңсіз пиғылда екеніне көз жеткізетін болсақ, онда Ассамблеяның міндеті оны үгіттеп, көңілін табуға тырысуда емес, мұндай мінез көрсетуге айқын саяси баға беруде жатыр.

Ассамблеяның Кеңесінде ізерлеп талқылайтын тақырып көптен бері пісіп жетілді деп топшылаймын. Іс-қимылдың 2–3 жылға арналған орта мерзімді жоспары болуы керек, онда ұлтаралық қатынастарды саясиландырудың алдын алу мен сақтандыру мәселелері жөніндегі саяси, ақпараттық, зерттеушілік іс-шаралар атап көрсетілуге

тиіс. Осындай тұрғыда әзірленгеннен кейін оны ел Үкіметі қарап, тиісті шаралар қабылдауы керек.

Үшіншіден, Ассамблеяның өзінің мәртебесін көтеру керек. Біз азаматтық қоғам туралы, үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын рөлін арттыру жайында жиі ауызға алып жүрміз.

Ұлттық мәдени орталықтар мен Ассамблея мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы үндесуде шешуші рөл атқаруы керек. Бұл үшін кейбір шешімдер қабылдау қажет.

Мәселен, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы хақында арнаулы заң қабылдап, онда Ассамблея қызметінің айқын құқықтық негізін қалау керек.

Бұған дейін көтеріліп келген 1 мәселені шешіп алу қажет. Әңгіме еліміздің аса маңызды заң жобаларын Үкіметтің қатысуымен Ассамблеяның сессияларында талқылау жайында болып отыр.

Ассамблеяның еліміздегі түрлі ұлттық топтардың мүдделерін ескеретін ұсыныстары атқарушы билік үшін әрі пайдалы, әрі қажет.

Патриотизм туралы, ортақтастық сезімі жайында әңгіме қозғалған кезде сол патриотизмнің өзін де, мәдени ортақтастықты да нақтылы адамдардың туындататыны ескеріле бермейді. Ең алдымен, бұл сезім өзіміз жұрттардың рухани көш иесі санайтын адамдардан арна тартады. Ендеше біз «Тамаша адамдар өмірінің» қазақстандық

дестесін шығаруды неге қолға алмаймыз, сөйтіп тәуелсіздігіміздің онжылдығына сабақтастырып, 2001 жылдың өзінде ұлтаралық татулыққа айтулы үлес қосқан адамдардың, әлбетте біздің барлық ұлттық мәдени орталықтар басшыларының деректі өмірбаянын жарияласақ, нұр үстіне нұр емес пе? Сонда, жеке ұлттық топ қана емес, бүкіл қазақстандықтар кімнің күш-жігерімен біздің бірлігіміздің орнап жатқанын білетін болады.

Ақпараттық кеңістікте игерілмей жатқан бос алаңдар баршылық.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының Интернетте өзінің сайты болуға тиіс. Әр жылдың 1 мамыры, әсіресе 2001 жылдың 1 мамыры Қазақстан халықтарының бірлігіне арналған телемарафон күніне айналуы керек.

Әрине, Ассамблеяның өз ішіндегі сайланбалылық тетіктері мәселелерін де пысықтап алу қажет.

Сөз жоқ, тұтас 1 ұсыныстардың шоғыры Ассамблеяның кеңесінде де қаралып жүр, әйткенмен беталысымызды осы ұйымның мәртебесін нығайта түсу жағына қарай бағыттаған дұрыс.

Төртіншіден, Қазақстан – мұхиттағы арал емес, әлемнің ең 1 күрделі аймағының кіндігінде жатқан ел.

Діни экстремизм мен халықаралық терроризмнің аймаққа төндіріп отырған қатерінің күшейе түскені айқын біліне бастады.

Әлемдік руханияттың асқар шыңдарының бірі – ұлы ислам дінін ешкімнің де ғайбаттауына жол берілмейді. Кімнің де болса, Қазақстанды және қазақстандықтарды діни соғыстарға сүйрелеу әрекеттерінен ештеңе де өнбейді.

Біздің адамдардың өзінің түпкі нанымына ұмтылған табиғи ниеті ретіндегі исламды қайта өрлетуді халықаралық терроризмнен үзілді-кесілді бөліп алып қарауымыз керек. Бұл міндеттің маңызы лаңкестерге қарсы күрестің күш қолданылатын тәсілдерінен 1 де кем емес.

Тегінде діни фундаментализм терминінің өзі исламнан емес, протестанттықтан енгенін мамандар ғана білетін болуы керек. Сондықтан да, көрбілте көкірекпен жөн-жосықсыз исламды кінәлаудың орнына қарапайым сөздер мен ұғымдардың басын ашып алайық. Ендеше экстремизм мен фундаментализмді шатыстырмайық, қасиетті Құранның қағидаларын қатаң ұстанудың не саяси, не діни экстремизмге 3 қайнаса сорпасы қосылмайтынын парықтап алайық.

Әлбетте, өзінің жат пиғылына жету үшін ашықтан ашық күш қолдану мен діни уағыздарды пайдаланатын заңсыз қарулы құрамдар төбе көрсеткен жерлерде түйт-кілді мәселелер туындайтыны белгілі.

Дінге ешқандай қатысы жоқ күш қолдану дауды шешудің басты құралына айналған тұста экстремизм жайында әңгіме қозғаудың жөні мүлде басқа.

Яғни әлемдік ислам діні мен өздерін мұсылманбыз деп жүрген экстремистердің әрекеттерінің аражігін айқын ажыратып алған пайдалы. Егер біз мұны анық пайымдап ала алмасақ, онда қоғамымызды ислам үрейінің жайлап алуы мүмкін, ал бұған ешқашан да жол беруге болмайды, онда мұның өзі халқының басым көпшілігі болмысынан мұсылман елді қорлағанымыз болып шығады. Бұған жол бермеудің екінші 1 себебі де бар, өйткені біздің еліміздегі дін әлемі мәдени үндесудің маңызды шарты, әрі қажетті, әрі салмақты шарты.

Үстіміздегі жылдың қазанында Қазақстан халықтары Ассамблеясының ЕҚЫҰ-мен бірлесіп, осы тақырыпқа халықаралық конференция өткізгенін мен білемін.

Бұл, сөз жоқ, осы проблемаға қоғамдық, соның ішінде халықаралық пікірді тартатын маңызды шара. Дегенмен, тек ғылыми-теориялық іс-шаралар өткізумен шектеліп қалуға болмайды. Іске көшетін уақыт жетті. Сондықтан да осы бағыттағы біздің ең әуелгі міндетіміз – барлық этнос өкілдерінің арасында түсінік жұмыстарын тынбай жүргізе беру.

Діни экстремизмнің ықтимал таралуына қарсы қимыл жасау Ассамблея қызметінің басты бағыттарының біріне айналуы керек.

Ассамблеяның діннің біздің қоғамымыздың әлеуметтік саяси өміріндегі рөлі мен орны туралы түсінік жұмысын ұйымдастыруға қабілеті әбден жетеді деп білемін. Бұл жұмысты үкіметтік

емес бірлестіктермен, ғылыми орталықтармен, ғалымдармен бірлесе жүргізген дұрыс.

Менің пікірімше, біздің бәріміздің Ассамблея жанынан дін басыларының кеңесін ұйымдастыру мәселесін ойластыруымыздың артықтығы жоқ.

Оның басты нысанасы діндарлардың бойында заңға құрметпен қарау сезімін тәрбиелеу, діни қауымдастықтар арасындағы үндесу мен ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі жұмысты күшейту, татулық пен келісімге қол жеткізуге, қоғамдағы азаматтық бітімгершілікті нығайтуға белсене қатысу болуы керек.

Бұл арада мен бүгінгі таңда өзіміз қауіпсіздігімізге сырттан төнетін бірталай қатердің барын сезініп отырған кезеңде, біздің қоғамымыздағы мәдени саналуандық қандай сипаттағы болсын діни немесе идеологиялық экстремизм мен радикализм кейпіндегі бірегейлендірмек пиғылдарға қарсы қуатты тосқауыл бола алады.

Біздің жаңа ғасырға жарты ай ғана қалған уақытта бейбіт аспан астында кездесіп отыруымыздың терең мәні мен нышаны бар. Біздің жолдарымызда мина жарылып, оқ атылып жатқан жоқ, біздің қалаларымызда ондаған мың босқындар жоқ.

Экономикамыз бабында деуге әбден болады, келер жылға деген үмітіміз де зор. Мәдениет пен білім мәселелерін талқылап отыруымыздың өзі мемлекетіміздің көңіл-күйінің жақсылығына

айғақ. Қазақстан тарихына 2000 жыл әлемдегі аса ірі мұнай көздерінің ашылған жылы ретінде енгелі отыр, яғни мұның өзі халқымыздың кемел келешегі бар екенін көрсетсе керек.

Ертең егемен Қазақстан өз тәуелсіздігінің 9 жылдығын атап өтеді. Осындай күндері өткенді, бастан кешкенді еріксіз еске аласың. Дегенмен ертеңіміз туралы көбірек ойланайықшы. Өйткені болашақтың іргесі бүгін, белгілі 1 дәрежеде осында отырған өзіміздің ақыл-ойымызбен, қайрат-жігерімізбен қаланады. Өткен ғасырдағы итальян саясатшысы Кавурдың сөздерін өзімізге бейімдеп айтып, «Біз Қазақстанды сомдадық, енді қазақстандықтарды сомдайықшы!», дегім келеді. Біздің еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің өзегіне айналатын мәдени қауымдастық дәл осы болады.

**Қазақстанның білім беру және ғылым қызметкерлерінің II съезінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2001 жылғы 2 ақпан

**Құрметті съезд делегаттары!**

Ғасырлар мен мыңжылдықтардың тоғысында, еліміз тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында шақырылып отырған съездеріңізді қызу құттықтаймын.

Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын мерекелеуіміздің басты мақсаты – жүріп өткен жолымыздың мәнін, жасаған таңдауымыздың маңызын ой елегінен өткізіп зерделеу. Осы 10 жылдың өн бойында

қыруар қиындықтарды бастан кешіріп, ел іргесін көтердік, жастар үшін, бүгінде сіздер оқытып жатқан шәкірттер мен студенттер үшін мемлекет құрдық. Қазақстан – міне, солардың елі, солардың мемлекеті. Біздің заманның жылнамасын дәл солар жазады, біздің әттеген-айларымыз бен жетістіктерімізді әділ бағалайтын да солар. Қазақстанда болып жатқан аса ауқымды өзгерістердің мәнін әділ пайымдау бәрінен бұрын жастарымызды тәрбиелеп жатқан, мұғалімдер, сіздерге қатысты.

Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең елжанды, ең сыншыл да міншіл, керек десеңіз, тіпті кінәмшіл бөлегі. Біздің білім саласы қызметкерлерінің елжандылығын халықтың басқа тарабымен салыстырғандағы қисапсыз қиындықтарды бастан кеше жүріп, жастарға өзінің бойындағы бар білімін беріп қана қоймай, оларды адалдық, адамдық, тазалық, парасаттылық, отансүйгіштік сезімдерге тәрбиелеуінен де танылады. Патриотизмнің асқақ 1 көрінісі осы емес пе? Міне, сондықтан да біз бүгін кездесіп отырмыз. Міне, сондықтан да мен тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы аталатын жыл жастарымыздың жадында мәңгі қалуға тиіс деп санаймын.

Биылғы мерейтойлық жыл білім жылы, жастар жылы болуға тиісті. Қоғамымыз өз дамуының жаңа белесіне қадам басты, бұл кезеңде біз өміріміздің барлық саласында, соның ішінде білім беру ісінде де қағидатты тұрғыдан тың міндеттерді алға қоюға да, оларды шешуге де мүмкіндік алып отырмыз.

Сондықтан да мен бұл съезді мерейтойлық жылдың ең маңызды іс-шараларының бірі ғана емес, мемлекетіміздің алдында тұрған барша стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру жолындағы аса мәнді білімдарлық қадам деп бағалаймын.

Соңғы жылдары білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаларды қолдау жөнінде маңызды қадамдар жасалды. Елдің білім беру әлеуеті сақталып, ұлғая түсті. Білім берудің құрылымы мен жүйесі реформаланды. Оның барлық буындарына арналған жалпыға бірдей міндетті стандарттар жасақталып, тәжірибеге енгізілді. Білім берудің мақсаты мен мазмұны, осы саладағы мекемелердің құрылымы өзгертіліп, білім беру ісінің экономикалық іргетасы қайта қаланды. Мемлекеттік жоғары оқу орындары экономикалық тұрғыдан дербестікке ие болды. Жоғары оқу орындарының студенттер қатарын қалыптастыру, абитуриенттердің мемлекеттік білім беру гранттары мен несиелерін алу үшін 1 орталықтан тест тапсыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Білім берудің мемлекеттік емес саласы да өрістеп келеді. Білім беру қызметінің нарығы жасалып, басқа да нарық нысандары сияқты ол да экономикалық бәсекелестік бойынша дамып келеді. Республикада қазір 47 азаматтық мемлекеттік, 117 мемлекеттік емес жоғары оқу орындары қызмет етіп тұр.

«Білім туралы» жаңа Заң, «Білім» атты мемлекеттік бағдарлама, Үкіметтің осы көкейкесті

мәселе бойынша бірқатар маңызды шешімдері қабылданды. Осы арқылы біз білім беру жүйесін нарық ұстанымдарының талаптарын ескере отырып дамытуға жаңаша жағдайлар жасай алдық.

Сіздерге сөз арнай тұрып, бүгінгі таңда шешіп алмаса күні ертең алдымыздан едәуір қиындықтар тосатын бірнеше принципті мәселелерге назар аударғым келеді.

Білім беру саласының 2 қыры бар, оның бірі – тікелей пайдасы тиетін, іс жүзінде қолданылатын жағы, екіншісі – парасаттылық пен рухани қыры.

Біріншіден, нарықтық экономиканың сұраныстарын жаңарған технологияны пайдалану қажеттілігін ескере отырып қамтамасыз ету керек. Қазақстандағы білім беру ісінің әлемдік стандарттардың қатал талаптары бойынша алып қарағанда да жоғары деңгейін, сондай-ақ бұл салада түбегейлі реформалар жүргізу қажеттігін ескере келгенде, білім беру проблемасын уақыт өлшемі тұрғысынан қарастырып, оның жедеғабыл, орташа (5 жыл) және ұзақ мерзімдік (15 жыл) деген 3 түрлі жағын бөле атауға болады.

Реформаның жедеғабыл шешілетін жақтарын Үкімет пен Парламент, жергілікті биліктің атқарушы органдары айқындайды. Орташа уақыт өлшемінде шешілетін жақтары жақында қабылданған «Білім» атты мемлекеттік бағдарламада белгіленген. Ұзақ мерзімдік тұрғыда шешілетін жақтарының әзірше тек нобайы, сұлбасы ғана бар. Мұны барынша тереңдете пысықтау қажет. Білім

берудің ұзақ мерзімдік бағдарламасы бізге не үшін керек?

Адамның қадір-қасиетіне жұмсалған инвестиция – инвестиция атаулының ең тиімді түрлерінің бірі. Алайда бұл істің күрделі қаржысының қайтарымын ондаған жылдардан кейін ғана күту керек. Мұндай салаларда жіберілген қателіктер өте қымбатқа түседі.

Сонда бізді не алаңдатып отыр?

Бәрінен бұрын білім берудің бүкіл жүйесін реформалаудағы ең 1 олқы тұсымыз оқыту мен мамандар даярлаудың сапасын арттыру болып отыр. Білім берудің мазмұны көбіне-көп қоғамның және ел экономикасының бүгінгі сұранымдарына жауап бере алмайды. Орта және жоғары мектептің сабақтастығында, қала мектептері мен ауыл мектептерінің білім беруінің арасында едәуір алшақтық сақталып отыр. Тың тұрпаттағы сапалы оқулықтар дайындау мәселесі де көңілді көншітпейді. Қазірше бұл мәселе біршама деңгейде ғана тек 1–4 сыныптар оқушылары үшін ғана шешілген, ал 5–9 сыныптар мен жоғары сыныптардың оқушылары негізінен баяғы кеңестік кезеңдегі немесе ресейлік оқулықтарды пайдаланумен келеді.

Елімізде педагогика ғылымдарының 107 докторы бар екен, былайша айтқанда, 140 мың адамға 1 доктордан келеді! Бұл көрсеткіш бұрынғы одақтық деңгейден де анағұрлым асып түседі, ол кезде елде 894 мың адамға 1 педагогика ғылымдары докто-

рынан келген екен. Өздерінің салалары бойынша докторлық диссертацияға дәрмені жетпей қалған математиктердің, физиктердің, химиктердің біразы, мектепте бірде-бір күн жұмыс істемегеніне қарамастан, педагогика ғылымдарының докторы атағын «сәтті» қорғап ала қояды. Оқулықтардың бүгінгі мүшкіл халінің 1 себебін мен осыдан да көремін. Оқулықтар жазатын авторларды даярлаудың ғылыми-методикалық мектебін құруымыз қажет. Олардың авторлары ұжымын іріктеуге келгенде ең басты өлшем – кәсіби біліктілік болуға тиіс.

Академиялық педагогика ғылымының бүгінгі таңдағы хал-ахуалы білім беру ісіндегі қордаланып қалған мәселелерді шешіп тастауға мүмкіндік бермейді.

Білім беру жүйесінде оқу ісін ақпараттандыру емес, негізінен компьютерлендіру жүргізілді. Білім және ғылым министрлігі орта білім жүйесін ақпараттандыру жөнінде мен алға қойған міндеттің компьютерлендірумен алмастырылып жіберілгенімен үн-түнсіз келісіп отыра берді. Иә, орта мектептерді компьютерлендіру маңызды іс. Алайда бұл мәселеге тек сандық көзқарастар тұрғысынан ғана қараған.

Иә, мектептерді компьютер техникасымен жабдықтау қажет, бірақ оны музей экспонаттарына айналдырып жіберуге болмайды. Міндет оқу мен тәрбие үдерісінде ақпараттық технологияны игеру мен пайдалану жөнінде қойылған болатын.

Мамандарды даярлаудың елдің болашақтағы сұраныстарына сай еместігі, бұл істі экономиканың, әлеуметтік сала мен елдің қоғамдық өмірінің қажеттіліктеріне сәйкес жоспарлаудың тиімді жүйесі жоқтығы көзге ұрып тұр. Білім беру ісін реформалаған кезде ең бастысы – экономиканың білікті мамандарсыз қалып қоймауын құнттау. Абитуриенттердің мүддесін ғана осылай көздей беретін болсақ, біз бірыңғай дипломды заңгерлер мен экономистердің еліне айналып шыға келуіміз де ғажап емес. Ал инженер-техник мамандықтарына абитуриенттер аз келеді. Сонда немене, енді 1 5-10 жылдан кейін инженерлерді шетелден шақыра бастаймыз ба?

Білім ісін ұйымдастыруды лицензиялау тетігінің жете ойластырылмағандығы өздерінің қызмет аясы студенттер мен оқушыларға тиісті білім мен бейім-дағдылар беруді қамтамасыз ете алмайтын жеке жоғары оқу орындары мен колледждер ашуға мүмкіндік жасайды. Қазір мектептерде біліктілігі жоқ мамандардың, сондай-ақ атымен педагог еместердің үлес салмағы 5 %-дай, мұның өзі аз да емес, көп те емес – тұп-тұтас 11 мың адам деген сөз. Ал олар оқытатын балалардың саны ондаған есе артық. Мұндай «мұғалімдердің» қандай білім беретініне қадала қарамаса болмайды.

Екіншіден, білім беру ісіндегі рухани дәстүрлерді сақтап, дамыта беру керек. Бұл жүйеде оқыту мен тәрбие берудің бірлігі үзіліп қалды. Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпыадамзат-

тық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түйсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді патриот-азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз. Қазақстандық отаншылдық сезімді тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да мәртебелі парызы.

Жергілікті әкімдер мен Білім және ғылым министрлігінің жете ойластырмай жасаған іс-әрекеттері кезінде балаларды мектепке дейін тәрбиелеу мен мектепке дайындау ісіне едәуір залал тигізді. «Жалпыға бірдей білім беру – 2000» атты Ұлттық есептің мәліметі бойынша, 1994–1998 жылдардың аралығындағы кезеңде мектепке дейінгі тәрбие беретін ұйымдардың жүйесі шын мәнінде қиратылып біткен. Бұл мәселені шешу керек. Осы орайда барлық мүмкіндіктерді, оның ішінде жұмыс істемейтін ата-аналарды балаларды мектепке дейінгі оқыту ісіне белсенді түрде араластыру тетіктерін де ойластыру қажет. Үкіметтің және облыс әкімдерінің алдына мектептерді, әсіресе ауылдағы мектептерді оңтайландырудың дұрыс жақтарымен қатар бұрыс болып шыққан тұстарын да, оның балаларға білім берудің сапасына жасаған әсер-ықпалын да жан-жақты талдауды тапсырамын.

Отандық білім беру ісінің мәселелерін айтқан кезде сіздердің назарларыңызды мемлекеттік тілде оқытудың сапасы мәселесіне аудармай өте

алмаймын. Бұл мәселе жоғары оқу орындарына, әсіресе техникалық оқу орындарына тікелей тән, оларда терминология 1 ізге түспеген әрі тиісті анықтамалық құралдар да жоқ. Мен айтып өткен кемістіктердің көпшілігі дәл осы салада ерекше сезілетінін ұдайы есте ұстау керек. Әзірше мектептердің айрықша бюджеттік қаржыны талап етпейтін бірқатар мәселелерін ғана санамалап өтейік.

1. Мектептер тым тығыз болып кеткен. Осыған байланысты барлық жерлерде жаңадан мектептер салу және бұрын жабылып қалған мектептерді қайтадан қатарға қосу жөнінде жұмыс жүргізілуі тиіс. Бұл мәселені шешу үшін мынадай қадамға баруға да болады – министрлік әкімдермен бірлесе отырып балалар бақшаларының пайдаланылуына инвентаризация жасап, қажет болса балалары тығыз мектептердің бастауыш сыныптарына берсін. Мектептердегі балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуі керек. Мысалы, қазір жоғары сыныптардағы жеткіншектердің 70 %-дайы әскер қатарына шақырылған кезде денсаулық жағдайының нашарлығына байланысты қосымша медициналық анықтауға жіберіледі. Сөйте тұра мектептерде дене тәрбиесі мен спортпен шұғылдану ісі нашар ұйымдастырылады.

2. Білім беру жүйесінің елдің болашағы үшін маңыздылығын ескере отырып, мектептерді қамқорлыққа алу жүйесіне қайта оралған жөн де шығар. Әкімдер кәсіпорындарды, коммерциялық

құрылымдарды белгілі 1 жалпыға бірдей білім беретін мектептерге бекітіп қойып, олардың шаруашылық мәселелерін шешуіне көмек көрсетуге болады. Әрине, мұндай көмек ерікті түрде жасалуы керек және қамқорлық көрсетушінің мүмкіндігіне шамалас келгені жөн.

3. Білім және ғылым министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесе отырып, мектептердің құрал-жабдық пен сайманға деген қажеттілігін жан-жақты талдап шықсын. Сондай талдаудың қорытындысы бойынша қажетті бұйымдарды республикада шығаруды, көршілес елдерге тиісті тапсырыс беруді ойластырып, ұйымдастыру керек.

4. Балалардың жаз кезінде өзімен-өзі болып кетпеуі, денсаулығын нығайту мәселелері де өте көкейкесті. Бұл мәселемен білім беру органдары мен әкімшіліктер шұғылдануға тиіс. Қазір Бурабай өңірінде бүкілқазақстандық балалар лагерьлерін құру жөнінде жұмыс басталып та кетті. Тоз-тозы шыққан еңбек және демалыс лагерьлерін қалпына келтіру, жоғары сынып оқушылары мен студенттерді маусымдық және қолдарынан келетіндей жұмыстарға орналастыратын өзінше 1 еңбек биржаларын ұйымдастыру қажет.

5. Педагогтардың атқарар жүгін қайта қарамаса болмайды. Бастауыш сыныптардың мұғалімдеріне 2 ставкада жұмыс істеуге рұқсат ету керек. Министрліктің бұлай ету сабақтың сапасына әсер етеді дегені маған онша дұрыс емес сияқты көрінеді. Бүгінгі таңда бастауыш сыныптарда арнаулы

пәннің мамандары жүргізетін пәндер де аз емес. Мұның өзі, әрине, негізгі педагогтың сағатын азайтады.

6. Мұғалімнің қоғамдағы мәртебесі мен рөлін көтеру, талантты жаңашыл педагогтардың және үлгі тұтарлық мектептердің тәжірибесін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау қажет. Еліміздің болашақ буынын тәрбиелеп жатқан мұғалімдердің абыройлы еңбегін көрсететін телехабарлар ұйымдастыру керек.

7. Дарынды балаларды оқытатын мектептердің жұмысына, бастапқы кәсіби білім беруге ерекше назар аударған жөн. Қазақстанның дамуын қарқынды ететін дәл осы буындар болып шығуы мүмкін.

8. Мұғалімнің әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы мәселесін, кепілді түрде медициналық қызметке, пәтерлермен қамтамасыз етуге мүмкіндігі болуын қарастыру қажет. Мұғалімдердің денсаулығын қорғауды, демалысын ұйымдастыруды қамқорлыққа алып жүретін білім беру қызметкерлері кәсіби одақтарының рөлін арттыра түсу керек.

**Құрметті съезд делегаттары!**

Жоғары білім берудің бүгінгі күнге сай жүйесін қалыптастыру бір-бірімен байланысып жатқан стратегиялық міндеттердің тұтас 1 кешенін шешуді қажет етеді. Олардың арасында ең бастысы – жұрт-

шылықтың барлық деңгейде жоғары сапалы білім алуға қолы жететіндей жағдайы болуын кеңейте түсу. Бұл межеге үздіксіз білім беру ұстанымын жүзеге асырудың есебінен қол жеткізуге болады.

Қазақстандағы білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндетін мен шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін дара тұлғаларды қалыптастыратын жаңа ұлттық үлгіні дамыту, «Баршаға білім беру» моделінен «Таңдауы бойынша білім беру» моделіне көшу деп білемін.

Бізге «тыным таппайтын аралардан» гөрі өзінше ойлай білетін мамандар көбірек керек. Бұл үшін біз «өмір бойына жететін білім алу» моделінен «өмір бойы білім алып өту» моделіне көшуге тиіспіз.

Білім беру жүйесі экономикалық және әлеуметтік салалардан бөлек, өзінше өмір сүріп жататыны тоқталуға тиіс. Бұл сала елді интеллектуалды ресурстармен қамтамасыз ету міндетін шешуі керек. Оқу орындарына нақты дербестік жағдайларын жасап берген жөн.

Әрине, біз жұрт таңдап алған ректорлардың өзі бүкіл оқу орнын тақырға отырғызған романтикалық демократия дәуірін ұмытпаймыз. Сонымен қатар, білім беру жүйесі де демократиялық реформалардан сырт қала алмайтыны тағы талассыз.

Меніңше, аталған міндеттерді іс жүзіне асыру біздің жұмысымызды мынадай негізгі бағыттарда ұйымдастыруға байланысты болмақ.

Тегінде, мамандарды, әсіресе аймақтық деңгейде, даярлау үрдісін болжамдау, мониторинг және мемлекеттік реттеу тетігі іс жүзінде жоқ. Аймақтар бойынша және бүкіл республика бойынша еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың аймақтық бағдарламасын талдап жасау керек.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орындарында оқыған түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесіне принципті жаңа көзқарас қажет. Біз жоғары білімді маманды оқытуға жұмсалған мемлекеттік қаражаттан экономикалық жобаға салынған инвестициядан тосатындай қайтарым күтуге тиіспіз. Сондықтан да Білім және ғылым министрлігіне Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Экономика министрлігімен, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттікпен бірлесіп, мамандарды мемлекеттік деңгейде бөлу мәселесін шешуге бағытталған бағдарлама жасауды тапсырамын.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығына Астанадағы орталық билік органдарына еліміз аймақтарының жоғары оқу орындарын үздік диплом алып бітірген 50 түлекті жұмысқа қабылдауды ұсынамын. Сондай-ақ барлық жеке меншік компанияларға осы үрдісті қолдау ұсынысымен қайырыламын. Келіңіздер, бәріміз бірлесіп талантты жастарға қолдау білдірейік!

Мұғалімдер мен жоғары оқу орындары оқытушыларын даярлауды, қайта даярлауды және

біліктілігін арттыруды қайта қарау жөніндегі шаралар жүйесін талдап жасау қажет. Жоғары оқу орындарының ректорлары өздерінің бюджеттен тыс қаражаттары есебінен мүмкіндік тауып, еліміздің білім саласындағы үздік жаңа технологиялар мен жаңа әдістемелер негізінде оқытушылардың біліктілігін міндетті де жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз етуі тиіс. Ауыл мектебінің педагог кадрларын қайта даярлау жөніндегі өңірлік бағдарламаларды талдап жасау керек. Білім және ғылым министрлігі бұл бағдарламалар нәтижелерінің сапасын қатаң бақылап отыруы тиіс.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында мамандар даярлау сапасына бақылауды күшейткен жөн. Жоғары оқу орындарын, олардың меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, біліктілік талаптары мен мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес аттестаттаудың жаңа жүйесін талдап жасап, ендіру керек. Бізге жоғары оқу орындары ректорларының өз ұжымдарының әлеуметтік және өндірістік проблемаларымен санаспастан, өздеріне ешқандай ақтауға келмейтін жоғары жалақы тағайындайтын; шетелге тиімділігі мардымсыз іссапарларға шығатын; аса қымбат автомобильдер мен жиһаз сатып алатын жәйттері белгілі. Жазаланбаушылық және ойға келгенді істеушілік сезімі мұндай ректорларды қызмет жағдайын қарақан басына пайдалануына ұрындырып, сыбайластық тәртіп бұзу әрекеттерінің алғышартын тудырады.

Кейде ректорлардың өздері жеке бастарына және оларға сеніп тапсырылған оқу орындарына қатысты келеңсіз моральдық-психологиялық ахуал тудырып жатады. Мен министрге бұл мәселелердің анық-қанығына жетуді тапсырамын.

Сол секілді Конституцияда бекітілген тегін орта білім туралы бапты бұра тартқысы келетін мектеп директорларының мәселелерін де қараған жөн. Өз балаларына жақсы білім бергісі келетін ата-аналардың сезімдерін саудаға салып, білімді қолдау үшін дегенсіп, әрқилы қорлар құрылатын болыпты, осылайша олар балалардың руханиадамгершілік көңіл-күйіне нұқсан келтіреді.

**Құрметті съезд делегаттары!**

Бүгінгі дүниеде ғылым технологиялық қуаттылықтың, тұрлаулы экономикалық өсудің, рухани және материалдық игіліктің негізі болып табылады. Біздің еліміз үшін де отандық ғылымды әлеуметтік-экономикалық және рухани дамудың маңызды факторына айналдырудың өмірлік қажеттігі айқын. Ғылым елдің экономикалық әлеуетін өсіріп, шығарылатын өнімдердің бәсекелестік қабілетін арттыруға жәрдемдеседі.

Білім мен ғылымның интеграциясы басым үрдістердің бірі болып табылады. Біздің елімізде тек өткен жылы ғана университеттер құрылымында 30 ғылыми-зерттеу орталығы құрылған. Бұған тек қуану керек.

Дамыған елдердің тәжірибесі ұлттың өркендеуі негізінен 3 шешуші фактормен: соны ғылыми жаңалықтарды игерумен, білімнің деңгейімен және қызметкерлердің мамандандырылған кәсіби білімімен айқындалатынын көрсетеді.

Инновациялық қызмет өнеркәсіп, білім мен ғылым саласындағы міндеттердің кең ауқымын қамтуы тиіс. Ғылым саласын дамыту, жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігі мен қайтарымын арттыру да мемлекеттің әлеуметтік саясатының стратегиялық бағытына жатады.

Қойылған міндеттерді басшылыққа ала отырып, еліміздің ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының айқындамасы талдап жасалып, мақұлданды, қазіргі кезде Парламентте «Ғылым туралы» заң жобасы қаралып жатыр. Іргелі ғылымның 2010 жылға дейінгі басым бағыттары айқындалды, таяудағы 3 жылға арналған зерттеулер бағдарламасы конкурстық негізде қалыптастырылып, іске асырылуда. Ғылым мен техника саласында бірыңғай саясат жүргізу мақсатында ел Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құрылған болатын, бұл шешім өзін ақтады да. Комиссия болашағы зор ғылыми бағыттарды дамытудың және ғылыми талдамаларды өндіріске енгізудің бірқатар аса маңызды мәселелерін жедел қарады.

Менің тапсырмама сәйкес ғылыми зерттеулерге бөлінген қаржының көлемі өсіп, Ұлттық ғылым академиясының толық мүшелеріне өмір бойы берілетін мемлекеттік стипендиялар ұлғайтылды,

мемлекеттік 225 ғылыми стипендия, аса көрнекті және жас ғалымдар үшін ғылым саласында 10 сыйлық тағайындалды. Мемлекет алдағы кезде де ғылымға, талантты ғалымдар мен олардың талдамаларына қолдау білдіретін болады. Соңғы 2 жылда білім мен ғылым саласының 52 өкілі мемлекеттік наградаларға ие болды. Олардың арасында профессорлар А. С. Аманжолов, Қ. Б. Бияшев, Ю. Б. Басин, Г. А. Деграф, лингвистикалық гимназияның директоры Ж. З. Ақашева, колледж директоры Б. С. Досжанов, оқытушы Н. М. Патрушева және басқалар бар. Қазіргі кезде ғылымның барлық басым бағыттары бойынша жоғары білікті кадрлар даярлау жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн.

Соңғы жылдары Арал және Каспий атыраптарындағы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы зерттеулер жандана түсті. Қазақстанда энергетика саласындағы зерттеулердің ұлғаю үрдісі байқалады. Физика-математика және техникалық пәндер, сондай-ақ Жер мен ғарыш туралы ғылымдар бойынша диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестер желісі кеңейді. Сонымен бірге жоғары білікті кадрлар даярлауда елеулі проблемалар да баршылық. Диссертациялық жұмыстардың сапасы түсіп кетті. Тұтастай алғанда ғылымның және жоғары білікті кадрлар даярлаудың жай-күйі бұл салада түбегейлі реформа жүргізу қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, жоғары деңгейдегі ғылыми талдамаларды жинақтауға тиісті жас ғалымдар кеңесінің қызметін белсенді ету керек. Ұлттық

академия ғылымды дамытудың негізгі бағыттарын айқындап, ғылыми зерттеулердің әлемдік үрдістерін білуі тиіс.

Реформалау жылдары аясында біраз шаруа тындырылды, алайда әлі ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға жету үшін едәуір жолдан өту керек болады. Менің тапсырмама сәйкес жаңа ғасырдың алғашқы жылында-ақ ғылымның дамуы көбіне-көп инновациялық сипаты бар «өтімді» іргелі де қолданбалы зерттеулермен ұштастырылатын болады.

Ғылым саласында мына міндеттерді шешу қажет:

1. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында нормативтік-құқықтық арқауды кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылсын. Бұл «Ғылым туралы» заңның қабылдануын, Ғылыми және ғылыми-техникалық саясат тұжырымдамасының және «Ғылым» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын, сондай-ақ 20-дан астам нормативтік актілердің талдап жасалып, қабылдануын талап етеді.

2. Ғылымды қажет ететін өндірісті ұйымдастыру, ғылыми-техникалық және басқа салаларда инновациялық қызметті дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау керек. Сол арқылы «зерттеу – талдап жасау – кадрлар даярлау – өнеркәсіпті игеру» біртұтас ғылыми-өндірістік циклына көшу қамтамасыз етілетін болады. Әлбетте, проблеманың шешілуі қаржыландыруға ғана емес, Қазақстан ғылымын

одан әрі дамытудың жаңа үлгісін жасауға байланысты болуы керек, ал бұл оның нақты практикадан оқшауланып қалуын жойып, ұзақ мерзімді зерттеулерді ағымдағы қаржыдан табу мүмкіндігімен тиімді ұштастыруға жағдай туғызатын болады.

3. Ғылым мен білім саласында шағын және орта кәсіпкерлікті тұрақты дамыту, технологиялық және нарықтық инфрақұрылым элементтерін қалыптастырып, дамыту қамтамасыз етілсін.

4. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің жаңа бағыттарын ынталандыру үшін бюджет қаражаты тиімді пайдаланылсын.

5. Елдің білімдарлық әлеуетін арттыру және мамандар даярлау сапасын жақсарту үшін ғылым мен білімді интеграциялау айқындамасы талдап жасалсын.

Осы мәселеге байланысты мынаны да айтқан жөн. Біз шынында да еліміз қаржы тапшылығын бастан кешкен ауыр сынақ жылдарынан өттік. Мұның өзі білім мен ғылым саласын айналып кеткен жоқ. Оларды да шөміштен қағуға тура келді. Әлбетте, мұның өзі мұғалімдер мен ғалымдардың тұрмыс деңгейіне, материалдық-техникалық базаға салқынын тигізді. Алайда ендігі жерде істің мұндай жағдайына төзуге болмайды. Мені, елдің Президенті ретінде, педагог пен ғалымның материалдық та, әлеуметтік те мәртебесі қанағаттандырмайды. Бұл мәртебенің құлдырауы бастауын сонау тоқырау дәуірінен алып, сол екпінмен жалғасып келеді. Бүгінде мұғалімдер мен дәрігердің жалақысы

біздің қоғамдағы ең төменгілердің бірі болып табылады. Мұғалім мамандығы құрметті болудан қалып барады. Ол тек әйелдер еңбек ететін салаға айналды. Көптеген ер мұғалімдер ақша табу үшін басқа салаға кетіп қалады. Сала кәсіби мамандарды жоғалтты, демек, білім сапасы төмендеді. Мұндай жағдайды түбірінен өзгерту қажет.

Сондықтан да 2001 жылдан бастап, 2000 жылмен салыстырғанда білім беруді қаржыландыру көлемі 19,3 млрд теңгеге, министрлік бойынша ғылымды қаржыландыру 650 млн теңгеге ұлғайтылды. Ең төменгі жалақы 30 %-ға өсті. Ал ғылымда ғылыми дәрежесі үшін үстеме төлеу қалпына келтірілді. Міне, екінші жыл жалақы бойынша қарыздар жоқ, демалыс ақылары толық көлемінде төленіп отыр, ғимараттарды жөндеп, құрал-жабдықтар сатып алуға қаржы бөлінуде, сынып жетекшілігі және каникул кезіндегі жұмыс үшін қосымша ақы төлеу қалпына келтірілді. Әлбетте, соңғы 20–30 жылда қалыптасқан сәйкессіздіктерге қарағанда, бұл дегеніміз тіпті де мардымсыз. Алайда сіздер бұл қозғалысымыздың бастауы ғана екенін жақсы түсінуге тиіссіздер.

Қаңтарда Үкіметпен және әкімдермен болған кеңестерде мен барлық буындағы атқару билігіне мұғалімдер мен мектептерге ерекше көңіл бөлуді тапсырдым. Нақтылап айтқанда, барлығы да білім беруге қосымша ресурстар тауып, шығындарын үнемдеуі тиіс. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша бұл жұмыстың алғашқы нәтижелері

көрінеді. Мен жаңа оқу жылынан бастап жалақыны одан әрі арттыру (әзірге уәде бермей-ақ қояйын) мүмкін болатынын жоққа шығармаймын. Таяудағы 5 жылдың ішінде біз мұғалімдер еңбегіне ақы төлеуді лайықты деңгейге шығарамыз деп ойлаймын.

Жалақымен қатар мұғалімдер мен балалардың жайлы мектепте болғандары, жарық пен жылудан, спорттық алаңдардан таршылық көрмегені өте маңызды. Сондықтан да қазіргі мектептерді күрделі жөндеуден өткізіп, жаңғыртумен ғана емес, сонымен бірге болашақтың мектептерін сала бастаумен де айналысу керек. Ауылда, ауданда, облыс орталығында болатын жаңа мектептер жобасын талдап жасауға кіріскен жөн. Қазақстандағы мектеп ең үздік үлгі-қалыптар деңгейінде, спорт кешендері осы заманғы талаптармен жабдықталған кабинеттері бар болуы керек. Мұның бәрі біздің қолымыздан келеді және болашақтың тұңғыш мұндай мектебі менің тапсырмам бойынша Астанада салына бастайды.

**Қымбатты ұстаздар!**

Сіздер біздің балаларымызды өсіріп, олардың ақыл-ойын жетілдірудесіздер. Олар үшін кейде ата-аналарына қарағанда сіздердің беделдеріңіз үлкен. Жаңа ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге етенелілігі көп ретте сіздерге байланысты. Оларды

зиянды әдеттерден, есірткіден сақтап, бойларында саламатты өмір салтын орнықтыруға сіздердің күш-қуаттарыңыз жетеді.

Ел үшін оның балалары балғын шағынан тәуелсіз Қазақстан үшін мақтаныш сезімін бойларына сіңіріп, оның тарихы мен заңдарын, мемлекеттік нышандарын білгені өте маңызды.

Тәуелсіздіктің онжылдығы – биыл біз үшін айрықша оқиға. Мен сіздерден мемлекеттік әр мейрамға бөлекше көзқарас танытуды, балалар үшін мерекелік ахуал туғызып, оларды әзірлікке тартуды, шығармашылық көрсетуді, ата-аналарды да ұйымдастыруды өтінемін. Баланың зердесі күшті, егер бәрі де жарқын сипатта өтсе, ол өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін өмір бойы сақтап, нығайта беретін болады.

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылық құрамының бүкілармиялық кеңесінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2001 жылғы 9 ақпан

**Генерал мен офицер мырзалар!**

Мұншалық маңызды кеңес өткізудің осы жылдың – еліміз тәуелсіздігінің 10 жылдығы аталатын жылдың басына жоспарлануы тегін емес. Біз басып өткен қадамымызды ой таразысына салып, мемлекет дамуының бұрын белгіленген стратегиялық жоспарларының орындалуына қол жеткізудің дұрыс жолын таңдауымыз керек. Олардың жүзеге асуына оңтүстіктен жылжып келе жатқан терроризм мен экстремизмнің толқыны нақ қатер

төндіреді. Қажет болған жағдайда алдын алу шараларын қабылдау бұл жамандықтың жолын кесіп, өзіміздің достас көршілерімізге пәрменді көмек көрсету, азаматтарымыздың тыныштығын сақтау болып табылады. Міне, Қазақстан армиясы мен күллі күш құрамының басты мақсаты осы.

Бұдан 10 жыл бұрын біздің алдымызға қиын да өмірлік маңызы бар міндет қойылды, ол – әскери қауіпсіздігімізді қамтамасыз етудің төл жүйесін құру еді.

1991 жылдың 25 қарашасында Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды, кейін ол республиканың қорғаныс мәселелерін шешуде толық дербестікке көшуіне байланысты Қорғаныс министрлігіне ауыстырылды. Менің 1992 жылғы мамыр айындағы Жарлығыммен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. 40-шы жалпыәскери армияның әскери құрылымдары, Әскери әуе күштері мен Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың құрамалары мен бөлімдері, мүліктері – Қазақстан аумағына орналасқандардың бәрі республиканың заң құзыретіне көшті.

Төл Қарулы Күштерімізді қалыптастыру ісін біз «ақ парақтан» бастауымызға тура келді. Қорғаныс министрлігіне, тұңғыш министрі генерал-полковник Сағадат Нұрмағамбетовке аса күрделі ұйымдастыру мәселелері: басқару органдарын құру, қару-жарақтарды әскери техника мен материалдық құралдарды қабылдау және олардың сақталуын қамтамасыз ету, әскерлерді тікелей

басқару және ТМД қорғаныс ведомстволарымен өзара іс-қимыл жүйесін жасау, әскерлердің қаржы, материалдық-техникалық және медициналық жағынан жабдықталуын қамтамасыз ету, офицерлердің елді-еліне кетіп, олардың жетіспеушілігі байқалуына байланысты әскери кадрлар әзірлеуді ұйымдастыру мәселелерін шешу қажет болды.

Сонымен 1 мезгілде әскери мәселелер жөніндегі сыртқы саясаттың негізі қаланды.

1992 жылғы мамырда Қазақстан ТМД-ға мүше мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қатысушысы болды.

Біз Сенім мен қауіпсіздік шараларын нығайту жөніндегі Вена құжатына қол қойдық.

Қазақстан өз аумағына орналастырылған ядролық арсеналдан бас тартып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды.

1993 жылы Қазақстан Республикасы мен АҚШ-тың арасында құрлықаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын жою және ядролық қарудың таралуына жол бермеу жөніндегі келісімге қол қойылды.

Оның үстіне Қазақстан Стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту мен шектеу жөніндегі шартқа қосылды. Соған сәйкес құрлықаралық баллистикалық зымырандар мен олардың оқтұмсықтары әскери кезекшіліктен алып тасталып, республика аумағынан шығарылды. Ресей Федерациясының біздің жердегі зымыран әскерлерінің құрамалары

мен бөлімдері таратылып, стратегиялық бомбалағыштары елден шығарылды, Семей полигонында ядролық сынақтар үшін жасалған штольнялар мен ұңғылар жойылды.

Ресей Федерациясымен сынақ полигондарын жалдау жағдайлары және Қазақстан аумағынан әкетілген қарулар мен әскери техниканың өтемақысы жайында бірқатар келісім жасалды.

Ел басшылығы жұмсаған дипломатиялық, әскери-саяси күш-жігердің арқасында Қазақстан төңірегінде қауіпсіздік пен тұрақтылық белдеуі жасалды. Сол кезеңде мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нормативтік-құқықтық арқауының негізі қаланды. Мейлінше қысқа мерзімде қорғаныс, әскери қызмет, әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша заңдар пакеті жасақталып, қабылданылды. Негізінен 1993–1994 жылдары тәмәмдалған ұйымдастыру кезеңінен біз мемлекеттің әскери ұйымын қалыптастыру кезеңіне көштік.

Тұтас алғанда, бастапқы кезеңдегі әскери саясаттың, әскери құрылыс бағытының мән-мазмұны 1993 жылы қабылданған Әскери доктринада айқындалған-ды. Басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен бірге ол да егемен мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі әскери құрылыста әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуде игі рөл атқарды. Егер алғашқы кезеңде негізінен ұйымдастыру мәселесі шешілсе, кейінгі жылдары Қарулы Күштер

өзінің басты шаруасы – жедел де әскери жаттығумен шұғылдана бастады. Қолбасшылық-штабтық және әскери оқулар мақсатты өткізіліп жүр. Қолбасшылық құрам мен сарбаздар, офицерлердің басым көпшілігі қызметке тұңғыш тағайындалып, тәжірибе жинап үлгермегеніне қарамастан, барған сайын сенімдірек қимылдайтын болды. Халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық күрт дамыды.

Бұл жылдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өзінің негізгі міндетін орындап, мемлекетіміздің қалыптасу кезеңіндегі егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтаудың негізгі кепілі ретінде әскери әзірлігін қуаттады. Мыңжылдықтар шебінде әлемде геосаяси сипаттағы ғаламдық өзгерістер болды. Өмір әсте 1 орында тұрмайды ғой. НАТО мен Варшава шарты ұйымының жаһандық әскери тайталасы өткенге кетті. Әлемдік аренада тың күштің ірі орталығы ретінде өз әскери-стратегиялық мүдделерін батыл жариялайтын жаңа геосаяси ойыншылар пайда болды. Халықаралық қатынастардың қалыптасуы бәсекелестікке ұласып, бірқатар мемлекеттердің тіпті жаппай қырып-жоятын қару жасау жолымен де өзінің әлемдік және аймақтық саясатқа ықпалын күшейтуге тырысуымен ұштасып, қатар жүріп келеді. Халықаралық қатынастардағы әскери күштердің маңызы елең еткізерлік. Нәтижесінде қарама-қарсы 2 үрдіс төбе көрсетіп отыр.

1 жағынан, басты 2 әскери-саяси блоктың тайталасы бітуіне байланысты ірі ауқымды соғыстың айқын қатері жойылды. Екінші жағынан, әлемнің бірқатар аймақтарында жергілікті қарулы қақтығыстардың саны артып отырғаны байқалады. Жергілікті соғыстар мен ішкі қарулы қақтығыстар осы заманның созылмалы сырқатына айналды. Қазіргі кезде барлық аймақтарда дағдарыс алды жағдайларының саны 35-ке жетеқабыл.

Басты әлеуметтік-мәдени және экономикалық осы заманғы феномендердің бірі – қарқын алып келе жатқан жаһандану үдерістері. Адамзаттың ақпараттық дәуірге енуі осыған байланысты, ал бұл дәуір ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен инфрақұрылымдардың маңызы артуымен, экономикалық ақпараттық құрамының мәні көтерілуімен сипатталады. Ақпараттар алмасудың мерзімі барынша қысқарады, мемлекеттік саясат қалыптастырудағы қоғамдық пікір факторы едәуір артады. Ешбір елді тыс қалдырмай баршаға үрей шашатын қауіпсіздіктің тың қатері пайда болып, жаһандық проблемалар деңгейіне көтеріледі. Оған ең алдымен терроризм мен экстремизмнің таралу қаупі, сондай-ақ олармен тығыз байланыстағы есірткі бизнесі мен заңсыз қару саудасы жатады.

Әлемдік қоғамдастықтың жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөніндегі күш-жігеріне қарамастан, дүниеде, соның ішінде Қазақстан шекарасына жақын маңда кесапаты алыс радиустарға жететін құралдары бар жаңа ядролық мемлекеттер

пайда болды. Қазіргі қоғамдардың жоғары технологиялылығы мемлекеттерді терроризм алдында төтенше дәрменсіз әлжуаз етіп отыр.

Қауіпсіздіктің барша жаңа қатері біздің өңір үшін өзекті екенін атап өткен абзал. Ғаламдық әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңі Қарулы Күштерді әскери тұрғыдан қолданудың тәжірибесі мен теориясына көптеген жаңалықтар енгізді. Атап айтқанда, экономикалық-технологиялық тұрғыдан алдағы елдердің 1 тобы соғыс жүргізудің жаңа тәсіліне, технотрондық түріне көшіп жатыр. Бұл соғыстар несімен ерекшеленеді? Оларда шешуші рөл жаяу әскерлердің шамалы ғана тобына, дәлдігі жоғары әдеттегі қару-жарақ және жаңа физикалық ұстанымда жасалған қаруларға беріледі. Оларда электрониканың осы заманғы құралдары мен әскери-ғарыштық күштер кеңінен қолданылады. Соғыстардың жаңа буынында басқыншының бар қуаты қасақана экономикалық нысандарды, қарсыластың әскери объектілері мен басқару жүйесін қиратуға бағытталады. Жаңа тұрпаттағы соғыстардың басты мақсаты – экономикалық әлеуетті күйрету. Жаңа буындағы соғыстарда ақпараттық қамту аса маңызды рөл атқарады, әскери істе күрестің ақпараттық әдістерін қолданудың маңызы артады. Әскери қимылдарды басқару және ақпараттық-психологиялық тайталас жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер біздің көз алдымызда өтіп жатыр. Әскери реформа жүргізе отырып, біз бұған сәйкесінше көңіл бөлуіміз керек.

Ұлылардың біреуі генералдар қашанда өткен соғысқа әзірленеді деген екен. Адамға өткен тәжірибеге арқа сүйеу тән. Алайда нақты тәжірибе бұрыннан бар уәжді жиі-жиі жоққа шығарады. Соған сәйкес өмір бізден әскери құрылыстың теориясы мен тәжірибесіне, әскери әзірлік әдістемесіне, әскерлерді жауынгерлік тұрғыдан пайдалану теориясына түзетулер енгізуді талап етеді.

Баяғыда У. Шекспир заманында-ақ қорғанысқа дайындала отырып дұшпаныңды өзің ойлағаннан күштірек санағаның абзал, сонда қорғаныс қажетті шегіне жетеді деген.

Геосаяси, әскери-стратегиялық және ішкі сипаттағы өлшемдерге сай болуы үшін армияны біз нақты қатерлерге талдау жасау арнасында реформалауымыз керек. Мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі күш құрамының орны мен рөлін дәл де айқын түсіну үшін Қазақстанның алдында тұрған барынша ықтимал қатерді саралап, бағасын беріп алу қажет.

Елді ірі ауқымды соғысқа тарту қаупінің азаюы аймақта тың тәуекел, айбат шегу және қатер туындауымен ілесе жүреді, олардың ішінде әскери қақтығыстардың бұрыннан бар және болуы ықтимал ошақтарының мемлекет шекарасына тым жақын тұруы; экстремистердің, халықаралық лаңкестердің қарулы топтарының республика аумағына кіріп кету мүмкіндігі; кейбір елдердің әскери қуатын сан жағынан да, сапа жағынан да өлшеусіз өсіріп жіберуі салдарынан өңірлік тұрақтылық

әлсіреуі; Азия аймағында жаппай қырып-жою қаруын таратудың, оны және ең жаңа әскери технологияны жеткізу құралдарының қауіптілігі және олардың терроршыл топтардың қолына түсу қатері. Осылайша соңғы жылдары сыртқы жағдай түбегейлі өзгергенін көріп отырмыз.

Осы жылдары елдің шаруашылық жүргізудің нарықтық түріне көшуді жүзеге асырғанын ескере келгенде, мемлекеттің әскери саясатын өзгеріп кеткен ішкі жағдайларға бейімдеу міндеті төтенше қойылады. Елдің әскери ұйымы алдында көптеген күрделі мәселелер тұр, олардың ішінде әскерге алынатындарды әзірлеу, әскерге алынатындар резервін дайындау да бар. Соның өзінде де Қарулы Күштердің ахуалы Қазақстанның айналасында болған геосаяси өзгерістерге, оның ішкі және сыртқы саясатына, жаңа мыңжылдық шебіндегі әскери істің талаптарына сай болудан қалды.

Бірінші. Қарулы Күштердің ұйымдық-штаттық құрылымы, әскери және жедел міндеттері, сондай-ақ әскерлердің жер-жерге орналасуы қазіргі жағдайдағы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаттары мен міндеттеріне сонда-ақ сәйкес болмаған, себебі ол «үлкен соғысқа» дайындық көзқарасынан танбаған.

Екінші. Қаруланау мен жаңа техниканың жағдайы көрші мемлекеттердің әскерлерінен техникалық тұрғыдан артта қалатынымыздың айғағы іспетті еді. Қаптамалытанк техникасының 90–95 %, артиллерия жүйесінің 90 %, майдан ұшақтарының 70 %,

армия авиациясы тікұшақтарының 80 % қалпына келтіре жөндеуді қажет етті. Мәселен, Спасскідегі сақтау базасында 1515 жыланбауыр техниканың 2000 жылдың қарашасында 34-і ғана жарамды болып шықты.

Үшінші. Қарулы Күштерді қаржыландыруға жүйелі де мақсатты көзқарас болмады. Әскери шығындарды жоспарлаудың негізгі жүйесі елдің экономикалық дамуының қарқынына сай келмеді. Қаржы арқауы әскери реформалар бағдарламасын жүзеге асыруға кірісер мүмкіндік бермеді. Материалдық қаражатты тұтынуда зор зәрулік ұшырасты, оның есесі қолсұғылмас қордың есебінен жабылды да, ақшалай есептегенде ол жыл сайын 1 млрд-тан 2,5 млрд теңгеге дейінгі қаржыны құрады. Әскери әзірлік ошарылды. Былайынша, авиациядағы қажетті ұшу сағаты қамтамасыз етілмеді. Мұның өзі ұшқыштар құрамының мамандығынан қарайып қалуына әкеп соқтырды.

Төртінші. Әскери қызметтің беделі әжептәуір түсті. Әскери қызметшілердің материалдық жағдайының төмен деңгейі жеке құрамның жалпы әлеуметтік-психологиялық ахуалына кері әсерін тигізді.

Бесінші. Қарулы Күштердің кадр әлеуеті төмендеді. Мысалға айтсақ, офицерлердің 50 %-ның ғана арнаулы әскери білімі болды. Әскери білім берудің ұлттық жүйесінің шектеулі мүмкіндігі армияны офицер кадрлармен толықтыруды тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермеді. Взвод, рота

(батарея) буындарында білікті офицерлермен қамтамасыз етілмей, жағдай ушығып кетті, ал әлгі буындар әскери дайындық пен әскери қабілеттің негізі қаланатын арна емес пе.

Осындай ахуал республиканың басқа әскерлері мен әскери құрамаларында да орын алды. Мемлекеттік шекараны сенімді қорғау тек шығыста ғана ұйымдастырылды. Ішкі әскерлерде жедел бөлімдердің 4 мыңға жетпейтін әскери қызметкерлері, яғни жалпы штатта саналатындардың 17 %-ы заңсыз қарулы құрамалармен күрес жөніндегі тапсырмаларды орындауға тартылуы мүмкін.

Мұндай жағдайда әскери саясатқа түзету енгізіп, мемлекеттің әскери ұйымына қатаң түгендеу жүргізіп, оның ахуалы мен әскери әзірлігін, міндеттері мен құрылымын, қаржылық қамтылуын тізімге алу қажет. Басты міндет – әскери саясатты тиімді, ал әскери ұйымды осы заманғы, мығым да кәсіби күшті етуге мүмкіндік беретін резервтерді ашу болды.

Сөйтіп, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өзгерген талаптар елдің әскери саясатын қайта қараудың, әскери ұйымдарын реформалаудың қажеттігін туғызды.

Қалыптасқан жағдайды жете түсіну елдің әскери ұйымын реформалау үдерісіне, реформаның мақсатын, міндетін және артықтылығын жасақтауға жаңа серпін берді.

Бұл жолдағы алғашқы қадам 1999 жылдың желтоқсанында Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы-

ның қабылдануы болды. Мұның өзі Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайтудағы және қорғаныс саласындағы саясатты өзгертудегі бастау межеге айналды. Стратегияға сәйкес біз экстремизм мен терроризмге қарсы күресте басқа мемлекеттермен күш-жігер біріктіруге бағытталған қадамдар жасадық.

Бұл шешімге біздің мемлекеттер кездейсоқ келген жоқ. Орталық Азия елдері үшін халықаралық терроризм мен экстремизмнен қауіп барына ешкім де күмән келтірмейді. Мұны Шешенстандағы, Қырғызстан мен Өзбекстандағы оқиғалар айғақтап отыр. Талдау халықаралық лаңкестер мен экстремистердің әрекеті жандана түскенін, біздің өңірде оның ұзаққа созылатын сипаты барын көрсетеді. Сондықтан бұл 1 ортақ қатерге тізе қосып міндетті түрде бірге қарсы тұру керек, нақты әскери интеграция оның пәрменді жауабы болып табылады.

Қазақстанның бастамашылығы бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Терроргa қарсы орталығы құрылды. Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мәселелері жоғары деңгейдегі бірқатар екі жақты және көпжақты кездесулерде де қаралды. 2000 жылдың сәуірінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан арасында Терроризммен күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шартқа қол қойылды, оны Парламент ратификациялап та үлгерді. Оған қоса біз Өзбекстан мен Қырғызстанның содырлар тегеурініне қарсы

қимыл жасау жөніндегі күш-жігерін батыл қолдап, халықаралық терроризмнің тіміскі әрекеттеріне бірлесіп тойтарыс беруді ұйымдастыру жөнінде бірпара бастамалар ұсындық.

2000 жылдың өн бойында Қазақстан мен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (ҰҚШ) қатысушы басқа да мемлекеттер ҰҚШ-ны қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастықтың пәрменді тетігіне айналдыру жөнінде жұмыс жүргізді. ҰҚШ-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының Минскідегі саммитінде осы сала бойынша бірқатар бірлескен маңызды шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, 2000 жылдың қарашасында қабылданған әскерлердің аймақтық бірлескен топтарын қалыптастыру жөнінде шешім қабылдап, аймақтық қауіпсіздіктің жаңа жүйесінің іргетасын қалады.

Ұжымдық қауіпсіздіктің аймақтық жүйесін құрудың маңызды құралы «Шанхай бестігі» болып табылады. Осынау форум елдерінің халықаралық терроризм және экстремизммен бірлескен күрес жүргізуге бел бууының зор саяси маңызы бар. Мұның өзі бұндай беделді халықаралық ұйымның әлеуетін аймақ қауіпсіздігіне жаңадан төнген қатермен күреске пайдалануға жақсы негіз қалайды.

Әскери құрылыс үшін 2000 жыл бетбұрыс жылы, өзекті шешімдер қабылдау жылы болды. Өткен жылы біз жаңа Әскери доктрина қабылдадық. Бұл уақытында қабылданған қажетті құжат болды. Онда ең алғаш Қарулы Күштердің дамуы-

ның қажеттігі нақтылы әскери қатердің сипатымен, әскери өнердегі негізгі үрдістермен және мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерімен жарасымды ұштастырылған. Доктринаның маңыздылығы онда отандық әскери-ғылыми тәжірибеде тұңғыш рет әскери жанжалдарға олардың ауқымы, ұрымталдығы, қарсылас жақтардың құрамы және қақтығысқа қатысудан елдердің көретін зардабына тың сараптама жасалады. Доктринаның негізгі бұлжымас пікірі – мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне деген тың көзқарас әскери құрылыс саласындағы нақты іс жүзіндегі қадамдарға негізделуі қажет.

Әскери доктрина шағын болса да мығым, соғысқа қабілеті өте жоғары, таулы-шөлейт жерлерде әрекет ету тактикасына үйренген оңтайлы армия құруды көздейді. Доктринада әскери реформаның негізгі өлшемдері мен жасалу кезеңдері, осы кезеңдердің әрқайсындағы мемлекеттің әскери ұйымының алдына қойылатын міндеттер айқындалып, елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіне Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларды кешенді пайдалану дәлденген. Тұтас алғанда, жаңа Әскери доктрина неге әзірлену керек, мемлекеттің әскери ұйымын қашан, қалай пайдалану қажет деген сауалға жауап береді.

2000 жылдың ақпанында мен Жоғарғы Бас қолбасшының «Қарулы Күштерді одан әрі жетілдіру және елдің қорғаныс қабілетін нығайту жөніндегі

кезек күттірмес шаралар туралы» Директивасына қол қойдым, ал маусым айында Әскери реформаның тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасындағы әскери құрылыстың Мемлекеттік бағдарламасы менің жарлығыммен бекітілді. Бұл құжаттарда елдің әскери ұйымын реформалау мәселелері одан әрі дамытылып, нақтылана түсті. Әскери реформа қазіргі кезде елде жүріп жатқан қайта құру үрдістерінің бөлінбес бөлігіне айналды. Әскери реформаны жүзеге тиімді асыру мәселесі елдің әскери ведомствосы үшін ғана аса маңызды емес. Асыра айтпай-ақ, оның бүкіл елге, барлық институттарға, әрбір азаматқа қатысы бар. Әскери реформаның барысында қандай өзгерістерді жүзеге асыру жоспарланып отыр?

Біріншіден, Қазақстандағы күллі әскери басқару жүйесін өзгерген геосаяси, ішкі саяси жағдайларға сәйкестендіру керек. Екіншіден, елдің жұдырықтай жұмылуға әзірлік жүйесін нарық жағдайларына бейімдеу шарт. Үшіншіден, елдің әскери ұйымының, яғни Қарулы Күштерінің негізгі компонентін жаңғыртып, әскерлердің ұйымдық-штаттық құрылымын, әскерді жасақтау мен кадр даярлау жүйесін өзгерту қажет. Төртіншіден, әскери қызметтің абыройын түсіру үрдісін ауыздықтап, әскери қызметкерлердің әлеуметтік мәселесін шешуге назар көбірек аударылуы тиіс. Кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы шарт әскери реформаның негізгі міндеттері, міне, осындай.

2002 жылға дейінгі бірінші кезеңде күш-жігер Қарулы Күштердің құрылымы мен санын оңтайландырып, ұрысқа әзір құрамалар мен бөлімдердің санын арттыруға, оңтайлы күштер, ракета әскерлері мен артиллерия дайындауға жұмылдыру қажет. Бұл кезеңде әскери басқару органдарының құрылымы қайта құрылып, әскерлердің әскери әзірлігі мен соғысқа қабілеттілігіне ықпалы шамалы құрамалардың саны қысқартылуы тиіс.

2005 жылдың аяғына дейінгі екінші кезеңде тиісті инфрақұрылымдары мен әскери округтар қалыптастыруды аяқтап, әскерлерді келісім-шарт негізінде толықтыру, Қарулы Күштерді техникалық қайта жарақтандыру жоспарланып отыр. Басты нәтиже орта қарқындағы жанжалдарды шешу міндетін қамтамасыз ететін Қарулы Күштердің соғысқа қабілеттілік деңгейіне қол жеткізу болуға тиіс.

Тұтас алғанда, реформа басталды, алғашқы нәтижелерге де қол жетті. Жоғары маневрлі, соғысқа қабілетті оңтайлы күштер құрылды. Әскерлердің бұл түрінің құрылуы – замана әмірі. Қарулы Күштерді төмен қарқындағы жанжалдарға пайдалану жөніндегі шетелдік тәжірибе шиеленіс ошақтарын өршітпей, әскери қимылдарды мүмкін-қадерінше қысқа мерзімде тоқтату үшін арнайы жаттықтырылған, жоғары маневрлі және ұрысқа қабілетті бөлімдер мен бөлімшелерді пайдаланған тиімді екенін көрсетті.

Бірқатар елдердің басшылығы, бірінші кезекте АҚШ, Ұлыбритания, ГФР және Италия басшылары, соңғы жылдары арнайы міндет жүктелген әскерлерге иек артады. Арнаулы құрылымдардың іс-қимылдары көп жағдайда өте-мөте тиімді болып жүр.

Осыған орай Қарулы Күштерімізде, сондай-ақ басқа әскерлер мен әскери құрамаларда осындай бөлімшелер құрып, оларды арнаулы әскери операцияларда әрекет етуге әзірлеу керек.

Қазақстанның күллі әуе кеңістігінің тиімді бақылауын қамтамасыз ету үшін әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің топтары ұлғайтылып, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс (ӘШҚ) күштерінің жауынгерлік күзет жүйесі жетілдіріліп жатыр. «Әскери ынтымақтастық – 2000» ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бірлескен ӘШҚ жүйесінің аясында былтыр өткізілген «Әскери ынтымақтастық – 2000» жаттығуларының барысында ықтимал қарсыластың әуе топтарын атып түсіруді ұйымдастыру және ұрысты басқару жоғары сапамен атқарылды.

Әскери-аумақтық құрылымға көшу жүзеге асырылып, әскери округтер құрылып жатыр. Әскери округтер құру Қарулы Күштерді құрылымдық және қызметі тұрғысынан қайта құрудың міндеттеріне тіптен толық жауап береді, өйткені мұндай жағдайда ұйымдық құрылымды жетілдірудің қызметтік һәм аумақтық ұстанымдары тығыз ұштасып кетеді. Ұлан-байтақ еліміздің әрбір өңірін

тиімді қорғап, қорғанысын күшейту үшін әскери қауіпсіздіктің тек ықтимал қатерін ғана қарастыру қажет.

Әскери қимылдар театрының ерекшеліктерін ескеріп, қолда бар әскери инфрақұрылымға арқа сүйеп, күш пен қаржыны бағыттар бойынша қайта бөлу, сондай-ақ Қарулы Күштер үшін резерв әзірлеудің жаңа жүйесін жасау қажет. Сонымен бірге әскери округтың пәрмен беру басшылығы өз шекарасына орналасқан өзге әскерлер мен әскери құрамалардың күші мен қаржысын қайта бөліп, әскерге алу, әскери-әкімшілік міндеттерді, сол сияқты аумақтық, азаматтық және қорғаныс мәселелерін үйлесімді де кешенді түрде шешуге тиіс. Айқын әрі тікелей әскери қатер болмаған кезде әскери округтердің құрамы мен орналасуын шапшаң белгілеуді анықтау қаржы мен ресурстарды және уақытты зая жібермес үшін мейлінше ойлануды талап етеді.

Қазіргі кезде Оңтүстік және Шығыс әскери округтері қалыптасты, Батыста құрылып жатыр, келесісі – Орталық округ. 2000 жылы басқару органдарының, сондай-ақ Қарулы Күштердің әскери әзірлігіне әсер етпейтін құрылымдар мен құрамалардың саны қысқартылды. Соның есебінен ең әуелі Оңтүстік әскери округының жауынгерлік бөлімдері толықтырылды.

Қарулы Күштерді сапалық қайта құрудың аса маңызды шарты олардың жауынгерлік машығын көтеру болып табылады. 2000 жылдың өн бойында

командалық-штабтық және әскери жаттығулар ұласа жүргізілді, оларда басқа да күш ведомстволармен бірлесіп заңсыз әскери құрамалармен күрестің тәсілдері жасақталды. Бірлескен жаттығулар өткізу тәжірибесі күллі күш құрылымдары штабтары мен әскерлерінің жедел-тактикалық әзірліктерінің негізгі түрі болуға тиіс.

Қарулы Күштердің халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы қызметі недәуір жандана түсті. «Ортаазбат» бітімгершілік жаттығуларының қатысушылар құрамы ұлғайып, оған 10 мемлекеттің бөлімшелері қатысты. Жыл сайынғы «БАЛАНС – КАЯК» арнаулы-тактикалық жаттығуларының тиімділігі артып келеді, оған Қазақстан мен АҚШ-тың Қарулы Күштерінің медициналық бөлімшелері тартылады. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен стратегиялық серіктестікті дамытудағы көпұлтты бітімгершілік күштердің қимылын үйлестіру жөніндегі «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасына сәйкес жасақталатын мәселелер мен шешілетін міндеттердің ауқымы кеңейе түсті.

Біз Қазақстан Республикасының бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындауға әскери құрамаларымыздың қатысуына зор маңыз береміз. Осыған орай БҰҰ-ның қамқорлығындағы бейбітшілікті қолдау жөніндегі ұжымдық күштердің құрамында «Қазбаттың» да қимылдарға дайындығын жандандыруға күш салу қажет. Халық-

аралық аренаға шығу тұтас алғанда Қазақстан Қарулы Күштерінің абырой-беделін едәуір дәрежеде арттырады. Осылай біздің әскери қызметшілердің әзірлігі әлемнің алдыңғы қатарлы армияларының стандартына жақындатылатын болады.

Бұл үшін 2000 жылдың ішінде белгілі 1 дайындық жасалды. Соңғы 10 жылда армияны қаржыландыруға деген әуестік басталды. Қорғанысқа кетер шығынның өсуі 2001 жылдың бюджетінде де қарастырылған. Әскери реформаның ең маңызды құрамдас бөлігі әскери қызметтің беделін көтеру, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін жасау болып табылады.

Қарулы Күштердің барлық буынында реформа идеяларын өмірге енгізетін кадрлардың мәселесі де шешуші. Өйткені реформа идеяларының толық ауқымда жүзеге асуы солардың жігеріне, мақсаткерлігіне және ұйымдастыруына байланысты. Осыған орай әскери өмір мен әскери қызмет ұйымының бүкіл салт-дәстүрін қайта қарау талап етіледі. Айқындалған келеңсіз үрдістерді жойып, келелі нәтижелерге жету үшін қазіргі жағдайда әкімшілік шара қолданып, бағыныштыларға қысым көрсету жеткіліксіз.

Жеке құрамды материалдық ынталандыру мақсатымен үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап менің жарлығыммен әскери қызметшілердің

ақшасы өседі. Мұның өзі әскери ұжымдардағы әлеуметтік шиеленісті едәуір бәсеңдетіп, кадр мәселесіндегі қиындықты азайтады.

Тұтас алғанда 2000 жыл Қарулы Күштердегі нақты сапалық өзгерістер жылы болды.

Әскери реформаны жүзеге асыру бағытындағы қызметті жандандыра түсу мақсатымен Қарулы Күштердің алдына мынандай міндеттер қоямын.

Бірінші. Жауынгерлік және әскерге алуға әзірлік саласында.

Армияның жауынгерлік әзірлігін арттыру үшін оның ахуалына түбегейлі әсер ететін өзекті буындарды жетілдіру қажет. Мұндай буындардың бірі – байланысты қосқандағы басқару жүйесі. Қарулы Күштердің жұмыс істеп келген байланыс жүйесі физикалық және моральдық тұрғыда тозды. Оның инфрақұрылымы өзгеріп отырған міндеттерге және әскери округтардың орналасуына сай келмейді, ақпарат қорғаудың осы заманғы жүйесі жоқ. Сондықтан негізгі күш-жігерді сандық және оптика-талшықтық технологияларға негізделген байланыс жүйелерімен қайта жабдықтауға жұмсау керек. Тек осының көмегі арқасында ғана әскерлерді басқарудың шапшаңдығы, икемділігі мен жасырындығы қамтамасыз етілетін болады. Осыған байланысты Үкіметке арнаулы және әскери шаруадағы байланыс жүйесін үлгілендіріп, дамытудың бағдарламасын жасауды және 2002–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарлама-

сында оны қаржыландыру үшін қажет қаражатты резервте сақтауды тапсырдым.

Техникалық қарулану мен әскери техниканың ахуалын жақсартудың маңызы да еш кем емес. Оларды жаңғырту және паркін жаңарту үшін қолда бар артық нәрсені сатудан түсетін қаржы толық күйінде пайдаланылуға тиіс. Қорғаныс министрлігіне берілгеніне қарамастан, «Қазспецэкспорт» РМК-нің мүмкіндігі қазіргі кезде тиісінше пайдаланыла бермейді. Қазіргі кезде әскерлерді қажеттінің бәрімен қамтамасыз етіп, жұмылушылық жоспарға сай өрістетілуге тиіс бірқатар құрамалар мен бөлімдерді жауынгерлік әзірлік деңгейіне көтерерлік мемлекетте мүмкіндік жоқ. Осыған орай бұндай құрамаларды ұстаудың қажеті бар ма деген сұрақтың тууы заңды. Не қажеттің бәрімен қамтамасыз етілген ықшам топтар ұстаса қайтеді?

Бізге өткеннен мирас болып қалған қасаң ұғымдардан іргені батыл аулақтату қажет. Тарихи тәжірибе саны көп қарулы күштер әсте де соғыс тағдырын айқындайтын әскери қуаттың ең маңызды факторы емес екенін көрсетті. Қазіргі соғыста саны мен жауынгерлік мүмкіндігі (яғни елдің экономикалық ресурстарына сай) оңтайлы армия, сондай-ақ Қарулы Күштердің әскери әлеуеті мол, мобилизациялық әзірліктің икемді жүйесін ұстаудың шешуші маңызы бар.

Осы заманғы аз уақыт арасында өтетін соғыс жанжалдары жағдайында Қарулы Күштердің

әскерге алуды дамытып, өнеркәсіпке сенуіне болмайтыны белгілі. 1999 жылғы Балқандағы тәжірибе көрсеткендей, талқандалмайтын тыл болмайды: ерен ракета-авиациялық соққылар қас қағымда энергожабдықтау нысандарын, көлік желілерін, негізгі кәсіпорындар мен қоймаларды істен шығарып, өнеркәсіптік және әскери өндірісті тас-талқан қылады.

Қазіргі жағдайда Қарулы Күштер мен өнеркәсіптің кең жұмылуының, бәлкім, қажеті де болмас, өйткені құлаш жайып қарсы соққыға әзірленемін деп жатқанда соғыс істерін істеп бітіп қалуы да кәдік. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жеделдігі шамалы қақтығыстар жүргізу үшін запастағы әскери қызметшілерді шақырып, өндірісті жегудің қажеті жоқ. Мұндай жанжалдарды залалсыздандырып, тоқтату үшін Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігі бар құрамалар мен бөлімдерін, басқа да сондай әскерлері мен әскери құрамаларын, ең алдымен оңтайлы күштерді пайдаланса жетіп жатыр. Ол үшін материалдық қаражаттың тиісті қоры мен маңызды бағыттарда жұмыс істейтін жөндеу базасы болуы талап етіледі. Демек, Қарулы Күштер сияқты, тұтас экономикада да мобилизациялық әзірліктің принципті жаңа жүйесі керек.

Мобилизациялық әзірлік ресурсын ұйымдастыру мәселесі өзекті болып табылады. Әскери машықтанған резервті жинастырудың осы заманғы

жүйесін біз кезең-кезеңімен жасауға тиістіміз. Оның есептеу жүйесі де қайта қарауды талап етеді.

Қазіргі уақытта әскери комиссариаттарда 3 млн-нан астам әскери міндеттілер есепте тұр, олардың 100 мыңы ғана соңғы 5 жылда әскери қызмет пен жиындық дайындықтан өткен, оның үстіне нақты техникалық ахуалы белгісіз 1 млн-нан астам техника бірлігі бар. Мұндай мобилизациялық резерв ұстаудың мәні бар ма?

Үкіметке, Қорғаныс министрлігі мен Экономика министрлігіне 2001 жылдың бірінші жартысында мәселелердің аталмыш блогы бойынша нормативті құқықтық база жасауды тәмамдауын тапсырамын.

Екінші. Аумақтық қорғаныстың осы заманғы жүйесін қалыптастыру.

Нысандар мен коммуникацияларды тиімді қорғау, десантты-диверсиялық күштермен күрес және соғыс жағдайындағы басқа да міндеттерді орындау үшін алдын ала жоспарлап, басқару органдарын, аумақтық қорғаныс күштері мен құралдарын даярлау керек. Әзір бұл жұмыста нақты нәтиже жоқ.

Үкіметке, Қорғаныс министрлігіне, облыс әкімдеріне бұл бағыттағы жұмысты жеделдетуді тапсырамын.

Үшінші. Жедел және жауынгерлік әзірлікті жетілдіру.

Басқару органдары мен әскерлерді даярлау кезінде қазіргі қақтығыстардағы қарулы күрестің

өзгермелі сипаты ведомстволық бағынысы әртүрлі күштер мен құралдардың тығыз өзара қимылын, соғыс жүргізудің тактикасын, сондай-ақ әскери әзірлік ұстанымдарын қайта қарауды талап ететінін ескеру қажет. Мәселен, Қарулы Күштеріміз өмір сүре бастаған алғашқы жылдары шығыны көп оқ атумен ұштасқан дивизиялық, полктік жаттығулардың ұдайы өткізілуі енді артта қалды.

Соңғы онжылдықтағы шетелдік тәжірибе әскери міндеттер батальон мен бөлімшеге дейінгі құрамда шағын бөлімдер арқылы орындалатынын көрсетеді. Осыған орай бөлімше – взвод – рота буынындағы әскери әзірлік, әскери қызметшілердің, әсіресе мергендердің жеке-дара дайындығы өте-мөте өзекті. Яғни «санмен емес, санамен соғысу керек» деген Суворов ұстанымы әскер оқуының қазіргі бағытын қай кездегіден де айқын ашады.

Дұшпанды алыстан отты соққы беріп жайрату үшін «дистанциялық» ұрыстың әдістерін табанды түрде игеру шарт. Солдат өмірін сақтайтын осы.

Бейбіт замандағы әскери қауіпсіздік міндеттерін шешуді Қарулы Күштердің, елдің өзге де әскерлері мен әскери құрамаларының күш-жігерін үйлестіріп, айқын келістіре отырып жүзеге асыру қажет. Қарулы Күштердің Бас штабы әр ведомствоға қарасты күш пен қаражатты қолдануда ғана емес, оларды әзірлеуді жоспарлау мәселесінде де басты үйлестіруші орган болуға тиіс. Басқару органдары мен әскерлерді ҰҚШ-ға қаты-

сушы мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен шараларды НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы шеңберінде жүргізуге мақсатты түрде даярлау қажет.

Төртінші. Әскерлерді моральдық-психологиялық дайындау жүйесін жетілдіру.

Қарулы Күштердегі істің жайына талдау жасау әскерлердің моральдық-психологиялық ахуалында елеулі проблемалар бар екенін айғақтады. Оның дәлелі – құқық бұзушылық санының недәуір көптігі, жарақат алудың жиілігі және жеке құрамының қазаға ұшырауы. Әскери қызметшілердің опат болуы, жарымжан болып қалуы сайып келгенде кәсібиліктің жоқтығынан және кәдімгі тәртіптің нашарлығынан. Мұның өзі қоғамымыздағы армия абыройының төмендеп кетуінің, әскери қызметтің беделі түсуінің және жастардың 1 бөлігінің әскери борышын өтеуден жалтаруға тырысуының басты себептерінің бірі.

Бүгінде істің бұндай жағдайы мүлдем кешіргісіз. Қорғаныс министрлігінің басқа да күш ведомстволарымен бірлесіп терең талдау мен зерттеулер негізінде әскерлердегі тәрбие жұмысының жүйесін қайта қарайтын уақыт жетті. Зайыры, армияның, басқа да әскери құрамалардың командалық құрамы, тәрбиелік құрылымы бекер жұмыс істейтін сияқты.

Көп жағдайда келеңсіз құбылыстардың себебінде өзіндік сипат бар, ол – бөлімшелердегі жағдайға

бұрмаланған әділетсіз баға беру, бағыныштылармен жеке тәрбие жұмысының жоқтығы, ықпалдың әкімшілік шараларын дұрыс қолданбауы, сержанттық құрамды нашар даярлауы, офицер құрамының кәсібисіздігі.

Бұл арадағы басты проблема педагогиканың маңызды ұстанымы – оқу мен тәрбие үдерісінің бірлігі мен ажырағысыздығының бұзылуында жатыр. Былайынша, тәрбие оқыту барысында жүзеге асырылуы шарт. Осыған байланысты бағыныштыларды оқыту мен тәрбиелеу барысында басты тұлға командир болуға тиіс. Құқық қорғау органдары да, жоғары жақтың әкімшілік қысымы да әскерлердегі көзге ұрып тұрған келеңсіз үрдісті түп-тамырымен құрта алмайды, себебі бұл мәселемен бөлімшелерде біліксіз шұғылданған, тіпті шұғылданбаған да. Армияның ең маңызды буындары – взвод – рота (батарея) – қолбасшылық құраммен қанағаттанғысыз толықтырылған. Мұнда әсіресе білікті офицерлердің жетіспеушілігі қатты сезіледі. Атап айтқанда, дәл осы буын ең алдымен нығайтылуы керек еді.

Армияның соғысқа қабілеттілігінің қажетті құрамдасы – жеке құрамының мықты рухани қуаты. Ол тәрбие, ақпараттық жұмыс, погонды кісілерді әлеуметтік қорғау саласындағы тиісті шаралармен бекиді.

Үкіметке, Мәдениет, ақпарат және ұлтаралық келісім министрлігіне Қорғаныс министрлігімен,

басқа да күш ведомстволарымен бірге әскери кәсіп пен орта мерзімді әскери қызметтің беделін көтеру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны жасақтауды аяқтап, оны жүзеге асыруға кірісуді тапсырамын.

Бесінші. Әскери реформаны кадр тұрғысынан қамтамасыз ету.

Құрамалар мен бөлімдердегі істің жайын талдау жоспарлы әскери жаттығулармен айналысатын құлашы кең бөлімшелерде моральдық-психологиялық ахуал әдеттегідей жақсы екенін, әскери тәртіптің күшті екенін көрсетті. Әскерлердің ұйымдық-штаттық құрылымын қайта қарап, соғысқа қабілетсіз құрамаларды ұстаудан бас тарту, сондай-ақ адамдардың оқуы мен тәрбиесіне жауап беретін буындарды бекіту қажет. Бұл бағыт Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың кадр саясатының арқауы болуға тиіс.

Әскери кәсіп иесі қажет етілмейтін лауазымдарда әскери қызметшілерді азаматтық жеке құраммен алмастыру жөніндегі шетелдік тәжірибені ауқымды түрде әрі кеңірек пайдалану керек. Мұның өзі Қарулы Күштерге, басқа әскерлерге және әскери құрылымдарға бөлінетін қаржыны тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді.

Әскери реформаны ойдағыдай жылжыту әскери кадрларды сапалы даярлау сияқты өзекті міндетті шешпейінше, мүмкін емес. Армияда бар бірпара мәселелер әскери білім беру жүйесінің жетілдірілмегеніне қатысты.

Соңғы жылдары әскери кадрларды даярлау мен әскери тәжірибе алға тартқан талаптардың арасында көрінеу сәйкессіздік байқалады. Қарулы Күштер кәсіби әзірлігі жақсы мамандарға зәру болып отыр. Әсіресе бұл 2000 жылдың жазында армия қатарына әскери кафедра мен 3 айлық жиыннан ғана өткен жүздеген лейтенанттар шақырылғанда аңғарылды. Алайда соғыс қимылдары шаң берген жағдайда жас солдаттарды негізгі әскери машығы жоқ командирлердің қарауында өлімге айдап салуға моральдық хақымыз жоқ.

Әскери білім беру жүйесі елдегі әлеуметтік-экономикалық қайта жаңғырту жағдайында, әскери ғылым мен техниканың шапшаң дамыған шағында әскерлердің ағымдағы және келешектегі қажеттеріне шапшаң жауап берерліктей икемді болуы керек. Мұның өзі әскери оқу орындарын қайта құруды, кадрлар даярлаудың көпдеңгейлі, шоғырландырылған ведомствоаралық жүйесіне көшуді талап етеді.

Қазақстан үшін әрбір күш ведомствосына арнап 1 бағдарлы мамандар даярлайтын әскери оқу орындарын ұстау жөнсіз. Әскери кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесі болуы керек. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар үшін мамандарды мемлекеттің әскери ұйымдары алдында тұрған міндеттер мен қазіргі кезеңнің талаптарына сай мемлекеттік тапсырыс негізінде даярлауға көшу қажет.

Әскери оқу орындары түлектерінің кәсіби даярлығын түбегейлі көтеру үшін оқытушылар құрамын әзірлеуге және қайта әзірлеуге айрықша назар аудару керек. Бұл үшін халықаралық әскери ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін мейлінше толық пайдаланған абзал. Тыңдаушылар мен курсанттардың оқу барысы әскерлердің өмірімен тығыз байланыстырылып, оқытушылар ұдайы әскерлерде сынақтан өтіп, жаттығуларға қатысып отыруы керек. Әскери оқу орындарында оқу үдерісін жетілдіруді оқу барысын кешенді ақпараттандыру және жаңа ақпарат технологияларын енгізу арқылы жүзеге асыру шарт. Мұның өзі жалпы оқудан жалқы оқуға көшіп, курсанттардың, тыңдаушылардың шығармашылығын ынталандырып, офицерлер даярлаудағы проблемалық тәсілдердің ұстанымдарын жүзеге асыруға жағдай туғызады. Бұл үшін компьютерлендірілген оқулықтар жасап, автоматтандырған оқу курстарын ашу, сараптау және бақылау бағдарламаларын жасақтау қажет. Әскери академия келешекте техниканың соңғы соны үлгісімен жарақтанған базалық, әскери-оқу және ғылыми орталыққа айналып, Қарулы Күштер, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құрамалар үшін ең жоғары деңгейдегі мамандар даярлайтын болады.

Біз әдемі әрі дұрыс әскери реформа жүргізерміз-ақ. Алайда Қарулы Күштерді аяғынан тік тұрғызуды көксейтін кәсіби кадрлар болмаса, жоспарларымыз қағаз жүзінде ғана қалып,

жұмсаған қаржымыз желге ұшады. Осы орайда Үкіметке 2002 жылдың бюджетінде ұлттық әскери оқу орындарын ұлғайтып нығайтуға жұмсалар шығынды көбейтуге тапсырма беремін. Өз тәуелсіздігінің екінші онжылдығына қадам басқан Қазақстан әскери білім саласында өзіне өзі мол жететіндей болуы керек.

Алтыншы. Әскери ғылымның рөлін көтеру.

Әлем мен өңірдегі геосаяси жағдайдың тым шапшаң қозғалысы, әскери істегі тоқтаусыз өзгерістер, қарулы күрестегі соны әдістер мен құралдар қазіргі жағдайда әскери ғылымға өскелең талаптар жүктейді. Сөз қоғамдық даму мен қарулы күрестің заңдары мен заңдылықтарына сүйенген стратегиялық болжамдар туралы кешенді оперативті-стратегиялық және техника-экономикалық есептерді, әскери құрылыс саласында зерттеулер жүргізгенде пайдаланылған математикалық үлгілендірудің осы заманғы әдістерін, әскери құрылыстың, қару-жарақ пен әскери техника дамуының теориясы мен тәжірибесін қолдануда болып отыр.

Осыған орай Қорғаныс министрлігі басқа да күш ведомстволарымен бірге, сондай-ақ Білім мен ғылым министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі үстіміздегі жылы отандық әскери ғылымды нығайту мақсатымен кешенді шаралар қолдануы қажет.

Елде 10-ға жетпейтін әскери ғылым кандидаттары барында әскери қауіпсіздік, әскери құрылыс,

әскери оқу мен тәрбие, қару-жарақ пен әскери техниканы дамыту саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасы жөнінде сөз қозғаудың өзі ерсі.

Әскери оқу орындарының, тұтас алғанда әскери ғылымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін арттыру үшін елдің ғылыми тобының күш-жігерін топтастырып, сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін пайдалану керек. Бұл міндеттер атүсті шешіле қалмайды. Оларды жүзеге асыруға орай ұланасыр жоспарлы жұмыс, қажырлы қызмет атқару керек болады.

Әскери реформаны одан әрі жылжыту мақсатымен Қорғаныс министрлігін мынадай міндеттерге мегзеймін.

Бірінші – Оңтайлы күштерді жеделдігі шамалы жанжалдарды өршітпеу міндетін орындауға дайындау шарт.

Екінші – елдің оңтүстік шебін қалқалау және олардың жауынгерлік кезекшілігін жетілдіру үшін ӘШҚ-ның әскери топтарын көбейте түсу керек.

Үшінші – жауынгерлік және мобилизациялық дайындықтың деңгейін және әскерлердің жауынгерлік әзірлігінің тиімділігін арттыру қажет.

Төртінші – Оңтүстік және Шығыс әскери округтерінде ұйымдастыру шараларын аяқтап, Батыс округін құрған жөн.

Бесінші – қару-жарақ пен әскери техниканың ахуалын жақсарту керек. Тиісті Мемлекеттік

бағдарламаның жасақталуын тәмамдап, оны қабылдау қажет.

Алтыншы – әскери-ғылыми кадрлар даярлаудың тиімді жүйесі жасалуға тиіс.

**Генералдар мен офицер мырзалар!**

Өткен жылдар өз аясына көп нәрсені сыйғызды. Бұл мерзімнің ішінде армия ұйымдасу және қалыптасу кезеңінен өтті. Бүгінде Қарулы Күштерді сапалық тұрғыдан қайта құру үшін берік негіз қаланды. Әскери доктринаны жүзеге асыруға бағытталған әскери саладағы реформалар армияның жауынгерлік әлеуетін недәуір арттырып, оны күшті де осы замандық етуге, ал әскери кәсіпті тартымды да мәртебелі қылуға мүмкіндік береді.

Бүгін сіздердің алдарыңызда сөйлеп, сөзімді елдің офицерлер корпусының өкілдеріне арнаймын. Әскери реформаның пәрменді жүзеге асырылуы көп жағдайда сіздердің іскерлігіңізге, жігерлеріңіз бен кәсібиліктеріңізге байланысты.

2001 жыл белсенді іс-қимылдың жылы, көзделген жоспарлардың мақсатты орындалатын жылы, армиямыздағы жағдайдың тұрақтанатын жылы болатынына кәміл сенемін.

**Норвегия халықаралық қатынастар институтында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Норвегия Корольдігі, Осло қаласы,
2001 жылғы 3 сәуір

**Құрметті директор мырза!**
**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

«Саясат – тарихтың перзенті, ал тарих – географияның перзенті» деген. Осынау қағиданы біздің жедел жаһанданып жатқан дүниеде кезекті «терра инкогнито», яғни беймәлім елмен кезіккен сайын еске түсіресің.

Қазақстан – аумағы жөнінен әлемнің тоғызыншы мемлекеті. Кемеске кеткен империяның

шалғай шетінен ол бірте-бірте ғаламшардың танымал бөлігіне айналып келеді. Елдің қазіргісі жайында айтпас бұрын табиғат пен адамның тарих аталатын таңғажайып әрі қарама-қайшы үйлесімі жайына дерек келтіре кетейін.

Қазақстан жазираларында адам ең алғаш жылқыны қолға үйреткенін біреу білсе, біреу білмес, мұнда металл Иса пайғамбар туғаннан әлдеқайда бұрын балқытылғанын да білетіндер аз болар, бабаларымыздың арбаға әлемде бірінші болып доңғалақты жаппай қолданғанын жұрттың көбі білмеуі мүмкін. Дәл солай Қазақстанның апшысын аптап қуырған даласынан осыдан 40 жыл бұрын 1961 жылдың 12 сәуірінде адам ең алғаш ғарышқа қадам басты, 10 жыл бұрын Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық арсеналдың иесі болып тұрды, әлемдік нарыққа уран жеткізушілердің бастыларының бірі де Қазақстан, өткен жылы тура осы елде соңғы 30 жылдағы дүниеде ең үлкен мұнай кен орны ашылды.

10 жыл бұрын сан ұрпақтың қуатымен лықсып тұрған «тәуелсіздік» сөзі халқымыз үшін ақиқат шындыққа айналды. Осы жылдары 130 этностық топтар өмір сүретін елде бірде-бір ұлтаралық қақтығыс болған жоқ. Ешқашан көппартиялық жүйе, кәсіби парламент, ашық оппозиция, тәуелсіз баспасөз, ақиқат ар-ождан бостандығы мен тәуелсіз кәсіподақтар болмаған, үкіметтік емес ұйымдар деген тіпті ұғымда жоқ елде бірнеше жылдың ішінде Еуропада ондаған, жүздеген

жылдар бойы құрғандай институттар ашылды. Тек 1990-шы жылдары ғана біз ауқымды жекешелендіру шараларын жүзеге асырып, мүлдем жаңа экономикалық жүйе жасап, қаржы мен банк жүйесін құрдық, шетел инвестицияларын тарта бастадық. Міне, бүгінде алға қойған мақсатқа негізінен қол жетті.

Өткен жылы Еуропа одағы бізге «нарықтық экономика елі» деген мәртебе берді. Қазақстандағы жекеменшік секторында өнімнің 75 % шығарылады, онда еліміздегі жұмыс істейтін тұрғындардың төрттен үші еңбек етеді. Елде меншік иелерінің жаңа табы пайда болды. Бізде 100 мыңнан астам жекеменшік кәсіпорын бар, бұл жалпы тіркелген кәсіпорындардың 80 %-ынан астамын құрайды. Біздің ел ТМД мемлекеттері арасында шетел инвестицияларын тарту жөнінен талассыз көшбасшы болды. Инвестициялардың жалпы мөлшері 9 млрд доллардан асты. Сіздердің аса көрнекті отандасыңыз Генрик Ибсен айтқандай, «Қарыз бен борышқа арқа сүйеген үй-ішінің өмірінде еркіндік те, сұлулық та болуы тиіс емес». Мемлекетіміздің дәулеті қаптал екеніне Халықаралық валюта қорының алдындағы қарыздарымызды біздің былтырғы жылы-ақ өтеп тастағанымыз айқын айғақ қой деп санаймын. Біздің экономикада өсу үрдісі айқын байқалады. Мәселен, 2000 жылы өнеркәсіп өрлеуі 14,6 % болса, экономикалық өсу 10 % дерлік.

Алайда күрделі геосаяси жағдайда азамат соғысынсыз, қантөгіссіз бейбіт жолмен өткен осынау «тыныш төңкеріске» қарамастан, Қазақстанға тікелей қатысты халықаралық қауіпсіздік үшін мейлінше мәнді 1 фактор бар.

Соңғы онжылдықтағы ғаламдық ілгерілеу қалыптастырған геосаяси ландшафта «жеңгендер» де, «жеңілгендер» де толысқан тарихтың алаңында осыған дейін елеусіз болып, XXI ғасырдың басына дейін қақпайланып келген тұлғалардың ішінен шыққан үшінші жақтың белсене бастағаны байқалды. 1998 жылдың 11 және 13 мамырында Покхаран ядролық полигонында үнді әскерилері 5 ядролық құрылғының жерасты сынақтарын өткізді. Сол айда, яғни 28 және 30 мамырда, Чагай-Хиллз полигонында пәкстандықтар қуаты жоғарыдағыдай 6 ядролық зарядты жарды. Алайда өздерінің ядролық жоспарларын ашық мәлімдеген Үндістан мен Пәкстаннан өзге ядролық шамшылдығы айқын тағы да 6 жаңа ел бар. Және бәрі де әлемнің жарылыс қаупі бар өңірлерінде. Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарт барған сайын атақты «рокфор» ірімшігін еске түсіретін болды. Бірқатар деректер ядролық қатерге қатысты жағдай ең келеңсіз сценарий бойынша өрістейтінін аңғартады.

Бұдан 20 жыл бұрынғыдай емес, ядролық қаруды қолға түсіру асу бермес техникалық қиындықтарға тап қылмайды. Қиындығы әбден байытылған уранның немесе плутонийдің жет-

кілікті мөлшерін алу ғана. Сондықтан ядролық материалдардың контрабандасы аңыз емес, үрейлендірер ақиқатқа айналды. Оның үстіне Үндістан мен Пәкстанның ядролық қару жасап, оны ашық пайдалануы басқа елдерге үлгі болып, ядролық қаруды өндіру бақылауға бақпайтын ашық үрдіске айналып кетуі кәдік.

Биполярлық орнын әсте де бірполярлық немесе көпполярлыққа берген жоқ. Ол орнын аймақтық тұрақсыздыққа берді. Өңірлердегі қақтығысты аймақтардың басым бөлігі тактикалық ядролық қаруды пайдалану үшін таралу аймағын жасауда.

Ақыр аяғында терроризм ұйымдардың шұғыл белсенділеніп кеткен көшбасшылары ядролық қаруды иелену тілегін ашық айта бастады. Мәселен, атышулы Усама бен Ладен бірде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы шағын ядролық бомба жасауға қажет кейбір құрамдарды алу үшін 1,5 млн доллар төлеуге әзір екенін мәлімдеді.

Мұндай жағдайда ядролық державалардың ғаламдық текетіресін бағдар тұтқан ядролық қауіпсіздіктің халықаралық жүйесі жалтақтап, ядролық қаруды таратпау үдерісін қолдауға қабілетсіз болып отыр. Мәселе мынада – бүгінде дәстүрлі ядролық державалар мен ядролық қару жасап «табалдырық» деңгейінде тұрған елдердің арасында жаңа текетірес басталғалы тұр. Ішкі қайшылықтарды, сандық сәйкессіздікті реттеп, бірте-бірте бір жақты атомдық теңдестікке қол

жететін қарама-қарсылығы болар-болмас қысқа кезең де өтер. Бірақ бұл ерте ме, кеш пе аймақтық ядролық жанжал шығатын халықаралық қатынастардың шиеленісуіне әкеп соғады. Ядролық құбыжық басқа жақтан, артқы есіктен кіреді. Ядролық қарудың күші мен қуаты сондай, жаһандық қатерді оның саны емес, қолда бары туғызады.

Міне, сондықтан да Қазақстанның ядролық қарусыздану сабағы жай ғана тарихты еске түсіріп қою емес. Бұл барған сайын жардың шетіне жақындай түскенді еске салатын үдерістерге ақиқат балама. Өйткені 20 жылдан кейін ядролық дүниенің сырт пішіні Кафканың «Қамалының» ерсілігін еске салатын болады. Дәл сол себепті де Қазақстан жариялап қана қоймай, жүзеге асырған шаруа өзінің көкейкестілігі мен ғаламдық мәнін жоймақ емес.

Біздің елдің аумағында 1991 жылы жаппай қырып-жоятын қарудың орасан зор арсеналы: құрлықаралық баллистикалық зымырандарға арналған 1040 оқтұмсық, әуеге негізделген қанатты зымырандарға арналған 370 оқтұмсық болды. Бұл өзінің көлемі жөнінен әлемдегі төртінші ядролық арсенал болатын, ал қуаты жөнінен Ұлыбритания мен Францияның ядролық күштерінен асып түсіп, тек Ресей, АҚШ және Қытайдан ғана қалатын. Біздің аумақта бұл қаруды қажет жеріне жеткізетін қуатты құралдар орналасты, оның ішінде құрлықаралық СС-18 баллистикалық зымырандар мен ТУ-95 МС стратегиялық бомбалағыш

ұшақтар бар. Қазақстан ядролық қарудың белсенді құрамы үшін қажет ресурстардың орасан зор қорына ие боп келді, ие бола да береді. 20 кен орнында барланған уранның қоры жөнінен Қазақстан әлемде алдыңғы орындардың бірінде. Оның еншісіне уранның әлемдік қорының 25 % тиеді. Қазақстанның аумағында сондай-ақ атом өнеркәсібінің табиғи уранды өңдеп, байытатын ірі кәсіпорындары бар.

Осыған орай Қазақстанның мәртебесі, біріншіден, ядролық қару мен оны жеткізетін құралдар орналасқан аумақ ретінде, екіншіден, атом өнеркәсібінің жұмысы үшін ресурс базасы ретінде бізге шын мәнінде алдыңғы қатарлы ядролық держава сипатын берді. Ядролық қарудан бас тарту төңірегіндегі жағдай оңай болған жоқ. Қазақстан қоғамында ядролық қаруды сақтап қалудың жақтастары ұшырасты. Бұл арада мынандай дәлелдер келтірілді.

Біріншіден, тек ядролық арсенал ғана арынды басу құралының міндетін тиімді атқара алады деген дәлел. Бұл пікірді жақтаушылардың ойынша, тек Қазақстан ядролық қаруы қолда тұрғанда ғана ықтимал қарсыластың шамшыл дәмесіне тосқауыл қойып, тоқтау салады.

Екіншіден, Қарулы Күштердің саны мен әдеттегі қару-жарақ саласындағы әскери әлеуеттің үйлесімсіздігінің орнын толтырады. Бұл дәлелді жақтаушылардың пікірінше, ядролық күштерді сақтау Қазақстанда орын алған қару-жарақтың

әдеттегі түрлерінің сапалық кемістігінің орнын толтырады.

Үшіншіден, ядролық қару өз-өзінен-ақ Қазақстанға өңірдегі үстем держава мәртебесін әпереді деген тезис кең тарап кетті. Саяси қысымның белгілі 1 кезеңінен кейін халықаралық қауымдастық республиканың ядролық мәртебесін тиесілі ретінде мойындауға мәжбүр болады, мұның өзі біздің аймақтық салмағымызды арттыра түседі дегенді желеу етті.

Төртіншіден, ядролық кешенді сақтаудың ғылыми-техникалық әлеуетті, іргелі және қолданбалы ғылымды дамыту үшін маңызының зорлығын атап көрсетті.

Бесіншіден, Қазақстанда ядролық қаруды ядролық тойтарыс үшін жететіндей етіп сәл-пәл ықшамдалған күйінде сақтауға экономикалық негіздер жеткілікті екенін атап көрсетті. Мұндай «мәртебені» едәуір ұзақ мерзімге, әрі салса 20–30 жылға дейін сақтауға болар еді. Бұл мерзімде Қазақстан жеріндегі ядролық қарудың проблемасын түбегейлі анықтауға да болар еді.

Ядролық «әзәзілдің» астарында байсалды негіздемелер жеткілікті еді. Сол себепті ядролық қару мәселесі бойынша қоғамдық пікір қақ жарылды. Біз азапты күмән-күдік пен түйткілді толғаныстыбастан кешірдік. Қазақстан өзінің төл еркімен ядросыз мемлекет болды. Неліктен біз бұндай шешім қабылдадық?

Біріншіден, ядролық қарудан бас тарту Қазақстанның 1990-шы жылдардың басындағы қауіпсіздіктің күллі әлемдік жүйесінің солқылдақтығын жете түсінуінің нәтижесі болды. Ол кезде әлемнің саяси картасында мұншалық қуатты жаңа ядролық мемлекеттердің кенеттен пайда болуы әлемдік ядролық тепе-теңдіктің бұзылуына түрткі болар еді. Тарих біздің елді өз тарихындағы ең маңызды таңдаудың алдына қойды. Өз басым халқымыздың өзіне жүктелген тарихи міндеттің биігінен көрінгенін мақтан тұтамын.

Екіншіден, аталмыш шешімді айқындаған маңызды фактор айналадағы ортаны қорғау және қазақстандықтардың денсаулығын сақтау мәселелері болды.

Қазақстанда барлығы 450-ден астам ядролық сынақ өтті. Онда ядролық сынақтардың зардабын қай түрінде болсын тартпаған бірде-бір өңір жоқ. Радиоактивті сәулелердің әсеріне қай деңгейде болсын шарпылған қазақстандықтардың саны 1,5 млн-нан астам адамды құрайды. Қазақстан жерінде 40 жылдан астам тайраңдаған ядролық тарихқа ақыры нүкте қойылды. 1995 жылдың 25 мамырында бұрынғы Семей полигонында ақырғы ядролық заряд жойылды. 2000 жылдың 29 маусымында бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтарға арналған соңғы штольня да жойылды.

Үшіншіден, ядролық қарудан бас тарту Қазақстанның Азиядағы сенім шаралары мен

қауіпсіздік жүйесін дамытуға деген айқын таңдауына байланысты. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі 3,5 млрд адам, яғни күллі адамзаттың жартысынан астамы тұратын, әлемдік жалпы ұлттық өнімнің 55 %-ына жуығы өндірілетін, бүкіл әлем саудасының 40 %-ға жуығы шоғырландырылған Азия үшін айрықша көкейкесті. Ғаламшардың халық ең тығыз орналасқан, төл мәдениеті мен этностық әралуандығы қайран қалдыратын осынау өңірінің тұрақтылығы мейлінше нашар.

Алғаш Азиядағы қауіпсіздіктің жаңа үлгісін жасау жөніндегі ұсынысты мен 1992 жылы Нью-Йоркта БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында жасағанмын. Мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыруды ұсынғанмын. АӨСШК шақыру жөніндегі бастама әу бастан-ақ барлық Азия мемлекеттерінен іс жүзінде қолдау тапты, оны сондай-ақ бірқатар халықаралық форумдар, ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымы қуаттады. АӨСШК аясында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің Қазақстан ұсынған үлгісінің мәні неде?

Ядролық күштерге негізделген стратегиялық тойтарыс ұстанымы қазіргі кезде халықаралық қауіпсіздіктің кепілі бола алмайтын боп қалды. Қазір аумалы әскери әлеует, ішінде ядролығы да бар, әлем елдерінің көпшілігінде шоғырландырылған. Жаппай қырып-жою қаруы енді жанжалдарды шектеуші емес, реттеуші болып шығатынына тәуекел басым. Мұндай жағдайда халық-

аралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды амалы мемлекеттер арасындағы сенімді ұлғайту ұстанымы болуға тиіс. Дәл осы сенім ұстанымы күні осы уақытқа дейін үстемдік жанжалды өңірлердегі тойтарыс ұстанымын ауыстыруы керек.

Белгіленген ұстанымдар АӨСШК-ның негізіне қаланып, осы халықаралық ұйымның арналы құжаттарында, атап айтқанда, Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі Кеңеске қатысушы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін Декларациядан да көрініс тапқан. 1999 жылдың қыркүйегінде Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне қатысушы мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің кездесуінде қол қойылған аталмыш Декларацияның мәтінінде ең алғаш Азиядағы сенім доктринасының арнасында халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті қағидалары тұжырымдалды. Оның арқауы: қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен құқықтарын құрметтеу, аумақтық тұтастығын сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, дау-шарларды бейбіт реттеу, күш қолданудан бас тарту, қарусыздану және қаруландыруға бақылау жасау, әлеуметтік сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық, БҰҰ-ның ұстанымдарына сәйкес адамның негізгі құқықтарын және халықаралық құқықты құрметтеу. Тұтас алғанда сенім доктринасын жүзеге асырудың өзіндік айқын тетігі бар, бұл – әскери саясаттың ауыспалығы, шекара

ауданында қарулы күштерді қысқарту, шекара ауданында қарусыздандырылған аймақ құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде өзара консультациялар ұйымдастыру, бірлескен әскери жаттығулар өткізу, т. б.

Қазіргі кезде АӨСШК-ның мүше мемлекеттері Ауғанстан, Әзірбайжан, Египет, Үндістан, Иран, Израиль, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкстан, Палестина, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстан, ал бақылаушы мемлекеттер – Австралия, Индонезия, Жапония, Корея, Монғолия, Украина, АҚШ, Ливан, Вьетнам, Таиланд, Малайзия. Бізді бірлескен күш-жігермен Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың сенімді жүйесін жасауға деген бекем талпыныс және қауіпсіз әлемді тек бірлесе отырып қана жасауға болады деген ортақ пікір біріктіріп отыр. Осы жылдың күзінде АӨСШК-ның маңызды саммиті өтеді, аталмыш бірлестікті құрушы бірқатар мемлекеттердің басшылары өзекті келісімдерге қол қою үшін Қазақстанға жиналады. Өз басым уақыт өте келе АӨСШК Азия құрлығындағы қауіпсіздіктің ақиқат факторына айналатынына сенемін.

Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйелерінің алғы күндерге қызмет ететіні бүгін айқын болды. Әйтпесе Югославияда болғандай өте ауыр зардаптарға тап болуымыз кәдік еді. Тек осындай жүйе жасау ғана адамзат әлденеше мыңжылдықтар бойы жете алмай келген өркениеттер арасындағы қажетті, тұрақты әрі бейбіт үндесуді қамтамасыз

етеді. Қазақстанның күш-жігері осындай жүйе жасауға бағытталған, сондықтан мен осыншалық құрметті әрі кәсіби аудитория алдында өз көзқарасымды ортаға салу мүмкіндігіне ие болғаныма қуаныштымын.

Ынта қойғандарыңызға рахмет.

## Түркі тілдес мемлекеттердің VII саммитінде

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы,
2001 жылғы 26 сәуір

**Қадірменді мырзалар!**

Жаңа кірген XXI ғасырдағы біздің бірінші кездесуімізге қатысушылардың бәрін құттықтау маған шынайы қанағат сезімін сыйлайды.

Осы форум бастарын қосып отырған елдеріміздің барлығы жаңа ғасырға сеніммен қадам басты, прогресс пен өркендеу жолында едәуір ілгеріледі,

жария еткен мұраттарынан жаңылған жоқ деп арнайы атап өткім келеді. Біздің бүгінгі асыл мұратымыз бен іс-қимылымыз тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың бейбіт жағдайда өмір сүруін және ата-бабаларымыз мирас еткен тұтастықты, экономикалық әрі мәдени өрлеуді қамтамасыз етуге, осы бағытта бүкіл әлемдік қоғамдас-тықпен жемісті қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

Өзара қарым-қатынастарымыздағы үміт артарлық 1 үрдіс – сауда-экономикалық және мәдени салалардағы байланыстарымыздың барған сайын жанданып ұлғая түсуі. Біздің іскерлік байланыстарымыз бен серіктестік қарым-қатынастарымыз, бір-бірімізге көрсетілетін көмегіміз қоғамдастықты дамыту, бірлескен іс-қимылдарымызды ұлғайту үшін жақсы негіз қалайды. Өзіміздің осындай бағыт ұстануымызға бүгінгі қалыптасқан жағдай да ықпал етіп отыр, өйткені біз ұшырасып отырған көптеген проблемалардың жаһандық мәні бар.

Ғасырлар тоғысында адамзаттың мұң-мұқтажы мен жан ауыртатын мәселелері барынша айқын бой көтерді. Бұл дегеніңіз әлеуметтік-экономикалық дамудағы сәйкессіздіктен туындайтын толып жатқан зардаптар, ядролық қару-жарақ пен оны жеткізу құралдарын таратудың қаупі, өршіген ұлттық және діни радикализм, заңсыз есірткі айналымы мен халықаралық терроризмнің қатері Еуразия құрлығының көптеген нүктелерінде, оның ішінде өз қоғамдастығымызға кіретін мемлекеттердің шекарасына таяу тұстарда шиеленістің

біртіндеп күшейіп бара жатқаны байқалады. Аймаққа ағылған қару-жарақ тасқыны үдеп, мұның өзі жаңа заманға төнетін қауіп-қатерге қарсы қайрат көрсетуді қиындата түсті. Техногендік апат пен стихиялық қатердің зардаптарын жою жөнінде бірлескен шешім қабылдаудың қажеттігі жиі бой көрсетіп жүр. Соған сәйкес қарым-қатынастар орнату, еш кідіріссіз бірлескен, келісілген белсенді іс-қимылға кірісу әбден орынды болар еді. Мұның өзі нысаналы бағдарлама жасақтау, сол сияқты қауіпсіздік саласындағы нақты жобаларды жүзеге асыру талаптарын алға тартады.

Біздің аймақтық қауіпсіздікті нығайтудың кең ауқымды халықаралық стратегиясын жасақтауға қосқан бірлескен әрі елеулі үлесіміз, шартты түрде айтқанда, «Түркі бастамасы» болар еді. Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылық хартиясын жасау қадамымыз біздің ұлан-байтақ аумақты алып жатқан елдеріміз бен халықтарымыздың ізгілікті жолдағы, жаһандану үдерістері туғызған жаңа тайталастар алдындағы біртұтастығымызды қамтамасыз етуге тиіс. Осынау қадамның, қысқа қайырғанда, мақсатты нұсқауы мынадай секілді. XXI ғасырда Азия құрлығындағы елдерде орасан зор адами, табиғи және рухани-парасаттық әлеует шоғырланды. Бұл әлеует ұланғайыр табысқа кенелтетін өркендеу мен жетілудің ең жоғары деңгейіне көтеретін әрі ортақ тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын қоғамдастық құруға қабілетті күш. Бұл ретте әралуан елдер мен аймақтардың өзіне тән

жеке нұсқаларын бағамдай отырып, тұрақты дамудың ортақ ұстанымы назарға алынуы керек. Баршамызға, әсіресе саяси санаткерлерге идеология мен тұрлаулы даму тәжірибесі ұлттық және діни радикализмге, саяси және экономикалық тұрақсыздыққа қарсы тұра алатын бірден-бір балама екенін түсінген маңызды. Мұндай біріктіру идеясы 1 сәттік пайда мен мүдде тұсындағы түсінбестікті жоюға да жәрдемдеседі. Әлбетте, оны жүзеге асыру БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның, сондай-ақ бәріміз бірге немесе мемлекеттеріміз дербес кіретін халықаралық ұйымдардың және интеграциялық бірлестіктердің әлеуетін пайдалануға үлкен ықпал етеді.

Мұндай көңіл ауаны Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөнінде Кеңес шақырудың қазақстандық идеясына үндес, бұл ниетті жүзеге асыру сіздердің атсалысуларыңыз бен қолдауларыңыздың арқасында шырқау биігіне қарай бет алды. АӨСШК-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының қауіпсіздіктің аймақтық құрылымының және қордаланып қалған мәселелерді шешудің тетігін талқылайтын кездесу биылдың өзінде өткізілмек.

Баршаны толғандырып отырған жәйттердің жуан ортасында, әрине, Ауғанстан мәселесі тұр. Әлемдік қоғамдастық та, халықаралық ұйымдар да Ауғанстанға «6+2» формуласын ұсынғанымен, аймақтағы әскери-саяси дағдарыс тоқтамай қойды.

Әлемдік қоғамдастық өз іс-қимылында кенжелеп отырғандықтан, Азиядағы 4 мемлекет өзара

ынтымақтасуы керек екенін, халықаралық терроризм мен экстремизмнен, соның ішінде діни экстремизмнен күш біріктіріп қорғану үшін бірлесетін уақыт болғанын білді. Таяуда Ташкентте Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан түрлі қауіп-қатерге қарсы бірлескен іс-қимылға баруды көздеген 4 жақты келісімге қол қойды.

Өз әріптестерімнің алаңдаушылығын бөлісе отырып, олардың ұмтылысын барынша қолдап, аталмыш келісімге барлық түркі мемлекеттерінің қосыла алатынына, ал келешекте басқалардың да кез келген сыртқы қол сұғушылыққа қарсы біртұтас майдан құратынына үміт артамын. Сонда шын мәнінде терроризмді, экстремизмді, ұялы қылмысты, есірткі бизнесін ауыздықтау бағытындағы бірлескен, нысаналы іс-қимылымыз үшін құқықтық негіз кеңейе түседі.

Осы арада аталған үдеріс іс жүзінде ТМД, «Шанхай бестігі» және Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы аясында жалғасып жатқанын ескерген ләзім. Бұл бірлестікке кіретін елдердің көпшілігі халықаралық терроризмге қарсы орталық құруға атсалысып жатыр. Осы Орталықтың жұмысына бұдан бірнеше күн бұрын Қытай да өзінің ықылас білдіріп отырғанын ресми жариялады. Осы орайда Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылық хартиясы ұсынған терроризм және экстремистік әрекеттерге қарсы іс-қимылдың ұлтаралық шартын жасақтау орынды болар еді. Біз үшін басқа 1 аса маңызды мәселе – әр елдің мүддесін ескере отырып, сауда-

экономикалық және әлеуметтік салалар бойынша қарым-қатынасты одан әрі өрістету.

Қазақстан Ұлы Жібек жолын түлетуді белсене қолдайды, оны энергетика, құрлықаралық көлік жүйесі мен телекоммуникациялар тәрізді 3 тұғыр арқылы ойдағыдай әрі тиімді дамытуға болады. Бұл үрдістің арқауы, әлбетте, энергия ресурстарын игеру, оларды тасымалдау жөніндегі ортақ мүддемізден көрініс берері заңды, өйткені мұның бүкіл Орталық Азия аймағының, Каспий атырабының, Кавказ бен Қара теңіз өңірінің интеграциясын ынталандыруға жәрдемдесетіні шүбәсіз. Біз барлық елдеріміз үшін интеграцияның ағымдағы және келешектегі барынша қолайлы бағыттарын таңдап, өзара іс-қимылды үдетуіне кең өріс ашылды деп санап келеміз, санай да береміз. Кеңдік одақтың орнына келген Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың тәжірибесі де белгілі 1 пайдасын тигізер еді. Ол интеграцияны Еуроодақтың негізгі параметрлеріне жуық недәуір жоғары деңгейге көтерері айқын.

Қазақстан Каспийдің құқықтық мәртебесін реттеу мәселесін ілгері жылжытуда да дәйектілік танытып келеді, мұның өзі теңіздегі көмірсутегі қорын ескерсек, Каспий жағалауы елдері үшін ғана емес, басқа оған қатысты елдер үшін де едәуір күрделі мәселеге айналып отыр. Бұл бағыттағы жұмыс одан әрі жалғастырылу үстінде. Біз және «Каспий қатынастарын» ғаламдық мәселелердің ортақ

жүйесіндегі маңызды буын ретінде қарастырамыз.

Жақында Ақтау теңіз кемежайының паром терминалы қайта жаңғыртылды. Бұл келешекте Қазақстанның 3 мұхиттың айдынына шығатын қақпасы болады. Осы орайда «Еуропа – Кавказ – Орталық Азия» көлік дәлізінің келешегі «Атлантика бағытына» қарай ойысады. Каспий құбыр тарту консорциумына (КҚК) келетін болсақ, осы бағыт бойынша Қазақстан мұнайы тиелетіні мәлім, көп ұзамай алғашқы танкерлер мұнай таси бастайды. КҚК жобасы ендігі жерде кестеге сәйкес іске асырыла береді. Баршаны, ең әуелі түрік достарымыз бен әріптестерімізді Босфор мен Дарданелл бұғаздары арқылы өтетін мұнай тасқыны барынша үдетілгенімен де, КҚК жобасын іске асыру жүк тасымалын қауіпті шектен асырмайтынына сендіремін. Оның үстіне КҚК, «Ақтау – Баку – Джейхан», «Батыс Қазақстан – Қытай», «Қазақстан – Иран – Парсы шығанағы» жобалары басқа да жобалар секілді тек экономикалық жағынан ғана емес, әрі ғаламдық мәселелерді және біздің қауымдастыққа кіретін барлық мемлекеттердің, тұтас аймақтың қауіпсіздігін түсінісуге де пайдалы.

Бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудың, экономикамыз бен ішкі нарығымызды кемелдендіру мен қорғаудың, барша сыртқы әлеммен тиімді ынтымақтастық жасаудың маңызды факторы болып табылатын аса бай табиғи ресурстарды

игеру біздің мүддемізге сай және оған күшіміз жетеді де. Қазақстан саммиттер аралығында көкейкесті мәселелерді қарап, кездесулерімізді анықтап отыратын құрамына көрнекті мемлекет қайраткерлерінің ішінен әр елден 1 өкіл сайланатын «Ақсақалдар алқасын» құруды ұсынады. «Ақсақалдар алқасының» қызметі таза ұсыныс, кеңес беру мақсатында болады. Біз түркі тілдес мемлекеттердің осы бірлестігін құрудың бастауында тұрған белгілі саяси қайраткер, аса қадірлі Сүлеймен Демирел мырзаға «Ақсақалдар алқасын» басқару турасында өтініш жасау жөнінде ұсыныс енгіземіз.

Парламентаралық кеңістіктің де келешегі айқындалды. Қазақстан түркі тілдес мемлекеттердің Парламентаралық ассамблея түріндегі парламентаралық байланыстар институтын құру идеясына қосылады. Депутаттардың бұл ерікті бірлестігі біздің мемлекеттер парламенттерінің заң шығару қызметінде тәжірибе алмасып отыру үшін ұйымдастырылады. Алайда ол АӨСШК мен ЕурАзЭҚ қатысушылары үшін әубастан-ақ ашық болуы керек. Елдеріміздің ынтымақтастығының келешегі мен көптүрлілігі олардың арқауында бұдан былай да өзін толық ақтаған ұстамды көзқарас жататыны үміт ұялатады. Бойымызда ізгі ниет барында, ойымызда туысқандығымыздың, тағдырымыздың ортақтығын терең пайымдау сезімі барында бұл мәселелерді шешуге біздің күш-жігеріміз толық жетеді деп топшылаймын.

**«Шанхай бестігіне» мүше мемлекеттердің саммитінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚХР, Шанхай қаласы,
2001 жылғы 15 маусым

**Құрметті мемлекет басшылары!**
**Ханымдар мен мырзалар!**

Біздің бірлескен 5 жылдық жұмысымыздың қорытындысын шығара келіп, «Шанхай бестігі» аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, елдеріміздің арасындағы сенім мен өзара түсінікті нығайтуға нақтылы үлес қосқанын атап айтамын. Әскери саладағы сенім шарала-

рын нығайту және шекара атырабындағы қарулы күштерді өзара қысқарту жөніндегі келісімдер елдеріміздің қауіпсіздік пен сенімнің ауқымды аймағын қалыптастыруына жағдай туғызды. Өңірлік өзара қимылдың тиімді тетіктері жасақталып жатыр. Мұндағы шешуші рөл біздің жоғары деңгейдегі жүйелі кездесулерімізге тиесілі. Олардың әрқайсысы «Шанхай бестігінің» қалыптасу жолындағы бір-бір кезең болды.

«Шанхай бестігінің» табысы көбіне бірлестіктің негізіне алынған ұстанымдармен қамтамасыз етілген. Бұл дегеніңіз сенім, әскери қызметтің ашықтығы, шекара атырабында қарулы күштерді ықшамдау, теңдік, дәйектілік, алған міндеттемелерді орындау, өзара пайдалылық. Біздің форум аясында қабылданған құжаттар да халықаралық қоғамдастықта оң пікір туғызды. Мұны оған берілген жоғары бағалар мен басқа мемлекеттердің бізге қосылуға тілек білдіріп жатқаны айғақтайды.

Жалпы алғанда, «Шанхай бестігінің» арқа сүйеп келген қағидаттары бүгін біз құрғалы отырған Шанхай ынтымақтастығы ұйымының алдағы қызметіне негіз етіп алынғаны абзал. Ынтымақтастығымыздың іргетасы шекарадағы жағдайды ретке келтіру жөніндегі шаралар болып қала беруі керек. Соңғы жылдары аталған бағытта атқарылған шаруа аз емес. «Шанхай бестігіне» қатысушы мемлекеттердің бірлескен бақылау тобы маңызды рөл атқарды. Бақылау тобының биылғы сәуірдің басында өткен сессиясында үстіміздегі жылы өзара

тексерулер жүргізу жөніндегі келісімге қол жеткізіліп, елдеріміз арасындағы өзара түсіністік пен сенімнің биік деңгейі паш етілді.

Біз 6 тамызға дейін 37 әскери танк пен 14 қаптамалы соғыс машинасын қысқарту жөнінде міндеттеме қабылдаған Ресей Федерациясының шешімін қуаттай қоштаймыз. Қазақстан өз кезегінде келісім қимылдары аймағынан 2 батальонын шығарды. Мен Қазақстанға әскери тексеруге арналған өз квотасын берген Тәжікстан Республикасына көрсеткен сенімі үшін ризашылығымды білдіремін. Оның үстіне бірлескен бақылау тобының аясында қатерлі әскери қызметтің бетін қайтару саласындағы екі жақты және көпжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылау қажеттігі жөніндегі қол жеткен өзара түсіністік өте маңызды боп шықты. Бұл тұрғыда үстіміздегі жылдың жазына жоспарланған Қиыр Шығыс әскери округы мен Шанхай әскери округінің бірлескен ресей-қытай жаттығулары барлығымыз үшін де пайдалы тәжірибе болғалы тұр.

Бүгінде біз тың бастама – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық бірлестігін құрудың бастауында тұрмыз. Ортақ шаруамыздың негізін қалай отырып, құрылғалы тұрған Шанхай ынтымақтастығы ұйымының аясындағы өзім көрген басымдықтарды көрсете кетсем деймін.

Бірінші. Басты мақсаттардың бірі боп аймақтағы тұрақтылық пен елдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қалуға тиіс. Бұл арада шекарадан өзге бірнеше мәселенің төбесі көрінеді. Бүгінде

аймақтағы мейлінше көкейкесті проблемалық блоктар терроризмді, экстремизмді есірткі бизнесін таратпау, жасырын көші-қон мен қару-жарақ контрабандасына жол бермеу болып табылады. Осы қатерлерге қарсы қимыл бірлескен жұмыстағы басты міндеттердің бірі болуы шарт. Бәрінен бұрын бұл құбылыстармен күресте ынтымақтастықтың қажетті нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру, сондай-ақ бұл саладағы ұлттық заңнамаларды жақындастыру қажет. Бұндай жұмыстың бастауын біз терроризммен, экстремизммен, есірткі бизнесімен күрес жөнінде бүгін қабылданатын Конвенцияда қалап та қойдық. Терроризммен, экстремизммен және есірткі бизнесімен күресте «Шанхай бестігіне» қатысушы мемлекеттердің «Бішкек тобы» да елеулі рөл атқаруы мүмкін. Біздің тиісті органдардың келісілген іс-қимыл жоспарларын қабылдау қажет. Мұның өзі бірлесіп қабылдайтын құжаттарда көрініс табуы керек.

Бұл бағыттағы маңызды міндеттердің бірі Ауғанстандағы жағдайлардың өңірге теріс әсерін кеміту болып табылады. Бүгінде біздің бірлестіктің елдері бірі қалмай сол әсерді бастан кешіп отыр. Ол елдегі жағдайды бейбіт реттеу мақсатымен ШЫҰ елдері тарапынан нығайтылған бағдар енгізу де маңызды болар еді. Шанхай ынтымақтастығы ұйымының келесі саммитімізге әзірлеу көзделіп отырған Хартиясының аясына бір-бірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ережелерді сыйғызудың мәні бар,

оны жасағанда, бұрынғы өзекті 2 келісімдерімізде көзделгеннен гөрі кеңірек пішім мен бағытқа басымдық беру жөн болар.

Қазіргі дүниеде қауіпсіздіктің әскери ғана өлшемі бар деп түсінбеу керек. Жаһандану дәуірінде экологиялық, технологиялық, гуманитарлық және басқа амалдардың көкейкестілігі кем соқпайды. Шанхай ынтымақтастығы ұйымы елдерінің бір-бірінің алдындағы белгілі 1 міндеттемелері мен ол міндеттемелерді орындаудың нақты тетіктерінің қолда болуы елдер арасындағы қатынастарды барынша сапалық деңгейге шығаруға және ұйымымыздың маңыздылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші. ШЫҰ-ның маңызды артықшылығы экономикалық саладағы өзара іс-қимылды мақсаткерлікпен айқындау керек.

Осы бағытта нақтырақ қадамға баратын уақыт болды. Сауда-экономикалық ынтымақтастықта бірнеше келешегі бар бағыттарға назар аударуға болар еді. Жібек жолын қайта түлетудің айтарлықтай келешегі бар. Жобаны жүзеге асыру қолда бар көлік коммуникацияларын, соның ішінде темір және тас жолдарды, Орталық Азия аймағын Қара теңіз және Қиыр Шығыс порттарымен байланыстыратын құбыр тартуды жаңалап, үлгілендіруді көздейді. Жаппай күш-жігер жұмсап, Азия даму банкі, ЕҚДБ сияқты құрылымдардың мүмкіндіктері мен ресурстарын

әсіресе теміржол көлігін дамыту, мұнай-газ құбырларын тарту, электр желілерін жүргізу салаларына пайдалану керек. Теміржол, құбыр тарту, теңіз, өзен, автомобиль қатынастарын үйлестіретін көлік-коммуникациялық жобаларды іске асыру – әлемдік экономика дамуының осы заманғы үрдістері күштеп танып отырған артықшылық. «Қытай – Қазақстан – Беларусь – Польша – Батыс Еуропа» Еуроазиаттық көлік дәлізінің өзегі болып табылатын Трансазия теміржол магистралінің солтүстік дәлізі жобасының келешегі зор.

Сауда саласындағы белсенді ынтымақтастықтың маңызы кем емес. Аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықтың аясында тараптар болашақта ДСҰ-ның шарттарын бұзбай және сол халықаралық ұйымға кіру келешегін ескеріп, бір-біріне көбірек жеңілдіктер беретін болады. Кіші және орта бизнесті дамытудағы іс-қимылды үйлестіруді реттеудің де маңызы бар. Бұл ретте біздің кәсіпкерлердің Қытай әріптестерінен үйренері көп. 5 мемлекеттің базары іс жүзінде шектелмеген. Жалпы экономика саласындағы жоспарларды жүзеге асыру үшін жобасын Қазақстан жасайтын көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдау керек. Бұл бағдарламаны талқылау, сондай-ақ Қытай жағынан дайындалған құжатты қарау Шанхай ынтымақтастығы ұйымының үкімет басшылары кездесуінің күн тәртібіне басты тармақ боп қойылуы мүмкін.

Үшінші. Ынтымақтастықтың өзекті бағыттарының бірі экология саласындағы, ең алдымен шекара аумағында өзара іс-қимылды жандандыра түсу болып табылады. Экологиялық проблемалар барлық елдерімізде бар. Осы заманғы дамудың ғаламдық үрдістерінің бірі экологиялық ортаның нашарлауына кеп тіреледі. Сондықтан ынтымақтастығымыздағы осы бағытты ілгері сүйреу маңызды болар еді.

Төртінші. Бұдан былайғы ынтымақтастықтың маңызды құрамдасы аймақтық әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарап, шешу болар еді. Мұнда трансшекаралық өзендер, көші-қон, диаспоралар проблемасы сияқты мәселелер бар. Олардың әрқайсысы өз-өзінен оңай емес, сондықтан олар жөнінде екі жақты тұрпатта жұмыс жүргізіліп жатыр. Жекелеген жағдайда ШЫҰ аясында көпжақты тұрпаттағы келіссөздерді іске қосу да орынды болар еді.

Бесінші. Басымдықтардың бірі, тегінде ШЫҰның басқа құрылымдармен өзара іс-қимылының оңтайлы да жеткілікті түрін табу болуға тиіс.

Жаңа құрылым оқшауланған кеңістікте өмір сүре алмайды. Тіпті Терроризмге қарсы орталықтың мысалынан-ақ Шанхай ынтымақтастығы ұйымы мен басқа да құрылымдардың міндеттерінен белгілі 1 ұқсастық менмұндалап тұрады. Сондықтан АСЕАН, ҰҚШ, АӨСШК сияқты құрылымдармен өзара іс-қимылдың оңтайлы пішімін тапқан дұрыс болар еді. Атап айтқанда, Қазақстан бүгінде Азия-

дағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөнінде Кеңес шақыруға қарекет қып жатыр. Күзде тиісті құжаттарға қол қою үшін мемлекет және үкімет басшылары деңгейіндегі тұңғыш кездесу өткізуді белгілеп қойды.

Бүгінде 15 ел АӨСШК шақыру үдерісіне қатысуға тілек білдірді. Тұтас алғанда аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында осы 2 құрылымның қызмет тетіктерін айқындаған маңызды болар еді.

Қорытындыда мына жайды атап өткім келеді. Қазақстан құрылып жатқан Шанхай ынтымақтастығы ұйымына үлкен үміт артады. Бұл ұйымның елдеріміз арасындағы өзара пайдалы сындарлы ынтымақтастықты нығайту және өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әлеуеті жеткілікті. Және бұл әлеуетті пайдалану керек.

**«XXI ғасыр: ядролық қарудан азат әлемге қарай қадам басайық» атты халықаралық конференцияда**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2001 жылғы 29 тамыз

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Осыдан тура 10 жыл бұрын Қазақстан халқының тілек еркімен жер бетіндегі ең ірі полигондардың бірі жабылды. Біз, қазақстандықтар, осы конференцияны ядролық полигонды жабу арқылы алапат қарудан түбірімен бас тартуды бастап берген елімізге деген құрмет пен сенімнің белгісі деп бағалаймыз.

40 жылдан астам уақыт бойы орасан зор ядролық арсеналдар әлемдегі ең ірі 2 державаның текетіресінде негізгі тіреніші болып келді. Ол тұста ядролық қауіпсіздікке қол жеткізу бәрінен бұрын ядролық әлеуетті арттырумен байланыстырылатын. Міне 10 жыл болды, әлем блоктарға бөлінуді доғарды. Алайда ядролық қауіпсіздік мәселесі тарап кеткен аса қуатты державалардың бірінің ядролық арсеналының едәуір бөлігі жойылғаннан кейін де өзінен-өзі шешіле қойған жоқ. Өкінішке орай, біздің ғаламшар әдеттегі қару-жарақ жағынан да, ядролық қару-жарақ жағынан да бұрынғысынан қауіпсіздеу бола алмады. Оның есесіне ядролық қатер өзінің бұрынғы қос өлшемдік қалпынан асып, ағзаны жаулап алатын радиация сынды жаңа түрлерге ауысып, тіпті құбыжыққа айналып барады.

Бүгінгі таңда біз соңғы 10 жылдың ішіндегі табанды ілгерілеуіміз ауқымды ғаламдық ядролық қақтығыс тұрғысынан алғанда қатерді азайта тұра, «ядролық болмыстың» жаңа өлшемдері пайда болуына қалайша септігін тигізгенін пайымдап алуға тиіспіз. Өз басым бұл үрдістің мынандай себептерін көремін.

Біріншіден, ядролық қауіпсіздіктің XX ғасырда 2 өрісті әлемге лайықталып қалыптастырылған халықаралық жүйесі жаңа геосаяси жағдайға шыдас бере алмады, ядролық қарудың «жер бауырлап жылжу» үдерісін тоқтатуға шамасы келмеді. Күштердің арасалмағы бұзылды,

ядролық қару «үлкен» бестіктің ғана меншігі болудан қалды. Аталмыш қаруды таратпау жөніндегі жаппай қабылданған, қайтып бұзылмастай көрінген тәртіпке қарамай, ядролық қаруға ие елдердің саны арта түсті. Дүниеде жаңа геосаяси өріс – «үшінші ядролық әлем» пайда болды. Азияның 2 ірі елі – Үндістан мен Пәкстанның арасында пайда болған қатерлі ядролық меже жағдайды анағұрлым шиеленістіре түсті. Егер бүгінгі әлемнің санқилы қауіп-қатерлі аймақтарында ядролық қаруға ие болудан нақты дәмелі бірқатар елдердің бар екенін ескерсек, жағдай аса 1 қатерлі сценарий бойынша өрбіп кетуі де мүмкін. Өйткен жағдайда әлем аса ауқымды ядролық қақтығыстың бұрынғы қатерінің орнына атом қаруын тактикалық мақсат үшін қолдана беретін аймақтық соғыстар келетіндей күй кешуі ғажап емес.

Екіншіден, қазіргі әлемде ядролық қаруға бұрыннан ие болып келе жатқан державалар мен ол қаруға қол жеткізудің «табалдырығында» тұрған елдердің арасындағы текетірес белгілері барған сайын айқын біліне бастады. Осының салдарынан ядролық қаруды жанталаса көбейтудің жанкешті жарысына ядролық державалармен қатар әлгі «табалдырықта тұрған» елдер де қосылатындай қауіп нақты төніп тұр.

Үшіншіден, аймақтық тұрақсыздықтың ұшынып кетуінің салдарынан қауіпсіздікке қатердің жаңа түрлері кеңінен өріс ала бастады. Бұл орайда ең алдымен халықаралық терроризм, ядролық мате-

риалдардың контрабандалық жолмен тасылуы, сондай-ақ бірқатар терроршыл топтардың ядролық қару-жарақты жасап шығаруға және оны тасымалдауға қажетті компоненттерге, технологиялар мен мамандарға қол жеткізуге жанталаса ұмтылып жатқаны қатты алаңдатады. Ядролық қарудың террористердің қолына түсуі бүкіл адамзат баласы үшін қандайлық ауыр зардабы болатынына сіздердің назарларыңызды аударып жату артық та шығар.

Қазақстанның егемен ел ретінде қалыптасуының қандай күрделі геосаяси жағдайда өткенін айта келіп, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дүниежүзілік қауымдастықтың алдындағы айрықша жауапкершілігін сезінгендіктен де Қазақстан жалғыз дұрыс шешім екендігін кейіннен өмірдің өзі көрсетіп берген күрделі қадамға барды. Осыдан дәлме-дәл 10 жыл бұрын, 1991 жылғы 29 тамызда мен Қазақстан жерін жарты ғасырға жуық уақыт бойы азапқа салып келген Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі Жарлыққа қол қойдым, бұл шешім сол кез үшін өте күрделі жағдайда қабылданды. Өйткені тоталитарлық қоғамда еркін ой айтудың кез келген көрінісі, халықтың кез келген шеруі қатаң жұдырыққа тап болатын, мұны біз талай рет көргенбіз. Жариялылық саясаты келісімен қоғам өмірін демократияландырудың ұшқындары да бой көрсете бастады. Адамдар бұған сенді. Ол кезде, әрине, Қазақстан басшылығы

полигонды жабу мәселесін 1987 жылдан көтере бастаған еді.

Қазақстан әлі тәуелсіз мемлекет еместігін, барлық басқа да республикалар сияқты орталықтың қатаң тәртібіне, әсіресе, әскери-өнеркәсіптік кешен сияқты саладағы қатаң тәртіпке бағынышты болғанын атап көрсете кетуім керек. Мәскеу ырықтандыру әскери-өнеркәсіптік кешенге жүрмейді дегенді ашық мәлімдеді. Бұл саладағы мәселелерді шешуге республикалардың тіпті бірінші басшылары да жолатылмайтын. Сондықтан да Қазақстанның Семей полигонын жабу жөніндегі ой-ниеті қатты қыспаққа алынды. Сол жылдардың аттап бассаң алаңдаушылыққа толы ауанын ұмыта қоймаған адамдардың бәрі де осынау бұрын-соңды болып көрмеген қадамның қандайлық тәуекелге бел буу екендігін анық біледі, өйткені оның мәнмаңызы 1 елдің ауқымынан анағұрлым асып түсетін...

1992 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жер бетіндегі Стратегиялық шабуыл қарулары (СШҚ-1) шартына Лиссабон хаттамасына қол қойып, ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі өзінің міндеттемесін қуаттады.

1993 жылы Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып Ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі шартқа қосылды, ал 1994 жылдың желтоқсанында әлемнің ядролық державалары біздің еліміздің қауіпсіздігіне кепілдік беретін Меморандумға қол қойды. 1994 жылы

еліміздің аумағынан бүкіл ядролық қаруды әкету аяқталды. 1995 жылы бұрынғы Семей полигонында соңғы ядролық заряд жойылды. 1996 жылы Қазақстан Ядролық сынақтарға толық тыйым салу жөніндегі шартқа қосылды. 1997 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстанның ядролық сынақтардан зардап шеккен өңірлеріне көмек көрсету жөнінде қарар қабылдады. 2000 жылы Семей полигонында ядролық сынақтар жүргізетін ең ақырғы штольня жойылды. Біз сондай-ақ шапшаң нейтрондармен жұмыс істейтін Ақтау ядролық реакторын жауып, ядролық отыннан келетін қауіптің көзін құрттық. Осы қадамдардың әрқайсысында тұтас елдің ядролық қарусыз жолмен жүруіне қатысты 100 мыңдаған адамдардың тағдыры жатқаны аңғарылды. Бұл жүздеген сағаттар бойы қинала толғанудың, айлар бойы 2 жақты және көп жақты кездесулердің, келіссөздердің жемісі, бұл саясаткерлердің, әскери қызметшілер мен ғалымдардың 10 жыл бойғы ыждаһатты еңбегінің жемісі. Осы жайында замандастарымызға айтуға болады, айту қажет те, егер оны мұның бәрін тікелей басынан кешірген адам айтса, тіпті орынды. Менің «Бейбітшілік эпицентрі» атты кітабым осындай мақсат көздейді.

Осынау сыр ашуға құрылған кітапты өз басым өткен ғасырдың жаңа жүзжылдыққа қалдырған қатаң «сыйы» жайында аз да болса ойланатындардың бәрімен арадағы сенімді үндесу мен

ынтымақтастыққа талмай шақыру деп қарастырған абзал.

Қазақстанның ядролық қарусыз ел мәртебесіне ие болуына байланысты болып өткен оқиғаларды еске түсіре келгенде, ядролық қаруды аламыз ба, әлде сол қарусыз қаламыз ба деген проблеманы шешудің қандайлық қиындыққа түскенін бағамдаймыз. Тарап кеткен КСРО-ның әскери машинасы Қазақстанда құрлықаралық баллистикалық зымырандар мен бомбалаушы ауыр ұшақтарға арналған 1216 оқтұмсық қалдырған еді. Ядролық стратегиялық күштер кешені жаппай қырып-жоятын құралдардың және ядролық зарядтарды жеткізудің осы заманғы түрлерімен жарақтандырылған болатын, олардың арасында Ту-95 МС стратегиялық көп мақсатты бомбалаушы ұшақтары мен СС-18 құрлықаралық баллистикалық ракеталар бар болатын. Бұл – әлемдегі төртінші ядролық арсенал еді.

Атуға дайын тұрған ядролық қару-жарақка қоса, Қазақстан оны өндіру мен сынақтан өткізу үшін қажетті тұтас индустрияға да ие еді, бұл орайда елдің ядролық қару-жарақты жасау мен жетілдіру үшін тиісті ғылыми-зерттеу базасы болғанын да қоса кеткен жөн.

Семей полигоны аса маңызды стратегиялық нысан еді. Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде ол жерде ұзын саны 456 ядролық және термоядролық жарылыстар жасалған. Соған жұмсалған ядролық зарядтардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған

атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе асып түсетін.

Қазақстан, оған қоса, ядролық қарудың белсенді компоненттерін өндіру үшін қажетті ауқымды ресурстарға ие еді, еліміз оған қазір де ие. Әлемдегі уран қорының ширек бөлігі қазақ жерінде жатыр. Қазақстан территориясында табиғи уранды өңдеу мен байытуға мүмкіндігі бар атом өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары орналасқан. Осылайша, КСРО тарап кеткеннен кейін Қазақстан өзінің ядролық қаруын жасап шығару үшін қажетті ғылыми-зерттеу, өндіру және өнеркәсіптік инфрақұрылымның барлығына дерлік ие болып қалды. Мұншалықты қуат пен ықпал әлеуетіне қол жете тұрып, одан бас тарту жөнінде шешімге келу өте-мөте қиын еді. Аймақтық ірі державаға айналу мүмкіндігі біздің қоғамымыздың белгілі 1 бөлігі үшін тым тартымды болып көрінді. Елдің ядролық статусын сақтап қалуды қолдаған нақты уәждер көлденең тартыла бастады. Өзіміздің ядролық қолшатырымыз болса, бұл елдің қауіпсіздігінің кепіліне, ықтимал қарсыластың кеудесі басылып тұратындығының кепіліне айналар еді деген ойлар да ортаға салынды. Мұндай уәжді қолдайтындардың пікірі бойынша, ядролық қару-жарақты сақтап қалу Қазақстанның сол кездегі қадуілгі қару-жарақ түрлері бойынша сандық және сапалық тұрғыдағы олқылықтарының орнын жабатындай көрінеді. Ядролық қару Қазақстанды аймақтағы ірі дер-

жаваға айналдырар еді деген әңгіме де айтылмай қалған жоқ. Оның үстіне ядролық кешенді сақтау ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру, іргелі және қолданбалы ғылымды өркендету үшін де маңызды екендігі атап өтілді. Қысқасы, «ядролық азғыруға» елітушілердің де елеулі негіздемелері әрі кәдуілгідей қарақұрым қолдаушылары болған еді.

Алайда Қазақстан өзінің ерік қалауы бойынша ядролық қарусыз мемлекетке айналды. Осынау тарихи қадамды жасай отырып, біз бірқатар принципті сәттерді басшылыққа алдық.

Бірінші. Бұл, ең алдымен, қазақстандықтардың өздерінің мүдделеріне жауап беретін шешім болды. 50 жылдағы дерлік Қазақстанда өткізілген ядролық сынақтар халқымыздың денсаулығына және айналадағы ортаға орны толмас залал келтірді. Тек Семей полигонына жапсарлас аумақтағы экологиялық апат аймағы 300 мыңнан астам шаршы километрді алып жатыр. Бұл Германияның немесе Италияның аумағымен шамалас. Мамандар белгілі 1 өлшемде радиациялық сәуле алған қазақстандықтардың жалпы саны жүздеген мың адам болады деп санайды.

Ядролық сынақтардың салдарлары біздің болашағымызды – біздің балаларымыздың денсаулығын зақымдады. Қазақстандықтардың туған кезде Семей полигоны дегеннің не екенін білмейтін талай ұрпағы әлі өздерінің денсаулығында ядролық

сынақтардың ауыр салдарының азабын тартатын болады.

Адамдар ғана емес, жердің өзі де азап тартты. Сынақтар жер бедерінің бүлінуіне ұрындырды. Ядролық жарылыстардың орнында ластанған радиациялық суға толы тұтас көлдер пайда болды. Мамандардың бағалауы бойынша, жер өзінің өнімділік әлеуетін толық қалпына келтіру үшін кем дегенде 300 жыл қажет!

Халықтың төзімі шексіз емес. 1989 жылы Қазақстанда кең өрісті «Невада-Семей» халықтық қозғалысы құрылды. Ол Семей ядролық полигонын жабуды жақтаған, әлемнің басқа да полигондарында сынақтарды тоқтатуды жақтаған ұлты, жасы мен мамандығы әртүрлі адамдарды біріктірді. Халықтың ерік-жігерін білдіріп, оның қолдауына ие бола отырып, біз Қазақстан аумағында ядролық қару сынақтарын мәңгілікке тыю шешімін қабылдадық, ал содан кейін елдің ядролық қарусыз мәртебесі туралы жариялады қ.

Екінші. Ядролық қарусыз мәртебені таңдау – Қазақстанның 1990-шы жылдардың басында қауіпсіздіктің дүниежүзілік жүйесіндегі тепетеңдік бұзылуының қатерлі салдарын түсінуінің нәтижесі. Атомдық арсеналды сақтау ондаған жылдар бойы қалыптасқан ядролық қаруды таратпау жүйесіне шабуыл болып шығар еді. Әлемнің саяси картасында сондайлық қуатты жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болуы әлемдік ядролық балансты ң бұзылуына қатерлі дүмпу болар еді.

Үшінші. Ядролық қарудан бас тарту Қазақстанның өз тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап бейбітшіл сыртқы саяси бағытты таңдап алуымен де байланысты. Осы акт арқылы біз халықаралық қауымдастыққа өз сыртқы саясатымыздың ашықтығын, өзіміздің зорлық-зомбылық пен әскери қатерден азат бейбітшілікті жақтайтынымызды көрсетіп бердік. Қазақстан ядролық қарудан бас тартуымен жай халықаралық бедел алып қана қойған жоқ. Біз ядролық державалардан – АҚШ-тан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Франция мен Қытайдан аумақтық тұтастығымыз бен біздің егемендікті құрметтеудің берік кепілдерін алдық.

Бүгінде Қазақстанның ядролық қарусыз мәртебесі біздің шекарамыздың бүкіл өлшемдері бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздіктің негізі болып табылады. Бұл Қазақстанның басқа елдермен жемісті ынтымақтастығының нақты мүмкіндігі. Сондықтан да осы ынтымақтастықты біз еліміз аумағындағы ядролық сынақтардың салдарын жою саласында да кеңейте түскіміз келер еді. Бүгін таңда Қазақстан ядролық сынақтардың салдарын жою проблемасын негізінен дербес шешуде. Іс жүзінде біз полигонға байланысты өз проблемаларымызбен бетпе-бет қалып отырмыз. 10 жылдың ішінде біз ядролық сынақтардан залал шеккен адамдарға өтем төлеуге, халықтың арасында емдеу-алдын алу шараларын жүргізуге, полигонмен жапсарлас аймақтардың экологиясын қалпына келтіруге жүздеген млн теңге жұмсадық.

Осы жылдары өз аумағының радиоактивтік ластану проблемаларын шешу үшін Қазақстан алған тегін көмектің жалпы көлемі бар-жоғы 20 млн доллар болды. Ал енді залалданған аумақты дезактивациялау және рекультивациялау жөніндегі жұмыстардың ғана құны 1 млрд доллардан асады.

Ғаламдық мәні бар проблеманы шешу жөніндегі осындайлық шығынды жалғыз көтеру бізге айтарлықтай қиын тиеді. Бүгін конференцияға бейбітшілікті нығайту және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне, біздің еліміздің ядролық қарусыз мәртебесінің қалыптасуына зор үлес қосқан көптеген елдердің беделді өкілдері жиналып отыр. Қазақстандағы ядролық сынақтардың салдарын жою мәселесінде де сіздердің қолдауларыңызға үміт артамын. Ядролық мәртебеден бас тарта отырып, біз, солай болса-дағы, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үдерісінің сырттай бақылаушысы болып қала алмадық. Өткен 10 жылда ядролық қарусыздану және таратпау үрдісіне қатысудың біз жинақтаған тәжірибе ғаламдық қауіпсіздік проблемасына деген өз түсінігімізді айтуға мүмкіндік береді.

Оның мәні неде?

Бірінші. Бүгінде ядролық қаруға ие болу негізінде стратегиялық тежеу принципі халықаралық қауіпсіздік жүйесінде тиімді рөл атқармайтын болғанын көрмеу мүмкін емес. «Бейбітшілікті қаласаң – соғысқа дайындал» дейтін қашанғы принцип

жаңа ғасырда енді талассыз емес. Сондықтан да қауіпсіздікті, ең алдымен ядролық қауіпсіздікті, қамтамасыз ету тетігін жетілдіру қажет. Таратпаудың барлық ұстанымдарын әмбебаптандыру қажет.

Ядролық державалар көлбеу таратуды тыюға күш-жігер жұмсап бағуда, ал тіктеп тарату саласында өздерін ешқандай шектейтін емес. Яғни, қолданыстағы шарттар жүйесі ядролық қаруға жаңадан ие болушылықты шектейді, бірақ оған бұрыннан ие болып отырғандардың ядролық әлеуетінің ұлғаюын шектемейді. Елдердің барған сайын қорланып өсе түскен соғыс арсеналдары, соның ішінде ядролық арсеналдар қазіргі кезеңде шектеушіден гөрі қаруландыруды қамшылаудың үдеткіші болып табылады. Жалпыға ортақ тыйым салуға қарамастан, дүние жүзінде іс жүзінде Семей полигонынан басқа бірде-бір ядролық полигон толық жойылмағандықтан, ядролық державалардың полигондары «отсыз» режимде жұмыс істеуін жалғастыруда. Қағидатына келгенде кез келген елдің кез келген уақытта сынақтарды жаңғыртуға мүмкіндігі бар. Ядролық державалардың әлемдік саясатта пайда болатын мәселелерді шешудегі мінез-құлықтарының өзі басқа бірқатар елдер үшін оған сыртқы саясаттағы күшті дәлел ретінде өзіндік 1 ықылас қоюшылық болып көрінеді. Сондықтан да, біздің ойымызша, таратпау саласында

ядролық та, сондай-ақ ядролық қарусыз елдердің де міндеттілігін, сондай-ақ ядролық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі олардың өзара міндеттілігін арттыру мақсатында қолданыстағы уағдаластықтарды жаңғырту жолымен жүру қажет.

Екінші. Қазіргі уақытта ядролық қауіпсіздік проблемаларын сайып келгенде ядролық қаруға ие елдердің тобы ғана шешуде, ал енді олардың адамзатты әлденеше рет – 1962 жылы саяси, ал 1974, 1983 жылдары техникалық себептер бойынша қатерге тіккені ақыр-тақырына дейін мәлім болып отыр. Сондықтан мәселе үдеріске Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойған барлық мемлекеттердің белсенді қатысуы жағдайында ғана шешіле алады.

Үшінші. Біз ядролық державалардың ракетаға қарсы қорғаныс мәселесі бойынша сындарлы үндесуін жалғастыруды жақтаймыз. Ядролық қауіпсіздік мәселелері бойынша бұл елдердің арасындағы арқаулық көзқарастағы тұрақтылық, түсіністік пен ынтымақтастықтың бүкіл әлем үшін ғаламдық мәні бар.

Бүгінгі жағдайда, тұтастай алғанда, тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан халықаралық қауіпсіздікті, соның ішінде ядролық салада да қамтамасыз етудің аса маңызды қыры – сенімді кеңейту мен нығайту болуы керек деп санайды. Нақ осы сенім-ұстаным қақтығысты аймақтарда осы кезге дейін үстемдік етіп тұрған

әскери тежеу ұстанымын алмастыруы керек. Сенім доктринасының нақты да айқын іске асыру тетіктері бар. Бұл әскери саясаттың транспаренттігі, шекаралар ауданында әскери күштерді қысқарту, қарусызданған аймақтар құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара консультациялар, бірлескен әскери жаттығулар өткізу және с. с. Араласу көп болған жерде сенім де көп. Сенім бар жерде қарсы тұрушылыққа орын жоқ. Бұл қарапайым, алайда өте құнды ақиқат. Бүгінде бұл ұстаным «Шанхай бестігі» шеңберінде ойдағыдай байқап көруден өтті және Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметінде іске асырылуда. Жапсарлас шекаралар ауданында сенімді нығайту және қару-жарақты қысқарту шараларынан бастап, бұл бірлестікке қатысушылар терроризмге және есірткі бизнесіне қарсы бірлескен күресті қоса алғанда қауіпсіздіктің жаңа салаларын белсенді түрде игеруде. Уақыт өте келе ШЫҰ шеңберіндегі ықпалдастық біздің мемлекеттердің ядролық қауіпсіздігі саласына да көшірілетін болар. Осылайша, Шанхай ынтымақтастығы ұйымының үлгісі Азиядағы аймақтық қауіпсіздік жүйесін құрудың және кейбір белгілері бойынша басқа да аймақтарда негізге алынуы мүмкін.

Ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне біздің көзқарасымыздың ендігі 1 бастау сәті оған XXI ғасырда тек қана ұжымдық күш-жігер арқылы қол жеткізілетініне сенімділік болып

табылады. Қазақстанның өзінің ядролық қарусыз мәртебесін жариялаумен 1 мезгілде Азияда қауіпсіздіктің жаңа үлгісін құру бастамасын көтеруі кездейсоқтық емес және жай ғана қатарласа кетушілік емес.

1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 47-ші сессиясының мінберінен айтылған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөнінде Кеңес шақыру бастамасы бүгінде Азиядағы көптеген мемлекеттердің және бірқатар халықаралық форумдардың қолдауына ие болды. Үстіміздегі жылдың қарашасында құрлықта қауіпсіздікке төнетін қатерді жою жәйттеріндегі сенім шаралары мен өзара ықпалдастық туралы мәселелерде келісілген көзқарасты білдіретін құжаттарға қол қою үшін Азия мемлекеттерінің мәртебелі басшылары алғаш рет Алматыға жиналады.

Жаңа ғасырда ғаламдық қауіпсіздік жүйесін түзеуге деген осынау 2 әмбебап көзқараста – барлық елдердің сенімін және ұжымдық күш-жігерін – ядролық қатерді жою туралы сөз етілетін жағдайларда да қолдануға болады.

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Адамзат қашанда бейбіт күнге ынтық. Ғаламшардың төбесінен Дамокл селебесі төніп тұрған жарты ғасыр ядролық қарудан ада әлем үшін толас таппаған күреспен өтті. Егер адамзат ядролық

ессіздіктің құрдымына құлап кетпей, аман тұрса, мұның өзі сол қаруды таратпауды жақтаушылардың қуатты үнінің, ғалымдардың ядролық апаттың қатері жөніндегі пайымдауларының, адамдардың бейбітшілікке ұмтылуының арқасы. Біздің конференциямыз ізгілікті мақсатты – XXI ғасырды адамзаттың ядролық қатерден құтылатын ғасырына айналдыру мақсатын көздейді. Біздің даусымыз әлемге естілуі тиіс, естіледі де!

Сіздерге жемісті жұмыс тілеймін!

**«Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына**

# ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2001 жылғы 3 қыркүйек

**Құрметті депутаттар!**
**Қымбатты қазақстандықтар!**

Өмір біздің ашық нарықтық экономика мен демократиялық даму үлгісін таңдауымыздың дұрыс болып шыққанын көрсетіп берді деп басын аша айта аламыз. Біздің реформаларымыздың әлеуметтік бағыт ұстанғаны өте маңызды. Мұның өзі реформа жолына түскен кейбір басқа елдерде орын алған ірі саяси сүргіндерге ұрынбай өтуге

мүмкіндік берді. Қазір қарап отырсаңыз, өміріміздегі көптеген құбылыстар өзінен-өзі бола салғандай көрінеді. Кәсіпкерлік еркіндік те, жаңа салық, бюджет, банк жүйелері де, жекеше кәсіпорындар, шаруа, фермер қожалықтары да, сондай-ақ басқа көптеген жайлар да баяғыдан бар сияқты. Шынтуайтында, мұнан 8–10 жыл ғана бұрын осының ешқайсысы да жоқ еді, оны айтасыз – мұндай идеялардың өзіне талай жұрт тосырқай қарайтын. Бұл жөнінде қоғамда қандайлық пікірталас өрістегенін, билік басындағыларға қандайлық айыптар тағылғанын еске алудың өзі жетіп жатыр. Қоғамдық пікірді өзгерту оңайға түскен жоқ. Алайда біз осының бәрін еңсере алдық. Біз жаңа экономикалық қатынастардың негізін қаладық, шын мәнінде тақыр жерде нарық тетіктерін жасап шыға алдық.

Қазіргі таңда ел экономикасы өрлеу үстінде – биылғы жылдың алғашқы жартысында ішкі жалпы өнімнің өсуі өткен жылдың осындай мерзімімен салыстырғанда 14 %-дан асып отыр. Өндіріс орындарының тоқтап қалғандары қалпына келтіріліп, біразы жаңадан құрылып жатыр, инфрақұрылым белсенді түрде қалыптастырылуда, ауыл еңсесін тіктеп келеді. Жарты жылдың нәтижесі бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі 5 %-дан артты. Мемлекет бөлген пайызсыз несиелер егіс науқанын ойдағыдай өткізуге, егінді жинап алуға жақсы дайындалуға септігін тигізді. Биыл ауыл жанар-жағармайға қатысты да, техниканы әзірлеу жөнінде де қиындыққа кезіге қойған жоқ.

Жағдайдың жақсаруына ауылға арнап қабылданған заңдар, сондай-ақ, Үкімет пен әкімдердің белсенді жұмысы да көмектесті. Сонан да біз қазір диқандарымыз биыл бітік егінмен қуантар деп күтіп отырмыз. Импорт алмастыру саясаты өзінің жемісін бере бастады. Отандық тауар өндірушілеріміз 2001 жылға экономиканың шикізат секторымен 220 млн долларлық шарт жасасты, мұның өзі өткен жылдағыдан 2,2 есе көп. Алғашқы жартыжылдықта әлгі шарттардың 54 %-ы орындалды, бұл ұқсатушы өндірістің өркен жаюына түрткі болды: машина жасау өндірісінің ауқымы 40 %-ға, тоқыма және тігін өнеркәсібінің өнім көлемі 20 %-ға өсті. Бұл үшін біз елдің ірі кәсіпорындарында жұмыс істеп жатқан Қазақстан инвесторларына алғысымызды айтамыз. Іс жүзінде Қазақстанның ірі кәсіпорындарының барлығы, орташа кәсіпорындарының көбі қалпына келтірілді. Темір жолдың дамуы жалғасып жатыр, біз стратегиялық тұрғыдан маңызы үлкен «Дөң – Қызылоктябрь кеніші» темір жолының құрылысын бастадық, ол еліміздің орталық өңірін батыстағы аймақпен, атап айтқанда – Ақтау портымен байланыстыратын болады.

Банк жүйесіндегі депозиттердің көлемі биылғы 1 тамызға дейін 393 млрд теңгені, банктердің экономикаға несиелік салымы 397 млрд теңгені немесе АҚШ долларымен 2,5 млрд-тан астам соманы құрады, мұның өзі осыдан 2 жыл бұрынғыдан анағұрлым артық. Жеке тұлғалардың еліміз

банктеріндегі депозиттері 150 млрд теңгеден артып түсіп, АҚШ долларымен 1 млрд-тан астам сома мөлшеріне жетті.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар жоғары қарқынмен өсіп келеді, қазір ол 30 %-дың маңайында, инфляция деңгейін төмендету саясаты сақталып отыр. Ішкі инвестициялардың артуына азаматтарымыздың ақшаларын жария ету жөніндегі сәтті жүргізілген акция да септесті, мұның өзі жарты млрд-тай доллар қаржыны ресми есепке алуға, сөйтіп, осы арқылы әлгі ақшаларды ел экономикасына қайтаруға мүмкіндік берді.

Жаңа елордамыз Астананы салу мен абаттандыру жөніндегі жалпыұлттық мәні бар ірі мақсат жүзеге асуда, Астана аз уақыт аралығында біздің бүкіл экономикалық және әлеуметтік-саяси тыныс-тіршілігімізге соны серпін беретін, барлық қазақстандықтарды өзіне тартып тұратын, елдің басқа қалаларының дамуы үшін жақсы үлгі көрсететін әкімшілік орталығына айналды.

Көкшетау, Талдықорған сияқты облыс орталықтары қалпына келтірілуде, облыс орталықтарының барлығы дерлік қазіргі заманғы келбетке ие болуда, кейінгі жылы бұл үрдіс аудан орталықтарынан да бой көрсете бастады.

Ауруханалар, мектептер, мәдениет пен спорт нысандары салынуда және жөнделуде. Қазақстанның барлық мектептерін компьютерлендіру аяқталды. Мектептердегі ұстаздар мен шәкірттерді жаңа оқу жылының басталуымен ғана емес,

осынау маңызды тарихи оқиғамен де құттықтауымызға болады ғой деп ойлаймын.

Өркен жая түскен экономика әлеуметтік міндеттерді де ойдағыдай шешуге мүмкіндік беруде. Кейінгі 2 жылдың ішінде ғана адамдарымыздың жан басына шаққандағы номиналды ақша кірісі 30 %-ға, нақты кірісі 12 %-ға жуық артты. Барлық әлеуметтік жәрдемақы мен зейнетақы, бюджет ұйымдарындағы жалақы уақытылы төленіп келеді. Зейнетақының ең төменгі мөлшері 1999 жылғы 3 мың теңгеден 2001 жылы 4 мың теңгеге, яғни үштен 1 есе өсті. Жұмыс орындарының саны артып келеді. Экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындардың еңбекке тартылуы 90,2 %-ға жетті. Тек ірі және орта кәсіпорындарда жұмыс істейтін адамдардың саны 6,1 %-ға көбейді. Адамдарға жаңа жұмыс орындарын тауып беретін қоғамдық жұмыс түрлері жандана түсті.

Бізде өзіне жұмысты өзі тауып, өзін де, отбасын да қамтамасыз етіп жүргендердің тұтас 1 жігі қалыптасып қалды. Олардың құрамы 3 млн-дай адам. Ұлттық компанияларда, банк саласында, кәсіпкерлік құрылымдарда, шетелдің қатысуымен ашылған кәсіпорындар мен фирмаларда жұмыс істейтін осы заманғы менеджерлердің, жоғары білікті мамандардың қалың шоғырланған әлеуметтік тобы бой түзеп келеді. Қазақстанның қазіргі бұғанасы беки түскен орта табының арқауын құрайтындар да осы әлеуметтік топтар. Олар экономикалық прогресті елдің тұрақты даму

мәселелерінен бөлек қарастырмайды. Қоғамның одан әрі ырықтандырылуы, саяси жүйенің демократиялануы олардың мүдделеріне сай келеді.

Осы жылдар ішінде біз нақты демократиялық институттары орныққан қоғам құрып шықтық деп батыл айта аламыз.

Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мемлекеттік биліктің бірлігі және оның заңдылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуінің демократиялық қағидатына сүйенеді. Елді басқарудың президенттік түрінің орныққаны биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуінің кепілі болып отыр. Мұндай мемлекеттік құрылымды өзгертуге ешқандай негіз жоқ.

Мықты атқарушылық билік қоғамдағы тұрақтылықтың негізі және экономикалық реформалардың табысты болуының басты факторларының біріне айналды, бұл орайда, Қазақстан ТМД елдерінің арасында көшбасшы ретінде көрінеді. Мұны халықаралық сарапшылар мойындап отыр. Біз мемлекеттік қызметті реформалауда да табысқа қол жеткіздік, көптеген көршілеріміз жинақтаған тәжірибемізді қызыға зерттеп жатыр.

Адамдардың азаматтық сезімі мен патриотизмі, олардың ертеңгі күнге деген сенімі нығая түсті: өткен жылы Қазақстан азаматтығын алуға ниет еткен адамдардың саны азаматтықтан шығуды қалайтындардың санынан 2,5 есе асты.

Қалыптасқан жаңа құндылықтардың орнығуы жағдайында жас қазақстандықтардың тұтас 1

буыны өсіп шықты, олар үшін нарық пен бостандық – орны ештеңемен толмайтын ұғымдар. Біздің азаматтарымыз бостандықты, экономикалық та, саяси да еркіндікті алды, елімізде осы жылдардың бәрінде де бейбіт өмір мен жарасымды тірлік салтанат құрды. Тегінде, өзіміз жүріп өткен 10 жылдың басты қорытындысы да, біздің дамуымыздың негізгі қорғаушы күші де осы болар.

Алайда бұл жылдардың ішінде қол жеткен оңды көрсеткіштердің бәрі де ағымдағы және стратегиялық сипаттағы проблемалар түп-түгел шешіле қалған екен, енді мұртымызды балта шаппайтындай болған екен деген ойға дес бергізбеуге тиіс. Атқара алмай жатқан істеріміз бен бізге төнер қауіп әлі де бастан асады. Сондықтан да елдегі жағдайға сын тұрғысынан талдау жасау өте маңызды.

Біз еліміздің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне елеулі қатер төндіретін болашақтағы шетін жағдайларды ескеруге тиіспіз. Әлемдегі экономикалық дағдарыстардың бірінен кейін бірі туындап жататыны, оңтүстіктегі шекараларымыз жақтағы тұрақсыздық, қанды қақтығыстар аймағының кеңейе түскені, терроризмнің өсуі, есірткіге салыну мен СПИД-тің етек жаюы, көптеген елдерде қылмыстың құрық бермей бара жатуы – осындай қатерлер.

Мұндай қауіпті құбылыстардың барлығы да біздер үшін ауыртпалық алып келуі әбден мүмкін. Іс жүзінде біз шешуге тиіс басты міндеттердің барлығы да «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі

даму стратегиясында» баяндалған. Оның қағидалары іс-шараларымыз бен бағдарламаларымызда, соның ішінде орташа және қысқа мерзімді болашаққа арналған жоспарларымызда ұдайы нақтыланып отырады. 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын орындау мақсатында менің тапсырмам бойынша еліміздің дамуының 10 жылдық стратегиялық жоспары жасалды, онда жаңа айтып өткен ішкі және сыртқы қатерлердің барлық негіздемелері ескерілген. Бұл орайда басқа да бірқатар үрдістер назар аударуға тұрарлық.

Социалистік жүйе күйреп біткеннен кейінгі әлемдік қауымдастық әлі де жаңа әлемдік тәртіпті орнатудың бірінші белесінде тұр, ол қарқынды дамып, стратегиялық тепе-теңдік жолдарын іздестіруде. Дүниежүзілік экономиканың ғаламдануы мен аймақтық сипат ала түсуі дамудың маңызды факторына айналды. Көпөрісті дүниеге қарай ойысу күшейе түсті. Мұндай үрдіс Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сәйкес келеді.

Шикізат қоры бай, жері ұлан-байтақ, стратегиялық тұрғыдан транзиттік әлеуеті мықты, ашық әрі нарықтық экономиканы қалыптастырған Қазақстан геосаяси және геоэкономикалық үдерістерден тыс тұра алмайды, тыс тұруға тиісті де емес. Сондықтан да біздің ұзақ мерзімге межелеген стратегиялық міндеттеріміздің шешілуі әрі қуатты, әрі басқалармен бәсекеге түсе алатын экономиканы құруымыздың қарқыны мен динамикасын қаншалықты арттыра білетінімізге байланысты болмақ.

Осы міндетті жүзеге асыра отырып, біз өмір сүрудің тиісті деңгейін сақтауға, азаматтарымыздың еркіндіктеріне кепілдік беруге, елдің қауіпсіздігін нығайтуға тиіспіз. Алдағы онжылдықтағы барлық билік тармақтарының ең басты міндеті, міне, осы. Қазақстан алдағы кезде де экономикадағы құрылымдық өзгерістер жағынан да, әлеуметтік даму деңгейі жағынан да көршілес мемлекеттердің барлығынан озық тұруының принципті тұрғыда маңызы үлкен.

Әлеуметтік-экономикалық даму саласында 2010 жылға дейін біз мынандай негізгі мақсаттарды алға қоямыз:

– жекелеген секторларда орнықты әрі басқалармен бәсекелесе алатындай экономиканы қалыптастыруды жалғастыру;

– ішкі жалпы өнімнің көлемін, кем қойғанда, 2 есе көбейту;

– экономиканың аса маңызды салаларында ұлттық капиталдың үлесін арттыруға қол жеткізу;

– азаматтарымыздың әл-ауқатын анағұрлым арттыру.

Саяси және мемлекеттік құрылыс саласында алдағы онжылдыққа мынандай түйінді міндеттер алға тартылады:

– биліктің 3 тармағының өзара іс-әрекет жасауының тиімді жүйесін құруды жалғастыру;

– мемлекеттік басқаруды 1 орталықтан жүргізуді тоқтатуды жоспарлы түрде жүзеге асыру;

– сайлау үдерісінің тетіктерін одан әрі жетілдіре түсу;

– саяси партиялар мен азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамытуға, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін кеңейтуге септесу.

Экономиканы жаңғырту мен қоғамымызды демократияландыру міндеттерін шешу Конституцияға және елдің заңдарына дәлме-дәл сәйкес келетіндей күйде қамтамасыз етілуге тиіс.

Заңға тақ тұруды біздің өмірімізге енгізу қоғамның, соның ішінде елдің құқық қорғау органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Сыртқы саясат және елдің қауіпсіздігін нығайту саласында біз мынандай басты проблемаларды шешуге тиіспіз:

– ықпалдасуды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін күшейту;

– аймақтық қорғаныстың тиімді жүйесін қалыптастыруға белсене атсалысу;

– әскери реформаны аяқтап, осы заманға сай Қарулы Күштерді қалыптастыруды жалғастыру;

– шекара және ішкі әскерлерді нығайту;

– шекараның ұзына бойында делимитация процесін аяқтау және басқа да трансшекаралық проблемаларды шешу үшін тиімді шаралар жасау;

– елдің экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейте түсу.

Экономика саласы түйінді сала болып қала бермек. Реформаларды жүзеге асыруда алда келе жатқанымыз бізді тоқмейілсушілікке салындыруы, сөйтіп, өсу қарқыны мен жаңғыртулардың жеделдігінен айырылып қалуымыз мүмкін деген күдік-күмәннің көлденең тартылатын жөні де бар.

Біздің экономикамыз өте қатты дағдарыстан және 1990-шы жылдардағы құлдыраудан кейін енді ғана дами бастағаны және айтарлықтай жоғары деңгейде емес екені жөнінде өзімізге есеп беруіміз керек.

Жан басына шаққандағы біздің ІЖӨ соңғы жылдары серпінді өсіп келеді және ол ТМД-дағы деңгей бойынша барынша жоғары көрсеткіштердің бірі. Алайда оның 1,5 мың долларға дейін жетпейтінін де айтайық.

Біздің алдымызда ел экономикасының көлемін айтарлықтай ұлғайтудың өз маңызы жағынан орасан зор міндеті тұр.

Сыртқы экономикалық орта мәңгі қолайлы болып қала бермейтінін түсінуге тиіспіз.

Біз қазір әлемдік экономика мен шикізат тауарлары бағасының ауық-ауық нашарлауын байқап отырмыз. Елде сауда балансының оң сальдосы төмендеп барады.

Сондықтан да біз кейбір саясатшылар ұсынып жүргеніндей соңғы 2 жылда жинағанның бәрін таратып беру жолымен жүрмей, қайта ресурстарды молықтыра беруіміз керек. Әрбір отбасы,

былайша айтқанда, «қиын күндерге» деген қаражаттың болуына ұмтылады. Үлкен отбасы секілді ел де өзін қилы-қилы тосын жағдайлардан қауіпсіздендіруі керек. Менің Үкіметке негізгі тапсырмам және 2002 жылға арналған бюджетті қарау кезіндегі Парламентке өтінішім, міне, осы.

Осындай жағдайда Үкімет пен Ұлттық банк орта мерзімді макроэкономикалық саясатты айқындап, бағамдық, фискалдық және индустриялық саясаттарды қоса алғанда ақша-кредит саясатының сәйкестігін қамтамасыз ету ұстанымдарын талдап жасауы керек.

Үкіметте де, сондай-ақ, жергілікті деңгейде де қабылданатын шешімдердің экономикалық мағынасының әлсіреуі сезілетінін атап айтуға тиіспін. Бұған жоспарлау деңгейінің төмен сапасы себеп. Бюджет үдерісі де қанағаттанғысыз, 1 американ қаржыгерінің бейнелеп айтқанындай, ол көңіл толмаушылықты тең дәрежеде бөлу өнеріне айналып барады. Былайша айтқанда – Үкімет, Парламент және жергілікті билік құрылымдарының сауда-саттық затына айналып барады. Қосымша табыстардың пайда болуы мемлекеттік органдардың, әсіресе, атқарушы биліктің қырағылығын босаңсытып, олардың резервтерді іздеу мен жұмылдыруға, бюджет қаражатын үнемдеу ұстанымын сақтауға деген ұмтылысын әлсіреткен сыңайлы. Барлық министрліктер мен облыстардың әкімдері 2002 жылдың бюджетін талдап жасау барысында биылғы жылы өздеріне бөлінгенінен 2–3 есе көп

ресурстар сұраған. Оларға қатысты Үкімет тарапынан талапшылдық деңгейі төмендеп кеткен.

Өз пікірімді айтқым келеді: министрлер де, әкімдер де өрекпулерін басуы керек. Келесі жылғы шығындардың өсуі азаматтардың ең төменгі табыстарын арттыруға арналған шығындардан басқа барлық баптар бойынша барынша аз болуы қажет. Ақшаны, егер ол бар болатын болса, жаңа өндірістерді, инфрақұрылымдарды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға жұмсау керек. Табиғи рентаны мемлекеттің пайдасына әділдікпен алып қою, трансферттік баға құрылымы, акциздерді толық мәнінде жинау тұрғысындағы барлық айтыстар мен пікірталастар жайлап «сиырқұйымшақтанып» кетті. Парламенттің талабы төмендеген жағдайда Үкімет те, Мемлекеттік кіріс министрлігі де бұл жұмыс учаскесін ұмыт қалдырған. Бұған жол беруге болмайды.

Қоғам үшін әсіресе өндіруші саладағы ірі кәсіпорындар мен инвесторлардың жұмысында толық мөлдірліктің болуына қол жеткізу қажет. Бұл мәселені одан әрі созуға жол беруге болмайды. Үкімет және бұл мәселеге жауапты министрлер мемлекеттік көзқарас үлгісін көрсетуі тиіс. Егер Қазақстанда жұмыс істейтін әрбір компания өзінің барлық ақша арналарын – қанша тапқанын, жұмсағанын, қандай пайда алғанын адал көрсететін болса, онда Үкімет мүшелері бәз біреулердің мүдделерін тоқайластырып отыр деген сөз де шықпайды. Үкімет осындай айқындыққа қол жеткізуі тиіс.

Ішінара тексерулер мемлекеттік сатып алу ережесінің жаппай дерлік бұзылатынын көрсетіп берді – ал мұнда үнемдеу резервтері айтарлықтай еді. Алдымен бюджет қаражатын үнемдеу туының астында, ал содан кейін бюджет шығындарының жаңбырша төпеуінің астында өзі үшін жұмыс істей бастаған мемлекеттік кәсіпорындар тез қоздап кетті. Үкімет пен әкімдер ең қысқа мерзімде мұнда тәртіп орнатуға міндетті. Елеулі табыстарға қарамастан, экономиканың нақты секторында қосымша жүйелік өзгерістер қажет.

Ең алдымен, және бұл туралы сөз бірінші жыл болып отырған жоқ, меншік қатынастарында, кәсіпорындардың есебі мен есеп беруінде, банкроттық пен медеттеу рәсімдерінде, инвестициялау мен капиталдандыру тетіктерінде айқындық пен мөлдірлік орнатқан жөн. Өндірісті жаңартпастан және жаңғыртпастан мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басқа міндеттерді шешу қиынға түседі. Бұл үшін қаражат қажет. Және аз қаражат емес. Ал нақты инвесторлар айқындығы жоқ кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға ақшаларын жұмсай қоймайды. Қазірдің өзінде 1 млрд доллардан астам жинақтаған зейнетақы қорларының қаражат салармық жоғары табысты нысандары да, қаржы аспаптарының сайма-сай саналуандығы да жоқ. Неге бұлай? Өйткені қор нарығын құру жөніндегі жұмыс іс жүзінде тоқтап тынған. Бұл міндет жылдан жылға қойылып келе жатқанына қарамастан, Үкімет пен Ұлттық банктен осы проблемаларды

шешу жөніндегі құлақасарлық ұсыныстарды біз көре алмай отырмыз. Банкроттық рәсімі рынокты тазалау тетігінен көп ретте ойы арам пысықайлар үшін табыс табудың тәсіліне айналып жатады. Қазір әзер дегенде банкроттық туралы заң қабылданды. Үкімет оның тиімді орындалуының тетіктерін жедел жасап, іске қосуы керек. Туындап жататын экономикалық проблемаларды шешуде Үкіметке ұтқырлық жетіспейді. Бізді аймақтық саясаттың сапасы, формальды емес еңбек рыногы мен көшіқон үдеріс-терінің мөлдір еместігі қанағаттандыра алмайды.

Үкімет Әлеуметтік қорғау айқындамасының негізінде 2003 жылдың бюджетімен бірге елімізде еңбек қатынастарын жария етуге ынталандыратын міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің енгізілуі үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асыруы керек.

Салық түсімдерін талдау елдегі көптеген әкімшілік аудандардың шығынды болып отырғанын және бола беретінін айқын көрсетіп отыр. Нарық жағдайында оларды үнемі дотацияда ұстап тұру – болашағы жоқ іс. Әдетте, оларда өмір сүрудің экологиялық жағдайы да мәз емес. Біз қаласақ та, қаламасақ та, адамдар сол аудандардан қалаларға және тәуір аудандарға көше бастайды, кенттенудің жедел үдерісі жүретін болады. Бұл әбден қалыпты құбылыс. Мемлекет бұл үдерістерден тыс қалмауы керек және қалмайды да. Ақырында,

күшті демографиялық саясатты да жасақтаудың мезгілі жетті. Бұл да Үкіметтің 2002 жылғы міндеті.

Бізде адамның өзін қамтамасыз ету жүйелері бойынша қордаланып қалған мәселелер көп. Біз коммуналды реформаларды дер кезінде және ойдағыдай жүргіздік. Алайда пәтер иелері кооперативтерінің ахуалы жөнінде ештеме айтылмайды. Ал мұнда, әсіресе тұрғын үй қорын жөндеуге байланысты, тіпті де бәрі ойдағыдай емес, ол тозып барады, ал ешкімнің қолының ұшын қимылдатар түрі көрінбейді. Осы тұрғыда өткізілген парламенттік тыңдаулар сол күйі жақсы шешімдер бере қоймады. Жалпы, кенттенуге және ел халқы санының өсу саясатына қарай тұрғын үй, әсіресе, арзан тұрғын үй мәселесі тез күрделіленіп келеді. Парламент қабылдаған заңға сәйкес талдап жасалған ипотекалық несие желісі келешегінің жақсылығы мен дұрыстығына қарамастан, әзірге жұрттың бәрінің бірдей қалтасы көтере бермейді. Үкімет осы мәселені шешумен айналысуы керек, оның үстіне бұған заң да мүмкіндік береді.

Коммуналды қызметтердің құны жоғары күйінде қалуда. Мұнымен қоса, жергілікті атқарушы органдардың жол беріп қоюы жағдайында мұнда қызмет көрсетушілер мен оларды тұтынушылардың арасында қаптап кеткен делдалдар әрекет етіп жүр. Осынау жасанды делдалдарға, неге екенін қайдам, бәрі де төзіп бағуда. Барлық деңгейдегі әкімдер жедел түрде мұны ретке келтіруі, ал Үкімет бұл жұмысты бақылауға алуы керек.

Қалалардағы базарларда бәсекені шектеу практикасы жалғасып келеді, мұнда базар иелері білгенін істейді, әкімдер мұны білмеген сыңай танытады, тиісті санитарлық қадағалау да жоқ. Соның салдары: баға жоғары, ассортимент аз, ал сапасы ақсап жатыр. Әкімдерге бұл олардың салғырттығы болмаса да, тікелей жетімсіз жұмысы екенін ескертемін. Қазір күз келді, жұрттың өсірілген астығын, көкөнісін, жемісін, етін сату жүріп жатыр. Жекешелендірілген базарлар бақылаусыз қалғандай көрінеді. Мен бұған әкімдер мен құқық қорғау органдарының назарын бірнеше рет аударғанмын. Әкімдіктер ақ адал бағаны айқындайтын коммуналдық базарлар құратын уақыт жетті. Бәсекелестік қыспаққа алынып, мұның өзі базардағы бағалардың өсуіне соқтыруы неліктен? Бұл мәселені ретке келтірудің болмағаны ма?

Бюджеттік саланың қызметкерлері табыс деңгейі жөнінен өндірісшілерден елеулі түрде қалып қойған. Сондықтан да, әсіресе төменгі және орта буын қызметкерлер үшін, жалақы деңгейін арттыру өзекті болып отыр. Тағайындалатын зейнетақылардың мөлшеріне де әділдік орнататын кез келді. Бізді денсаулық сақтау мен білім берудің бүгінгі сапасы, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі, қоршаған ортаның жағдайы қанағаттандыра алмайды.

Мемлекеттік органдардың жұмысын да сын тұрғысынан ой елегінен өткізген жөн. Атқару билігінің жекелеген буындарын нығайту талап етіледі.

Олардың жұмысын ұйымдастыруды және мемлекеттік қызметті реформалауды дамыту қажет. Өткен жылы біз соттар мен бүкіл құқық қорғау жүйесін материалдық жағынан қамтамасыз етуді айтарлықтай жақсарта алдық. Енді біз тұтастай сот жүйесі жұмысының едәуір жақсаруын күтуге хақылымыз.

Есірткі пысықайларына, жалпы қылмысқа қарсы күрес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басты міндет болып қала береді. Қазақстанда нашақорлық үлкен қасіретке айналып барады. Солай болса-дағы мен жергілікті орындарда елдің, облыстар мен аймақтардың құқық қорғау органдары осынау мәселемен байыпты айналысып, оны шеше бастағанын көре алмай отырмын. Билік өкілдері ретінде құқық қорғау органдары, ең алдымен, ел азаматтарының заңды құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға міндетті екенін үнемі еске салып отыруға тура келеді. Кейбіреулері бұл міндетті керісінше түсінеді.

Біз қылмыстық жазалар жүйесін ізгілендіру және түзеу мекемелерінде ұстау жағдайларын жақсарту жолымен алға қарай жүруіміз керек. Жаңа қылмыстық заңнама бірқатар әрекеттерді криминалға жатқызбайтын болды, жекелеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті жұмсартып, бас бостандығынан айыруға балама болатын жазалар санын кеңейтті. Алайда статистика қылмыстық қудалау органдарының да, сондай-ақ соттардың да құқық қолдану

тәжірибесі, керісінше, жөнсіз қатыгездене түскенін көрсетеді. Сондықтан айқын да анық қылмыстық саясатты іске асыру талап етіледі: заң ауыр қылмыстар жасаған адамдарға қатысты қатал, бірақ, төменгі немесе орташа ауырлықтағы қылмыстарды алғаш рет жасағандарға, сондай-ақ, әйелдер мен кәмелетке толмағандарға иманды болуы керек.

Заңнама саласында да бәрі ойдағыдай емес. Тәуелсіздік жылдары біз қабылданған заңнамалық кесімдер саны мыңға таяп қалды. Бұл оларды дұрыс қолдануға байланысты қиындықтар туғыза бастады, қолданыстағы құқықты құқықтық алдарқатушылықтан, ескірген және бір-бірін қайталайтын нормалардан арылту қажеттігі туындайды. Тағы да 1 бұрыннан келе жатқан көне проблема мынау: біз қабылдаған көптеген заңдар заңға тәуелді қажетті қосымша актілердің жоқтығынан толық күшінде жұмыс істемейді. Үкіметтің де, сол секілді депутаттардың да жекелеген заңдарды тоқайластыру оқиғаларының жиілеуі алаңдаушылық туғызады, белгілі 1 мемлекеттік органның немесе кәсіпкерлік құрылымның мемлекеттік мүдделерге залал келтіретін тар ведомстволық мүдделері айқын байқалып жүр.

Жеке 1 проблема – халықаралық шарттарды бекіту. Жүргізілген талдау 10 жыл ішінде біздің 350-ге жуық халықаралық шарттарды бекіткенімізді және 50 шақтысына заң кесімдерін қабылдау арқылы қосылғанымызды көрсетеді.

Мынадай сұрақтар туындайды: біз өзімізге халықаралық міндеттемелерді тым көп алған жоқпыз ба; олардың барлығы қазіргі кезде Қазақстанның мүддесіне сай келе ме; олар өзіміздің ұлттық заңнамамызды республика Конституциясына сәйкес дамытуға бөгет жасамай ма? Осы шарттарды және қабылданған міндеттемелерді тегіс тізімдеу қажет.

Жоғарыда айтылғанның барлығы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары бойынша дұрыс шешімдер қабылдау қажеттігін дәлелдейді. Бізге неғұрлым белсенді, неғұрлым тапқырлықпен жұмыс істеу қажет.

Әлеуметтік-экономикалық даму саласына назарды күшейте отырып, мынаны атап айтқым келеді: анық айқындалған басымдықтар шешуші мәнге ие болып отыр. Сондықтан ресурстарды да соларға шоғырландыру қажет. Қор жинау мен тұтыну арасындағы өлшемді қатаң сақтау қажет.

Осы бағыттар бойынша жұмысымыз дұрыс болуы үшін жоспарлаудың сипатын мазмұны мен көкжиегін, оның методологиялық және әдістемелік базасын айтарлықтай жақсарту қажет.

Осы мақсатпен келесі жылдан бастап Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы бюджетті жоспарлау процесінің аяғында емес, сол процестің басында баяндалатын болады, бұл оны жасақтушылардың әу бастан алдағы жылға арналған басымдықтарды айқындап алуы үшін керек. Бұл шамамен бірінші тоқсанның аяғында болуы тиіс.

Бюджетті жоспарлау үдерісінің өзі Қаржы министрлігі мен Үкіметтен әлдеқайда тәуелсіз болуы керек.

Бюджеттік және стратегиялық жоспарлаудың толық сәйкестігіне, Ұлттық банктің жұмысын тек ақша-кредит саясатына шоғырландыруға қол жеткізу қажеттігі пісіп жетілді.

Стратегия талап ететіндей, әрбір министрдің жылға арналып, нақты талдап жасалған және қоғам үшін түсінікті жұмыс жоспары, тиісінше кең ауқымды бюджеттік бағдарламалары болып, олардың орындалуы бойынша есеп беруі тиіс. Бұл талап барлық деңгейдегі әкімдерге де қатысты.

Келесі жылы бюджетті қалыптастыру және атқару барысында мына девиз ең бастысы болуға тиіс: «Инвестициялар, табысы төмендерді қолдау және елдің қауіпсіздігі».

2002 жылы Үкімет мынадай міндеттерді шешуі шарт:

– индустриалдық және аймақтық саясаттың жасақталуын аяқтау;

– жоспарлау жүйесін айқындау;

– мемлекеттік міндетті қызметтің одан әрі орталықсыздандырылуына кірісу және бюджетаралық қатынастардың орта мерзімді үлгісін бекіту;

– 3 жылдық перспективалық бюджетті бекітуге көшуді қоса алғанда, бюджеттік үдерісті анағұрлым жетілдіру.

Еліміздің Бюджет кодексінің Тұжырымдамасы туралы да ойланатын кез келді. Нақты секторды одан әрі дамыту үшін:

– акционерлік қоғамдардың қызметі;

– бағалы қағаздар нарығын реттеу;

– есеп және есептілік мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға жедел түрде өзгерістер енгізу қажет.

Сондай-ақ, Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заң қабылдаған жөн. 2002 жылдың аяғына дейін Үкімет ірі кәсіпорындардың халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына көшуін қамтамасыз етуі тиіс.

Келесі жылы ең төменгі жалақыны 20 %-ға арттыру үшін экономикалық жағдай жасалды деп ойлаймын. Мен Қазақстанда жұмыс істейтін барлық компаниялардан өз қызметкерлерінің жалақысын арттыруды өтінемін. Бұл қазақстандықтарға тәуелсіздіктің 10 жылдығына орай жақсы сыйлық болады.

Отандық жекеменшік секторды капиталдандыру міндетін әлдеқайда белсенді шешу қажет, онсыз біз экономикадағы ғаламдандырудың келеңсіз құбылыстарына белсенді қарсылық көрсете алмаймыз.

Біз импорт алмастыру саясатын тереңдетуге, сондай-ақ, экономикамыздың экспортқа бағдарлануы, жақын жатқан капиталымыздың экспансиялануы жөніндегі шараларды күшейтуге тиіспіз.

Біздің бизнес ел мүддесі тұрғысынан бірігуге өзінің ынғайы мен қабілетін көрсетіп, инвестициялаудың ірі проблемаларын шешу үшін өз ресурстарын шоғырландыруы керек. Үкімет бұл істе көмектесуі тиіс.

Экономиканың көлемін ұлғайту, бизнеске қолдау көрсету мақсатында мемлекет 2002 жылға арналған республикалық бюджеттен 90 млрд теңгеге жуық немесе үстіміздегі жылдың бекітілген бюджетіндегіден 30 % көп бөле отырып, барлық маңызды инфрақұрылымдық нысандарға мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының ауқымын кеңейтуі керек.

Үкімет үшін 2002 жылға арналған нақты міндеттердің қатарынан мыналарды бөліп көрсеткім келеді:

– Астананың құрылысы мен қайта жасақталуын жалғастыру;

– Амангелді газ кен орны тобын игеруге кірісу;

– «Дөң – Қызылоктябрь кеніші» учаскесінде темір жол құрылысын жалғастыру;

– Көксарай су қоймасын салу жобасын айқындау;

– Орал қаласы маңында Жайық өзеніне көпір салуды аяқтау.

Автомобиль жолдарын салу мен қайта жасақтау тұрғысында үлкен міндеттер бар, бұған 42 млрд теңге инвестициялар немесе биылғы жылға қарағанда 60 % көп қаржы жұмсалады.

Келесі жылы «Алматы – Астана» автомагистралін қайта жарақтандыру аяқталуы тиіс. Батыс Қазақстанда «Атырау – Орал – Ақтөбе» автожолын, «Алматы – Бішкек», «Алматы – Қорғас» жолдарын, Қызылорданың маңында Сырдария өзенінен өтетін көпірді қайта жарақтандыру басталады, «Астана – Бурабай» автожолы учаскелерінің және «Шығыс Қазақстан – Алтай Республикасының шекарасы» автожолының құрылысы жалғасады.

Әлеуметтік салада да үлкен міндеттер тұр. Тұрғын халыққа қатысты стратегиялық міндеттерді шешу көп ретте біздің денсаулық сақтаудың сапасымен, халықтың денсаулығымен айқындалатын болады.

Соңғы жылдары біз ана және сәби өлімінің төмендеуіне қол жеткізіп келеміз. Өткір ішек инфекцияларымен және вирустық гепатитпен, бактериялық дифтериямен, сүзекпен ауыру азайды. Ең 1 қауіпті дерт – полиомиелит жойылды. Сонымен бірге, медициналық қызметтің сапасын жақсарту мен оның баршаға ашық болуын қамтамасыз ету хақында қоғамның қойып отырған талабы да орынды. Денсаулық сақтау реформасының бағдарламаларын жасаймыз дегенмен, осы уақытқа дейін ақшаның қайда кетіп жатқанын білмейміз. Ендеше, Үкімет мұның ақ-қарасын анықтап алуға тиіс. Ендігі жерде денсаулық сақтау ісін басқаратын органның деңгейі мен мәртебесін көтеру керек. Денсаулық сақтау министрлігін қалпына келтіру қажет.

Әлеуметтік саладағы келесі маңызды бағыт білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс болуға тиіс. Біздің бұл саладағы басты міндетіміз онжылдықтың соңына дейін қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің ТМД-ның басқа елдерінің, ең алдымен, Ресейдің, сондай-ақ Орталық және Шығыс Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінің білім жүйелерімен бәсекелестік қабілетін көтеруге саяды.

Алдағы уақытта Қазақстанның әлемдік энергетика нарығында барған сайын маңызды рөл атқаратынын ескере келіп, жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлауды жолға қою шарт. Мұнай саласының кадрлары мен менеджерлер даярлау үшін Қазақстан-Британия техникалық университетін құру қажеттілікке айналды. Техникалық мамандықтардың беделін қалпына келтіру керек.

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің зейнетақысы мен лауазымдық жалақыларының мөлшерін арттыру жөнінде қосымша шаралар қолданатын кез жетті. 2002 жылы зейнеткерлер топтарына қатысты әлеуметтік әділеттілік мәселесін принциптік тұрғыдан шешкен жөн. Айталық, 1994 жылға дейін тағайындалған зейнетақыларды 25 %-ға көтеру қажет. Мұның 1 млн 215 мың адамға қатысы бар. 1994–1998 жылдар аралығындағы кезеңде тағайындалған зейнетақылардың мөлшері де арттырылатын болады.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері: дәрігерлердің, мұғалімдердің және бюджет саласындағы басқа да қызметкерлердің, соның ішінде бастықтардың емес, қатардағы қызметкерлердің лауазымдық жалақыларын көтеру қажет. Осы орайда ақысы неғұрлым төмен санаттағы қызметкерлердің лауазымдық окладының көлемін арттыру 25 %-дан кем болмауға тиіс.

Үкімет келесі жылы бюджеттік мекемелерде еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін кіргізуі, сондай-ақ, Парламентке «Азаматтық қызмет туралы» Заңның жобасын енгізуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің де, ең алдымен төменгі және орта буындағы қызметшілердің жалақысы арттырылатын болады. Жалақы мен зейнетақыларды арттыру біздің 2,7 млн азаматтарымызды қамтиды. Бұл ретте өткен жылы әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары барлық қызметкерлерінің жалақысын едәуір көтергенімізді естен шығармаған дұрыс. Осылайша экономикамыздың жақсаруы еліміз халқының барлық жіктеріне оңды ықпал жасап отыр.

Біз қауіпсіздік саласына барған сайын көбірек назар аударатын боламыз. Біздің сыртқы саяси басымдықтарымыз өзгеріссіз қалады. Соған қарамастан, ахуалдың өзгеруі мен елдің қажеттілігі:

– аймақтық рыноктарды, ең алдымен – еуразиялық және Орталық Азия экономикалық қоғамдастықтары рыноктарын тездетіп қалыптастыру;

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі ынтымақтастықты кеңейту;

– Каспий өңіріндегі проблемаларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі дипломатиялық күш-жігерді жандандыру сияқты бағыттарға айрықша ден қоюды талап етеді.

Қалыптасып отырған ахуал Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық институттарға сүйеніп, тиімді аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға да баса назар аударуды талап етеді. Сонымен қатар, біз АӨСШК-ға да аса зор мән береміз. Бұл басқосу қарашада өткізіледі. Осы заманғы Қарулы Күштерді жасақтау жөніндегі күш-жігерді де ұлғайта беру қажет. Бұл үшін әскердің қаржыландырылуын 2002 жылы биылғымен салыстырғанда шамамен 8 млрд теңгеге ұлғайту керек. Шекара және ішкі әскерлер үшін де 50 %-дан астамға ұлғайтыла отырып, едәуір қаражат бөлінеді.

**Құрметті депутаттар!**
**Құрметті отандастар!**

Таяуда біз өз тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын атағалы отырмыз. Бұл біз үшін ерекше мерейлі күн, мұның көптеген себептері бар.

Бұл күн өз еңбегімізді бағалау тұрғысынан да маңызды. Еңсемізді жазуға мүмкіндік алу тұрғысынан да маңызды. Біздің жастарымызға, балаларымыз бен немерелерімізге тәрбие беру тұрғысынан

да маңызды. Біздің алдағы дамуымыздың іргетасы тұрғысынан да маңызды.

Өткен 10 жылдың толық әрі дәл бағасын, сайып келгенде, уақыт және біздің ұрпақтарымыз береді. Біз 10 жылдықты мерекелеу ұшы-қиырсыз ұзақ жолдағы бел жазу емес екенін түсінуге тиіспіз. Бұл өткенімізді 1 шолып алуға, негізгі жолдың әлі алда екенін, ол үшін жаңа күш-қуат керек екенін және барынша шапшаң жылжу керек екенін бағамдап алу үшін берілген мүмкіндік. Бізді алдымызда үлкен міндеттер күтеді. Тұжыра айтсақ, бұл дегеніміз – не саяси, не болмаса діни немесе ұлттық экстремизм қоңсы қона алмайтын мемлекет құру. Бұл – саяси және әлеуметтік әділеттіктің, экономикалық еркіндіктің берік іргетасына негізделетін Қазақстанды орнату, тек Заңның күші үстем тұратын ел орнату. Бүгінгі таңда біздің өзімізге де, сонымен бірге, біздің бүкіл әлемдегі достарымыз бен серіктестерімізге керегі де нақ осы. Біздің кемел болашаққа қарай ойдағыдай ілгері жылжуымыздың кепілдігі де, міне, осында жатыр.

## Қазақстан жастарының I Конгрессінде

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
2001 жылғы 6 қыркүйек

**Қымбатты жігіттер мен қыздар!**

Бүгін мен тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында ер жетіп, ашық та демократиялық қоғамның жаңа құндылықтары мен тәрбиеленген тың буынмен мемлекетімізді не байланыстырып отырғаны жайында сіздермен пікір алысып, ой бөлісейін деген едім.

Біздің бәріміз – әлемде болған ғаламдық өзгерістердің куәгеріміз. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, біз өз өмірімізді өзіміз құрып, өз тағдырымызды өзіміз анықтауға мүмкіндік алдық. Тарих үшін 10 жыл көп емес, ал біз үшін ол мемлекет құрудың, халықаралық беделіміздің нығайтудың ең маңызды кезеңі болды. Біз азат та тәуелсіз Қазақстан құру жолында үлкен белестен өтіп, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтай білдік.

Уақыт бізден қолға тиген бостандық пен тәуелсіздікті сақтап, нығайта беру үшін бұрынғыша ұлан-асыр әрі мақсатты күш-жігер жұмсауды талап етеді. Біз өткенімізден, өткен тарихымыздан сабақ алып, қорытынды шығара отырып, әкелеріміз бен аталарымыз жинақтаған баға жетпес бай тәжірибені сақтап, келешек ұрпаққа мирас етуіміз керек. Бұл тәжірибе тым қымбатқа түскен, сондықтан біздің оны ұмытуға қақымыз жоқ. Қазір сіздердің өз тағдырларыңыз, отбасыларыңыздың, етене жақындарыңыздың тағдыры үшін зор жауапкершіліктеріңіз бар, жүре келе мойындарыңызға өз еліңіздің тағдырына деген жауапкершілікті де аласыздар.

Мемлекеттің және ол жүргізіп отырған жастар саясатының басты міндеті – сіздерді әлгі аталған рөлге әзірлеп, өздеріңізді тұлға ретінде таныта білулеріңіз үшін барынша оңтайлы жағдай жасау. Бұл арада нәтиже жастардың өз мәселесін өздері шешуге білек сыбана кіріскенде ғана шығады.

Күшті мемлекеттің қалыптасуы елдің экономикалық дамуы тиісті деңгейге жетпейінше мүмкін емес. Біз Қазақстан экономикасындағы үміт күттірер өрлеуді көріп отырмыз: өнеркәсіп, кіші және орта бизнес дамып келеді. Әлемнің көптеген дамыған елдерінде тұрғындардың жартысы, тіпті жартысынан астамы кіші және орта бизнеспен айналысатыны баршаға белгілі. Біздің елдің міндеті де – саяси тұрақтылық арнасында экономикалық тұрғыдан өркендеуімізді қамтамасыз етіп, қазақстандықтардың болашағына сенімді де бақуатты сансыз көп орта табын қалыптастыру.

Қазіргі жағдайда әрбір жас адам өзінің алдына – білім алып, жұмыс табу, тұрақты табысы болу, үй салу немесе пәтер алу, отбасын асырап, балаларын тәрбиелеу, өзін әлеуметтік тұрғыдан қорғалған кісі санау сияқты нақтылы өмірлік мақсаттар қояды.

Қазақстанның мемлекеттік саясаты ең алдымен келешекке, жастарға бағдарланған. Мемлекет халықтың өркендеуі мен қауіпсіздігіне қол жеткізуге ұмтылады, Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясының өзекті мақсаты осы болатын. Қазір Қазақстанның жас азаматтарының мүддесін ескере отырып, біз жасап жатқанның бәрі, түсіне білсеңіздер, өте-мөте маңызды.

Әрине, жастар ортасында күрмеуі қиын мәселелер аз емес. Объективті себептерге байланысты Қазақстандағы жұмыссыздардың жалпы санында жастардың арасалмағы 2000 жылдың алғашқы

жартысында 31,5 % болды. Ауылды жерлерде 21 мың жұмыссыз жас адам тіркелді, бұл барлық жұмыссыз жастардың 31 %-ы. Бұл проблема біз үшін әзір көкейкесті болып қалып отыр. Мемлекет бар күш-жігерін салып-ақ жатыр. Бірақ өз мәселесін шешуге жастардың өзі бастамашылдық көрсетіп кіріспейінше, көздеген нәтижеге көпке дейін қол жеткізе алмайтын түріміз бар.

Кесімді уақыт мерзімін айқындайтын өтпелі кезеңде бұл дүниеден көргіміз келетін өзгерістердің 1 бөлігі өзіміз болуымыз шарт, деседі. Иә, біздің бәріміз де өзгердік, бәрінен бұрын бұл сөздің, жастар, сіздерге қатысы мол. Қараңыздаршы, министрліктер мен ведомстволардың, жекеменшік қаржы мен сауда құрылымдарының тұтқалы орындарын кімдер басқарып отырғанын, ірі халықаралық компанияларда кімдер жұмыс істеп жатқанын, кімдер нақты ісімен реформалардың ілгері жылжуын қамтамасыз етіп отырғанын. Әлем біздің республиканы жас чемпиондарымыз, Олимпия ойындары мен дүниежүзілік біріншіліктердің жүлдегерлері жасаған рекордтар арқылы біледі. Жас таланттарымызбен бірге біз олардың халықаралық шығармашылық бәйгелердегі жеңісіне қуанамыз. Біздің жас орындаушылар әйгілі әлемдік фестивальдардың лауреаттары атанып жүр. Мұны жасап жүрген Қазақстан жастары. Мұны жасап жүрген сіздер, сіздердің буындарыңыз. Бұның бәр-бәрін бәз 1 идеологиялық ұрандардың қағидасына танудың қажеті жоқ. Жастар өзінің қабілетін, ебі мен күшін

іске асыра отырып, қарапайым табиғи таңдауын өзі жасайды, сол арқылы өз болашағын бүкіл халық пен елдің болашағын қамтамасыз етеді.

Өткен жылы мен Қазақстан жоғары оқу орындарының 50 таңдаулы түлегін жұмысқа орналастыру жөнінде шешім қабылдадым. Мемлекеттік органдар жоғары оқу орындарын бітіргендер арасында министрліктер мен ведомстволардағы лауазымды бос орындарға конкурстар өткізді. Әлбетте, бұл қажетті шаралар жастарымыздың жұмысқа орналасуындағы түйткілді мәселелерді де түгел шешіп тастай қоймас. Әйткенмен мемлекеттік құрылымдарымыз, кәсіпорындар мен жекеменшік компаниялардың басшылары үшін, жас кәсіпкерлер мен бизнесмендер үшін үлгі болды. Оларды мен мемлекеттің осы бастамасын қолдауға шақырамын.

Кезінде мемлекет жас кәсіпкерлер мен бизнесмендердің өз ісін бастауына мүмкіндік туғызып, бизнесіміздің қалыптасуына көмек көрсетті. Бүгінде жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, біздің де өз үлесімізді қосатын сәт келді. Кәнеки, жастардың өз кәсіпорындарыңызда жұмысқа орналасуына жағдай жасаңыздар, ел азаматтарының осынау категориясы үшін арнаулы квотаны қамтамасыз етіңіздер. Бұндай қадам мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды, әріолелеулі, мол қайтарымға дегензор үмітпенжасалып отыр. Қазақстанның өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтін жастар өздеріне мемлекеттің

айрықша көңіл бөлуін талап етеді. Кәсіпорын басшыларына жастардың бастамаларын қолдап, олардың денсаулығына, білім алып жетілуіне, тынығуына қамқорлық жасап, кәсіпорындарда ұйымдастырылған жастар істері жөніндегі комитеттерге көңіл бөліп отыру қажет. Ортақ іске сіздердің қосқан үлестеріңіз осы болады.

Біз бүгін жастармен жұмыстың уақыт сынынан өткен, бірақ 1 кезде ұмыт қалған тиімді түрін қайта жаңғыртпақпыз. Оқушы жастарды маусымдық жұмысқа тарту мәселесін шешу үшін мемлекет жыл басынан студенттердің еңбек жасақтарын қайта құру жөнінде мақсатты жұмыс жүргізіп келеді. Әрине, қазіргі кезеңде көп нәрсе өзгеріп кетті. Бүгінгі басты міндет – қозғалысты жаңа сапада басынан жаңғырту, ондағы ең бастысы – білікті мамандар даярлау, жастардың бойында азаматтық, жауапкершілік, отансүйгіштік сезім қалыптастыру болмақ.

Жаңа нарықтық қатынастар құрылыс жасақтарын пайдаланудың негізгі саласын өзгертеді. Таяу күндері Астанада студент жасақтарының республикалық I слеті өтті. Бүгін таңда республикада олардың 150 жасағы жұмыс істейді. Бұл тиісті жұмыс көлемімен қамтамасыз етілген 2,5 мың адам деген сөз. Олардың орташа еңбек ақысы 15 мың теңгені құрайды. Жастар тұрғын үйлер салу мен жөндеу, автомобиль жолдарын төсеу жұмыстарымен шұғылданады, балалар мен сауықтыру лагерьлерінде ұстаздық етеді, қалаларды көгалдан-

дырып, абаттандыруға атсалысады, астық жинауға, қоймаға тұқым құюға қатысады.

Оған қоса мен жалпы мемлекеттік деңгейдегі мынандай міндеттер қойдым: біріншіден, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру жолымен жастардың жұмыссыздығын қысқарту үшін жағдай жасау, жас жұмыссыздарды мемлекеттік және жекеменшік кәсіпорындардағы қоғамдық жұмыстарға тарту үшін әлеуметтік жұмыстың кешенді бағдарламасын жасақтау, жастардың еңбек заңнамасымен әлеуметтік қорғалу шараларын жетілдіру шарт; екіншіден, өз ісін ашқысы келетін жұмыссыздарға қаржылық көмек көрсетудің пайызсыз несие, инвестициялық саясат жағдайындағы жеңілдетілген қарыз сияқты алуан түрін қолдану қажет; үшіншіден, жастарға шағын несие беру бағдарламасын жасақтау жолымен жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдаудың тұтас жүйесін жасау керек.

Осы заманғы саяси және экономикалық ақиқат мемлекеттік жастар саясатының дәлме-дәл шараларын жасақтау қажеттігін талап етеді. Енді жастарға асқақ ұрандар емес, нақтылы көмек керек, мұның өзі әлеуметтік мәні бар шынайы жастар жобаларын жасауды керек қылады. Бүгінгі күні Үкіметте тұрғын үй салып алу үшін жастарға жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы бар. Жасалып жатқан «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда мәселенің қаржы жағы ескерілуі тиіс. Бұл шаралар жастардың бірпара мәселесін шешер деп ойлаймын.

Жастарға көңіл бөліп, қолдауды жоққа шығармай екінші шекке шығандап кетпеу жағын ойластыру керек. Жастардың мәселесін қоғамымыздың ортақ проблемасынан бөле-жаруға болмайды. Масылдық пиғыл туғызбас үшін біз жастарға деген мемлекеттік патернализмді ресми жарияламауымыз шарт. Мемлекеттік саясаттың басты міндеті жастарымыздың өздігінен жетіліп, өздігінен толық танылуына жағдай жасау. Рас, әлеуметтік қолдаудың мемлекет қамтамасыз ететін нышандары бар. Бірақ бұл кепілдіктердің сыртында барлығы да адамның өзіне байланысты. Жастар пайдалы да тиімді іске, өмірлік табыстарға қол жеткізуге бағыт ұстап, олардың бойында іскерлік пен намыскерлік рух өріс-теуі керек, өйткені оған ешқандай мемлекет көмегі жәрдемдесе алмайды.

Сан жылдар бойы жағдай қанша өзгергенмен де, өмір арна тартатын бұлжымас құндылықтар болады. Сондай құндылықтардың бірі – білім мен кәсіби шеберлікті ұдайы үздіксіз толықтыру, жастарға білім беру. Жастарымызға білім беру – республиканың әрбір азаматының ертеңгі игілігінің арқауы. Бұл бүкіл Қазақстан болашағының кепілі десем, асыра айтқандық болмас. Жастардың көптеген әлеуметтік мәселелерін шешу тікелей білім беруге байланысты екеніне өз басым сенімдімін. Жас адам жақсы білім алуға талпынуы тиіс. Сонда ғана ол өзін сенімді сезінеді, жақсы ақы төлейтін жұмыс іздеп әуре болмайды, оны кез келген кәсіпорын, кез келген ұйым қабылдайтын болады.

Сондықтан да сіздердің ортаңызда білімге табыну, білуге құлшыныс рухын қалыптастыру қажет деп санаймын. Бұл жас адамдардың өз тарапынан білімге деген құмарлығын шыңдағанда ғана мүмкін болады. Мемлекет ешкімді де күштеп оқытпайды, тек білім беру саясатының келешекте дамуына ғана жәрдемдесе алады.

Еліміздің халықаралық қоғамдастыққа кіру үрдісінің табысы елдегі қайта құруларды жүзеге асырып жатқандардың сапалық әлеуетіне байланысты, әлемдік стандарт деңгейінде білім алып, тәжірибе жинағандар, жұмыс машығына нарықтық экономикамен ашық қоғам жағдайында жаттыққандар оған шын көмектесе алады.

Өздеріңізге мәлім, 1995 жылы мен кадрларды шетелде даярлау үшін «Болашақ» атты халықаралық стипендия тағайындадым. Осынау бағдарлама жүзеге асырылған 7 жылдың ішінде 627 стипендиатқа шәкірт-ақы төленді. Олардың арасында 353 адам оқу үшін АҚШ-қа, 96 адам Германияға аттанды.

Халықаралық стандарттарға бейімдеудің тағы 1 елеулі қадамы – мемлекеттік тапсырыс негізінде елдің студенттер қауымын қалыптастырудың жаңа үлгісін енгізу. Өткен 2 жылдың тәжірибесі көрсеткендей, бұл үлгі жастардың білімге бірдей бет қоюына мүмкіндік берді. 2001 жылы мемлекет 25265 білім гранты мен несие бөлді. Сіздерге белгілі болғандай, биылғы оқу жылында берілген

өтініштердің саны рекордтық деңгейге көтеріліп, 142 мыңнан асты. Білім беру грантын шетелдік компаниялар да бөлді, мәселен, «Шелл» – 10, «Интергаз Орталық Азия» мұнай-газ мамандықтары бойынша 27 грант бөліп отыр. Ғалымдарымыздың еңбегін қоғамдық тұрғыдан мойындау үшін талантты жастарды қолдап, ғылыми қызметтің беделін көтеру үшін жас ғалымдарға конкурстық негізде ғылыми сыйлықтар мен стипендиялар беріледі. Мәселен, Қазақстан Үкіметінің «Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы» қаулысымен еліміздің аса көрнекті оқымыстылары мен қоғамдық қайраткерлерінің атындағы 10 сыйлық белгіленді. Олардың арасында Қ. И. Сәтбаев, Ш. Ш. Уәлиханов, Д. А. Қонаев, М. О. Әуезов атындағы сыйлықтар бар.

Нағыз мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық және қалыпты-құқықтық бекітусіз мүмкін еместігін бәріміз де түсінеміз. Мәлім болып отырғандай, осы жылдың маусымында мемлекеттік жастар саясатының мәселелері туралы Парламенттік тыңдаулар өткізілді. Бүгін сіздердің талқылауларыңызға «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңның жобасы ұсынылып отыр. Бұл заң мемлекет үшін, ең әуелі сіздер үшін қажет. Ол жастарға қатысты мемлекет саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен тетіктерін айқындап береді. Қазақстан жастарының конгресіне қатысушы сіздер осы заң жобасын жан-

жақты талқылауға тиістісіздер, өйткені бәріңіз де осы заң бойынша өмір сүріп, еңбек етесіздер.

Сөзімді жинақтай келіп, құрметті қонақтарымызды – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының, жастар құрылымдары мен ұйымдарының, өзге де халықаралық ұйымдардың өкілдерін құттықтағым келеді.

Өздеріңізге аян, халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту Қазақстан жастарын халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үдерістеріне тарту елімізде жүргізіліп жатқан жастар саясатының 1 артықшылығы болып табылады. Бұдан 7 жыл бұрын Мәскеу қаласында Мәскеу мемлекеттік университеті студенттері алдында сөйлеп, Еуразиялық Одақты (ЕАО) құру жөніндегі идеяны ортаға салған едім. Бүгінде біз бұл бағытта қыруар іс атқарылды деп айта аламыз. Тура 1 жыл бұрын біздің елордамыз Астана қаласында ЕурАзЭҚ – Еуразиялық экономикалық қоғамдасты тықты құрдық.

Бәлкім, қазір сіздердің ТМД аясында достастық елдері жастарының мемлекетаралық форумын өткізу жөнінде ойланғандарыңыз орынды болар. Мұның өзі жастармен жұмыс істеу тәжірибесін алмасу жөніндегі мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайтуға, жеткіншектер мен жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, жастар саясатының тетіктерін бірлесіп жасақтауға, жастардың мәдени алмасуына, жастардың қоғамдық

бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік берері даусыз. Осы орайда, менің ойымша, аталмыш үдерістің жағымды жақтарын жастардың нашақорлығы сияқты ортақ зауалдың тамырына балта шабу үшін пайдаланған маңызды болар еді. Бұл арада біздің елдердің ғана емес, халықаралық жастар ұйымдарының, басқа да халықаралық құрылымдардың бірлескен күш-жігері керек.

Бұл бағытта тиімді ынтымақтастық болу үшін, менің пікірімше, Еуропа мен Азия жастарының бірлестіктерімен құрылымдарының байланысын нығайту қажет. Бүгінде республикадағы жастар ынтымақтастығы халықаралық ұйымдар мен өзара іс-қимылдың 2 желісі: БҰҰ-ның – ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ мамандандырылған мекемелері мен балалар қоры және басқа халықаралық жастар бірлестіктері бойынша дамып келеді. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасында жастар саясаты саласындағы ынтымақтастығы жөнінде үкіметаралық келісім аясында ынтымақтастықты ұлғайтуға бағытталған жұмыс жүріп жатыр. Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекеті Үкіметтерінің арасында жастармен спорт саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылып, Сауд Арабиясы Корольдігімен үкіметаралық келісімге қол қою қарастырылып жатыр. Ынтымақтастық жөнінде Египет пен Мароккодан да ұсыныс түсті.

Құрметті шетелдік қонақтар! Өз басым, осы конгрестің жұмысы жастар саясаты саласындағы жемісті ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңінің бастауы болар деп ойлаймын.

**Қымбатты достар!**

Жастар қай заманда да, қай қоғамда да өршіл, батыл үмітпен, тапқыр жоспармен толғанып, лайықты өмір, жарқын ертең жөнінде ұдайы армандап жүреді – олардың күші де осында. Сондықтан да жас ұрпақтың жасампаз жігерін, жастық жалынын, өмірді жақсартуға деген арынды аңсарын қоғамымыз бен мемлекетімізді өркендетуге бағыттай білуіміз керек.

Жастардың жасампаз қоғамдық күш ретінде қалыптасуы олардың өз қызметінсіз, өз ізденісінсіз, өзін-өзі басқаруынсыз, өзін-өзі дамытуынсыз, өзін-өзі танытуынсыз мүмкін емес. Осынау үдерістер бір-бірімен тығыз байланысты, өз мәнінде біртұтас, сондықтан олар бірінші кезекте жас қазақстандықтар үшін басты да басым мақсат болуға тиіс. Мемлекеттің міндеті – осы үшін барлық жағдайды жасау.

Сіздердің батыл бастамаларыңызға, сіздердің тамаша болашақтарыңызға сенемін. Төл тағдырларыңызды өз қолдарыңызға сеніммен алыңыздар, тек тізе қосып, білек біріктіріп қана алға қойған мақсатымызға жетеміз.

Сіздерге табыс тілеймін!

**Рим Папасы Иоанн Павел II**
**қарсы алу рәсімінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2001 жылғы 22 қыркүйек

**Жоғары Шапағатты!**

Біздің халқымыздың атынан және жеке өз атымнан Сізді қазақ жерінде шын жүректен құттықтаймын.

Біздің еліміз тәуелсіздігінің 10 жылдығы жылында Сіздің Қазақстанға алғашқы, мемлекеттік сапарыңыз өзінің экономикалық және рухани қайта өрлеуін бастан кешіп отырған біздің бүкіл көп ұлтты мемлекетіміз үшін ұмытылмас оқиға болады.

Шығыс пен Батыстың арасындағы көпір, «өркениеттердің тоғысқан ортасы» деп аталатын Қазақстан рухани тамырларын тереңнен тартады. Осынау аумақта түрліше діни нанымдар қалыптасып, дамыған.

Тәуелсіздіктің 10 жылында қазақстандықтар өзінің мемлекеттігін құрды, экономикалық реформаларды жүзеге асырды. Осының бәрінде біздің қоғамның топтасуына жәрдемдесіп отырған діни қайраткерлердің де үлесі бар.

Нақ осы бейбітшіліктің, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің арқасында біз экономикалық және саяси ғана емес, сонымен бірге рухани азаттықты да басып-жаншып келген режимнің ауыр мұрасынан арыла алдық.

Тоталитаризмнің ондаған жылдары ішінде священниктер мен олардың ғибадат етушілері қуғын-сүргінге, кемсітушіліктер мен ғайбаттауға ұшырады. Шіркеулер мен мешіттер қиратылып, руханияттың, мәдениет пен тарихтың шынайы ескерткіштері жойылды.

Ал енді нақ осы дәстүрлі діндер әрдайым рухани өзектің рөлін, сүйіспеншілік пен кешірімнің ұлттық нышандарын атқарып келгені белгілі.

Бақытымызға қарай, ол кезең келмеске кетті. Біз рухани қарадүрсінділік және имандылықтың қайыршылануы уақытымен, адамның наным құқығының өзі үшін жанталаса күресу ғасырымен қоштастық. Біздің азаматтарымыз діни еркіндік

құқығына ие болды. Қоғамдағы барлық ұлттар мен жіктердің адамдары өзіне мешітті, шіркеуді, костелді немесе синагоганы таңдай алады. Біз бұл процесті құптаймыз.

Өйткені дін бірігуге бастауы, адам санасезімінің қалыптасуына жәрдемдесіп, басқа халықтарға, олардың мәдениеті мен дәстүрлеріне қатысты құрмет пен төзімділікті тәрбиелеуі тиіс екенін ұмытуға болмайды.

Ал біздің еліміз – түрлі діни нанымдар мен этникалық топтардың өкілдері бірлесіп бейбітшілік пен келісімде өмір сүруінің айшықты мысалы.

Өкінішке орай, планетадағы соңғы оқиғалар тіпті жаңа ғасыр мен мыңжылдықта төзімділік, күш көрсетпеу және өзара түсіністік секілді ұғымдар бәрінен де жоғары тұратынына бізді сендіре түсуде.

Біз мұны әрдайым есте ұстадық. Қазақстан мен Ватикан қарусызданудың, ядролық қаруды таратпау мен оны сынауды жаппай тыюдың белсенді жақтастары болып табылады.

Сіз, Жоғары Шапағатты, «бөлу қабырғалары қиратылып, қақтығыстар еңсерілуі» үшін халықаралық ынтымақтастықтың қажеттігін әлденеше рет атап көрсеткен едіңіз.

Біз де соғыс пен терроризм қатеріне қарсы бағытталған, біздің планета халықтарының арасында сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға арналған бірқатар бастамалар ұсындық.

Бұл біздің алғашқы кездесуіміз емес. Мен біздің достығымызды өте жоғары бағалаймын.

Біздің республика Ватикан өзара қатынастар туралы келісімге қол қойған ТМД мен Азиядағы бірінші мемлекет болып табылады. Алматыда Апостол нунциатурасы ашылды, ол жуырда жаңа елордаға, жаңа Рим-католик костеліне көшіп келді.

Қазақстандағы Рим-католик шіркеуінің тұтастай барлық өкілдері – поляктар, немістер, украиндар өздері үшін екінші отанына айналған елдің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және ғылыми гүлденуіне жәрдемдесуде. Біз тар жол, тайғақ кешудің қиындығын, табыстар мен жеңістердің қуанышын бірге бөлістік.

Қазақстандағы католицизмнің бағзыдан келе жатқан тарихы бар. Ватикан басшыларының қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның аумағында сонау орта ғасырларда жасаған мемлекеттердің хандарымен және басқа билеушілерімен жазысқан дипломатиялық жазбаларын зерттеу мың жыл дерлік бұрынғы тарихи оқиғалардан сыр тартатын жаңа ақпараттар көп.

Сондықтан да Рим-католик шіркеуі біз үшін сырттан таңылған бөгде ақиқат болып табылмайды. Ол бұрынғы кездерде дамыған мәдени және рухани қатынастарын жалғастырып, жаңғыртуда.

Бүгінде католик шіркеуі өзінің дәстүрлі миссиясын белсенді түрде қалпына келтіруде: храмдар тұрғызылып, жаңа ғибадатханалар ашылуда.

Оның бітімгершілік, ағартушылық және қайырымдылық істеріндегі қамқорлығы орасан. Дін қызметкерлерінің әлеуметтік мекемелердегі жұмысы жандануда. Басқа діндердің өкілдері секілді католиктер де барша Қазақстан халқының бірлігі мен келісімін нығайтуға ұмтылуда, ал шіркеу қызметкерлері ізгілік пен әділдікке деген сенімнің сақталуына көмектесіп, адамдардың бойында отаншылдық пен өзін құрметтеушілік, Отанға деген, өзінің жақынына деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін тәрбиелеуде.

Қазақстан өз жерінде Жоғары Шапағаттыны – барша адамзаты болашаққа бірлесе көз салуға, мәдениеттер мен өркениеттердің диалогын бірлесе өркендетіп, адамдар арасындағы аралас-құраластықты тереңдетуге шақыратын рухани лидерді құттықтайды.

Нақ Иоанн Павел II әлемнің барлық дәстүрлі діндеріне қарай қадам жасағандығын шынайы таңданыспен және құрметпен атап өтпей тұра алмаймын.

Сіз әрдайым мұсылман бауырларыңызға шынайы тебіреніс сөздерін білдіріп, исламға, оның философиясына, мәдениетіне, тарихына қызығушылық танытып келесіз.

Бұдан 16 жыл бұрын мұсылман жастарымен кездескенде Сіз христиандар мен мұсылмандардың ортақ жәйттері көп екенін және бүгінде мұсылман

және христиан әлемінің диалогы қай кездегіге қарағанда да қажет екенін атап айтқан едіңіз.

Осынау бейбітшілік пен адамға деген сүйіспеншіліктің ұлы идеясын жүзеге асыру тұрғысында Рим Папасы Иоанн Павел II тағының тарихында тұңғыш рет мешітке бас сұқты. Мұсылмандар мен христиандар «сүйіспеншілікке негізделген өркениетті» құра алатынына және құруға тиістігіне деген сенім әбден әділ де даусыз.

Біз, қазақстандықтар, Иоанн Павел II шынайы адамгершіл қуатты бейнелейтін ұлы тұлға деп санайтын әлемнің көптеген адамдарының көзқарасына ортақпыз.

Қазақстанның бүкіл халқының атынан, әлемдегі өте мазасыз жағдайға қарамастан, Қазақстанға келемін деген өзіңіздің нық шешіміңізді өзгертпегеніңіз үшін Сізге шынайы алғыс сезімін білдіргім келеді. АҚШ-та болған қайғылы оқиғаның өркениеттер мен діндерге жік салу және олардың қарама-қайшылығын туғызу қатері бар.

Тағдырдың қиын тәлкегіне қарай бұл қауіп БҰҰ Өркениеттер диалогының жылы деп жариялаған жылда қай кездегіге қарағанда да шындыққа айналайын деп тұр.

Біз, Жоғары Шапағатты, Сіз АҚШ-тағы террорлық актілерден кейін айтылған өз мәлімдемеңізде дүниені исламофобиядан сақтандырып, адамзатты осынау тағылық акті үшін халықтарды, нәсілдерді

немесе діни қауымдастықтарды кінәламауға шақырғаныңызды жоғары бағалаймыз.

Мен Сіздің осынау ойларыңызды толықтай қолдаймын.

Ислам басқа да дәстүрлі діндер секілді бейбітшілік пен тыныштықты насихаттайды. Бүкіл планетада млрд-тан астам мұсылмандар бейбіт жасампаз еңбекпен айналысуда.

Сіздің даналық пен ізгілікке толы идеяларыңыз Қазақстанға етене.

Біздің елімізге қош келдіңіз!

**Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII сессиясында «Тәуелсіздігіміздің 10 жылы: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім» тақырыбында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2001 жылғы 24 қазан

**Құрметті Қазақстан халықтары!**
**Ассамблеясының мүшелері!**
**Қадірлі қонақтар!**

Біз биыл еліміз Тәуелсіздігінің 10 жылдығын атағалы отырмыз. Біздердің мұндай салтанатты сәтке дамудың жарқын да тың сүрлеуіне түсуімізге көмектесіп, кездескен кедергілерге, қиындықтарға кідірмей жетуімізде Қазақстан халықтары Ассамблеясының атқарған рөлі орасан зор.

Өздеріңіз ойланып көріңіздерші. «Қызыл империя» ыдырағаннан кейін кеңестен кейінгі кеңістікте, сәуегей саясатшылардың ойынша, бірқанша, үлкен сілкіністерге ұшырауға тиіс мемлекет 90 тарау түйіндер мен түйткілдердің тоғысқан тұсы біздің Қазақстан болуға тиіс еді.

Басқа республикалардың қантөгіске дейін ұласқан қақтығыстарға барғаны да өздеріңізге мәлім.

Олардың бәрін бүгін қайталап қаперге салып жатудың қажеті жоқ. Бәр-бәрі де өздеріңіздің көкіректеріңізде сайрап тұр.

Шүкіршілік, біз мұндай тауқыметті сәттерді басымыздан кешіргеміз жоқ. Елімізде тұрақтылықты, тыныштықты, халықтарымыздың бірлігін сақтай білдік, алғашқы жылдардың ауыртпалықтарына қарамастан, еліміздің демократиялық бағыттағы экономикалық, әлеуметтік дамуын қамтамасыз ете білдік.

Себебі, біз халықтарды топтастыратын, тұтастыратын қуатты нысандарды таба білдік. Өйткені біз ұлтына, нәсіліне, нанымына қарай халықтарды алаламайтын, баршаның еркін дамуына жол ашатын ашық саясат жүргіздік. Мұның бәрін де біз өзіміздің Негізгі заңымызда (Конституциямызда) баянды еттік.

Ендеше, осындай сындарлы саясат жүргізуімізге жәрдемдескен маңызды тетіктердің бірі

– Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болғаны өздеріңізге аян.

Нақ сондықтан да, біз Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті VIII сессиясын өзіміздің ортақ мерейлі мерекеміз – тәуелсіздігіміздің бастауы болған, Мемлекеттік егемендігіміз туралы Декларация қабылданған күн – Республика күні қарсаңында өткізуді ұйғардық.

Нақ сондықтан да, мен дәл бүгінгі күні қоғамымызды толғандырып отырған, еліміздің бейбіт демократиялық жолмен ілгері дамуының бағыттарын бекемдейтін маңызды мәселелер жайындағы ойларымды ортаға салмақпын.

Осы 10 жылдық кезең біздің еліміздің дамуында маңызды орын алады. Бұл мерзім өзіміз жүргізген реформаларды ой елегінен өткізіп, алғашқы қорытындыларын шығаруға мүмкіндік береді.

Ең бастысы сол, біз экономикалық құлдырауды еңсеріп, аса ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шыға білдік, өтпелі экономика реформаларының «ең 1 аурушаң сатысынан» өттік.

Осынау жылдары жұмсаған күш-жігеріміздің нәтижесінде елімізде экономикалық ілгерілеу басталды. Егер 2000 жылы ішкі жалпы өнімнің өсімі 9,8 %-ды құраса, ал биылғы 9 айдың ішінде өнеркәсіп өсімі 13 %-ға дерлік жетті. Жарты жылда сыртқы сауда айналымы 18 %-ға жуық өсті. Негізгі капиталға деген инвестициялар 8 айдың ішінде 26 %-ға ұлғайды.

Бүгінгі таңда жүздеген мың адамдардың өз бизнесі, өз ісі бар. Мыңдаған кәсіпорындар жұмыс істей бастады. Адамдар өндіріске оралып жатыр. Жұмыссыздық азайып, жалақы едәуір артты.

Жоғары экономикалық өрлеу қарқыны біздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін, қауіпсіздіктің стратегиялық міндеттерін шешуімізге жағдай жасайды.

Бұл ретте, әсіресе, адамдардың хал-ахуалын жақсартуға баса назар аударылып отыр.

2000 жылдан бастап, ең төменгі зейнетақы деңгейін көтеруге бағыт ұсталды. 2002 жылы ол 1999 жылға қарағанда 45 %-ға жуық артады. Сонымен қатар, 1994 жылға дейін тағайындалған зейнетақылар 1 мың теңгеден астам сомаға өседі.

Биылдың өзінде мемлекет 1995 жылдан бері қордаланған, Семей сынақ полигонында зардап шеккендерге, жұмыссыздық пен басқа төлемдер бойынша жиналған қарыздың негізгі бөлігі – бірнеше миллиард теңге соманың төлемін жасайды.

Келесі жылы бюджет мекемелері қызметкерлерінің – дәрігерлердің, мұғалімдердің және басқаларының жалақысы орта есеппен тағы да 25 %-ға көтеріледі. Сонымен бірге мемлекеттік қызметшілердің, ең алдымен төменгі және орта қызметтегілердің жалақысы да шамамен 25 %-ға арттырылады.

Соңғы жылдары біз мемлекеттің, жұмыс беруші мен жұмыс жасаушының өзінің қатысуымен

жинақтаушы зейнетақы жүйесін құрдық. Келер жылы мұндай кесте денсаулық сақтау саласында да енгізіледі. Яғни келешектегі зейнеткерлер бүгінгі зейнеткерлер басынан кешірген проблемаларға ұшыраспайтын болады.

Экономикалық өрлеу мүмкіндіктері мемлекеттің салымдарды сақтандыру жүйесін енгізуіне және адамдардың банктердегі кепілдіктерін күшейтуіне жағдай жасайды.

Біз білім беруге, аң алдымен бастауыш және орта білім беруге жасалатын қолдауды ұдайы ұлғайтып келеміз.

Биыл Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып барлық мектептерді, дәлірек айтсақ 8 мыңнан астам мектепті, оның 6 мыңы ауыл мектептері, компьютерлендіру ісін аяқтады. Мектептерді жаңалау мен жөндеу қолға алынды. Жаңа мектептер салына бастады, биылғы жылы ғана 92 жаңа мектеп қатарға қосылып, мектептердің 80 %-ы жөндеуден өткізілді.

Жоғары білім беру турасында 24 мың білім гранттары қаржыландырылды, бұл өткен жылғыдан едәуір артық. Бұл жастар мемлекет есебінен білім алады деген сөз. Мұның өзі біздің 10 жыл ішінде жүргізген реформамыздың нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Қарулы Күштерді, шекарашыларды және қауіпсіздіктің маңызы бұлардан әсте кем соқпайтын басқа да құрылымдарын қаржыландыру кем

қойғанда 2 есе ұлғайды. Қордаланған қарызды өтеу, қайта орналастыру, инфрақұрылымдарды нығайту мәселелері шешіліп жатыр.

Соңғы жылдардың ішінде тұңғыш рет биыл әскеріміз қару-жарақ пен ұрыс техникасын сатып алуға кіріседі.

Біз әскерилердің әлеуметтік мәселелерін де шеше бастадық. Үстіміздегі жылы әскерилердің лауазымдық жалақылары 30 % және одан да жоғары пайызға арттырылып, олардың көпшілігі пәтер алды.

Басымыздан кешірген дағдарыс бізді есепшіл болуға, барынша абайлап басуға үйретті.

Ендігі жерде біз жалақы мен зейнетақылардың уақтылы төленбеуіне жол бермеуге тиіспіз. Осы мақсат үшін Ұлттық Қор құрылып, оған қазірдің өзінде, былайша айтқанда, «қысылтаяң күнге» арналып, едәуір қаржы салынды.

Мемлекеттік даму банкін құру арқылы біз өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға жұмсалатын шикізаттан түсетін ақшаны саралау саясатын жүзеге асыра бастадық. Мұнда жыл аяғына дейін 150 млн долларлардай қаражат жинақталуға тиіс. Бұл қаражат екінші деңгейдегі банктер қаржыландыра алмайтын әлеуметтік және басқа маңызды жобаларға жұмсалатын болады.

Халықаралық сарапшылар мен қаржы институттарының бағалауынша, Қазақстан әлеуметтік-экономикалық даму мен реформаларды

жүргізу деңгейі жөнінен ТМД елдерінің ішінде көш бастап отыр, ал енді инвестицияларды тарту жағынан Шығыс Еуропаның көптеген елдерінің алдына түсті.

Өзіміз таңдап алған стратегиялық бағыт мемлекетімізге экономикалық еркіндік пен саяси таңдау бостандығын нақтылы мазмұнмен молықтыруға мүмкіндік берді.

Мен мынаны айрықша атап көрсеткім келеді: мемлекеттің тәуелсіздігі мен реформалардың жетістігі, ең алдымен, ұлтаралық татулық саясатының, қоғам мен мемлекеттің табанды әрі нысаналы жұмысының жемісі.

Сондықтан да мен бүгін Қазақстан халықтары Ассамблеясының барлық мүшелерін біздің Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын атап өтуге орай арнайы тағайындалған мерекелік медальмен наградтау жөнінде шешім қабылдадым. Сіздер бірінші болып марапатталдыңыздар. Мұның өзі этносаралық және рухани келісім – біздің басты стратегиялық байлығымыз, біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздің ілгерілеуінің негізі болғанын танудың айғағы.

Міне, сондықтан да, мен өзіміздің этносаралық саясатымыздың негізгі қорытындыларына арнайы тоқтала кеткім келеді. Өйткені Қазақстан азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім жөніндегі тәжірибесін әлемдік қоғамдастық аса жоғары бағалаған елге айналып отыр.

## I. Этносаралық келісім саясатының негізгі қорытындылары

Тәуелсіздік табалдырығын аттаған кезде ТМД-ның басқа елдеріндегі сияқты Қазақстанда да ұлтаралық дүрдараздықтың пайда болу ықтималдығы мол еді.

КСРО ыдырағаннан кейін еншімізге тиген «халықтар достығы» көбесінің барлық сілемдері сөгіле бастады. Бұған өздеріңіз куәсіздер. Тоталитарлық жүйенің қысымы бәсеңсіген бетте ұлттық проблемалар күллі кеңестен кейінгі кеңістікте барынша бадырайып көріне бастады. Соған қарамастан, біз өз елімізде үлкен егесулерге жол бергеміз жоқ, өйткені біз этносаралық татулықты өз саясатымыздың басым бағыты ретінде баянды еткен едік.

Бүгін біз осы жұмыстың кейбір дау туғызбайтын қорытындыларын шығара аламыз.

Бірінші. Біз тегіне немесе діни нанымына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ететін құқылық негіз қаладық. Мемлекеттің этносаралық саясатының негізіне де осы қағидат алынды.

Әлемдік тәжірибені ескеретін біздің заңдарымыз осы заманғы демократияның адам құқықтары, ерік білдіру бостандығы және азшылықтың мүддесін қорғау жөніндегі іргелі қағидатынан арна тартады.

Бізде ішінде этностардың құқықтарына қысым жасайтын қағида түзетін бірде-бір заң жоқ.

Мемлекетімізді орнатудың негізіне азаматтардың баршасының азаматтық және саяси ортақтастығы алынып отыр.

120-дан астам этностардың өкілдері өмір сүріп жатқан Қазақстанда этносаралық келісімді қамтамасыз етудің бірден-бір дұрыс жолы нақ осы көзқарас болды.

Міне, нақ сондықтан да, биылғы көктемде Алматыда өткен халықаралық конференцияда ЕҚЫҰ Ұлттық азшылықтар істері жөніндегі жоғарғы комиссариаты біздің елімізде қол жеткізілген барлық этностық топтардың теңдігіне жоғары баға берді.

Екінші қорытынды. Бізде Қазақстан халықтары Ассамблеясы түрінде ұлттық саясат пен ұлтаралық пікірлесуді іске асырудың бірегей оңтайлы тетігі жасалып отыр.

Азаматтық қоғамның осынау жетік институты бүгінгі таңда үш жүзден астам республикалық, аймақтық, облыстық және қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктердің қызметіне арқа сүйейді. Естеріңізде болар, Ассамблея құрылған 1995 жылы елімізде шамамен 120-дай ұлттық-мәдени орталықтар бар еді.

Ендеше, бұл шаманың осылайша шарықтауы бізде барлық жерде дерлік этностардың мәдени өрлеу үдерісі жүріп жатқанын, әрі Ассамблеяның

олардың жан-жақты үндесуін қамтамасыз етіп отырғанын көрсетсе керек. Бүгінде біздің тәжірибемізді кейбір көршілес елдер қабылдап отыр.

Үшінші қорытынды. Біз түрлі мәдениеттердің үндесуін жолға қойып, негізінен алғанда Қазақстанды жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген көп мәдениетті қоғам ретінде қалыптастыра білдік.

Қол жеткен рухани ықпалдастықтың алтын арқауы – қазақ халқының жаңалық атаулыға ашық, жақсыны жатсынбайтын сан ғасырлық мәдениеті екені де даусыз.

Рухани біртектілікті біздің отандастарымыздың азаматтық және саяси бірлігі толықтырып, XXI ғасырда мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту мен қоғамымызды ұйыстырудың қуатты тұтқасына айналып отыр.

Осындай топтасу мен достықтың жақсы нышаны – Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып жарияланған ұлттық мереке – 1 мамыр.

М. А. Булгаковтың сөзімен айтқанда, «трамвай жолдарын да тазалап, айдаладағы испандық лыпасыздардың жағдайын да оңдауға» тырысатын бұрынғы ғайыби «пролетарлық халықаралық интернационализмнен» 1 айырмасы сол, біз туған шаңырағымыз – Қазақстан Республикасында шынайы достықтың тамыр тартуына күш-жігерімізді жұмсап бақтық.

Біз өзіміздің қазақстандықтар екенімізді, әрбіріміздің 1 бүтіннің бөлшегі екенімізді ұғына бастадық. Біздің нақ осы ортақ шаңырағымызды көркейту жолындағы, Қазақстанды іргелі өркенді мемлекетке айналдыру жолындағы мақсатымыз да ортақ, жігер-қайратымыз да ортақ.

Төртінші. Біз үйлесімді тіл саясатын жүргізуге қол жеткіздік.

Қазақстан кеңестен кейінгі кеңістіктегі осы проблеманы, дау-дамайға, қоғамдық сілкіністерге жол бермей, шеше білген аз мемлекеттердің бірі. Ал кеңестен кейінгі кеңістікте ондай оқиғалардың болғаны да өздеріңізге мәлім. Қазір ел азаматтарының, әсіресе жастардың, мемлекеттік тілді меңгеру жолындағы ықыласы табиғи қалпында ыңғайын тауып жатыр. Мұның өзі ешқандай зорлаусыз-ақ, адамдардың қазақ тілін білуге деген ықтиярының негізінде іске асып келеді. Мен алдағы уақытта да осылай бола беретініне сенемін.

Екінші жағынан, біз ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы жексенбілік мектептер мен тіл курстары нысанында этномәдени білім беру желісін жасадық. Бұл желі іс жүзінде Қазақстанның барлық ұлыстарының тілдерін, тіпті сирек саналатын ассириялық тілді де қамтып отыр.

Республиканың барлық өңірлерінде жыл сайын Қазақстан халықтары тілдерінің фестивалін өткізу игі дәстүрге айналды.

Яғни Қазақстанның лигвистикалық қазынасы жалпықазақстандық мәдениетті байытып, көп ұлтты халықтың бірлігін нығайтудың маңызды факторына айналды.

Бесінші. Біз еліміздің рухани түлеуін және ең маңыз-дысы – дінаралық келісім мен жатсынбаушылықты қамтамасыз еттік.

Ар-ождан бостандығына кепілдік беретін заңнамалық негіз қалыптасты.

Қазақстанда 46 діни қауымдастық пен діни ағымдарды қамтитын 2,5 мыңнан астам діни бірлестіктер бар.

Қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағы тарихи тұрғыда бойына сіңірген рухани саладағы жатсынбаушылық сезімі келешекте азаматтық және дінаралық бітімшілікті сақтауға жақсы негіз болып қаланатынына менің сенімім кәміл.

Қысқасы, көпұлттылық қоғамның кемшілігі емес, қайта артықшылығы екенін біз өз ісімізбен дәлелдедік.

Біздің мәдениетаралық және дінаралық іс-қимыл саласындағы тұғырнамамыздың дұрыстығына – Рим Папасы Иоанн Павел II-нің сапары мен оның біздің қоғамымыздың дамуына берген жоғары бағасы жақсы айғақ.

Енді соңғы және ең басты уәж. Тәуелсіздік жылдарының ішінде біздің бұқара санасындағы бетбұрысқа қолымыз жетті.

Тоталитарлық қоғамның дүниетанымдық бағдарларының күйреуі мен жаңа демократиялық құндылықтардың әрі жаңа саяси және құқықтық мәдениеттің дүниеге келуіне байланысты адамдар санасындағы көзге түспейтін түбегейлі түлеу, негізінен алғанда, іске асты.

Қазақстан қоғамы либералдық құндылықтарды қабылдап алды және демократия мен нарыққа баламаның жоқ екенін таныды.

Біздің адамдар жаңғырту үдерісіне белсене кірісіп, өздері реформалардың қуатты қозғаушы күшіне айналды. Дегенмен осы саясатымыздың оңды жетістіктері бізді тоқмейілсітпеуге тиіс.

Көз алдымызда өзгеріп бара жатқан дүние төтен қатерлер мен тың талаптар туындатып, бұрын қалтарыста қалып келген проблемаларды алабөтен жағдайда алдымызға көлденең тартып отыр. Біз – әлемдік қоғамдастықтың 1 бөлігіміз және әлемде болып жатқан оқиғалардың бізге қатысы бар екенін көріп те отырмыз.

Біздің бәріміз үшін де жаңа сын кезеңі туып келеді.

**II. Жаңа сынақтар мен төтен талаптар**

Бүгін біздің өңірімізде шиеленісті жағдай қалыптасып тұр. Негізінен алғанда, мұның өзі Ауғанстандағы ахуалдың айналасынан өрбіп отыр.

Бұрынғы қай кездегіге қарағанда да, бүгін:

– аймақтағы қақтығыстың өршуі мен содан кейінгі әскери-саяси тұрақсыздыққа ұрыну;

– ұрыс қимылдары ошағынан мыңдаған босқындардың қоныс аударуы салдарынан туындайтын гуманитарлық апат;

– ұлтаралық қылмыстардың ұлғаю, есірткінің таратылу, жасырын қару-жарақ сату қатері күшейе түсті.

Ауғанстандағы қазіргі оқиғалар – осы елде соңғы 20 жылдың ішінде толассыз жүріп жатқан азамат соғысының салдары.

Азаптан көз ашпаған ауған халқын халықаралық терроризмнің кепілдігіне байлап беріп отырған да осы соғыс.

Халықаралық террористік ұйымдар өздерінің тірек базаларын, ең алдымен, осыған қолайлы тиісті әлеуметтік-саяси жағдай қалыптасқан жерлерде құратынын да байқамау мүмкін емес. Ал Ауғанстанда осындай берекесіздік пен жүгенсіздік үшін жағдай бар.

Ішкі қақтығыстар меңдеген, билікті қолға түсірген клерикалдар өз халқына қарсы рухани қуғын-сүргін ұйымдастырған Ауғанстандағы қазіргі ахуал халықаралық террористер үшін өте-мөте қолайлы болып шықты.

Халықаралық терроршылар мен оның айтақшыларына ауған халқын қазіргі оқиғаларға кіріктірмеу мүмкіндігі берілгені де белгілі.

Алайда іс жүзінде халықаралық террористердің көсемдарлары жүріп жатқан ұрыс қимылдарынан әбден титықтаған осынау азиялық елдегі халықтың қорғансыздығын өз мақсаты үшін пайдаланып отыр. Мұндай жағдайда ауған халқын халықаралық террористерден ажырата білу маңызды.

Бүгінгі оқиғалардан назарымызды 1 сәтке таяудағы өткен тарихымызға аударайықшы.

Большевиктер билікті басып алған кезде біздің халқымыз да мемлекеттік терроризмнің тауқыметін тартқан еді. Большевиктік режимнің террорлық сипатына бүгінгі күнге дейін сақталып қалған құжаттар тамаша айғақ.

Мәскеуде кеңестік кезеңдегі қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия біраз жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мен бүгін қаперлеріңізге салып отырған мына үзінділер осы комиссия жария еткен құжаттардан алынып отыр.

Г. Е. Зиновьев 1918 жылғы қыркүйекте былай деп жазады: «...біз Кеңес өкіметінің қолындағы Ресейдің 100 млн тұрғынының 90 млн-нын өзімізге қаратуымыз керек. Қалғандарына келетін болсақ, біздің оларға айтар басқадай сөзіміз жоқ, олардың көзі жойылуға тиіс».

10 млн адамның өмірін қиып жіберу әбден мүмкін екен!

РК(б)П ОК-і 1919 жылғы 24 қаңтарда: «бай казактар жаппай қуғындалсын, бірі қалмай

бәрінің де көзі құртылсын», деген жеделхатты жан-жаққа жолдайды.

Казактар мекендеген барлық жерлерде казак шаруаларын түгелдей таза тақыр тонап алған жаппай ұжымдастыру жүргізілді. Мыңдаған казактар атылды.

БМСБ-ның (ОГПУ) 1923 жылғы ақпанда шыққан В. И. Ленин қол қойған құпия пәрменді көздері құртылуға тиіс адамдарды тізіп беріпті, олар:

«...1) Революцияға дейінгі саяси партиялардың барлық бұрынғы мүшелері; 2) монархиялық одақтар мен ұйымдардың барлық бұрынғы мүшелері; 3) тәуелсіз егіншілік одақтарының барлық бұрынғы мүшелері; 4) ежелгі аристократия мен дворяндардың барлық өкілдері; 5) жастар ұйымдарының барлық бұрынғы мүшелері» және т. т.

Мұны бүгінгі күні бостандыққа көңілі толмай жүрген жаңадан көктеген «большевиктердің» естеріне алғаны жөн.

1918 жылдан бастап дінге қарсы террор басталды.

Құжаттарды оқығанда, иманың қасым болады. Айталық, дін қызметшілері, рақыптар мен рақып әйелдердің аяусыз қатыгездікпен құдаланғанын осы құжаттар айғақтайды. Тек 1918 жылы ғана 3 мың дін қызметшісі атылды.

Сол жылы 1 мамыр тұңғыш рет «еңбекшілер мерекесі» деп жарияланып, барша жұрт шерулерге қатысуға тиіс болды. Бұл күн Азапты апта-

ның сәрсенбі күніне тұспа-тұс келіп, діндарлар зайырлы шеруге қатыса алмайтын болды. Соның қаразы ретінде барлық қауымдастықтарды тұтқындаулар, атып тастаулар басталып кетті.

В. И. Ленин 1923 жылғы 19 наурызда Саяси бюроға мынадай хат жолдайды: «Әсіресе ең 1 бай деген мінажатханалардан, монастырьлар мен шіркеулерден бағалы заттарды тартып алу аяусыз, әрі ештеңеге қарайламайтын сөзге келмес батылдықпен және де қысқа мерзімнің ішінде жүргізілуге тиіс. Реакцияшыл діндарлар өкілдерін неғұрлым көбірек атсақ, солғұрлым жақсы болмақ».

Барлық дерлік мінажатханаларда, шіркеулер мен мешіттерде нағыз тонаушылық етек алды.

Кемітіп айтқан күннің өзінде, 2,5 млрд алтын рубль тартып алынды, көпшіліктің айтуынша, алынған сома бұдан 3 есе көп. Бұл қазына ашыққан халықты асырау үшін алынған көрінеді. Бірақ шетелдерден небәрі 1 млн рубльдің астығы сатып алынған екен.

«Правда» газеті 1918 жылғы 31 тамызда Ф. Э. Дзержинскийдің: «Бүгіннен бастап жұмысшы табының әнұраны өшпенділік пен кек қайтару жыры болуға тиіс», дейтін «қанатты» нақылын жариялайды.

«Өшпенділік», «Кек алу», «Халық жауы» – мінеки, большевиктердің тәртіп орнату үшін

халыққа ұсынған «бағдарламасы» осындай. Байқасаңыз, бүгінгі терроршылардың ұранымен үндесіп жатқан жоқ па?

«Дін – халықтың санасын улайтын апиын», «отбасы дегеніміз – буржуазиялық қоғамның сарқыншағы», «балаларды отбасында тәрбиелеу үлкен мін» де, ал енді туған әкесіне сатқындық жасаған павлик морозовтарды тәрбиелеу жақсы екен. Міне, бізге тиген мұра осындай, ал мұны ұмытуға біздің хақымыз жоқ. Шара қолдану делінетін мұндай сойқандықтар Қазақстанда да жасалып жатты, оған енді 1930-шы жылдардағы сталиндік қуғын-сүргінді қосыңыз. Тіпті осындай идеяның өзі енді қайтып Қазақстанға оралмауы үшін біз мұндай «большевизмге» қарсы бар күшімізді сарп етіп күресетін боламыз.

Осының бәрін біле отырып, біз бүгінгі күні қандай нысандағы болсын, терроризм қатаң тыйып тасталуға тиіс дейтін қағиданы басшылыққа алатын бірден-бір дұрыс саясат жүргізіп отырмыз. Міне, сондықтан да біз халықаралық одақтастықтың терроризмге қарсы күресін қолдап отырмыз.

Қазіргі жағдайда ислам дінін терроризмнен ажырата білудің маңызы зор.

Қандай ұрандарды жамылса да, терроршылардың исламға, оның зорлық жасамауға, әділетке, төзімділік пен теңдікке үндейтін қасиетті қағидаларына еш қатысы жоқ.

Исламның терроризмге қарсы келетін уақыптары күшті де құдіретті.

Айталық, Құран хадистерінің бірінде: «1 адамды өлтіру күллі адамзатты өлтірумен бірдей», делінген. Екінші 1 тұста Мұхаммед пайғамбардың: «Зорлық бар жерде, исламға орын жоқ», деген сөздері келтіріледі.

Ендеше экстремизм мен терроризмді ислам туымен бүркемелеуге тырысушылықтың өзі түбірінен дінге жат.

Тегінде терроризмді қандай да 1 дінмен немесе халықпен байланыстыру қате, өйткені мұндай көзқарастың бүкіл әлемдегі шиеленісті одан әрі өршітуге әкеліп соғары сөзсіз.

Демек, халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы қимыл жасау жолдарын таңдаған кезде, міне, осыны басшылыққа алу керек.

Жағдай күрделене түскен қазіргі кезде біздің өз еліміздегі және бүкіл аймақтағы саяси тұрақтылықты сақтауымыз қажет.

Орталық Азияның халықтары сабырлылық пен салмақтылық сақтауға тиіс, олардың Ауған айналасындағы ахуалға байланысты туған проблемаларды алып-қашты сезімге бой алдырмай шешуі керек.

Біз халықаралық терроршыларға біздің елдеріміздің алдында тұрған проблемаларды алауыздық ұрығын себу үшін, аймағымызды келесі 1

«ыстық нүктеге» айналдырып жіберу үшін пайдаланып кетуіне жол бермеуіміз керек.

Сондықтан да қазақстандықтар қалыптасып отырған осындай жағдайда қырағы болуға тиіс.

* * *

Әлемдік экономика болып жатқан оқиғаларға бірден үн қатады. Американдық және еуропалық рыноктарда сатылым кеміп барады. Ал енді металдың, мұнай мен газдың бағасы кемуінің бізге де ықпалы бар. Осыған орай біздің де тиісті қадамдар жасауымыз шарт. Демек, келесі жылдың бюджетін қарағанда, біз дағдарысты жағдайлардың болу мүмкіндігіне байланысты мұның өзі біздің халыққа салқынын тигізбеуін ойластырып, тиісті қаражат қарастыруымыз қажет.

Мұндай жағдайда мен бірсыпыра маңызды мәселелерді назардан тыс қалдыра алмаймын. Экономикамыздың жақсы жұмыс істей бастауына, реформаларға байланысты қолымызға біраз артық қаражаттың түсе бастағаны да рас. Біз халықтың барлық топтарының тұрмысын жақсартуды қолға ала бастадық. Көптеген әлеуметтік мәселелерді шешіп жатырмыз. Мүмкін болғанның бәрін істеп келеміз.

Міне, артық қаражаттың пайда болуына байланысты зейнеткерлікке шығатын жас шамасын бұрынғы деңгейіне дейін төмендету жайында мәселе қойылып отыр.

Зейнет реформасын кері шегіндірудің реті жоқ. Оның оңды нәтижелер бергенін біздің көршілеріміз, Ресей мен Шығыс Еуропа жақсы атап отыр. Олар да осы жүйеге көшуге бейілді.

Зейнеткерлік жасын төмендету бірден бүгінгі зейнетақылардың мөлшерін кемітуге әкеліп соғары, ал мұның өзі қазіргі зейнеткерлердің тұрмысына әсер етері даусыз. Егер біз зейнеткерлік жасын төмендетер болсақ, онда 5–7 жылдан кейін Қазақстанда 1 жұмыс істеушіге 1 зейнеткерден келетін болады. Ал мұндай орасан зор шығыстарды жабу үшін 30 млрд-тан 50 млрд теңгеге дейін мол сома керек. Мұндай мол ақша бюджетте болмай шығады. Сөйтіп, біз зейнетақы жөніндегі берешектерге қайтып келетін боламыз.

Жекелеген саясаткерлердің біздегі адам ғұмырының ұзақтығын едәуір кемітіп көрсетіп, дұрыс емес, популистік жалған есептер келтіретін кездері бар. Статистика болса, зейнет демалысына шыққаннан кейін ер азаматтың тағы да 12–13 жыл, ал әйелдерді тағы да 19 жыл жасайтынына айғақ. Демек, зейнеткерлер үшін бүгінгі алынып жүрген жас межесі әбден негізді.

Бізде әлі де баяғы большевиктерше топшылайтын саясатшылар бар: артық ақша пайда болған екен, оны дереу бөліске салу қажет.

Мемлекет те, кез келген отбасы да 1 күнмен ғана өмір сүруге тиіс емес! Сондықтан да, бұл тәжікені тежегеніміз жөн. Өткенге қайтар жол жоқ! Бүгінгі

басты міндет – зейнетақыларды уақтылы төлеу мен оларды жыл сайын көтеріп отыру.

Келесі мәселе – Семей полигоны мен Арал аймағы тұрғындарына және тағы басқаларына жәрдемақылар төлеу мәселесі.

Барлық қиындықтарға және төлемдер атаулыны 2003 жылға дейін кейінге қалдыру жөнінде бұрын қабылданған шешімге қарамастан, біз бұл соманың жартысын – 2,5 млрд теңгені қазір төлеуді ұйғарып отырмыз.

Дегенмен Қазақстанның барлық салық төлеушілерінің қаржысы қайда кетіп жатқанын анықтап алудың артығы жоқ. Бұл ақшаға әсіресе кімдердің зәру болып отырғанының басын ашып алу керек. Егер адам сәуле ауруына шалдықса, оны, сөзсіз, есепке алып, тегін емдеу керек екені даусыз. Бұл адамдар үшін жабдықтар мен дәрі-дәрмектер сатып алу қажет. Бірақ осы өңірде тұрып жатқаны үшін ғана жұрттың бәріне бірдей ақша төлеу шарт емес. Бұл – мемлекеттің қаржысын ұқыпсыз жұмсау деген сөз. Арал өңірін алайық, мұнда жұмсалған қаржы соншама, бұдан гөрі жұрттың бәрін жаңа жерлерге қоныстандыру әлдеқайда арзанға түсер еді, әрі осы мәселені түпкілікті шешер еді.

Үкіметтің атаулы көмек көрсету мәселесін ізерлеп шешуі қажет. Біз осыншама мол шығынның қайда кетіп жатқанын білуіміз керек. Атаулы көмек туралы Заң ақыры қабылдануға тиіс. Ешқандай жеңілдіктерді ойдан шығарып жатудың

да қажеті жоқ. Мұндай уақыт өтті, оған енді қайта оралу жоқ.

Біздің басты міндетіміз – азаматтардың кейбір санаттарына жеңілдіктер жасау арқылы басқалардың құқығына қысым жасамай, барлық адамдардың жалақысы мен зейнетақысын көтеру.

Біздің алдымызға қоғамдағы ішкі тұрақтылықты сақтау, ең алдымен тұрлаулы этносаралық және діни-аралық қатынастарды сақтау мәселесі аса өткір қойылып отыр.

Мемлекеттік құрылымдардың алдында Қазақстан халқының бірлігіне іріткі салуы ықтимал кез келген экстремистік идеяларды насихаттауға жол бермеу міндеті тұр.

Осы орайда бізден заңнамамызға бірқатар өзгерістер енгізу, заңдардың талаптарын және олардың сақталуы үшін жауапкершілікті барынша күшейте түсу талап етіледі.

Дегенмен бұл арада біз тәуелсіздігіміздің 10 жылы ішінде қолымыз жеткен ең ілгері жетістігіміз – адам құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтауға тиіспіз.

Біздің экстремизм мен терроризмге қарсы күрестегі негізгі тұғырымыз да осында.

Біз талай жүздеген жылдар бойы заң емес, адам билік жүргізген, құқықтық мемлекет болып көрмеген қоғамда өмір сүріп келдік. Кез келген құқықтық мемлекетте адамның құқықтары мен бостандықтарына негізделген заңдардың

ұлықтығы асқақ тұруы керек. Азаматтардың заңға бейілдігі әркімнің мінез-құлығының өлшеміне айналуға тиіс. Бұл әрбір жанның мүддесіне сәйкес келеді. Егер басқаның құқығын бұзған екенсің, онда өз құқығыңның бұзыларына да шәк келтірме.

Бұл заңдарды қабылдауымыз керек, оларды жүйеге келтіруіміз керек, содан кейін барлық деңгейдегі кез келген шенеуніктік қысым жасауға қарсы тұруға қабілетті әрі түпкілікті заңды шешімдер қабылдай алатын тәуелсіз сот жүйесін құруымыз шарт. Судья азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің күзетінде тұратын беделді лауазымды әрі қоғамдық тұлға болуы керек.

Сонда ғана сөзуарлық пен саясатшылықтан ада нағыз демократия үшін кең өріс ашылады.

Біз, міне, осы жолмен жүріп келе жатырмыз.

**Құрметті сессияға қатысушылар!**

Біздің алдымызда тұрған проблемалар Қазақстан халықтары Ассамблеясының белсене қатысуымен оңтайлы шешімін табуға тиіс, дегенмен Ассамблея жұмысының қазіргі пішіндері мен мазмұны алдымызда тұрған міндеттерді шешуге толығымен сай келе бермейді.

Сондықтан, сіздердің қолдауларыңызға сүйеніп, азаматтық қоғамның әлеуеті мен ресурстарын пайдалану арқылы шешілетін алдымызда тұрған стратегиялық міндеттер жайындағы өз көзқарасымды ортаға салсам деймін.

**III. Біз қалай жұмыс істеуге тиіспіз?**

Біріншіден, біздің барлық күш-қуатымыз бен қызметіміз Қазақстан қоғамын терроризмге қарсы қимыл жасауға топтастыруға бағытталуы керек.

Бұл біздің қоғамымыз үшін басты міндет болуға тиіс, әрі мен Ассамблея мүшелерінің бұған түсінікпен қарайтынына сенімдімін.

Терроризм мен экстремизмге қарсы күресте жеңіске жету үшін әскери шаралар қолданумен бірге осы құбылысты туғызып отырған себептерді дәйекті түрде еңсеру қажет.

Сондықтан біздің стратегиямызда Қазақстанда болып отырған әлеуметтік проблемаларды шешуге, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күреске, орта тапты қалыптастыруға, қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін көтеруге, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыруға маңызды орын берілуі керек.

Әлеуметтік күйсіздіктің, білімсіздіктің алуан түсті экстремизмге, терроризм мен радикализмге қорек беретін орта болып табылатыны жасырын емес.

Сондықтан екінші негізгі міндетіміз өзіміздің этносаралық саясатымызда әлеуметтік және экономикалық арнаны кеңейту болып табылады.

Жоғарыда айтқанымдай, қазірдің өзінде Үкіметтің алдына зейнетақыларды және дәрігерлердің, мұғалімдердің, бюджет саласының басқа да қызметкерлерінің жалақысын 25 %-ға көтеру міндеті

қойылды. Мұның, зейнеткерлерді қоса алғанда, 3 млн-дай адамға қатысы бар. Биылғы жылдың бюджетін дәлдегеннен кейін мемлекет бірнеше млрд теңгені құрайтын халыққа берешектің негізгі бөлігін өтейтін болады.

Экономиканы халықтың игілігі мен тұрмыс жағдайын жақсартуға бағынысты ететін осындай саясатты біз бюджет мүмкіндіктеріне орайластырып, дәйекті түрде жүргізетін боламыз.

Барлық қазақстандықтар азаматы бай елдің мемлекеті бай дейтін заңдылықты барынша сезінуге тиіс.

Үшіншіден, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жастарға патриоттық тәрбие беруді күшейтуге өз үлесін қосуы шарт.

Білім беру мекемелерінің, ең алдымен, орта мектеп деңгейіндегі тиісті әлеуметтендіруші міндеттерін күшейту қажет.

Бұл жұмысты азаматтық сезімді шыңдау және мемлекеттік құрылысқа жергілікті деңгейде баршаны қатыстыру үшін мемлекеттік-патриоттық тұғырнама негізінде жүргізудің маңызы зор.

Төртіншіден, біздің бәріміз бірлесіп, жалпықазақстандық мәдениеттің одан әрі дами беруіне жәрдемдесуіміз қажет.

Бүгінгі кенттену ауқымы, этностардың өмір сүруі мен дамуы проблемаларының ғаламдануы, ұлттық экономикалардың интернационалдық

сипат алуы сияқты талаптардың бәрі де, сайып келгенде, Қазақстанның барлық этностарының және солардың әрқайсысының мәдениеттерінің сақталуы мен дамуының дәстүрлі және жаңа пішіндерінің тепе-теңдігін таба білуді талап етеді.

1 жағынан, Қазақстанды мекендейтін этностардың мәдени дәстүрлері сақталуын қамтамасыз ету, екінші жағынан еліміздің барлық азаматтары үшін ортақ Қазақстан мәдениетінің ықпалдастық үдерісін де дамыту қажет.

Еліміздегі өзара сенімге негізделген этносаралық, этномәдени және дінаралық қатынастардың, Қазақстан қоғамындағы рухани келісім сабақтастығын бұдан былай да дамыта беру – біздің арналы міндетіміз.

Бүгінгі жағдайда алдымызда сан түрлі жалған бетперде тұтқан экстремистік идеяларды елімізде таратуға тосқауыл қою, соның ішінде заңнамалық тосқауыл қою міндеті тұр.

Қазір елімізде барлық діни қауымдардың өкілдерімен пікір алмасу ұйымдастырып, бүгінде кеңінен талқылап отырған дін туралы барынша оңтайлы заң қабылдау жөніндегі келісімге қол жеткізу өте маңызды.

Қоғамдағы рухани келісімді сақтау жайында айтқанда, Қазақстан халықтары Ассамблеясы мүшелерінің, әсіресе дінбасылардың назарын діндерді теріс мақсатқа пайдалануға жол бермеуге

бағытталатын нысаналы жұмыс жүргізу қажеттігіне аудару еді.

Біздің мемлекеттік ұлттық саясатты іске асырудың өз тиімділігін дәлелдеген тетіктерін нығайтып, оны қазіргі өзгерген өмір шындығына бейімдеуіміз қажет.

Әңгіме ең алдымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жайында болып отыр.

Бүгінгі таңда, менің пікірімше, оның қызметін жетілдірудің, мемлекеттік ұлттық саясаттың негізгі тетігі ретінде Ассамблея жұмысының тиімділігін арттырудың қажеттігі пісіп-жетілді.

Белгіленген стратегиялық міндеттерге сәйкес жұмыстарын қайтадан саралау оларды жүзеге асыру жөніндегі барлық ұлттық мәдени ұйымдарға ортақ көзқарастарды айқындау, оқиғаның әуелгі ескерту тетіктерін дамыта түсу қажет.

Ассамблея Кеңесінің атқарушы хатшылығы реформаның бағыттары туралы ұсыныстарды жасақтау үшін таңдаулы күштерді тарта отырып ой-тұжырымдарын пысықтап, менің қарауыма өткізуі тиіс.

Осы орайда мен Қазақстан халықтары Ассамблеясына уақыт талаптарын ескере отырып орта мерзімді кезеңге арнап жұмыс стратегиясын әзірлеуін ойластыруды ұсынамын.

Таяу уақытта біздің аймақтық деңгейде жұмыс істеп жатқан шағын ассамблеяларымыздың рөлі мен маңызын арттыру шарт.

Атқарушы хатшылықтың тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы мәселені пысықтап, ұсыныстар енгізуін тапсырамын.

Мен әсіресе шағын ассамблеялардан өз жұмысын жандандыра түсуін өтінемін. Олар үкіметтік емес ұйымдар ретінде өз зерттеулерін өздері жүргізе отырып, мемлекетке мүмкін-қадерінше көмектесуі керек. Бұл үшін біз оларға грант бөле аламыз. Мұндай қаражат олардың проблемаларын шешуіне жәрдемдесетін болады.

**Қымбатты отандастар!**

Өзгерген дүниенің тың талаптары біздің бұрынғыдан да берік ірге құрап, өз бірлігіміз бен топтасумызды барынша нығайтуды қажет етеді.

Бізге еліміздің болашағы үшін зор жауапкершілік жүктеледі. Бізді алда төзімділікті де, табандылықты да керек ететін ауыр жұмыс күтіп тұр. Оған біздің күш-жігеріміз қаптал жетеді.

Біздің бойымызда бұған жетерлік саяси ерік-жігер де, өркен жайып келе жатқан азаматтық қоғам да, қазақстандықтардың жасампаз әлеуеті де, келісім мен татулықтың мықты дәстүрлері де, бай рухани мәдениетіміз де бар.

Республика күні қарсаңында мен сіздерді, барлық қазақстандықтарды Қазақстан мемлекеттілігінің түлеуіне арна тартқан біздің үлкен мерекемізбен құттықтаймын.

Баршаңызға бақыт пен игілік тілеймін!

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2001 жылғы 6 қараша

**Құрметті мерейтойлық сессияның қатысушылары!**
**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**
**Әріптестер!**

Бұл мерекелік форумның мақсаты – біздің ғылымымыз осы жылдары жүріп өткен жолды ой сарабына салу және жүйелеу, еліміздің осы заманғы өміріндегі оның орны мен рөлін айқындау.

Ондаған жылдар немесе ғасырлар өткеннен кейін де осынау уақытқа берілген біздің бағамызға түзетулер енгізілетінін мен әсте де жоққа шығармаймын. Түбегейлі қорытындылар жасайтын уақыт алда. Дегенмен бірпара арналы нәрселерді мен қазір атап өткім келеді.

Бірінші. Бүгінде елдің өз ішінде де, одан тысқары жерлерде де ел тәуелсіздігі орныққанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Екінші. Өмірдің өзі мемлекетті, экономика мен қоғамды өркендетудің, біз таңдаған стратегиясының дұрыстығын нанымды түрде дәлелдеп берді.

10 жылдың ішінде Қазақстан мемлекеттігі нығайды, тарихи әділеттілік қалпына келтірілді. Мемлекеттік басқару барлық билік тармақтары жүйесіне реформалау жүргізді. Жоғары үлгі-қалыптарға жауап беретін заңнамалық құқықтық база жасақталды.

Қазақстан ашық қоғамға айналды. Бізде демократиялық саяси жүйе қалыптасты. Ел қауіпсіздігі нығайып келеді. Біз жаңа елорда салдық. Және ең бастысы – осынау жылдардың бәрінде еліміз саяси тұрақтылық, азаматтық және ұлтаралық келісім жағдайында өмір сүрді.

Үшінші. Біздің экономикамыз дұрыс жолмен келеді. *Либералдық экономиканы* құруды бастай отырып, біз экономикалық құлдыраудың ең қиын кезеңін еңсере білдік және соңғы жылдары тұрақты экономикалық өсуге қол жеткіздік.

ЖІӨ-нің артуы 2000 жылы 9,8 %-ды, 2001 жылы 12,6 %-ды құрады.

Біздің жаңа қоғам құрудағы табыстарымыз қазақстандық реформаларға әлемдік қауымдастық беріп жатқан бағалардан көрініс тауып отыр. Қандай да 1 салалардағы дамуымыздың барлық нәтижелерін санамалап шығу қажет деп білмеймін. Бүгінгі күні біз үшін ең бастысы, ой-мақсатты болашаққа шоғырландыру болса керек.

Кәне, қондырма деп аталатын нәрсеге – қоғамдық санадағы өзгерістерге және Қазақстанның дамуына отандық ғылым қосып отырған және сөзсіз еселене беруге тиіс үлеске тоқталайық. Тұжырып айтқанда, өткен онжылдықтың негізгі мәні әкімшіл-әміршіл жүйені нарықтық, демократиялық жүйеге көшіру болды деп айтуға болады.

Ғылым да дағдарыс кезеңдерінен өтті. Алайда, екінші жағынан, ғалымдар идеологиялық шектеуден арылып, ғылыми зерттеулердің басымдықтары мен бағыттарын еркін айқындаудың, өздерінің шетелдік әріптестерімен идеялар алмасудың мүмкіндігін алды.

Қиындықтарға қарамастан, біз Ғылым академиясының әлеуетін сақтап қалдық, ғылымды басқаруды реформаладық.

Біздің барлық жетістіктерімізде біздің интеллигенцияның, соның ішінде ғылыми интеллигенцияның рөлі орасан, олардың пікірін қазақстандықтар әрдайым құрмет тұтады және басшылыққа алады.

Бізге радикалдық фундаментализмнің, терроризмнің және басқа бүлдіруші теориялардың жүрер жолына ғылыми, былайша айтқанда «саналы» кедергі түзу керек болады, біз олардың ықпалына тиімді қарсылық көрсете аламыз. Терроризм уақыттың сын-қатеріне айналып отыр.

Қоғамдық сана көп реттерде бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс беретін ғылыми емес ақырзамандық болжамдар жасаушылардың көрсетіп отырған ықпалынан қасірет шекпеуі тиіс.

Біздің бәріміз де гуманитарлық ғылымдар үшін өмірдің өзі қалыптастырып отырған әлеуметтік тапсырысты көріп, сезініп отырмыз. Мәселен, халық тарихындағы ақтаңдақтар кей реттерде тіпті де кесірсіз емес қисындармен толтырылады. Бірақ осы уақытқа дейін ғылыми мойындалған түпкілікті түсіндірме жасалмаған. Мұндай бұрмалауларға тарих ғылымында ғана жол беріліп отырған жоқ.

Ал сонда ғылыми бейәдептік пен жалғандық жәйттеріне табанды тойтарыс, тіпті, қатаң баға беруге тиісті Ғылым академиясының рөлі қандай болғаны? Әзірге ондай рөл байқалатын да емес.

Мұндай жағдайда ғылым мен білім үшін бұл екеуі біздің халқымыздың, ең алдымен елдегі интеллигенцияның өзінің жоғары біліми және рухани деңгейін сақтаудың аса маңызды ресурсына айналатындай рөлді айқындау айрықша маңызды. Бұл біздің зайырлы мемлекетімізді

және ие болған тәуелсіздігімізді, қазақстандық патриотизмді нығайтудың аса маңызды факторына айналуы тиіс.

Сондықтан да біз академиялық ғылымды да, жоғары оқу орындарындағы ғылымды да еш жағдайда жоғалтпауға тиіспіз. Оның үстіне біздің оқу орындарындағы университеттік ғылым өзінің одан әрі жетілдіруін талап ететіні сөзсіз. Біздегі қазіргі бар жоғары білімнің сапасы бізді қанағаттандыруы тиіс емес.

«Қазақстан – 2030» стратегиясына сәйкес, білім беру біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі болып табылады. Осыған орай біздің міндетіміз мынада, бүкіл осынау жүйені мектептен бастап докторантураға дейін жаңғырту және жетілдіру Үкімет пен қоғамның тұрақты қамқорлығында болуы керек.

Сондықтан да мен Ғылым академиясының оқымыстыларына, ғылым мен ғылыми-техникалық саланың басқа да барлық өкілдеріне өздеріңізді талапшыл жас адамдар күтіп отырған оқу орындарына, мектептерге белсене барыңыздар деп табандылықпен ұсынамын. Өмірге қадам басушы ұрпаққа өз білімдеріңіз бен тәжірибелеріңізді үйретіңіздер.

Біз қадам басқан XXI ғасырды ғылым ғасыры дейді. Ақпараттық технологияларда, микробиология мен биотехнологияда, ғарыштық зерттеулерде, медицинада, ғылыми танымның басқа да

салаларында революциялық өзгерістер жүріп жатыр.

Ғаламдасқан экономика және ғаламдасқан әлем жағдайында ғылым мен технологияның ойын тәртібін өктемдікпен өрнектей бастағаны нақтылыққа айналып отыр. Осыған орай ғылыми-техникалық кешенді серпінді дамытып отырған елдер ғана өздерінің жетекші орындарын сақтай алады.

Сарапшылар қазірдің өзінде дамыған елдерде озық технологиялар есебінен экономикалық өсудің, шешуші салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тұрақты қарқынын қамтамасыз етуден көрінген осы заманғы ғылыми-техникалық революцияның екінші кезеңі аяқталғанын атап көрсетуде. Басталып отырған үшінші кезең бұл елдердің ғаламданумен байланысты міндеттерді шешуге білек сыбана кіріскенімен сипатталады. Мәселен, Америка, Германия, Жапония және басқа бірқатар елдер дамудың жаңа кезеңіне – білімге, инновациялық идеяларға негізделген экономиканы құруға көшкендерін жария етіп үлгерді.

Анықтама үшін мынадай жәйтті келтірейін. Ғылымды көп қажет ететін, атап айтқанда, ақпараттық технологияларды талдап жасаумен және ендірумен айналысатын фирмалар пайда артуының және айналмалы капитал ұлғаюының қарқыны бойынша осы таяуға дейін жетекшілік

жағдайында болған барлық металлургиялық, химиялық, автомобиль алыптарынан әлдеқайда асып түседі.

Айшықты мысал, дүние жүзінде 12-нші орын алатын аса ірі финнің «Нокиа» компаниясы. Бұл елдің өзінің телекоммуникация саласында айтарлықтай әлеуеті болмай, автомобиль шиналарын өндіретін кәсіпорындардың арқауында дамып келген болатын. Ал мына компания тиімділігі күшті менеджмент қалыптастырып, ішкі және сыртқы рыноктарда капитал жинақтады, Швецияның, Ұлыбританияның және кейінірек АҚШ-тың телекоммуникация салаларының филиалдарын сатып алды. Қазір компанияның рыноктық құны 197 млрд долларды құрап, бүкіл Финляндияның ішкі жалпы өнімінен асып түскен. Бұл біздің компаниялар үшін неге мысал болмасқа?

Алайда негізгі тақырыпқа оралайық. Дамыған елдерге қарағанда, біз кеңестен кейінгі көптеген мемлекеттер секілді әзірге тіпті екінші кезеңнің аяқталу тұсында да емеспіз, біз жаңадан ғана тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге кірістік. Бірақ біз осымен 1 мезгілде алға қарай озып, қазірдің өзінде түбегейлі серпіліс үшін негіз қаламасақ, әлемдік өркениет үдерістерінде шаң қабушы жағдайында қалып қоятынымыз сөзсіз.

Біз өзімізге лайықты орынды негізінен ұлттық технологиялық базаның, қолданбалы және іргелі ғылымның айтарлықтай жоғары даму деңгейі

жағдайында ғана, ғылыми және инженерлік кадрлардың жоғары біліктілігін қамтамасыз еткенде ғана жеңіп ала аламыз. Бізде әзірге дамудың осындай жағдайын қамтамасыз етудің мүмкіндігі сақталып отыр.

Бұл туралы біздің мемлекетте бәрі – билік те, қоғам да және әлбетте, ғылымның өзі де ойлануы тиіс.

Біз көп кешікпей өндірістік қатынастар жүйесінде, түрлі салалардың экономикасында тәртіп орнататынымызға күмәнданuға негіз жоқ. Бірақ біз, егер жаңа технологиялық үдерістерді, осы заманғы және озық техниканы игермесек, егер оларды өзіміз жасап, олармен жұмыс істейтін дайын инженерлеріміз, шеберлеріміз бен жұмысшыларымыз болмаса, онда өзіміз ұмтылып отырған нәтижелерге қол жеткізе алмаймыз.

Кадрлар даярлауда қандай қиғаштықтар жүріп жатқанына, біз жоғары оқу орындарында негізінен кімдерді даярлап жатқанымызға өздеріңіз қарап көріңіздерші. Барлық жерде бірдей – заңгерлер, қым-қуат халықаралық дипломаттар, топ-менеджерлер, банк қызметкерлері, жарнама мамандары, дизайнерлер, т. с. с.

Ал енді біздің экономикамыздың, өндіріс дамуының қозғаушы күші, жаңа технологияларды жасаушылар болуға тиіс басқа кадрлар қайда? Мен бірінші кезекте өндірістегі инженерлер,

конструкторлар, орта және жоғары басқару буынының мамандары туралы айтып отырмын.

Жұрттың бәрі еліміздің болашағы шикізат секторында екенін біледі. Бұл мұнай, газ, металл, азық-түлік. Ақша да сонда, болашақ та сонда. Біздің ғылым мен білім бұл жаққа қарай қандай бетбұрыс жасап отыр екен? Әзірге ешқандай да. Жолай айта кетейін, еліміздің шикізаттық бағдары олқылық емес, қайта біз жақсы пайдалануға тиісті артықшылық болып табылады.

Бұл мәселелерге жаңаша көзқарас керек. «Жаңаны маңдай теріңді тамшылата отырып жасау керек, ал ескі өздігінен-ақ тірлігін жалғастырып, әдеттің таяғына тіреліп нық тұра береді» – деген екен А. Герцен.

Бізге ғылым мен жоғары білімді байыпты түрде және ұзақ мерзімге кешенді қолға алатын уақыт жетті. Біз оларды қоғам алдында тұрған міндеттер деңгейіне қойып, нағыз ғылым сұраныс табатын және өскелең әрі қажетті ауқымда қайта өндірілетін елімізге қажетті кадрлар дәл осындай жауапкершілікпен даярланатын жүйе құруымыз керек. Бұл бүкіл жоғары және арнаулы білім жүйесінің ғылыммен бірлесіп атқаратын ісі.

Біз осынау жылдардың өн бойында тұрақты ізденісте, соның ішінде ғылыми-техникалық қызметті басқарудың оңтайлы пішіндерін іздеумен болдық.

Сонау 1992 жылы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі құрылды. Сол кезде Жоспарлаудың бағдарламалық мақсатты әдістеріне көшу жөніндегі алғашқы қадамдар жасалды. Ұлттық Ғылым академиясын реформалау жүрді, бірқатар ұлттық ғылыми орталықтар құрылып, ғылым мен жоғары білімді интеграциялау жөніндегі жұмыстар басталды.

Ғылыми зерттеулерге деген мемлекеттік тапсырыстар практикаға енді, бәсекелік орта қалыптасып, Республикалық инновациялық қор құрылды.

Ғылыми ұйымдар үшін меншік нысаны бойынша да ешқандай шектеулер жоқ. Мұның бәрі бүгінгі күнге бар заңнамалық базамен қамтамасыз етіледі.

Бірақ мұның бәрі тіпті де жеткіліксіз, сондықтан да алға қарай жүру керек. Дағдарыс кезеңінде бізге ғылыми элита мен мемлекеттік институттардың барынша үйлестірілген жұмысын қамтамасыз ету өте-мөте маңызды болды. Нәтижесінде жаға ұстарлық тиімділік келіп шықты: 1 жерлерде ғалымдар әкімшілікпен әуестенсе, 1 жерлерде шенеуніктер өздерін ғалым сезінеді.

1 жағынан сондықтан да болар, сөзсіз ұлттық байлығымыз болып табылатын біздің Ғылым академиямыз өткен күрделі жылдарда ел өмірінде әлдеқайда лайықты орнын таба алмады. Егер бұдан гөрі қатаң баға беру қажет болса, ол

мемлекеттік ауқымдағы істерге әлсіз жанама болып қалды.

Менің білуімше, еліміз тарихи ауқымда тұтас дәуірді бастан өткерсе де, осынау жылдары Үкімет мәжілісіне Академияның бастамасы бойынша қоғамдық және экономикалық мәні бар бірде-бір мәселе енгізілмеген екен. Алайда саясаттағы, экономикадағы, мәдениеттегі, еліміздің ғылымы мен біліміндегі жаңа серпілістер үшін аса қуатты интеллектуалдық әлеуеттің осынау резервін жұмылдыра отырып, бұл жұмысты жігерлілікпен қолға алуға, айтылғанның бәрін түзетуге кеш емес. Бұл талапты уақыттың өзі алға тартып отыр.

Осы заманғы әлемдік дамудың ең 1 мәнді үрдісі жаһандану болып отыр. Бұл үдеріске беріліп жатқан баға біртекті емес, ал кейде толассыз қолдаудан толық жоққа шығаруға дейінгі аралықта қарама-қайшы болып келеді. Бірақ қазірдің өзінде даусыз бірнеше сәттерді даралап алуға болады. Солардың арасында негізгісі – жаһандану біздің болмыстың міндетті жәйтіне айналды және бірде-бір ел, тіпті барынша томаға-тұйықтық жолын таңдап алған ел де оның ықпалынан құтыла алмайды.

Жаһандану жағдайында дамушы елдер дамыған елдердің, халықаралық ұйымдар мен трансұлттық бірлестіктердің тарапынан ықпалға ұшырайды деген тұжырымның негізі бар. Мұнда көп ретте мүдделер сәйкес келе бермейді.

Дүниенің үшкіндіктілігі нақтылыққа айналып келеді. Талдаушылар бүгінде бұл тұрғыда АҚШ, Еуропалық Одақ елдері және Шығыс Азия жататын өзіндік «үштікті» атап көрсетуде. Оларда халықаралық бизнестің мол үлесі шоғырланған. Кейбір бағалар бойынша нақ осы елдерге тікелей шетелдік инвестицияның 73 %-ы, әлемдік сауданың 76 %-ы келеді екен.

Статистика «дамыған» және «дамушы» елдердің арасындағы аражік үздіксіз өсіп келе жатқанын көрсетеді. Егер XIX ғасырдың басында бұл елдердің табыстар деңгейі шамамен 2 есеге ерекшеленсе, XX ғасырдың ортасында ол 17–25 есеге, ал қазір жаңа мыңжылдықтың басында 60–70 есеге жетіп отыр.

Бұл жаһандану дамушы елдерді қайыршыландырудың, томаға-тұйықтыққа салудың немесе өсуін тежеудің тікелей бастапқы себебі болады дегенді білдірмейтінін айта кеткен жөн. Ол тек орын алып отырған проблемаларды айшықтап, шиеленістіре түседі.

Жаһандануды елемеуге болмайды және одан қашуға да болмайды. Меніңше ең дұрыс жол, керісінше, бұл үдерісті дамушы елдердің, бұларға біз де жатамыз, ұлттық экономикалары мен саяси жүйелеріне шақыру ретінде қабылдау керек. Бұл жағдайда дамудың қандай үлгісін таңдау керектігін, қандай нақты шаралар қабылдау керектігін бізге отандық ғылымымыз айтуы керек, оның бұл

саладағы күш салатын арнасын әзірге ешкім алған жоқ.

Жаһандану үдерісіне қосылудың тиімді жолдарының бірі – бұл аймақтық деңгейдегі интеграцияны барынша күшейту. Нақ осы жол барлық өлшемдер бойынша аймақтық қауымдастыққа ойдағыдай ықпалдасуға, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерге қарсы тұруға мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ тиімді дамуға, сыртқы рынок үшін де, сол секілді аймақтық қауымдастықты жеткілікті қамтамасыз ете отырып, өзіңнің ішкі рыногыңды қалыптастырып, қорғау үшін де жаһандық бәсекеге ойдағыдай қатысуға мүмкіндік туғызады.

Басқа экономикалық орталықтардан ерекшеленетін Еуропалық Одақ өңірленушіліктің оңды мысалы болып табылады. ЕО-ның экономикалық кеңістігі өзіне жеткілікті. Мұндағы барлық елдерде экономиканы реттеудің бірегей тетіктері және әлеуметтік тыныштықты қолдаудың кемел жүйесі бар. Олар бірыңғай валютасын жасады.

Соңғы уақытта Еуропадан тыс жерлерде ең белсенді өңірлік топ Шығыс Азия елдерінің АСЕАН+3 бірлестігі болып отыр. Ұлттық валюталарды өзара қолдау үшін 50 млрд-тан 100 млрд долларға дейін бөлінеді. Резерві 1 трлн доллар болатын Азия валюта қоры құрылуда. Бұл АҚШ-тың немесе еуроаймақтың валюта резервінен әлдеқайда көп.

Американың елдері даму үшін жаңа көздер табуға және жаһанданудың келеңсіз салдарын

бейтараптандыруға құлшына отырып, 2005 жылы Американың еркін сауда аймағын (FTAA) құруға шешім қабылдады. Оның ішкі жалпы өнімінің көлемі 13 трлн доллардай болмақ, бұл әлемдік ЖІӨ-ден үштен бірге көп. Мұның бәрін мен сіздерге дүниеде болып жатқан оқиғалар тұрғысынан қазіргі бар бірлестіктердің біріне қосыла алмаған немесе өзінің аймақтық құрылымын құра алмаған елдердің болашағы айтарлықтай болмайтынын түсінуіміз үшін айтып отырмын.

Міне сондықтан да мен үздіксіз әрі көп жылдан бері Еуразиялық Одақты жақтап келемін, әсіресе, біздің аймақ елдерінің – Орта Азия мен Қазақстанның тығыз ықпалдастығын жақтап келемін. Кез келген интеграциялық құрылымның жолынан әрдайым толып жатқан күрделі проблемалар мен қайшылықтар туындайды. Елдер көп ретте бір-бірін әріптес емес, қарсылас көреді. Соған қарамастан, басқа аймақтардың тәжірибесі, соның ішінде Шығыс Азияның тәжірибесі, бұдан 5 жыл бұрын алынуы қиын көрінген кедергілердің бүгінде ойдағыдай еңсерілгенін дәлелдейді.

Орталық Азия экономикалық қауымдастығы (ОАЭҚ) шеңберіндегі тығыз ынтымақтастық біздің халықтарымыз бен елдеріміз үшін стратегиялық тұрғыда тиімді деп санаймын және біз мұндағы барлық қайшылықтарды еңсеруге тиіспіз. Мұның өзі ЕурАзЭҚ-қа да қатысты. Осының бәрі бізге ОАЭҚ және ЕурАзЭҚ шеңберінде интеграциялану жөніндегі бұдан былайғы шараларды қолға алу

өте-мөте қажет дейтін басты тұжырым жасауға негіз қалайды. Бұл бүгінде біздің елдеріміз үшін баламасы жоқ императив болып табылады.

Сондықтан да мені, осы проблеманың барынша өзектілігіне қарамастан, Ғылым академиясының ғылыми негізделген ұсыныстарының жоқтығы, біздің ғалымдарымыздың осы күнге дейін оны талдауға кіріспеуі өте таңдандырады. Неге біздің елдеріміз интеллигенциясы, ғалымдар, талдаушылар біздің біртұтас тарихымыз бен мәдениетіміздің негізінде біздің халықтарымызды жақындастыруды жақтап өз дауысын көтермейді?

Қазақстан өзге елдердің тәжірибесі негізінде біздің барлық көршілерімізбен барынша терең экономикалық интеграцияға әзір. Академияның жылдық сессиясында қатысушылардың бәрі де әлемдік жаһандану үдерісінің аса маңызды құрамдас бөлігіне айналған ғылым мен технологиялардың дамуындағы ахуалды талдайтындығына шүбә келтірмеймін. Осыған байланысты біздің еліміз уақыттың қайшылықтарына қалай жауап беретінін айқындау үшін өзімізге бірқатар сұрақтар қойып көрейік.

Біріншіден, қазір көптеген дамыған елдер зерттеулер мен талдауларға, өзінің кадрлық ғылыми-техникалық әлеуетінің сапасын кеңейту мен арттыруға бөлінетін күрделі қаржыны ұлғайтуды экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл ретте басты салмақ

ғылымды көп қажет ететін технологияларға және тиісті саладағы мамандарды әзірлеуге салынады. Ал енді осы мәселе бізде қалай қойылған, біздің ғылым мен білім жүйесі осындай сапалық серпіліске әзір ме? Біздің Үкіметіміз де осыған әзір ме?

Екіншіден, ғылыми және ғылыми-техникалық кадрлардың өскелең ұшқырлығы, олардың еркін көші-қоны жаһандануға әзірліктің белгісіне жатады. Саны қауырт өсіп отырған ғалымдар, мамандар мен ғылыми дәрежелердің үміткерлері оларға деген сұраныс бар жерлерге ауысып жатады. Біздің кадрларымызға 1 жерде сұраныс бар ма екен? Екінші жағынан, бізге шетелдік ғалымдар мен мамандар оқуға немесе жұмыс істеуге келе ме екен, бізде ондай жағдайлар бар ма екен?

Жаһандану үдерісіне қосылудың маңызды белгісі түрлі елдердегі тете авторлар ұжымдары әзірлеген айтулы ғылыми жарияланымдар санының артуы болып табылады. Мұндай интеграция қазір барлық құрлықтар үшін және ғылымның барлық салалары үшін тән.

Мұндай талдамаларға біздің ғалымдарымыз бен мамандарымыздың қатысуы қандайлық? Ғылым мен технологияны дамытудың әлемдік үдерісіне біздегі интеграцияланудың дәрежесі қандай? Біздің ғалымдарымыз бен мамандарымыз әлемдік ғылыми және технологиялық орталықтардан алатын патенттердің саны өсіп отыр ма?

Келесі белгі. Әлемде ғылыми-техникалық зерттеулер саласында өндірістік фирмалардың, компаниялардың, концерндердің халықаралық кооперациялану практикасы кеңейіп келеді.

Біз осындай зерттеулерге қатысамыз ба? Біздің экономикамыздың аса маңызды және стратегиялық мәнді салаларының арнасында – мәселен, кен-металлургия, мұнай-газ және мұнай химиясы кешендерінде осындай практика бар ма?

Және, ақырында, жоғары технологиялық өнімдердің – есептеу техникасының, компьютерлердің, фармацевтиканың, коммуникация құралдарының және сол сияқтылардың халықаралық саудасының өркендеуі жаһанданудың өзіндік жеделдеткіші екендігі белгілі. Бізде осы бағытты дамытудың мүмкіндіктері көп пе? Біз істі, бәлкім, өзіміздің шетелдік әріптестерімізбен кооперациялана отырып, осы бағытта қозғалыс жасайтындай етіп қоя аламыз ба?

Бұл сұрақтарға объективті жауаптар бізді қуанта қоймайды.

Мұның бәрі қызыл сөздің сұрақтары емес. Алайда біз бүгінде оларды қолға алып, шешуге қабілеттіміз. Егер біз таяудағы болашақтың өзінде олардың не болмағанда 1 бөлігіне оң жауап бере алмасақ, онда бұл 1 ғана жағдайды – біз прогрестің айтарлықтай деңгейіне шыға алмағанымызды және жаһандану арнасында дамыған елдердің толық мәнді әріптесі рөліне әлі иек арта алмайтын

жағдайымызды білдіреді. Бізге айқын бағдарлама қажет. Мүмкін – заң қажет.

Оның үстіне бұл сұрақтарға қазір, Қазақстанның дамуында жаңа кезең – дағдарыстан кейінгі даму кезеңі басталған тұста жауап беру маңызды. Және оған, бәлкім, ғылымды басқарудың дағдарыс кезеңінде қалыптасқан құрылымымен кірудің қажеті де жоқ шығар. Жинақталған тәжірибе бізге ел ғылымын басқарудың құрылымдық өзгерістерін әлдеқайда табандылықпен әрі мақсаткерлікпен жалғастыру қажет екенін көрсетеді.

Және де оны академиялық ғылымды одан әрі реформалаудан бастау қажет болар.

Реформа бағыттарын анықтаған кезде, біз негізгі үш бағыт бойынша алға жылжуымыз керек деп ойлаймын.

Бірінші. Өзіне санаткерліктің, орта, арнаулы және жоғары білімнің, ауыл шаруашылығы академиясының және ғылым академиясының барлық функцияларын алып отырған Білім және ғылым министрлігі ғылымды тіпті де тиімді басқарып отырмағанын мойындау керек. Бұған дәлелдер толып жатыр.

Мәселен, «Ғылым туралы» заңға сәйкес, Ұлттық ғылым академиясына іргелі зерттеулер бағдарламасын қалыптастыру және үйлестіру, ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтау, ғылыми зерттеулерді ғылыми-сараптамалық тұрғыдан

қамтамасыз ету жөнінде және басқа үлкен өкілеттіктер берілген. Бірақ, жағдай көрсеткеніндей, бұл функциялардың қайталануы орын алған. Бағдарламаларды, олардың қалыптасу және аяқталу кезеңдерінде, сараптауға Жоғары аттестациялық комиссия (ЖАҚ) жасанды түрде тартылған болып шықты, ал оның бұл салада іргелі ғылымға тікелей қатысы жоқ.

Бұл ретте ЖАК тарапынан бағдарламаларды сараптауға министрлік бюджеттік қаражаттан төлеп отыр. Ал енді Ұлттық ғылым академиясы сараптау үшін тартқан ғалымдардың жұмысы қоғамдық қосымша міндет ретінде танылып, оған ақы төленбейді, меніңше, бұл мүлдем негізсіз.

Ғылымды әркилы шенеуніктердің ұсақ қамқорлығы мен қол сұғушылығынан азат ету керек деп санаймын. Бұл үшін «Ғылым туралы» заңға сәйкес орталық атқарушы орган мен академиялық ғылымның функциялары мен өкілеттіктерін іс жүзінде шектеу қажет. Әр құрылым, дүние жүзінде қабылданғанындай, өзінің міндеттерін кәсіби тұрғыда әрі сапалы орындауы тиіс.

Дамыған елдерде ғылыми зерттеулер шенеуніктердің аз тобы үшін есеп берумен емес, жариялanымдармен аяқталады. Мемлекеттік шенеуніктер ғалымдардың зерттеулер жүргізуіне жағдай жасап, бюджеттік бағдарламаларды әкімшіліктендірумен ғана айналысуы қажет.

Олар сондай-ақ уақыт сұраныс туғызып отырған ғылым салаларын дамытуға бағытталған мемлекет қаражатының пайдаланылуын бақылауы тиіс. Ал Үкіметтің өзі ғылымға берілген тапсырыстардың орындалуын қатаң талап етуі керек.

Бұл тұрғыда елдің ғылыми элитасы барынша лайықты ғалымдарға беретін академик атағы да министрлік институттарының зерттеу бағыттарын таңдауына және олардың кадр саясатына шектен тыс ықпал жасауға ұрындырмауы қажет. Тиісінше, Ғылым академиясында ешқандай да атқарушылық және өкілеттілік функциялары болмауы керек.

Екінші. Жаратылыстану ғылымдарының рөлін күшейтумен қатар, біз гуманитарлық академиялық саланың дамуына әлдеқайда жіті назар аударуымыз қажет. Өткен 10 жылда біздің ғылымда бұрын болмаған бірқатар бағыттардың пайда болғанын да ескерген жөн. Соған орай Академия мемлекет тапсырыс беретін барлық іргелі ғылыми зерттеулердің тиісті бейіні бойынша бас сарапшыға айналуы тиіс.

Ғылыми зерттеулерге Ғылым академиясының ғалымдары жүргізетін сараптауды мемлекеттік, ақы төленетін, түпкілікті және қайта қарауға жатпайтын деп таныған жөн. Ол белгілі 1 салада білікті мамандардың жоқтығынан сараптама жүргізе алмаған жағдайларда ғана өкілетті орган сырттан беделді мамандарды қатыстыра отырып, мемлекеттік сараптама ұйымдастыра алады.

Мұндай міндеттерді шешуге дамыған елдерде ұлттық ғылым академиялары белсене қатысады. Әдетте олардың қоғамдық ұйымдар мәртебесі бар, бірақ бұл олардың ғылымды дамытуға елеулі үлес қосуына кедергі келтірмейді. Бәлкім, бізге де осынау тәжірибені жіті зерттеп, соған сәйкес біздің де Академиямызды өзгерту уақыты жеткен шығар? Барлық дамыған елдерде қабылданғанындай, оны көрнекті ғалымдардың элиталық қоғамдық бірлестігіне айналдыру оның өзіне де, сол секілді оның мүшелеріне де тек қоғамдық салмақ пен бедел қосатынына сенімдімін.

Үшінші. Және де бұрын талай рет айтқанымыздай, бұл өте маңызды. Ғылыми салада сапалық жаңа нәтижелерді бізге академиялық институттардың еліміздегі жоғары оқу орындарымен интеграциясы ғана бере алады. Алайда ол қазір орын алып отырғанындай, баяу режимде болмауы керек. Бұл, мүмкін, уақыт талабына сәйкес академиялық және жоғары оқу орны ғылымының кешенді қайта құрылуының базасы болуы керек шығар.

Шартты түрде айтқанда, академиялық институттарды, бірінші кезекте, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен будандастырудың түрлі пішіндері бізге бірден бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді.

1 жағынан, жоғары мектептің жеткілікті ғылыми-техникалық әлеуетін іргелі зерттеулерді

кеңейту үшін де, сол секілді қолданбалы ғылым үшін де, оның өндірістік салаға әлдеқайда прагматикалық тұрғыда бағытталуы үшін тиімдірек пайдалана аламыз.

Екінші жағынан, бұл жоғары оқу орны білімінің сапасын арттыру үшін сөзсіз пайдалы болады және, осымен бірге, бұл ғылымдағы жастардың мәселесін шешудің тиімді тәсілі, әрі шығынды барынша аз талап етеді. Ал мұның өзі біз үшін шынында да үлкен проблемаға айналып келеді.

Сөз ретіне қарай ғылымымызды «жасарту» жайында айтсақ. Жай ғана жасартып қою – аясы тар мақсат. Әңгіме елдің жоғары ғылыми ортасын, ғылымға лайықты үлес қосқан, ғылыми қауымдастық мойындаған оқымыстылар қатарын жас күштермен толықтыруда болып отыр.

Өзгерістер серпіні оқымыстылардан, әсіресе ғылымды басқаратындардан, бейімделудегі икемділік, өзгерісті қабылдаудағы сұңғылалық, әбжілдік сияқты қасиеттерді талап етеді.

Ал бұл енді белгілі 1 жастық белгілері. Ғылымда бұл қасиеттерді пайдаланудың өзі даналық болып табылады.

Министрлікке бұл проблеманы жедел жылжыту керек.

Бәлкім, ғылым сияқты кадрлар даярлау жүйесінде де осы заманғы өтімді бағыттар мен салаларға айрықша көңіл бөле отырып ғылым мен

білімге деген шығындардың құрылымын да қайта қарау керек шығар.

М. В. Ломоносов айтқан: «Қателерді байқау онша құнды емес: дұрысырақ бірдеңе беру – міне, кісілікті адамды көргенді ететін осы». Мүмкін, әрқайсымыз өзіміз үшін Қазақстан ғылымының алдында тұрған проблемаларды талдап қойған боларсыздар, оларды шешуге атсалысатын мүмкіндік те тапқан шығарсыздар. Мен айтқандардың бәр-бәрі шешім қабылдауды талап етеді. Мұны мақсатқа лайық орынды санап, Үкіметке осы сессиядан кейін арнаулы комиссия құруды тапсырамын.

Ол 3 айлық мерзімде елдің ғылым саласындағы іс-қарекетінің жағдайын терең талдап, ғылымымыздың барлық жүйесін, оны ұйымдастыруды да қосып, жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасақтап, Үкіметтің қарауына енгізу міндет. Комиссия үшін серпін алар сөре осы сессияның материалдары болуы керек. Ол ұсыныстарды біз Ғылым академиясының келесі, мерейтойлық емес, жұмысшы сессиясында талқылаймыз.

Қоғамның алдында аса маңызды байсалды мәселелер тұрғанда, ешкім де немқұрайдылық танытып, сырт қала алмайды деп ойлаймын. Сіздер мен біз еліміз бен халқымыздың мүддесін көздейтін шешім қабылдайтынымызға сенімім кәміл, себебі ғылыми ізденістердің де мақсаты осы.

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 10 жылдығына арналған ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы,
2001 жылғы 30 қараша

**Құрметті мемлекет басшылары!**

Қазақстандықтардың және жеке өз атымнан сіздерді Достастықтың мынау мерейтойлық саммитінде сәлем беріп, тамаша мерекемен құттықтаймын!

Естеріңізде болар, КСРО тарағаннан кейін 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда кездескен бұрынғы кеңес республикаларының 11 басшысы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде шешім қабылдаған. ТМД-ның қалыптасуы дамудың бүкіләлемдік объективті заңдылықтарының, мемлекеттеріміздің, тағдыр ортақтастығын түсінудің және одан әрі өркендеу жолдарының көрінісі болды. Мен қазір де ТМД КСРО тарағаннан кейін орын тепкен бағдарсыздықтың әсте де орнын уақытша толтыру емес деп санаймын. Достастықтың мақсаты болашаққа ұмтылған, Кеңес Одағының қолынан келмеген саяси, экономикалық және әлеуметтік күрделі мәселелерді шешуге қабілетті берік бірлестік жасау болды.

Қазақстан қандай мәселеде де, мейлі ол ұжымдық қауіпсіздік жүйесін жасау, бірыңғай экономикалық кеңістік, кедендік бірлестік қалыптастыру немесе капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы болар, – кеңестен кейінгі кеңістіктегі интеграция мен ТМД-ны нығайтуға бағытталғанның бәрін ұдайы қолдап, қуаттап отырды. Біз интеграция теңдік, еріктілік және ізерлі мүддеге табан тіреуге тиіс деп сенеміз. Тек осындай жағдайда ғана геосаяси қауымдастық әлемдік экономика мен саясаттың ақиқат факторына айналады. Әрине, болашақ бізге бұлтсыз ашық болып көрінген жоқ, бірақ үміттер мен жоспарларымыз үшін кеңістік ашып берді.

ТМД аясында тізе қосып бірге өткен жолымыз жайында ойлансақ, оның қаншалықты қиын-қыстау, күрделі болғанына, сонымен қатар, Достастық

елдері үшін пайдалы болғанына көз жетеді. Көп жағдайда жай ғана айтақырдан емес, экономикалық байланыстар шорт үзілгендіктен, нар тәуекелден бастауға тура келді. Алайда бастапқы кездегі тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуына, экономикалық және саяси егемендіктің еңсе тіктеуіне байланысты қиындықтар негізінен еңсерілді. Және ең әуелі ортақ күш-жігердің арқасында еңсерілді. Бұрынғы КСРО-ны жеке-дара бөліктерге ыдыратудан іргені аулақ салып қана қоймай, жаңа мемлекеттердің тәуелсіздігін өзара мойындауға қол жеткіздік.

Әйткенмен, өкінішке орай, Достастық елдері өздері талпынған ынтымақтастық пен интеграция деңгейіне бүгін таңда жете алған жоқ. Экономика саласында біз өзара қолдау мен ұжымдасудың тиімді тетігін жасап үлгермедік. ТМД қызметі тараудың келеңсіз зардаптарын жоюға ғана бағытталған тәрізді. Алайда кез келген бірлестіктің өміршеңдігін ең алдымен дұрыс құрылымы айқындайды ғой. Оған дамудың терең зерделенген ұзақ мерзімді басымдықтары топтастырылуы керек. Өкінішке қарай, оған ТМД-ның кейбір елдеріндегі саяси тұрақсыздық, сондай-ақ өзара көпқырлы іс-әрекеттің тетігі саналатын Достастықтың дүрдараздық жағдайын сындарлы шеше алмауы кері әсер етті. Бірақ тұтас алғанда Достастықтың оң әлеуеті әлі сарқыла қойған жоқ. Ал бұл тек менің ғана пікірім емес.

Достастықты барынша тиімді мемлекетаралық бірлестік етіп қайта құруға ықпал ететін бұдан арғы қадамдарды белгілейтін уақыт туды ғой деп ойлаймын. Бірінші кезектегі шаралар – ТМД-ның, оның ұжымдық органдарының қызметін жеделдету, оларға мәселелерді дербес қарап, тиісті шешім қабылдау құқығын беру. ТМД-ның келешегі туралы айтқанда, егер Достастық елдерінің көшбасшылары орнықты пікірі мен болжамды көзқарасында біртұтас болып, бірлестіктің болашағын ойласа, елдеріміздің әрқайсысының өмірлік маңызы бар мәселелерін шешудің жолдарын іздеп, тапқан жағдайда ғана, ТМД-ның әр мемлекеті белсенді саясат жүргізгенде ғана интеграциялық үдерістерді дұрыс дамытуға болатынын атап көрсеткім келеді. Тек осы ұстаныммен ғана барлығымыз бірлесіп оны ойдағыдай шеше алатынымызға өз басым сенімдімін. Сондықтан да, ТМД-ны реформалау жайын сөз еткенде, әрқайсымыздың Достастық түсінігіне өз тарапымыздан қандай мән-мағына қосатынымызды айқындап алуымыз керек. Орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді келешекте ТМД қандай болуға тиіс? Оның қызметіндегі қай басымдық айқындаушы болуы керек?

Егер жағдайды іс жүзінде нақтылы арнада қарастырса, ТМД-ның болашағы негізгі 3 міндеттің қаншалық табысты шешілетініне байланысты.

Бірінші – саяси міндет. Сөз ТМД-ны көпжақты ынтымақтастықтың, саяси проблемалары, соның ішінде дау-шарлар мен қақтығыстарды шешудің тиімді тетігіне айналдыру турасында болып отыр. Шынтуайтына келгенде, осы мемлекеттер ТМД-ның қажеттігіне сене ме өзі? Егер бұл ұйым олардың нақтылы проблемаларын шешуге көмектесе алмайтын болса ше?

Екінші – экономикалық міндет. ТМД баршаға пайдалы тиімді интеграциялық жүйе жасалғанда ғана мызғымас одаққа айналады. Мейлі оны «еркін сауда аймағы», «Бірыңғай экономикалық кеңестік» немесе «ортақ базар» деп атаса – одан мәні өзгермейді. Бәрінен де Достастық елдері экономикасының ортақтығына, олардың өзара толықтырулары мен өзара қолдауларына негізделген мұндай жүйенің өз базарындағы бағытынан аумай, ресурстарды дамыту үшін қажеттілерді жинақтап, біріктіріп отыратыны маңызды.

Үшінші міндет – стратегия таңдау. Қазіргі үлгі ТМД-да қалыптасқан ақиқаттарды айғақтайды. Мәселе 10 жыл өткеннен кейін ТМД елдерінің экономикалық және саяси жүйелерінің даму қарқынының, сондай-ақ сыртқы саяси басымдықтарының бір-бірінен күрт дараланатымен-ақ ізерленеді. Сондықтан да бүгін сөз шын мәнінде Достастықтың жаңа тұжырымдамасы жайында болуға тиіс. Тұрақтылықты, қауіпсіздік пен мемлекеттердің егеменді дамуын кепілді қамтамасыз

ететін, ТМД халықтары мен мемлекеттерінің экономикасын көтеру мен болашақ гүлденуінің келешегіне жол ашатын өзара іс-қимыл жүйесін қалыптастыру қажет.

**Құрметті әріптестер!**

Бүгін ұжымдық қауіпсіздіктің, терроризмтің, экстремизм мен сепаратизмнің одан әрі жымысқы таралуының күрмеуі қиын мәселелерін талқылау айрықша маңызды. Блоктық тайталастың тайдырылуынан әлемнің тұрақтырақ болмағанына келісесіздер ғой деп ойлаймын. Қауіпсіздіктің қатері орын ауыстырған сайын күрделі де өткір сипат алып отыр. Бұл тұрғыдан ТМД мемлекеттерінің бірде-бірі қауіптен сақтандырылмаған. Оның мысалдары көз алдында қаптап тұр.

Алдымызда қазір қауіпсіздікті, егемендікті, шекаралардың мызғымастығын және осы заманғы сын-қатерлер мен қоқан-лоқыларға күш біріктіріп қарсы тұру міндеттері бар. Белгілі 1 жағдайда 1992 жылғы мамырда Ташкентте қол қойылған ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі шарт олқылықтың орнын толтырғандай. Егер жетілдірілуінің бастапқы кезеңінде Шарттың нақтылығы аздай көрінсе, бейімделе келе нақтылы шешімдермен толығып, ол қауіпсіздікті қолдау мен ықтимал қатерге қарсы тұрудың нағыз тетігіне айналды. Қазақстан бұл

Шартқа қатысуын маңызды санап, ДКБ аясындағы өзара іс-әрекет пен ынтымақтастықтың тереңдей түсуін қуаттайды.

Қазақстанның халықаралық тұрақтылықты нығайтуға арналған 1 ерлігін қысқаша айта кеткім келеді.

Біз көп бағытты сыртқы саясаттың ұстанушысы болып қала береміз, мұның мәні алуанқұқықты және өзара пайдалы қатынастарды жақын және жырақ көршілермен орната беру. Біз теңқұқықты серіктес ретінде әлемдік қауымдастық пен әлемдік экономикаға кірігуге ұмтыламыз.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан қауіпсіздіктің құрлықтық жүйесін жасаудың бастамашысы болды, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөнінде Кеңес шақыру идеясын ұсынды. Қазақстан сондай-ақ ұлан-байтақ өңірде әскери-саяси сенімді нығайтуға ықпал ететін Шанхай үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылады. Өкінішке орай, ТМД тетіктері белгілі 1 уақытқа шейін терроризм, экстремизм, сепаратизм және есірткі бизнесіне қарсы күрес қаруы ретінде қаралмады. Сондықтан Достастық шеңберінде Терроризмге қарсы орталықтың құрылуы оң іс болды және бұл шешім қауіпсіздік саласындағы аса маңызды бірлескен құжаттардың бірі. Орталықтың кезекті жалған мемлекетаралық ұйымға айналуына жол беруге болмайды. Орталыққа шешім

шығарудағы дербестіктің белгілі 1 деңгейін беру қажет. Оны халықаралық терроризммен күрестің 2003 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасын жүзеге асыруға, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес саласындағы басқа да халықаралық ұйымдармен, институттармен ынтымақтастығын нығайтуға бағыттау керек. Үйлестірудің, өзара сабағат алмасу мен жедел шешім қабылдаудың дәл тетігі де қажет.

Қазақстан өз тарапынан халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күреске қандай да болсын ықпал жасауға әрқашан әзір.

Тұтас алғанда, біз ТМД-ның еуразиялық кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздіктің факторы ретінде маңызды рөл атқаруға тиіс екеніне және атқара беретініне кәміл сенеміз.

**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «100 жылға татитын 10 жыл» атты**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2001 жылғы 16 желтоқсан

**Қымбатты қазақстандықтар!**
**Қадірлі достар!**
**Құрметті қонақтар!**

Бүгінгі күннің еліміздің тарихындағы, халқымыздың тағдырындағы алатын орны ерекше. Бүгін – біздің өміріміздегі ең ұлы, ең үлкен қасиетті ұлттық мерекеміз.

Иә, осыдан 10 жыл бұрын тәуелсіз Қазақстан Республикасы дүниеге келген еді.

Осы жылдардың ішінде бұл жолдың сорабын алдымен Түркі қағанатын, кейіннен Қыпшақ конфедерациясы мен Қазақ хандығын құрған өзіміздің ұлы бабаларымыздың бұдан 1,5 мың жылдан астам уақыт бұрын тартқанын біз есімізден шығарған емеспіз.

Ойлансақ, армандағанымыз, аңсағанымыз осы емес пе еді! Бүгінгі күні, менің білуімше, көкірегі ояу кез келген азамат Тәуелсіздік маған емес, бізге, менің еліме не берді, қолымызды неге жеткізді деген сауалды өзіне қоймай тұра алмайды.

Осы мінбеде тұрып, ағымнан жарылып: бұл сауалдар менің өзіммен ілесе жүретін күнбе-күнгі серігім екенін, жатсам-тұрсам ойымнан еш кетпейтін қымбат сырласым, басқан қадамымды, көкейдегі ойымды аңдып тұратын сыншым екенін айтуым керек.

Көне «Күлтегін ескерткіші» жазуында: «Елін елдікті етті, жауын бейбіт етті», деген сөздер бар екен. Осыдан мың жылдан көп бұрын айтылып, тасқа қашалған бұл сөздер біздің басымыздағы бүгінгі жағдайға тікелей қатысы бар сияқты.

Ендеше біз, ең алдымен, осы жылдар ішінде шындығына келгенде, осындай биікке көтеріле алдық па, барлық жағынан да еркіндікке жете алдық па дейтін ең салмақты сауалға ашық жауап қайтаруымыз керек.

Біз ғасырлар бойы сан ұрпақтың санасына сартаптанып сіңісті болып кеткен бодандық сезімінен, тоталитарлық жүйенің бойымызды әбден меңдеп алған енжарлық, масылдық дертінен ақыр аяғына дейін аршыла алдық па?

1 жәйттің басы ашық. Біз осы жылдар ішінде, сөз жоқ, талай ондаған жылдарға татырлық жолдан өттік. Біз еркін тыныстайтын, еңсе жазатын күйге көштік. Біздің санамызды, зейін-зердемізді, жанарымызды тұмшалап келген бірталай көнерген сарқыншақтардан, теріс пайым-ұғымдардан арыла алғанымызға да күмән жоқ.

Яғни, жоғарыдағы көп сауалдарға да қанағаттанарлық жауап бере аламыз. Барлығын бірдей шешпесек те, бағытымыз дұрыс дей аламыз.

Адам кешегісімен, қазіргісімен және келешегімен өмір сүреді. Қазіргі сәт тез өтеді, тез кешегіге, өткенге айналады. Яғни, біз өмір бойы келешекке ұмтылумен ғұмыр кешеміз.

**Қымбатты қазақстандықтар!**
**Қымбатты серіктестерім, қадірлі меймандар!**

Бүгін күллі еліміз, барша отандастарымыз, сырт жерлердегі достарымыз Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығын мерекелеу үстінде.

Бұл күн – менің өмірімдегі ең қасиетті күн, ал бүгінгі сөзім – өздеріңізге еліміз енді тәуелсіз ел

болды деп жарияланған сәттен бергі ең 1 жауапты сөзім.

Өйткені бүгін мен халықтың өзі сайлаған мемлекет басшысы, Қазақстанның тұңғыш Президенті ретінде, 1 қарағанға, қарапайым, ал іс жүзінде өте күрделі сауалдарға жауап қайтаруым керек.

Тәуелсіздік дегеніміз не және ол бізге не берді?

Біз қандай болдық?

Біздің нені сақтауымыз керек, неден арылуымыз керек? Ақыры, бізді алдымызда не күтіп тұр? Бұл сауалдардың күрделі болатын себебі, оларға қайтарылатын жауап біздің әрқайсымызға, сөйте тұра біздің бәрімізге – ортақ тағдыр біріктірген халыққа, Қазақстан азаматтарына арналуы керек. Біз өз қолымызбен тұрғызып жатқан елдің азаматтарына, біздің болашағымыз байланысты елдің азаматтарына арналып отыр.

Ақыры, біз бүгін КСРО аталған ел мен оны басқарып келген жүйе арасындағы айырмашылықты айқын бағамдай бастадық.

Өткен жылдар биігінен біз елдің ыдырауы мен сол жүйені жоюдың арасындағы айырмашылықты да анық бағамдап отырмыз.

Алайда, тоталитарлық, томаға-тұйық қоғамды тәрк ете отырып, біз экстремизмнің, нарықтық радикализмнің әкелетін қатерін де, қоғамымыздың тұрақтылығына төнген басқа да қауіпті терең сезіне бастадық.

Біз көп ұлтты мемлекетте өмір сүрудеміз. Қазақстандықтардың сан ұрпағының еңбегі де, еліміздегі барлық халықтардың жан-тәні мен тағдыры да осында.

Біз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Біз бірлесіп жаңа ел орнаттық. Біз тәуелсіздікке талай тауқымет тартып жеттік. Біз оның мәнін терең сезіндік.

Ендеше бүгінгі күн – біздің ортақ қуанышымыз, біздің ортақ жеңісіміз.

Сіздерді, менің қымбатты отандастарым, осынау жарқын мерекемен құттықтаймын!

**Қымбатты қазақстандықтар!**

Осыдан 10 жыл бұрын біздің еншімізге жан тәсілім етуге жуық экономиканың жұрнағы тиді, алайда соның өзін де игеру мен зерделеу керек болды, өйткені республика бұрын өз әлеуетінің үлкен бөлігін басқарып көрмеген еді.

Біздің қолымызға өлшемдері тұрғысынан жаңа Қазақстанның мүддесіне жауап бермейтін теміржол, автомобиль жолдары, энергия жүйелері мен құбыр желілері тиді.

Біздің қолымызға әлемдік қалыптарға мүлде маңайламайтын толып жатқан кәсіпорындар мен жабдықтар тиді.

Біздің қолымызға ахуалы мүшкіл ауылдары мен селолары қаптап жатқан экстенсивті ауыл шаруашылығы тиді.

Жаңа мемлекеттің Конституциясы да, нышандары мен рәміздері де болған жоқ.

Біздің бүкіл заңнамамыз басқа идеологияға, басқа елге, басқа мақсаттарға лайықталған еді.

Алайда сол жылдары жаңа жағдайда не істеу кажет екенін білетін адамдар бәрінен де қат болды. Біз ескіше өмір сүруге болмайтынын түсіндік, дегенмен өзімізге не керек екенін, нені қалай істеуіміз керек екенін білмей дағдардық.

Бәрін де іс жүзінде тақыр жерден бастауға тура келді, дегенмен бәрінен де бұрын басты бағытты тандап алу қажеттігі туды. Ең алдымен, нақтылы егемендікке, елімізді сыртқы дүниенің тануына қол жеткізу қажет еді.

Қазақстан дүние жүзінде бірінші болып өз еркімен ядролық қарудан бас тартты. Мұны жаһандық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға, Жер бетіндегі бейбітшілік ісіне қосылған тендесі жоқ үлес десек, ешбір асыра айтқандық емес.

Сонымен қатар, бұл өз қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге қосылған ең қомақты үлес.

Осы орайда біз әлемнің барлық ресми тұрғыда танылған ядролық державаларының Қазақстанға бірлескен және жан-жақты қауіпсіздік кепілдіктерін беруіне қол жеткіздік.

Осы жылдардың ішінде Қазақстан ҚХР-мен, Түрікменстанмен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен арадағы шекара мәселелерін толығымен

реттеді. Бұл орасан зор тарихи маңызы бар оқиға. Жүздеген жылдарға созылып, біздің ұлы бабаларымыз армандап қана келген мәселе ақыры шешімін тапты. Таяу уақытта Ресеймен арадағы барлық шекара мәселелері шешілетін болады.

«Шанхай бестігі» шеңберінде қабылданған шаралар аса аумақты географиялық кеңістікте сенім, серіктестік пен тұрақтылық саясатының негізін қалады.

Бұл да – орасан зор тарихи маңызы бар жайлар. Өйткені өзінің қауіпсіздігіне барынша сенімді ел ғана ойдағыдай дами алады.

1992 жылғы 7 мамырда менің жарлығыммен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Мұнда да біздің бәрін «ақ парақтан» бастауымызға тура келді: әскери шеріктерде штаттағы офицерлік құрамның 40–45 %-ы ғана қалып, әскерлерді басқарудың біртұтас жүйесі жоқтың қасы еді, қолымызда тозған техникаға толы қоймалар қалды, тәжірибелі ұшқыштар мен жағармайдың жоқтығынан ұшпайтын ұшақтар қалды, басқарусыз әуе қорғанысы жүйесі қалды.

1992–1998 жылдар ішінде біз Қарулы Күштерімізді қайта құрып, ал 1999 жылдан бастап оны түбегейлі реформалауға көштік.

Осы жылдардың өн бойында менің іс жүзінде күн сайын әскери құрылыс мәселелерімен шұғылдануыма тура келді, бүгін мен біздің

офицерлеріміз бен генералдарымыздың өтпелі кезеңнің барлық ауыртпалықтары мен қиындықтарынан абыроймен өтіп, еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткенін айтуым керек.

Жұрттың баршасы бірдей байыбына барып пайдалана білмеген шексіз бостандық берілген тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекетаралық егестерге, ұлтшылдық сезімнің өріс алуына, қоғамдағы 1 топтың келесі бірі топтарға тиісуіне жол бермеу ерекше маңызды болды. Сонымен қатар, тәуелсіздік жағдайында еліміздің өз ішінде дербес шешімдер қабылдауға дағдылану да қажет болды.

Демократия негіздеріне көшкенде, біздің әуелгіде оған табынатын тылсым ретінде ғана қарап, оны орнымен пайдалана білуді үйренетін құрал ретінде көзге ілмеген де кездеріміз бар.

Өз ерекшеліктерімізді ескермей, шет елдердің тәжірибесін бас-көзсіз көшіруге ұмтылған кездеріміз де жоқ емес. Соның салдарынан зардабын күллі қоғамымыз сезінген іркілістерге де ұрындық. Дегенмен, біз қауіпті әрдайым жіті аңдап, өз жауапкершілігімізді сезіне білдік, міне, мұның өзі біздің шыдап шығуымызға мүмкіндік берді.

Сонымен біз тәуелсіз мемлекет құрдық. Өз тарихымызда тұңғыш рет осындай қалыпта,

осындай аумақта құрдық. Біздің уақытымыздың бұлжымас фактісі, міне, осы!

Біз цензураға конституциялық тұрғыда тыйым салып, сөз бостандығын жария еттік. Біз ашық плюралистік қоғам қалыптастырдық. Біздің елімізде болып қайтқан мыңдаған шетел журналистерінің ешқайсысы өзінің кәсіптік қызметін атқаруда ешқандай кедергіге кезіккен емес. Сырттан көз салған оларға біздің «оң-терісіміз» тасқа таңба басқандай айқын көрінгеніне сөз жоқ. Алайда біздің елімізден алған әсерлері жайында менімен пікір алысқан кездерінде әлемдегі ең әйгілі деген бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері біздің адамдарымыздың ашықтығын, әлемнің көптеген, тіпті ең 1 дамыған елдерінің өзінде мұндай еменжарқындықтың ұшыраспағанын талай мәрте айтқан еді.

Сонымен 1 мезгілде біздің экономика негіздерінің өзін түбірінен өзгертуімізге тура келді.

Дұрыс шешімін таппаған экономика терең дағдарысқа ұшырады. Инфляция шарықтады. Банк жүйесінің кемшіндігі сауданы тұқыртып, төлем тапсырымдарын орындау айларға созылып кетті.

Ахуалды ауырлатып айтып тұрғаным жоқ, расы сол. 1990 жылдардың басында біз құздан құлауға

шақ тұрдық. Қазақстанда 1990–1994 жылдары өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі тең жартысына кеміп кетті. Ауыл шаруашылығында құлдырау үштің біріне дейін жетіп, ал көлік тасымалы тіпті үштен екіге кеміді. Өнеркәсіп алыптары тоқтап, жұмыссыздық өршіді, жаппай экономикалық қоныс аудару басталды. Мемлекеттің өз кәсіпорындарын басқаруға дәрмені жетпей, олар өнім сатуға емес, қоймаға жұмыс істеп жатты.

Сол кездегі «қызыл директорлардың» сауатсыздығы-нан өндірістік сектор қарызға белшесінен батты.

Айналым қаражаты мен өнім сатудан түскен ақша шетелдерде тамыр байлап немесе қалталарға түсіп кетіп жатты. Сондықтан да ол директорларды қазір еш жерден көре алмайсыздар.

Барлық учаскелерде де қаражаттан қатты зәрулік көрдік. Зейнетақы, жәрдемақы мен жалақы төлемсіздігі созылмалы сипат алды. Заттай төлем мен айырбас жаппай белең алды.

Елімізге соғыс пен күйзеліс заманындағыдай кәдімгідей ашаршылық пен жүдеп-жадаушылық қатері төнді. Экономикада батыл да жүйелі, жігерлі де жедел өзгерістер жүргізуді өмірдің өзі талап етті.

Қуатты атқарушы биліктің тік сатысы болмайынша, мұны іске асыру мүмкін емес еді. Жаңа адамдар, жаңа экономикалық стратегия

талап етілді. Ал оны жүзеге асыру жолындағы кедергілерді серпіп тастау керек еді.

Біз Конституция қабылдадық, онда билік құрудың жаңа қағидаттарын бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтарын қорғауға алдық. Біздің басты жетістіктеріміз – 1995 жылы бүкіл халқымыз қабылдаған осы Конституцияның жемісі.

Президенттің өкілеттіктерін пайдаланып, мен конституциялар аралық кезеңде 1995 жылы заң күші бар 140-тан астам жарлықтар шығардым, соның нәтижесінде бүгінгі күні өзіміз мақтан тұтатын реформаларымызды жеделдетуге мүмкіндік берген батыл, тоқтамды әрі жедел өзгерістерді жүзеге асыруға жағдай жасалды.

Еліміз экономиканы мүлде жаңа арнаға бағыттаған нарықтық, әлемдік қалыптарға сәйкес заңдарға ие болды.

Біздің банктеріміз түбегейлі өзгерді. Принципті жаңа бюджет және салық жүйелері түзілді, баға мен саудаға ырық берілді. Біз 1993 жылы дербес макроэкономикалық саясат жүргізуімізге мүмкіндік берген өзіміздің ұлттық валютамызды енгіздік.

Қысқа мерзімнің ішінде, 1992 жыл мен 2000 жылдың аралығында, экономикадағы реформалар мен оны барынша жекешелендірудің 4 бағдарламасы әзірленіп, Президенттің жарлықтарымен бекітілді.

Белгіленген бағдарламаларды дәйекті жүзеге асыру экономикамызды терең құрылымдық реформаларға бастады. Осы жылдардың ішінде жеке меншік, кәсіпкерлік, шағын бизнес белсенді түрде енгізіліп, оларға қолдау көрсетілді.

Нарық өзгерістерін бойына дарытпай келген кеңестік ұжымшар-кеңшар жүйесі келмеске кетті.

Мыңдаған орта және ірі кәсіпорындар сатылды немесе жеке меншіктің басқаруына берілді, менеджмент алмасты.

Билік органдарына ескі жүйенің сартап қағидаларынан ада, жаңаша пайымдайтын білімді жастар батыл тартылды. Еліміздің экономикасы даму жолына түсіп, біртіндеп азаматтарымыздың әл-ауқаты жақсара бастады.

Сөйтіп, экономика мен өмірімізді тоталитарлық жүйенің сарқыншақтарынан батыл әрі аяусыз аршу жүзеге асырылды.

Дегенмен төңкерістің үлкені сол кезде нақ қазақстандықтардың санасында жүріп жатты, біздің баршамыз ендігі жерде өз тағдырымыз, өз отбасымыз, өз дәулетіміз үшін өзіміз жауапты екенімізге әбден көз жеткіздік.

Экономика мен мемлекет ретке келе бастады. Адамдар ауыр ұйқыдан оянғандай, өткеннен бойын аршып, жаңа өмірге ықылас қоя бастады.

Соған қарамастан, дамыл аларлық уақыт болмады. Ендігі жерде олқының орнын толтыру

керек еді. Еліміз стратегиялық маңызды ұзақ мерзімді шешімдерден зәрулік көрді.

Біздің өзіміз де, сыртқы дүние де Қазақстанның қайда, қандай мақсатқа ұмтылып отырғанын және қай бағытқа беттегісі келетінін түсінуге тиіс еді. Баршаға, әсіресе саналы ғұмырын енді бастаған, бағдары болмаған жастарға өзіндік 1 дәл де айқын «дабыл белгісі» қажет болды.

1997 жылдан бастап біз өзіміз осы сұрақтардың бәріне жауап қайтарған ұзақ мерзімді 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес іс-қимыл жасауға көштік.

Бұл тұжырымдамалық стратегиялық және тактикалық сипаты бар, біздің басымдықтарымыз, оларға жетудің жолдары мен әдістері айқын бейнеленген құжат.

Әрине, әлемдік және ішкі проблемалар өмірімізге өз түзетулерін енгізбей тұрмайды. Дегенмен негізгі тұжырым айқын: ақылға қонымды реттелетін ашық рынок қалыптаспайынша, сыртқы және ішкі инвестицияларға қолайлы жағдай туғызбайынша, экономиканың өркендеуі мүмкін емес.

Біз өзіміздің бейбітшілікті сүйетінімізді, бүкіл әлемде кімге де болсын, қандай да 1 наразылығымыздың жоқ екенін мәлім еттік. Алайда, сырттан қатер төнген жағдайда, ортақ шаңырағымызды, өз жерімізді қорғауға әзір екенімізді де ескерттік.

Біз өзімізге ең қымбат нәрсе еліміздегі бейбіт өмір мен татулық, тыныштық екенін, баршаның және әркімнің ортақ мақсат жолындағы бірігуі екенін қуаттадық.

Біз өзіміздің экономикалық және әлеуметтік басымдықтарымызды жария еттік, ал олар болса, қарапайым қазақстандықтарға да, айдай әлемге де түсінікті дүниелер.

Ақыры, біз болашақ мемлекетіміздің әлеуметтік бағытын және оны халқымыздың мүддесі үшін жетілдіру жолдарын айқындадық.

Белгіленген стратегия бүкіл осынау жылдары нық сеніммен жүзеге асырылып жатыр.

Мейлінше қысқа мерзімнің ішінде біз жаңа байтағымыз – Астананы көтердік. Ол елімізге аса қажет, баршаны өзіне тартып тұратын ірі өңірлік орталыққа; осы заманғы технологиялар мен инфрақұрылымды «сынақтан өткізу» орталығына; экономиканы өркендетудің екпінді қозғаушысына; шетел компаниялары тарапынан көрсетілген күшті бәсекелестік жағдайында отандық құрылыс индустриясы дамуының қуатты серіппесіне; автожолдарды, тұтас алғанда көлік саласын күшті дамытушыға айналды.

Астананы өркендету облыстар арасындағы байланысты күшейтудің және жаңа рыноктар ашудың тегеурінді ынталандырғышына айналды. Мемлекеттік аппарат толық жаңарды. Қажыр-қайрат пен жасампаздықтың жаңа рухы біздің

алып еліміздің орасан зор стратегиялық маңызды өңірін баурап алды.

Мұнда өнерді, ғылым мен білімді дамытуға айрықша жағдай туды. Біздің еліміздің түрлі мәдениеттері мен алуан ойлы адамдары рухының жан жадыратарлық өзара астасуы іске асты.

Астанада осы заманғы қалалық сәулетшілік-тұрмыстық мәдениет қалыптасу үстінде. Ол еліміздің барлық өңірлері үшін өнегеге айналды. Басқа өңірлер Астана өнегесіне сүйеніп, өздері көптен күткен жаңғыртуға кірісті.

Осының бәрін біз істедік!

Көптеген күмәншілдерді де көзге ілгеміз жоқ. Әлемдік қаржы дағдарысына да қарағамыз жоқ. Бұл – біздің қабілетіміздің, мүмкіндіктеріміздің, күш-қуатымыздың, ой ниетіміз бен табандылығымыздың ең үздік белгісі.

Біз өзіміздің қандай жағдайда болсын, өзгерістерге әзір екенімізге және оларды жүзеге асыруға қабілетіміз жететініне күллі әлемнің көзін жеткіздік, ең бастысы бұған өз көзіміз жетті.

1998 жылдан бастап, біз зейнетақы жүйесіндегі, мемлекеттік қызметтегі, сот төрелігіндегі, білім беру мен денсаулық сақтаудағы ұзақ мерзімді реформаларға кірістік. Ауылда да айтулы өзгерістер жүзеге асырылды.

Стратегиямыз барлық бағыттарда жұмыс істей бастады. Алайда тағдыр бізді тағы да сынға

салды. Біз 1997–1998 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысының соққысына ұшырадық.

Еліміз зауыттардың тоқтап қалу, жаппай жұмыссыздықтың етек алу, аса күшті бюджеттік дағдарыс, зейнетақы мен жалақының төленбей қалу қаупіне қайтадан кезікті.

Біз ойға алғанымыздың талайын ығыстырып қоюға мәжбүр болдық, қарқынымыздан да көз жазып қалдық, тұрмыс деңгейі тағы да төмендеп кетті. Алайда экономиканың құлдырауына жол берілген жоқ, ол өзінің бекемдігін дәлелдеп шықты.

Дағдарыс тағылымдары бізді реформаларды бұрынғыдан да ширақ жүргізуге итермеледі, бюджет шығындарына, үнем тәртібіне жаңаша қарауды талап етті.

Ең бастысы біз ақшаның құны мен резервтердің стратегиялық маңызын бағамдауға үйрендік, ал елімізде тиісті резервтер жинақталған еді.

Дағдарыстар келіп-кетіп жатады. Ауыртпалық салғанына қарамастан, олар, сайып келгенде, тоқыраған тұстарда экономиканы сауықтыруға, ал бәрінен бұрын ерік-жігерімізді жұмылдыруға, жинақы да ұйымшыл болуға жәрдемдеседі.

Соңғы 3 жылда экономикамызда тұрақтылық білінді, зауыттарымызға жан кіріп, жұмыс істей бастады, ауылдар да етек-жеңін жиып, қалалар мен аудан орталықтары көркейе бастады, еліміз өркендеу сатысына қадам басты.

Мен бұл туралы бүгін неге нық сеніммен айтып тұрмын?

«Әлемдік тәжірибе (Жапония, ҚХР) көрсетіп отырғандай, жинақтау нормасы 15 %-дан төмен болмайтын деңгейге жеткен кезде экономиканың тұрақты өсуі басталады. Қазақстан биылғы жылы жалпы ұлттық табыстың 25 %-ын тарта жинақтау деңгейіне шығады. 2001 жылы банктер берген несие көлемі 460 млрд теңгені (3 млрд доллардан астам) құрады. Ұлттық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 1994 жылғы тамыздағы 340 %-дан биылғы жылы 9 %-ға дейін төмендеді.

Соңғы 5 жылда ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ-нің) нақты өсімі Қазақстанда 26 % деңгейіне жеткенін атап көрсеткім келеді. Мысалға, бұл көрсеткіш Венгрияда 26,2 %, Польшада 24,4 % болды. Нақ осы кезең ішінде инфляция біздің елімізде 52,1 %, Польшада – 49 %, Венгрияда 70 %-ды құрады.

Биылғы жылы инфляция бізде 1992 жылғы 3061 %-дың орнына 7 %-дан төмен мөлшерге түседі.

Осынау 2 макроэкономикалық көрсеткіш, тіпті ТМД емес, Шығыс Еуропа елдерімен салыстырғанда, Қазақстанды осал жағынан сипаттамаса керек.

Экономиканың осылайша өркендеуінің нәтижесінде еліміз жыл сайын өз азаматтарының

зейнетақысы мен жалақысының мөлшерін өсіре бастады.

Біздің экономикамызда шетел инвестицияларының атқарған рөлі орасан зор. 1993 жыл мен 2001 жыл аралығында Қазақстан 14,7 млрд доллар мөлшерінде инвестициялар тартса, мұның өзі ТМД елдеріндегі барлық шетел инвестицияларының үштен біріне жуығын, ал Орталық Азия мемлекеттері инвестицияларының 80 %-дайын құрайды.

Егер кімде-кім Қазақстанға инвестициялар оның орасан мол ресурстарына бола ағылып жатыр деп санаса, оның қатты қателескені.

Жеке инвесторлар кірістің жоғарылығы мен тәуекелдің аздығына қарай ақша салатыны мәлім. Жақын таныса келе, олар дағдылы сауалдарын қояды. Өнім мен пайданы қалай әкетеміз? Сіздердегі тарифтер, салықтар, жеңілдіктер, шығындар қандай? Елдеріңіздегі және заңдарыңыздағы тұрақтылыққа кепілдіктер бересіз бе?

Иә, шетел инвесторы есепшіл, кейде тіпті қатыгез, өйткені ол пайданың есебінен күн көреді, яғни пайда алар жерде ғана қаражат жұмсайды. Уағдаласқан адамына оның сенуі керек. Демек, олар бізге сенеді.

Соңғы жылдары біз ірі құрылыстарға, көптеген өндірістік салаларды жаңалауға кірістік. Әркімнің өзі үшін және өзінің отбасы үшін

жеке жауапкершілік сезімі терең тамыр тартты, адамдар өзін мүлігі мен өндірген өнімінің иесі сезіне бастады, ал мұның, әсіресе, ауылды жерлердегі маңызы өте-мөте зор.

Қазіргі тарихымызда тұңғыш рет біз алыс мақсатымыз немесе келешегіміз жайына келгенде, нақты жүзеге асқан іс ретінде тұрлаулы, қалыпты әрі болжаулы ертеңгі тіршілігіміз туралы толғана бастадық.

Шағын бизнестің дамуы, яғни 1 млн 600 мың адамды қамтитын шағын және орта кәсіпорындардың бүгінгі 400 мың субъектілерінің жұмыс істеп жатуы – біздің реформаларымыздың дұрыстығының тағы да 1 мығым дәлелі.

Шағын кәсіпорындардың еліміздің ішкі жалпы өніміндегі үлесі іс жүзінде тұлдырдан тура 18 %-ға дейін өскен екен.

Біз өзіміздің қазіргі тарихымызда тұңғыш рет тұрлаулы, қалыпты ертеңгі тіршілігіміз турасында, 1 кездегідей бұлыңғыр мақсатымыз бен келешегіміз ретінде емес, іске асқан мұрат, үмітімізді ақтаған уақыт ретінде ауызға ала бастадық.

Біз бүгінгі таңда мақтан тұтатын: бостандық, ашықтық, ырықты саясат пен экономика сынды дүниелерге жүздеген және ондаған жылдардың өн бойында демократия дегенді білмеген, еркін ой-пайым атаулы аяусыз басып-жаныштalып келген елде қол жетіп отыр.

Бұған бүгінгідей уақыттың өзінде, көптеген елдерде адамның қарапайым құқықтарының өзі бұзылып, миллиардтаған адам аш-жалаңаш, мешеу күй кешіп жатқан, ал демократия өскіні тіпті тамыр тартпаған кезде қол жетіп отыр.

Мұның өзі жаңа кісі өлімі, террорлық әрекеттер, жаңа соғыс өрттері, жаңа құрбандар туралы хабарларға етіміз үйреніп кеткен бүгінгідей халықаралық жағдайдың өзінде мүмкін болып отыр.

Мұның бәрі де бізді терең ойға жетелейді. Өйткені әлемдегі ең 1 көпұлтты әрі ең 1 көпконфессиялы елдің тағдыры сіздер мен біздердің қолымызда.

Сондықтан да біз мұны пайымдау өзіміздің даму жолымыздағы кедергі емес, қайта ішкі серпін беруші күшке айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіспіз, тегінде тағдыр бізге осы саналуандықтың өзінен жақсылық табуды жазып отыр.

Біздің қоғамымыздың ішкі тінін бүлдіруге әрекет жасап келген және әлі де жасай беретін күштер аз емес. Егер біз өз қалыптасу жолымыздың өткен 10 жылын татулықта өткізсек, мұның өзі тіпті де бүкіл әлем және біздің өзіміз тоталитаризм мен реакцияның дертінен әбден айықтық деген сөз емес.

Ғаламшарда болып жатқан оқиғалар баршамызды өзіміздің қаншалықты қорғалғанымыз,

қауіпсіздігіміздің қаншалықты қамтамасыз етілгені жайында ойлануға мәжбүр етеді.

Адамдардың нәсілдік, діни, ұлттық және әлеуметтік бөлінісі әлі де күллі әлемнің мәңгілік мерезі болып келеді. Экстремизмнің түп-тамыры да, міне, осында бұқпантайлап жатыр.

Теріс түсінік, ұлттың ауызбірлігінің жоқтығы және діни, саяси немесе әлеуметтік себептерді бетперде тұтатын, адамға деген құрмет сезімінің болмауы әлемнің түрлі елдерінде миллиондаған адамдардың өмірін азапқа айналдырып отыр.

Біз мемлекеттің қолында бар, өзіміздің көп ұлтты Отанымыздың әрбір азаматының қолында бар мүмкіндіктерге сүйеніп, ортақ шаңырағымыздың аясындағы – Қазақстан Республикасындағы достықты, сыйластық пен сенімді, татулық пен тұрақтылықты сақтауға міндеттіміз. Өзіміздің осы алтын қазынамызды ешкімнің де бүлдіруіне жол бермеуіміз керек.

**Қымбатты отандастар!**

Бұл жылдардың ішінде біз қатты өзгердік. Өткен уақыт біздің бойымыздағы әділетті аңсау сезімін ұштай түсті, біз өзімізге де, өзгелерге де талапшыл бола түстік, билікке де, өмірдің өзіне де талапшыл бола түстік.

Біздің осынау онжылдық мерекеміз – ұзақ жолда тыныққатын белес емес, өткенімізді ой елегінен өткізіп, екшейтін уақыт.

Кей сәттерде біздің бойымызды мақтаныш пен қаяулық, сенім мен мазасыздық, ширығу мен шаршаушылық сезімі қатар кернейді.

Жетістіктеріміз менмұндалап тұрғанмен, әлі кемшіндеріміз де аз емес. Біз еліміздің алдынан тосын тосқауылдардың, әсілінде өзіміз мүлде естен шығарған ескі тосқауылдардың көлденең тұра бастағанына да көз жеткізе бастадық.

Біз шенеуніктердің біліксіздігі мен өзімшілдігін, жауапсыздығы мен адамдардың мұқтажына енжарлығын түбегейлі еңсеруіміз керек екенін көріп отырмыз.

Билік пен бизнестің өзара астасып кетуінен арылуымыз керек.

Біз демократия мен сөз бостандығы мәдениетіне үйренуге тиіспіз, бұл ұғымдарды орынды-орынсыз пайдалана бермеуге, балаң демократиямыздың келбетіне көлеңке түсірмеуге тиіспіз.

Біздің өндірісті ұйымдастыруға, еңбек өнімділігін көтеруге, жаңа технологияларды енгізуге, жұмыс пен өнім сапасын арттыруға, бәсекеге қабілетті болуға үйренуіміз керек және сыртқы рынокқа шығуымыз керек.

Сонымен бірге біздің нақтылы жағдайды әлдеқайда терең бағамдауымыз шарт. Әлемдік экономикалық пайым соңғы жылдары барған сайын «таза капитализм» дегеннің де, «таза нарықтық экономика» дегеннің де жоқ екені турасындағы тұжырымға көбірек ойыса бастады.

Біз мемлекеттің жаңа дәуірдегі, жаһандану, ғылыми-техникалық пен әлемдік реттіліктің қайта құрылуы заманындағы рөлі мен орнын терең бағамдауға тиістіміз.

Біздің алдымызға тарих тағы да қиын таңдау жасау қажеттігін көлденең тартып отыр. Алайда, ілгері кетіп, көп дүниені өзгертуге кіріскендерге ілеспей, бірден қоғамдық қатынастардың кажетті «тұсы мен уақытынан» дер кезінде табылуға мүмкіндік те беріп отыр.

**Қымбатты отандастар!**

Біздің алдымызда әлі де көптеген қиындықтардың, жаңа сынақтар мен проблемалардың бар екенін айтпай тұра алмаймын. Біздің алдымызда іштей тазару мен ірі өзгерістердің оңайға түспейтін сілемі жатыр.

Егер біз дұрыс шешімдер таба алмайтын болсақ, көптеген мемлекеттер мен халықтардың ондай шешімдерді таба білмегені де рас, біздің әлемдік дамудан қағаберіс қаларымыз анық.

Сондықтан, келіңіздер қам жасайық!

Экономикасы өтпелі кезеңдегі ел болашағының 2 нұсқасы бар.

Біріншісі, экономикада қалыптасқан теңгермешілікті қалпында қалдыру, оны үнемі интеграциядан тыс әрі әлемдік рыноктың сырттан бақылау жасалатын пұшпағына айналдыру.

Екіншісі, ең соңы осы заманғы әрі ұтымды технологиялардың негізінде өзінің ғылыми-техникалық әлеуетін жедел қалпына келтіру мен дамыту, өндіріс пен инвестициялардың өсімі.

Біз екінші жолды таңдаймыз – біз экономиканың ұзақ мерзімді серпінді өркендеу әлеуетіне ие, бәсекеге қабілетті және тиімді қазақстандық үлгісін қалыптастырамыз, мұның өзі еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтай отырып, адамдарымыздың тұрмыс жағдайын жақсарту міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Үкімет осы міндеттерді іске асыруға қабілетті болуы керек. Реформалардың заңнамалық арқауы жасалды. Өзгерістердің негізгі бөлігін біз жүзеге асырып үлгердік. Бүгінгі таңда нақты істің адамдары қажет.

Біз билік органдарында кәсіптік даярлығы жоғары, халық пен мемлекеттің мүддесімен өмір сүретін, кісілікті әрі әділ адамдардың жұмыс істеуіне қол жеткіземіз.

Кадр саясатында, болашақ басқарушылар даярлауда түбірлі өзгерістер жүзеге асырылады. Біз мемлекет қызметшілері этикасының жаңа Кодексін әзірлеуді колға аламыз.

Қазақстан демократияландыру жолымен одан әрі ілгері басады. Бұл арада ешқандай күмән-күдік тумаса керек. Өйткені 1 жағынан ырықты экономика құру, екінші жағынан жабық қоғам жасау ешкімнің қолынан келген емес.

Мәселе демократияландырудың мерзімі мен пішінінде емес, оның даму барысын пайымдауға тіреледі.

Өзіміз ылғи да «естен шығара беретін» бірнеше айна-қатесіз ақиқат бар. Нақты демократияның да бірнеше қарапайым ұстындары бар. Бұлар: дамыған орта таптың, заңнамалық арқаудың, нақты азаматтық қоғамның болуы, халықтың саяси мәдениеті, тарихи дәстүрлер және тиісті геосаяси орта.

Мұны ескермейінше, кез келген демократиялық ықылымдар демократияға емес, охлократияға, яғни, қарапайым тілмен айтсақ, бейбастық пен жүгенсіздікке, ақыр соңында қақтығыстар мен ыдырауға әкеліп тірейді.

Өткен ғасырдың басында Ресейдегі патша билігі осындай күйге түсті, 1991 жылы Кеңес Одағы да сол кепті киді. Тарихтың мұндай тағылымдарын ұмытпайық.

Осы жылдардың ішінде біз демократиялық қоғамның негіздерін шындап құра бастадық. Елес сынды орта тап енді шындыққа айналды. Еліміздің заңдары қоғамдық қатынастарды реттеу тетігін толығымен өзгертті. Ел халқы мен саяси элита талай мәрте сайлау көрігінен шыңдалып өтті. Тоталитаризмнің көптеген қасаң қалыптары қиратылды. Тату көршілік қатынастардың сенімді белдеуі жасалды.

Бұларды кім жасады дейтін сауалдың өзі де, меніңше, ең негізгісі емес. Ең бастысы, мұның бәрін де біз экономикалық, сондай-ақ саяси жағынан да ашық қоғам құру үшін жасадық. Әлі де алға жылжи беру керек. Бізге билік тармақтарының жаңа уақыт талабына сай келетін құрылымы мен мазмұны және тепе-теңдігі керек.

Біз экономиканы байсалды орталықсыздандыруға, байыпты жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құруға ұмтылатын боламыз, алайда алдымен барлық деңгейдегі мемлекеттік міндеттерді айқын саралап аламыз, бюджетаралық қатынастарды қайта қараймыз.

Жинақталған тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл мәселелерді шешіп алмайынша, сайлауға байланысты тәп-тәуір идеяны қымбатқа түсетін, демократиялық жаңғыртуларға залал келтіретін саяси «сауық» ұйымдастыруға айналдырып жіберу қаупі бар.

Сот жүйесі өткеннің де, бүгінгінің де кінәраттарынан арылып, өздеріне халықтың, иә, өздерінің халыққа емес, нақ осы іске өкілеттік бергенін есте ұстап, адамдардың құқықтарын қорғауға адал да қалтқысыз қызмет етуге тиіс.

Егер біздің бизнес-элитамыз, мемлекеттік аппарат, сайып келгенде, бүгінгі таңда билік басындағылардың топтың немесе өзінің жеке басының мүддесін емес, халық пен мемлекеттің мүддесін

қорғауға, мемлекеттің қазынасы мен жеке қалтасын шатастырып алмауға тиіс екенін түсінбесе, онда біз тіршілігіміздің сырқатқа ұшыраған тұстарын емдеу үшін, халықтың сау күштеріне өріс аршу үшін мемлекет тарапынан мәжбүрлеуге де баратын боламыз.

Біздің мемлекеттік бүкіл бақылау-инспекциялық жүйесін, соның ішінде қаржы бақылау жүйесін елеулі өзгертуімізге тура келеді.

Енді біраз уақыттан кейін Қазақстан дүниедегі жетекші мұнайлы мемлекеттердің қатарына қосылады. Дегенмен мұнай және басқа табиғат қазынасы – біздің еңбегіміздің жемісі емес. Бұлар – бізге Табиғаттың берген сыйы.

Бұл қазына ерте ме, кеш пе, әйтеуір 1 сарқылады. Жаңа қуат көздерінің табылуы да мүмкін. Бізге өз ұрпақтарымыздың алдында, еліміздің болашағы алдында жоғары жауапкершілік жүктеліп отыр. Сондықтан да бұл қазына ысырап етілмей, қайта қордалана беруге, озық білімге, жаңа зауыттар мен технологияларға айналуы керек.

Сондықтан да жұмыс істеуге қабілетті әрбір жан өз еңбегімен өзіне нан табуға, отбасын қамтамасыз етуге, қарттығының қамын жасауға тиіс. Мемлекет бұған қажетті барлық заңды жағдайлар туғызатын болады, еңбек еткісі келетіндерді, істің көзін білетіндерді қолдайтын болады.

Біз халықтың денсаулығын барынша жақсарту, есірткі мен жұқпалы індеттердің таралу қарқынын тежеу үшін қайрат пен ақылды, керек десеңіз, қатаңдықты қатар жұмсаймыз.

Еліміз үшін осындай маңызды да қауырт проблемаларды шешу үстінде біздің маңызды ұзақ мерзімді міндеттерді іске асыруды да естен шығармауымыз керек.

Өндіріс құрылымын мықтап өзгертетін уақыт туды. Бұл ретте басқа елдерге қарағанда, өзіміздің ежелден артықшылығымыз бар салалар – мұнай-газ және кен-металлургия кешені мен ауыл шаруашылығына басымдықтар бергеніміз жөн.

Біріншіден, басты назарды шикізатты неғұрлым терең өңдеуге, қосымша құнды көтеруге аударуымыз керек. Мұнай химиясын, прокат, металл бұйымдары өндірісін, тамақ өнеркәсібін дамыту керек.

Экспорт кешендерін қамтудың, зауыттарды жаңалаудың жекелеген бағдарламаларын әзірлеу талап етіледі.

Екіншіден, сонымен 1 мезгілде инфрақұрылым мен тиісті салаларды – көлікті, коммуникацияларды, қаржы секторын, геологиялық барлауды, труба, тыңайт-қыш, құрылыс материалдары, машиналар, жабдықтар өндірісін дамыту керек.

Үшіншіден, әлеуметтік қорғау жүйесінің, өндірістік емес саланың реформасын аяқтау керек.

Төртіншіден, таяудағы жылдары өзіміздің негізгі экономикалық серіктестеріміз ретінде Ресеймен және Орта Азия елдерімен ықпалдастығымызды едәуір ілгері бастыруымыз қажет. ЕурАзЭҚ-нің барлық мүшелерімен саясатымыз бен заңнамамызды үйлестіруге қарай қадам жасауымыз керек.

Бұл 4 нақты міндет елімізді дамытудың онжылдық стратегиялық жоспарында баяндалған, бұлардың әрқайсысы үшін Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдер жауап беруге тиіс.

Жедел экономикалық даму үшін біздің қолымызда не керектің бәрі де бар. Біздің жеріміз де, минералдық ресурстарымыз да, азық-түлігіміз де өзімізге қаптал жетеді. Экономика тұрақты сипатқа ие болды. Ірі міндеттерді шешуге жинақтаулар пайда болды.

Болжамдар көрсеткендей, Қазақстан жыл сайын ІЖӨ 5–7 %, ал өнеркәсіп өндірісін 10 % өсіре алады. Дегенмен бұдан да ілгеріге ұмтылған жөн.

Біз экономика мен әлеуметтік саланы өзіміздің жағдайымызға орайластыра дамытуымыз шарт. 1 жағынан, нарықтық радикализмнің белең алуына жол бермеу қажет. Екінші жағынан, экономиканың барлық салаларында: қай жерде нарық күштерін, қай жерде тек мемлекеттің күшін жұмсайтынымыздың, қай жерде бірлесе қимылдайтынымыздың басын ашып алуымыз керек.

Алдағы 10 жылда біз негізінен кедейшілікті тықсырып, елімізде орта таптың басым түсуін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Біз алдағы уақытта ішкі көші-қон мен кенттенудің қуатты үдерістерін де бастан кешіреміз, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің артық өндірілуі мен ауыл жұртының көбейіп кетуіне байланысты міндеттерді де шешуге тиіс боламыз.

Нақ осы кезеңде біздің таза ауыз су мәселесін шешуімізге де, орман отырғызып, оны қорғаумен де, біздің қалаларымыз бен ауылдарымызды көгалдандырумен де мықтап шұғылдануымызға тура келеді.

Өз жоспарларымызға сәйкес біз жолдар мен стратегиялық инфрақұрылымдар құрылымын одан әрі жалғастыра береміз, бірақ бұлардың бәрі де сапалық тұрғыдан мүлде жаңа сипат алуға тиіс. Парламенттің бұл мақсатқа деп келесі жылға биылғыдан 1,5 есе көп қаржы бөлгенін білесіздер.

Біз еліміздің мүддесін ескере отырып, Каспий қайраңының және басқа да өңірлердің байлығын коммерциялық жағынан одан әрі игере береміз.

Біз өз мүддеміз бен сыртқы саясаттағы басымдықтарымызды парықтап, тұжырымдай алатындай тәжірибе мен білім де жинақтап отырмыз.

Міне, мемлекеттің өзінің алдына қаншалықты қомақты міндеттер қойып отырғанын көріп отыр-

сыздар. Оларды халқымызбен бірге міндетті түрде жүзеге асыратын боламыз!

Алайда қоғамның тарапынан, сіздердің әрқайсыңыздың тарапыңнан жасалатын қолдау-көмексіз мемлекет шеше алмайтын проблемалар да аз емес.

Бұл – біздің бостандығымыз. Бұл – біздің жастарымыздың моральдық және эстетикалық құндылықтары. Бұл – біздің қарттарға, дімкәс, кембағал кісілерге деген көзқарасымыз, басқа да көптеген мәселелер.

Мен сөзімді біздің зиялы қауым өкілдеріне, елімізге тірек болып, оны өркендетіп отырған қоғамымыздың барша бақуатты күштеріне арнаймын: келіңіздер, өзіміздің ілгерішілдік жолынан айнымай алға басуымыз үшін де, әзірге өмірден орнын таба алмай жүрген барлық отандастарымызды осы даңғылға шығару үшін де қолымыздан келгеннің бәрін істейік.

Мен сөзімді біздің шаруаларға арнаймын. Ауыл еңсесін тіктеп, еркін тыныстай бастағаны маған жақсы мәлім, алайда алда әлі де көп нәрсені бастан кешіруімізге тура келеді. Ендігі жерде өз еркіндігің мен қадіріңді бағалата білуге үйренуің шарт. Өндірілген өнімнің қожасы өзің, ендеше артықшылығыңды бағалай біл. Сауда жасай біліңіздер. Балаларыңызды соған үйретіңіздер.

Жаңаша жұмыс істеу, өнім сапасын жақсарту керек, нағыз білімге ұмтылу керек.

Мен сөзімді жастарға арнаймын. Мемлекет, өздеріңнің ата-аналарың сендердің сапалы білім алуларың үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан ел алдындағы, аға ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұмытпаңыздар, ерінбей-жалықпай білім алыңыздар, жұмыс істеуді үйреніңіздер. Біздің қоғамымыздағы әлі де бар жаманат атаулыдан жиреніп, олармен келіспейтін болыңыздар, жалған әдеттен безіңіздер.

Мен сөзімді аға ұрпақтың өкілдеріне арнаймын. Өміріміздегі жақсылық атаулыны сақтап, өздеріңіздің даналық қасиеттеріңізді жастардың бойына сіңіріңіздер. Біз сіздерді ешқашан ұмытпаймыз, жыл өткен сайын өмірлеріңіздің мағыналы болуы, таршылық көрмеулеріңіз үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейміз.

**Менің қымбатты қазақстандықтарым!**

Өткен 10 жыл жасын сынды біздің жанымыздың терең түкпіріне дейін шарпыды.

Естеліктер біздің жанымыздағы талай дүниені қозғаған түрі бар. Уақыттың өзі де екіге бөлініп кететін тәрізді. Дегенмен қиындығы да, қызығы да мол мұндай тамаша 10 жыл енді бізде ешқашан болмақ емес.

Осынау алмағайып жылдардың ішінде мен де, өздеріңіз сияқты, күйінішті сәттерді де, қуанышты сәттерді де бастан кештім. Ал сіздердің бастан

кешкендеріңіздің бәрін де мен өз жүрегіммен сезіндім. Мұны сіздер көріп те, біліп те отырсыздар.

Рас, сіздердің ниеттеріңіз бен тілектеріңізге кереғар келген кездерім де аз емес. Бірақ мен мұны елімнің қамы үшін істедім. Өтпелі кезеңнің байыбы мен жауапкершілік жүгінің өзі басқаша істеуге, босаңсуға, жайбарақат күй кешуге мүмкіндік берген жоқ.

Осы қиын жылдардың ішінде менің ой-пікірімді, түпкі ниетімді танып-түсінгендеріңіз үшін сіздердің баршаңызға ризашылығымды білдіремін.

Біздің балаларымыз бен немерелеріміздің еншісіне тарихтың басқа кезеңі тиеді, олардың өз естеліктері, бізге, біздің уақытымызға беретін өз бағасы болады.

Бүгін, осындай мереке күні, менің қымбатты қазақстандықтарым, сіздердің баршаңызға талмас төзімдеріңіз бен қажырлы еңбектеріңіз үшін, мұқалмас жігер мен жоғары жауапкершіліктеріңіз үшін, көрсеткен сенімдеріңіз бен артқан үміттеріңіз үшін зор рахмет айтқым келеді.

Осы ауыр жылдардан татулық пен түсіністікке селкеу түсірмей, байсалдылық танытып, бірбіріңізге деген құрмет сезімін қастерлеп, алауыздық пен егеске жол бермей, мұқалмай өткендеріңіз үшін сіздерге мың да 1 рахмет.

Ең алдымен, мен қасиетті жерімізді сақтап, бізге мирас етіп, абаттандырған, ал бүгін, жаңа

заман табалдырығында, балалары мен немерелеріне тіршілік тағылымдарын дарытып жатқан әкелеріміз бен аналарымызға жүрекжарды алғысымды арнаймын.

Сіздердің жауынгерлік және еңбектегі ерліктеріңіз болмаса, төзімдеріңіз бен көрегендіктеріңіз болмаса, бүгін ешқандай мереке де болмас еді. Сіздердің алдарыңызда басымды иемін!

Біз бүгін сондай-ақ, экономикалық дағдарыстың ең 1 қатал жылдарында өз парыздарына адалдығын ардақтап, білім сынды баға жетпес құндылықты сақтап қалған, алдағы арайлы күндерден үмітін үзбеген өзіміздің мұғалімдерімізге, дәрігерлерімізге, ғалымдарымыз бен инженерлерімізге бас июге де тиіспіз.

Мен бүгінгі таңда өз жұрттарының ежелгі қазынасын қалпына келтіріп, нығайтып жатқан, Қазақстан мемлекеттігіне сенім көрсетіп, ортақ шаңырағымыздың босағасын бекемдеуге баға жеткісіз үлес қосып жүрген ұлттық-мәдени бірлестіктердің өкілдеріне алғысымды жолдаймын.

Мен өзіміздің діни бірлестіктердің жетекшілеріне рахмет айтқым келеді, егер бүгін қазақстандықтар дінаралық алауыздық дегенді білмей отырса, онда бұл солардың беделі мен білігінің жемісі.

Мен біздің саяси жүйеміздің қалыптасуының көптеген әрқилы қиындықтарына қарамастан,

саяси мүдделердің алуан тұрғыдағы объективтік айырмашылықтарына қарамастан, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімге ешқашан да селкеу түсірмеген өзіміздің саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне ризашылығымды білдіремін.

Мен өздерінің еңбегімен және білімімен еліміздің еңсесін көтеріп, басқаларды үйрете жүріп, жаңа жұмыс орындарын жасақтаған қазақстандық кәсіпкерлерге ризамын.

Менің алғашқы ауыр тиген жылдары өзімізге жәрдемдесіп, жөн сілтеген халықаралық ұйымдарға және әлемдік қоғамдастық елдеріне ризашылығымды білдіргім келеді. Біз Қазақстанға шын көңілмен сенім артып, көмегін аямағандардың баршасына ақ алғысымызды арнаймыз!

Менің жағдайымды түсініп, әрдайым жанашырлық жасаған туысқандарыма, жақындарыма да ілтипатымды білдіремін.

Осындай намысшыл да данагөй халыққа басшылық етудің қаншалықты қиын екенін мен басымнан кешірдім, жан-жүрегіммен сезіндім. Сол үшін де еліміздің өміріндегі қиын-қыстау кезеңде өзіме осындай құрмет көрсетіліп, жауапкершілік жүктелгені үшін мен тарихқа да, тағдырыма да ризамын.

Бүгін Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарын еске алып отырып, мен кей кездерде

қаншама көп іс тындырғанымызға, қандай қиыншылықтарды еңсере білгенімізге таңырқаймын. Өйткені біз 1 елде, 1 уақытта қоса қабат келуі сирек ұшырасатын толып жатқан міндеттердің тұтас түйіндерін шешу қажеттігімен бетпе-бет келіп, іс-кимыл жасадық.

Бізге ертеңімізге деген сенім күш-қуат берді, сол сенім біздің жарғақ құлағымызды жастыққа тигізбей жұмыс істетті. Мен сол 1 қиындығы мол жылдары жанымнан табылып, өршіп келе жатқан дағдарысты жағдайдан шығу жолын табу үшін өздерін аямай, қолдан келетін де, келмейтін де істерді тындырған жаңа Қазақстан орнатудағы өзімнің барлық серіктеріме алғыс сезімімді арнаймын.

Біз жеңіп шықтық. Ешкім дерлік сенбеген міндетті жүзеге асырдық.

Біздің рынок қазіргі кезде сан түрлі тауарларға сықай толды, бұрынғы тапшылық дегеніңіз бүгін есімізде де жоқ.

Қазақстан кәсіпкерлері аяғына нық тұрды, ендігі жерде сыртқы рыноктарды игере бастады.

Біз осы заманғы мықты қаржы-банк жүйесін құрдық, оны бүгін көптеген сарапшылар ТМД-дағы ең үздік жүйе ретінде танып жүр. Біз іс жүзінде экономиканың барлық салаларында дерлік құрылымдық реформалар жүргіздік, оның

алдағы жасампаздық дамуы үшін берік негіз қаладық.

Әлбетте, қоғамды трансформациялау үдерісі әлі аяқталып біткен жоқ. Алайда ең басты міндеттің іске асырылғаны анық. Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасты, енді бекем дамып, берік нығайып келеді. Осы жылдардың ішінде Отанымыздың игілігі жолына жұмсаған біздің қуат-күшімізге, игі ниетімізге нәр берген сарқылмас қайнар – Тәуелсіздік екені айдан анық.

**Құрметті отандастар!**

Бұл айтқандарым – Тәуелсіздік жылдарында атқарылған істердің басты-бастылары ғана. Алдағы міндеттер тіптен қыруар.

Оларды жүзеге асыру үшін қажымас қайрат, жанқиярлық еңбек, аса зор білік, биік адамгершілік, отаншыл сана, ең бастысы, береке-бірлік керек. Артта қалған 10 жыл бізде соның бәрі де бар екенін әрі мол екенін дәлелдеді.

Ол, ең алдымен, алған бағытымыздың дұрыстығын ұқтырды. Халқымыздың өз тәуелсіздігін сақтауға, нығайтуға белінің бекем екендігін байқатты. Ел болашағына деген сеніміміздің зор екендігін көрсетті.

Ендігі міндет – қол жеткен табыстарға тоқмейілсімей, Отанымыздың мерейін одан әрі өсіре беру.

Тәуелсіздік бізге бұрын-соңды көрмеген орасан зор мүмкіндіктер берді. Біз оны толықтай жүзеге асыруымыз қажет, асырамыз да.

Тәуелсіздік біздің алдымыздан жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан ешқайда бұлтармай, алға баса береміз.

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Сүйікті Отанымыз – азат Қазақстан мәңгі құлпырып жайнай берсін, жарқырай берсін!

Баршаңызға бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

## Қазақстан журналистерінің I Конгрессінде

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2002 жылғы 12 наурыз

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Өз басым, еліміздің журналистері мынандай ауқымды да өкілетті жиын өткізу жөнінде бастама көтеруін қанағат сезімімен қабылдадым. Журналистердің тұңғыш конгресіне қатысушылары мен қонақтарын қошеметпен қарсы алып, ізгі жұмыс тілеймін!

Сіздердің бастамаларыңыз тек бұқаралық ақпарат құралдарының төл мәселелері тұрғысынан ғана аса маңызды әрі заманауи емес. Бұл бүкіл қоғамымыздың проблемасы, бұл еліміздің демократиялық үдерістерді одан әрі өрістетуінің мәселесі. Қазақстандағы озық дамудың күллі келешегі, демократиялық тағдыры бұқаралық ақпарат құралдарының қалай өркендейтініне тікелей байланысты. Міне, мен сондықтан да осы жылдары сөз бостандығын батыл қолдап келдім.

Журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтық жауапкершілігі әсіресе мемлекеттілік пен демократияның қалыптасу кезінде жоғары, өйткені осыдан небары 10 жыл ғана бұрын либерализм жөнінде ой да болған жоқ қой.

Бүгінде біз осы заманғы, өте тез өзгеретін дүниеде өмір сүріп жатырмыз. Өткен ғасырда технологиялық революция деп айғақтаған құбылыс қазір күнделікті үйреншікті іс болып қалды.

Техникалық жаңалықтар қоғамдық өмірдің бар саласына құлшына енгізіліп жатыр. Соның ішінде ақпараттық айырбас саласы, кәсіби қауымдастықтарыңыздың қызметі де бар.

Осының бәрі бүгінде бізден қазіргі әлемде, елімізде жаңа ақпаратты қоғам қалыптастыруда БАҚ-тың рөлі қандай болатынын терең зерделеуді талап етеді.

Сонымен бірге өзіміз қай қырынан болсын әзір тұруға тиіс жаппай жаһандану жағдайында ұлттық ақпарат тәуелсіздігін қамтамасыз ету барынша көкейкестіленіп барады.

Бұл тек мемлекеттің ғана міндеті емес екенін ерекше атап өткім келеді. Біздің барлық бұқаралық ақпарат құралдарымыз осы саясатты жүзеге асырудың белсенді де саналы қатысушылары, іске асырушылары болуға тиіс. Басқаша айтқанда, сөз дамуымыздағы, біртұтас ақпарат кеңістігінің қалыптасуы жағдайында қазіргі дүниеде өзімізді өзіміз айқындаудағы Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі хақында болып отыр.

Сондықтан да мен ақпарат саласының проблемаларына, оның жан-жақты да еркін дамуына құқықтық негіздер қалау мәселесіне әрдайым жіті назар аударып отырамын.

Біз сіздермен бірге бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистер құқықтарының заңнамалық негіздерін әлдеқайда кеңейтіп, нығайта түскен жаңа заң әзірлеп, оны қабылдадық. Біз цензураны үзілді-кесілді тыйып, мемлекеттің БАҚ-ты монополиялауын жойдық, ақпарат саласында жаңа құқықтық және экономикалық өзара қатынасты ретке келтірдік, басқа да көптеген демократиялық қорларды енгіздік. Біздің елде 1600-ге жуық бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді, олардың 80 %-ы мемлекеттік емес.

Бұл жәйт ақпарат нарығының дамуы жоғары деңгейде екенін айғақтаса керек. Біз мамандандырылған жарнамалық сипаты жоқ отандық барша мерзімді басылымдарды, газет-журнал өнімдерін өндіру мен өткізу жөніндегі айналымға салынатын қосымша құн салығынан босаттық.

Ал электронды БАҚ-тар үшін өз өнімдерін шығару және тарату жөніндегі айналымға, сондай-ақ жарнамалық қызметке салық ең төменгі төлем деңгейіне түсірілді. Бұл менің бастамашылығым бойынша жасалып, ел Парламентінде қабылданды.

Осының барлығы бұқаралық ақпарат құралдарын одан әрі ырықтандырудың нақты негіздерін қалау, баспасөз бостандығын нығайту үшін жасалып жатыр. Солай бола тұрғанмен, бізде өзекті мәселелердің аз емес екенін бәріміз де жақсы білеміз. Сол себепті де конгресті ұйымдастырушылар ол мәселелерді талқылау үшін журналистерді, саясаткерлерді, шығармашылық одақтар мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін бірге жинап дұрыс жасады деп білемін. Мұның өзі болып жатқан үдерістерге жан-жақты баға беруге мүмкіндік туғызады.

Өз кезегімде мемлекет басшысы ретінде түйген бірқатар ортақ проблемаларымыз бойынша пікір білдірейін.

Біздің өміріміздің және тіпті бүкіл журналистика тарихының ең 1 елеулі қарама-қайшылығына назар аударыңыздаршы, бүгінде адамдар бұқаралық ақпарат құралдарын олардың редакторларының немесе шолушыларының тегі бойынша білуден гөрі, меншік иесі олигархтың тегі немесе құрылтайшылар компаниясының атауы бойынша көбірек біледі.

БАҚ мемлекеттік шенеуніктердің, саясатшылардың, қаржы-өнеркәсіп топтарының арасында есеп айырысудың ақпараттық қаруы түрінде пайдаланылуда. Және де барған сайын журналистерді бір-біріне айдап салып, оларды сот істері бойынша жауапкер етеді, ал осынау «қырқысуларды» ұйымдастырушылар жылы орындарында бұқпантайлап қалып қояды.

Шынайы ақпарат азат қоғамға керек. Ол азаматтардың:

– нақты өмірдің, сондай-ақ көпірме сөздің қайда екенін;

– ақиқат және қарақан бастың қамы үшін бұрмалаушылық қайда екенін;

– іскерлік, парасат, сондай-ақ пысықайлық қайда екенін;

– халыққа қызмет етудің, сонымен бірге билік үшін лас әрекеттің қайда екенін білуге мүмкіндік береді.

Халыққа осынау мәселелерді шынайы түсінуге көмектесіңіздер.

Мұның бәрі БАҚ халыққа адал қызмет еткенде ғана мүмкін болады.

Алайда капиталдың алғашқы қорлануы, «жабайы» рынок жағдайында журналистика ақша қапшықтарының қыспағына түсті, олар журналистиканы сатып алуға, азғындатуға тырысып бақты. Журналистердің құқықтарын аяқасты етіп, айдағандарына көндіргісі келеді. Бұған қоса кей өңірлерде аймақтық газеттер мен телеарналарды тек өзін мадақтату мақсатында пайдаланғысы келетін жергілікті бишікештер пайда болды.

Біздің ортамызда қандай да 1 олигархиялық топқа қатыстылығы бойынша жіктеліс жүріп жатыр. Соның салдарынан кейбір бұқаралық ақпарат құралдары қоғамды шынайы хабардар ету тұрғысындағы өзінің тікелей міндетінен барған сайын кері кетуде, бәрі де жеке бас мүдделерінің сүзгісінен өтетін болды. Сондықтан да біздің өміріміздегі көптеген құбылыстар, тіпті маңызды жаңалықтар мүлдем көрсетілмейді немесе бір жақты баяндалады. Жергілікті телеарналар мен газеттер жалпыұлттық арналармен және басылымдармен тығыз байланыста болуы керек, олар өздерінің ішкі мәселелерінде ғана тұйықталып қалмай, ел тынысымен өмір сүруі, мемлекеттің табыстары мен проблемаларын көрсетуі керек.

«Тәуелсіз», «халықтық», «демократиялық» деген мәртебелі сөздермен көп ретте тіпті де қоғамдық деуге келмейтін мүдделер бүркемеленетін болып жүр. Және де «тәуелсіз баспасөз» деген ұғым, меніңше, бүгінде 1 ғана тұрғыда – оның мемлекеттен тәуелсіз екендігі тұрғысында орынды көрінеді.

Ал журналистер, былайша айтқанда, оттан шықса да суға барып түскендей болды. Олар үшін сөз бостандығы мемлекет тарапынан емес, БАҚ-тың меншік иесі тарапынан қатты шектелген болып шықты. Ал бұл ақпарат құралдарының бәрі де демократия мен сөз бостандығын дамытудың ізгі ниетімен құрылған бұқаралық ақпарат саласы, принципінде, кез келген басқа сала секілді таза нарықтық реттеу тетігінің шылауында кетпеуі тиіс. Бүкіл дүние жүзінде мұндай көзқарастан бас тартып отыр.

Бүгінде мемлекет бұқаралық ақпарат құралдары саласын бұйрық бере басқаруды жүзеге асырмайды. Алайда құқықтық реттеу және стратегиялық жоспарлау – кез келген демократиялық құрылыстың міндетті белгісі. Ал бізде құқықтық жауапкершілік түсінігі көп ретте қасақана диктатурамен, тоталитаризммен және еркіндікті шектеумен шатастырылады. Аса белгілі құқық қорғаушы Мстислав Ростропович жуырда атап

өткеніндей: «Сөз бостандығы идеясы бізде өте жағымсыз тұрғыда пайдаланылады. Оның жақтастары сөз бостандығы туралы айта тұрып, өздері ақиқатты саудаға салады және көп адамдарға дөрекілік көрсетеді... Сөз бостандығымен бірге біз ол үшін жауапкершілікті жоғалтып алдық».

Тәуелсіздік жылдары мемлекет ақпарат нарығын дамыту үшін қажетті шарттарды жасады. Бірақ бұл мемлекет ақпараттық қызметтің тең құқылы және белсенді субъектісі емес, сырт бақылаушы болып қалады дегенді білдірмейді. Мемлекеттің, қоғам мен баспасөздің өзара ықпалдасуының тұрақты да теңдестірілген жүйесін құру қажеттігі пісіп-жетілген болуы керек.

Біріншіден, басты қызметі баршаға ортақ мүдделерді көрсету болатын мемлекеттік бұқаралық және саяси қолдауды күшейту керек. Бірақ бұл ретте мемлекет қаражатын мақсатты пайдалануға бақылау артуы тиіс.

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарын меншіктеу мәселесіне, БАҚ-тың құрылтайшысы, меншік иесі, шығарушысы және ұжымы арасындағы өзара қатынасқа байланысты жаңа көзқарасты анықтау керек.

Үшіншіден, «ақпараттық қырқысулардың» етек жаюына, деректерді жинау және, әсіресе, оларды баяндау кезінде, ал бұлар көп ретте оларды нағыз өңін айналдырып, тонын теріс кигізу болып жүр,

жұмыстың сорақы әдістерін пайдалануға жол бермейтін шараларды талдап, жасау қажет.

Мен бәз біреулердің оқиғалар дамуының сипаты туралы нақ соның түсінігі бірден 1 дұрыс пікір болып шығуын қалайтынын түсінемін. Бірақ мұндай жағдайда мемлекет әрдайым өз азаматтарының мүддесін қорғайтын болады. Сондықтан да ол қай кезде де БАҚ-тар саяси күрестің құралы ретінде пайдаланылмай, тұтастай алғанда бүкіл қоғамның мүддесіне қызмет етудің құралына айналуына ұмтылатын болады. Әйтпесе мұның өзі ақпарат алаңындағы бірден 1 төреші – біздің халқымыздың журналистерге де, капиталға да, билікке де сенімінің жоғалуына соқтырады. Ал бұл дегеніміз – мемлекет негіздерін ырғау, тәуелсіздікке және еліміздің болашағына төнетін қатер. Біздің мемлекетіміздің ақпараттық қауіпсіздігінің 1 міндеті нақ осында. Ал енді бұл мәселелерден біз бен сіздердің сырт қалуымызға тіпті де болмас.

Кейбір БАҚ-тардың жанталасқан әрекеті арқылы қоғамдық санада біздің еліміздегі секілді бүкіл дүние жүзіндегі нақты өмірдің бұрмаланған бір жақты бейнесі қалыптастырылуда. Бірер ақпарат құралдарын қоспағанда, біздің БАҚ-тар табиғат апаттарын, әрқилы оқиғаларды, күйзелісті, криминалды, сыбайластықты және, әсіресе, белгілі саяси тұлғаларға қатысты даудамайды жариялауды ғана біледі.

Біздің БАҚ-тардағы ақпаратты талдау кейде асығыстықтан болатын дәлсіздіктерді ғана емес, сонымен бірге нағыз ақпарат тек қана теріс ыңғайда болуы керек дейтін арзан түсінікке негіздеретін барып тұрған жадағайлықты көрсетеді. Халықтың алдына шығып, адамдардың пікірін тыңдап көріңіздерші. Оларға өмірлік мақсатпен еңбек етіп, нан табу үшін тұрақтылық, тыныштық керек.

Жарнама қайда екенін, табыстарға толы біздің саналуан шынайы өміріміз қайда екенін ажырата білейік. Осынау ізгі, бірақ баспасөз айта бермейтін оқиғалар туралы әңгімелер, лайықты адамдар, біздің заманымыздың шынайы қаһармандары туралы баяндаулар – үлкен саяси мемлекеттік маңыздағы мәселелер. Бұл біздің азаматтардың қоғамдық көңіл-күйі де, бұл біздің бірегей және басқалар үшін маңызды тәжірибеміздің насихаты да. Бұл, түптеп келгенде, біздің мемлекеттің жағымды бейнесі де.

Мұның еліміз үшін өте маңызды екеніне сеніңіздер. Әйтпесе, ел үшін жаны күйзеліп, адамдардың әл-ауқаты туралы қам жейтін шынайы патриоттардың көздеріне ел туралы қамқорлық емес, тек «мыс бақыршақтар» үймелеген редакциялық жандайшаптар түсіп, ақпараттық алаңын іреумен болады. Бұл мемлекеттік те, аймақтық та БАҚ-тарға қатысты. Мұндай практиканы күйретететін кез келді.

Бізде барлық аймақтарға толымды хабар тарататын нағыз ақпарат агенттігі жоқ. Егер ондай агенттік болмаса, мемлекетке елдің ішінде ғана емес, сонымен бірге шетелде де жаңалықтармен қамтамасыз ете алатын қуатты ақпараттық компания құру керек болады.

Бүкіл адамзат тарихы тоқтам жүйесінсіз, белгілі 1 тыйымдарсыз, бақылаусыз және, әлбетте, ынтымақтастықсыз БАҚ-ты бұлдіру мақсатында пайдалануды тыю мүмкін емес. Журналистердің өздері Кәсіби этика кодексін қабылдауды жақтап отырғаны ғанибет. Бұл бәз біреулердің қарсыластарын немесе бақталастарын аяқтан шалатын жалақор әрі сыңаржақ тапсырыс материалдары түріндегі лас жұмыстарды атқару оларды жиіркендіретінін көрсетеді. Алайда осындай кодекс қана бұл құбылыстардың соқтасын жұла ала ма? Кодекстің мақсаты, меніңше, сақталуын журналист ерікті түрде мойнына алатын негізгі кәсіби талаптарды тұжырымдау болса керек.

Бәлкім, БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестер әрекет ететін және мол тәжірибе жинақталған демократиялық елдердің тәжірибесін зерттеп көрген жөн болар. Ондай кеңестерге қоғамда беделі бар белгілі адамдар, Президенттің өкілдері, заңгер-ғалымдар, БАҚ қызметкерлері және олардың иелері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіре алар еді. Бұл кеңес пікірлерді тыңдайтын,

мәселелерді қарап, оларды өкіметтің алдына қоятын мемлекеттік емес тәуелсіз орган болар еді. Егер сіздер мұндай кеңес ұлттық деңгейде болуы керек деп шешетін болсаңыздар, онда мен оған Президенттің жанындағы орган мәртебесін беруге дайынмын. Және бұл кеңесті өздеріңіз сайлайтын беделді адам басқарар еді де, мен оған Президент кеңесшісі мәртебесін берер едім.

Ондай жағдайда қоғамдық кеңестердің мына мәселелердегі өкілеттерін көздеген жөн:

– БАҚ-тар мен олардың қызметкерлерінің мемлекеттік және басқа органдармен және ұйымдармен өзара қатынасындағы мүдделері мен заңды құқықтарын қорғау;

– журналистердің БАҚ құрылтайшыларымен және шығарушылармен өзара қатынасындағы заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау;

– этикалық нормаларды сақтау, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын БАҚ-тағы бұрмаланған және жалған ақпараттан қорғау;

– ақпараттық дауларды сотқа дейінгі ретте шешу.

Қоғамдық кеңестің қорытындылары БАҚ-ты құру, оның қызметін тыю немесе тоқтата тұру секілді маңызды мәселелерді шешу кезінде, сондай-ақ соттағы талқылау барысында міндетті түрде қарауға қабылдана алар еді.

Әрине, бұл барлық проблемаларды шешіп бере алмайды. Сондықтан да мен журналистердің өздерінің әлеуметтік рөлі мен қорғалуын күшейтуге, соның ішінде жаңа кеңес, Қазақстан журналистерінің ұлттық кәсіподағын құруға бағытталған сіздердің бастамаларыңызды оңды фактор ретінде бағалаймын. Солай болса-дағы, мен сіздерді өздеріңізді қорғай білуге шақырғанда, бұл мемлекет өзінен ондай қызметті алып тастайды дегендік емес. Сіздерге мәлім, мен бірнеше рет шағын және орташа бизнесті жөнсіз тексерулерден қорғауды жақтаған болатынмын.

Бюрократияның озбырлығы тыйылар емес. Салық инспекциясы, салық полициясы және басқа сандаған бақылаушы және тексеруші бюрократиялық кеңселер біздің заңдарымыздағы осал тұстарды пайдаланып, шағын бизнестің дамуына кедергі келтіруде. Сондықтан да сіздерден осындай жәйттерді үнемі көрсетіп тұруды сұраймын. Олардың сойқандығы, адамдарға деген өшпенділігі, дөрекілігі таңдандырады. Олар салық төлеушілердің қаражатына өмір сүріп отырғанын ұмыт қалдырған.

Бәлкім, нақ солардың кесірінен болар, ішкі ұлттық өнім көлемінің 40 %-ына дейін жасырын бизнесте өндіріледі. Ресей мен Украинада – 50 %-ға жуық, Грузияда – 60 %-дай. Ал бізде, айтып өткенімдей, 46 %-ға таяу.

Біздегі талай кісі өздерінің үй-жайларын жасырып, бизнесін басқа адамдардың атына жаздырып, жалтақтап жүреді. Сондағы ойлағандары салық төлеуден жалтару. Алайда, олардың мұнысы қателік, табысының 15–20 %-ын пара күйінде төлеуіне тура келетінін олар ойлап жатпайды. Қашан әшкереленіп қалам деп зәре-құты қашып жүргені. Олар өздерінің бизнесінің ауқымын кеңейте түсу үшін заңды жолмен несие де ала алмайды, өйткені нақты адрестері жоқ, олар заңды жолмен өздерін қауіпсіздендіре де алмайды, өйткені оларды бандиттер «қауіпсіздендіріп» жүреді.

Егер мемлекет жеке меншікке қол сұғылмайтындығы жөнінде көңілдегідей заң қабылдап, меншікті жариялы етер болса, ауқымды активке қол жеткізер еді.

Қазір мен Үкіметтің алдына осындай міндет қойып отырмын. Егер мұны жасасақ, онда ерекше мәнді жаңа серпіліске қол жетер еді. Осыған назар аударыңыздар.

Заңсыз тексерулердің шектен шыққандығын ашып көрсетіп беретін журналистер өте дұрыс жасауда. Алайда кейінгі кезде мұндай тәжірибе бұқаралық ақпарат құралдарының өзіне де жайыла бастағанын байқап жүрміз.

Проблеманың тағы 1 қыры бұқаралық ақпарат құралдарының өздері заңға құлақ асатын

болуында жатыр. Конституция мен заңдарды сақтау – сіздердің де қасиетті парыздарыңыз.

Демократияның мәні заңдарда жазылғанда ғана емес, оның түпкі мәні сол заңдардың қалай орындалатынында. Сонымен қатар, кейбір мемлекеттік құрылымдар жекелеген телерадиокомпанияларға өте-мөте білек сыбана кірісіп кетті, бірақ, неге екені белгісіз, негізгі күшті тексеруге, бақылау мен жабуға салып бағады. Мысалы, бағдарламаларды ретрансляция жасаудың мөлшерін, тілдік тепе-теңдікті сақтауға көбірек көңіл бөлінеді. Таяуда кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының жабылуына наразылық білдіргенімде, маған бұл әрекеттер орынды әрі заңды дегенді айтып жатты. Егер ондай болса, Үкіметтің заңды қадамдарына тыйым салмақ емеспін. Алайда, бұған қоса: «Үкімет телерадиокомпанияларға қандайлық мазмұнды көмек көрсетті екен?» деп сұрағым келеді. Телеарналар отандық кинофильмдер, мультфильмдер, архив материалдарын көрсетудің есебінен мемлекеттік тілдегі хабар қорының қазынасын ашуға уәде еткен еді. Уәде етуін етті, алайда үдесінен шыққан жоқ. Осындай жағдайда қазақ тіліне аударылған әлем киносының алтын қорының 2 мыңнан астам фильмдері сөрелерде сүрленіп жатыр, телекомпаниялар оларға қол жеткізе алмай отыр.

Мемлекеттік тілде радиохабарлары мен телебағдарламаларды дайындау үшін мемлекеттік

тапсырыстың белгілі 1 бөлігін мақсатты түрде бөлуді көздеу керек деп ойлаймын. Мұның өзі отандық медиаөндірісті дамыту сынды аса маңызды міндетті шешуге жақсы экономикалық тірек болып шығар еді. Бұл үшін іс-шаралардың тұтас кешенін жүзеге асыру керек. Үкімет бұл бағытта байыпты жұмыс жүргізуге тиіс. Осылай етсек қана біз отандық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыта аламыз, тек тыйым салып, бақылау орната берумен іс бітпейді. Алайда, журналистердің өзінің құлшынысы мен біліктілігі болмаса, мемлекет тарапынан атқарылған ешқандай шара пәрменді болып шықпайды. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газеті 1 жылдың өзінде ғана басылымның таралымын 27 мың данаға арттыра алды ғой. Міне, қолдауды осындай бұқаралық ақпарат құралдарына көрсету керек.

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғыртулардың, жаңа мемлекеттіліктің қалыптасуының, тоталитарлық қоғамдық құрылымнан демократиялық құрылымға өтудің табысты болуы өзіміз жариялаған сөз бостандығының нақты қамтамасыз етілуімен ажырағысыз байланыста.

Біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыз барша қоғамдық оқиғалардың таратушысы ғана болған жоқ, олар соның бәрінің бел ортасында жүрді. Енді бүгінде біз барлық салалардағы

жүргізген реформаларымыз қолға ұстатқандай нақты нәтижелерін бере бастады, ал азаматтарымыз олардың жақсы жемісін көре бастады десек, мұның өзі бұқаралық ақпарат құралдарына да қатысты сөз. Тегінде, реформаның қазақстандықтар күн сайын, сағат сайын көріп отырған жалғыз дерлік дара нәтижесінің өзі осы сияқты. Бұл саладағы реформалардың табыстылығының қандай да 1 материалдық баламасын табу мүмкін емес, алайда оның рухани баламасы кез келген цифр мен пайыздардан 100 есе жоғары тұратын шығар.

Былай дегенде біз осы 10 жылда қазақстандықтардың бойында жаңа сана қалыптасқанын, енді олардың ешқашанда, қандай жағдайда да өздерінің өткеніне оралғысы келмейтінін, татулық пен тұрақтылықты өзінің қалыпты өмір сүру салтының басты кепілі ретінде жоғары бағалайтынын, ал ең бастысы реформа саясатын жан жүрегімен түсініп, қабыл алғанын, оны жүзеге асыруға белсене араласып жатқанын айтамыз.

Еліміз тәуелсіздігінің 10 жылдығын мерекелегенде жасаған баяндамада мен осының бәрінде Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен үлесі бар екендігін атап көрсетіп, сол үшін алғысымды жеткізген болатынмын.

Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары жалпыұлттық мүдделерді шынайы жеткізуші бола алады және солай болуға тиіс те, олар біздің

экономикалық тұрғыдан өркендеген әрі ашық, еркін демократиялық қоғам құру жөніндегі стратегиялық міндетімізді жүзеге асыру ісінде өздеріне лайықты орынды алуға тиіс.

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Біздің өзіміз де, біздің балаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің елімізді, өзіміздің өмірімізді тек сынауды ғана білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік.

Өткен 10 жылда өзіміздің еңбегіміздің жемісіне қарап отырсақ, біздің айтар сөзіміз баршылық. Сіздер мен біздер енді ешкім де тартып ала алмайтын, енді ешкім де тіл тигізе алмайтын қымбат шаруаны атқардық. Мысалы, мынандай шараларды атқарғанымыз айдан анық:

– біз кеңестік жүйенің күйреуінің ауыр зардаптарын еңсере алдық;

– халқымыздың тарихында болып көрмеген тәуелсіз мемлекет құрдық, оны бүгінде бүкіл әлем таниды;

– қажетті реформалардың барлығын да жүзеге асыра отырып жоспарлы-директивалы экономикадан еркін, либералды экономикаға өте білдік, оның тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ете алдық;

– барлық негізгі құқықтар мен еркіндіктерді сақтай отырып, тоталитаризмнен демократияға ауқымды ауысуды жүзеге асырдық;

– тиісті нышандары түгел сақталған өзіндік қауіпсіздік жүйесін жасай алдық, онда сенімді Қарулы Күштер құрудан мемлекеттік шекараларды анықтауға дейінгі қыруар жұмыс қамтылды;

– қайта өрлеуіміздің ерік-жігеріміз бен мүмкіндіктеріміздің бейнелі баламасындай болған елдің жаңа астанасын тұрғыздық;

– көп ұлтты елімізде татулық пен келісімді, саяси тұрақтылықты сенімді түрде қамтамасыз еттік.

Осының бәрін біз 10 жылдың ішінде атқардық. Талай мемлекетке бұл үшін жүздеген жыл қажет болған. Осыны сіздер мен біз жасадық, мұны бағалай білейік. Ауыз толтырып айта алатын болайық.

Әрине, адам дегеннің жаратылысы сондай, қашанда болған үстіне бола бергенін тілейді. Оның үстіне кемшіліктеріміз де аз емес қой. Солар болмасын деп сынап жатамыз, бұған әркімнің де құқығы бар. Алайда шындықтың өңін айналдыруға болмайды.

Әлбетте, адам болған соң жаңылыс баспай тұрмайды. Алайда объективті фактілерге көз жұма қараған кезде мұны жай ғана қателікке жатқыза салу жөнсіз.

Бағзы заманда 1 әмірші өмірге көңілі толатын адамды іздетіп-іздетіп, ақыры тапқан екен дейді,

сөйтсе әлгі кісі әрі саңырау, әрі соқыр, әрі мылқау біреу болып шығыпты.

Қайтерсіз, адам бүгін зәру затына қолын жеткізсе, ертең-ақ оны кәдуілгі бұйымдай көреді, басқа нәрсені талап ете бастайды. Мұның өзі орынды да. Халық осы билікті өміріміз жақсара түссе екен деп қалай сайлайды, біз солай етуге тиіспіз. Біз өзіміздің кемшіліктеріміз туралы айтуға тиіспіз, сөйте тұра Отанымызға деген сүйіспеншілік көкейімізден кетпеуі керек. Осыған уағдаласатын болайық.

Миллиондаған қазақстандықтар сөзіне сеніп отырған сіздерден мен болмысты боямалап көрсетіңіздер деп өтінгелі тұрған жоқпын. Сонда да мына нақты өмірге көздеріңізді жұма қарамаңыздар, ілгерішіл өзгерістердің тынысына құлақ түріңіздер, адамдарға шындықты жеткізіңіздер!

Мен жақсыатты көрінуді емес, орнықтылықты, шыншылдықты жақтаймын, мен ертеңге сеніммен қарауды, өз күшімізге сенімді болуды жақтаймын.

Қанеки, бәріміз бірлесіп адамдардың бойына оптимистік қуат дарытайық! Солай ететін кез келді!

Баршаңызға табыс тілеймін!

**Каспий жағалауы мемлекеттерінің**
**I саммитінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түрікменстан, Ашғабад қаласы,
2002 жылғы 23 сәуір

**Құрметті мемлекет басшылары!**
**Ханымдар мен мырзалар!**

Біздің кездесуіміз – өзара пайдалы кең ауқымды серіктестігімізді нығайтудың, осы заманғы тайталастарға тізе қоса отырып жауап табудың, Каспий өңіріндегі тұрақтылықты баянды етудің жақсы мүмкіндігі. Біздің мойнымызда Еуразияның мүдделер қақтығысының алаңына айналмауының,

елдеріміздің халықтары түрлі геосаяси ойындардың аманат тұтқыны болмауының зор жауапкершілігі жатыр.

Азия елдерінің бейбіт ортақ талпынысына АӨСШК үрдісі жауап бере алады, оның мінберін тек Азия құрлығындағы бейбітшілік, ынтымақтастық және сенім мәселелеріне қатысты көзқарастар мен пікірлерді баяндау үшін пайдалану керек.

Үстіміздегі жылдың 4 маусымында АӨСШК-нің Бірінші саммитін өткізу жоспарланып отыр. Ол жоғарыда аталған мәселелер жөніндегі үндесуге соны серпін беруге тиіс. Саммитте Алматы актісі атты қорытынды құжат қабылдау топшыланады, онда АӨСШК-ны одан әрі жетілдірудің, оның болашақтағы арналы параметрлері мен түрлерінінің негізі қаланады. Саммитте одан тыс Өркениеттер мен ғаламдық мүдделердің ортақтығы үндесуінің мәнмәтініндегі терроризм және басқа қауіптермен күрес жөніндегі бірлескен мәлімдемеге қол қойылады.

Соңғы онжылдықтың бағдарында әлемнің саяси және іскер төбе тобының қалтқысыз назарын аудара отырып, дәл осы Каспий өңірі күллі Еуразия аймағы үшін аса мәнді маңызға ие болды. Каспийдің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздердің созылып кетуі тараптардың өзара түсінігі мен пәтуаласу жолдарын іздеуі объек-

тивті де субъективті сипаттағы қиыншылықтармен ұшырасып отырғанын айғақтайды. Алайда келіссөз үстелінің басындағы уақыт зая кеткен жоқ. Шүбәсіз жағымды шаруа Каспий өңіріндегі саяси тұрақтылық пен өзара түсіністікті сақтап қалу болды. Каспий табанында ірі көмірсутегі кен орындарының ашылуы алауыздық пен шешімі қиын жанжал туғызған жоқ. Керісінше, Каспий маңы мемлекеттерінің сарабдал саясаты арқасында, жағалау мемлекеттерінің арасындағы кейбір кереғарлықтарға қарамастан, ортақ көзқарастардың басым бірлігіне қол жетті.

Қазақстан тұрақтылықты нығайта отырып Каспийдегі кең ауқымды ұжымдасу мен ынтымақтасуды қолдап, қошеметтейді. Тек осындай жағдайда ғана қажетті инвестициялардың зор тасқынын күтуге болады. Саяси кеудемсоқтықтың азаюы әрбір ел үшін де, тұтас аймақ үшін де сенімнің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сөз жоқ, маңызды оң фактор – аймақтық қауіпсіздіктің іргетасы сынды қатынастардың жаңа жүйесін жасау жөніндегі көптеген түйткілді мәселелерді бірлесіп шешудің қажеттігін жағалаудағы мемлекеттердің барған сайын жақсы түсінуі. Бұл арада теңдік ұстанымдары, егемендікті, бір-бірінің заңды, саяси және экономикалық мүдделерін, сондай-ақ өзара мойындалған өзара қарым-қатынас нормаларын құрметтеу негізгі арқау болуға тиіс.

Каспий теңізі – жағалаудағы елдер халықтарының игілігі. Біздің бәріміз Каспийді бейбітшілік, татукөршілік, достық пен ынтымақтастық аймағы ретінде сақтауға ұмтыламыз. Каспийдің құқықтық мәртебесін пәтуаласып шешуге талпынуымыз қажеттігінің де негізгі себебі осы. Теңіздің ресурстарын тиімді пайдаланып, оны келешек ұрпақ үшін сақтау мақсатымен жағалаудағы мемлекеттердің әрқайсысы Каспийге деген құқықтарын жарастыруды міндет санауға тиіс. Қазақстан жағының пікірінше, бұл істе ұлттық мүдделерді ескере отырып, әділеттілік және ойлы келісім ұстанымдарының үйлесуін басшылыққа алған орынды. Теңіздің кешенді құқықтық мәртебесіне қатысты Қазақстан жағалауды және келісілген қиырдағы балық аулау аймақтарын, теңіздің түбі мен қойнауын ұлттық секторларға бөлуді, қалған бөлігін ортақ деп тастауды ұсынады.

Қазақстан ұсынған амал жағалаудағы мемлекеттердің минералдық ресурстарға деген құқығын шектеп, өз кезегінде біздің аймаққа түсер инвестиция ахуалына игі әсер етеді, су айдынының үлкен бөлігінде кондоминиум тәртібінің орнауы бекіре балық және басқа биоресурстарды сақтайды, экологиялық тепе-теңдікті, сауда кемелерінің жүзуі мен әуе қатынастарының еркіндігін қамтамасыз етеді.

Бүгінде жағалаудағы барлық мемлекеттер Каспийді бөлу қағидатын қолданудың мүмкіндіктерімен келісіп отыр. Әрине, Каспий маңы мемлекеттерінің кейбір мәселелерге, соның ішінде бөлуге деген көзқарастарында өзгешеліктер мен ерекшеліктер де бар. Олар біздің бәрімізге белгілі. Алайда маңыздысы сол, 5 мемлекет теңіздің түбін бөлудің қажеттігіне негізінен көніп отыр.

Бүгінде бұл бөлудің негізгі 3 тәсілі бар:

1) орта желі тәсілі (немесе үлгілендірілген орта желі). Оны Қазақстан, Әзірбайжан, ішінара Түрікменстан жақтайды.

2) Түрікменстан Әзірбайжанмен теңіз түбін межелеген жағдайда деп ұсынған ендік тәсілі.

3) Иран ұсынған 20 %-дан бөлу тәсілі.

Жоғарыда көрсетілген тәсілдердің біріншісін пайдалану тиісті келісімдермен бекіді, атап айтқанда, 1997 жылғы Қазақстан-Түрікменстан бірлескен мәлімдемесінде тараптар орта желісін мақұлдады, Қазақстан мен Ресей арасындағы 1998 жылғы келісімде әңгіме орта желідегі түп секторын бөлу туралы болды, ол тараптардың келісімімен үлгілендірілген-ді, ал Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы 2001 жылғы келісімде орта жүйе бойынша бөлу қағидаты бекітілді.

2001 жылғы Әзірбайжан-Ресей бірлескен мәлімдемесінде тараптар Каспий түбіне шек қойылғанда бұл 2 елдің арасында үлгілендірілген

орта желіні пайдалану жөнінде келісілді. Орта желі мен оның нұсқалары (үлгілендірілген орта желі) қазіргі кезде жағалаудағы елдер үшін қолайлылығы мойындалып отырғаны айқын. Нәтижесінде аймақ мемлекеттері аталмыш мәселе бойынша сындарлы бағыт ұстанып ақылды шешімге келеді деп сену ғана қалды.

Осының бәрі Каспий мәселесін түпкілікті реттеуге қатысты геосаяси және геоэкономикалық тұрғыдан маңызды перспектива шыққанын көрсетеді. Мұнсыз Каспийдің көмірсутегі ресурстарын дамыту, Еуропаны Парсы шығанағымен және Шығыспен байланыстыратын көлік магистральдары мен құбыртарту құрылысы жөніндегі қолда бар жобаларды жүзеге тиімді асыру мүмкін емес.

Каспий өңірі құрылып жатқан жаңа коммуникациялар жүйесінің кіндік ортасында тұр. Демек, таяу уақытта осынау ұлан-байтақ теңіз кеңістігінде сауда кемесін жүргізу мәселесін де қоюға болады. Тарихи сәттің маңыздылығы энергоресурстар мен коммуникацияларға ғана тіреліп тұрған жоқ. Аймақтық саудаэкономикалық ынтымақтастықты тиімді ұлғайту үшін бірегей заң нормаларын жасау қажет. Сонда барлық аймақ үшін ортақ базар тұрғындардың басым көпшілігін тартып, сол арқылы жергілікті өндірушілер үшін тартымды кең ауқым ашылар еді.

Экономикалық факторлармен қатар, Каспийдің нәзік экологиялық жүйесіне ықтиятты көзқарастың болуы маңызды. Орталық Азия, бәрінен бұрын Қазақстан, теңіз ресурстарын ойсыз, жүйесіз пайдаланудың нәтижесі – Аралдың экологиялық апатынан бар жағынан да қатты зардап шегіп отыр. Тек Каспий теңізінде ұлттық құзыреттің шегін ажырату ғана аймақтың экономикалық дамуы үшін негіз қалайды, сондай-ақ экологияны қорғау жөніндегі шаралардың қабылдануын шапшаңдатады.

Каспий мәселесі кешенінің экологиялық құрамдасына зер сала отырып келіссөз үдерісіне қалған қатысушылар сияқты Қазақстан жағы да ертеректе теңіздің құқықтық мәртебесі туралы халықаралық келісім-шарт күшіне енгеннен кейін Каспий жөнінде салалық, соның ішінде экологиялық келісімдер жасауға кірісуді жақтап шыққан еді.

Алайда құқықтық мәртебе жөніндегі келіссөздер кешіргісіз созылып кетті, сол секілді кейінге қалдыруға болмайтын Каспийдің табиғи ортасын сақтау мәселесінің де шешімі шықпады. Қазақстан мен Ресейдің 2000 жылдың 9 қазанындағы Бірлескен декларациясындағы қалған Каспий маңы елдеріне үндеуін еске салғым келеді. Ол Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы халықаралық келісім-шартқа қол қойылғанша, артықшылық

тәртібімен көп жақты үкіметаралық келісімдер жасауға шақырған болатын. Соларға сәйкес Каспий теңізінің табиғи ортасын сақтау, оның биоресурстарын ұдайы өсіру және ұтымды пайдалану, әсіресе бекіре балықтардың бірегей өсіп-өрбуі жөнінде жедел ұжымдық шаралар қабылдауға болатын еді. Біздің елдердің құзыретті министрліктеріне тиісті табиғат қорғау келісімдерін жедел дайындап, қол қоюға әзірлеуге шындап кірісуді тапсырған орынды деп білемін.

Бәлкім, Каспий мәселесін шешуді соза беруіміз аймақтағы тыныштық пен тұрақтылықтың шырқын бұзар күштердің қолайына жағып, осыны пайдаланып қалуға тырысатынын айту артық болар. Өз басым Каспийдегі жағалауда орналасқан мемлекеттердің әрқайсысы құқықтарын үйлестіруді бейбіт келіссөздер арқылы дербес шешуге күшіміз жетеді деп топшылаймын. Келісім сұхбатты күш тұрғысынан жүргізу Каспий мәселесін өздігімізден дербес зерделеуге қабілетіміз жетпейтінін айғақтап, біздіңше, өзара қолайлы шешім іздеуге жәрдем тигізбей, қайта үшінші әлемнің зиянды ынтасын туғызуы мүмкін.

Каспийдің болашағы төңірегіндегі елдердің ортақ құндылықтары мен келісілген бағдарларына негізделуі керек. Тек бір-біріміздің мүдделерімізді құрметтей отырып қана Каспийдің баға жетпес байлығын тиімді пайдалануға болады. Мүдделі

жақтардың барлығы бұны түсінеді деп сенемін. Бүкіл әлемнің мүддесі үшін Каспий тиімді интеграция мен экономикалық ынтымақтастық аймағына айналуға тиіс. Оны ықтимал апаттардан сақтау үшін біз барымызды салуымыз, барлығын да жасауымыз керек. Бұған бәріміздің де әліміз жетеді. Алда өткелі тұрған АӨСШК саммитінде талқыланар тақырыптар аз болмас деп ойлаймын. Сол жиыннан осындағы мемлекеттердің басшыларын түгел көрсем, қуанар едім.

## I Еуразия медиа-форумында

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2002 жылғы 25 сәуір

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан жерінде I Еуразия медиа-форумының қатысушылары мен қонақтарын, гуманитарлық өрлеу мен мәдени-ақпараттық интеграцияның жаһандық үдерістеріндегі Еуразияның рөлін талқылауға жиналған аса беделді журналистерді, саясаткерлер мен сарапшыларды шын ниетпен құттықтаймын.

Иран Республикасының Президенті, философ, дінтанушы, бейбітшілік ісі жолындағы күрескер, жұмыс кестесінің тығыздығына қарамастан, бізбен бірге болуға уақыт тапқан Мохаммад Хатамиға рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Ғасырлар мен мыңжылдықтардың тоғысындағы тарихи өзгерістер күллі әлемнің бейнесін түбегейлі түрлентіп жіберді. Бәлкім, бұл біраз деңгейде біздің құрлыққа да жанасып, содан бұл іс жүзінде тың тұрпатқа ие болған шығар.

XXI ғасыр Еуразияның қауырт даму ғасыры деп болжауға болар еді. Кеңестік кеңістіктен кейінгі елдердің басқа мемлекеттермен ынтымақтастығына қойылып келген бұрынғы тосқауылдар жойылды. Қауіпсіздік пен ынтымақтастық Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңес секілді қуатты жасампаз әлеуеті бар жаңа ұйымдар құрыла бастады.

Каспий XXI ғасырдағы дамудың аса маңызды энергетикалық базасына айналды. Атлант және Еуразия саясаты нақ осында қиылысады деп белгіленіп отыр. Ауғанстан тарапынан туындаған басқыншылық нақ осы жерге бағытталған болатын. Сондықтан да біз мұнда мүдделердің ымыраласпас тайталасына жол бермеуге тиіспіз. Бүкіл әлем үшін мұнда даму ісіне қызмет ететін тұрақтылық пен ынтымақтастық аймағының болуы өте маңызды.

Әлемдік 2 жүйенің тайталасы әлдеқашан келмеске кеткеніне қарамастан, ескі сын-қатерлердің орнына жаңалары туындап жатыр.

Солардың бірі – халықаралық терроризм болып табылады. Сондықтан да біз планета адамдарының бейбіт тірлігі мен тыныштығына қатер төніп тұрғанын, адамзат әлі де болса қарулы тайталасқа қарағанда бейбіт үнқатысудың, қантөгіс пен өшпенділікке қарағанда келісімнің басым екендігін түсінушілікке келе қоймағанын мойындауға мәжбүрміз.

Бүгінде адамзат қауымдастығына тән болып отырған мұндай ахуалдың шынайы тамырлары жаһандық теңсіздікте, кедейшілікте, қайыршылық пен сауатсыздықта екенін түсіну үшін әлемнің беделді талдау институттарының қорытындылары қажет емес.

Егер шартты түрде Жердің бүкіл халқын 100 тұрғыны бар мекен ретінде қабылдайтын болсақ, барлық сәйкестіктерді ұстанған жағдайда бұл мекенде 57 азиат, 21 еуропалық, оңтүстігі бар, солтүстігі бар 14 американдық және 8 африкалық тұратын болатындығы есептеп шығарылыпты. Бұл ретте 100 тұрғынның 80-інде қалыпты тұрғын үй жағдайы болмайды. 50-і тоя тамақ ішпейді немесе ашқұрсақ болып жүреді. Және 1 ғана тұрғынның толық мәнді жоғары білімі болады.

БҰҰ-ның мыңжылдық саммитінде келтірілген мәліметтер бойынша, дамушы елдердің 6 трлн доллар қарызы бар, әлем елдерінің 20 %-ы оның байлығының 80 %-ына иелік етеді екен. Бұған енді шамамен 500 млн адам соғысты, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстарды бастан кешіп жатқанын қосуға болады.

Осының бәрімен қатар бүгінгі адамзат күйзелісі мен кейістігінің ең үлкен бөлігі тағы да біздің құрлық халықтарының үлесіне келеді екен.

Бұл тұрғыдан тұтастай алғанда әлемге және Еуразияға көз салатын болсақ, адамзат мынаны түсінуі керек: қатерден аман қалудың жолы тек қана өзара түсіністік пен төзімділік, дамудағы өзара көмек пен ынтымақтастық арқылы өтеді. Еуразиялық кеңістікте орын алып отырған өткір проблемалар нақ осындай бейбіт диалог және ынтымақтастық жолымен шешілетін болады деп үміт артуға бізде барлық тарихи негіздер бар.

Бұл, біріншіден, славян және түркі халықтарының ғасырлар бойғы өзара ықпалы мен өзара байытылуы.

Екіншіден, солтүстік Еуразия наным төзімділігінің және ислам мен христиандықтың қақтығыссыз қатар өмір сүруінің аз ғана мысалдарының бірі болып табылады. Бұл осы заманғы әлемде, тіпті оның ырықтанған бөлігінде сирек құбылыс саналады.

Үшіншіден, көптеген жас тәуелсіз мемлекеттердің тағдыры халықаралық терроризм, саяси экстремизм, трансұлттық есірткі бизнесі тарапынан ортақ қауіп пен қатерге ұшырап отыр. Бұл кесапатқа қарсы күрес күш-жігер арқылы ғана мүмкін болады.

Осындай жағдайда қырғи қабақ соғыстың окоптарынан шыққан бұқаралық ақпарат құралдарының бейбітшілік ісіне және ұлттар мен діндер, байлар мен кедейлер, елдер мен құрлықтер арасындағы диалогқа қызмет етуі төтенше маңызды. Оның мәртебелі тарихи міндетінің өзі – нақ осында.

Экономика мен саясаттағы жалпыға ортақ жаһандану мен даму теңсіздігінің күшеюі жағдайында әлемдік ақпараттық кеңістіктің жаһануы жүріп жатыр. Бұл ретте кез келген мемлекеттің өзін-өзі ақпараттық тұйықтауы, оның болашағы үшін болжап болмайтын салдарға ұрындырмауы мүмкін емес.

Сонымен бірге көптеген елдердің көшбасшы мемлекеттерге ақпараттық тәуелділігінің проблемасы да бар, оның әлдеқайда күрделі және терең әлеуметтік-мәдени сипаты болуы мүмкін. Сондықтан да біз өзіміздің жаңа мемлекеттігімізді құра отырып, ақпараттық кеңістігіміздің қалыптасу проблемасын ешқашан назардан тыс қалдырмадық. Мен оның негізінде еркіндік, ашықтық, заң

секілді түсінікті де қасиетті 3 құндылықтың бірлігі жатқандығына сенімдімін.

Қазақстан қысқа мерзімде терең мәнді экономикалық және саяси реформалар жүргізді. Біз нарықтық экономика елі ретінде танылдық. Біз цензураға Конституциямен тыйым салып, сөз бостандығын қамтамасыз еттік. Мемлекеттің БАҚ-қа монополиясын жойдық, ақпараттық сала дамуының жаңа құқықтық және экономикалық негіздерін жасадық.

Бүгінде 15 млн тұрғыны бар біздің елімізде 1600-ге жуық бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді, олардың 80 %-ы – мемлекеттік емес.

Біздің азаматтарымыз еркін сайлауларда дауыс береді, өз нанымын еркін атқарады, еркін бірігіп, өздерінің үкіметпен келіспеушілігі туралы ашық айта алады. Мұның бәрі біздің тарихымызда ешқашан болған емес! Біз әлем қазақстандықтарға қалай ашылғаны секілді сіздер үшін де ашықпыз. Біз өте көп шетелдік достар мен әріптестер таптық. Қазақстан ерікті түрде ядролық қаруларды жойып, ядролық полигонды жапты. Әлемдік қауымдастық бізден қауіптенуді қойып келеді.

Біздің жерімізде мыңдаған шетелдік журналистер, сарапшылар мен саясатшылар болды. Олар біздің жетістіктерімізді де, біздің кемшіліктерімізді де көрді. Біз оларды тыңдай отырып, дауластық немесе айтқандарымен келістік – осылайша демократиямыз туды.

Демократия – біздің саналы түрде өзіміз қалаған таңдауымыз және біз оны өзіміздің нақты жағдайымызды, геосаяси ахуалымыз бен аймақтық ортамызды ескере отырып жетілдіріп келеміз.

Содан да тәуелсіз БАҚ оның аса маңызды құрамдасына айналды. Мен бүгінгі форумның негізгі ұйымдастырушылары қатарында тәуелсіз Қазақстанның бекіген еркін бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистік қауымдастығы болуын терең мәнділік санаймын.

Бүгінде, біздің еліміз үшін тәуелсіздікті сақтау, нығайту ең басты мәселе болып отырған кезде, бұқаралық ақпарат құралдарының біздің жаңа мемлекеттілігіміздің, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен нығаюына, саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және әлеуметтік тыныштық пен келісімді сақтауға белсене жәрдемдесуі айрықша маңызды.

БАҚ заңға құлықтылық өнегесін көрсетуі керек: нақ сол заңдарды сақтау демократияның қалыптасуы мен нығаюының, адам құқықтары мен еркіндіктерінің бастау негізі болып табылады.

Біз ескі қасаңдықтар мен ұғымдар күйреуінің күрделі, алайда ұлы кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Бұрын түрлі мәдениеттер мен өркениеттер адамдары үшін бірін-бірі тыңдап, түсінуі еңсерілмес проблема болған еді. Еуразиялық ұлы жазушы мұны: «Батыс дегеніміз Батыс, Шығыс дегеніміз Шығыс, сондықтан да олардың кірігуі мүмкін емес» деген сөздермен дәл бейнелеген еді.

«Шығыс пен Батыс» географиялық қарама-қарсылық түсінігі ғана болған жоқ. Олар крест жорықтары мен қасиетті соғыстар, халықтардың қоныс аударуы мен күйзелткен басқыншылықтар, отарлау мен еркіндік және тәуелсіздік үшін күрестер арқылы өтті. Адамзат бастан кешкен 14,5 мың соғыстың басым бөлігі Еуразия халықтарының үлесіне келіпті. Біздің құрлықта қантөгіс бүгінгі күні де жалғасуда. Бірақ 11 қыркүйектен кейін дүние мүлдем басқаша сипат алды.

Адамдар ғаламшардың өздерінен түрліше қашықтықта жатқан нүктелеріндегі соғыстар мен террорлық актілердің құрбандарына жанашырлық танытып қана қоймайтын болды – олар ендігі жерде бүкіл адамзатқа қатер төнгенін және жұмыр Жердің тағдырын бәрі бірлесе отырып шешуі керектігін түсінетін болды. Біз бүгінде әлем өркениетті және өркениетті емес, алдыңғы қатарлы және кенжелеп қалған, прогресшіл және реакциялық елдерге бөлінеді дейтін көне де «оңтайлы» ұғымдардың күйреп түскенін көріп отырмыз.

Біз бәріміз қай жерде тумайық және қай жерде тұрмайық, өзімізді жалпы адамзаттық өркениеттің құрамдас та ажырамас бөлігі ретінде сезінетін болдық.

Алайда біз осы заманғы қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары ықпал етудің күшті аспабына

айналып келе жатқанын жақсы түсінеміз. Олар адамдардың бойына сенімділік ұялата алады немесе қорқыныш ұрығын себе алады, рухани байытады немесе жұтаңдандырады, жақындатады немесе жік түсіреді, жасампаздыққа бастай алады немесе күйрете алады. Бәрі де бұқаралық ақпарат құралдары мен оларды басқаратын адамдар өздерінің алдарына қандай мақсат қойғанына байланысты.

Бұл ретте демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекетте кейде сөз бостандығын шектеу мен Заңға сөзсіз бағыну талабының арасында шек жүргізу тіпті де оңай емес. Кеңестен кейінгі барлық елдер дерлік осы проблемамен бетпе-бет келді. Сондықтан да бұқаралық ақпарат құралдары қоғам алдындағы өзінің ерен жауапкершілігін түсінуі керек.

Шын мәнінде, әлем біздің санамызда ғана бөлінген!

Шығыс пен Батыс «түйіспеуінің» бағзыдан келе жатқан проблемасының негізінде, меніңше, дүниетанымды, мәдениеттерді, өмір салттарын, даму үлгілерін жетілдіруде сол бағзыдан келе жатқан сайысы жатқандай. Алайда ендігі жерде біз бірден-бір және ұлы жетілдіру олардың үйлесімді астасуы мен бірігуінде жатқандығын түсінуге келмеуіміз мүмкін емес.

Біз Батыс пен Шығыс бір-біріне қарай қадам басып қана қоймай, бүкіл Жер шарының – біздің

ортақ және бірден-бір үйіміздің болашағын айқындайтын өркениеттер нақ осы кезеңде және осы құрлықта ашықтық пен ынтымақтастықтың жаңа философиясын орнықтыруы үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеуге тиіспіз.

Мен ұлтаралық, конфессияаралық, әлеуметтік келісім салтанат құрған біздің көпұлтты Қазақстан адамзат баласы міндетті түрде маңдай тірейтін осынау Жаңа әлемнің 1 бөлшегіне қазірдің өзінде айналып келеді деп ойлаймын.

Форумға қатысушыларға заманның өзекті мәселелері мен сындарына жауапты табысты іздестіруді, бүкіләлемдік қауымдастық мүддесі тұрғысынан бұқаралық ақпараттық жаңа даму жолдарын ашуды тілегім келеді. Сан ғасырлар бойы Шығыс пен Батыс көне Жібек жолы арқылы түйісіп жатқан Қазақстандағы кездесулеріңіз халықтар мен мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін туғызуға көмектесетініне үміттенемін.

**«Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына**

# ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2002 жылғы 29 сәуір

**Құрметті депутаттар!**
**Қадірлі отандастар!**

Жуырда ғана баршамыздың бас қосып, мемлекетіміздің 10 жыл ішіндегі дамуының қорытындысын шығарғанымыз естеріңізде. Бұл ретте жетістігіміздің жемістерін ғана теріп қойғанымыз жоқ, ең бастысы келер ұрпақ үшін ел тәуелсізді-

гін қалыптастырудың алғашқы кезеңі жайында ғажайып мол тарихи мұра жиғанымызға көз жеткіздік.

Сонымен қатар, біз өзіміздің үлкен жолдан өтіп, толыса түскенімізді, XXI ғасырға қаймықпай қадам баса алатындай биікке көтерілгенімізді пайымдадық.

Осы жылдар ішінде тындырған ісіміздің басты түйіні Қазақстанның дербес мемлекет болып қалыптасуында жатыр.

Әлбетте біз масайраудың да, масаттанудың да ретсіз екенін жақсы түсінеміз, мұның өзі мереке үстіндегі баяндамада да қадап айтылды.

Біздің әлі де есею мен кемелдену кезеңінен өтуіміз керек, Қазақстандағы азаматтық қоғамның босағасын бекіте беруіміз керек.

Біздің «Қазақстан – 2030» стратегиясына негізделген 10 жылдық жоспарымыз да осыған бағыталып отыр.

Тегінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін еселеу жөніндегі жұмысты бұрынғысынша серпінді жүргізу үшін орта мерзімдік жоспарлар мен орта мерзімді кезеңге және 2003 жылға арналған басымдықтарды барынша нақты айқындап алудың маңызы айрықша зор.

Менің жуырда Үкіметтің 3 жылға арналған іс-қимыл Бағдарламасын бекіткенім өздеріңізге мәлім.

Онда экономиканың нақты секторының құрылымын жақсарту, көлік инфрақұрылымын дамыту, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, ел экономикасын аймақтық ортақ рыноктарға кіріктіруді жеделдете түсу міндеттеріне айрықша ден қойылып отыр.

Сондықтан да менің осы Жолдауда алдағы басымдықтардың байыбын баса көрсеткім келеді, ал мұның өзі Үкіметке өзінің ертеңгі қам-қарекетін бюджеттің нақты бағдарламасының ауқымында іске асыруға мүмкіндік берер еді.

Оның ерекшелігі мынада: біріншіден, мен әр жылды белгілі 1 салаға немесе қызметтің бағытына арнау тәжірибесінен бас тартып, басымдықтарды 3 жылдық мерзімге белгілеуге көшуді ұсынар едім.

Екіншіден, Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы тұңғыш рет бюджет атқарылғаннан кейін емес, бюджетті қалыптастыру барысында жария етіліп отыр.

**Құрметті отандастар!**

Алдағы кезеңді, яғни 2003–2005 жылдарды ауылды (селоны) түлетуге арнау үшін көптеген себептер бар. Менің Жолдауым да, міне, нақ осы мәселеге арналып отыр.

Кеңестік экономиканың кембағалдығынан зардап шеккен де нақ сол ауыл шаруашылығы,

ең алдымен дәл сол ауыл енбеккерлері, нарыққа көшу кезеңінде оның залалын жон терісімен сезінген де солар.

Ауыл дегеніміз – сайып келгенде халықтың тұрмыс-салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары. Осынау моральдық және әлеуметтік факторлардың өзі-ақ бізден ауылға барынша байсалды қарауымызды талап етеді.

Кез келген революциялық сүргіндер кезінде ауырсындыратын өзгерістер ауыртпалығының ауылға түсетіні мәлім, мұны тарих та дәлелдеп отыр. Мұны Қазақстан да бастан кешті.

Біз кез келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз. Бәрінен бұрын тұрақтылық пен байсалды эволюциялық дамуға нақ осы жұрт ықыласты. Тәуелсіздік пен қуатты мемлекет мұраттарын айрықша қастерлеп, терең сезінген де осы жұрт, өйткені оның қаны мен жанында бабаларымыздың арманының үміті қаттаулы қалпында жатыр.

Сонымен қатар, таза экономикалық себептер де бар. Экономикамыздың құрылымын, таяу және шеткері жатқан рыноктарды мұқият саралау Қазақстанның агроөнеркәсіптік мамандануын тереңдету хақында зерделеп ойлануға жетелейді.

Мұның өзі таңданарлық жайт, бірақ шындық: бізге таяу және шалғай жаңа рыноктардың бәрі

де астық пен етке зәру. Алайда Қазақстанның азық-түлігі содан өзіне орын таба алмай тұр, өйткені сапасы төмен әрі шығасысы жоғары, сондай-ақ, оған көрсетіліп отырған мемлекеттік және дипломатиялық қолдау да әлсіз.

Ол ол ма, ішкі рыногымыз өзінің бірқатар тұғырлары бойынша сырттан азық-түлік тасып әкелудің үдей түсуінен ұтылысқа ұшырай бастады.

Елімізде қуатты ауылшаруашылық секторы болуының айрықша маңызы бар, мұның өзі оған ілесе жүретін салалары: минерал тыңайтқыштар, ауылшаруашылық машиналарын жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, оның ар жағында технологиялық желі бойынша басқа да салаларды мықтап көтеруге мүмкіндік бар еді. Демек, мұның ел экономикасы үшін беретін сан алуан тиімділігі орасан зор.

Біздің ауылға деген ерекше көзқарасымыздың демографиялық, көші-қон және әлеуметтік астарлары жөнінде айтпау да мүмкін емес.

Ауылдық жерлерге адамдарды қоныстандыру Қазақстанда тарихи тұрғыда, әсіресе, әміршіл-әкімшіл экономика кезеңінде нарық экономикасы жағынан да, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық пайым жағынан да барынша сәтсіз жүргізілгенін айтқан жөн.

Соның салдарынан көптеген ауылдық аудандарда тоқыраушылық экономика тамыр тартты.

Жерінің сапасы жағынан, сондай-ақ табиғи және әлеуметтік өлшемдері жағынан алғанда да млн-ға жуық адам өзіндік жетімділіктің ең төменгі қалыптары жағдайында өмір сүріп жатқанын еш бүкпесіз тілге тиек етуге болады.

Біздің мынандай 1 ерекшелікті барынша байыпты екшеуіміз керек. Қазақстанда ауыл жұрты 43 %-ды құрайды. Ауыл жұртының көптігінен аудандардың көпшілігінде жұмыссыздық дендеді, ал мұның өзі ауылдағы еңбек нарығын әлсіретеді, сөйтіп оны елдегі ең төмен деңгейге дейін арзандатады.

Соның салдарынан ауыл жұрты аудан орталықтары мен қалаларға жаппай көше бастады. Айталық, 2000–2001 жылдары келешегі күмәнді, сол себепті адамдар тастап кеткен 186 мекен тарады, биыл тағы да сондай 93 мекен таратылатын сыңайлы.

Бұл құбылысқа өзіміз де, өзге жұрт та қаншама тосырқай қарағанмен, оны объективті үдеріс ретінде пайымдағанымыз дұрыс.

Мәселе мұның атқарушы биліктің ырқынан тыс, стихиялық сипатта жүруінде ғана болып отыр.

10 жыл ішінде біз экономикадағы тұғыры тұрлаулы мемлекет ретінде аяғымызға нық тұрдық. Ендеше жеткен биігіміз бен жинақтаған тәжірибемізге сүйеніп, ауылдағы ағайынымызға жаңа сапасына жетуіне қол ұшын беретін уақыт туды.

Менің нақты ұсыныстарым қандай?

Біріншi. Біздің бәріміз алдымен ауылға қолдау көрсету дегеніміз кез келгенді және көрінгенді оңды-солды мемлекеттік қаржыландыруға тіреліп тұрмағанын мықтап ұғынып алуымыз керек. Біз бәз баяғыдай масылдық және мемлекеттік бәйек болушылық тәжірибесін қайта түлете алмаймыз және олай істемейміз.

Алдағы уақытта да адамның өзі үшін және өзінің отбасы үшін ырзығын теруіне қажетті жағдай туғызу бағытын нысаналы жүргізу керек, жұмыс істей білетін, өзінің еңбексүйгіштігін көрсеткен адамдарға қолдау көрсету керек. Мемлекеттің халық және оның болашағы алдындағы жауапкершілігі де, міне, осында жатыр.

Мемлекеттің бүкіл қаржы-экономикалық, соның ішінде әлеуметтік және ауыл шаруашылығы саясаты адамның тіршілігі мен нарықтық қатынастардың іске қосылуы тұрғысынан сараланып, келешегі бар аумақтарға бағытталуы керек.

Екінші. Мен Үкіметке ауылдық аумақтардың тұрғындарын келешегі болатындай етіп қоныстандыру үлгісін жасауды тапсырамын. Тұралауға ұшыраған бірсыпыра шағын қалалардың тағдырын да жалтақтамай шешу қажет.

Елімізге ішкі көші-қонды келешегі бұлдыр өңірлерден дамып келе жатқан аудан орталықтары мен шағын қалаларға қарай ойыстыруды көтермелейтін мемлекеттік саясат қажет. Әлбетте, бұл саясат көші-қон легін жоспарлау мен басқару, қоныс аударушыларды жермен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мамандықтарға бейімдеу мәселелерін ескеруі шарт.

Барлық адамдардың экологиялық таза ортада өмір сүруге, жақсы әлеуметтік қызмет көруге ұмтылатыны белгілі. Бұл ниетті қолдау керек. Шұрайлы жері, іргесінде өнім өткізу базарлары, қолайлы көлік желілері бар өңірлерде ауылдың қалыпты тіршілік етуге жағдайы толық екені айдан анық.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне аумақтық істер жөнінде қосымша уәзипалар беру мәселесінің де пісуі жетті.

Үшінші. Мен Үкіметтің алдына барынша қысқа мерзімнің ішінде Қазақстан агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 3 жылдық президенттік бағдарламасын әзірлеу міндетін қоямын.

Біздің еліміз әлемдік және өңірлік дәстүрлі азық-түлік өнімдерін беруші болып келді және болып қалуға, ал агроөнеркәсіп кешенінің өзі еліміздің экономикалық өрлеуінің, сауда және төлем балансын жақсартудың қосымша қайнары

болуға тиіс. Біз осыған жету үшін барлық күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек.

Ауылды өркендетудің басты факторы агроөнеркәсіп кешенін тұрлаулы әрі серпінді дамыту және оның экономикасын осы заманғы нарық қағидаттары негізінде шапшаң ілгерілету болып қала береді.

Бұл мәселенің мынадай тұтқалы тұстарын атар едім.

Задында экономикалық және ең әуелі, жер мен су қатынастары реформаларын байыбына жеткізу шарт.

Жуырда қабылданған Жер туралы заңның елімізді өркениетті нарыққа қарай ілгерілете алмағанын мойындауымыз керек. Ендеше бірлесе жүріп жіберген қателігімізді тез арада бірлесіп түзейік, осы заңды сындарлы қалыпқа келтірейік. Бұл заңның түпкі мәні, өміршең маңызы бар: «Ауыл шаруашылығы жеріне жеке меншік керек пе?» дейтін сауалға қайтаратын жауабы болуға тиіс.

Осы сұрақтың жауабын іздегенде біз, әдетте, жерді сату – Отанды сату дейтін тоғышарлық тұжырымға ойыса береміз, ал жерге деген меншіктің шаруаның ендігі жерде өз жерін ешкімнің алып қоймайтынына деген сенімі мен үміті екенін ескере бермейміз. Керек десеңіз, жерге деген меншік – оны абаттандыруға, өз

балаларына шұрайлы қалпында мирас етуге деген ынта-ықылас.

Иесіз жер жетім. Экологиялық апатқа алдымен ұшырайтын да сол иесіз жер. Қазақстан жағдайында жерді нарық айналысына қосу дегеніміз – пайдаланылмай жатқан орасан зор ресурстарды экономикаға қосу деген сөз.

Парламенттің дәл осы құрамының «Жерге жеке меншік туралы» заңды қабылдау арқылы өзінің осынау тарихи парызын орындайтынына сенемін.

Үкіметке басқа елдердің тәжірибесін зерделеп, «қолдаймын» мен «қарсымынды» қатар таразыға тарта келіп, осы заңның жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуді тапсырамын.

Сайып келгенде, су қатынастарында да тәртіп орнататын кез жетті, мұнда да ұйымдық-құқықтық былықтар жетіп жатыр. Гидромелиорациялық құрылғыларды жаңалаудың әбден толғағы жеткен түйіндерін де дәйекті түрде шешу керек.

Егіншілік пен мал шаруашылығында экспортқа және ішкі ірі мемлекеттік сатып алымдарға бағдарланған орта және ірі тауарлы өндірістер ұйымдастыруға кірісу керек, бұған экономикалық шараларды кіріктіру қажет.

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің жедел өсімін және өзіндік құнның төмендеуін қамтамасыз ету үшін қайтарымды, бірақ жеңілдікті негізде мемлекеттік жәрдем көрсеткен тиімді.

Экономикалық тәсілдер арқылы шараларды осы заманғы агротехнологияларды енгізуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату салаларын дамытуға бағдарлаудың, сөйтіп, қазақстандық өнім өндірушіге, жоқ дегенде, көрші елдерге тең келетіндей экономикалық жағдайлар туғызудың маңызы зор.

Өнім сапасына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтіп, едәуір жақсарта түсетін уақыт туды.

Үкімет мал дәрігерлік және санитарлық қадағалау, мал мен өсімдік дерттеріне қарсы күрес жүйесін тәртіпке келтіруге, стандарттар мен технологиялық қалыптарға қатысты жұмысты күшейтуге, сөйтіп оларды жедел әрі дәйекті түрде әлемдік шарттарға жақындата түсуге тиіс.

Ауылды ғылыми және ақпараттық қамтуды қалпына келтіру керек. Ауылшарминінің жүйесінде ауылшаруашылық институттары жұмыс істеуге тиіс, ал Статистика агенттігінің бастапқы ақпарат мәселесімен мықтап шұғылдануы керек. Барлық деңгейдегі әкімдерге келсек, олар ақпараттық маркетинг жүйесін өрістетуге жәрдемдесуге тиіс, әзірге мұндай жүйе 36 ауданда ғана жұмыс істеп тұр.

Үкіметтің сыртқы өткерім рыноктарын кеңейту жөнінде тиімді шаралар қолдануы шарт.

Сыртқы рыноктарға шығатын көлік жолдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс та көңіл көншітерлік емес, сондай-ақ сауда жолдарының бойындағы басы артық тарифтік және тарифтік емес жүктемелер де қиындық туғызып тұр.

Ауылға несие және қаржы қызметін көрсететін түрлі шағын несиелеу және өзара несиелеу институттары түріндегі неғұрлым көп тарамды қаржы желісі де қат.

Ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандырумен де ден қоя шұғылдану кажет.

Үкіметтің сыртқы займдардың, әсіресе, халықаралық банктер желісі бойынша түскендерінің едәуір бөлігін жеңілдікті және үйлесімді негізде ауыл шаруашылығына бағыттау жөніндегі бүгінгі іс-тәжірибесінен жазбағаны жөн. Лизинг орталықтарының, несие серіктестіктерінің мүмкіндіктерін күшейте беру міндеті де алда тұр.

Төртінші. Мен Үкіметке әлеуметтік салаға ерекше назар аударуды тапсырдым.

Мұнда ауылға қатысты жаңа саясат маңызды орын алуға тиіс. Бұл – келешегі кемел өңірлерді өркендету саясаты, әлбетте мұның қаржымен жете қамтуды қажетсінетіні белгілі.

Ең алдымен, біздің шаруа адамына кедергі келтірмеуіміз керек, оған өз шаруашылығын көтеруге еркіндік беріп, несие алуына, консалтинг жөнінде, өнімін сатуына жәрдемдесуіміз керек.

Осы 3 жылдың бюджеті ауыл үшін басымдықты сипатта болуға тиіс. Әлеуметтік салаға жұмсалатын қаражатта алдымен ауыл тұруға: бәрінен бұрын, ауылға арналған жолдар мен сутартқыштар тұруға; бәрінен бұрын, ауыл мұқтажын өтейтін ауруханалар тұруға; бәрінен бұрын ауылға арналған мектептер тұруға тиіс. Мен Үкімет пен әкімдерге 2003–2005 жылдардың ішінде жыл сайын ауылда білім беруді, денсаулық сақтауды қаржыландыру әрі ауыз суға арналған, әрі облысаралық және ауданаралық ауылдық автомобиль жолдарын салу мен жаңалауға арналған қаражат көлемін 10 млрд теңгеге ұлғайтуды тапсырамын.

Алайда бұл қаражат ақылмен жұмсалуға тиіс, айталық, жадап-жүдеп, жұрты азайып кеткен жерлерде жаңадан мектептер салудың қажеті бар ма? Мұндай жағдайларда келешегі бар аудандарда мектеп-интернаттар салып, балаларды сонда ауыстырған жөн болмақ. Мұның осы заманғы ауруханаларға да қатысы бар.

Сонымен қатар, жалпы алғанда 2003 жылдан бастап, жыл сайын ауыл шаруашылығын дамытуға қосымша 8–10 млрд теңге қарастырып отырған дұрыс.

Мен білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді стратегиялық міндет санаймын. Еліміз үшін мұғалім мәртебесін

арттыру, ең алдымен, ауылды жерде арттыру ең 1 өзекті мәселе. Бірінші кезекте мұғалім еңбегіне ақы төлеу мәселесін шешу шарт.

Биылдың өзінде мұғалімдердің жалақысын, бұрын жоспарланғандай, 25 %-ға емес, 30 %-дан астамға ұлғайту мүмкіндігі бар деп санаймын.

Үкіметке және әкімдерге бұл үшін қажетті қаржы көздерін табуды тапсырамын.

Бесінші. Көші-қон стратегиясы, әсіресе, ауыл мен әлеуметтік салаға ерекше мән беру, тегінде, белгілі 1 деңгейде, сірә, бюджетті орталықсыздандыруды талап етуі мүмкін. Дегенмен бұл тұста Үкіметтің де, Парламенттің де ауыл тұрғындарын қоныстандырудың ұтымды үлгісін жасау үшін, мұның өзі ауылдық аудандар мен округтер ауқымында белгілі 1 әкімшілік-аумақтық қайта құруларға әкеліп соқпай қоймайтынын ескеріп, салмақтылық пен салиқалылық көрсетулері керек.

Енді ең соңғы айтпағым. Алдағы уақытта меншікті, дәлірек айтқанда, қалаларға ауылдан көшкендер мен ұсақ кәсіпкерлердің жері мен жылжымайтын мүлкін жария ету жөнінде тұтас шаралар кешенін қолдану қажет.

Адамдардың осынау тобының меншігі жасырын және жартылай жасырын болып келетініне, әрі тиісінше ресімделмеуіне байланысты, оны капиталға айналдыру, сату немесе кепілге беру мүмкін емес. Сөйтіп, олар ашық есеп жүйесінен

де, жаңа экономикалық қатынастар аясынан да тыс қалады.

Бұл орасан зор әлеует. Әлемдік сарапшылардың пайымынша, көптеген кедей елдер қазірдің өзінде ілгері серпіліс жасауға мүмкіндік беретіндей активтер мен ресурстарға ие болып отыр.

Біз экономикалық дамудың аралық өңірінде тұрмыз. Экономист сарапшылардың есебі бойынша, шағын және орта бизнесті қоса алғанда, экономикалық өсімнің 25-тен 35 %-ға дейінгі активтері мен ресурстары астыртын айналыста жүр. Ендеше, оларды нарық айналысына қосу бүкіл еліміздің экономикасы үшін орасан зор тиімділік береді.

Міне, осыған сүйеніп, шағын және орта бизнесті жан-жақты нығайта беру қажет, сол үшін кезең-кезеңімен:

– салық ауыртпалығын азайту;

– меншік пен активтерді жария ету;

– несие ресурстарына жол ашуды жеңілдету;

– әкімшілік рәсімдер мен рұқсат беруді оңайлату;

– бюрократиялық зорлық пен бақылау-тексеру органдарынан қорғау;

– шағын және орта бизнесті қолдайтын аймақтық орталықтар құру, маркетингтік зерттеулер жүргізуге, біліктілікті арттыруға, орталықтандырылған бухгалтерия құруға көмектесу

сияқты өзекті міндеттерді шешу қажет.

Үкіметке осы мәселелер бойынша арнайы комиссия құруды тапсырамын.

Ауылды өркендету жөнінде алға қойылған міндет-терді орындау парызы Үкімет пен әкімдердің бірлесіп, зор жауапкершілікпен жұмыс істеуін талап етеді. Мұның өзі атқарушы биліктің бүкіл жүйесі үшін салмақты сын болуға тиіс.

Осы Жолдауда мен ауылдағы біздің жаңа саясаты-мыздың 1 ғана, алайда аса маңызды мәселесіне әдейі ерекше назар аударды м. Демек, Үкімет пен Бюджет комиссиясы келесі жылға тиесілі басымдықтарды тиісінше нақпа-нақ анықтауы керек.

Сонымен қатар, мемлекеттік құрылыс пен қоғамды демократияландырудың негізгі бағыттарына бай-ланысты бірқатар мәселелерге тоқталғым келер еді.

Орта мерзімді келешекке арналған тиісті шаралардың кешені мақұлданды. Ол Негізгі заңымыздың бұлжымайтынына және конституциялық құрылысы-мыздың мызғымайтынына негізделеді.

Көптеген сарапшылардың, соның ішінде халықаралық сарапшылардың пікіріне сайсақ, Қазақстанның 1995 жылы қабылданған Конституциясы өзінің мәні жөнінен еліміздің

даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін демократиялық конституция болып табылады.

Осы Негізгі заңымыздың әлеуеті көп ретте әлі де толық жүзеге асырылған жоқ. Мен бұл көзқарасты қолдаймын. Біздің халқымызға ең басты керегі – бірлік, ұлтаралық татулық пен саяси тұрақтылық. Мен мұны білемін.

Демократия – мен сіздерге ұсынған, ал сіздер қабылдаған әрі өз парасатымызбен қалап алған дамуымыздың даңғыл жолы. Біздің баршамыз осы үдерісті одан әрі орнықтыра беру үшін халқымыздың даналығына сүйеніп, тарихи, экономикалық, саяси, этноәлеуметтік факторлар мен қоғамдық пікірді ескере отырып, жұмыс істеуге тиіспіз.

Біз, негізінен, алуан ұлттар адамдарының өзара көмегі, ықыласы, ынтымағы, өзара құрмет сезімі қаланған төл мәдениетіміздің құндылықтарын сақтай отырып, байыппен біртіндеп алға жылжи береміз. Бөтен ұсыныстар бізге залалын тигізуі мүмкін.

Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау ісінде мемлекетіміз бен қоғамымыздың күш-жігерін еселей беретін, нақты іс-қимылымызбен орталықтағы, сондай-ақ, жер-жерлердегі бюрократиялық жолсыздықтарға қарсы күресетін боламыз.

Бізде партиялық-саяси құрылысты, ең алдымен оның заңнамалық негіздерін жетілдіруге бағытталған резервтер аз емес. Партиялардың қызметінде саяси экстремизмге жол бермейтін құқықтық нормалар енгізу; этностық немесе діни қауымдастық қағидаттары негіздеріндегі партиялық құрылысқа ырық бермеу; олардың қызметінің қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету сияқты мәселелер баяғыда пісіп-жетілді.

Бұл ретте мен депутаттар тобының партиялық заңнаманы өзгерту жөніндегі бастамашылығын қолдаймын.

Сондай-ақ, үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесі мен құқықтары туралы заңның әзірленуіне Үкіметтің өзі ұйытқы болуға тиіс.

Біз мемлекеттік құрылысты жетілдіру, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту, сот пен сайлау жүйесін жақсарту жөніндегі жұмысты алдағы уақытта да табанды әрі жігерлі жүргізетін боламыз.

Менің тапсыруым бойынша Үкімет Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеп жатыр.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік уәзипалардың, басқару деңгейлері бойынша оларды ажыратудың оңтайлы тізбесінің жобасы әзірленеді. Бұл құжат 2004 жылдың

басында-ақ мемлекеттік әкімшілік жүргізудің жаңа қағидаттарына және бюджетаралық қатынастардың тиісті үлгісіне көшудің іргелі шарттарын жасауға негіз болады.

Мұнда өкілеттіктер мен жауапкершіліктің 1 бөлігін орталықтан өңірлерге беру мәселелерін шешу қажет. Сонда биліктің өзінің құрылымы да айқындалып, әрі басшыны қай жерде сайлау, қай жерде тағайындау керек екені анық болып шығады.

Тұжырымдама міндеттерінің бірі – ауылдық басқару деңгейінде мемлекеттік биліктің нағыз толыққанды институттарын қалыптастыру.

Ауылдық жерлерде биліктің белгілі 1 босаңдығы білініп жүр. Жер-жерлердегі әкімдердің қолында жеткілікті өкілеттіктер, ал ең бастысы қаржы ресурстары жоқ. Сондықтан Үкімет және облыстар әкімдері төменгі буындарда ұтымды мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға тиіс.

Биылғы тамыз айында ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі тәжірибеге мұқият талдау жасалып, соның негізінде халықтың осы санаттағы басшыларды сайлауының тиімділігі хақында шешім қабылданады. Сонымен бір мезгілде бізде басқарудың қанша деңгейі болуы керек екенін анықтап алу керек. Мемлекеттік басқарудың барлық негізін қалайтын қағидаттарын айқындап алғаннан кейін ғана жергілікті өзін-өзі басқарудың үлгісі мен заңына құлық қоюға болады.

Биыл Мемлекеттік қызмет туралы заңға да елеулі өзгерістер енгізіледі. Бұл – мемлекеттік қызмет сатылары бойынша жылжудың конкурстық жүйесінен мансаптық жүйесіне көшу, сондай-ақ қолданылып жүрген заңда орын алған қиғаштықтардан арылу.

Соттар саласындағы кадр саясатын жетілдіру мен судьялар қатарындағы сыбайластықты шектеу, құқық қорғау тетігіндегі адвокатураның рөлін күшейту жөнінде шаралар қолданылады. Биылғы жылдың соңына қарай алқабилер институтын енгізу тұжырымдамасы әзірленеді.

Ендігі жерде өлім жазасына кесу үкіміне мораторий енгізуден бастап, оны толық алып тастауға дейінгі мәселені де мұқият зерделеу қажет. Бұл үшін қажетті жағдайлар туғызу керек екенін түсінем. Мұның өзі қаржыландыру мен уақытты талап етеді. Бұл жайында қоғамымызда да сан түрлі пікір бар. Алайда бұл мәселені шешуді қолға алу керек.

Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жетілдіру жөнінде де бірқатар шаралар белгіленіп отыр.

Таяу уақытта радиожиіліктерін бөлу жөніндегі тендерлік комиссияның құрамы қайта қаралып, кеңейтілетін, оның құрамына жұртшылық өкілдері енгізілетін болады. Қазіргі кезде мемлекет басшысының жанында ақпарат саясаты жөніндегі қоғамдық кеңес жасақталу үстінде.

Өзінің даму барысында біздің мемлекеттілігіміз Парламент өзіне Конституция берген өкілеттіктерді, соның ішінде Үкіметке қатысты өкілеттіктерді барынша толық пайдаланатын шепке сатылап жақындай түсті.

Парламент пен Үкіметтің арасындағы тұрақты үнқатысу, олардың бірлескен заң шығарушылық жұмысы – мемлекеттілікті нығайтудың аса маңызды шарты.

Алдағы жылы да күрделі міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олардың қатарында «Үкімет туралы» Конституциялық заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беру тетігін кіргізуді заңнамалық дәйектеу, «Баламалы әскери қызмет туралы» заң жобасын әзірлеу және басқалары тұр.

Сөзімді қорытындылай келе, біздің сыртқы саясатымыз туралы бірқатар принципті қағидаларды ортаға салайын. Біздің халықаралық қатынастарда әуелден-ақ дұрыс бағыт таңдап алғанымызды өмірдің өзі де, іс-тәжірибеміз де қуаттап отыр.

Ядролық қарудан бас тарту жөніндегі шешіміміз күні бүгінге дейін қауіпсіздігімізге қызмет етіп, еліміздің беделін биіктетіп келеді.

Қазақстан – кеңестен кейінгі кеңістіктегі барлық елдермен өзінің стратегиялық мүдделеріне нұқсан келтірмей, тұрақты жақсы қатынастар орната білген азын-аулақ мемлекеттердің бірі.

Біз алдағы уақытта да Қазақстанның геосаяси орналасуы мен экономикалық әлеуетіне толығымен сай келетін нақ осындай көп бағытты кешенді саясатты жүргізе беретін боламыз. Өйткені нақ осындай саясат – өзіміздің ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтудың кілті.

Сонымен бірге біздің Қазақстанның көрші мемлекеттермен қарым-қатынасындағы болжамдылық пен тұрлаулылық тұғырларын нығайта беру үшін бұдан да көп күш-жігер жұмсауымыз шарт.

Біздің дипломатия ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы сияқты басымдығы бар ұйымдарды нығайтуға айрықша ден қоюға тиіс.

Сонымен қатар, біз АҚШ-пен, Батыс Еуропамен және басқа елдермен ынтымақтастықты да дамыта береміз.

Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шараларының жөніндегі кеңесті шақыру жөнінде нақтылы нәтижелерге жетуіміз керек.

Мемлекет пен жеке бизнестің сыртқы рынктарда берік тұғырға орнығуға бағытталатын күш-жігерін ұштастыру арқылы біз өзіміздің сыртқы экономикалық саясатымызды нығайта беруге тиіспіз.

Нарық экономикасын жасақтай білген Қазақстан жаһандану үдерісінің ажырағысыз бөлігіне айналды.

Біздің әлемдегі өз орнымызды табуымыз, өз іс-қимылымыздың шығасыға жол бермей, керісінше кіріс-табыс түсіруімізге мүмкіндік беретін стратегиясын түзуіміз өте-мөте маңызды.

Осы орайда Үкімет Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге әзірлік жұмысын барынша шырата түсуге міндетті.

Осы Жолдауда қозғалған мәселелерді өмірдің өзі алдымызға тартып отыр. Олардың көпшілігін менімен кездескен кезде өздеріңіз көтерген едіңіздер, оларды адамдар алдымызға қойып отыр.

Жыл өткен сайын мемлекет пен қоғамның қызметі көбінесе заңдармен реттелетін бола бастады. Сондықтан Парламенттің де, Үкіметтің де осы заңдар бойынша өмір сүруге тиіс жандармен көбірек кеңескені жөн.

Әрине, бәрін бірден шешіп тастау мүмкін емес, сондықтан төзімділік таныту керек, ұсақ-түйекке шашыла бермей, күш-қуатымызды қалап алған басымдықтарымызға жұмылдыруымыз керек.

Біздің, атқарушы және өкілді биліктің халық сайлаған өкілдері ретінде, маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу барысында сезім жетегіне ілесіп кетпей, салмақтылық көрсетіп, парасатқа жүгінгеніміз ләзім.

Мен осы Жолдаудың қағидаларын іске асыруда сіздердің қолдауларыңызға үміт артамын.

## АӨСШК I саммитінде

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2002 жылғы 4 маусым

**Құрметті мемлекет басшылары!**
**Құрметті әлем елдері делегацияларының жетекшілері мен мүшелері, халықаралық ұйымдардың басшылары!**
**Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздердің барлығыңызға бүгінгі күннен бастап даусыз ақиқатқа, әлемдік саясат институттарының біріне айналған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің жұмысына қатысқандарыңыз үшін шынайы алғыс сезімін білдіруге рұқсат етіңіздер.

10 жыл бұрын, БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясына қатысушылар осы заманғы өзекті проблемаларды талқылау, XXI ғасырдың сынақтарына бара-бар шараларды талдап жасау үшін Азия мемлекеттері басшыларының тұрақты әрекет ететін кеңесін шақыру туралы менің ұсынысыма түсіністік танытып, қолдау білдірген болатын.

Бұл түсіністік сол кездің өзінде-ақ көрініс бере бастаған әлем тәртібінің нақтылықтарына негізделген еді. Ол тәртіп бойынша ғаламшар халықтарының орнықты дамуы мен өркендеуінің келешегі қауіпсіздіктің жаһандық жүйелерімен ғана емес, көбіне көп өңірлік жүйелерімен де айқындалатын.

Біздің барлық елдеріміз осынау жаңа құрылымның өзіндік 1 «өзегін» қалыптастыруымен аяқталған табанды, алайда айтарлықтай серпінді әзірлік жұмыстарына белсене қатысты. Қазіргі кезге дейін оның жұмысына біздің құрлықтың жетекші елдерін қоса алғанда 16 мемлекет өзінің бекем қатысу ниетін қуаттады.

Мен жоғары деңгейде Кеңес шақыруды бүкіл Азия аумағының 90 %-ын алып жатқан мемлекеттер қолдағанын қанағатпен атап айтқым келеді. Оларда 3 млрд-қа жуық халық, яғни жер шары халқының жартысы тұрады.

Азия мемлекеттерінің жиынтық экономикалық әлеуеті таңданарлық және жаһандық экономи-

каның сүбелі факторы болып табылады. Азия елдеріндегі жалпы ішкі өнім долларға шаққанда 13 трлн-ға жуықтайды...

Осы кеңеске қатысып отырған мемлекеттердің экономикасы да қарыштап дамып келеді. Мемлекеттеріміз шетел инвестициялары үшін жоғары тартымдылық көрсетіп отыр.

1 ғана Қытай реформа жылдарында 450 млрд доллардан астам шетел инвестициясын тарта алды. Ресей және үнді базарлары, аймақтағы басқа мемлекеттер инвестициялық мүмкіндіктерінің тәуір екенін көрсетті. Қазақстанның да жағдайы жаман емес.

АӨСШК-ға қатысушы мемлекеттер дүние жүзінде мұнай қоры бойынша жетекші орындарды алып отыр, бұл қор жер шарындағы «қара алтынның» 40 %-ын құрайды. Біздің құрлықтың көлік-коммуникациялық мүмкіндіктері шын мәнінде орасан.

Осыдан біраз бұрын Азия дағдарысының өңір елдерінің экономикасы үшін елеулі салдары болды, бірақ бұл іргесін шайқалта алмады. Азия тағы да өзін өзі реттеуге деген, жаһанданудың күрделі жағдайында экономикалық үдерістерді қалпына келтіруге деген қабілетін көрсете білді.

Сонымен бірге қазіргі жағдайда Азия халықтарының әлдеқайда қауіпсіз тірлігіне жәрдемдесе

алатын қорғаныс тетіктерінсіз біздің құрлықтың экономикалық өркендеуі туралы сеніммен айту мүмкін емес.

Сондықтан да бұл форум өзекті саяси проблемалар талқылау тұрғысынан ғана емес, елдеріміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етудің қажетті кепілдіктері тұрғысынан да төтенше маңызды болып табылады деп санаймын.

Біздің алдымызда төтенше күрделі міндеттер тұрғаны сөзсіз. Азия саяси да, сондай-ақ экономикалық тұрғыдан да біртекті емес.

Бәлкім, біз қауіпсіздік институттарын құру кезінде Еуропаға қарағанда әлдеқайда күрделі кедергілерге тап болатын шығармыз. Біз өз жолымызды 2 есе жылдам өткенімізге қарамастан, солай болуы мүмкін.

Содан да Алматы актісіне қол қойылуы күні ертең-ақ біз ЕҚЫҰ секілді құрылымға ие боламыз дегенді білдірмесе керек. Біздің алдымызда Азия елдерінің ұзақ мерзімді, көп ретте үйлесе бермейтін мүдделерін жақындастыру, шарттық-құқықтық негіздер жасау жөнінде үлкен саяси-дипломатиялық қауырт жұмыс тұр.

Сонымен қатар, бұл акт АӨСШК-ның ұйымдық негіздерін құруға бағытталған нақты сабағаттар мен келіссөздерге жол ашады.

Біз өзара іс-қимыл мен сенім шаралары өз бойына саяси, әскери, экологиялық, гумани-

тарлық қауіпсіздік критерийлерін анықтайтын өлшемдердің тұтас ауқымын қамтитынын ескеруге тиіспіз. Бұл бағыттардың бәрі бойынша кешіктіруге болмайтын сарапшылық жұмыстар жүргізу керек.

Бізге тақыр жерден бастауға тура келмес деп білемін. Көп нәрсе Шанхай ынтымақтастық ұйымының аясында жасап қойылды. Сондықтан да бұл ұйым Азия құрлығының ұлан-байтақ аумағында қауіпсіздікті, сенімді қамтамасыз етудің ықпалды құралына айнала алады.

Бәлкім, ТМД аясындағы әлеуетін тіпті де сарқып болмаған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың да мүмкіндіктерін пайдаланған орынды болар.

Қазақстан Ресей мен АҚШ-тың арасында стратегиялық шабуыл қаруларын одан әрі қысқарту туралы шартқа қол қойылуын құттықтайды.

Осынау іргелі келісімді іске асыру Азия құрлығында да әскери-саяси ахуалды әлдеқайда сауықтыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Біз АӨСШК үдерісіне қатысушылардың барлығын Азиядағы ауқымды қақтығыстарға ұрынбау, егесті ушықтырмау үшін бір-бірімен өзара қарым-қатынаста ұстамдылық пен жауаптылық танытуға шақырамыз.

Біздің құрлықтағы қарулы қақтығыстар ондаған млн адамның құрбандығына ұрындыруы мүмкін.

Біздің бәрімізді Үндістан мен Пәкстан арасындағы жанжал алаңдатып отыр. Біздің көршілеріміз проблеманың бейбіт шешімін тапқанын көргіміз келеді және соған шақырамыз. Аймақ үшін Таяу Шығыстағы реттеудің шешім тапқаны да маңызды.

Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шарт және Ядролық сынақтарға жалпыға ортақ тыйым салу туралы шарт секілді құжаттар әлдеқайда қауіпсіз дүние құрудың берік негізі болып, Азиядағы тұрақтылықты, қауіпсіздік пен сенімді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деп санайды.

Оның үстіне Ауғанстандағы және осынау соры 5 елі мемлекет төңірегіндегі соңғы оқиғалар тұрғысынан Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттері өзекті болып табылады.

Азия елдерінің бәрі жаһандық қасірет ретінде халықаралық терроризмге үзілді-кесілді қарсы шығуы қуанарлық жағдай болып табылады.

Біз АҚШ бастаған халықаралық коалиция жүргізген антитеррорлық операцияның табыстарын қанағат сезіммен атап өтеміз. Мұның өзі Ауғанстанды созылып кеткен соғыс жағдайынан шығаруға, азаматтық келісім құру үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Алайда Ауғанстанның өзінде секілді, Орталық Азия өңірінде де қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы толық шешілді деп санау саяси аңғырттық болар еді. Мұнда, өкінішке орай, берілген жауаптарға қарағанда сұрақтар көп болып тұр.

Мәселен, Ауғанстан аса ірі әлемдік базасы болып отырған есірткінің таралу проблемасы өзінің шешімін тапқан жоқ.

Осы елдегі белгілі оқиғалардан кейін есірткі трафигінің көлемі қысқарған жоқ, қайта керісінше, ұлғая түсті. Бұл бүкіл Азия құрлығындағы қауіпсіздікке төнген елеулі сынақ. Ол біздің мемлекеттеріміздің ерекше назар аударуын талап ететін мәселе болып табылады.

Біз сондай-ақ Азия құрлығында қару-жарақтың заңсыз саудасының ауқымы үнемі ұлғайып отырғанына көз жұмбауымыз керек.

Жағдайдың, соның ішінде Ауғанстан төңірегіндегі жағдай тұрақсыздығының және 1 қауіпті салдары, біздің аймақтағы жаңа қатердің көрінісі заңсыз көші-қон секілді құбылыс болып отыр. Оның ауқымының өсе түскендігі, бұл құбылыстың есірткі трафигі, экстремизм, қару-жарақтың заңсыз айналымы секілді келеңсіз құбылыстармен астасуы елеулі алаңдаушылық туғызады.

Біздің мемлекеттеріміз осынау қатерге және оның тасасындағы қылмыстық құрылымдарға

тиімді қарсы тұру үшін бұл салада үйлестірілген саясат жасақтап, оны тиісті халықаралық ұйымдармен нақпа-нақ үйлестіруі керек деп білемін.

Біздің форумда Халықаралық терроризмге қарсы күрестегі бірлескен іс-әрекет туралы мәлімдеме қабылдаудың төтенше маңызы бар деп санаймыз. Халықаралық терроризмді тыюға бүкіл әлемдік қауымдастықтың саяси, қаржылық, интеллектуалдық күш-жігері бағытталуы тиіс.

Біздің ойымызша, Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Біріккен Ұлттар Ұйымы маңызды үйлестірушілік рөл атқаруы керек. Барлық аса маңызды шешімдерді мемлекеттер қауымдастығы БҰҰ аясында қабылдауы тиіс.

**Құрметті мемлекет басшылары, делегация жетекшілері!**

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің жұмысының басталғанын танытатын бүгінгі басқосу – айрықша маңызды белес.

Алайда бұл көздеген мақсат – Азияда қауіпсіздік институттарын құруға деген ұзақ жолдың бастауы ғана.

Сондықтан да мұнда Азиядағы және әлемдегі аса ірі мемлекеттердің – Қытайдың, Ресейдің, Үндістанның, АӨСШК-ға мүше басқа мемлекеттердің рөлі төтенше маңызды болып көрінеді.

Біз бұл мемлекеттер бұрынғысынша АӨСШК үдерісін нақты жүзеге асыруға белсенді жәрдемдесетін болады деп үміттенеміз.

Алматы актісінде АӨСКШ институттарын құру жөніндегі аға лауазымды тұлғалардың жұмысын реттей алатын тұрақты әрекет ететін Хатшылық құру идеясын жан-жақты зерттеу көзделген.

Қазақстан өзінің әріптестерімен бірге құрамында АӨСШК-ға қатысушы мемлекеттердің дипломатиялық сарапшылары кіре алатын Хатшылықтың қызметін қамтамасыз етудің ұйымдық, қаржылық жақтарын шешуге белсене қосылуға дайын.

Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңес құрлықтың барлық мемлекеттері үшін ашық екенін айрықша атап көрсеткен жөн.

Қазақстан үдерістің осы кезеңдегі үйлестірушісі ретінде Азиядағы біздің көршілеріміз Жапония, Малайзия, Вьетнам, Индонезия, Таиланд секілді мемлекеттер және Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа да елдері бақылаушылар тобынан шығып, АӨСШК-ның толыққанды мүшелері болатынына үміт артады. Бұл құрлықтық құрылым ретіндегі біздің ұйымның табысты қызметіне жағдай жасайтыны сөзсіз.

Сөзімнің қорытындысында мен осы форумның идеясын алға жылжыту, бүгінгі саммитті жақындату жөніндегі 10 жылдық жұмысқа қатысқан

барлық елдердің сарапшыларына алғыс айтқым келеді.

Мен осынау жұмысты үздіксіз үйлестіріп, барлық өзекті құжаттарды, жоғары деңгейдегі осы кездесу үшін жағдай әзірлеген АӨСШК үдерісіне қатысушы мемлекеттердің сыртқы істер министрлеріне айрықша алғыс сезімін білдіремін.

Менің айрықша алғыс сезімім, тығыз жұмыс кестелеріне қарамастан, бүгінге саммитке келген мемлекет басшыларына арналады. Сіздердің арқаларыңызда оны өткізу, форумның өзекті, алғашқы тарихи құжаттарын қабылдауға мүмкін болып отыр.

Назар аударғандарыңызға рахмет.

**БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитінде**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Оңтүстік Африка Республикасы,
Йоханнесбург қаласы,
2002 жылғы 3 қыркүйек

...Рио-де-Жанейрода өткен конференцияда «XXI ғасырға арналған күн тәртібі» қабылданғаннан бергі 10 жылда адамзат, көзге түсерлік ғылыми-техникалық прогреске қарамастан, өзін тарихының өне бойында өкшелеп келген қайыршылық, аштық, ауру, қанды қасап соғыстар сияқты кесапаттардан арыла алмай-ақ қойды. Қайыршылық жағдайында өмір кешіп жатқан

адамдар 1 млрд, миллиардтан астам кісінің таза ауыз суға қолы жетпей отыр. Сан-сапалақ соғыстар мен қарулы қақтығыстардың салдарынан болып жатқан адам құрбандығы мен материалдық шығындарды жалпы есептеп шығу қиын.

Өз басым, бұдан 10 жыл бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында барлық мемлекеттердің әскери шығындарын 1 %-ға қысқартып, одан үнемделген қаржыны өте кедей елдердің дамуына аудару жөнінде жасаған ұсынысымды осы жиында да қайталағым келеді.

Өркендеген мемлекеттер дамушы елдердің табиғат және адам ресурстарынсыз дәл қазіргідей деңгейге ешқашан жете алмайтынын ескерген абзал. Сондықтан құлашын күннен күнге кең жайып бара жатқан жаһандану жағдайында кірістер мен игіліктерді үйлесімдірек бөлу көкейкесті боп барады.

Біз Еуропа одағының дамушы елдерге көмек көрсету жөніндегі бастамасын қошеметтеп қолдаймыз. Жаһандану талаптарымен жұрттың бәрі – байлар да, кедейлер де санасуға тиіс. Әйткенмен, күні осы уақытқа дейін оның салдары дамушы елдерді және экономикасы транзитті мемлекеттерді қандай жағдайға соқтырады деген сауалға ешкім де жарытымды жауап қайтара алған жоқ.

Бұл арада өзінің кесімді сөзін Біріккен Ұлттар Ұйымы айтуға тиіс қой деп ойлаймыз. Осы

халықаралық ұйымның аясында дамудың әр деңгейіндегі елдердің жаһандануға бейімделу бағдарламасын жасақтауға кірісу қажет.

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан қыруар экономикалық, саяси және экологиялық мәселелермен бетпе-бет жалғыз қалды, олардың арасында 1 ғана ұрпақтың көз алдында суалып жойылып бара жатқан Арал теңізі де, қисапсыз көп ядролық сынақтардан уланған ұланғайыр аумақтар да бар.

Әлемдік қоғамдастық халықаралық ұйымдар арқылы ғаламшарлық ауқымдағы бұл экологиялық проблемаға назар аударғанымен де, мәселені шешуге жәрдемдесетіндей көмекті әлі де көрсете алмай келеді.

Бұдан 10 жыл бұрын өзінің тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан жаһандық деңгейдегі тұрлаулы дамуға нақтылы үлес қосты. Бірінші болып қуаты жөнінен әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан бас тартып, дүниедегі ең ірі Семей ядролық полигонын жапты.

Реформаларды ойдағыдай жүргізу арқасында Қазақстан экономика саласында атап айтарлық нәтижелерге қол жеткізіп, өз дамуында өсіп-өркендеудің даңғыл жолына шықты. Соңғы 3 жылдың бағдарында ішкі жалпы өнім 35 % өсті, мемлекеттік бюджеттің 70 %-дан астамы әлеуметтік

саланың қызмет көрсетуіне бағытталды. Кедейлік пен жұмыссыздық ауқымы кеміді.

Қазақстанда Орталық Азия үшін теңдесі жоқ қоғамды демократияландыруға арналған саяси реформалар мен шаралар жүзеге асырылды.

Қоғамды саяси ырықтандыру әлеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай табыстарға қол жеткенде ғана бұлтарғысыз болатынына біздің сеніміміз кәміл.

Тұрлаулы даму өркениеттердің сындарлы үнқатысуынсыз мүмкін емес. 1 өзінде жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өмір сүріп жатқан Қазақстан этносаралық және конфессияаралық келісімнің жарқын үлгісі болып табылады.

Бұл біздің дәлелді де дәйекті бағытымыз. Ол ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағышталған. Онсыз тұрлаулы даму мен экономикалық табыстар туралы айтудың еш мәні жоқ.

Кедейлік пен қайыршылық халықаралық терроризм үшін нәр беретін орта болып табылады. Аймақтық және саяси экстремизм, сондай-ақ нашақорлық та содан қоректенеді.

Терроризмге қарсы әрекеттердің айтарлықтай табысына қарамастан, Ауғанстан бұрынғысынша экстремизм мен нашақорлықты таратудың бастау көзі боп қалып отыр. Есірткі тасу жолы Орталық Азия елдері арқылы Еуропаға өтеді.

Осындай аса 1 алаңдатарлық жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымы Орталық Азиядағы есірткі бизнесіне қарсы тұруды мақсат тұтатын бағдарламаны тез арада жасауға тиісті деп санаймыз.

Бұл міндет төтенше көкейкесті болып көрінеді. Өйткені кеселдің тамырына балта шаппаса, ол сырттан суарылып, халықаралық терроризммен шайқасудың мәні қалмайды. Орталық Азия бүгін таңда жаһанданудың келеңсіз құбылыстарымен күрестің табысты болу-болмауының өзіндік 1 екшегіші болып табылады.

Мұндай жағдайда Азиядағы қауіпсіздіктің осы заманға сай сипатын қалыптастырудың айрықша маңызы бар. Үстіміздегі жылдың маусым айының басында біздің елде өткен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің I саммиты осы мақсатқа арналды. Онда Азияның жетекші мемлекеттері сенім шараларын жасақтап, халықаралық терроризмді ауыздықтауға бірлескен күш-жігер жұмылдыруды көздеген құжат қабылданды.

Мен Біріккен Ұлттар Ұйымын жаһандық экологиялық проблемалардың тізімін жасауға шақырамын. Ол тізімде мәселені шешу үшін ауқымды инвестициялар тарту жөніндегі нақты ұсыныстар көрсетілуі керек. Болашақ ұрпақтарымызға қажетті өмірлік ресурстар қалдыру үшін

айналадағы ортаға келтірілетін зардаптардың алдын алу міндетін күн тәртібіне барынша төтен қою керек.

Қазақстан әлемдік қоғамдастық адамзат баласының алдында тұрған күрмеуі қиын күрделі мәселелердің мән-маңызын терең түсінеді деп санайды.

**Кенесары ханның 200 жылдығына арналған салтанатты жиналыста**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,
2002 жылғы 21 қыркүйек

**Құрметті отандастар!**

Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танисың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың.

Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәске тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке

түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих.

Былтыр мамыр айында Астанада Кенесары ханға ескерткіш орнатылғанда, мен ойға шомып, тарихтың тылсымына қайран қалған едім.

Енді көзге елестетіп көріңіздер...

Міне, енді XIX ғасырдың 30-шы жылдарында, дәл былтырғыдай көктем күндерінің бірінде Ақмоланы қоршаған Кенесары хан Есілдің дәл сол 1 кезде өзі тұрған жағалауында тас тұғырға қондырылды.

Халқының жоғын жоқтап, намысын қуған хас батырдың алғашқы азат етуге тырысқан мекенінің бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің астанасына айналуында да тағдырдың жазуы жатқандай.

Кенесары ханның өмірі мен күресі тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау керектігін ескертіп тұрған тәрізді. Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін басынан кешкен баянымен ескертіп кеткендей. Тәуелсіздіктің қадірін білу керектігін, оны ауызбірлікпен, жасампаздық ісімізбен нығайту керектігін ойға салып тұрғандай.

Бұл оқиғаны біз Кенесарының халқына оралуы деп пайымдағанымыз жөн. Бұл сөзіміздің сыры неде?

Кенесары кім? Ол мемлекеттігімізді қалпына келтіру, халқының басын біріктіріп, халықтық қалпын сақтау, бодандықтан құтқарып, қолын

азаттық пен бостандыққа жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскербасы.

Алайда ол – кешегі тоталитарлық жүйе есімін ауызға алуға тыйым салған, халықтың санасынан өшіруге тырысқан тұлға. Ендеше еске түсіріңіздер. Оны халықтың жүрегіндегі ардақтысы етіп бейнелеуге әрекет жасаған бетте, Сәбеңнің, Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» хикаятының қырқылғаны, Кенесарының іс-қимылын ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалаған белгілі ғалым Ермұқан Бекмахановтың тарихты бүкпесіз, бүркемелеусіз көрсетуге тырысқаны үшін жала жабылып, 25 жылға бас бостандығынан айырылғаны белгілі.

1940-шы жылдардың соңын ала басталған бұл сүргіннің 1950-ші жылдардың басындағы парасатты қазақ зиялыларының басына бұлт үйіріп, әуре-сарсаңға салған кезекті қудалау науқанымен жалғасқаны да бүгінгі көзі тірі ұрпаққа мәлім.

Сыңаржақ идеология мен астамшыл ой-сана басқаша пайымдауға ыңғай білдірген жандардың бәрін жазалап келгені де ақиқат. Бірақ шындықты құртуға ешкімнің құдіреті де, құрығы да жетпеген. Бұл сөздің ақиқаттығына бүгін тағы да көз жеткізіп отырмыз.

Тарихтың тағылымы да, ақиқатқа қайтып оралатыны, шын асылды жасықтан өзінің айырып алатын құдіреті де, міне, осында жатыр. Осыған орай данышпан Мұхтар Әуезовтің мына 1 сөзі

көкіректе қайта жаңғырды. «Ер – ел тарихының белі дейміз. Ол өзі тірісінде 1 танылады. Өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп қасиетін таныған сайын тағы да танылады. 1 кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен енді бел ғана емес, биік тұғыр боп, асқар тау боп көрінеді...» Қазақтың соңғы сайланған ханының тағдыры осы сөздерден көрініс тауып тұрғандай. Ұлы жазушы осы сөздерін Кенесары бабамызға дәл қазір айтып тұрғандай.

**Құрметті отандастар!**

Кенесары қазақ халқының тарихында айрықша орын алады. Кенесары патшалық өкімет саясатының XIX ғасырда патронаждық пен вассалдықтан тікелей отарлауға ойысқанын бірінші болып түсінді. Ол өзінің дипломатиялық және саяси белсенділігін Ресей үкіметінің әскери-әкімшілік орталықтармен сол тұста көптеп құрылып жатқан форпостарды жою жөнінде шешім қабылдауына бағыттады. Алайда саяси ахуал оған күрестен басқа таңдау қалдырмады.

Кенесары қозғалысы халықты біріктіріп, мемлекеттілікті сақтаудың соңғы жанкешті, іс жүзінде, қайғылы әрекеті болды. Міне, сондықтан да, кезінде Әлихан Бөкейханов атап көрсеткендей, халықтың аңыздарында Кенесары ханның даңқы

тіпті аса танымал атасы Абылай ханның даңқынан да асып түсті. Мұның өзі XIX ғасырдағы қандай да 1 басқа қозғалыстарға қарағанда, Кенесары Қасымовтың қозғалысы қазақтардың ұлттық санасына, олардың бірігу мен тәуелсіздікке деген табиғи ұмтылысын ықпал-қуаты жағынан ерекше болғанымен түсіндіріледі.

Көтерілісті бастаған Кенесары солтүстікте патшалық реформаларға қарсы да, оңтүстікте қазақтардың 1 бөлігін қанауға түсірген ортаазиялық хандықтарға қарсы да – 2 майданда күрес жүргізді. Халық айрықша құрмет ретінде Кенесарыны хан көтерді. Ол мемлекеттіліктің барлық қажетті институттарын құруға және қазақ жерінің аумақтық тұтастығын сақтауға ұмтылды. Қазақтардың өздерінің дербес тәуелсіз мемлекеті болуын армандады. Алайда сол 1 кезеңде бұл арман іске аспай қалды. Солай болса-дағы Кенесары, өзі бастаған реформалар үдерісін тоқтатпағаны секілді, күресті де тоқтатқан жоқ. Өзі билік құрған кезде ол әкімшілік және сот реформаларын жүргізді. Салық жинайтын, әскери дайындық ұйымдастыратын, дипломатиялық қатынас қағаздарын жүргізетін мекемелер құрды. Бұның бәрі биліктің орталықтандырылуын күшейтуге және күресті жалғастыру үшін мықты тыл құруға бағытталды.

Кенесары ханның өз армиясын да реформалағаны белгілі. Сол тұста артиллерия пайда

болып, әскери тактика дами батады. Хан қатаң тәртіпке бас иген, адам саны 20 мыңға дейін жететін оңтайлы да ұтқыр армия құра білді. Ол тұста 20 мың дегеніңіз үлкен күш еді.

Мұндай реформалар Кенесарыға оңайға түспеді. Жеңілістің де ащы дәмін аз татқан жоқ, көп жағдайдан түңілген кездері де жетіп жатты, сатқындықты да, тіпті өз туыстары арасынан түсіністік таппауды да көрді. Әйткенмен, ешкім де оны өз халқына көмектесем деген адал ниетпен айыра алған жоқ. Әйтпесе ол империялық өктем билік тарапынан болған қысымға шыдамай, күрестен бас тартқанда, тиісті лауазымға ие болып, тәп-тәуір жалақы алып, түрлі артықшылықтарды пайдаланып жүрмес пе еді. Бірақ Кенесары ондайға бармады, сол үшін өмірін қиды.

Кенесары күресінің әділ бағасын өздерінің өлеңжырларында халық ақындары мен жыраулар берді. Кенесары жорығына қатысқан Нысанбай ақынның қиссасы, Сүйінбайдың қырғыз ақыны Қатағанмен айтысында айтқаны, Жамбылдың жырлары ұлт-азаттық күресінің тарихта әлі аз зерттелген беттерін ашып береді.

Кенесары хан көздеген, сол жолда өзін құрбан еткен ұлы мақсат – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы ғана бабалар рухы алдындағы және болашақ ұрпақ жадының алдындағы асқан жау-

апкершілік сезімімен хан бабаның есімін ешбір жасқанбастан ұлттық даңқ зердесіне көтеруге мүмкіндік берді.

Біздің тәуелсіздікті орнықтырып, нығайту, біздің мемлекетіміздің қуаты мен байлығын еселей түсу, дүниежүзілік қауымдастықта ар-намысымыздың туын жоғары ұстау, Отанға адал қызмет ету – біздің ортақ та қасиетті парызымыз. Бұл үшін еліміздің әрбір азаматы өзінің бүкіл жан жүрегімен біздің жеріміздің, біздің халқымыздың бірлігін, тұтастығын сақтаудағы, ұлтаралық келісім мен татулықты нығайтудағы өзінің зор тарихи жауапкершілігін сезінуге міндетті.

Қантөгіссіз келген тәуелсіздігімізді қастерлей отырып, азаттық үшін жанын қиып, басын берген Кенесарының, барлық батырлардың алдында тағзым етеміз. Өйткені олардың әр тамшы қаны біздің бүгініміз бен болашағымыз үшін төгілген.

**Тараз қаласының 2 000 жылдығына арналған салтанатты жиналыста**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
2002 жылғы 26 қыркүйек

**Қымбатты бауырлар!**
**Құрметті қонақтар!**

Сіздердің баршаңызды ежелгі және мәңгі жас қала Тараздың 2000 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіздер!

Тараздың тойы – қара ормандай халқымыздың ежелден бергі ұзақ тарихындағы ұлан-асыр қуанышы. Текті Тараз – біздің халқымыздың өткені мен бүгінін жалғап тұрған асыл арқау, мәңгіліктің алтын өрмегі.

Ақын Қадыр Мырза Әлидің бірде тауып айтқан өткір сөзі бар: «Біздің тарих бұл да 1 қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы» деген. Керек десеңіздер, біздің бүгінгі мерекеміз – бастау көзімізге қайта оралып, туған тарихымыздың тереңіне бойлауға деген талпыныстың бірі.

Кезінде осы өлкеге келген сырткөз саясатшылар мен жылнамашылардың айтуынша, ежелгі Тараз – ертеден әмбеге аян қала. Тани білген кісіге Тараз тұрған Талас алқабы тұнып тұрған тарих.

Сол кездегі көшпенді дүниенің ең ірі мемлекеті Ұлы Хұн империясы еді. Қытай шежірелерінің айтуынша, Талас бойындағы алғашқы қаланы Хұн шанюлерінің бірі – Шөже біздің дәуірімізге дейінгі 40-шы жылдардың шамасында салдырыпты. Оны араға 3-4 жыл түспей жатып, қытайдың қалың қолы келіп талқандап кетеді.

Хұн бекінісі талқандалғанмен, арадағы сауда жолының тармағы жойылмапты. Көшпенді дүниенің со жолдан айырылғысы келмеген тайталасы тыйылмапты. Сол тайталас Тараздың талай өшкен отын талай рет қайта жағыпты. Ол VI ғасырдан бастап батыс пен шығыс саяхатшыларының аузына жиі ілігеді. XII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда қалаларының біріне айналады.

Мұның өзі, әрине, Тараздың саудадағы емес, саясаттағы ықпалын да арттыра түседі. Оған

508 жылы Византия елшісі Земархтың Естеми ханмен келіссөзі Таразда жүргізілгенін айтсақ та жеткілікті. Ал түргештер мемлекеті тұсында әуелі кіші астана, артынан басты астанаға айналғаны мәлім. Тараз бұл мәртебесін одан кейінгі самани, қарахан, қидан, оғыз, қыпшақ, хорезм үстемдігі тұсында да сақтай алған.

Олай болуы заңды еді. Тараз қай заманда да геосаяси маңызын жоғалтпайтын аса маңызды стратегиялық қонысқа жайғасқан қала. Сондықтан да бұл ежелгі қаланы әлемдік діндердің барлығы да өздерінің шарықтау кезеңдеріндегі үлкен тірегі еткен. Мұнда зороастризм, христиан, манихей, будда діндерінің ірі орталықтары болған. VI ғасырдан бастап оған батыстан арабтар, шығыстан қытайлар мықтап көз тіккен.

Бұл текетірестің түйіні де Тараздың түбінде шешілді. 751 жылы Тараз маңындағы Атлах түбіндегі шайқас арабтар мен қарлұқтардың пайдасына шешілді.

Бұл қат-қабат оқиғалар Тараздың гүлденуіне себепші болмаса, кедергі келтірген жоқ.

Сол кезең мен олардан кейінгі Қарахан дәуірін бұл өлкенің үлкен шарықтау кезеңі деп атаған жөн сияқты. Өйткені Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари сол кезеңде шықты. Сол кезден бастап Тараз исламның ірі орталығына айналды.

X–XII ғасырларда Тараз түркі дүниесінің аса ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болып табылады. Хамукент, Төменгі Барсхан, Жиқыл, Адаққент, Дех Нуджикент, Құлан, Мерке, Аспара, Баласағұн, Барсхан қалаларымен жалғасып жатты.

Оның мәдениетінің шарықтап өскені сонша, сол кезде пайдаланылған су құбыры табылып отыр. Жоғары сапалы қыш, шыны, фарфор бұйымдарын шығарған. Қала төңірегінде алтын, мыс кеніштері өркендейді.

Осынша құлпырған Тараздың түбіне де өз тұсындағы геосаяси гегемонизм жетті. Оның мұншама шарықтауын батыстағы Хорезм мен шығыстағы бой көтеріп келе жатқан монғол мемлекеті бірдей жақтырмады.

Сол өшпенділік оның түбіне жетіп тынды. Ол сол күйреуден соң қайтадан еңсесін көтере алмады.

Тек Қоқан билігі кезінде ғана қайтадан қорған тұрғызылып, жаңа бекіністе айналған тәрізді.

Одан беріде ол да Ресей отаршылдығының қамытын киді. Кешегі кеңестік кезең тұсында ежелгі қаланың едәуір өркендегені рас. Алайда жаңа отаршылдық та ескі отаршылдық сияқты шет аймақтардың байлығы мен игілігін тонау қағидатынан шыға алмады. Тараз да, ол тұрған

аймақ та мейлінше дамып кете алмай, саяси, экономикалық, экологиялық шетқақпайлық көрді.

Дегенмен біз бұл жерде талайғы Тараздың талайсыз тағдырына кінәлілерді жауаптауға жиналып тұрған жоқпыз. Өткен – өреуіл, қалған – салауат.

Тәуелсіз ел болдық, ендігінің жауапкершілігі өз мойнымызда. Оны ойдағыдай сезіну үшін барымызды бағалап, өз қадірімізді өзіміз қапысыз ұғынуымыз керек. Бүгінгі жиынның ең басты міндеті – сол. Толыққанды тарихи сана дегеніміз де осы.

Демек, біздің өзімізді өзіміз танып, ежелгі заманнан дәуірлей дамып келе жатқан өркениеттің нағыз мұрагерлері екенімізді түсінуіміз үшін де бізге Тараз қажет еді.

Арғы-бергімізді қапысыз сарапқа салатын таразы керек еді. Құдайға шүкір, ондай таразымыз бар. Тараз шын мәнінде де біздің тарихымыздың таразысы, ғажайып айнасы, бұлтартпас айғағы екені анық. Біз көшіп-қонып жүре берген, ырзығын малдан ғана айыр-ған халық емеспіз. Өзіндік төлтума сәулеткерлік пен құрылысшылық дәстүрі бар, сайын далада саналуан қала тұрғызған, егін егіп, бақ өсірген, сан тарам мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан торабында өмір сүріп, үлкен өнеге көрген өсімтал елміз.

Әрине, бүгінгі дүниеде бұндай шындықты мойындағысы келмейтіндер де аз болмас. Осындайда

атақты ағылшын жазушысы Сэмюэл Батлердің: «Өткенді өзгертуге құдайдың құдіреті жетпесе де, тарихшылардың құдіреті әбден жетіп жатыр» деген сөзі еске түседі. Өйткені, таразылауға келгенде, мұндай қиғаштықтар мен кереғарлықтар, тіпті көріне көзге қиянаттар, әсіресе, біздің тарихымыз хақында көп жасалғаны белгілі. Одан әлемдік сана біржолата арылып немесе айығып болды деуге әлі ерте.

Біз өз тарихымыздың адамзат тарихымен, өркениет тарихымен терең астасып жатқанына, біздің мүдделеріміздің де адамзаттың бүгінгі және ертеңгі мүдделерімен етене төркіндес екеніне өзіміздің де, өзгелердің де көзін әбден жеткізуіміз керек.

Демек, халықтың рухын аласартпай, асқақтатып, жанын жасытпай, жадыратып тұратын, тіршілігіне мән беріп, нәр беріп тұратын нысандарын, пір тұтатын біртуар тұлғаларын тарих төріне қайтарғанымыз абзал.

Сол үшін біздің пәрменді шаралар қолданғанымыз, атап айтқанда, 1998 жылдың менің жарлығыммен Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланғаны баршаңызға мәлім.

Мен сол кезде бұл шараның ең алдымен, кезінде халықты запыс еткен кезекті науқаншылдыққа айналып кетпей, келелі кемел іске арна тартарын ойлаған едім. Өткені өшкеннің болашағы бұлыңғыр.

Сондықтан да ол шаралардың ең басты мақсаты ұлттық тарихымыздағы «ақтаңдақтардың» орнын толтырып, тоталитарлық тыйымның қалың ұйқысынан қоғамдық сананы ояту, халыққа сталиндік қыспақ пен асыра сілтеу кезінде айырылып қалған атақ-абыройы мен ар-намысын қайтарып беру болды.

Бүгін мен көкірегімнің терең түкпіріндегі сол ойымнан шықтым, көксеген мұратыма жақындадым деген пікірдемін. Әсілінде, қай істе болсын ең бастысы, түрен тарту, қозғау салу екен. Істің барысы сол жылдың аяқталуымен бәрі бітпегенін, алған қарқын, ұстанған бағыт одан әрі жалғаса беретінін көрсетті.

Ойға алған ісіміз күннен күнге өріс алып, тереңге тамыр тартып барады. Ол шараның басты жемісі – бітелген қуатты қайнардың көзін ашып берді.

Мен осы салтанаттың алдында кезінде тәуелсіздік жолындағы күресі қарақшылық қарекетке телінген қазақтың соңғы сайланған ханы – Кенесары Қасымұлының туғанына 200 жыл толуын тойлаған Көкшетау өңірінде болған едім. Сол күндері менің есіме Шоқан Уәлиханов туралы «Оның күні туады» кинофильмі түсті. Дәл осы Таразда, ол кезде Әулие-Ата атанған қалада, полковник Черняевтың жазалаушы жасағының

құрамында жүрген Шоқан Кенесарының ұлы Сыздық сұлтанмен кездесуші еді ғой. Естеріңізде болса, сол фильмде Шоқанның рөлін Нұрмұхан Жантөрин, Сыздықтың рөлін Құрманбек Жандарбеков ойнаған-ды.

Сонау балалық шағымда менің жан дүниемді тереңнен тебіренткен сондағы Шоқанның қасіретті халі еді. Қылығынан орыс патшалығының монтанылығы мен зұлымдығы менмұндалап тұратын бастығының екіжүзділігіне көзі жеткен. Шоқан жасақты тастап кетеді, алайда өзінің аталас туысы Сыздық төремен де тіл табыса алмайды. Фильмнің атауының өзі де өте әсерлі – «Оның күні туады». Кейін бұл көрегендік болып шықты емес пе.

Бүгінде, міне, сол күн туды ғой, қымбатты бауырлар!

Бұдан біраз уақыт бұрын ежелгі Мысыр елінде 17 жыл бойы патшалық құрған батыр, баһадүр бабамыз Бейбарыс сұлтанның көрнекті ескерткішін Атырау қаласында сомдадық. Абылай мен Әбілқайырдың, Қабанбай мен Бөгенбайдың, Кенесары мен Қарасайдың, олардан ілгері-кейінді ғұмыр кешкен ардақты, аруақты перзенттеріміздің құрыш бейнелерін халқымыздың назарына ұсындық.

Қаладағы мемлекеттік университеттің ғимараты алдындағы Мұхамед Хайдар Дулатидің еңселі ескерткіші сол ұлы бабаларымызды бастап,

осы біздің бүгінгі қуанышымызға құтты болсын айтып тұрғандай әсер етеді маған.

Кашмирдің қоңыр топырағында сүйегі жатқан Мұхамед Хайдар бабамыз «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбегінде «Байдаған бектен» таратып, өзінің арғы тегін айта кеткен. Сол атақты шежіреде есімі зерделенген қасиетті бабаның туған топырақта бой көтерген бұл ескерткіші – мәңгілікке жалғасқан қазағымыздың да киелі тарихы.

Қираған қалаларымыздың, құм басқан далаларымыздың тарихын көнеден жеткен жәдігерлер мен арғыдан жеткен асыл ескерткіштер жазады. Біз ұлы тұлғаларымызға ескерткіш қою арқылы санамызды сергітіп, рухымызды көтеріп, мерейімізді тасытамыз.

Бүгінгі күні Бәйдібек бабаның ескерткішін аша тұрып, біз өзіміздің аруақты ұлы бабаларымыздың рухын қайта тірілту арқылы халқымыздың жады мен зердесін оятып, имандылық пен адамдықтың алтын арқауын қоса өреміз.

Кейбір деректер бойынша, Ташкент шаһарының маңында дүниеге келген бабамыз, қазіргі тілмен айтқанда, Үкімет басшысы деңгейіне дейін көтеріліп, халқы аузына қараған қайраткер. Сан ұлтты ұлысты ұрыстырмай, түбі 1, тегі 1 бауырлас халықтарды 1 тудың астына жинай білген бұл бабамыз бүгінгі заманға да тағылымы мол перзент.

Қысылғанда қол бастаған, даулы жерде сөз бастаған, билікті жерде бой көрсетіп, білімді жерде ой көрсеткен бабамыздың бұл ескерткіші тараздықтардың, күллі Жамбыл облысы жұртшылығының осы айтулы мерекеге ең үлкен сыйы деп санаймын. Сіздерге көп рахмет, бауырлар!

Бұл қуанышқа сан ұлтты тоғыстырған еліміз, береке мен бірліктің ынтымақ пен достықтың, өзара түсінік пен сыйластықтың туын бірге көтерген халқымыз тегіс ортақ.

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Тараз тарихы туралы толымды шежірені тарихшылар жаза жатар. Біздің міндет – тарихтың тағылымын зерделеу, өткенімізді түйсіну арқылы қазіргімізді нықтау, келешегімізді сомдау. Былтыр Қазақ хандығының бесігі болған, бүкіл Түркі дүниесінің киелі орны – Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өттік. Қасиетті Түркістан қаласының мың жарым жылдығы мен 2 мың жылдық ерен шежіресі бар Тараздың салтанаты әлемдік өркениеттің тарихындағы бірде-бір татымды оқиғаны жадынан қалт жібермейтін ЮНЕСКО-ның аясында аталуы біз үшін үлкен ғанибет. Тараздың басты тағылымы да осында.

Біз бұл салтанатты кешегісінен, яғни өткендегі ізгі дәстүрлерінен қол үзбейтін, жаңа заманға лайық жаңғырта алатын, келешегін кемел

ойлайтын рухани орта қалыптастыру үшін пайдалануымыз керек. Шындығында, мұнда, Тараз төңірегіндегі және онымен тағдырлас қалаларда, ғажайып қуатты рухани орта болғаны баршаға аян. Менің бұл тұста айтпағым: бүгінгі Тараздың бойынан, міне, осындай қуатты рух есіп тұрсын.

Ол бедерлі баяғысы мен берекелі бүгінгісі астасып жатқан, тұрғындарының бойынан білімділік пен инабаттылық, іскерлік және осы Тараздай қалаға лайық биік мәдениеттің лебі есіп тұратын өзіндік бітімі, саламатты тұрмыс салты бар XXI ғасырдың хас сұлу қаласына айналуға тиіс.

Солай болатынына менің көзім жетеді. Мен осы тойдың үстінде көнелерін қадірлеп, тарихи жәдігерлер Қарахан, Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелеріне, Қали Жүніс моншасына және Тектұрмастың басында жүргізілген жаңғырту жұмыстары үшін тараздықтардың қажыр-қайратына деген ризашылық сезіміне бөлендім. Сондай-ақ мен той күні пайдалануға берілген Жастар кешенін, жаңадан тұрғызылған тұрғын үйлерді, бірсыпыра орындарға ине-жіптен жаңа шыққандай етіп, мұқият жүргізілген жөндеу жұмыстарын көріп, дән разы болдым, сол үшін қалалықтарға мың да 1 алғыс айтамын.

Мемлекет қала алда да абаттана түсіп, жаңа жұмыс орындары жасалуы, жаңа кәсіпорындар ашылуы, 1 кезде тоқтап қалған өндірістердің

қайтадан қалпына келуі үшін, инвесторлар мен кәсіпкерлерге қолайлы ахуал туғызу үшін не қажеттің бәрін жасайды. Осылардың бәрі жайынан өздеріңіз де хабардарсыздар.

**Қымбатты бауырлар!**
**Құрметті қонақтар!**

XXI ғасырдың бізге жүктеп отырған міндеттері де үлкен. Ең алдымен біз барлық күш-жігерімізді тәуелсіз мемлекетімізді барынша нығайтуға, жаңа ғасырдың талаптарына сай демократиялық, азаматтық қоғам құруға, қауіпсіздігімізді нығайтуға, экономикамызды өркендетуге жұмылдыруымыз керек. Солай істейміз де!

Ал, мерекеміз шат-шадыман болып, тойымыз тойға ұлассын. Бұл тойымыздың ырысы еліміздің жаңа тойларына жұғысты болсын!

**Дүниежүзі қазақтарының**
**II құрылтайында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түркістан қаласы,
2002 жылғы 23 қазан

**Құрметті бауырлар және құрылтайдың қонақтары!**

Бүгінгі күн әрбір қазақ үшін есте қалар ерекше күн болатынына ешбір күмән жоқ. Күллі жер шарына шашырап кеткен қазақ ұлысының 400-ге жуық өкілдері II дүниежүзілік құрылтайына жиналып отыр. Қасиетті Түркістан аспанының астында кездесіп, әлемнің әр түкпірінен келген бауырлар атажұрттың алдында жүректегі ізгі

1 тебіреніспен жан толқырлық қуанышты сәтті бастан кешіп тұр. Әсте жүзіміз жарқын, тойымыз дарқан болсын!

Алғашқы құрылтай жиынымыздың қандай таңғажайып шат-шадыман жағдайда өткенін бәріміз жақсы білеміз. Ол тәуелсіздігіміздің тұңғыш жылы, мемлекетіміздің тәй-тәй басқан сәбидей енді ғана қадам жасаған шағы еді. Алайда, сол кезеңнің күллі қиындықтары мен күрделілігіне қарамастан, біз тағдырдың тауқыметімен туған топырағынан ұзақ уақыт ажырап қалған бауырлардың қайткенмен атамекенде басын қосуға бел байлағанбыз.

Сол күннен бері, міне, 10 жыл өтті. Бәлкім, 10 жыл көнекөз тарих үшін қас қағымдай қысқа ғана сәт шығар. Әйтсе де халықтар тағдырында мән-маңызы жағынан жылға бергісіз күндер, нәтижесі жөнінен ғасырға татитын жылдар болады емес пе. Егер біз соңғы 10 жылдың ішінде қазақ халқының өмірінде болған оқиғалар мен өзгерістер өткен тарихтың әншейінгі 10 ғасырына қаптал жетеді десек, асыра сілтеп, астам сөйлегендік болмас.

Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып қадам басты. Оның қоғамдық-саяси құрылысы мен әлеуметтік-экономикалық жүйесі түп тамырымен өзгерді. Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше болып, Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі мәртебесімен

әлемдік қоғамдастыққа кіре отырып, Қазақстан заң жүзінде де, іс жүзінде де әлемдік мойындауға ие болды. 1 сөзбен айтқанда, әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет – егемен биліктің бәрін түгел қолында ұстаған, терезесі тең жағдайда басқа елдермен саяси сұхбат жүргізе алатын Қазақстан Республикасы пайда болды.

Бүгінде әлем қарышты қарқынмен дамып келеді. Кімде-кім оған ілесе алмаса, тарихтың ауласына да кіре алмай қалады. Тіпті 70 жыл өмір сүрген кезіндегі құдіретті Кеңес Одағы да заманамен қатар аттап жүре алмай, тегеурінді бәсекеге шыдамай, шаңырағы ортасына түсіп, келмеске кетті.

10 жылдың ішінде бұрын КСРО-ның құрамында болған, кейін егемендік алған республикалардың тағдыр-талайы әрқилы қалыптасты. Біреулері күні осы уақытқа дейін экономикасын құлаш жайдыра алмай келеді. Енді біреулері халқының бірлігін сақтай алмай, өзара қырқыстың аренасына айналды. Тағы біреулері халқын кедейлік пен қайыршылықтан шығара алмай, азаматтарының елін тастап, күнкөріс үшін жат жұртқа қаңғып кетуіне жол беріп алды. Ал төртінші біреулері қызыл сөзді митингілік демократияның уысына түсіп, реформа ұранымен халықты жауапсыз даурықпаға салып қойды. Құдайға шүкір, Қазақстан өмірінде ондай келеңсіз көріністердің ұшығы да жоқ.

Конституцияның қабылдануы, мемлекеттік рәміздер – Елтаңба, Ту және Әнұранның бекітілуі, ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі – осының бәрбәрі мемлекеттігіміздің қалыптасу кезеңдерін бедерлеп берді.

1995 жылы жаңа Конституция қабылдаудың қажеттігі еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде болған түбегейлі өзгерістерден туды. Сондықтан жаңа Конституция біздің үлкен ұжымдық жеңісіміз болды. Оған біз дамудың демократиялық жолын ой елегінен өткізіп саналы таңдаудың арқасында бүкілхалықтық шешіммен жеттік.

Мемлекеттілік 1 күнде орнай қалмайды және ол 1 ұрпақтың қолынан келер іс емес. Қазақ мемлекеттігін құру үшін сандаған ғасыр сарп етіліп, қаншама күш-жігер жұмсалып, қаншама өмір қиылмады.

Қай заманда болсын тарих жолы тылсым да қатерлі. Біздің тарихымызда да өрлеу мен құлдырау кезеңдері аз болған жоқ. Халқымыз талай тауқымет пен ауыртпалықты бастан кешірген қаралы, қайғылы шақтар да болды. Сонау бағзы заманнан осы күнімізге дейін дербес мемлекеттігіміз жолында қасықтай қанын, шыбындай жанын қиған ардақтарымыздың ісі мен есімін орасан зор құрметпен еске алатынымыз тегін емес.

Алайда заңды мақтанышымызға айналған ақиқат тәуелсіздіктің тура біздің ұрпақтың

еншісіне тиіп, маңдайына толыққанды мемлекеттік құрудың жазылғаны – бабаларымыздың талай буыны бағзы заманнан бері армандаған тәуелсіздікті ұқсата ұстау үшін қыруар шаруа тындыруымызға тура келді. Оның үстіне өткен онжылдық Қазақстан үшін алапат ауыр кезең әрі табандылығымыз бен тағандылығымызға бұрын көрмеген қатаң сын болды. Сонда біз алдымызға қандай міндеттер қойып, неге қол жеткіздік дейсіздер ғой.

Бірінші. Бізге өзіміздің төл мемлекетімізді құру қажет болды. Ұқсас үлгі табу үшін өткен тарихымызға қанша үңілсек те, қазақ халқы мұндай ауқымдағы және айналадағы әлем тарапынан мұндайлық қолдау тапқан дербес мемлекет ешқашан құрып көрмепті. Бүгінде қазақтардың ондай мемлекеті бар.

Екінші. Бізге өз тәуелсіздігімізді жариялаудың мүмкіндігі бұйырды. Алайда осы тәуелсіздігін сақтау, экономикасын жолға қою, әлемдік қоғамдастықтың ілтипатына ие болу біздің қолымыздан келді. Өз қауіпсіздігімізді нығайту үшін біз ұлттық қарулы күштерді қалыптастырып, егемен мемлекеттің шекарасын айқын сызып алдық.

Үшінші. Біз саясатымызды түбімен өзгертіп, бүгінгі әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қосылу үшін қажетті қадамдар жасадық. Демократиялық құрылыс жасауға бұлтармас бағыт ұстандық. Өткен тарихының өн бойында қанау мен

қыспақтан тұншыққан қазақтар жеке басының еркіндігін алды. Қоғамда шынайы сөз, ар-ождан, сенім мен наным бостандығы орнықты.

Төртінші. Шамамен қысқа ғана осы мерзімнің ішінде Қазақстан бүкіл әлемде нарықты экономикасы бар ел ретінде мойындалды. Біз бүкіл ТМД бойынша жан басына шаққанда инвестиция (бүгінде оның мөлшері 20 млрд доллар) ең көп тартқан елміз. Соның арқасында ұлттық алтын валюталық резервімізді толықтырып болашақ ұрпақтардың Ұлттық қорын жасадық. Экономиканың жыл сайынғы өсімі 8–12 %. Азаматтардың әл-ауқаты жылдан жылға жақсарып келеді.

Бесінші. Біз ғасырлар бойы шешілмей келе жатқан Қытаймен шекараны реттеп, ұлы көршімізбен достық жөнінде шарт жасастық. Жаңа азат Ресеймен мәңгі достық туралы шартқа қол қойдық. Орта Азияның бауырлас республикаларымен дәстүрлі достық қарым-қатынастарымыз нығая түсті. АҚШ-пен стратегиялық серіктес болу да қолдан келді.

Алтыншы. Ең бастысы, көпұлысты мемлекет бола тұрып, халықтар достығын да, ұлттық игілігін де сақтай білдік.

Жетінші. Елдің санғасырлық бүкіл тарихында біз ең алғаш ел астанасын дербес айқындап, 3–4 жылдың ішінде бас қаланы абаттандырып, сол арқылы айдай әлемді қайран қалдырдық. Жаңа елордамыз Астананың халықаралық тұсаукесерін

ұлықтаған тұста туу ғарыштан қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев құттықтады.

Осынау 7 нәтиже – қол жеткізгендеріміздің ең қысқа да тұжырымды тізімі. Елде бейбітшілік пен тыныштық жайлаған. Бүгінгі қазақтар – сыйлы, қадірлі әрі жанды-жақты жасампаз ұлт. Құдайға шүкір, елде кедейшілік азайып келеді. Міне, біздің барлығымыз – сол жетістіктердің тікелей иелеріміз. Осылай қазіргі көзі тірілердің ұрпағы – біз өз міндетімізді сезіне отырып, тарихи маңызды шаруа тындырдық, ең бастысы қазақтардың рухын түлетіп, басын көтеріп, еңсесін асқақ ұстауға дағдыландырдық.

Әрине, бізде тындырылмаған істер, шешілмеген мәселелер әлі де жетіп артылады. Алайда алға қарай қозғалыс басталды. Біз үшін осының өзі көп мәнге ие.

Қазақ жерінің қақ жүрегінде биікке құлаш ұрып аспанмен теңескен таңғажайып тамаша елордамыз Астананы біз ұлттық тарихымыздағы сапалық жаңа кезеңнің басталуы деп санауға тиіспіз. Жаңа елордамыздың стратегиялық маңызына, оның болашақ тағдырымыздағы рөлін бағалауға тіл жетпейді.

Өкінішке орай, қуанышпен күткеніміздің бәрінен тыс жаңа мыңжылдық қабақ шыттырмай шайдай ашық, тып-тыныш болып келген жоқ. Қантөгіс соғыстар мен көз көрмеген терроризм

сойқандар, ғаламдық тайталастар, ұлтаралық, мемлекетаралық қақтығыстар тәрізді жаңа ғасырдың қауіп-қатерлерінің шегі, шеті әлі көрінбейді.

Жаңа қатерлер мен текетірестер аузы-мұрнынан шыққан мына заманда қауіпті құздар мен қайраңдарды айналып өтіп, халықты алға бастау саяси басшылардың ғана емес, барлық саналы адамдардың ісі.

Оның үстіне әлемдік дамудың барысына ілесу де аса қиын шаруа. Ал әлемдік өркениет кеңістігінен өз орныңды табу одан да қиын. Оны жасау тек күшті ұлттың ғана қолынан келеді. Ондай мықты ұлт ішкі бірлік, топтасқандық пен тығыз ынтымақ жағдайында ғана қалыптасады.

Халықтың бірлігін нығайту ісінде күллі озық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың сынынан өткен ұлттық мәдениет пен әдебиеттің және өнердің орны ерекше. Алайда, бұл ретте де біз кертартпалықтан аулақ болып, 1 орынды таптап тоқырап қалмауымыз керек. Қазақтардың әлем мәдениетінің асыл қазынасымен келісті астасқан осы заманғы өнегелі мәдениетін қалыптастыруымыз қажет.

Осы орайда ұлттық ынтымақ-бірліктің ең бірінші құралы мемлекеттік тілдің, яғни қазақ тілінің мейлінше маңыздылығын айрықша атап өткім келеді. Өйткені толыққанды қызмет етпейтін тілсіз нағыз құнды халық та болмайды.

Республикада қазақ және басқа тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жасақталған,

оны жоспарлы түрде жүзеге асыруға қалтқысыз көңіл бөлінеді.

Қазақ халқының өкілдері, біз, мемлекет құраушы ұлт болып табыламыз. Қоғамды тұтастыратын әрі 1 бастан осынау мемлекеттің тағдыры үшін жауап беретін ұлтпыз. Елдің басқа барлық ұлыстарына өнеге болып, күллі сындарлы мәселелерді шешкенде, барлық бастамаларда ең басты рөл атқаруға тиіс ұлтпыз. Сондықтан да ең ықпалды, саны ең көп ұлт ретінде шыдамдылық, төзімділік және кеңпейілдік танытуға тиіспіз. Тарихымыздың өзі осылай, көпұлттылық мемлекетіміздің тума қасиеті болатындай боп қалыптасты.

Осыны ескере отырып біз, қазақтар, өзіміз басқа ұлыстардың өкілдерімен қақтығысқа жол бермеуге, қазақтарды қазақ тілді, орыс тілді деп бөлмеуге барымызды салуымыз шарт. Жасыратын несі бар, туған тілінен ажырап қалғандар, оны тиісті дәрежеде білмейтіндер аз емес. Оған олардың жеке басының кінәсі де жоқ.

Ұлттық бірлік жайын айтқанда, дініміздің – исламның мәселесіне тоқталмай кете алмаймыз. Әрине, исламның рухани әлемі әңгіменің жеке тақырыбы болуға лайық еді. Біз үшін маңыздысы қазақтың ғана емес, күллі түркі рухани-философиялық дәстүрінің дамуы үшін құнарлы қайнар көз болған ұланғайыр ислам мәдени-тарихи тұғырнамасын естен шығармаған абзал. Діннің бірлігі

қашан да халық пен елдің бірлігі. Ал діни қарама-қайшылықтар әсте ұлтаралық қақтығыстарға соқтырады.

Біздің бәріміз халықтары конфессиялық тұрғыдан христиан және мұсылман боп бөлінген елдің ішінде қандай десбермес дау-дамайдың өршіп жатқанына куәгер болып отырмыз. Арасында бір діннің өзі саналуан бағыттар мен ағымдарға, пайымдар мен секталарға бөлінген халықтардың, апат-зауалды бастан кешіріп жатқанын да көріп отырмыз.

Сондықтан бұрынғы орныққан діндерді айналып өтіп өзгерістер енгізуге тырысып, өзінің жаңашылдық арынан аса алмай жүргендердің отпен ойнайтынын ұмытып кететінін қатты ескерту керек.

Осылардың бәрін көре білген кемеңгер дана Қожа Ахмет Яссауи қазақ даласының кең байтақ кеңістігінде исламның алғашқы ұстаздарының бірі болып өз заманында ислам уағыздары мен дәстүрлерін түркі негізінде сіңірді. Осы дәстүрлерді ұстанып, бабаларымыз жүздеген жылдар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімін қалыптастырды. Ал сырттан келіп біздің ұлттық рухани дәстүрлерімізді, қалыптасқан көзқарасымызды қайта қидалағысы келетіндерге айтарымыз: сіздер үшін есік жабық!

Жалпы, діни әсіреліктен де, діни дүмшеліктен де іргені аулақ салу керек.

**Қымбатты бауырлар!**

Атажұрттан аулақ алыста жүріп те оның аман-есендігі мен гүлденуі үшін сіздердің Жаратқанға жалбарынып, ғибадат қылғандарыңызды жақсы білеміз.

Біздің сол биіктен түспеуіміз үшін не істеу керек? Ол үшін бүкіл халықтың бірлігі мен келісімі керек. Ал мұндай келісім Қазақстанда – ақиқат шындық. Оған республиканың барлық салада 10 жылдың ішінде қол жеткізген табыстары айғақ.

Ынтымақ-бірлік пен келісім болмағанда, біз өтпелі кезеңнің басында жамбастап жатып қалған республика өнеркәсіп алыптарын аяғынан тік тұрғыза алмас едік, қоғамымыз бен экономикамыз үшін қажет күнделікті тұтынатын өнімдерді шығара алмас едік, соңғы 5 жылда ішкі жалпы өнімнің 26 %, ал 3 жылда 36 % өсуін қамтамасыз ете алмас едік.

Ісіміздегі бұл секілді жетістігіміздің себебі Қазақстан дербес жолының туу басында-ақ болашақ дамуының бағытын нақты белгілеп ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын қабылдауында. Бұл күндері ол стратегияның қабылданғанына 5 жыл толды. Ол туралы отандық және шетелдік сарапшылардың оң

пікір білдіріп, бағдарламаның өмір орнықтырушылық рухы мен шыншылдығын атап көрсетуі мақтан сезімімізді оятты.

Экономикалық мәселелерді кәсіби тұрғыдан шешу үшін ауқымды әрі өзінше ойлайтын, білімі жақсы, бастамашыл мамандар кейпіндегі сауатты атқарушылар керек. Оларды даярлау қажет, ол үшін біздің ел қаражат тауып қойды.

Республикада осы заманғы стандартқа сай жаңа мамандар даярлайтын жоғары оқу жүйесі жұмыс істейді. 200-ден астам университеттер мұнай мен газ, тау-кен ісі мен металлургия, ауыл шаруашылығы секілді салаларға, сондай-ақ денсаулық сақтау, сот және заң орындары, кәсіпорындарға қажет түрлі мамандықтар бойынша кадрлар даярлайды. Біздің білім беру жүйеміз демократия мен еркін бәсекелестік жағдайында өркендеген қоғамдық құрылыс пен экономикаға қызмет көрсетуге бағыт ұстаған.

Оған қоса «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастарымыздың үлкен тобы оқып жатыр. Шетелдегі оқуын ойдағыдай аяқтап, Отанына жоғары білікті маман болып оралған жас жігіттер мен қыздар қаншама?!

Халықтың бірлігін, бәрінен бұрын рухани бірлігін сақтау сияқты жанды жер – зәру мәселені үнсіз айналып кете алмаймын. Дүниеде 1 ғана қазақ ұлысы бар, демек, қазақтардың ұлттық болмысы, сана-сезімі, дәстүрлері күллі қазақтарға

тән. Ендеше қазақ ұлтының ұланғайыр рухани қазынасы бөлуге жатпайтын ортақ құндылық. Сондықтан шетел қазақтары мен Қазақстан қазақтарының әдебиеті, мәдениеті және өнері арасына бәз-бір шекара қоюға әсте болмайды.

Сантүрлі себептермен Отанынан жырақ жүруге мәжбүр болған бауырларымыз тірнектеп жинаған рухани байлықты ұқыптап жинастыру және білгірлікпен насихаттау бізге айрықша маңызды міндет болып көрінеді. Тәуелсіздік алған сәттен бастап біз бұған тиісінше көңіл бөле бастадық.

Қытай, Өзбекстан, Түркия, Монғолия сияқты бірқатар елдерде қазақ ұлты көпсанды демографиялық базасымен көрінеді. Сондықтан сол елдердің халықтары арасында жүрген, мұражайлары мен ғылыми орталықтарында сақтаулы тұрған қазақ ұлтына, оның тарихы мен мәдениетіне қатысты құжаттар мен куәліктер өз халқының игілігіне қызмет етсе дейміз.

Осы ауанда қазақтардың бүкіл әлемдік қауымдастығының бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан шаралар қолдауға да, көтермелеуге де тұрарлық.

Көрші және іргелес мемлекеттердің, атап айтқанда, олардың қазақтар тұтас тұратын аймақтарының жергілікті басшыларының қазақ ұлысына деген тату көршілік, өзара сыйластық рухтағы қатынасы көңіл тоғайтарлық. Қарым-қа-

тынастың бұл деңгейін біз жоғары бағалаймыз және оған мақтанамыз. Мысалы, туысқан Өзбекстанның Президенті И. А. Каримовтың «Қазақтар мен өзбектер біртұтас халық, ал қазақтардың дұшпаны өзбектердің де жауы болып табылады» деген сөзін қалай ұмытарсың. Немесе Қырғызстан Президенті А. А. Ақаевтың «Қазақ пен қырғыз халықтары қаны 1 бауырлар» деген мәлімдемесі шын жүректен шыққан сөз емес пе.

Ресей Президенті В. В. Путин Қазақстанды Ресей үшін ең жақын ел санайды. Ресей Федерациясының Астрахан және Омбы облыстарының әкімдері А. Гужвин мен Л. К. Полежаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік пен келісім сыйлығымен марапатталуы олардың елдеріміз арасындағы достық, ынтымақтастық және тату көршілік қатынастарды дамытуға қосқан үлестерін биік бағалағандық болып табылады.

Елдің көпөрісті сыртқы саяси бағытына сәйкес мемлекет басшысы ретінде мен Еуропа мен Азия елдеріне ресми сапармен жиі барамын. Бізбен саяси, экономикалық, мәдени серіктестік қатынастар орнатқан, орнатқысы келетін Америка мен Африка елдеріне баруға да тура келеді. Егер бәз-бір елде қазақ қауымдас-тығы бар болса, олардың өкілдерімен кездесу сәтін құр жібермеймін. Сондай кездесулердің барысында қазақ диаспорасының өкілдері маған өздерін барынша толғантып жүрген мәселелерін айтады.

Оларды айрықша қызықтыратын мәселе балаларын тарихи отанында оқыту мен тілдің жайы екенін сезем. Шынында да, жұмыс істейтін де, шешімін іздейтін де мәселелер баршылық. Біз бар күшімізді салып, жағдайды түзетуге тиіспіз.

Сондай-ақ бізге бабаларымыз қалдырып кеткен тарихи мұраның аса бай асыл ұнтақтарына көз жазбай үңіле назар аударып, оларды сақтап, көбейте беруге міндеттіміз. Біздің ұрпақтың қасиетті борышы – бабаларымыздың мейлінше бай тарихының әрбір тамшысын шашыратып жібермей, лайланбаған қалпында оны балаларымыз бен немерелерімізге аман-есен жеткізу.

Сырт жерлерде тұратын отандастарға қамқорлық жасауда соңғы 10 жылда қол жеткен табыстарымыз аз емес... Әйтсе де бұл жетістіктеріміз бен табыстарымызға тоқмейілсіп, орта жолда іркіліп қалуымызға болмайды.

Біздің алдымызда жаңа міндет, биік мақсаттар тұр. Тәуелсіз Қазақстан мен шетелдегі қазақ диаспорасының арасындағы байланыс бұрынғыдан да тығыз әрі барынша жемісті, нәтижелі болуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру – бүкіл халқымыздың өсіп-өркендеуіне, жаңа мыңжылдықта жаңа асуларға көтерілуіне тікелей ықпал етеді. Сонда алдымызда тұрған бұл мақсат-міндеттердің мазмұн-мағынасы қандай?

Дүние жүзінің түкпір-түрпірінен келіп, 4 көзіміз түгел жиналып отырған кезде осы ділгер

мәселені барынша жан-жақты талқылап, алға апарар адастырмас жолды бәріміз бірлесіп айқындап алуымыз керек.

Қазір Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын қазақтардың саны 5 млн-нан асады. Міне, осыны ойлағанда, 40-тан астам шетелдерде тұратын, бүкіл дүние жүзіндегі қазақтың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең, яғни 50 жылдан кейін 100 жылдан кейін не күтіп тұр деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады. Бұл ретте, күдік пен күмәннан гөрі ертеңгі күнге деген сеніміміз бен үмітіміз әлдеқайда басым.

Біз шетелдегі ағайындарымыздың алдағы уақытта да қазақ халқының құрамдас 1 бөлігі ретінде өсіп-өркендей беретініне күмәнданбаймыз.

Әсіресе, Қытайдағы 1,5 млн-нан астам бауырларымыздың бүгінгі таңдағы ұлттық өркендеу үрдісі жақсы. Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы сонда қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр. Қазақ халқының баға жетпес, асыл мұрасы – ауыз әдебиетінің де басты 1 бөлігі – Қытайдағы бауырларымызда.

Қазір Қазақстанда Қытай қазақтарының ауыз әдебиеті үлгілерінің 30 томдық жинағын шығару қолға алынды. Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиеті де – біздің жалпы ұлттық әдебиетіміздің

құрамдас 1 бөлігі. Шыңжаңдағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы – Таңжарық Жолдыұлының шығармалары туған әдебиетіміздің төрінен лайықты орын тапты. Ақиық ақынның алдағы жылы туғанына 100 жыл толатын мерейтойының Қытай мен Қазақстанда жоғары дәрежеде аталып өтетініне күмән жоқ.

...Монғолия қазақтарының да ұлттық рухани өсіп-өркендеуі белгілі 1 дәрежеде жүріп жатыр. Монғолияның негізінен қазақтар тұратын Баян-Өлгий аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Бүгінгі таңда Баян-Өлгий аймағы – қазақ халқының ана тілі ең таза сақталған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті өзінің ежелгі бояуын жоғалтпаған өңірлердің бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Баян-Өлгий аймағынан атажұртқа 60 мыңнан астам ағайындарымыздың қоныс аударуы жас мемлекетіміздің мәдени-рухани тыныс-тіршілігіне, ана тіліміздің, ұлттық салт-дәстүріміздің жаңа деңгейге көтерілуіне өз ықпалын тигізгені анық.

Тағдырымыз да, тарихымыз да ежелден тамырлас Өзбекстандағы 1,5 млн-нан астам қазақтардың өсіп-өркендеуі өз алдына 1 шежіре. Қазіргі кезде Өзбекстанда 500-ден астам қазақ мектептері бар. Жақында ғана Өзбекстан Президенті Ислам Каримов екеуміз 2 ел арасындағы Мәңгілік достық жөніндегі келісім-шартқа қол қойдық. Шекарамыз біржолата нақтыланып, белгіленіп бітті.

Болашақта 2 ел арасындағы экономикалық-мәдени байланыс бұрынғыдан да кеңейе беретіні анық. Бұл байланысқа Өзбекстанда тұратын бауырларымыз да өз үлестерін қосады деп сенемін.

Біз Өзбекстандағы қазақтардың зиялы қауымы – ғалымдарының, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қарымды да қабілетті үлкен тобының қалыптасқанын жақсы білеміз.

Қазақстанның Ресеймен шекарасы ұланғайыр жерді алып, еліміздің шығысынан батысына дейін ұзын-сонар созылып жатыр. Аманшылық болса, таяуда Ресеймен де шекарамызды анықтап бітетін ойымыз бар. Осы шекараға жақын жердің басым көпшілігінің негізгі тұрғындары – қазақтар. Олардың да сан ғасырлық тарихы, қалыптасу ерекшеліктері бар. Көршілес 2 мемлекет өз тәуелсіздіктерін жариялағанымен, арадағы барыс-келіске шектеу жасалған жоқ. Бұл да біздің ең үлкен жеңісіміз, жетістігіміз.

Ресей қазақтарының мәдени-рухани өміріне ондағы қазақ мәдени орталықтары да үлкен ықпал жасап отыр.

Түрікменстан мен Қырғызстандағы, Түркиядағы, Еуропаның Германия, Швеция және басқа елдеріндегі қазақ мәдени орталықтары да өздерінің шама-шарқынша игілікті істер тындырып келеді.

Міне, Қазақстанның, сырт жерлердегі қазақтардың ұлт ретінде өсіп-өркендеуінің қазіргі жағдайы осындай. Дегенмен бұл салада ойландыратын, алдағы уақытта түбегейлі шешуді қажет ететін мәселелер де баршылық.

Бұл мәселелердің ең бастысы қазақтың әліпбиіне, яғни жазуына байланысты. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі қазақтардың ауызекі сөйлеуінде ешқандай айырмашылық жоқ.

Дегенмен жазу мәселесіндегі жағдай мүлде басқаша. Бүгінде 1 елде тұратын қазақ екінші 1 елде тұратын қазақтың жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, Қытайдағы ағайындарымыз араб әліпбиіне негізделген төте жазуды пайдаланады. Қазақстанда, Монғолия мен Ресейде тұратын қазақтар кириллицамен жазады. Еуропа қазақтары латын әліпбиімен сауат ашқан.

Өзбекстан мен Түрікменстан латын әрпіне көше бастады. Иран мен Ауғанстанда оқу-жазу мүлдем өзгеше. Бұл елдердің өз саясаты, өз жағдайы бар. Олардың ісіне араласа алмаймыз. Оларға бейімделіп, біз де өз мүмкіндігімізді ойламай, басқаға көшіп кететін жағдайымыз тағы жоқ. Сондықтан мұндай айырмашылық дүние жүзіндегі қазақтардың дамуына кедергі келтіретіні даусыз. Бұл, әсіресе, оқу-білім саласында айқын аңғарылып жүр.

Бұл ретте көп мәселе шетелде тұратын ағайындарымыздың өздеріне тікелей байланысты деп

ойлаймыз. Сіздердің қай жерде жүрсеңіздер де, ата-бабамыздан дарыған асыл қасиетімізді, салт-дәстүріміз бен ана тілімізді аялап сақтайтындарыңызға біз, Қазақстанда тұрып жатқан қазақтар, кәміл сенеміз.

Шетелдерде тұратын қазақтардың өсіп келе жатқан жас ұрпағы, жастары орта білімді болсын, жоғары білімді болсын, жалпы оқу-білімін Қазақстанда алуға ұмтылатынын мен жақсы білемін. Бұған қолдан келгенше жағдай жасап жатырмыз, жасай беретін де боламыз. Келгендерінің ешқайсысын қайтарған жоқпыз. Сол жастар 1 тілде сөйлеп, 1 тәрбиемен өседі деп сенемін. Олар да ұлттың болашақ тірегі...

Шетелдегі ағайындарға көмектесудің заңдық-құқықтық негіздері жасалуы, қаржылық қамту мәселесі де жолға қойылуы қажет.

Республикамыз соңғы 10 жылда бұл жөнінде көптеген жақсы тәжірибелер жинақтады. Нақты іс-шараларды жүзеге асырды.

Бұлардың ең бастысы – «Шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы». Бұл бағдарлама өзінің тиісті міндетін атқарды. Енді оның жаңа нұсқасын қабылдау қажет...

Қазақ диаспорасы тығыз орналасқан өңірдің басым көпшілігі алыс шалғайда емес, Қазақстанмен шекаралас жатыр. Соған орай, біздегі облыстардың да бұл жөнінде көп мәселе шешуге мүмкіндігі бар.

Яғни әр облыс өзімен іргелес жатқан шекараның ар жағындағы бауырларымызға мәдени-рухани жағынан көмектесіп, қол ұшын беруі қажет. Әсіресе, ондағы қазақ мәдени ошақтарын қажетті мамандармен қамтамасыз ету, қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлап беру сияқты жұмыстарды жүзеге асыруы керек. Бұл мәселені мен барлық әкімдерге тапсырамын.

Қазақстан өзі тәуелсіздік алған күннен бастап шетелдегі қазақ жастарының атажұртқа келіп, оқып-білім алуына айрықша көңіл бөлініп келеді. Шетелдегі қазақ ұлтының өкілдері атамекенге келіп, Қазақстан азаматымен тең жағдайда оқып, білім алуға құқылы. Шетелдегі қазақ диаспорасына арналып жоғары оқу орындарынан жыл сайын арнайы квота бөлінеді.

Нарық экономикасына көшуге байланысты қазір еліміздің оқу, білім саласында көп өзгерістер болып жатыр. Жоғары білім беретін оқу орындарының көпшілігі ақылы жүйеге көшкен. Соған байланысты шетелден келген бауырларымыздың бәрін мемлекет есебінен тегін оқытамыз деп айту қиын. Ол мүмкін емес.

Бірақ қалай болғанда да, біз алыстан келген жас ұрпағымыздың бетінен қақпай, оларға атамекенде қалып, білім алуының, белгілі 1 мамандықты игеруінің барлық мүмкіндіктері мен жолдарын қарастыруымыз керек. Ол жолдарды табуға болады.

Жақында ғана Білім және ғылым министрлігі мен Әділет министрлігі шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстанның оқу орындарына түсуіне байланысты жаңа ережені бекітті. Енді осы ереже нақты әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуға тиіс. Әсіресе, дайындық бөлімдеріне шақырту мен қабылдаудың жолдарын реттеген жөн.

Осыған орай мен тағы 1 мәселені еске салғым келеді. Сыртта жүрген кейбір ағайындарымыз өнер-білімдері биік өркениетті елдерде тұрып жатыр. Сол өркениетті елдерде білім алу үшін біз қыруар қаржы шығарып жастарды оқуға жібереміз. Сондықтан шетелдегі бауырлар сол жақтың жоғары білімінен сусындап, Еуропа мен АҚШ-тың, Жапонияның ғылымы мен техникасын, іс жүргізу тәсілдерін меңгеріп, елге оралып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Шетелдің білімін алу шетелдік болып кету деген сөз емес. Отанға деген сүйіспеншілікті ешқашан да жоғалтуға болмайды. Отаның – алтын бесігің, қанша миллиардер болсаң да, Отаның, жерің, ата-бабаңның кіндік қаны тамған Отаның болмаса, сен қандай адамсың. Сондықтан мұндағы да, сырттағы да қазақтарды жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелеуге шақырамын.

Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі. Осыны мықтап есте ұстаған жөн.

Бүгінгідей басқосуда айтылатын үлкен әңгіменің бірі – көші-қонға қатысты. Шетелдегі ағайындарымыздың арасында атажұртқа тұрақты қоныс аударғысы келетіндер аз емес. Қазақстан бұл мәселеге де айрықша көңіл бөліп келеді.

Біз жыл сайын көшіп келу квотасын белгілейміз. Ол жағдайға байланысты. Бұл квота бойынша келгендер үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Көшіп келуге жұмсалған жол шығыны өтеледі. Басқа да көмектер жетерлік.

Жалпы өз еріктерімен келген қандастарымызды қоса айтсақ, осы жылдары жарты млн-нан аса қазақ атажұртына келді. Мен бірде айтқан едім. Аман болсақ, біздің елге оралған қандастарымызға Германия мен Израильдей көмек жасаймыз деп... Оған да жетерміз. Қазір істеп жатқандарымыз осы үлкен істің бастамасы деп саналуы керек.

Алдағы уақытта көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайта беруді жоспарлап отырмыз. 2003 жылғы квота бойынша 5 мың отбасы келетін болса, 2004 жылы ол 10 мыңға, 2005 жылы 15 мыңға жетеді. Демек, жылына атамекенге мемлекет көмегімен 50–60 мың оралман келеді деген сөз. Ал енді бұл квотаның үстінде өз жағдайларымен елге көшіп келемін дегендерді құшақ жая қарсы аламыз.

Дегенмен шетелдегі ағайындарымыздың көші-қон жөніндегі сұраныстарын бұл да толық өтей алмайды. Көшіп келгісі келетіндер әлдеқайда көп.

Үкіметке салмақ салмай, өз қаржысымен қоныс аударуға ықылас білдіретіндер де аз емес. Міне, осы ағайындарымызды ең алдымен құқықтық жағынан қолдауды жүзеге асырған жөн.

Шетел азаматтары болғандықтан, олар Қазақстанға алғаш келгенде біраз қиындықтарға кездеседі. Қиындықсыз бұл дүниеде не бар, оған да төзу керек. Жаңа ортаға бейімделу оңай емес. Олардың жергілікті жердегі заң ережелерінен де хабары аз. Осыған орай жергілікті әкімшіліктер, Ішкі істер министрлігінің тиісті бөлімшелері нақты жұмыстар жүргізуге міндетті.

Соңғы уақытта дүние жүзінің түкпір-түкпірінен шетелдік іскерлер Қазақстанға келіп, жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр. Олар біздің еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Бірақ бұлардың арасында өзіміздің ағайындарымыз сирек. Себебі Қазақстан тарапынан оларға қажетті қамқорлық жасалмайды. Бұл да жергілікті билік басындағыларды ойландыруға тиіс.

Жалпы шетелдегі бауырларымызға айтар және 1 мәселе бар. Атамекен сіздерді асыға күтеді, құшақ жая қарсы алады, қолдан келген бар мүмкіндікті жасайды. Бұл – біздің парызымыз.

Бірақ соған қарап, Қазақстанға барсақ, бізді өкімет өмір бойы бағып-қағады екен, ондаған жыл бойы неше түрлі жеңілдік жасап асырайды екен деген ұғым тумауға тиіс. Біз шалқамыздан

түсіп жатамыз деп ойламаңыздар. Қазақстандағы қазақтар қазір тырмысып, тірлік етуде. Баяғыда, 1961–1962 жылдары шекара ашылып, Қытайдан 150 мың қазақ келді ғой. Ешқандай квота да, көмек те болған жоқ. Бәрін өздері үйренді. Бүгінде олардың ұрпақтары Қазақстанның нағыз азаматтары болып қалыптасты. Келемін десеңіздер, қазақтың жері де, елі де кең, жағдай бар, заң қабылданған, қандай іспен шұғылданамын десеңіздер де мүмкіндік табылады. Келіңіздер де, айналайын қазағым, күндеріңізді көріп, өз елдеріңізде байыңыздар.

Ал жәрдем де, көмек те белгілі 1 мөлшерде, нақты заң көлемінде жасалады. Барлық мемлекеттерде солай.

Тағы 1 айтарым, оралмандар Қазақстанның барлық халықтарымен тең өмір сүріп, еңбек етуі қажет.

Қазір Қазақстан өтпелі кезеңнің қиындығын артта қалдырды. Көшін түзеді. Табыстарымыз да молайып келеді, қиындықтарымыз да жоқ емес. Атажұртқа келген ағайындар осы қуанышты да, қиындықты да жергілікті халықпен тең бөлісуге дайын болуға тиіс. Біз ел болып, атамекенге келген қандастарымызға қамқорлық жасап, алғашқы кездерде де қол ұшын беруіміз қажет.

Осы арада мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде шет елде тұрып жатқан қандас

бауырларға 2 нәрсе үшін өзімнің ризашылығымды білдіремін.

Біріншіден, атажұрттан алыста жүрсеңіздер де, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұмытпай, ұлттық сипатты жоғалтпай, бүгінгі рухани тірлігімізді төл қазына көріп, байытып, өздеріңіздің Отанға деген сағыныш сезімдеріңізбен ұлттық патриотизмге жаңа серпін беріп отырғаныңыз үшін рахмет айтамын!

Екіншіден, қазақ халқының бойындағы ұлттық қасиеттердің бірі далалық кеңпейілділік, ақылға жүгінген шыдам мен сабыр болса, сіздер сол қасиеттерді көтеру арқылы өздеріңіз қазір тұрып жатқан елдеріңіздің саяси тұрақтылығына, ұлтаралық келісіміне үлестеріңізді қосып жүрсіздер деп білемін және сол үшін сіздерге өзімнің ақ алғысымды арнағым келеді.

Қай жерге барсам да, ешбір елден қазақ диаспорасы тынышымызды алды деген сөзді естіп көрген жоқпын. Бұл да ұлттық деңгейдегі естиярлықтың белгісі.

**Қымбатты бауырлар!**
**Құрметті қонақтар!**

Қасиетті Түркістан топырағындағы салтанатты кездесу – Қазақстан ғана емес, күллі қазақ халқының өміріндегі маңызы орасан зор оқиға.

Бұл кездесу – біздің елдің шынайы тәуелсіздігінің және оның әлем халықтарының өркениетті

жанұясына енуінің айқын айғағы, бостандық сүйгіш батыр бабаларымыздың сан талай ұрпақтарының арманы мен аңсарының жүзеге асуының жарқын да жанды мысалы.

Бұл кездесу – қазақтардың жаңа мыңжылдыққа біртұтас, бөлінбейтін, бүтін халық болып сеніммен қадам басуының куәдүр актісі.

Біздің болашақ кездесуіміз де дәл осындай шат-шадыман, қуанышты болғай!

Құрылтайға табысты да жемісті жұмыс тілеймін!

Қайта кездескенше!

**Қазақстан халықтары Ассамблеясының IX сессиясында «Қазақстан халықтары Ассамблеясының даму стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық береке-бірлік» тақырыбында**

# СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2002 жылғы 15 қараша

**Қадірлі отандастар!**

Біз тағы да басқосуға жиналып отырмыз. Жарқын жүзбен кездесіп, өзімізге ортақ мәселелерді талқылап, келер күндерге жоспар жасаймыз. Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысы жаңа кезеңге шықты. Алда атқарылар істер ауқымы ұлғая түсті.

Әдетте, ағайын-туғандар, ниеттес бауырлар қажет кезінде бас қосып, көкейде жүрген көп сауалдарына ортақ жауап тапқан.

Бұл ортақ сауалды бізге заман, уақыт қойып отыр. Болашақтың жоспарын біріге, бірлесе отырып жасап алсақ, жүрер жолымыз бен барар жеріміздің адаспаймыз.

Кең залды толтырып, сан ұлттың басын қосқан осыншама ажарлы көпшілікті көру – мен үшін қуанышты жағдай. Көп ұлтты байтақ еліміздің өкілдері жиналған бұл кездесу – өзіміз қадірлейтін достық пен ынтымақтың көрінісі.

Ұлттық бітімгершілік, қауіпсіздік және азаматтық қоғамның көкейкесті сұрақтары қазір бәрімізді толғандырып отыр. Бүгін осы мәселелер кеңінен әңгіме болады деп сенемін.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының әрбір сессиясы елдің қоғамдық-саяси өмірінде таңбаланып қалатын құбылысқа айналып келеді. Бұл орайда бүгін біз уақыт алға тартқан сауалдарға жауап қайтаруға, Ассамблеяның таяу болашақтағы қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттерін дәлдей түсуге тиіспіз.

Сессиялар жұмысына Ассамблея мүшелерімен қатар мемлекеттік биліктің барлық буындарының басшылары, министрлер мен әкімдер, діни және қоғамдық бірлестіктердің жетекшілері, көрнекті ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері ұдайы

қатысып келеді. Мұның өзі біздің Ассамблеямыз дамып келе жатқан қазақстандық демократияның басты институттарының біріне айналғанын көрсетеді, осынау қоғамдық институтқа ең маңызды міндет – елдегі халықтар достығының, келісім мен азаматтық бітімнің сақтаушысы болу міндеті жүктелген. Мұның өзінде де ол өзі өмір сүрген 7 жылдың ішінде, әу баста кейбіреулердің болжағанындай, парламенттік институттарды алмастырып кеткен жоқ. Сонымен қатар, этностық топтарға бақылау жасайтын төрешілдік тетікке де айналудан аман қалды.

Халықтар Ассамблеясы Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды 1 белгісіне айналды. Ол барлық этностардың мүдделерін 1 арнаға тоғыстырады, ұлттық тегіне қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметінде қуатты оңды тәжірибе жинақталған, біз бұл тәжірибені этносаралық мәселелерді шешудің әлемдік тәжірибесіне бірлесе қосып келеміз және алдағы кезде де қоса беретін боламыз. Біздің бұл үлесіміз ең жоғары деңгейде лайықты бағасын алды. Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанды «әлемнің өзге мемлекеттері үшін ұлтаралық келісімнің, тұрлаулы әрі тұрақты дамудың үлгісі» деп атады.

Халықтар Ассамблеясы өз дамуының стратегиясын айқындады.

Ассамблеяның даму стратегиясының негізгі мақсаттары жинақталған күйде қандай ұлттың өкілі болғанына, қандай дінді ұстанатынына қарамастан, әрбір адамға, Қазақстанның әрбір азаматына түсінікті ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық бітім деген қарапайым сөздермен тиянақталады.

Біздің қоғамымыз жаңа жүзжылдыққа қандай сынақтарға түсуі, бекемдігімізді байқап көретін қандай жағдаяттарға душар болуы мүмкін екенін ескерсек, бұл мақсатқа қол жеткізу әрі игілікті, әрі ауыр міндет екеніне көзіміз жетеді.

## I. Қазақстандағы ұлттық келісімнің негізі – конфессияаралық үнқатысу

Біздің бекемдігімізді байқап көретін жағдаяттардың бірі – бүгінгі саяси сөздік қорымызда сонау орта ғасырларда пайда болған «джихад» және «крест жорығы» деген сияқты ұғымдардың қайтадан бой көтеріп, өзінің «тажалды тіршілігін» жалғастыра бастағаны.

Бұл орайда бүгінгі әлемде не болып, не қойып жатқанын түсіну өте-мөте маңызды.

Ғасырлар тоғысында қоғамдық дамудың 1 үрдісі адамдардың руханият пен мәдениеттің, халықтардың төлтумалылығының бастау көзі

ретінде дінге жаппай бет бұра бастауы болды. Бұл үрдіс, ең алдымен, әлемнің тоталитарлық «ұйқыдан» ояна салып, рухани бағыт-бағдарынан айырылып қалған, сөйтіп, не істеп не қоярын білмеуге айналған бөлігін қамтыды.

Ондаған жылдар бойы миға шегемен қаққандай сіңірілген идеологиялық қасаң қалыптар тарихтың күресініне лақтырып тасталды.

Қазақстанда соңғы 10 жыл ішінде діни бірлестіктердің жалпы саны 4 еседен артық өсті.

1 кездегі 25 мешіттің саны қазір 1,5 мыңға жетті. Православиелік приходтардың саны 4 есе, ал католиктік ғибадатханалардың саны 1/3 бөлікке артты. 1 мыңға жуық протестанттар бірлестіктерінің миссиялары мен мінажат үйлері, иудейлердің 21 қауымы жұмыс істей бастады. Басқа діни сенім-нанымдарды қолдаушылар да шықты.

Мұның өзі Қазақстанда тоталитарлық кезеңдегі ақырып тұрған атеизм саясатынан кейін Конституцияда белгіленген ар-ождан бостандығы іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанының дәлелі болып табылады. Біздің азаматтарымыз өздері қалап алған дінді еркін, еш қорқынышсыз ұстана береді, өзінің ана тілінде сөйлейді, өздерінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтайды. Жеке тұлғаның шын еркіндігі дегеніміз міне осы. Біз мұны мақтаныш етуге тиіспіз. Біз мұны сақтауға тиіспіз.

XX ғасырдың аяқталар тұсында діннің орны мен маңызының арта түсуі жаһандану үдерісімен тұспа-тұс келді.

Біріншіден, ашық ақпараттық қоғам кез келген конфессияның көзқарасын таратуға мүмкіндік жасады, сөйтіп, XXI ғасырды тек діннің ғана емес, діннің атын жамылған көзқарастардың да «экспортқа шығарылатын» ғасырына айналдырды. «Темір шымылдық» құлап біткен кезде сан түрлі «мессиялар» атынан сөз алатын уағыз жүргізушілердің, солардың сөзін сөйлейтін түрліше әдебиет пен бейнеөнімдердің қаптап кеткені, стадиондарда «емдеудің кереметін» көрсетіп, тек солардың ілімдері мен көзқарастарының дұрыстығын айтып сендіріп баққан «пайғамбарлардың» көптеп шыққаны естеріңізде болар.

Екіншіден, жаһанданудың көптеген елдер мен халықтарға мәдениет пен тыныс-тіршіліктің олар үшін дағдыдан тыс қалыптарын таңатын сипаты да бар екенін көру қажет. Мұндай жағдайда дінге бас ұру адамдардың өзінше 1 қорғаныс құралы сияқты болып шықты.

Фундаментализм – ислам дінінің ғана маңдайында жазылған сипат емес. XX ғасырдың басында бұл ұғым Америка Құрама Штаттарындағы кейбір христиандық топтардың сипаттамасы ретінде пайда болған еді. Бұл термин тек ислам дінінің ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемде әрекет етіп, өз

сенім-нанымының әу бастағы қағидаларына қайтып оралуды уағыздайтын христиандық, буддалық, иудалық бағыттағы сан түрлі діни топтардың теологиялық және іс жүзіндегі қимыл-әрекетіне қатысты қолданылған.

Тек исламда ғана емес, басқа діндерде де, фундаментализмнің ұстанымдары мен қағидаларының негізінде саяси партиялар мен қозғалыстардың тұжырымдамалары мен доктриналары өріле бастады. Оларды кейбір экстремистік саяси күштер, сондай-ақ лаңкестер кез келген діннің шынайы канондарына ешқандай қатысы жоқ қылмыстарын бүркемелеу үшін ту ретінде жалаулатып ұстайды. Қазіргі жағдайда халықаралық терроризм пен экстремизмнің қауіптілігі қандай да 1 нақты дінмен етене деп қарастырылмайтындығына мен сенімдімін.

Сонымен бірге көптеген елдер мен қоғамдарда бой көрсетіп отырған конфессияаралық шиеленісті көзге ілмеуге де болмайды.

Осы орайда мынандай күрделі сұрақтар алға тартылады. Жаһандық конфессияаралық қақтығыстың қатері қандай? Әлде қалай дегенде де «өркениеттердің бетпе-бет келуін» болдырмай кететіндей басқа жол бар ма?

Бұл сұрақтарға жауап іздеу біздегі конфессиялардың өзара әрекет ету тәжірибесіне қайта-қайта зер салуға мәжбүр етеді.

Қазақстанда өте ерекше діни ахуал қалыптасқан.

Біз мұндайлық конфессиялық сантүрлілігімен ерекшеленетін әлемдегі азын-аулақ елдердің қатарына кіреміз.

Бізде қырықтан астам конфессияны қамтитын 3 мыңға жуық діни бірлестіктер бар. Бұл факторды «бүлік алмасы» емес, жасампаздыққа алып баратын сантүрлілік деп санайтын адам онша көп бола қоймас.

Қазақстанның үлгісі конфессиялардың өз арасындағы мемлекет тарапынан бастамашылдыққа ие болып, қолдау тауып отыратын ұдайы үнқатысудың негізінде ың-шыңсыз, қатар өмір сүрудің мүмкін екенін айқын көрсетеді.

Діни фактордың саясаттануына жол бермеу біздің аса маңызды жетістігіміз болды.

Бұл идея діни бірлестіктер туралы заңның арқауы етіп алынды, 1992 жылдың басында қабылданған бұл құжат тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы заңнамалық актілерінің бірі еді.

Біздің заңнамамыз қазіргі таңда да халықаралық сарапшылар тарапынан кеңестен кейінгі елдердің арасындағы ең ырықтысы, көкейге қонымдысы деп бағаланады.

Қазақстандағы дін өзін этностық немесе саяси қауымдастықтарға қарама-қарсы қоятын бәсекелестік біртектілік сипатында емес, қазақстандықтар-

дың рухани мәдениетінің қоғамға қайталанбас сантүрлілік және, сонымен қатар, өзгеше бөлек бітім беріп тұратын қосымша сипаты ретінде бой көрсетеді.

Қазақстан халықтарының өткендегі ортақ тарихы мен этномәдени дәстүрлері діни дәстүрлердің сипаты мен ерекшелігіне шешуші ықпал жасайды. Олардың аса маңызды даралық белгісі бір-біріне өзара ұмтылысы болып табылады. Біздің елімізде ислам мен православиенің, басқа діндердің арасында жарасымды қарым-қатынас қалыптасқан.

Христиан дініндегі шіркеулердің сантүрлілігі Қазақстанға тән конфессияаралық толеранттықты ашып көрсетіп тұр.

Бізде басқа діндер мен сенім-нанымдарды ұстанушылардың өкілдері арасында бітіспес дау көріністері болған емес.

Осынау фактордың ықпалымен ең көп адамдық конфессиялардың қызметі қайталанбас бірегей қасиеттерге ие болуда.

Мұны, ең әуелі, сопышылдықтың ұлы діни оқымыстысы Қожа Ахмет Яссауидің іліміне негізделген қазақстандық ислам туралы айтуға болады.

Қазақстан жетекші әлемдік діндердің орталықтарымен тығыз байланыс жасап отыр.

Оған мысал – қазақстандықтардың Мекке мен Мединадағы қасиетті орындарға қажылық сапары.

Сауд Арабиясына 1994 жылғы менің сапарым кезінде осы елдің королі – мұсылманның басты киелі орындарының қызметшісі Қазақстанға айрықша құрмет белгісін көрсетіп, менің қасиетті Қағбаның ішіне кіруіме рұқсат етті.

Қазақстан православие қастер тұтатын – Мәскеудегі Құтқарушы Христос храмын қалпына келтіруге үлес қосып, әрлеу жұмыстары үшін керемет қазақстандық гранит пен мәрмәрді тегін берді.

1999 жылы біз Нью-Йорктің еврей қауымдастығына Любавич реббесінің қасиетті жазбаларын сыйға тарттық.

Жуырда Еуразия материгіндегі бірқатар елдердің иудаистік қауымдастықтарының раввиндерімен кездесуім болды. Мен олардың Қазақстанда ислам мен иудаизм лидерлерінің халықаралық кездесуін өткізу жөніндегі идеяларына қолдау білдірдім.

Біздің елімізге 2001 жылғы қыркүйекте Рим Папасы Иоанн Павел II сапары Қазақстанның діндер арасындағы тұрақтылықты сақтауға қосқан үлесін тануының көрінісі болды, Рим Папасы бейбітшілік пен рухани келісімді сақтап отырғаны үшін қазақстандықтарға шынайы алғыс сезімін білдірді.

Нақ Қазақстанда осыдан 10 жыл бұрын көптеген конфессиялардың өкілдерін, ғалымдарды, мәдениет қайраткерлерін жинаған I Дүниежүзілік рухани келісім конгресі өткізілді.

Тұтастай алғанда, біздің қоғамның мысалы дінаралық жанжалдарға қазір де, болашақта да жол бермеуге болатынын көрсетеді.

Ол үшін қоғамда конфессияаралық үнқатысуды жалғастырып, рухани келісім қазақстандықтардың күнделікті өмірінің ажырағысыз сипатына айналуына қол жеткізу керек.

Оның үстіне қазақстандық көптеген конфессиялардың жетекшілері Ассамблея мүшелері болып табылады.

Бұл Қазақстан халықтары Ассамблеясының таяу болашақтағы басты міндеттерінің бірі.

Сіздер – өз этностық топтарыңыздың рухани көшбасыларысыздар. Көп мәселе сіздердің пікірлеріңізге байланысты.

Осынау жылдардың бәрінде біз Қазақстан бейбітшілік пен халықтар келісімі еліне айналуы үшін бірлесе жұмыс істедік.

Қазақстанды рухани келісім еліне айналдыру, осынау күрделі кезеңде де, болашақта да бірлік біздің ісімізде ғана емес, сонымен бірге біздің жүрегімізде және жанымызда болуына қол жеткізу біздің ортақ күш-қуатымыз арқылы мүмкін екеніне сенімдімін.

Бұл қоғамдағы ұлттық келісімнің басты міндеттерінің бірі.

Қазақстан өз тәжірибесін негізге ала отырып, Еуразия субконтинентіндегі барлық конфессияларға «Конфессияаралық бітім мен келісімнің

Еуразиялық хартиясын» қабылдауды ұсынады. Біздің еліміз барлық діни қайраткерлердің кездесу орыны болуға әзір.

## II. Елдің қауіпсіздігі – оның азаматтарының қауіпсіздігі

Осы заманғы дүниенің күрделілігі мен болжап болмастығы бізді өне бойы жағдайды ой елегінен өткізіп отыруға, мемлекеттің басты міндетін шешуге – ел мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген жаңа көзқарастарды үнемі іздестіруге мәжбүр етеді.

Осыған байланысты Ассамблея мүшелерімен бүгінде Қазақстан үшін қандай сынақтар мен қатерлер барынша қауіп төндіретіні туралы өз ойларыммен бөліссем деп едім.

Біріншіден, бүкіл әлем бүгінде «террористік интернационалы» жариялаған соғыс жағдайында болып отыр.

Лаңкесшілдік пен экстремизм адам өміріне қол сұғушылықты мойындамайтыны секілді, шекараны да мойындамайды.

Өткен жылдың 11 қыркүйегіндегі АҚШ-тағы қайғылы оқиғалар, Таяу Шығыстағы, Бали аралындағы терроризм әрекеттер, Мәскеуде кісілерді кепілдікке қамап ұстау – ешқашан кінәсі жоқ адамдар олардың ұлтына, этностық және діни қатыстылығына қарамастан, терроризм құрбаны болатынын көрсетіп берді.

Лаңкестерде иман жоқ, өйткені бірде-бір дін адамдарды өлтіруді ақтамайды.

Олар тек қылмыстық мақсаттарды көздейді, соларға қол жеткізу үшін олар кез келген идеология мен кез келген құралды пайдаланатын болады.

Осындай жағдайда «олай істей қоймас» деп, болмашыға үміт арту, біздің еліміз лаңкестердің нысанасы бола қоймас деп ойлау – мұның бәрі әсіре қамсыздық.

Екіншіден, осы заманғы дүние жағдайында кез келген мемлекет шекарасынан өтіп кету мүмкіндігі айқын. Шекара қаншалықты мұқият күзетілмесін, онда қандайлық тосқауылдар тұрғызылмасын, трансұлттық қылмыс, есірткі трафигі және нашақорлықтың өсуі, жасырын көші-қон секілді қатерлер үшін қоғам айтарлықтай әлсіз боп қалып отыр.

Халықаралық сарапшылардың мәліметтері бойынша, биылғы жылы Ауғанстанда апиынның рекордты өнімі жиналған. Бұл ретте халықаралық қоғамдастық әзірге есірткі таралымының жолына тиімді тосқауыл құра қойған жоқ.

Бұл дегеніңіз солтүстік бағыттағы есірткі трафигінің ағыны нашақорлық мерезін оның жолының бойына, соның ішінде Қазақстанға да, тарата отырып, өсетін болады деген сөз.

Алаңдатарлықтай проблема жасырын көші-қон ауқымының артуымен байланысты туып

отыр. Ол тек әлеуметтік сипатта болып отырған жоқ, сонымен бірге сол жаңағы лаңкестердің адамдарды заңсыз алып өту арналарын пайдаланумен байланысты болып отыр.

Үшіншіден, Орталық Азияға таяу аймақтардағы ахуал күрделі күйінде қалып келеді. Бірқатар мемлекеттердегі тұрақсыздық біздің қауіпсіздігімізге елеулі қатер төндіреді. Ауғанстандағы саяси ахуал тіпті де оңай болып отырған жоқ. Терроризмге қарсы операция халықаралық террористердің инфрақұрылымына жойқын соққы жасады, бірақ олардың барлық күштерін жоя алған жоқ.

Ирак төңірегіндегі ахуал бізді алаңдатып отыр.

Үндістан мен Пәкстанның Кашмирдегі тұрақты шиеленіс жағдайындағы қарама-қайшылығы бүкіл Азия құрлығы үшін айтып болмайтындай салдарға соқтыруы мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстан халықтары Ассамблеясы мүшелерінің міндеті – уақыт жүрісін сезініп, осынау қатерлер мен сынақтар туралы қоғамды үнемі ескертіп отыру. Террористер мен экстремистердің, есірткі пайдакүнемдерінің, трансұлттық қылмыстық синдикаттардың, жасырын көші-қон жандайшаптарының әрекеттері мемлекет институтына ғана қарсы бағытталмаған.

Олар, ең әуелі, азаматтардың жеке қауіпсіздігін бұзуға бағытталған, олардың денсаулығына, жеке меншігіне, балаларының өсіп-жетілуіне қатер төндіреді.

Мұны бүгінде әр адамның ой санасына дейін жеткізе білу маңызды. Қауіптің қайдан төнетінін білу – бұл, демек, ешкімге өзіңді қиын жағдайда қалдыруға мүмкіндік бермеу.

Сонымен бірге біз ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа жолдары мен амалдарын қажымай-талмай іздестіруге тиіспіз.

Және бұл жұмысқа қоғамның, соның ішінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының, оның барша буындарының да бүкіл интеллектуалдық күштері тартылатын болуы керек.

Бүгінде біз қауіпсіздік ұғымымен нені біл-діреміз?

Ең әуелі, қауіпсіздік – бұл көріне бастаған сыртқы қатерлер, айналамыздағы тұрақсыз-дықтың артуы оябында Қазақстанда ұлттық келісім мен ішкі тұрақтылықты сақтау.

Бүгінде жаңа қатерлер мен сынақтар алдында «ядролық қолшатырлар» әлсіз, қалыптасып келе жатқан қауіпсіздіктің жаһандық және аймақтық жүйелері тым шартты екенін түсіну маңызды.

Ел тәуелсіздігі оның институттарын, азаматта-рын тұрақты қорғауды көздейді. Мемлекет пен қоғамның бүкіл күш-жігері осыған бағытталатын болуы керек.

Ел қауіпсіздігінің мәні – азаматтарды экстре-мизм мен терроризмтен қорғау. Ешкімге және ешқандай да желеумен біздің ортақ үйіміздегі

бейбіт тірлікті бұзуға, қазақстандықтардың өмірі мен өсіп-өркендеуіне қатер төндіруге жол бермеуге тиіспіз.

Осыған орай Қазақстан әлем мемлекеттерінің лаңкесшілдікке қарсы коалициясына белсенді қатысушы болып қалады.

Мемлекеттік органдар елдің ішінде терроризм мен экстремизмнен қорғаудың сенімді жүйесін жасау үшін қажетті барлық шараларды қолданатын болады.

Бұл істе мемлекет бүкіл қоғамнан қажетті қолдау табатынына мен сенімдімін.

Қауіпсіздік – бизнесті, әсіресе шағын және орташа кәсіпкерлікті оның құқығына, меншігіне кез келген заңсыз қол сұғушылықтан қорғау.

Қоғамда кәсіпкерлік бастауларды нығайту және дамыту жөніндегі жұмысты біз нақ осы тұрғыдан түзуге тиіспіз. Үкіметтің қызметі осыған бағытталатын болуы керек.

Ел қауіпсіздігі – бұл Қазақстанның әрбір азаматының конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін толық іске асыруы.

Алайда сонымен бірге бізге күрделі дилемманы шешуге – азаматтар қауіпсіздігі мен олардың өз құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруы арақатынасының қажетті тепе-теңдігін табуға тура келеді.

1 адамның еркіндігі келесі адамның еркіндігіне нұқсан келтірмеуі керек. Еркіндікті шектеуге тек ел заңдарымен ғана жол берілуі тиіс.

Заңға құлықтылық, заңға бағыну елдегі саяси тұрақтылықтың басты шарты болып табылады.

Мен тағы да 1 рет сіздердің барлығыңызға және біздің еліміздің барлық азаматтарына былай дегім келеді: заңға құлықтылық, Парламент бүкіл Қазақстан халқының атынан қабылдайтын заңдарын құрметтеу елдегі тұрақтылықтың басты шарты болып табылады.

Ал тұрақсыздық барша қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі мен қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Мұны әркім есте ұстауы керек.

Кез келген нақты оқиғада, кез келген ахуалда не маңызды – мәселен, адамның өмір сүру құқығы ма, әлде оның қару-жарақ сатып алу құқығы ма – соны шеше отырып, «алтын аралықты» ұстанған жөн.

Бұл шешім оңай бола алмайды, бірақ таңдау жасамаушылық – көлгірсуді және, сонымен қатар, қоғамның және әрбір жеке адамның қауіпсіздігіне қатер төндіруді танытады.

Халық билікті, қажет болса, елде қабылданған заңдарын орындауға мәжбүрлеу жолымен де азаматтарды осынау қатерлерден қорғау үшін сайлайды. Бұл ретте көңілі толмайтындар әрдайым кездеседі. Бірақ елдің және қоғамның мүддесі бәрінен де жоғары тұруы керек.

Ел қауіпсіздігі – Қазақстанда тұратын әрбір этностың да қауіпсіздігі.

Біз демократияны нығайту, азаматтық қоғамымызды дамыту жолымен одан әрі алға жүруге тиіс екенімізді түсінеміз.

Осынау қиын жұмысты жеңілдету үшін мен бүгін мынадай шешімдер қабылдадым.

Демократияны тереңдетудің стратегиялық бағытына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды істеуге тиіс:

Бірінші. 1 айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Одан әрі демократияландыру және азаматтық қоғамды дамыту тұрақты қызмет атқаратын кеңесің құратын болсын, оның құрамына Парламент депутаттарын, Үкімет мүшелерін, Президент Әкімшілігінің және басқа мемлекеттік органдардың өкілдерін, кез келген саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен өкілдерін кіргізсін.

Екінші. Осы кеңес қызметінің кең жариялылығын қамтамасыз етсін. Кеңесті ұйымдық және техникалық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, кеңес жұмысы туралы мемлекет басшысына жүйелі түрде ақпарат беріп тұрсын.

Мен бұл дұрыс болады деп ойлаймын. Бұл іске тек саясатшылар ғана емес, біздің халықтың барлық жіктері қатысатын болсын. Қоғамды, экономиканы бұдан әрі қалай дамытатынымызды біз бірлесіп шешуге тиіспіз.

Бұл тыныштыққа және өзара түсіністікке қол жеткізу үшін арнайы жасалып отыр. Осы заманғы буырқанған беймаза дүниеде саяси тұрақтылық біздің бәрімізге қажет. Халық пен қоғам үшін жаны ауыратындардың бәрі 1 үстелдің басына

отырсын, әрқилы пікірлерді тыңдап, пәтуаға келетін болсын.

Бұл қадам кімнің қоғам өмірін шын мәнінде жақсартқысы келетінін, ал кімнің жай айқайға салып, жақсыаттанушылық әрекетке басатынын көрсетіп береді.

Қазақстандықтардың қазіргі толқыны біздің еліміздің әрбір этносының және бүкіл Қазақстан халқының төлтума мәдениетін, тілі мен дәстүрлерін сақтау үшін ұрпақтар алдында жауапты.

Ұлтаралық іріткі салу мен халықтарды жіктеу әрекеттеріне біз еліміздің өсіп-өркендеуі мен болашағы жолындағы бірлігімізді сақтауға деген ортақ ұмтылысымызды қарсы қоюға тиіспіз.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының тағы 1 стратегиялық міндетінің мәні осында.

Ал, тұтастай алғанда, ел қауіпсіздігі – оның азаматтарының қауіпсіздігі.

Бұл көзқарас Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет пен қоғам қызметінің негізі етіп алынуы тиіс.

Шынында да, біз қауіпсіздік, тыныштық халқымыздың әл-ауқаты жақсаруының, ел экономикасы артуының аса маңызды факторларының бірі болып табылатынын түсінуге тиіспіз.

Біз 2000–2002 жылдарғы ІЖӨ-нің жалпы өсімі 45 % құрайды деп отырмыз. Экономикалық дамудың осындай қарқыны туралы айта алатындар әлемде кемде-кем.

Соңғы жылдары біздің азаматтардың табыстары өсіп келеді. Келесі жылы біз зейнетақыны ұлғайтамыз, КСРО Жинақ банкі кезіндегі салымдарды қайтара бастаймыз.

Мемлекеттің әлеуметтік салаға, денсаулық сақтау мен білім беруге жұмсайтын шығындары 30–40 %-ға өседі.

Тұтастай алғанда, біздің еліміз үстіміздегі жылды жақсы экономикалық көрсеткіштермен аяқтайды.

Осыны негізге ала отырып, мен Үкіметке зейнетақының ең төменгі көлемі мен жалақының ең төменгі мөлшері 5 мың теңгеге дейін жететіндей, жаңадан туған әр сәбиге 15 есептік көрсеткіш көлемінде, ал бұл 13 мың теңгеден астам, 1 мерзімдік жәрдемақы төлейтіндей етіп, қосымша мүмкіндіктер табуға және жаңа бюджетті соған сай түзетуге тапсырма бердім. Парламент депутаттары мұндай ұсынысты қолдайтынына сенімдімін.

Келесі 3 жылды ауылға қолдау көрсету жылдары деп жариялау да біздің халқымыздың табысы тым төмен бөлігіне мемлекет қамқорлығының нақты көрінісі болып табылады.

## III. Ұлтаралық қатынастарды Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып құру керек

Қазіргі кезеңде адамзат тап болған жаһандық сынақтардың бірі ұлтаралық қақтығыстар қатері болып тұр.

Бүкіл дүние жүзі бойынша біз діни негіздегі өткір қарама-қайшылықтарды тереңдете түскен этносаралық шиеленістің өршуін көріп отырмыз.

Біріншіден, XX ғасырдың қанқұйлы ұлтаралық қақтығыстарының бірде-бірі өзінің түпкілікті шешімін тапқан жоқ және мұны мойындау керек.

Таяу Шығыс және Индонезия, Балқан және Орталық Африка, Кавказ аумақтары және басқалары – осының бәрі зор қопарылыс әлеуеті бар шоқтанып жатқан ошақтар.

Екіншіден, қазіргі таңда ғаламшарда ұлтаралық саладағы проблемалармен бетпе-бет келмеген елді табу қиын.

Жаһандық еңбек ресурстары рыногының қалыптасуы әлемнің түрлі аймақтарының экономикалық дамуындағы орасан айырмашылықтар жағдайында адамдар көші-қон ағынын күшейте түсті. Бейнелеп айтқанда, дүние «халықтардың ұлы қоныс аударуының» жаңа кезеңіне қадам басты.

Осыған орай бүгінде тіпті 1 ұлттан тұратын мемлекеттердің алдында өз қоғамына басқа ұлттың еңбек мигранттарының кірігу проблемасына байланысты көптеген мәселелер қойылып отыр.

Мұның өзі ксенофобияның өсуіне әсер етіп, жергілікті халық пен басқа елдерден шыққандар арасындағы өзара қатынастарды шиеленістіреді.

Осылайша, ұлттық мәселені шешпейінше, қоғамды тепе-теңдік және тұрақтылық жағдайында ұстау қиын екен, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін еместігі айқындала түсті.

Сонымен бірге бұл істің дайын және қолайлы формулалары жоқ.

Біздің таяудағы тарихымыздан бұрынғы Кеңес Одағында ұлттық мәселенің шешілгені туралы салтанатты түрде қалай рапорт берілгенін еске түсіруге болады.

Ұлттардың өзін-өзі билеуінің марксистік айқындамасы іс жүзінде «халық болмаса – проблема да болмайды» дейтін қатаң сталиндік тұжырыммен бейнеленіп шыға келді.

Содан күзет қойылып, аузы-мұрнынан шыға толтырылған мыңдаған вагондар бүкіл ұлан-байтақ еліміз бойынша – Карпаттан, Қырым мен Кавказдан Тянь-Шанға дейін, Владивостоктан Сарыарқа мен Оралға дейін әрлі-берлі ағылумен болды.

Несін айтамыз, өзінің ауқымы жағынан сұмдық депортациялар ондаған халықтың тарихи және мәдени тамырларын үзді.

Олардың көпшілігі құрып кетудің шегіне жетіп, өзінің төлтумалығын жоғалтты.

«Кеңес халқын» құру стратегиясы алдымен Алматыдағы оқиғалармен, ал одан кейін Сумгаит пен Таулы Қарабақтағы, басқа қалалар мен республикалардағы қанды қақтығыстармен аяқталды.

Содан кейін-ақ қуатты көп ұлтты ел қағаз үйшік секілді шашылып қалды.

«Нәсілдік тазалық теориясы» және герман фашизмнің, мәселен, еврей мәселесін «түпкілікті шешуі» Холокосттың сұмдықтарына, миллиондаған «арий емес-терді» қырып-жоюға және сол «арий империясының» өзінің заңды әскери-саяси күйреуіне әкеп соқтырды.

Жетекші державалардың отаршылдық саясатының шеңберінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында ұлт мәселесін шешу әрекеті іс жүзінде өз тәуелсіздігін қиын күресте жеңіп алған көптеген елдердің экономикалық мешеулігіне жеткізді.

Алайда сол кезде қойылған әрекеті баяу мина енді жарылып, бұрынғы бірқатар отар елдерде ұлтшылдықтың дүмпуімен, жаппай этникалық тазалаумен, айуандық адам қырумен XXI ғасырды сілкінтіп жатыр.

Ұлт мәселесін шешудің 1 елдегі титулдық халықтың сонда тұратын шағын этностық топтарды біртіндеп жұтып қоюына негізделген түрі де бар.

Бірақ мұндай тәжірибе тіпті шағын деген халықтардың барған сайын күшейе түскен қарсылығына ұшырап, ондай әрекеттің болашағы жоқ және қауіпті екендігін дәлелдеп берді.

Тіпті демократиялық құқықтар мен еркіндіктерді жақтайтын либералдық Еуропада этностық

экстремизм мен терроризмнің өсуі жекелеген этностық топтарға жіті назар аударуды талап ететін ұлтшыл партиялар бағытының күшеюіне соқтырды. Онда шетелдіктердің ағылуын шектейтін қатаң көші-қон заңдары қабылдануда.

Бұл жайттардың бәрі нені білдіреді?

Ең алдымен, ұлтаралық қатынастарды құраудың мүлдем даусыз, барлық елдер үшін қолайлы тәжірибесі жоқ екенін көрсетеді.

Демек, бүгінде ешкім де басқа елдерге ұлттық саясаттың өз үлгісін таңа алмайды.

Әр елде оның этностық және тарихи-мәдени бірегейлігі тұрғысынан ұлтаралық мәселелерді шешуге деген өз көзқарасы болуы керек.

Тәуелсіздігінің 10 жылында Қазақстан дүние жүзіне ұлтаралық келісімге қол жеткізудің ықпалды өз стратегиясы бар екенін көрсетіп берді.

Біз «көпқырлылықтың бірлігі» принципін басшылыққа алдық. Біздің іс-әрекетіміз Қазақстан халықтарының мәдениетін жай ғана қайта түлетуге емес, еліміздің барлық этностық және конфессиялық топтарының арасында қажымай-талмай үнқатысу жүргізуге, ізгі қатынастар түзуге бағытталды.

Және бізге, тұтастай алғанда, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, оны уақыттың күрделі сынақтары арқылы алып өтудің сәті түсті.

Қазақстандағы азаматтық бітім мен келісім – мемлекеттің де, қоғамның да тиянақты жұмысы-

ның нәтижесі. Мұндағы Ассамблеяның үлесі де орасан.

Сондықтан да азаматтық бітімді сақтау – бұл Қазақстан халықтары Ассамблеясының, барлық мемлекеттік органдардың, партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір жеке қазақстандықтың стратегиялық міндеті.

Ақиқат мынада, «ұлттардың өшуі» туралы топшылаулар, сайып келгенде, теоретиктердің қиялы күйінде ғана қалатын болар. Демек, белгілі 1 этносаралық қарама-қайшылықтар таяудағы ғана емес, сонымен бірге одан әлдеқайда алыстағы болашақта да болады.

Олар қазіргі Қазақстанда да бар.

Бүркемеленген шиеленіс бізде де төбе көрсетіп қалады. Біз бұған парасаттылықпен және объективті түрде қарауға тиіспіз, туындайтын барлық мәселелерді шешіп, оқиғаның алдын алуымыз керек.

Сонымен бірге туындаған мәселелерді барлық деңгейде дер кезінде және сындарлылықпен шешу керек.

Осынау күрделі кезеңде бізге қоғамда ұлтаралық және конфессияаралық тартыстарға жол бермеу, Қазақстанның барлық халықтарының дәстүрлері мен мәдениеттерін сақтау, олардың дамуына жаңа мүмкіндіктер туғызу қолдан келетініне өз басым сенімдімін.

Азаматтық бітім мен ұлттық келісімге деген біздің ортақ құлықтылығымыздың, Қазақстанның болашағы үшін ортақ жауапкершілігіміздің негізінде ғана біз қауіпсіздігімізге төнетін кез келген қатер мен сынақтарға қарсы тұра аламыз.

Бүгінде бізден – Қазақстан халықтары Ассамблеясының әрбір мүшесінен осынау зор жауапкершілікті түйсіну, бастамашылдық, азаматтық және ең басты байлығымыз – адамдар арасындағы достық пен сенімді сақтайық деген осынау ізгі ойды, осынау өткір қажеттілікті еліміздің әрбір азаматына жеткізу жөніндегі нақты іс-әрекет талап етіледі.

Сіздерге және отбасыларыңызға бақыт пен табыс тілеймін!

## Қабылданған қысқартулар

# ТІЗБЕСІ

**АКСР** ..... Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика

**АӨСШК** ..... Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі

**АСЕАН**..... Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы

**ӘӨК** ..... әскери-өнеркәсіптік кешен

**БАҚ** ..... бұқаралық ақпарат құралдары

**БМСБ (ОГПУ)**... КСРО Халық комиссарлары жанындағы біріккен мемлекеттік саяси басқарма

**БҰҰ** ..... Біріккен Ұлттар Ұйымы

**ҒЗТКЖ** ..... ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар

**ДСҰ**..... Дүниежүзілік сауда ұйымы

**ЕАО**..... Еуразиялық Одақ

**ЕҚДБ** ..... Еуропа қайта құру және даму банкі

**ЕҚЫҰ** ..... Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

**ЕО**..... Еуропалық Одақ

**ЕурАзЭҚ** ..... Еуразиялық экономикалық қауымдастық

**ЖОО** ..... жоғары оқу орны

**ККК** ..... Каспий құбыр тарту консорциумы

**КСРО**..... Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

**НАТО** ..... Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы

**ОАО** ..... Орталықазиялық Одақ

**ОАЭҚ** ..... Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы

**ОК** ..... Орталық Комитет

**ОКИОК** ..... Оффшор Қазақстан Инжиринг Оперейтинг Компани

**ОПЕК** ..... Мұнайды экспортшы елдер ұйымы

**РК(б)П** ..... Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы

**РМК** ..... республикалық мемлекеттік кәсіпорын

**СПИД** ..... өзі жұқтырған иммун зәрулігі синдромы

**СШҚ** ..... стратегиялық шабуыл қарулары

**ТМД** ..... Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

**ТРАСЕКА** ..... Еуроазиаттық көлік дәлізі

**ҰҚШ** ..... Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты

**ҮЕҰ** ..... үкіметтік емес ұйым

**ХВҚ** ..... Халықаралық валюта қоры

**ШЫҰ** ..... Шанхай ынтымақтастық ұйымы

**ІЖӨ** ..... Ішкі жалпы өнім

**ЮНЕСКО** ..... БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы

**ЮНИСЕФ** ..... БҰҰ Балалар қоры

## Географиялық атаулар

# КӨРСЕТКІШІ

Австралия ..... 308
Адаққент ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Азия-Тынық мұхит өңірі ..... 78
Азия құрлығы ..... 19, 23, 125, 308, 312, 510, 555, 557, 558, 626
Айша бибі мазары (Жамбыл обл.) ..... 585
Ақ Орда (1309–1446 жж.) ..... 127, 172, 174
Ақтау қаласы, теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.) ..... 316
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.) ..... 83, 87
Ақтөбелік Орал өңірі (Ақтөбе обл.) ..... 83
Алматы қаласы ..... 22, 48, 99, 124, 128, 136, 145, 189, 195, 233, 307, 341, 387, 399, 443, 510, 554, 559, 634
Алтай Республикасы (Ресей) ..... 366
Алтықөл мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Алтын Орда (1242–1481 жж.) ..... 127, 171-172
Америка Құрама Штаттары (АҚШ) ..... 133, 143, 618
Америка құрлығы ..... 69, 133, 410, 425, 432, 433, 599
Анатолия өңірі (Түркия) ..... 171
Арктика ..... 170
Аспара ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Астана қаласы ..... 21, 76-80, 189, 195, 254, 262, 346, 365, 376, 381, 464, 568, 591-592
Астрахан облысы (Ресей) ..... 599
Атлант мұхиты ..... 170

Атлах ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 576
Атырау қаласы (Атырау обл.) ..... 87, 366, 581
Атырау облысы ..... 86
Ауғанстан ..... 19, 20, 21, 141, 164, 206, 207, 308, 313, 321, 403, 404, 519, 556, 557, 564, 604, 625, 626
Африка құрлығы ..... 599
Ашғабад қаласы (Түрікменстан астанасы) ..... 509

Әбілқайыр хандығы (1428–1598 жж.) ..... 82, 172
Әзірбайжан ..... 308, 513
Әулие-ата қаласы ..... 580
*(1938 жылдан – Жамбыл қ., 1997 жылдан – Тараз қ., Жамбыл обл.)*

Бабаджа хатун мазары (Жамбыл обл.) ..... 584
Баку қаласы (Әзірбайжан астанасы) ..... 316
Баласағұн ортағасырлық қаласы (Қырғызстан) ..... 576-577
Бали ..... 624
Балқан түбегі ..... 72, 171, 286, 633
Балтық маңы ..... 68, 199
Балтық теңізі ..... 68, 171
Барсхан ортағасырлық қаласы (Қырғызстан) ..... 577
Батыс Еуропа өңірі ..... 107, 323, 549
Батыс Қазақстан өңірі ..... 87, 316, 366
Батыс Қазақстан облысы ..... 87
Батыс Мұғаджар алқабы (Ақтөбе обл.) ..... 83
Баутино теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.) ..... 87
Баян-Өлгий аймағы (Монғолия) ..... 602
Беларусь ..... 323
Босфор бұғазы ..... 316
Британия империясы ..... 206
Бурабай курорттық аймағы (Ақмола обл.) ..... 251

Бурабай қаласы (Ақмола обл.) ..... 366
Бұхара ортағасырлық қаласы (Өзбекстан) ..... 173
Бішкек қаласы (Қырғызстан астанасы) ..... 208, 321

Ватикан ..... 386-387
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы) ..... 71
Венгрия ..... 68, 466
Византия империясы (395–1453 жж.) ..... 126, 170, 576
Владивосток қаласы (Ресей) ..... 634
Вьетнам ..... 308, 558

Герат ортағасырлық қаласы (Ауғанстан) ..... 169
Германия (ГФР) ..... 184, 280, 334, 379, 382, 425, 603, 608

Дарданелл бұғазы ..... 316
Дех Нуджикент ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Дешті Қыпшақ ..... 172
Джейхан қаласы (Түркия) ..... 316
Достық үйі (Алматы қ.) ..... 48

ЕАО ..... 381
*(Еуразиялық Одақ)*
Египет ..... 308, 382
Еділ өзені ..... 174
Ембі өзені ..... 82
ЕО (Еуропалық Одақ) ..... 107, 431, 432
Ертіс өзені ..... 188
Есіл өзені ..... 568
Еуразия материгі ..... 7, 16, 17, 88, 121, 126, 141, 144, 171, 178, 217, 220, 311, 509, 510, 219, 521, 525, 622
Еуропа құрлығы ..... 16, 18, 19, 41, 107, 108, 116, 120, 123, 127, 138, 142, 143, 144, 150, 164, 224, 298, 316, 382, 514, 554, 562, 564, 599, 604, 607, 635

Жапония ..... 308, 425, 467, 559, 607
Жем өзені ..... 82
Жент ортағасырлық қаласы (Қызылорда обл.) ..... 169
Жер планетасы ..... 258, 536
Жиқыл ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577

Израиль ..... 308, 608
Индонезия ..... 308, 559, 633
Иран ..... 308, 316, 513, 519, 604
Испиджаб ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл) ..... 169

Йоханнесбург қаласы (ОАР) ..... 561

Кавказ өңірі ..... 137, 139, 142, 143, 315, 633, 634
Карпат тау сілемі (Орталық Еуропа) ..... 634
Каспий қайраңы ..... 84, 86, 480
Каспий теңізі ..... 81, 87, 89, 142, 194, 258, 315, 316, 368, 509-517
Катар ..... 382
Кашмир өңірі ..... 582, 626
Корея (Оңтүстік Корея) ..... 89, 308
Косово ..... 72
Көк Орда (1227–1280 жж.) ..... 127
Көксарай су қоймасы (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 365
Көкшетау қаласы (Ақмола обл.) ..... 346, 567, 580
КСРО ..... 34, 107, 165, 332, 333, 398, 443, 444, 445, 454, 563, 588
*(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.)*
Күлтөбе төбесі (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 175

Қағба (Сауд Арабиясы, Мекке қ.) ..... 622
Қазақ хандығы (1465–1847 жж.) ..... 127, 172, 173, 174, 175, 452, 583

Қамысты мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Қараарна мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Қарамандыбас мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Қаратау тау сілемі (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 168
Қара теңіз ..... 315, 322
Қарахан мазары (Жамбыл обл.) ..... 576
Қарашығанақ мұнай-газ кен орны (Батыс Қазақстан обл.) ..... 88
Қарашұңғылсы алқабы (Атырау обл.) ..... 83
Қашғар қаласы (Қытай) ..... 174
Қиыр Шығыс өңірі (Ресей) ..... 320, 322
Қоқан хандығы (1709–1876 жж.) ..... 577
Құлан ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Құмкөл мұнай-газ кен орны (Қызылорда обл.) ..... 84
Қызылоктябрь кеніші (Қостанай обл.) ..... 345, 365
Қызылорда қаласы (Қызылорда обл.) ..... 87, 366
Қырғызстан ..... 24, 97, 100, 104, 164, 274, 275, 308, 314, 456, 599, 602
Қырым түбегі ..... 634
Қытай (ҚХР) ..... 68, 74, 85, 89, 98, 126, 127, 132, 143, 314, 316, 323, 336, 552, 558, 575, 590, 598, 601, 602, 604, 610

Ливан ..... 308

Майндағы Франкфурт қаласы (Германия) ..... 104
Малайзия ..... 308, 559
Медина қаласы (Сауд Арабиясы) ..... 621
Мекке қаласы (Сауд Арабиясы) ..... 621
Мерв ортағасырлық қаласы (Түрікменстан) ..... 169
Мерке ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Минск қаласы (Беларусь астанасы) ..... 276
Моғолстан (1346–1706 жж.) ..... 172
Монғолия ..... 308, 598, 602, 604

Невада штаты (АҚШ) ..... 335
Новороссийск қаласы (Ресей) ..... 88
Ноғай Ордасы (1440–1634 жж.) ..... 172
Норвегия ..... 297
Нью-Йорк қаласы (АҚШ) ..... 19, 21, 161, 215, 306, 622

ОАО ..... 101
*(Орталықазиялық Одақ)*
Оғыз мемлекеті (756–1055 жж.) ..... 170
Омбы облысы (Ресей) ..... 599
Оңтүстік Азия өңірі ..... 171
Оңтүстік Африка Республикасы (ЮАР) ..... 561
Оңтүстік Маңғыстау өңірі (Маңғыстау обл.) ..... 83
Орал қаласы (Батыс Қазақстан обл.) ..... 87, 365, 366
Орал өзені ..... 83
Орал өңірі (Ресей) ..... 634
Ордабасы төбесі (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 100
Орта Азия өңірі ..... 174, 387, 433, 479, 565, 591
Орталық Азия өңірі ..... 17, 18, 60, 62, 73, 76, 92-97, 100-101, 104-105, 108-114, 121-122, 133, 137-145, 164, 169, 171, 205-209, 218, 275, 315, 316, 322, 368, 380, 409, 433, 468, 515, 549, 557, 564, 565, 626
Орталық Африка өңірі ..... 633
Орталық Еуропа өңірі ..... 367
Осло қаласы (Норвегия астанасы) ..... 297
Осман империясы (1299–1923 жж.) ..... 171
Отырар ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.) .... 169, 173

Өзбекстан ..... 24, 92, 100, 101, 104, 110, 164, 275, 308, 314, 456, 598, 599, 602, 603, 604

Палестина ..... 308
Парсы шығанағы ..... 103, 316, 514
Пәкстан ..... 300, 301, 308, 328, 556, 626

Петропавл қаласы (Солтүстік Қазақстан обл.) ..... 189
Польша ..... 68, 323, 467

Ресей ..... 51, 72, 74, 88, 98, 128, 132, 142, 143, 164, 176, 219, 266, 302, 320, 336, 367, 405, 411, 457, 475, 479, 501, 513, 515, 553, 555, 558, 570, 577, 591, 599, 603, 604
Ресей империясы (1721–1917 жж.) ..... 128
Рио-де-Жанейро қаласы (Бразилия) ..... 561
Румыния ..... 68

Сайрам ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 173
Самара қаласы (Ресей) ..... 88
Самарқанд ортағасырлық қаласы (Өзбекстан) ..... 169
Сарыарқа өңірі (Қазақстан) ..... 634
Сауд Арабиясы ..... 382, 622
Сейхун (Сырдария) өзені ..... 173
Семей қаласы (Шығыс Қазақстан обл.) ..... 188
Солтүстік Еуразия өңірі ..... 126, 521
Спасск кенті (Қарағанды обл.) ..... 273
Сумгаит қаласы (Әзірбайжан) ..... 634
Сығанақ ортағасырлық қаласы (Қызылорда обл.) ..... 169
Сырдария өзені ..... 170, 173, 366

Таиланд ..... 308, 559
Талдықорған қаласы (Алматы обл.) ..... 346
Таңатар мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Тараз қаласы (Жамбыл обл.) ..... 24, 169, 574, 575, 576, 578, 580, 584
Тасболат мұнай-газ кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Таулы Қарабақ өңірі ..... 63
Ташкент қаласы (Өзбекстан астанасы) ..... 582
Таяу Шығыс өңірі ..... 96, 171, 556, 624, 633
Тәжікстан ..... 24, 92, 97, 101, 110, 164, 275, 308, 314, 320

Тегеран қаласы (Иран астанасы) ..... 165
Теңге мұнай кен орны (Маңғыстау обл.) ..... 84
Теңіз мұнай кен орны (Атырау обл.) ..... 86
Темірлан әулетінің мемлекеті (1370–1512 жж.) ..... 171
ТМД ..... 15, 33, 52, 186, 187, 223, 227, 228, 231, 266, 275, 280, 353, 367, 398, 444-447, 450, 486
*(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)*
Төменгі Барсхан ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Түркия ..... 119, 308, 598, 603
Түркістан АКСР (1918–1924 жж.) ..... 171
Түркістан қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 24, 95, 167-172, 174, 175, 181, 583
Тұран ..... 172
Тынық мұхит ..... 103, 144, 170
Тянь-Шань тау сілемі (Орталық Азия) ..... 634

Украина ..... 308, 501

Ұлыбритания ..... 96, 280, 302, 336, 426

Үндістан ..... 300, 301, 308, 328, 556, 559, 626
Үстірт қырқасы ..... 83

Финляндия ..... 426
Франция ..... 96, 302, 336

Хамукент ортағасырлық қаласы (Жамбыл обл.) ..... 577
Хиросима қаласы (Жапония) ..... 332
Хорезм мемлекеті (1512–1920 жж.) ..... 577
Христос Құтқарушы храмы (Ресей, Мәскеу қ.) ..... 622

Чехия ..... 68

Шағатай ұлысы (1224–1242 жж.) ..... 172

Шамалған ауылы (Алматы обл., Қаскелең ауд.) ..... 10
*(1998 жылдан – Алматы обл., Карасай ауд., 2010 жылдан – Үшқоңыр ауылы)*

Шанхай қаласы (Қытай) ..... 104, 319, 320-325, 340, 369, 549

Швеция ..... 603

Шешенстан Республикасы (Ресей) ..... 275

Шолпан-Ата қаласы (Қырғызстан) ..... 101

Шығыс Азия өңірі ..... 199, 431, 432, 433, 559

Шығыс Еуропа өңірі ..... 199, 367, 397, 411, 467

Шығыс Қазақстан өңірі ..... 233, 366

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы (Қытай) ..... 603

Ыстамбұл қаласы (Түркия) ..... 16, 119, 120, 310

Югославия (1918–1990 жж.) ..... 72, 308

Яссауи Қ. А. кесенесі (Оңтүстік Қазақстан обл., Түркістан қ.) ..... 169

Ясы ортағасырлық қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.) ..... 170

## Есімдер

# КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.) ... 110
Абылай хан ... 128, 175, 571
Айни С. ... 110
Айша бибі ... 584
Ақаев А. А. ... 599
Ақашева Ж. З. ... 258
Аманжолов А. С. ... 258
Аннан К. ... 615
Арыстанбаб ... 173

Әбілқайыр хан ... 82, 172, 581
Әл-Фараби Ә. Н. ... 110, 169, 576
Әли имам ... 36
Әуезов М. О. ... 380, 570

Бабаджа хатун ... 584
Бақырғали С. ... 169
Баласағұн Ж. ... 576-577
Балғымбаев М. ... 83
Балғымбаев С. ... 83
Бальзак О. ... 58
Басин Ю. Б. ... 258
Батлер С. ... 579

Бәйдібек ... 582
Бейбарыс ... 581
Бекбосынов Н. ... 83
Бекмаханов Е. Б. ... 569
Бердақ ... 110
Бисмарк О. ... 32
Бияшев Қ. Б. ... 258
Бөгенбай батыр ... 581
Бөкейханов Ә. ... 571
Бөлекбаев З. ... 83
Булгаков М. А. ... 400

Вольтер ... 225
Воцалевский Э. ... 83

Герцен А. И. ... 428
Гете И. В. ... 66
Гок ... 82
Гужвин А. ... 599
Гумилев Л. Н. ... 220
Гюго В. ... 47

Деграф Г. А. ... 258
Демирел С. ... 317
Джефферсон Т. ... 147
Дзержинский Ф. Э. ... 407
Досбаева Б. ... 82
Досжанов Б. С. ... 258
Досмұхаметов Ж. ... 82
Дулати М. Х. ... 581

Еремин А. ... 83
Есенов З. ... 83
Естеми ... 576
Есім хан ... 175

Жамбыл (Жабаев Ж.) ... 572
Жандарбеков Қ. ... 581
Жантөрин Н. ... 581
Жәнібек хан ... 127
Жәңгір хан ... 175
Жолдыұлы Т. ... 602
Жұмағалиев Т. ... 83

Земарх ... 576
Зиновьев Г. Е. ... 405

Ибсен Г. ... 299
Имашев Н. ... 82
Иоанн Павел II ... 21, 388, 389, 402, 622
Иса Мәсіх (Иисус Христос) ... 622
Исфахани Р. ... 173

Кавур К. Б. ... 241
Камалов С. ... 83
Каримов И. А. ... 100, 599, 602
Кенесары хан (Қасымов К.) ... 24, 568, 571-573, 581
Кеннеди Дж. ... 73
Керей хан ... 127
Кир ... 81
Конфуций ... 169
Кочерало И. ... 83

Күлтегін ..... 452

Қабанбай батыр ..... 581
Қадыров Т. ..... 83
Қалығұл ..... 110
Қарасай батыр ..... 581
Қарахан ..... 584
Қатаған ..... 572
Қашғари М. ..... 576
Қонаев Д. А. ..... 380
Қорқыт ..... 169
Қуандықов Б. ..... 83
Құрманов С. ..... 83

Ладен У. ..... 301
Ленин В. И. ..... 406, 407
Линкольн А. ..... 224
Ломоносов М. В. ..... 442

Майор Ф. ..... 79
Македонский А. ..... 81
Марабаев Н. ..... 83
Махамбетов Х. ..... 83
Махтұмқұлы ..... 110
Монтескье Ш. Л. ..... 154
Морозов П. ..... 408
Мұбаракшах Ф. .....
Мұқанов С. М. ..... 569
Мұқими ..... 110
Мұсабаев Т. А. ..... 592
Мұхаммед (пайғамбар) ..... 409

Мырза Әли Қ. ... 575

Науаи Ә. ... 98
Нобель А. ... 82
Нұрмағамбетов С. К. ... 265
Нысанбай ... 572

Оғыз хан ... 170
Оджалан А. ... 233

Өзбекқалиев Х. ... 82
Өтебаев С. ... 82
Өтесінов Р. ... 83

Патрушева Н. М. ... 258
Переверденцев Л. ... 83
Полежаев Л. К. ... 599
Путин В. В. ... 599

Ростропович М. Л. ... 495
Рузвельт Ф. Д. ... 165

Салам А. ... 112
Саламатов М. ... 83
Салманов С. ... 83
Самжанов И. ... 83
Сәтбаев Қ. И. ... 380
Суворов А. В. ... 288
Сүйінбай ... 572
Сыздық ... 581

Тәуке хан ..... 175
Темірлан әмір (Ақсақ Темір) ..... 171, 174
Токарев В. ..... 83

Уәлиханов Ш. Ш. ..... 380, 580

Хамадани Ю. ..... 173
Хасенов Т. ..... 83
Хатами М. ..... 519

Черняев М. Г. ..... 580

Шваб К. ..... 140
Шевченко Г. ..... 83
Шекспир У. ..... 271
Шоқай М. ..... 95
Шоу Б. ..... 70
Шөже ..... 575

Яссауи Қ. А. ..... 169, 173, 174, 177, 595, 621

## Мекемелер мен ұйымдар

# КӨРСЕТКІШІ

«Аджип» («Адір КСО») ..... 85
Азия валюта қоры ..... 432
Азия даму банкі ..... 105, 322
Аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі
жалпыұлттық қор ..... 53
АҚШ Қарулы Күштері ..... 281
АҚШ Ұлттық демократиялық институты ..... 116
«Алаш» ..... 29, 128
АӨСШК ..... 7, 22, 23, 99, 124, 306-308, 313, 317, 324, 325, 369, 510, 517, 553, 554, 555, 558-560
*(Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)*
Араб мемлекеттерінің лигасы ..... 23
АСЕАН ..... 324, 432
*(Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы)*

БМСБ (ОГПУ) ..... 406
*(КСРО Халық комиссарлары кеңесінің жанындағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма)*
«Бритиш газ» («British Gas») ..... 85, 87
«Бритиш Петролеум» («British Petroleum») ..... 85
БҰҰ ..... 20, 21, 23, 72-74, 141, 162-165, 198, 282, 307, 313, 382, 389, 521, 558
*(Біріккен Ұлттар Ұйымы)*
БҰҰ Бас Ассамблеясы ..... 19, 124, 306, 341, 552

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі ... 20

Варшава шарты ұйымы ... 268

Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті ... 220

ДСҰ ... 323
*(Дүниежүзілік сауда ұйымы)*

«Егемен Қазақстан» ... 504

ЕҚДБ ... 322
*(Еуропа қайта құру және даму банкі)*

ЕҚЫҰ ... 17-19, 23, 73, 74, 119, 121-124, 141, 144, 163, 229, 239, 313, 399, 554
*(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)*

ЕҚЫҰ Ұлттық азшылық жөніндегі жоғарғы комиссариаты ... 399

ЕурАзЭҚ ... 317, 381, 433, 479, 549
*(Еуразиялық экономикалық қоғамдастық)*

Еуроатлантикалық серіктестік кеңесі ... 18-19, 74, 124

Еуропа кеңесі ... 151

«Инпекс» («INPEX») ... 85

«Интергаз Орталық Азия» ... 380

Катар Мемлекетінің Үкіметі ... 382

ҚҚК ... 88, 316
*(Каспий құбыр тарту консорциумы)*

КСРО Жинақ банкі ... 632

КСРО Қарулы Күштері ... 265

КСРО Қарулы Күштерінің Әскери әуе күштері (ӘӘК) ... 265

КСРО Қарулы Күштерінің Әуе шабуылына қарсы қорғанысы (ӘШҚ) ... 265

КСРО Қарулы Күштерінің 40-шы жалпыәскери армиясы ..... 265

Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитеті ..... 265
Қазақстан Аграрлық партиясы ..... 11
Қазақстан Азаматтық партиясы ..... 11
Қазақстан Демократиялық партиясы ..... 12
Қазақстан Коммунистік партиясы ..... 11
Қазақстан Либералдық қозғалысы ..... 12
Қазақстан Халық бірлігі партиясы ..... 12
Қазақстан халықтары Ассамблеясы ..... 31, 47, 48, 204, 213, 220, 230, 231, 232, 234, 235, 237, 239, 391, 393, 397, 399, 414, 417, 418, 613, 614, 615, 623, 627, 631, 637, 638
Қазақстан халықтары Ассамблеясының кеңесі ..... 234, 237
Қазақстан-Британия техникалық университеті (ҚБТУ) ..... 367
«Қазақстанкаспийшельф» ..... 86
«Қазбат» ..... 21, 282
«Қазспецэкспорт» ..... 285
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ..... 535
ҚР Әділет министрлігі ..... 201, 202, 607
ҚР Білім және ғылым министрлігі .... 247, 249, 251, 254, 255, 437, 607
ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі ..... 429
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ..... 254
ҚР Жоғарғы Кеңесі ..... 15
ҚР Жоғарғы соты ..... 63, 157, 201
ҚР Жоғары аттестациялық комиссиясы (ЖАК) ..... 438
ҚР Жоғары сот кеңесі ..... 63
ҚР Конституциялық кеңесі ..... 157
ҚР Қарулы Күштері ..... 265, 268, 278, 280, 282, 283, 288, 457
ҚР Қарулы Күштерінің Әуе шабуылына қарсы қорғанысы ..... 280, 295
ҚР Қарулы Күштерінің Бас штабы ..... 288
ҚР Қауіпсіздік кеңесі ..... 20, 163, 164, 208, 210, 212

ҚР Қорғаныс министрлігі .....210, 265, 285, 287, 289-290, 294-295
ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі. .....63, 290
ҚР Мемлекеттік кірістер министрлігі ..... 67, 355
ҚР Мемлекеттік қызмет пен бюджетаралық қатынастар
жөніндегі мемлекеттік комиссиясы .....10
ҚР Одан әрі демократияландыру және азаматтық қоғамды
дамыту жөніндегі тұрақты қызмет атқаратын кеңес..... 14, 630
ҚР Орталық сайлау комиссиясы ..... 60, 116, 157
ҚР Парламенті ..... 8, 9, 11, 30, 33, 61, 63, 64, 122, 155, 156, 157, 202,
204, 245, 257, 275, 317, 354, 355, 368, 380, 480, 492, 537,
541, 548, 550, 629, 630, 632
ҚР Парламентінің Мәжілісі ..... 9, 11, 61, 63, 64, 122, 155
ҚР Парламентінің Сенаты ..... 61, 63, 64
ҚР Президентінің Әкімшілігі ..... 54, 630
ҚР Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері
жөніндегі ұлттық комиссия .....64
ҚР Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәселелері күрес жөніндегі комиссия .....66
ҚР Президентінің жанындағы Экономикалық саясат жөніндегі
кеңес .....52
ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитеті .....365
ҚР Статистика агенттігі .....538
ҚР Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі ..... 254
ҚР Сыртқы істер министрлігі ..... 19, 307, 560
ҚР Тұрақандыру қоры ..... 15
ҚР Ұлттық ғылым академиясы ..... 64, 257, 420, 429, 437, 438, 440
ҚР Ұлттық банкі ..... 157, 190, 193, 354, 356, 363, 467
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті ..... 157, 187, 274
ҚР Ұлттық қоры ..... 16, 396, 591

ҚР Үкіметі ..... 156, 204, 236, 356, 382, 545
ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ..... 257
ҚР Үкіметінің жанындағы Одан әрі демократияландыру және азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі тұрақты кеңес ..... 7, 11, 630
ҚР Ішкі істер министрлігі ..... 202
ҚР Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері ..... 13, 65, 66, 202, 609
ҚР Экономика министрлігі ..... 254, 287
ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ..... 294

Ломоносов М. В. атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті ..... 442

«Мобил» («ExxonMobil Corporation») ..... 85, 87

НАТО ..... 18, 72, 73, 75, 124, 268, 289
*(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)*
«Невада-Семей» ..... 335
«Нокиа» («Nokia») ..... 426
Норвегия халықаралық қатынастар институты ..... 297

ОАЭҚ ..... 433
*(Орталық Азия экономикалық қоғамдастығы)*
ОКИОК ..... 87
*(Оффшор Казахстан Инжиниринг Оперейтинг Компани)*
ОПЕК .....
*(Мұнайды экспорттшы елдер ұйымы)*
Орталық Азия даму банкі ..... 105, 322
Орталық Азия инновациялық қоры ..... 112
Орталық Азия институты ..... 112
«Отан» ..... 11, 12

Покхаран ядролық полигоны (Үндістан) ..... 300
«Правда» ..... 406

Рим-католик шіркеуі ..... 21, 387
РК(б)П ..... 405
*(Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы)*
РК(б)П ОК ..... 405
*(Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті)*

Сайлау жүйелерінің халықаралық қоры ..... 62, 116
Салам А. аттындағы Теориялық физика жөніндегі халықаралық орталық ..... 112
Семей ядролық полигоны ..... 305, 329, 335, 563
«Стандарт энд Пурс» («Standard & Poor's») ..... 15
«Статойл» («Statoil») ..... 85

«Тексако» («Texaco Inc.») ..... 85
«Теңізшевройл» ..... 86
«Тоталь» («Total S. A.») ..... 85
Түркі тілдес мемлекеттердің ақсақалдар алқасы ..... 317
Түркі тілдес мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясы ..... 317

ҰҚШ ..... 276, 324
*(Ұжымдық қауіпсіздік туралы шара)*

«Харрикейн Құмкөл Мұнай» ..... 87
ХВҚ ..... 299
*(Халықаралық валюта қоры)*

Чагай-Хиллз ядролық полигоны (Пәкстан) ..... 300

«Шанхай бестігі» ..... 99, 133, 163, 208, 276, 314, 318, 340, 457

«Шеврон» («Chevron Corporation») ..... 85, 86
«Шелл» («Royal Dutch Shell») ..... 85, 380
ШЫҢ ..... 321, 322, 324, 340
*(Шанхай ынтымақтастық ұйымы)*

ЮНЕСКО ..... 76, 78, 79, 112, 181, 382, 582
*(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)*
ЮНИСЕФ ..... 382
*(БҰҰ Балалар қоры)*

# МАЗМҰНЫ

## IV ТОМ
## I КІТАП
## (1999–2002)

Өрлеу стратегиясы ..... 7

Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне ресми кірісуіне байланысты салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі. ..... 26

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 20 қаңтар)*

Қазақстан халықтары Ассамблеясының V сессиясында «Ұлттық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі» тақырыбында сөйлеген сөзі ..... 31

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 21 қаңтар)*

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Демократия – біздің таңдауымыз. Демократия – біздің тағдырымыз» тақырыбында сөйлеген сөзі ..... 50

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 31 наурыз)*

НАТО-ның 50 жылдығына арналған Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінің пленарлық отырысында «Құбылмалы әлемдегі Қазақстан» атты сөйлеген сөзі ..... 71

*(АҚШ, Вашингтон қаласы, 1999 жылғы 25 сәуір)*

Астана қаласына ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» құрметті атағы берілуіне байланысты сөйлеген сөзі ..... 76

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 6 тамыз)*

Қазақстан мұнайының 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі ..... 81

*(Атырау қаласы, 1999 жылғы 3 қыркүйек)*

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің халықаралық кездесуінде сөйлеген сөзі ..... 92

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 29 қыркүйек)*

Қазақстан Республикасы Парламентінің сайлауына байланысты Қазақстан халқына үндеуі ..... 115

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 8 қазан)*

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитінде сөйлеген сөзі ..... 119

*(Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы, 1999 жылғы 18 қараша)*

«Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты Қазақстан халқына жолдауы ..... 125

*(Астана қаласы, 1999 жылғы 15 желтоқсан)*

I Еуразия экономикалық саммитінде сөйлеген сөзі ..... 136

*(Алматы қаласы, 2000 жылғы 26 сәуір)*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «Конституция – Қазақстанның тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің негізі» атты сөйлеген сөзі ..... 146

*(Астана қаласы, 2000 жылғы 30 тамыз)*

БҰҰ-ның мыңжылдық саммитінде сөйлеген сөзі ..... 161

*(АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 2000 жылғы 6 қыркүйек)*

Түркістан қаласының 1 500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі ..... 167

*(Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, 2000 жылғы 20 қазан)*

«Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты Қазақстан халқына жолдауы ..... 183

*(Астана қаласы, 2000 жылғы 24 қазан)*

Қазақстан халықтары Ассамблеясының VII сессиясында сөйлеген сөзі ..... 213

*(Астана қаласы, 2000 жылғы 15 желтоқсан)*

Қазақстанның білім беру және ғылым қызметкерлерінің II съезінде сөйлеген сөзі ..... 242

*(Алматы қаласы, 2001 жылғы 2 ақпан)*

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылық құрамының бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөзі ..... 264

*(Алматы қаласы, 2001 жылғы 9 ақпан)*

Норвегия халықаралық қатынастар институтында сөйлеген сөзі ..... 297

*(Норвегия Корольдігі, Осло қаласы, 2001 жылғы 3 сәуір)*

Түркі тілдес мемлекеттердің VII саммитінде сөйлеген сөзі ..... 310

*(Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы, 2001 жылғы 26 сәуір)*

«Шанхай бестігіне» мүше мемлекеттердің саммитінде сөйлеген сөзі ..... 318

*(ҚХР, Шанхай қаласы, 2001 жылғы 15 маусым)*

«XXI ғасыр: ядролық қарудан азат әлемге қарай қадам басайық» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі ..... 326

*(Алматы қаласы, 2001 жылғы 29 тамыз)*

«Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына жолдауы ..... 343

*(Астана қаласы, 2001 жылғы 3 қыркүйек)*

Қазақстан жастарының I Конгрессінде сөйлеген сөзі ..... 371

*(Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 2001 жылғы 6 қыркүйек)*

Рим Папасы Иоанн Павел II қарсы алу рәсімінде сөйлеген сөзі ..... 384

*(Астана қаласы, 2001 жылғы 22 қыркүйек)*

Қазақстан халықтары Ассамблеясының VIII сессиясында «Тәуелсіздігіміздің 10 жылы: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім» тақырыбында сөйлеген сөзі ..... 391

*(Астана қаласы, 2001 жылғы 24 қазан)*

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзі ..... 420

*(Алматы қаласы, 2001 жылғы 6 қараша)*

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 10 жылдығына арналған ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысында сөйлеген сөзі ..... 443

*(Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, 2001 жылғы 30 қараша)*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «100 жылға татитын 10 жыл» атты сөйлеген сөзі ..... 451

*(Астана қаласы, 2001 жылғы 16 желтоқсан)*

Қазақстан журналистерінің I Конгрессінде сөйлеген сөзі ..... 489

*(Астана қаласы, 2002 жылғы 12 наурыз)*

Каспий жағалауы мемлекеттерінің I саммитінде сөйлеген сөзі ..... 509

*(Түрікменстан, Ашғабад қаласы, 2002 жылғы 23 сәуір)*

I Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі ..... 518

*(Алматы қаласы, 2002 жылғы 25 сәуір)*

«Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» атты Қазақстан халқына жолдауы ..... 528

*(Астана қаласы, 2002 жылғы 29 сәуір)*

АӨСШК I саммитінде сөйлеген сөзі ..... 551

*(Алматы қаласы, 2002 жылғы 4 маусым)*

БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитінде сөйлеген сөзі ..... 561

*(Оңтүстік Африка Республикасы, Йоханнесбург қаласы, 2002 жылғы 3 қыркүйек)*

Кенесары ханның 200 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі ..... 567

*(Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, 2002 жылғы 21 қыркүйек)*

Тараз қаласының 2 000 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі ..... 574

*(Жамбыл облысы, Тараз қаласы, 2002 жылғы 26 қыркүйек)*

Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайында сөйлеген сөзі ..... 586

*(Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, 2002 жылғы 23 қазан)*

Қазақстан халықтары Ассамблеясының IX сессиясында «Қазақстан халықтары Ассамблеясының даму стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық береке-бірлік» тақырыбында сөйлеген сөзі ..... 613
*(Астана қаласы, 2002 жылғы 15 қараша)*

Қабылданған қысқатулар тізбесі ..... 639
Географиялық атаулар көрсеткіші ..... 641
Есімдер көрсеткіші ..... 650
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші ..... 656

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**

# ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

## IV ТОМ
## 1 КІТАП
## 1999–2002

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
**М. Б. Қасымбеков**

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
**С. А. Абдрахманов**

ISBN 978-601-277-190-9

«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.
Бас директор – Әлиев Қ. Ә.
Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.
Корректор – Раушанова Ғ. Қ.
Беттеуші – Степанец Н. П..

Басуға 28.10.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 $^{1}/_{16}$. Есептік баспа табағы 38,8.
Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы – 2000 дана. Тапсырыс № 57/9781.

Сарыарқа баспасы

Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru